Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің білім жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды.Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Дәстүрлі әдістемелік жүйеде оқу үрдісіндегі бөліктер бірдей және бір уақытта қатысады. Ал классикалық оқу үрдісінде әдістемелік тәсілге байланысты оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары, әдістері мен оқыту құралдары қолданылуы мүмкін. Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістемелері мен формаларына тоқтала кетейік. Электрондық оқытудың әдістеріне топтық әдіс және жеке дара оқыту әдісі жатады. Бұларды кеңінен тараған оқыту формаларына жатқызуға болады.

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Электрондық оқыту жағдайында әр түрлі оқыту формалары мен әдістерін, мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін оқыту құралдарын салыстыру және оларды бағалаудың негізгі бағыттарын ескеру қажет. Яғни, жасау және қолдану технологиясы, ұсынылатын аспаптар жиынтығы, ұсынылатын қызметтің іске асырылу деңгейі.

Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке дара және топтық оқыту сияқты әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар — электрондық оқулықтар. Жаңа технологиямен оқыту жүйесі — сабақта барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылатын оқу үдерісінің бірі. Бұл ретте оқытушы мен тіл үйренушінің коммуникативтік қатынасқа негізделген қарым-қатынасының өзгермей сақталуы талап етіледі. Қазақ тілін оқытуда жаңаша оқыту технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортада болып жататын әр түрлі жағдаяттар тарапынан алғаннан соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Жалпы, жаңаша технологияның түрлері өте көп. Мұның үстіне компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылығын арттыруда алатын үлкен орны байқалады.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір қарағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Сонысымен де оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұның құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ танымдық негіздері туралы бөлімде айтқанымыздай, оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында

ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады.

Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Оның өзі тіл үйренушінің ауызша және жазбаша тілі даму үдерісіне жалғасып, қазақ тілін үйреніп жүрген жеке адам жана сатыдағы дүниетанымдық аппаратын қалыптастыруға қызмет етеді.

Оқытушының басшылығымен меңгерілген танымдық әдістермен тоқтап қалмай, оларды қолдау мен тағы басқа түрлерін іздеуі теориялық ойлауы мен сөйлеу тетіктерінің біртұтастықта дамыған тіл үйренушінің моделі болып табылады. Сондықтан бұл ұстаным қазақ тілін оқыту үдерісінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Тіл үйренушінің қазақша еркін де сауатты сөйлеуі мен жаза білу дағдыларын қалыптастыруды олардың ғылыми білім алуымен үйлесімді ұйымдастыруда таным теориясының ілімдері үлкен тірек болады. Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Бұл ретте компьютерді қолданудың да маңыздылығы айқын. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда, білімін тексеруде, білімін бағалауда сабақтың компьютерлік жабдықталуы үлкен орын алады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мектептерді компьютерлендіру туралы бағдарламасы қазақ тілін оқытуды сапаландыруға, оқушылардың ойлау дәрежесін өсіруге заман жетістіктерін дұрыс пайдалана білуге бастайды. Сондықтан қазақ тілін оқытуда бұл бағыт та мүмкіндігінше қолданылғаны дұрыс. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Оқу-танымдық қызметті белсендіруге, оқушының теориялық ойлау дәрежесін дамытуда техникалық құралдардың беретін көмегі мен мүмкіншіліктерін пайдалану бар да, оларға тым әуестеніп кетпей, орындылық пен қолдану тәртіптілігін сақтай білу бар. Сонымен, қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерін талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Жалпы, тілді оқыту теориясы адамның тілді меңгеруінің жалпы немесе жекелеген заңдылықтарын білдіреді. Осы ретте қазақ тілін оқыту теориясы, дидактикалық негіздері қазақ тілін оқыта отырып, қазақша сөйлеу мен сауатты жазу әдістерінің, оқыту мазмұны мен мақсат-міндеттерінің, уәжінің оқыту заңдылықтары жүйесіне шоғырлануын бейнелейді. Бағдарламалық өнімнің деңгейі оны қолдану кезіндегі нақты жұмыс істеу қабілеті мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады.

Бағдарламалық өнімнің жұмысы оның жылдамдығымен, сенімділігімен, интерфейсінің ыңғайлығымен сипатталады. Мәселен, бағдарламалық өнімнің деңгейін тек қана оны қолданған кезде анықтауға болады. Алайда электрондық оқыту құралдарын бағалап таңдауды естен шығармау қажет. Электрондық оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі

ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электрондық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық сілтемелер беріледі. Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады. Шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді, дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі, гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді, қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды т.с.с. (мультимедиа технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді), әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді, белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады. Электрондық оқытудың жаңа мүмкіндіктері арқылы қосымша білімдермен қаруланған қызметкерлер маңызды бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Виртуалдық ұйымдардың жаңа үлгілері оқытудың қажеттігін арттыруда, оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын қашықтықтан оқыту бағдарламалары барған сайын ығыстырып келеді және өз білімін басқарудың дамып келе жатқан жүйелі жинақталған тәжірибеден пайда табуға көмектеседі. Электрондық оқулық жас буынның жаңа әдебиеті болып есептелетіні даусыз. Сондай-ақ ол компьютер технологиясының мүмкіндіктері мен кәсіби оқулықтардың дәрежесін біріктіреді. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты — оқу үрдісін және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету керек. Жаңа технологиялар дәуірі жағдайында студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің жаңа парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.

Қазақ тілін оқыту кезеңдерінің тіл үйрету деңгейлерімен байланысы анықталып, жеделдете деңгейлік оқытудың соңғы нәтижесі қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында аралық, қорытынды сынақтарды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері айқындалады. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, болатын нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету тиіс. Жаңа технологиялар дәуірі студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.

Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалдық қорыту үрдісі ұтымды болады. Бұлар практикум компьютерлер көмегімен жүзеге асырылады. Ал білімді бағалау тестік жүйе бойынша, ал толықтырушы материалдар интерактивтік компьютерлер типте жүзеге асады.

Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты оқыту мақсатына лайықтап

ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Рахметова С. 2005 ж.
2. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Астана 2007жыл.
3. Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. — 2004. — № 3. — 36-б
4. Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы, 2009. — 28-б.

ӘӨЖ 372.8

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жапбарова Г.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Қожабай Жанат – ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Формирование нравственной культуры младших школьников средствами народной педагогики*

Ключевые слова: *нравственное воспитание,начальный класс, воспитание, народная педагогика.*

ABSTRACT:*Formation of moral culture of junior schoolchildren by means of folk pedagogy*

Keywords: *moral education, primary school, education, folk pedagogy.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында және Қазақстан Республикасының Президентті Н.Ә.Назарбаев «2030 стратегиясында»-«білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық мәдениетіміз бен халық педагогикасының негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау»-деп көрсетілген.Жас ұрпақты халық педагогикасы дәстүрлерінің негізінде тәрбиелеу, білімді ана тілінде меңгерту, ұлттық дәстүрлерді оқу-тәрбие процесінде пайдалану.Республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын ұлттық мектептердің барлық сатысында білім мен тәрбие мазмұнын қайта құру қажеттілігі арта түсті. Өйткені қоғамның алға басуы көп ретте ұрпақтың қандай дәрежеде білім алып, тәрбиеленуіне тікелей байланысты. Халық педагогикасына аса зор мән беру қазіргі таңда үзіксіз тә»рбие беру маңайында күн тәртібінен түскен жоқ, қайта жаңұя мен мектеп өмірінде күн өткен сайын көкейкесті проблемаға айналып отыр.

Мектепте оқу тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрін пайдалануды ұйымдастыруға байланысты кешенді еңбектер жоқ. Демек, оқушыларды қазақ халық дәстүрлері негізінде тәрбиелеудегі қоғамның сұранысы мен оны жүзеге асыруға қажетті тұжырымдаманың жоқтығы, қазақ халық педагогикасы дәстүрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғарлығы мен мектепте оларға деген сұраныстың аз болуы, оларды мектеп тәжірбиесінде бірізділікті жүйемен пайдалануды ұйымдастыру қажеттігі мен оны жүзеге асыратындай әдістемелік кешеннің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық анық байқалады. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыруға қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру, біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты «Халық педагогикасы негізінде

адамгершілікке тәрбиелеу» деп тануымызға негіз болды.Қазіргі таңдағы теледидардағы «саны бар, сапасы жоқ» жарнамалардың орнына өзіміздің қазақи нақышталған мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды енгізсек. Бұрынғы исі аңқыған нағыз қазақи ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, спорттық жарыс, дене сабақтарында өткізілетін ұлттық ойындар санын арттырсақ.

Адамгершілік деген ұғым педогогика, психология, философия ғылымындағы арнайы категория. Сондықтан мұның анықтамасын талдау жасауда оның қандай факторлармен байланысты екенін анықтап алу керек.

Жеке адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы процесінде адамгершілік сезімдер ерекше орын алады. Адамгершілік сезімді тәрбиелеу көп қырлы процесс.

Сезім дегеніміз-әлеуметтік және табиғи өмірдің саналан жақтарына эмоциялық қатынас.

Адамгершілік сезім дегеніміз- жеке адамдардың өзінің мінез- құлқына деген эмоциялық қатынасы(сезімдердің түрлері:Отанға деген сүйіспеншілік, достық, сезім, ар- ождан т.б).

Адамгершілік сезімдерге ұнату және ұнатпау, үйірсектікпен, жатырқау, құрметтеумен, жек көру, сыйлаумен рақымсыздық, сүйіспеншілік пен өшпенділік т.б. жатады.

Жоғарғы сезімдер арасында адамгершілік сезімдер ерекше орын алады. Бұл туралы К.Д.Ушинский «Адам тәрбие жемісі» деген енбегінде: «Біздің өзіміздің, дүниеге қалыптасуымызды, біздің сезіміміз де, ойымызда тіпті қылығымыз да сезімдей анық және дұрыс білдіре алмайды, біздің сезімдеріміз жеке ойғана, жеке сезімдер ғана емес, адам жанының мазмұны, оның жүйесі түгелдей көрініп тұрады» ,- деп дәл сипаттама берген.

Сүйтіп педагог ұжым өмірінің жарқында сезімге бай етіп ұйымдастыра алса, мұның өзі Отан сүю, ұжым алдындағы борышын өтеу сияқты жоғары адамгершілік сезімдерін қалыптастыруға негіз болмақ.

Осыдан біздер бастауыш сынып оқушыларының көңіл күйінде бойында пайда болған сезім баланың санасына көп жағдайда вкпал жасайды деп тұжырымдаймыз.

Сана – обьективті шындықты идеиалды түрде бейнелеудің ең жоғарғы формасы.

Халық педагогика-көп арналы, қыр-сыры мол, күрделі ғылым. Ол ұлттық өмірге немқұрайлы қарайтын жас ұрпақты қазақтың рухани, материалдық мәдениетін толық меңгерген, тарихин әдет-ғұрпы, салт-сана, дәстүр, тәлім-тәрбие, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлтын сүйетін азамат болып өсуін қамтамасыз етуге тиіс.

Халықтық педагогика-тәрбиенің бастауы және қайнар бұлағы, ол тәрбие жөніндегі халықтың білімі мен тәжірбиесі. Оның тәрбиелік ролын анықтау кезек күттірмейтін мәселе. Ал халық педагогикасының зерттеу негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ойындары, отбасы тәрбиесінің тәжірбиелері жатады. Халықтық педагогиканың мұрасының бірі-дәстүр. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана, адам өмірінің рухани-адамгершілік қуатының қайнары. Оның ішінде бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негіз болатын мүмкіндіктер көп-ақ. Ол-халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, адамгершілік қасиет сапаларымен сабақтасып, біте қайнасып, тарихи кезең ерекшеліктеріне, қоғам тану сатыларына қарай жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра.

Дәстүр адамдардың рухани, мәдени тұрмысынан бөлінбейтін құбылыс. Дәстүр қоғамдық сананың барлық формаларынан орын алады. Олар: саясатта, қоғамдық өмірдегі дәстүрде, халықтар арасындағы ынтымақтастыққа, теңдікке, бостандыққа, азаттыққа, туысқандыққа өзара көмек дәстүрінде, құқықтық қарым-қатнас дәстүрінде, ғылыми дәстүрде, оқу-білім ғылымындағы дәстүрде, отбасы жанұялық дәстүрде, еңбек дәстүрінде.

Сонымен, қай халықтың болса да, ұлттық үрдісі, билікті қасиеті, өзіндік әуені, тағылымды дәстүрі мәртебесін биікке көтеріп тастайтыны сөзсіз. Киелі, керемет дәстүрлері арқылы ғана әрбір ұлт өзінің болашақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады. Ұлттық рухымыздағы дәстүр адамгершілікке тәрбиелеуде тиімді деп есептейміз.Жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде халықтық рухани дәстүрін, мәдениетін, адамгершілік қазнасын

ғылыми жүйеге келтіруде халықтық педагогиканың бай мұрасының маңызы зор екенін көреміз.

Халықтық педагогиканың бай мұрасына болашақ ұрпақтың шынайы абзал адамгершілік қасет-опалары, адамға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық, шындық, имандылық, кішіпейілдік, ұлағаттылық, қанағаттылық, еңбек сүйгіштік, бауырмалдылық, ауыз әдебиетінің жан-жақты жанрлары арқылы берілген. Адамгершілік тәрбиесі жөніндегі халықтық педагогика мұрасы және педагогтардың зерттеулеріне сүйене отырып біз адамгершілік тәрбиесінің мақсатын анықтадық. Адамгершілік тәрбиесін халықтық мұра негізінде құрастыру. Адамгершілік тәрбиесінің мәнін жалпы азаматтық құнды игіліктерімен байланыстыра ашу. Қазіргі қоғамның экономикалық әлеуметтік, рухани жаңару заңдылықтары мен байланыстыра қарастыру. Жоғарыда аталған адамгершілік тәрбиесін талдауда үш бағытты біріктіретін басты идея-тәрбиені ізгілендіру (гуманизациялау) бір сөзбен айтқанда адамға, балаға бет бұру. Оған сенім білдіру, оның өзіндік жеке мақсаттарына сұраныстары мен мүдделеріне іш тарту. Бұл баланың өз бойындағы қабілеттерін ашып, тани білу, көре білу, дамыту, оның өзін-өзі билеу үшін алып жүру үшін, қолайлы жағдайлар жасау. Баланы осы өмірге сай етіп тәрбиелеуде нарықтық экономика да адамның өзін-өзі қаржыландыру деген талапты кейбір ата-аналар «қалайда» ебін тап та, ақша тап, деген оймен балаларын өмірге дайындауда (6-8жастағы балаларға «Караван» газетін сатқызып, машина жуып ақша табуға уйретуде).

Нарықтық экономика кезінде осы сияқты адамгершілік тәрбиесі ұғымына қайшы келетін жат іс-әрекеттер, қасиеттер, көзқарастар, қарым-қатнастар (өз балаларын өздері сату, балғын жастағы қыздарды жөзекшелікке үйрету, нашақорлыққа, шылым шегуге баулу сияқты пікірлер, жалған келеңсіз жайыттардың шығуы бұл проблеманың күрделі екендігіне және оны ғылыми негізде шешу қажеттігін көрсетеді.

Міне, бұдан бүкіл адам баласы даму тарихында тәрбие үнемі халықтың ой-пікірін, адамгершілік талаптар мен үнемі сабақтастықта, байланыста болғанын көреміз.

Осыған байланысты тәлім-тәрбиеге арналған әр халықта бай мұра жинақталған. Сол бай мұра жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал жасайды. Ол бай мұра:

I.Өзінің бастауын от басынан алады;

II.бұл ұлттық бай мұра біртіндеп ауыл-аймаққа тарайды;

III.одан бір елден, екінші елге жетеді;

IV.елдік деңгейден ұлттық мұра әлемдік деңгейге шығады.

Бұның бәрінде де отбасынан басталған ұлттық сана, салт-дәстүр біртіндеп дамып әлемдік деңгейге көтеріледі. Ұлттық сананың тірегі қай кезеңде, қай халықта, қай дәуірде болмасын, біздің зерттеуіміз бойынша ізгілік идеясына негізделеді.

Біз өзіміздің жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының бойында қалыптасатын адамгершіліктің ең құнды сегіз сапасын тәрбиелеуде ізгілік идеясын негіз етіп алдық. Себебі, ізгілік идеясы болады деп есептедік.

Адамгершілік тәрбиесінде ғалым психологтар анықтаған адам психикның 4компанентінің (адамгершілік сезім, сана, сенім және адамгершілік мінез-құлық, әдет, дағды, іс-әрекет) әрқайсысында ізгілікті мазмұн болуы керек.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мәртебесіне ие болуына байланысты тәрбиенің мақсатын, мазмұнын, қағидаларын, әдіс-тәсілдерін түбегейлі жаңарту қажеттілігі күн тәртібіне қойылып отыр.

Жас ұрпақтың басым бөлігінің ұлттық тарихтан, мәдениеттен, әдебиет, өнерден, әдет-ғұрып, салт-дәстүрден, ұлттық кәсіптен қол үзгендігі ең басты-ана тілін білуге ден қоймағандығы, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына теріс ықпалын тигізеді.

Сондықтан біздің зерттеген тақырыбымыз бойынша мынадай мәселелерді айқындауды белгіледік:

-адамгершілік тәрбиесін бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай психологиялық тұрғыдан танып-білу арқылы бала бойындағы ұлттық мұраттарды, жалпы адамзаттық рухани қазынамен ұштастырудың тиімді жолдарын қарастыру;

-тіл халықтың рухани байлығы, сондықтан ана тіліндегі ауыз әдебиетінің бай мұрасын бала қабылдауының ерекшелігіне сай пайдалану мүмкіндіктерін тиімді әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру;

-адам тәрбиесі, оның негізгі саласы адамгершілік тәрбиесі, ана тәрбиесі, бастауыш мектеп тәрбиесі және өмір тәрбиесімен ұштастыру;

-бастауыш сынып балаларын адамгершілікке, тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрді пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыру, үлгі бағдарламасын жасау.

Халық педагогикасын пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы

Қазіргі таңда-ХХғасырдың соңына қарай жалпы білім берудің алғашқы буыны-бастауыш мектептен бастап тәрбие беру ісін түбегейлі жетілдіру міндеті тұр. Осыған орй халқымыздың тамыры тереңде жатқан көп ғасырды ұлттық бай терең қазыналары мен педагогикалық мұраларын пайдалану қажеттілігі мен мүмкіндігі заман талабынан туындап отыр.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық тәжирбиелері арқылы адамгершілік қасиет сапалардың бағдарламасын жасадым.

Бұл бағдарламада адамгершілік қасиет сапалардың ішінен ең құдіретті деп есептелген бастауыш сынып оқушыларының қабылдауына сәйкес қасиет сапаларды көрсеттім.

Сонымен қатар бағдарламада мен алған ең құдіретті қасиет деп іріктеліп алынған адамгершілік сапаларына сипаттама бердім. Мәселен: олар ақыл-ой сана; адал еңбек; Отанына; халқына; жалпы адамзатқа, табиғатқа деген сүйіспеншілік, елжандылық, ар-ождан, кішіпейілдік, қайырымдылық, іземттілік, ата-анаға, өзінің туыстарына, жолдастарына, жалпы адамдарға мейірімділік, қонақжайлылық.

Бастауыш сынып оқушылардың адамгершілік, тәрбиелік дәрежесін анықтау үшін сабақта, сабақтан тыс уақытта мұғалім біздің сұрағымыз бойынша оқушылармен алдын-ала адамгершілік туралы әңгімелер, ертегілер, кітаптар оқытылады, арнайы ойын ұйымдастырылады.

Әңгіме барысында мұғалім әдетте балалардың оқыған ертегілері туралы, радиодан «Ерден атайдың ертегісі , теледидардан «Мен ертегі айтып берейін», хабарларынан әжелерінің айтқан әңгімелерін естеріне түсіріп, еркін пікірлесіпотырады. Бұл пікірлесу балалардың сезіміне, көңіл-күйіне ықпал жасалады.

Осыдан кейін балалардың шамасына келетін үш сұрақ беріледі:

1.Оқыған, естіген, көрген ертегілерін, аңыз, әңгімелер, батырлар жыры, радио телехабарданқандай кейіпкерлер сендерге ұнады не ұнамады?

2.Олардың қандай сөздері, мінездері, басқалармен қарым-қатнасы сендерді қуантты не ренжітті?

3.Сен кімдерге ұқсағын келеді, неліктен?

Жоғарыда аталған сұрақтарға біз бастапқы эксперименті және (бақылау) сынып деп бөлмей, барлық балаларға бірдей айттық.

Осыған орай қазіргі қоғамның жаңару жағдайында болашақ ұрпақты-тәрбиелеуде тұттас педагогикалық процестің барлық саласында халықтық педагогиканың озық идеялары мен тәжірбиелерін кеңінен қолдану талап етіледі. Соңғы жылдары тәжирбиеде айқындала бастаған ғылыми-зерттеу жұмыстары жалпы білім беретін мектептерде және жоғарғы оқу орындарында дәстүрлі жұмыстармен қатарлы дәстүрлі емес жұмыстар оқу-тәрбие процесінде жүргізіліп жастар мен оқушылардың мазмұны саналы іздемпаздықтың, жалыққа, іскерлікке, шығармашылыққа бағытталған іс-әрекеттерінде халық педагогикасының идеяларын пайдалану көрініс табуда.

Әдебиеттер:

1. Г. Даркина «Рухани адамгершілік тәрбиесінің негізі» II Бастауыш мектеп – 2004, №12, Б 21-22.

2. А. Утебаева «Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу» II Бастауыш мектеп, 2005, №9, 31 – 33 бет.
3. А. Байділдаева .« Адамгершілікке баулу бағыты» II Қазақстан мектебі, 2004, №11, 61 -63 Б.
4. Д Нұрғалиева «Адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың шарттары» II Бастауыш мектеп, 2004, №3, Б 22 -23.

ӘӨЖ 372.8

ЖАЙ ЕСЕПТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бердібек Айкерім Маратбекқызы
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының маистр оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Мақсым Меруерт– ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Методика обучения видам простых задач в начальной школе*
Ключевые слова: *математика, начальный класс, логическое мышление, обучение*
ABSTRACT: *Methods of teaching types of simple tasks in elementary school*
Keywords: *mathematics, elementary grade, logical thinking, learning*

Қазіргі, ғылыми-техникалық прогресс жедел өсу кезенінде, математиканың ролі артты, сондықтан математикалық білім қоғамдық зор маңызға ие болды.

Ғылыми-техникалық және әлеуметтік қауырт прогресс жағдайында мектептің ролі бұрын-соңды болмаған дәрежеде артатындығы, мектептің - басты міндеті оқушыларға ғылым негіздерінен берік білім беру екендігі, олардың жоғары санасезімін қалыптастыру екендігі өмірге дайындау, саналы түрде мамандық таңдап ала білуге дайындау екендігі және орта білім беруді жетілдіре түсу мақсатымен мектепте берілетін білім мазмұнын қазіргі кездегі ғылым, техника және мәдениет жетістіктері мен талаптарына сәйкес ғылыми негізделген оқу жоспарын және программасын енгізу керек.

Алға қойылған осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен соңғы жылдары мектепте білім беруді қайта құру жөнінде үлкен жұмыс істелді, соның нәтижесінде барлық пәндерден дерлік, оның ішінде математикадан да, жаңа программа енгізіліп, оқыту әдістері жетілдіре түсті. 1995 жылдан бастап мектептін бастауыш кластарында оқыту ісі жаңа программалар бойынша жүргізіле бастады [1].

Бастауыш кластардың математика жөнінен жаңа программаларға көшуіне байланысты жаңа әдістемелік жүйе жасалды, ол жүйе жаңа программаны іске асырудың тиімді жолдарын қарастырады. Мұндай жүйені жасау үстінде математиканы оқыту ісінде бұрыннан жинақталған құнды делінгендердің бәрі пайдаланылды.

Бастауыш класс оқушыларына математиканы ойдағыдай оқыту үшін алғаш оқыта бастаған мұғалім математиканы оқытудың бұрыннан қалыптасқан жүйесін, бастауыш кластарда математиканы оқыту әдістемесін игеруі тиіс және осының негізінде ол өз бетімен творчестволық жұмыс істейтін болуы керек.

Математиканы оқыту әдістемесі ең алдымен төменгі класс оқушыларына математиканы оқыту міндетін жалпы оқу және тәрбие жүйесімен бірге қарастырады. Әдістемеде математиканың бастауыш курсының мазмұны мен құрылысы ашылып айқындалынады, яғни математикадан бастауыш кластарда қандай материал оқылатыны және неге дәл сол материал таңдап алынғандығы, курстың әрбір жеке мәселесі бастауыш кластарда қандай дәрежеде жинақталып оқылатыны, курс тақырыптары қандай тәртіпте қарастырылатыны және мұндай тәртіптің неге анағұрлым тиімді екендігі айтылады. Математиканы бастауыш кластарда оқыту әдістемесінде курстағы әрбір тараудын, және сол тараудағы әр мәселені (мысалы, 10 көлеміндегі сандарды қосу мен азайтуды қалай оқып үйрену керектігі, атап айтқанда, осы тақырыпта қосудың ауыстырымдылық қасиетін анықтау) оқып үйренудін дербес әдістері

айқындалады. Математиканы оқыту әдістемесі оқушыларға теориялық білімді игеру, алған білімін алуан түрлі практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана білуге үйрену, оқушыларда берік дағды қалыптастыру жөнінде дәлелді ақыл-кеңестер ұсынады. Сондай-ақ методикада математиканы оқытуда зор нәтижеге жету үшін балалардың оқу ісін қалай ұйымдастыру керектігі жөніндегі мәселелер айқындалады. Оқыту тәрбие беру сипатты екендігі белгілі, олай болса, методиканың міндеті - жаңа адамды тәрбиелеуге оқушылардың ақыл-ойының жетіліп дамуына көмектесетін оларды математикаға қызықтырып ынталандыратын мінез-құлқының жақсы болып қалыптасуына көмектесетін оқыту әдістерімен мұғалімді қаруландыру.

Математиканы оқыту методикасы жоғары оқу орнында өтілетін басқа пәндермен тығыз байланысты.

Осы уақытқа дейін «есеп» математиканың пәнінің ерекше түрі ретінде қарастырылып келген болатын. Сондай-ақ «есеп» ұғымының мәнді белгілерін анықтау жұмысы да жүргізіледі. Олар: есептің мәтінімен берілу, сол мәтініне өмірде кездесетін қандайда бір жағдайдың сипатталуы; Мәтінде көзделген мақсатты сұрақтың болуы; Мәтінде қойылып отырған сұрақтар жауап беру үшін, ең болмағанда бір амалдың орындалуына қажеттілігі. Бір амалмен шығарылатын есептердің мынандай түрлері қарастырылаған: қосындыны, бірнеше бірлік артық не бірнеше бірлік кем санды табуға, айырмалық және азайтқыштың бірін табуға берілген есептер. Олардың әр қайсына сәйкес амалды таңдап алу және негіздеп беру сияқты іс -әрекет орындау арқылы есепті шығару процесінің кезендері оқу, есепті шығару жоспарларын құрау, есеп шешуін жазу, жауабын бөліп көрсету және есептің шешуін тексеру сияқты іс-әрекеттер орындауға оқушылар машықтанған болады.

Екі амалмен шығаратын есептерді қарастыру бірнеше кезендерге бөлінеді: 1- сыныптан бастап жүргізіліп келе жатқан дайындық жұмыстарын қорытындылау және жанырлау; 2-сынып үлесіне тиетін дайындықты жүзеге асыру, бір амалмен шығарылатын есепті шығару процесінің іс-әрекетіне оқушыларды бинелеу, мәтінді оқу, шартты мен сұрағын талдай отырып, есептің шешу жоспарын құруға бейімдеу, сұраққа беру үшін екі амал орындаудың қажеттілігіне көз жеткізу; Есеп шешуін жаз және жауабын тексеру кезіндегі орындалатын іс-әрекетті бейімдеу: жалғаса қарастырылатын екі жай есептің шартты мен сұрағын салыстыру, екі жай есептің бір бірімен тай-ң кез келген нұсқасының есептің «жаңа түрін» анықтайтын назар аудару; екі амалмен шығаратын алғашқы есепті үстеу және сәйкес терминді енгізу; екі амаллмен шығарылатын есепке шығару барысында орын-н іс- әрекеттің үлгісін көрсету (мәтінді оқу; таңдауды шартынан сұрағына немесе сұрағынан немесе сұрағынан шартына қарай, жүргізіп, есептің шығару жоспарын құрау; есептің шешуін жазудың әр түрлі нұсқасын келтіру; есепті әр түрлі тәсілмен шығару; есептің шығару тексеру ж-н қарастыру және т.б.) екі амалмен шығ-н есептердің әр түрлі нұсқаларын (қосындыны және қалдықты табу «сонша» ұғымымен байланысты екі амалмен шығарылатын есептер)және сәйкес орны-н іс-әрекетінің үлгілерін көрсету: екі және бір амалмен шығарылатын есептерді салыстыра қарастыру (ұқсастығы, айырмашылығы, ерекшелігі және т.б)Екі амалмен шығ/н есептермент байланысты шығар-қ тұрғыдағы жұмыстар (есепті түрлендіру, өзгерту, әр түрлі тәсілмен шығару және т.б.)

Жай арифметикалық есептер деп бір арифметикалық амалдармен шешілетін есептерді айтамыз.

Жай есептер оқушыларды математикаға оқытуда басты рольді ойнайды.Әсіресе жай есептер арифметикалық амалды нақтылауға жәненегізгі мағынасын түсінуге, тақырыпты және математикалық білімдерді саналы түрде меңгеруге мүмкуіндік береді. Мұғалім жай есептер шешу кезінде бірінші оқушыларды есептің құрылымымен таныстырады. Есепті шешудің негізгі тәсілдерімен қаруландырып, мағынасын түсіндіреді.

Жай есептер күрделі есептердің құрылымдықбөлігі болып табылады. Жай есептерді шешу дағдыларын қалыптастыра отырып, мұғалім оқушыларды күрделі есептерді шешуге дайындайды.

VIII типтегі мектепте арифметикалық амалдардың нақты смағынасын анықтайтын есептер шешіледі (1топ). Бұлесептер құнын, қалдықты, көбейтіндіні, теңдей бөлікке бөлуді, мазмұны бойынша бөлуді табуға арналған.

Сонымен қатар арифметикалық амалдардың жаңа мағынасын анықтайтын есептерде шешіледі. Бұл есептер айырма және қатынас түсініктерімен тығыз байланысты (2 топ):

1. Санның бірнеше бірлікке азаюы және көбеюі.

2. «Қаншаға көп», «қаншаға аз» деген сандардың айырымдық салыстыру сұрақтары.

3. Сандардың бірнеше есеге азаюы және көбеюі.

4. «Қанша есе көп», «қанша есес аз» деген екі таңбалы сандық қатынасты табу және сандардың қысқаша салыстыру сұрақтары.

Арифметикалық амалдардың нәтижесі және компоненттерінің арасындағы байланысты анықтау тапсырмаларына белгісіз қосылғышты, азайғышты, азайтқыштытабуға бағытталған.

VIII типтегі мектепте оқу жылының әр жылында оқушылар жай есептердің жаңа түрлерімен танысады. Оларды енгізу математикалық түсініктердің әр түрлі деңгейдегі қиындықтарымен, арифметикалық амалдарды үйренумен түсіндіріледі.

Жай есептердің шешу бірізділігі VIII типтегі мектептің математика программасымен анықталған. Бірақта, есептерді таңдау барысында мұғалім кейбір методикалық талаптарға да басшылық ету қажет.

Сюжеттік тапсырмалар біркелкі және біркелкі емес заттармен құралып, оған жалпы қорытынды сөздер кіреді.

Есептерді шешуге оқыту кезіндегі бірінші біркелкі заттармен сюжеттік тапсырмалар берген дұрыс. Мысалы: «себетте 5 алма, оған тағы 3 алма қөостық. Барлығы себетте қанша алма болды?» Сосын белгілері мен тақырыптары әр түрлі біртекті заттармен сюжеттіәк тапсырмалар енгізіледі: түсі, өлшемі, материалы және т.б.

Мысалы: «Себетте 5 үлкен алма бар, оған тағы 3 кіші алма қостық.

Барлығы себетте қанша алма болды?» Соңында жалпы қорытынды сөздері бар тапсырмалар енгізілді. Мысалы: «Себетте 5 алма бар, оған тағы 3 алмұрт қостық. Себетте барлығы қанша жеміс бар?» Мұндағы есептерді шешу кезінде оқушылар шыққан жауабын, санды түсінуде, аттарын таңдау, амалдарды жазу кезінде біршама қиналады. Мұндай түрдегі тапсырмаларды шешу кезінде есепті шешіп жазғанға дейінгі сандардың аттарын таңдау, мазмұнына талдау жасауға талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай, жаңа түрдегі есептердің иллюстрациясы үшін әсіресе, төменгі сыныптарда пәндік пособиялар, заттың белгілері, суреті, трафарет түріндегі заттың суреттері қолданылады.

Бірақта, бақылаулар мен зерттеулер көрсеткендей, егер оқушылар өздері заттармен және олардың суреттерімен жұмыс жасаса, оқушылар тапсырманың заттың жағдайын жақсы түсінеді.

Сондықтан да оқушыларды есептердің жаңа түрімен инструкциялық (Қорапқа 3 қарындаш сал. Қораптан біреуін ал.Қорапта қанша қарындаш қалды?), сахналау (Мұғалім үш оқушыға 2 дәптерден берді. Оқушылар барлығы қанша дәптер алды?) тапсырмаларымен түсіндіріледі., сосын есепті шешуге көшу қажет, суреттен заттың және олардың белгілерін бейнелей отырып, оқушылар өзі санау қажет (Тоғанда 7 үйрек, 3 қаз жүзіп жүр. Барлығы қанша құс жүзіп жүр). Оқушылар тапсырманы құстың трафаретімен, яғни 7 шаршы және 3 дөңгелек салып нақтылайды. Үйректерді шаршы, ал қаздарды дөңгелек белгімен бейнелейді.

Сұрақ толық жазылмайды, белгі көмегімен жазылады: дөңгелек, шаршы және фигуралы жақшалар құнын белгілесе, алсұрау белгісі(?) құнның белгісіздігін көрсетеді.

Жай есептерді шығару арқылы математиканың бастауыш курсының негізгі ұғымдарының бірі арифметикалық амалдар туралы ұғым қалыптасады. Жай есептерді шығара білу оқушылардың құрама есептерді шығара білуді меңгеруіне дайындық кезеңі болып табылады, өйткені құрама есепті шығару бірқатар жай есептерді шығаруға келіп тіреледі. Есепті шығарғанда қалыптасатын ұғымдарға байланысты үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа мынадай түрдегі жай есептер жатады, ол есептерді шығарғанда балалар арифметикалық амалдардың әрқайсысының нақты мәнін ұсынады, яғни балалар қандай арифметикалық амалдар жиындарға қолданылатын қандай да операцияға сәйкес болатындығын ұсынады.

Бұл топқа бес есеп жатады: екі санның қосындысын табу, қалдықты табу, бірдей қосылғыштардың қосындысын (көбейтіндісін) табу, тең бөліктерге бөлу, тиісінше бөлу.

Екінші топқа мынадай түрдегі жай есептер жатады, ол есептерді шығарғанда оқушылар арифметикалық амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты ұсынады. Оларға белгісіз компоненттерді табуға берілген есептер кіреді.

Олар мыналар: берілген қосынды мен екінші қосылғыш бойынша бірінші қосылғышты табу, белгілі қосынды мен бірінші қосылғыш бойынша екінші қосылғышты табу, белгілі азайтқыш және айырма бойынша азайғышты табу, белгілі азайғыш пен айырма бойынша азайтқышты табу, белгілі көбейтінді мен екінші көбейткіш бойынша бірінші көбейткішті табу, белгілі көбейтінді мен бірінші көбейткіш бойынша екінші көбейткішті табу, белгілі бөлгіш пен бөлінді бойынша бөлінгішті табу,белгілі бөлінгіш пен бөлінді бойынша бөлгішті табу.

Үшінші топқа мынадай түрдегі жай есептер жатады,ол есептерді шығарғанда арифметикалық амалдардың жаңа мағыналары ашыла түседі.Оларға айырма ұғымымен байланысты жай есептер (6 түрі) және қатынас ұғымымен байланысты жай есептер (6 түрі) жатады.

Олар:сандарды айырмалық салыстыру немесе екі санның айырмасын табу (бірінші түрі), сандарды айырмалық салыстыру немесе екі санның айырмасын табу (екінші түрі),санды бірнеше бірлікке арттыру (тура формасы),санды бірнеше бірлікке арттыру (жанама формасы),санды бірнеше бірлікке кеміту (тура формасы),санды бірнеше бірлікке кеміту (жанама формасы).

Әдебиеттер:

1. Математиканы оқыту методикасы бойынша жүргізілетін лабораториялық жұмыстар. /Құрастырғандар: Әбдіғалымов Е.Ш., Нұғысова А., Сейітова С.М., Тасболатова Р.Б. - Алматы, 1991
2. Әбілқасымова А.Е., Кенеш Ә.С., Пустовалова Н.И. Бастауыш сынып математикасы оқу-әдістемелік кешендерін құрылымдау. – Астана, 2004
3. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы, 2000.
4. Белошистая А.В. Обучение математике в начальной классах. Справочное пособие. – Москва, 2006

ӘӨЖ 821.352.2

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІРІ

Бухарбаев Мурат Сапарович
Ю.Гагарин атындағы №3 ЖОМ
тарих пәнінің мұғалімі
bukharbayevm@bk.ru
Жетісай қаласы

Резюме: В этой статье рассказывается о начале XX века Казахстана речь идет об учебно-просветительской проблеме в культурной жизни.

Summary: This article tells about the beginning of the twentieth century in Kazakhstan, it is about the educational problem in cultural life.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Ресей империясының халыққа білім беру ісі мен мектеп жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері Қазақстандағы халыққа білім беру ісі мен бүкіл ағарту жүйесне көп дәрежеде өз ықпалын жасады. Оқуағарту ісі айқын таптық сипатта болды, оның Қазақстандағы айырмашылығы ұлттық ерекшелкке орай жүргізілді. Ұлттық мектептер туралы 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» [1] заң ұлттық мектептердегі және ұлттық шет аймақтардағы бүкіл ағарту жүйесін: 1) Әлі аз орыстанғандар үшін, 2) орыстары көп жерде тұратындар үшін және 3) жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін деп, 3 санатқа бөлді. Бұл орайда 1санат үшін мектептер салынатын болып белгіленеді, оларда оқыту орыс әліпбиемен жазылған

оқулықтар бойынша ана тілінде жүзеге асырылуға тиіс еді. Екінші санат үшін орыс мектептері құрылуға тиіс болды, оларда орыс балаларын да, «бұратана» балаларды да біргер оқыту көзделді, ана тілі ауызша түсіндірілген кезде ғана қолданылуға тиіс еді. Үшінші санат үшін орыс мектептері құрылып, оларда оқыту тек орыс тілінде жүргізілді.

Заңды жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанда әр түрлі облыстарда әр алуан үлгідегі мектептер құрыла бастады. Мәселен, Ақмола және Семей облыстарында - мектепинтернаттар мен ауыл шаруашылық бастауыш училищелері, Торғай мен Оралда - ауылдық мектептер, болыстық (бір сыныпты), екі сыныпты училищелер, Жетісу мен Сырдарияда - «орысбұратаналык» мектептер, ішкі Ордада (Бөкей Ордасында) старшындық және учаскелік училищелер құрылды. Олардың бәрі Халық ағарту министрлігіне бағынды. XX ғасырдың басына қарай Қазақстандағы халыққа білім беру ісінің мақсаттары мен міндеттері білім беру ісмінің жетекшісі қайраткерлерінің бірі А. Алекторов мақалаларының бірінде айтылған: «Қазақ даласындағы мектеп өзінің білім беру міндеттерімен қоса саяси рөл де атқарады: ол қазақ халқын байырғы орыс халқымен байланыстырып, қазақтарға мемлекеттік тілді сіңірді. Ол орыс халқының ғұрыптарымен және көзқарастарымен таныстырады, қазақтарды баяу болса да, жүйелі түрде орыстардың аясына енгізеді, бұл орайда мұсылмандық ерекшелік негіздеріне қарамақарсы тұрып, қазақтарға Бұхарадан және ислам діні гүлденген басқа да жерлерден келгендер сіңірген мұсылмандық фанатизмді әлсіретеді».

А. Алекторов қазақ халқын, бәлкім, неғұрлым астарлы әдістермен орыстандыру туралы тура айтқан. Сонымен бірге үкмет те, жергілікті өкімет орындары да бұл саясатты зор ынтамен және табандылықпен жүргізіп, орыс мектептеріне ғана көп көңіл бөліп отырды. Мәселен, 1905 жылдың маусымында «шығыс бұратаналарына» білім беру мәселесі бойынша ерекше кеңес өткізіліп, онда өлкедегі халыққа білім берудің негізіне И. Ильминскийдің, жүйесі алынды. Кеңестің қорытындысы ұлттық мектептер жүйесін ұйымдастыру болды, ол ұлттық аудандарда, соның ішінде Қазақстанда да енгізілуге тиіс еді. Онда: 1) оқыту мерзімі 2 жылдық бастауыш училище, бұл орайда екінші жылы орыс мектебінің бірінші сыныбына сейкес келетін; 2) оқыту курсы 4 жылдық бір сыныпты училище; 3) оқыту курсы 6 жылдық екі сыныпты училище ашу көзделді, ал алғашқы екі оқу жылында ғана ана тілінде сабақ жүргізуге рұқсат етілді. Сонымен XX ғасырдың басында халық арасына орыс тілін енгізу негізінде империяның, ұлттық шет айматтарын орыстандыру жөнінде кең көлемді бағдарлама белгіленді. Үкімет пен жергілікті кадрлардың қызметі осыған бағытталып, олар алынған нәтижелерді баянды ету саясатын үнемі жүргізіп отырды, бұған заңдар, жекелеген актілер, 1906 жылы 31 наурызда қабылданған «Шығыс және оңтүстікшығыс Ресейде тұратын бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы» ережелер, 1907 жылғы 1 қарашадағы «Бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы ережелер», 1913 жылғы 14 шілдедегі Бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы» ережелер көмектесті Бұл актілердің әрқайсысында халыққа білім беруді одан әрі орыстандыру көзделді Түркістан өлкесіндегі білім беру ісі қайраткерлерінің бірі Н. Остроумовтың атап өткеніндей," «...Түркістан өлкесінде орыс мектебі арқылы орыстандыру саясатын ұстану ниеті болды». Бұл саясаттың негізін мақсаттары былайша белгіленді: «Орысмемлекеттік мідеттер мен отанымыздың бұратаналарға көзқарасы жөніндегі ойниеті орыстандыруда болып табылады... тағы бір басқа міндет - қазақтардың орыстармен бірге тұтас бір саясимемлекеттік организмге айналуына жәрдемдесу» [2].

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің, жағымды жақтары да болды - жургізіліп отырған ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты. Сондықтан да қалыптасып келе жатқан қазақ зиялылары орыстар ортасынан көп нәрсені қабылдады, тіпті негізінін орыс топырағында еуропалық негізде білім алды. Сонымен бірге олардың арасында шетелде оқығандары да болды. Қазақ халқындағы интеллектуалдық орта дамуының жиынтығы осы ортада саяси мәдениетті қалыптастыру проблемасын күн тәртібіне қойды, сөитіп XX ғасырдың басында

ол қазақ интеллектуалдары қатысқан кейбір саяси ағымдардан көрінеді. Қазақстан мен Ресей империясы арасындағы байланыстардың өсуі себепті өлкедегі халыққа білім беру ісі XX ғасырдың басында одан әрі дами түседі, бұл орайда ауыл шаруашылық мектептері қолөнерге оқытуға дайындайтын мектептер түріндегі бастауыш және кәсіптіктехникалық білім берудің дамығанын атап өткен жөн. Егер 1901 жылы Қазақстанда Оқуағарту министрлігі бойынша 283 орыс және 207 орысқазақ мектептері болса, 1916 жылы олар Семей облысында - 323, Жетісу облысында -181, Сырдария облысында - 231, Торғай облысында - 517, Орал облысында - 455, Ішкі Ордада - 74, барлығы 2448 болды, олардың 562-сі орыс-қазақ мектептері еді, бұл орайда Ақмола, Семей, Орал облыстарында әскери қазақ мектетері Оқуағарту министрлігіне берілді. 1916 жылы оқушылар саны - 134 245, ал қазақ және татар балалары 19-372 болған. 1917 жылы 47 жоғарыбастауыш училище, 17 орта мектеп, 4 реалдық училище, 4 ерлер және 9 қыздар гимназиясы, 13 ауыл шаруашылық төменгі мектебі мен 2 қолөнер [3] училищесі жұмыс істеді. Үкметтің мектептерді негізінен артықшылығы басым орыс тұрғындары мен қазақтарға ғана арнап бөлу жөніндегі саясаты қазақ халқының сауатсыз немесе шала сауатты болып қалуына әкеп соқты, сондықтан қазақ халқының орасан көп бөлгі мектептерде немесе медреселерде қандай болса да білім алуға тырысты.

Бірсыпыра жылдар бойы мұсылман мектептері мен, әсіресе, медреселерде білім алудың мүлде жарамсыздығы туралы пікір қалыптасып келді. Бұл оқу орындарын пұрсатты оқу орындарында, басқа да кейбіреулерінде оқытумен қайсы бір дәрежеде салыстыруға болмайтын, алайда олар қазақ халқы сауаттылығының жалпы деңгейіне елеулі ықпал жасады, сонымен бірге қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесті. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Меселен, біз I Мемлекеттік Думанның, депутаты, кейіннен өкілеттетігі жойылған Шахмардан Қосшығұловты мысалға келтіре аламыз.Үкімет пен жергілікті өкімет орындары мектептер мен медреселерге мүлде теріс көзқараста болды. Мәселен, 1870 жылдың өзіндеақ Түркістан өлкесінде халыққа білім беру туралы мәселені талқылау жөніндегі ерекше комиссия «...діни және конфессионалдық, оның үстіне әрі саяси (өйткені бұл екі жағы мұсылманның ұғымында ажырағысыз) болғандықтан, бұратаналық мектептер орыстың өкмет орындарында қолдау табуға үміттенбеуге тиіс» [4] деп анықтады. Алайда жергілікті өкмет орындарында мектептердің бұл түрін толық ығыстырып шығаруға материалдық қаражат және өзге де мүмкіншіліктер болмады, сондықтан да: «Жабылатын бұл мектептерді біз немен алмастыруды таба алмадық, өйткені орыс мектебі мұндағы халықтан ұзақ уақыт бойы, мүмкін мәңгі болар, қолдау таппай қала береді», - деп атап өтілді. Бұл ой одан кейінгі жылдар да дамытыла түсті Мәселен, халық ағарту министрімен ішкістер министрімен келісілген өкімімен мұсылман мектептерінде орыс цензурасы мақұлдаған баспа басылымдары ғана қолданылуға және оқытуды Ресейде білім алған оқытушылар ғана жүргізуге тиіс болатын, рас, бірсыпыра уақыт өткен соң бұл өкімнің күші жойылды. XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінің үш обылысының өзінде бұратаналар мектептерга жуық болды. Мұндай кемсітушілік шаралар жержерде байқалды. Қорыта келгенде, Орынбор губерниясы жанындағы халыққа білім беру жөніндегі I жене II кеңестің журналында «халық арасында орысша сауат ашуға ұмтылыстың нашар» екендігі атап өтілді. Сол кездің өзінде бір Сырдария облысында ғана 1910 жылы 32 медресе, оның ішінде қалалық 23 және ауылдық 9 медресе болды. Олардьң ең ірілері Ташкентте орналасты. Бұл медреселерде өзінің сындарлы оқыту жүйесі болды, онда дінмен қатар зайырлы пәндер оқытылды. Мектептерде қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтерді, онда Құранды оқыту жүргізіліп.

Қана қоймай, зайырлы әдебиет пен жара тылыс ғылымдары үйретілді. Мектептер қазақтар арасында кең тараған. Мәселен, бір Маңғыстау уезінде ғана 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды. Мектептерде халық дәстүрлері, халықтық этнопсихологият, дәстүрлі әдебиет өз дамуын тауып, дәстүрлі халықтық санасезімді қалыптастырудың негізіне айналды. Мәселен, қазақтың ұлы ақыны, ағартушы және ойшыл Абай өзінің білім алуын ауыл мектебінде бастап, әрі қарай білімін медреседе жалғастырған еді [5].

Сол кездегі көптеген зерттеушілер XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында енгізілген білім беру жүйесіне өз көзқарастарын білдірді. П. Головечев былай деп атап өтеді: «... бұрын қазақтар үшін ойластырылған жабық оқу орындары мүлде сәтсіз болып шықты, бұл мектептерге балаларды күштеп алу қолданылғандықтан, бай қазақтар өз балаларының орнына өз балам деп кедейлердің балаларын беретін болды. Дала өлкесінде құрылған ауыл шаруашылық мектептері де қазақтарды тартпайды». Бұл жөнінде бұдан біршама бұрын А.Н. Краснов былай деп жазған: «Бұған дейін осының бәрі халықтан оған білім беруге жиналатын қазақтардың қаржыларына істеліп келеді, бұл Верный, Капал мен Қарақолда пансиондардың құрылуы, оларда қазақтарға орыс тілі оқытылады және жалпы алғанда одан кейін гимназияға ілігуге болатындай білім беріледі» [6]. Бұдан әрі ол былай деп дәлелдейді: «Дала тұрғындары арасында орысша оқитындар аса сирек кездеседі, жаза беретіндер мүлде жоқ деуге болады. Оның бер жағында Верный қазақтарының 25%-ті арабша оқи білді» [7].

1910 жылдан кейін, қолөнер бөлімшелері туралы мәселе облыстардың халыққа білім беру жөніндегі арнаулы кеңестерінде тыңдалып, оның үстіне халық санының тез өсуі мен басқа да факторлар қолөнерді үйрететін сыныптардың мектептерде кеңінен енгізілуіне себепші болды. 1917 жылдың басына қарай өлкеде 31 қолөнер училищесі болды, ал 257 бастауыш мектепте қол еңбегі сыныптары жұыс істеді.

Ауыл шаруашылық мектептеріне біршама көбірек көңіл бөлінді. Өлкенің көптеген өкімшілері ауыл шаруашылығына бейімдеп оқыту қажет екенін көрсетті, алайда ешкім тиісінше көңіл бөлмеді, өйткені ол арнайы қаражатты қажет ететін еді. Сөйтіп қоныс аудару, олардың 1907 жылдан кейінгі ағылуы туралы мәселе өте өткір қоиылған кезде ғана ауыл шаруашылық мектептерін ашуға әрекеттер жасалды, бірақ олардың дені ашылмаған күйінде қалды. Ауыл шаруашылық мектептеріне көбінесе қазақ балалары алынды, оларда ауыл шаруашылығының негіздерімен бірге жалпы білім беретін пәндер өткізілді. Пәндерді оқыту кезінде негізінен оларды іс жүзінде қолдануға көңіл бөлініп, шаруашылықты жүргізу мәселелеріне онша мән берілмеді. Ауыл шаруашылық мектептерінің оқушылары шын мәнінде бай қожалықтарға сауатты жұмыс күшін беріп отырды. Нақ осы жылдарда жергілікті жерлерде қалың бұқараға білім беру жөніндегі бастамашылық өсе түсіп, өмірдің әр түрлі проблемалары, сондайақ халық бұқарасының сауатын ашу мәселелеріне аса зор көңіл бөлінді. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері В.Н. Каллаур 1886 жылдың басында Н.И. Гродековке былай деп жаны аши отырып жазған: «Сарықман кентінің тұрғындары өткен жылдың қараша айында өздерінің көшпелі мектебі ұйымдастырды. Олар мүлде босатылған солдат Семибратовты мұғалім етіп қабылдады, ол әрбір оқушы бала үшін тиынтебен алып, мектеп орналасқан, жалдап алынған үйшікте тұрады, ал тамақты күніне балалары оқитын әр үйден кезеккезек ішеді - барлығы 18 бала оқиды». Бұдан кейін Н.И. Гродеков бұл мектепке жазу құралдарын беріп көмектескен [8].

XX ғасырдың басында зиялылар салауаттылық қоғамдары мен халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі қоғамдардың ашылуы туралы шешімді зор ықыласпен қарсы алды. Мәселен, Семей облысында халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы - Ресей географиялық қоғамының белгілі қайраткері Б.Г. Герасимов,халықтың салауаттылығы туралы қамқоршы комитеттің мүшесі Е. П. Михаэлис болды. Лекторлар арасында да Ресей географиялық қоғамының қайраткерлері көп еді. Нақ сол Семейде В.Н. Белослюдов, В.С. Усов, Н.Я. Коншин және басқалар халықтық оқулар ұйымдастыру жөніндегі комитетте лекторлар болды. Қазақстандағы халыққа білім беру ісі тарихының кейбір онша мәлім емес жақтары мен оның негізгі бағыттары осындай.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абылай хан. Алматы, 2006.
2. Абылай хан. Тарихи жырлар. 1 т. Алматы, Жазушы, 2007
3. Асфендияров С.История Қазахстана. Алматы. Қазақ университеті.
4. Апполов Н.Г. прсиоедение Қазахстана и России в 30х годов ХУ111 в АлмаАта, 2008

5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, «Ана тілі», 2009
6. Әлімжан Ә. Жаушы. Алматы 2010
7. Әбуев Қ.Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінен. Алматы. 2009
8. Әшім А.Сейдімбек А.Абылай хан «Егемен Қазақстан» газеті 2004 14 қазан

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРҒА ТӘРБИЕ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Архабаева А.К.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр аға оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Ауелхан Балгүл
ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Мировоззрения учащихся на основе экологического воспитания в начальной школе*

Ключевые слова: *экологическое образование, начальный класс, экологическое воспитание, экологическая культура.*

ABSTRACT: *Students' worldviews based on environmental education in primary school*

Keywords: *environmental education, primary school, environmental education, environmental culture.*

Бастауыш сынып оқушыларының бастапқы экологиялық мәдениетінің психологиялық ерекшеліктері мен педагогикалық мүмкіндіктеріне қарай қалыптастырудың мазмұнын анықтау – қазіргі мектептің, мұғалімдердің міндеттері.

Экологиялық мәдениет бастауыш сынып оқушыларының бастапқы ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, экологиялық санасының өзегі болып, баланың рухани бейнесіне тұтастық әкеледі, оны қоршаған табиғи ортаға әлеуметтік мәнді және экологиялық қолайлы қағидалар тұрғысында қаруландырады.

Жеке адамның экологиялық мәдениеті дегеніміз – табиғатты аялау талабына сай келетін білім, іскерлігі мен оны жүзеге асырылуы.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – аса күрделі үрдіс.

Экологиялық мәдениет пен этиканың құрамына мыналар кіреді:табиғат пен қоғамның дамуы заңдылықтарын білу, табиғатты қорғау қажеттілігін түсіну, табиғатқа тигізетін өзінің салдарын болжайлай білу, табиғат пен қарым-қатынасында заңды ережелерді сақтау.

Оқушылардың экологиялық санасы, ойлауы, сауаттылығы, этикасы және мәдениеттілігі экологиялық білім беру мен тәрбиесінің нәтижесінде қалыптасады.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау арқылы экологиялық білім берудің мақсаты мектеп оқушысын айналасындағы табиғи ортаға әмбебап, басқаша айтқанда, жауапкершілікпен қарауға үйрету екенін анықтадық. «Жауапкершілікпен қарау» немесе әмбебап көзқарас- әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және басқа жақтарынан саралауға болатын кең ұғым. Педагогикалық тұрғыдан бұл ұғымның мазмұнына кіретіндер:

а) табиғи ортада адамның өзін қалай ұстау керектігін түсінуі;

ә) табиғаттың халық қазынасы екенін сезінуі;

б) табиғатқа тигізетін өз әрекетінің салдарын көре білуі;

в) табиғатпен қарым-қатынасын жаратылыстану және ізеттілік білім тұрғысынан негіздеп түсіне білуі.

Баланың мектепке келуі, оның жаңа оқушылық міндеті, оның балалар ұжымына енуі, оқытушылармен қатынас жасауы – бұлардың бәрі де ерекше өзге әлеуметтік жағдай. Осы жастағы балалардың жағымды басынан өткізген мінез-құлық сезімдері тәжірибесінің ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Сезімге сүйену, эмоционалдық кінәраттауды пайдалану кішкентай оқушыларды тәрбиелеудің ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Әрине, ондай тәрбие әдістерін пайдалану үлкен сақтықты және педагогикалық ізгілікті қажет етеді.

Сонымен бірге жас жеткіншектер бойында ненің жаман, ненің жақсы екендігі жөнінде өз түсініктері қалыптаса бастайды. Ересектердің оларға әсер ету жағдайы олар тарапынан бәрін де өзім шешемін деген қарсылықтарға кезігіп отырады. Дегенмен, бұл жастағы балалардың әлі де өзіндік көзқарастары қалыптаса қоймайды. Осы жастағы балаларға «көзқарас» деген терминді қолдану тек шартты түрде ғана. Төменгі сынып оқушыларының түсініктері мен ой қорытындылары, кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, қара дүрсін, қарапайымдылықпен ерекшеленеді. Төменгі сынып оқушыларының жалпы айрықша ерекшеліктерінің бірі- жасөспірімдерге қарағанда олар өздерін және өздерін қоршаған дүние кеңістігін тұтас қалпында қабылдайтынын ескерген жөн. Олардың әрқайсысы үшін «Мен» табиғатты, ал табиғат «менді» көрсетеді. Ең тамашасы, олар өздерін табиғаттың бөлігі деп сезінеді.

Егер бірінші сыныптағы балалар бойында жануарларға және өсімдіктер әлеміне жанашыр болуы, оларға сүйіспеншілігі, қоршаған орта әсемдігінен эстетикалық ләззат алуы жай ғана мақсатты көздесе, жас кезеңінің аяғына қарай ол сезімдер экологиялық жағынан мақсатқа бағыттылған қызмет түріне айналады. Бұл іс жануарларға, өсімдіктер әлеміне аяныш сезімін қалыптастырумен қатар жүреді(бір нәрсеге үйірсектік және сүйіспеншілік, қатынас жасау қуанышы, қоршаған ортаға зиян келумен байланысты реніштер және т.б.).

Педагогикалық жағынан осы жас кезеңінде балалар бойында табиғаттағы мінез-құлқын өздігінен реттеу, баланың қажеттілік дағдысын табиғатқа келтірер зиянмен салыстыра отырып дамыту өте қажет. Балалардың есеюімен бірге « қоршаған орта» түсінігі айтарлықтай кеңейеді.

Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие мазмұны әр түрлі сыныптар және жеке пәндер бойынша, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады.

Бастауыш сынып оқушылары табиғат байлығын ауыл шаруашылығында пайдалану жайлы алғашқы ұғымды еңбек сабақтарында алады. Олар үй мүліктерін, киім-кешек, тағам т.б. жасайтын табиғат заттарын қалай пайдаланумен танысады.

Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасы оқушыларды төмендегі іскерлікті, дағдыны қалыптастыруға бағытталған: өсімдіктердің даму кезеңінде фенологиялық бақылау жүргізу; мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту; тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану.

Қазіргі жағдайда өндіріс табиғатқа күшті әсер етуші фактор болып отыр. Осыған орай табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми білімге негізделетінін оқушылардың түсінуі керек. Өйткені өндірістік іс-әрекеттің нәтижесінде ортада әр түрлі өзгерістердің болуы мүмкін. Сондықтан қоғамныңөндіргіш күштерін ұнамды орналастыруға аймақ табиғатының ерекшелігін, оның өндірістік жүктемеге орнықтылығын есепке алу талап етіледі.Оқушылар табиғи ортаны күтуде, қорғауда орман – тоғай шаруашылығын, мемлекеттік қорықтарды басқаратын қызметкерлерге көмектеседі, өсімдіктерді қорғау жұмыстарына қатысады.

Оқушыларды экологиялық білім негіздерімен қаруландыру үшін осы пәндер бойынша мектеп өзінің мүмкіншілігін еске алып, экология бағдарламасын жасайды.

Оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін кейбір теориялық және практикалықмәні бар экологиялықмәліметтерді бағдарламағакіргізу қажет. Оқушылар олармен лекциялар, практикалық жұмыстар, кештер, саяхаттар арқылы танысады.

Шамамен осындай әуенді пайдаланып, тікелей экологияға қатысы бар пәндер бойынша экология бағдарламасын құрастыруға болады. Енді экологиялық тәрбие жұмыстарының бірнеше түрлерін қарастырайық:

1. Ауыл мектептерінің оқу – тәжірибе учаскесіндегі бағалы ағаштар тұқымының көшеттерін өсіріп, оларды қалаларды, ауылдық жерлерді көгалдандыруға пайдалану.

2. Мектеп оқушылары мемлекеттік орман шаруашылығына үнемі көмек көрсетіп отырады. Өйткені, олар мектеп орманшылығының мүшесі. Сонымен бірге орманды қорғау және ағаш өсіру жұмыстарына да белсенді қатысады. Олардың негізгі істейтін жұмыстарының түрлері:

- Көшет материалдарын өсіру, ағаштар отырғызу, оларды күту, табиғаттың тілсіз жауларынан қорғау, орман – тоғайдағы зиянды жәндіктермен күресу;
- Дәрі өсімдіктерін дайындау, жидек, саңырауқұлақ , т.б. жемістерді жинау;
- Пайдалы хайуандарды қорғау және олардың есебін алып отыру;
- Фенологиялық бақылау жүргізу.

3. Оқушылар ауыл шаруашылық тәжірибе жұмысымен айналысады. Тәжірибе жұмысы мұғалімдердің, жергілікті ғалымдардың басшылығымен жүргізіледі.

Оқушылар дала жағдайында да тәжірибе жұмысын жүргізу кезеңінде әр түрлі аймақтардың топырағы мен ауа райын есепке алып, дәнді және бақша өсімдіктерінің сорттарын, олардан түсетін өнімді зерттейді, химиялық құралдарды қолдану жолымен егістік жерлерде өсетін арам шөптермен күрес жүргізеді.

4. Оқушылар түрлі табиғатқа зиян келтіретін адамдармен күреседі, қорықтық ережені бұзушыларды анықтайды, химиялық улы заттарды, минералдық тыңайтқыштарды сақтау және қолдану ережелерін бұзушыларды әшкерелейді.

5. Экологиялық тәрбиеге байланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, лекциялар, әңгімелер, көрмелер, сайыстар, оқушылардың шығармалары, рефераттары, баяндамалары, табиғатты қорғау тақырыптарына арналған плакаттар, т.б. Осылардың бәрі оқушылардың экологиялық мәдениетті саналы, жете түсінуіне, табиғи ортаны қорғау мен жақсартуына игі әсер ететін өте қажетті құралдардың бірі.

Егер экологиялық құлық және еңбек іс-әрекеттерін ұштастырып, тікелей табиғи байланысты жүргізсе, олардың жақсы нәтиже беретіндігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды.

Экологиялық тәрбиенің басты міндеттері:

- Өмірде және нақты еңбек іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу.
- Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу.
- Әрбір мектепте экологиялық білім және тәрбие қоғамын ұйымдастыру. Қоғамның мақсаты: қоғам мүшелерін өздері тұрған аймақтың табиғатын қорғауға , күтуге тәрбиелеу, зерттеуді жүргізудің әдістері мен тәсілдеріне үйрету, мектепті экологиялық жұмыстың орталығына айналдыру.
- Қоғам мүшелері мектептегі түрлі ұйымдармен ынтымақтасып, тұрғылықты жерде экологиялық штабтар құрады, жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады.

Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты. Өйткені өндірістікіс-әрекеттің барысында адам қоршаған ортаға тікелей әсер етеді. Сонымен, оқушылардың экологиялық білімінің белгілі жүйесін игеру, табиғатты қорғау, оның байлығын тиімді пайдалану, экологиялық мәдениет негізінде дұрыс дүние тану көзқарасын қалыптастыру.

Бастауыш сынып кезеңіндегі білім қоршаған орта, табиғат жайында қарапайым ұғым беру арқылы баланың дүниетанымын қалыптастырудан басталады.

Мектеп жасындағы балаларға қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру арқылы олардың бір- бірімен байланысын ғылыми түрде түсіндіру барысында балаларда алғашқы табиғат туралы ұғым негіздері қаланады. Балалардың мұндай табиғат жайында алған қарапайым дүниетанымдық ұғымдары, олардың бастауыш сыныпта дүниетануды оқыту барысында және жоғары сыныптарда биологиялық пәндер бойынша

берілетін білім жүйесінің алғашқы баспалдағы болмақ. Сондай-ақ табиғат заңдылығын жеңіл түрде ұғындыра отырып, берілетін білімнің өзара байланысы мен сабақтастығын қамтамасыз етуде баланың дүниетанымы кеңейіп, көзқарасы тереңделіп толықтырылады. Қоғамның дамуының қай кезеңінде болмасын табиғат- баланың дүниетанымын дамыту құралы ретінде орын алып, оған ерекше көңіл бөлінген.

Табиғатты тәрбие құралы деп қараған К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, Е.Н.Водовозова, Е.И.Тихеева, Л.К.Шлегердің еңбектерінің орны ерекше. Балаларға өздерін қоршаған орта туралы білім беру оқу үрдісінде қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Қазіргі кезеңде адамдар мен табиғат арақатынастары жылдан жылға шиеленісіп барады. Жер жүзіндегі халықтар санының тез өсуі мен мемлекеттердің жаппай өнеркәсіпті дамыту жолына түсуі бұған себеп болып отыр. Соның салдарынан табиғат қорларын пайдалану бірнеше есе өсіп, адамдардың қоршаған ортаға тигізетін зияны үнемі көбейіп келеді.

Табиғатты қорғауды өз үйінен бастауға болады- бұл суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды пайдалану және тағы басқа. Сөйтіп, экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп –өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Бастауыш сынып балаларының тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау – экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары жүргізіледі.

Экологиялық тәрбие үдерісінде көрініс табатын іс-әрекеттің мынадай түрлерін атауға болады:

- табиғаттағы әр түрлі оқиғаларды бейнелейтін немесе табиғатты қорғау, көркейту іс – әрекетін білдіретін әңгімелер;

- мектеп алаңында (табиғаттағы еңбек) тіршілік обьектілері үшін немесе оларды күтіп баптауды жүзеге асыру, сондай-ақ заттарды қайта өңдеу (кітаптарды және т.б жөндеу) іс-әрекеттері;

- табиғаттан алған әсерлерін және адамдардың табиғаттағы іс-әрекеттері негізінде бейнелеу өнерінің туындыларын жасау;

- табиғатпен тілдесу, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің обьектілерімен еркін түрде байланыс жасау- бақылау, оларды зерттеу, күтіп баптау іс-әрекеті, қолға үйрету мен белгілі-бір жағдайға бағындырып үйретуді қамтитын кешенді іс-әрекет;

- тәжірибе жасау- бақылау нәтижесіндегі өз пікірін айтумен сабақтасып келген іс жүзіндегі танымдық іс-әрекет;

- сұрақтар, хабарламалар,әңгіме, сурет салу, хат жазу;

- табиғатқа байланысты кейбір мәліметтер мен қызықты да құпия әсерлер жөнінде пікір алмасу, әңгіме арқылы табиғат жайындағы түсініктерін айқындау;

- табиғат жайлы мазмұндағы телехабарларды, суреттерді көріп тамашалау, шағын шығармалар оқу балалардың табиғат жөніндегі қалыптасқан түсініктерін айқындайтын және жаңа ықпал ететін іс –әрекет түрлері.

Экологиялық тәрбиенің мақсаттары – тәрбиеленушілерде қоршаған ортаға деген жауапкершілік, табиғатты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық ретінде тану мен оған жауапкершілікті қатынастар жасау жөніндегі білімдер қалыптастыру, нақты тіршілік аймағы табиғатын зерттеп, мүмкін болар экологиялық жағдайлардың ауысуынан туындайтын зардаптардың алдын алуға үйрету, сонымен бірге қоршаған ортадан ләззат алу арқылы табиғат субъектерінің баршасына қатынасты қайырымдылық сезімін тәрбиелеу.

Бастауыш сыныпта экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру үшін, мұғалімнің өзінің табиғатпен қатынасы білікті болуы керек. Оқушының табиғатпен қатынасының тиімділігін арттырудағы қоғамдық қажеттілікпен байланысты факторларды сараптау экологиялық білім берудің мазмұнын қалыптастыру саласындағы негізгі қорытындыға әкеледі: бұл мазмұн оқушыларға тиімді экологиялық тәрбие беру мұғалімнің

білімнің мазмұны және оның табиғатпен тиімді өзара қарым-қатынас арқылы бағытталуы тиіс.

Өмір бір жақты экологиялық тәрбие істерімен шектелмей, оларды үздіксіз табиғат қорғау әрекетімен байланыстыру, еңбек тәрбиесімен ұштастыруды талап етеді. Осыған орай тәрбие істерінің бастауы экология туралы білімдерге, яғни қажетті ақпараттарды қабылдау, талқылау, түсінуге тікелей байланысты.

Қорыта айтқанда, оқушылардың бойында экологиялық тәрбиені дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет және де оған ұстаздар қауымы себепкер болуға тиіс.

Әдебиеттер:

1.Балтабаева А. Экологиялық білім мен тәрбиенің тиімді жолдары // Қазақстан мектебі, 2006. – №3. – 3-8 б.

2.Беркімбаев К. Экологиялық білім берудің негізі //Қазақстан мектебі, 2006. – №7. -53-55 б.

3.Аманбаева, М.Б., Ходжашева, М.Р. Табиғатты аялау-ата салтымыз, тәрбиеге мән берген дана халқымыз [Мәтін]: Экологиялық тәрбие// Экологическое образование в Казахстане.- 2007.- № 1.- 30-31 б.

4.Жұбанов, Н. Табиғатты тек қана аялау керек :Қоршаған орта: нәтиже,проблема // Атамекен.- 2007.- 5желтоқсан.- 3 б.

ӘӨЖ 372.8

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА АЛГОРИТМДІ ОҚЫТУДЫҢ РОЛІ

Нурсеит Ә.Т.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр , Ж.А.Ташенев университеті
Болтаева Кенжегул
ПиК– 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Организация обучения математике на алгоритмической основе*
Ключевые слова: *математика, начальный класс, алгоритмическое обучение, учебный процесс.*
ABSTRACT:*Organization of teaching mathematics on an algorithmic basis*
Keywords: *mathematics, elementary grade, algorithmic learning, educational process.*

Алгоритмді оқытудың теориясы мен тәжірибесі ұғымы жалпы ғылыми категориямен толық үндеседі. Информатика тілінде теория компьютерлік әлемнің жұмысын, қасиеттерін түсіндіру немесе болжау құралы, ал тәжірибеде теория мен теорияларға арналған гипотезалар көзін тексеру құралы. Мысалы, дәріс сабағында мәліметтер қорын басқару жүйесіне қатысты теория: іздеуге сұранысты құру ережесі және т.б. Тәжірибеде оқушы машинамен меңгеріп, дәлелдеу теориялық әдіспен жүргізіледі. Бірақ, бұл тәсіл аса күрделі емес алгоритмдерден шектеледі.

Алгоритмді құру немесе түрлендіру – бұл оқушының жұмыс істеуіне, нұсқауына негізделген теориялық іс-әрекет. Тәжірибенің негізгі түрі ешқандай ережесіз компьютерлік ортаны зерттеу болып табылады. Тіпті, ағылшын тіліндегі нұсқау қолда болғанмен, оның мазмұны барлық уақытта түсінікті бола бермейді. Жұмыстың комбинацияланған әдісі бағдарламаны жүргізу болып табылады. Бұл жерде қатенің себептерін тәжірибелік талдау мен оны тәжірибелік тексеру өзара үйлесім табады.

Алгоритмдеу мен бағдарламалауды оқытудағы негізгі мәселе – бағдаламалау тілін, алгоритмді жазу тілі мен ЭЕМ-нің түрін таңдауға байланысты. Ал, одан да аса маңызды мәселенің бір - алгоритмдеу проблемаларын шешуге пайдаланылатын әдісті таңдау.

ЭЕМ-де ақпараттарды автоматты түрде өңдеу нәтиже шығарып алғанға дейінгі аралықта ЭЕМ-мен есеп шығаруға дайындық жасау мен есеп шығарудың үш кезеңін: алгоритмдендіруді, бағдарламалауды және ЭЕМ-де есеп шығаруды талап етеді.

Осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тәжірибелерден, бағдарламалауды оқыту мен бағдарлама жасауда үш негізгі тәсілді бөліп көрсетуге болады:

1) дәстүрлі тәсіл; 2) алгоритмдік тәсіл; 3) жүйелік тәсіл.

Бірінші, дәстүрлі тәсіл бағдарлама жасауда төмендегідей әрекеттерді атқарудан тұрады: есеп-бағдарлама-ЭЕМ. Ол төмендегідей кезеңдерді қамтиды:

1) бағдарлама жазу;
2) бағдарламаны ЭЕМ-ге енгізу;
3) бағдарламаны ЭЕМ-де жүргізу.

Бұл әдістің ең қиын кезеңі бағдарламаны жүргізу. Бағдарламаны жүргізу дегеніміз (отладка)-бұл ЭЕМ-ге енгізілген бағдарламадағы қатені түзету мен іздеу процесі. Бұл процесті келеңсіз жайт бағдарламадағы қате санының авторға алдын-ала белгісіздігі. Оқытуда мұндай тәсілді пайдалану – ЭЕМ-де жұмыс істеу икемділігі қалыптасқан оқушылар үшін ғана тиімді. Ал, қалған оқушылардың өзінің бағдарламасындағы қатені тауып, түзетуге мүкіндігінің жоқтығы ЭЕМ-де жұмыс орындау мүмкіндігінен айырады.

Келесі, екінші алгоритмдік тәсіл – бағдарлама мәтінін жазғанға дейін қойылған есепті шешу алгоритмін құруға негізделген:

Есеп-алгоритм-бағдарлама ЭЕМ

Құру-жазу-енгізу

Бұл әдіс бойынша бағдарлама жазу төмендегідей кезеңдердей кезеңдерді қамтиды:

1) алгоритм құру;
2) бағдарлама жазу;
3) ЭЕМ-ге бағдарламаны енгізу;
4) ЭЕМ-де бағдарлама жүргізу.

Оқушыға оқулық есептерді алгоритмдендіруге, бағдарламалауға және ЭЕМ-де шешуге мүкіндік беретін жаңа практикалық икемдіктер.

Жаңа курс мәселелеріне мыналар енеді:

• орта мектептің алгебра курсындағы алгоритмдік бағытты жүйелеу және аяқтау;

• алгоритмдендірудің негізгі икемдіктерін игеру;

• қазіргі ЭЕМ-мен есептер шешу алгоритмдерін нақтылай іске асырудан тұратын алгоритмдік бағыттың қолданбалық және политехникалық бағдарларын нығайту;

• алгоритмді орындауды автоматтандыру мүмкіндігі туралы түсінікті қалыптастыру;

• ЭЕМ-ның құрылысы мен жұмыс істеуінің жалпы принцптерін қарастыру мысалында осы заманғы есептеуіш техниканың негіздерімен таныстыру;

• Бағдарламалау тілдерінің бірінде бағдарлама жасаудың негізгі әдістерімен таныстыру;

• Есептеуіш техниканың қоғамды дамытудағы ролімен, оның қолданылатын негізгі салаларымен таныстыру.

Математиканы тереңдетіп оқытатын мектептерде бағдарламалауды оқыту арнайы және профессионалды-бағытталған мүмкіндіктердің үлкен бөлігін қарастырады. Бірақ, сонымен қатар ЭЕМ-ге жалпы білім беруде әсер етуді зерттеу және барлық орта мектептерде оқуды қамтамасыз етуде адамның жұмыс істеуінің жаңа облысы етінде бағдарламалау енеді. Басынан бастап бағдарламалау облысынан алынған әдістер мен идеялардың жалпы білім беретін күші мектептік білім беруде жаңа фундаментальды компоненттерді қамтамасыз етуді дамыту үшін үлкен потенциалды жүзеге асыратыны белгілі.

ЭЕМ үшін бағдарламалау негізіне алгоритмдеу түсінігі жатады. Ол кең мағынада берілген тілдің әдістерімен алгоритмдерді суреттеп және құрылымын жасау процесі ретінде қарастырылады. Бірақ алгоритмдеу адамның нақтыланған орындаушыларымен қарым-

қатынасына сүйенетін әдіс ретінде ЭЕМ үшін бағдарламаны құрумен ғана байланысты емес. Модельдеу сияқты, алгоритмдеу – бұл кибернетиканың жалпы әдісі. Әр түрлі жүйелерді басқару процесі қандай да бір алгоритмді құрастыруға әкеледі. Алгоритмді құру ең қарапайым автоматты құрылғыларды жасау және басқарудың автоматты жүйесін қиын өнімді процестерді өңдеумен байланысты. Алгоритмдеудің түпкі негізі қазіргі математиканың теориялық облысында – алгоритмдер теориясында жатыр, бірақ практикалық мағынада алгоритмдеу алгоритм туралы рационалды ойлау қабілетіне негізделген анықталған практикалық әдістер жинағы ретінде түсініледі.

Алгоритмдік процестер туралы түсінік және оларды суреттеу әдістері иформатика мен есептегіш техника шыққана дейін мектептік пәндерді оқыту кезінде оқушылар түсінігінде қалыптасқан. Мектептік пәндер арасында негізгі роль математикаға түсті, өйткені операциялық және алгоритмдік іс-әрекеттер оқыту жұмысы элементінің бірін құрады. Шынында да, негіздеу, жазу қабілеті, математикалық алгоритмдерді тексеру, сонымен қатар оны әрқашанда нақты орындау оқшылардың математикалық мәдениетінің маңызды компонентін құрады, бірақта «алгоритм» термині мектептік оқыту програмасында қолданылмауы да мүмкін еді. ЭЕМ-нің және бағдарламалаудың көбеюіне байланысты математикалық мәдениеттің бұл секторы өзіндік мағына ала бастады, тек қана алгоритмдеудің белгілі компоненттерінің есебімен оны толықтыру қажет болды. Сонымен қазіргі әрбір адамның жалпы мәдениетінің жаңа элементін анықтайтын спецификалық түсінігінің арқасында және жалпы мектептік білім алуды қосу нәтижесінде оқушының алгоритмдік мәдениеті деген атау алды.

Төменде алгоритмдеу негіздерін жалпы оқыту анализі негізінде құрастырылған алгоритмдік мәдениет компоненттерінің суреттелуі мен құрылымы келтірілген:

1. Алгоритм түсінігі және оның оның құрамы. Алгоритм түсінігі алгоритмдеудің орташа түсінігі, және де алгоритмдік мәдениеттің негізгі компоненті болып табылады. Алгоритмдеуді оқытуда бұл түсінікті математикалық дәлдікпен қолданудың қажеті жоқ, тек қана оны интуитивті-көрнекі деңгейде түсіндіру жеткілікті.

2. Алгоритмдерді суреттеу тілінің түсінігі. Алгоритмді суреттеу мәселесі әрқашанда суреттеу орындалған кейбір тілдердің түрін көрсетеді. Сондықтан алгоритм түсінігінің өзі алгоритм мазмұнының әдісі ретінде тіл түсінігімен үзілмес байланысты. Әрбір жеке жағдайда тілді таңдау алгоритмді қолдану облысымен анықталады, яғни орындаушы ролінде қатысатын объектілердің (адам, автомат, компьютер) курамы анықталады. Орындаушы қарым-қатынасындағы тілдік мүмкіндіктердің шекараларын қатал сақтауда алгоритмдеудің кейбір мағынасында қызмет етеді. Бұл жағдайды түсіну және әрбір суреттеудің мүмкіндіктерін дәл сақтау да алгоритмдік мәдениеттің маңызды компонентін құрайды.

3. Суреттеуді нақтылау деңгейі. Суреттеуді нақтылау деңгейі түсінігі тілдің түсінігімен ажырамас байланыста. Егер суреттеу автомат үшін құрастырылса, онда бұл жағдайда қолданылатын тіл тілдің синтаксисін құрайтын нақты ережелер жүйесіне сәйкестендірілген қатаң шектеулерге бағынады. Мұндай жағдайда тілдің өзі нақтылана түседі. Бірақ тәжірибеде алдын-ала суреттеуді құрастыру кезінде, алгоритмдерді құру процесінде тек қана қатаң шектеулер ғана қолданылмай, тілдік әдістер де қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай жағдай алдын-ала құрастыру процесінде ғана мүмкін емес. Егер де, мысалы, алгоритм адамға жіберілсе, онда алгоритмдеудің соңғы варианты нақты емес, «қалқымалы» көрініс болуы мүмкін. Тәжірибеде қолданылатын алгоритмдердің көпшілігі нақты емес вариантта жұмыс істейді. Тек қана алгоритм орындаушыға түсінікті болғаны маңызды, яғни оның мүмкіндіктер шекарасынан шығатын көрініс әдістерін қолданбауы керек. Орындаушы үшін алгоритм түсініктілігінің факторын есептеумен әр түрлі нақтылау деңгейіндегі тілдермен жұмыс істей білуі алгоритмдік мәдениеттің нақты компоненті болып табылады.

4. Суреттеудің дискретті принципі. Алгоритмді құру қажет ететін шешімдерге әкеліп соғатын мүмкін элементарлы іс-әрекеттерді нақты бағыттау әрекетін орындайды. Бұл іс-әрекеттер оған нақтылық және түсініктілікті айтатын алгоритмдерді суреттеудің анықталған

дискретті құрылымын құрайды. Әр түрлі тілдерде алгоритмдердің мұндай жеке этаптары әр түрлі әдістермен көрсетіледі.

Алгоритмнің (табиғи тілде) сөздік түсінігімізде – бұл жеке ұсыныстар, көрсеткіштер, пункттар, схемалар тілінде – бұл жеке блоктар, ЭЕМ-нің объектті тілінде – бұл жеке командалар, алгоритмдік тілдің жоғары деңгейдегі – операторлар.

5. Блоктау принципі. Алгоритмді құру үшін қолданылатын тілдердің мүмкіндіктері детализациялау деңгейін таңдауға әкеліп соқтырады. Бірақ оның ең бірінші схемасын суреттеу кезінде қажет ететін алгоритмді құрастыру бойынша жұмыс істеу процесінде алгоритм жіберген орындаушының мүмкіндіктерімен салыстырғанда іс-әрекет бірлігі өте үлкен тілді қолдану керек. Бұл жағдайдағы әңгіме, қиын есептерді қарапайым компоненттерге бөле алу туралы болып отыр. Есеп қиын болған жағдайда, керек тілде оның шешу алгоритмі дәл сол кезде суреттеуге мүмкін болу үшін бұл жолды әрқашанда таңдауға тура келеді. Бұл жағдайда есеп меншікті мағына берілетін ақпараттық шектелген бөліктерге (блоктарға) бөлінеді және есептің бөлігін қосатын бірінші схеманы құрастырғаннан кейін жеке блоктарды детализациялау жұмысы орындалады. Осы блоктың әрбірі жаңа ғана суреттелген принцип бойынша детализацияланған болуы мүмкін.

Жалпы ойлау қабілеті болып табылатын блоктау принципі жалпы білім және тәрбиелік мағына береді. Оның схемасына өте жиі әр түрлі облыстарда зерттеу процесі қойылады. Ішкі байланыстар құрғаннан кейін зерттеуші жеке меншікті бөліктерге (блоктарға) облысты бөлуге ұмтылады, содан кейін әрбір блоктың ішіне кіре бастайды. Блоктау принципі бағдарламалау облысынан алынған жалпы білім беру күшін көрнекі түрде көрсетеді:

а) жеке-жеке блоктарды көрсету алгоритм орнына сәйкес орналасады, ал блоктың өзі алгоритмді іздеудің жалпы орындау ролін сызып, сонда «балқып» кетеді;

б) блоктардың мазмұны алгоритмге құрылмайды, ал оның сәйкестендірілген орындарында жіберілетін жеке блоктарға орналасқан жолдамалар орналасады; соңғы алгоритм болып негізгі алгоритм бағамы мен оның жеке блоктары саналады.

6. Тармақталу принципі. Алгоритмдерді көрсету үшін қолданылатын тілдердің алгоритмдік толықтылығын қажет етуі логикалық жағдайларды алгоритмдік суреттеуде құрастыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірегейлігін қамтамасыз ету керек, яғни берілген бастапқы шарттарға байланысты шешім қабылдауын керек ететін жағдайлар. Мұндай алгоритмдерді ұйымдастыру, тілдің логикалық әдістерін қолдана білу шеберлігін қажет етеді. Мұнда алгоритмдік сауаттылықтың нақты компоненттері болып:

а) суреттеу мәліметтердің шығу мәліметтер вариантарының барлық мүмкіндіктері қарастырылады және әрбір комбинация үшін нәтижелі болуы керек;

б) шығу мәліметтерінің нақты мағынасы үшін алгоритмдердің орындалуы нақты шарттармен анықталатын мүмкін жолдардың ішінен әрқашанда біреуін ғана өтеді.

7. Циклдеу принципі. Көп жағдайда алгоритмдік суреттеудің эффектілігі енгізілген шамалардың әр түрлі мағынасында суреттеудің қайталанатын фрагменттерін қайталап өтуде тілдің логикалық әдістерін қолданумен ұйымдастырылуы мүмкін, бірақ тіл циклдік алгоритмдерді ұйымдастырудың нақты әдістерін де қамтамасыз ете алады (мысалы, тілдің жоғары деңгейлі циклдің операторлары). Осы және басқа да жағдайда алгоритмдік мәдениеттің нақты компоненті болып циклдік процестің функционалданған жалпы схемасын түсіну табылады және алгоритмді айрықша көрсету қабілеті маңызды болып табылады.

8. Алгоритмді орындау. Алгоритмдік мәдениеттің маңызды компоненті алгоритмдеу процесінде қабылдау қабілеті мен жоспарланған шешімдерден алынған алгоритмдерді суреттеу фрагементтерін орындау болып табылады. Алгоритмдеудің бұл компоненті алгоритм авторын әрдайым қатал орындаушыға айналуды қажет етеді және алгоритмдік суреттеуді құру процесінде дұрыс бақылау мен алгоритмді толықтыру әдісі ретінде жалғыз жұмыс істейтін процесс болып табылады.

9. Мәліметтерді ұйымдастыру. Алгоритм үшін берілген материал өңдеуді қажет ететін ақпарат немесе берілген материал болып табылады. Алгоритм құрастырушы өңдеуді қандай

ретпен өндіру керектігін ғана ойламай, алгоритмнің жұмысының бір айналмалы мен соңғы шешімін тіркестіріп отыру керек.

Осымен алгоритмдік мәдениеттің компоненттерін атап шықтық. Бірақ алгоритмдік мәдениетті құрастыратын компоненттер ерекшелігі оқушының ЭЕММен қарым-қатынасына пар ориентациясы бар, ал бағдарламалауға қарағанда кең мағына алады. Басқа сөзбен айтқанда, оқушының алгоримтдік мәдениеті жалпы бағдарламалауға дейінгі көрінісі, қабілеті мен әдістері ретінде тек қана «оқушы - компьютер» жүйесінде жұмыс істеу үшін ғана емес, сонымен қатар «оқушы - мұғалім», «оқушы - оқушы» және тағы басқа формальды емес машинасыз жүйе оқушы мәдениетінің бастапқы деңгейін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115.

2. Б.Баймұханов, З.Бекбаева. «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру». Алматы - 2006ж.

3. М.Ғалымжанова. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. Информатика негіздері - №3, 2006 ж.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Әжмәмбет Ә.Е.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Дүрім Аружан – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Методическая система применения игровых технологий на уроках математики в начальных классах*

Ключевые слова: *игровые технологии, начальный класс, метод игры, технология обучения.*

ABSTRACT:*Methodological system of using Game Technology in primary school mathematics lessons*

Keywords: *game technology, elementary class, method of play, technology of learning.*

Математика пәні бойынша ең бастысы - оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру деп ойлаймын. Сондықтан да санмен және сәйкес цифрлармен таныстыра отырып, сол санның құрамын жаттату ауызша есептеуге көп септігін тигізеді. Бұл кезеңде сан сызғышпен жұмыс көп көмегін тигізеді. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғаның дамуын қалыптастыруға болады. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі.

Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «Ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек қана оқушының орындай алатын іс-әрекетімен шектелу жеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары және оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері

баянды болып жаңа білім игеріледі. Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптары оқушылары ой-өрісін дамытатын «Құлпынай теріп алайық», «Араларға бал жинауға көмектес», «Қалқанқұлаққа көмектес», Сақина тастау ойындары. Мысалы, Сақина тастау ойынының дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды қосу және азайтуға берілген мысалды тақтаға шығарып, сақинаны өзі қалаған оқушыға салады. Ойын осылайша жылдам түрде жалғасады.

Білім сапасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез құлқына ықпал жасайды. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар Сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады,әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтың түрлері өте көп. Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала ойын талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетуі ықтымал. Ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Кіші мектеп жасындағы балалардың көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданылатынын байқау қиын емес. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. «Көрші-көрші»ойынының мақсаты 10 көлеміндегі сандардың ретін меңгеру яғни, мұғалім бір санды атайды, «Жеті» дейді, жеті саны тағылған бала ілгері шығып, балалардың алдына тұрады. Сонан соң, мұғалім бұл санның көршілері қатарына тұрыңдар дейді. 6,7,8 Сандарын құрады. Одан соң 6 және 7 сандары салыстырылады. 6-ның 7-ден біреуі кем, 6-ға 1-ді қоссақ 7 болады. 6 саны 6 бірліктен тұрады. «Шырша құру» ойыны арқылы да сан құрамын оқушыларға жаттатуға болады. Шыршаның сол жағына сандарды өсу ретімен, ал оң жағына кему ретімен жаз дей отырып, сол санның құрамын шығаруға болады.

8
0 8
1 7
2 6
3 5
4 4

Ауызша есептеуге төселдіру үшін сандар құрамы кестесін жаттап алуға тапсырмалар беремін:

«Сан құрамын» толық меңгергеннен соң тексеру, бекіту мақсатында «Сан үйшіктер» ойынын ұсынамын.Оқушылар бос терезеге тиісті санды жазып толтырады. Бұл тапсырманы әр оқушыға жеке-жеке берген тиімді.

Сан құрамын толық меңгергеннен кейін, «Математикалық жаттықтырғыштар» тапсырмаларын беруге болады. Меңгерген білімдеріне сүйене отырып, өрнектердің мәнін тез табады.

Сан құрамын толық меңгерген оқушы әр өрнек мәнін табуға 1-2 секунд қана уақыт жұмсайды. Ал 1 минутта 25-30 өрнектің мәнін таба алатыны сөзсіз. Кейбір үздік оқушылар 1 минутта 40-50 өрнектің мәнін таба алады.

А Б В Г Д
3+6 7-4 20+50 70-30 90-60
5+3 6-3 10+80 90-20 6-2
4+6 8-2 30+60 60-20 100-20
2+7 6-6 20+40 80-30 8-8
0+5 10-8 40+60 100-0 70-70
9+1 6-2 30+40 90-50 9-5

Сондай-ақ Лысенкованың жүргізе отырып жаздыру әдісін қазақ тілі мен математика сабақтарында қолданамын. Бұл әдіс оқушылардың дауыс ырғағын түзеп, анық айтуға үйретеді.

Математикада оқушылардың логикалық және математикалық ойлауын, есте сақтауын, зейінін, дамыту мақсатында төмендегідей тапсырмалар беремін:

1 1 1 1 1=1 2 2 2=6

1 1 1 1 1=8 2 2 2 2 2=8

1 1 1 1 1=3 2 2 2=2

2 2 2 2 2=6 2 2 2 2 2=2

Мұндай тапсырмаларды дарынды оқушылармен жұмыстарда жиі қолданамын.

Математикалық телефон ойыны. Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефоны, картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.

Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып, екі оқушы дара, немесе бір оқушымен класс болып ойнайды. Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендері сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп, жауабын алады.

Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады. Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса орнына отырады да, ойынды басқа бала жалғастырады. Осылайша тездете отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады. Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

«Қарлы кесек» іскерлік ойыны

«Қарлы кесек»ойынын өз бетімен оқу материалдарында қолдануға болады (егер бір тақырыпқа енген бөлім өз бетімен жұмыс жасау туралы болса). Алынған ақпаратты бекіту кезінде (практикалық жұмыстардын орындалуы), жобаларды дайындау кезінде және т.б[6]

Рөлдік ойын «Аквариум техникасы»

Сынып 4-5 топқа бөлінеді де шеңбер немесе квадрат бойынша орналасады. Мұғалім жалпы бір мәселені ұсынады, оны әр топ талқылайды. Әр топ өзара пікірлескеннен кейін, сыныптың ортасында әрбір команда уәкілдері жиналып өз топтарының пікірін айтып және қорғап, сұрақтарға жауап береді.

Топ мүшелері өздерінің уәкілдеріне хаттың көмегімен нұсқау берулеріне болады. Өте қиын жағдайда уәкіл тайм-аут (қорытынды бағалау кезінде олардың бағасы айып бағасымен есептеледі) ала алады, сосын өзінің тобына келіп кеңесуіне болады, бұған мұғалімдерді, басқа сынып оқушыларын немесе алдын ала осы сыныптан сарапшы топ құрып (әр топтан бір-бірден) қатыстыруға болады.

Ақын Абай Құнанбаев:

«Ойын ойнамай, Өсер бала болар ма?» - демекші жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны тануы, еңбекке қатынасы, психикалық ерекшелігі ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Ойын ойнау барысында қалыптасатын мінез-құлықтар: зейін қою, ойлану, жауап беру, жауапкершілікті сезіну, шеберлікті меңгеру, қиындықты жеңу, төзімділік, еңбек ету, білім алу, талдау, түрлендіру, есте сақтау. Ойын ойнаудағы алғашқы психикалық қажеттілік. Ойынның бала ұғымына, жас ерекшелігіне сәйкес түсініктілігі. Ойын құраушыларының білім жүйесіне сай, сәйкестілігі және тәлім-тәрбиелік, дамытушылық әрекеттерінің мәні зор. Қандай да болсын ойын түрі баланың пәнге деген қызығушылық қыбілетін оятатындай деңгейде болуы тиіс.

Грамматикалық ойындар – оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілі дамытуларына мол мүмкіндік береді. Синтаксистік, морфологиялық талдаулар процесі үздіксіз дамып отырады. Сонымен қатар фонетикалық заңдылықтарды да еркін меңгере алады.

Олардың қатарына:

1) Әріптік, буындық кеспелер;

2) Диктант түрлері;

3) Жаттығу жұмыстары;

4) Шығарма, мазмұндамалар; 5) Әңгіме, мәтін құрастыру;

6) Сөздіктер т.б. Психологиялық ойындар – көбіне таныс емес тақырып кездескенде сұрақ қою арқылы ойналады. Ол оқушылардың ой-пікірлерін бөлісуге, маңызды мәселелерді, толғандырып жүрген проблемаларды шешуге, материалдарды қалай түсінгендерін ашық айта білуге септігіни тигізеді. Олардың қатарына:

1) Психологиялық сынау, сауалнамалар;

2) Сурет салу, құрастырулар;

3) Пікірталастар;

4) Сұрақ-жауаптар;

5) Сөздіктер (диалог, монолог).

Мектеп табалдырығын аттап, ең алғаш партаға отырған оқушыларға қалам мен қағаз беріп, «Қолыма тұңғыш қалам ап» тақырыбында сынақ ойынын жүргізуге болады. Ойын аяқталған соң оқушылардың барлығына психологиялық мінездеме жазылып, зерттеу жұмысын жасауға болады. Тірек-сызбалы ойындар – бұл ойындар атынан көрініп тұрғандай көбіне сызу, суреттеу, жобалау, эскиздеу болып табылады. Ойын грамматикалық ойынмен тығыз байланысты: олардың қатарына:

1) ойық жазбалар;

2) суретті жұмбақтар;

3) сөзжұмбақ, аннаграммалар;

4) құрыштар;

5) суретпен бейнелеулер т.б.

Логикалық ойындар – оқушылардың ой-өрісін, тіл, сөз байлығын,кеңейтеді. Ойын ойланғыштыққа, ізденімпаздыққа, жауапкершілікке итермелейді. Ойын ойлау шеңбері арқылы жүзеге асады. Сондықтан көбіне сұрақ-тапсырмалар арқылы беріледі. Олардың қатарына:

1)жұмбақтар;

2) логикалық сұрақ-тапсырмалар;

3) лездік тапсырмалар;

4) әрі қарай жалғастырулар бар т.б.

Техникалық құралдар ойындары – өазіргі заман талабына сай қағидаларды негізге ала отырып ойналатын ойындардың түрі. Бұл ойындарды ойнау барысы қоғамда, тұрмыста, үйде, болашақта көп көмегімен тигізетіндігі дәлелденген. Оларға:

1) лингофон құрылғылары;

2) компьютер;

3) «Сега», «Денди»;

4) тир, автоматтар;

5) кодоскоп, диапроекторлар;

6) магнитофон, музыкалық орталық;

7) караоке, ямаха т.б.

Дене -еңбек ойындары – бұл ойындардың көбі күш жұмсап, тер төгіп еңбек ету нәтижесінде жүзеге асады. Ол дене шынықтыру пәнімен тығыз байланыса отырып, мұғалім шеберлігімен жүзеге асады. Олардың қатарына:

1) сергіту сәттері;

2) тыныс алу жаттығулары;

3) спорттық ойындар;

4) ұлттық ойындар т.б.

Ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін

айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Әдебиеттер:

1. Қожабаев Қ. Математиканы оқыту әдістері. –Алматы.: Санат, 1998.
2. Алдаммуратова Т.А Байшоланов Е.С, Математика Алматы «Атамұра»2010.
3. Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламалары. Математика 1-4 сынып. Астана, 2016 ж.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ «МАТЕМАТИКА» САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Жапбарова Г.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Елемесова Мақпал – ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Эффективные пути активизации учащихся на уроках «Математики» в начальной школе*

Ключевые слова: *математика, начальный класс, активность, познание, самостоятельная работа.*

ABSTRACT:*Effective ways to activate students in the "Mathematics" lesson in elementary school*

Keywords: *mathematics, elementary school, activity, cognition, independent work.*

Қазіргі мектеп ғылым жетістіктері мен адам қызметінің әртүрлі салаларының сұраныстарына сәйкес ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сай бола отырып, мектеп бітіруші түлектің алдағы өміріне қажетті білімінің берік іргетасын қалауы керек. Сондықтан, білімдер мен икемділіктер білім жүйесін құруға арналуы тиіс. Жалпы, білім жүйесінде ақпараттық технологиялардың тереңдеп енуі оны оқыту әдістемесін ғана емес, мазмұнын да өзгерте бастады. Математика саласында математикалық әдістер мен математикалық ойлау ғана емес, жалпы ғылыми дүниетанымын да жаңаруда. Мектепте математикалық білім беру мазмұнын жаңарту мен оны оқыту әдістемесін жетілдіруден бұрын математикалық білім беру сапасын жолға қоюымыз қажет.

Оқу –танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістері. М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін іріктеген. Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оны тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл — ақпараттарды, фактілерді ұсынумен шектелсе, (мысалы: мұғалім оқушыларға ережелерді жаттауды ұсынады, бірақ ереженің мәнін түсіндірмей, оны жаттау тәсілін айтады), онда оқыту әдісі ақпараттық- хабарлау, немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды. Осыған сәйкес бірінші жағдайда оқушылар

заттарды бақылап, фактілерді есінде сақтайды, мұғалімнің түсіндіргенін тындайды және ой елегінен өткізеді, ақпараттық сұрақтарға жауап іздейді.

Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады.

Химиялық, физикалық, математикалық есептерді шығарғанда теоремаларды оқығанда, табиғат және қоғам құбылыстарының түбірлі себептерін және салдарын ашу кезінде түсіндіру әдісі жиі қолданылады.

Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және аңық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;
- салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану;
- жүйелілік.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері өскенде бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу — дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды.

Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе, немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекеттің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі — көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырранда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі.

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынуда. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді.

Оқытудың көрнекілік әдісінің шарттарды:

- көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабаөтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;

- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
- көрнекі құрал мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға оқушыларды қатыстыру.

Оқытудың тәжірибелік әдістері арқылы оқушылар тәжірибелік қызметпен айналысып, тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибелік әдістер: жаттығулар, зертханалық және практикалық жұмыстар.

Жаттығу көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекет меңгеріледі. Ол барлық пәндерді оқуда, оқу процесінің түрлі кезеңдерінде қолданылады. Оның сипатыжәне әдістемесі оқу пәнінің ерекшелігіне, нақты оқу материалына, оқушылардың жасына байланысты. Жаттығу сипатына қарай ауызша, жазбаша, графикалық және оқу-еңбек деп бөлінеді.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу деңгейіне қарай жаттығулар бірнеше түрге бөлінеді:

- белгілі білімдерді еске түсіріп, оны бекіту мақсатындағы жаттығулар;
- білімді жаңа жағдайда қолданып жаттығу.

Егер оқушы іс-қимылдарды ауызша айтса, онда оны түсіндіру арқылы жаттығу деп атайды. Мұғалім оқушы іс-әрекетінен қателіктер тауып, оқушылардың іс-әрекетіне түзетулер енгізеді.

Жаттығулардың ерекшеліктері:

Ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді оқушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.

Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану іскерлігін жасауда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін, өздікті дамытуға көмектеседі. Әрбір оқу пәнінің міндетті бөлігі — ана тілінен шет тіліне аудару, берілген тақырыпқа шығарма жазу, суретпен жұмыс, өз бетімен мысалдар және есептер, кесте құрастыру, диаграмма әзірлеу. Жаттығуды орындау алдында оқушыларға теориялық материал түсіндіріліп, нұсқау беріледі.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталатады. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады.

Оқушыларға алгоритм беріледі. Алгоритм — оқушыға зат не құбылысты толық білуге көмектесетін бағыт беретін іс-әрекеттердің жүйесі. Оқушыларға конспектілеудің, салыстырудың, есеп шығарудың алгоритмдері беріледі. Алгоритмдер бірнеше операциялары бар дағдыларды қалыптастыруға пайдалы, себебі күрделі іс-әрекеттен оның жеке операциялары бөлінеді. Себебі репродуктивтік әдісті қолданғанда оқушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді.

Мәселелік әдісті қолданғанда оқушылар орындайтын іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке көшеді. Бастауыш мектептің оқушылары мәселелік міндеттерді өз бетімен шеше алмайды, сондықтан мұғалім оларға мәселені шешу жолдарын көрсетеді, мәселені толықтай өзі шешеді. Оқушылар мәселені шешпесе де, танымдық қиындықтарды шешу жолдарын көреді. Мәселелік әдістің орта және жоғары сыныптарда пайдасы көп. Қиын жағдаят мәселені шешуге керекті білімдерді, ақыл-ой жұмысына қабілетті, үлкен белсенділікті талап етеді. Оны оқушылар өз беттерімен немесе мұғалім көмегімен шешеді.

Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс. Оқушыға мәселені өз бетімен шешуге үйрету үшін, оған шағын зерттеу жұмыстарын беру керек. Мұғалім картиналар, құжаттар көрсетіп, оларға сұрақ қоюды ұсынады, фактілерден қорытынды шығартады, ұсыныстар айтқызады. Эвристикалық әдіс арқылы сабақ өткізетін мұғалім алдын ала мәселені шешуге алып келетін, оқушылардың білімдерін еске түсіртетін сұрақтар әзірлейді.

Ынталандыру әдісі

Қызығушылықтың үш түрі:

- іс-әрекетке деген оң көзқарастың болуы;
- танымның баланы жақсы сезімге бөлеуі;
- іс-әрекеттің баланы ынталандыруы.

Оқыту процесінде баланың оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын туғызу керек.

Жауапкершілікті қалыптастыру әдістері.

Тәсілдері:

- оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру;
- талап қою;
- талаптарды орындауға үйрету;
- өз міндеттерін жақсы атқаратындарды мадақтау;
- керек жағдайда жазалау әдісін қолдану;
- оқушыға кемшіліктерін айтып, оларды түзетуге көмектесу. Оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру үшін мұғалім өндірістің дамуына ғылымның қалай әсер еткенін айтып, білімділік еңбек өнімділігін арттырып, жаңашылдыққа әкелетінін дәлелдейді.

Оқушыға оқудың пайдасын түсіндіру. Жаратылыс-математика бағытын таңдаған балаларға қоғамдық ғылымдардың, қоғамдық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқитын оқушыларға жаратылыс-математика бағытындағы пәндердің пайдасын түсіндіру үшін өндіріске экскурсияға, мәдени орталықтарға, кітапханаларға экскурсияға апарудың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің дарынды балаларға жасап отырған қамқорлығын, түрлі олимпиадаларға қатысудың, мамандығын растайтын құжаттардың тіршілік үшін маңызын түсіндірудің пайдасы зор.

Оқуға байланысты талаптар қою әдісі арқылы оқушыларға барлық пәндер бойынша бағалау өлшемдері, мектептің ішкі төртібі, оқушылардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Оқушыларды оқу жұмысының алуан түрін орындауға үйрету, жаттықтыру борыш пен жауапкершілікті қалыптастырады. Үлгілі оқушылар мен мұғалімдердің де бала оқуына ықпалы зор.

Оқудағы мадақтау және жазалау әдістері.

Мадақтау түрлері:

- баға қою;
- тапсырмалар арқылы оқушыны табысқа жеткізу;
- оқушыны тәжірибе және зертханалық жұмыстарды жүргізуге көмекші етіп алу;
- топтық тәжірибелік жұмыс кезінде оқушыға бөлімшелерді басқарту;
- үлгерім және сабаққа қатынас көрсеткіштерін шығару;
- білімнің қоғамдық байқауының қорытындылары бойынша мадақтау;
- жақсы оқитын оқушылардың үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуі, т.б.

Жазалау түрлері:

- сабақта оқушыға ауызша ескерту жасау;
- күнделікке, дәптерге «қанаттанғысыз» баға қою;
- қателерін айтып, қосымша жұмыс істеуді талап ету.

Ойын — оқыту әдісі

Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын — қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін демалу теориясын, Г.Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К.Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді (Д.Б.Эльконин), болмысты тануға көмектеседі.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануымыз қажет.Оларды дұрыс таңдап, жүйелі түрде қолану керек. Әдіс-тәсілдердің тиімділігінің арқасында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейлері жоғарылайды.оқушылар олимпиадаларда жүлделі орындарға ие бола алады. XXI ғасырдың көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. XXI ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Қазіргі таңда оқу үрдісінде математиканы оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1.Әлімов А.Қ., Қосанов Б.М.,Базарбекова Р.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдеріне: Интербелсенді әдістеме – Алматы 2010ж.

2.М.Жұмабаев. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.

3.Парамонова Л.А., Протасова Е.Ю. Дошкольное и начальное образование за рубежом: история и современность. - Москва, Издательский центр "Академия", 2001.

ӘӨЖ 372.8

ОҚУШЫЛАРДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Әжмәмбет Ә.Е.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Жамалбекова Гулзина – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ:Пути развития навыков здорового образа жизни младших школьников
Ключевые слова: *здоровый образ жизни, начальный класс, инновационные технологии, формирование здоровья.*
ABSTRACT:Ways to develop healthy lifestyle skills of younger schoolchildren
Keywords: *healthy lifestyle, primary school, innovative technologies, health formation.*

Еліміз тәуелсіздік тізгінін қолына алып, іргесін бекіткен сәттен-ақ Қазақстан халқының сәулетті өмір сүріп, салауатты тұрмыс кешуін қамтамасыз етуге жан-жақты қамқорлық әрекетін жасауда.

Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік тізгіні жас ұрпақтарда, ал дені сау жастарды тәрбиелеу негізі мектеп қабырғасынан басталады. Қай заманда болсын есті де еңбек сүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың асыл парызы саналған. Соңғы жылдары нарық қыспағына түскен жастар рухани да, мәдени де, спорт жағынан да құлдырап кетті. Бұл, әрине, өсер ұрпаққа теріс әсерін тигізуде. Қазіргі кездегі дертке айналып бара жатқан нашақорлық, ішімдік ішу, темекі тарту тағы да толып жатқан теріс қылықтар тым күрделеніп кетті. Әлі де өмір жолына түспеген ұрпақты сақтандыру үшін, бос уақыттарын мәнді де мәнерлі өткізуіне көңіл бөлу керек. Осыдан шығар бірден-бір жол – спорт пен өнерге балаларды тарту.

Мектептегі тәрбие Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының 12 бағыты бойынша жүргізіледі. Осы 12 бағыттың 9- бағыты *Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтының денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру болып табылады.* Мен өзімнің шығармашылық тақырыбым ретінде «Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбын алдым.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру балалар мен жастарда өз денсаулығына жауапкершілік қатынас орнату дағдысына негізделген, дұрыс дене дамуы мен ағзаның жұмыс қабілетін арттыруға, қозғалыс білік-дағдыларын физикалық жетілдіруіне ықпал етеді, қоғамдық пайдалы еңбекке, өмірге, Отан қорғауға жақсы даярлықты қамтамасыз етеді, тиімді кәсіби қызмет үшін функционалдық, әлеуметтік бейімделу және психикалық орнықтылықты қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттердің қалыптасуын іске асырады, салауатты өмір салты, ағза ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастырады, дене тәрбиесі және спортқа баулу негізінде қайраттылық және салауатты өмір салтын дамытуды қалыптастырады.

Олар келесі мақсаттарда көзделеді:

- жастар арасында салауатты өмір салты құндылықтарын, рухани және шығармашылық мүдделер басымдықтарын белсенді таратуға көмектесетін балалар мен жастардың ынталы бірлестіктерін, қоғамдық жастар ұйымдарын құру;
- жастар арасында алкоголизм, нашақорлық, токсикоманияның алдын алу және салауатты өмір салтын тәрбиелеу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- балалар мен жастарды әлеуметтік-психологиялық сауықтыру бағдарламаларын жасау;
- балалар мен жастардың, ата-аналардың бос уақытын ұйымдастыру үшін тұрғылықты мекен жайы бойынша салауатты өмір салты жексенбілік орталықтарын құру;
- сауықтыру лагерлері мен балаларды еңбекпен уақытша қамтуда тәрбие жұмысын зерттеу бойынша мониторинг және бағалау жүргізу;
- жастар арасында спорт түрлерін дәріптеу үшін спорттық-техникалық клубтар желісін ұлғайту.

Бүгінде мектеп дене тәрбиесі мамандары мен медицина қызметкерлері және мектеп әкімшілігі алдында тұрған көптеген мәселелердің ішінде оқушылардың өз денсаулығын сақтауға деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру проблемасы айқын көрінуде. Өз денсаулығына деген ынталы қатынасты қалыптастыру ең бірінші «денсаулық құндылықтары» феноменінің мәнін ашуға келіп тіреледі, себебі бұл өзінің мазмұны мен пайда болу жағынан көп қырлы күрделі ұғым болып табылады. Денсаулық құндылықтарының мазмұны деп біз мына компоненттердің кешенін айтамыз: *(дене шынықтыру, интеллектуалдық, сезімдік, әлеуметтік, тұлғалық, рухани).* Бұлар оқушылардың салауатты өмір сүруге деген қажеттілігі мен ынтасын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қазірден бастап салауатты өмір салты нені қамтитынын білу үшін, оның негізгі талаптарын қысқаша қарап өтеміз:

- *Дене жүктемелері, денешынықтыру және спорт.* Бұл бұлшық ет күшін көбейтудің құралы ғана емес. Қозғалыс адам өмірінде маңызды орын алады. Дұрыс зат алмасу, дұрыс және үйлесімді өсу,ептілік, шыдамдылық, тіпті ақыл ойдың дамуы осыған байланысты.
- *Шынықтыру*. Бұл көптеген аурулардан сақтаудың ең жақсы құралы және шыныққан ағза тұрақты және микроб, вирустармен жақсы күреседі.
- *Жеке бас гигиенасы.* Тазалық және мұнтаздылық – адам үшін өте маңызды. Бұл өзіңді қоғам алдында көрсету мүмкіндігі мен аурудың алдын алу құралы: салақ адам ешқашан басқа адамдардың көңілін тартпайды.
- *Жұқпалы аурулардың алдын алу.* Мұнда жеке бас гигиенасы да, шынығу да маңызды. Сонымен бірге әртүрлі ауруларға қарсы уақтылы егу шараларын жүргізу.
- *Зиянды әдеттердің алдын алу.* Оларға шылым тарту, алкагольді және есірткілерді пайдалану және дәрігердің кеңесінсіз түрлі дәрілерді қолдану жолдары жатады. Осы зиянды әрекеттердің кез келгені денсаулықты төмендетіп, өмірді қысқартады.

Салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда төмендегідей факторлардың маңызы зор.

1. Айқын жасалған күн тәртібінің болуы.

2. Дұрыс тамақтану.

3. Дұрыс тынығу.
4. Дене еңбегімен шұғылдануы.
5. Таза ауада болып, күн көзінде серуендеу.
6. П. Ивановтың кеңесі бойынша табиғат аясында болуы.
7. Зиянды әдеттерден сақтану.
8. Дұрыс қозғалыста болуы.

Біз мектебімізде оқушыларға денсаулық туралы үйрете отырып, жоғарыда айтылғандардың барлығын сабақ процесінде қолданамыз.

Осы ұстанымдарды негіздеп жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді.

Біздің балаларымызда не бар? Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, оқу жүктемелерінің үнемі өсуі, ал бұған қарама-қайшы балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы, ал ғаламтор арқылы қарым-қатынас құрбыларымен қалыпты адами қарым-қатынасты айырбастауы. Шылым шегу, сыра ішу, токсикомания және наркомания жаппай сипат алуда. Психобелсенді заттарды пайдалану, оқушылардың әртүрлі секта қызметіне енуі өзекті мәселе болып отыр. Бұл факторлардың барлығы оқушылардың денсаулықтарына әсер етпей қоймайды, көптеген қауіпті ауруды тудырады, соның нәтижесінде оқушылардың білім мекемелерінде оқуына дайындалуына ықпалын тигізеді. Баланың психикасы, ой-өрісі жақсы дамыса да, бірақ суық тиіп жиі ауыратын болса, созылмалы ауруы болса, мектепте оқу оған қиынға түседі. Ал баланың ағзасы экологиялық өзгерістерді өте тез қабылдайды, бұдан тыныс алу жүйесінің аурулары, аллергиялар, иммунитеттің төмендеуі, зат алмасудың бұзылуы туындайды. Біздің заманауи мектептің өз міндеттері бар, оларды орындай отырып, денсаулық сақтау және нығайту жөнінде ұмытпаған дұрыс. Әр педагог қызметкер бала денсаулығына зиянды әсерін тигізетін мектеп және оқушы өміріндегі факторларды ғана нақты ұстанып қоймай, оқушы үшін жағдаяттың сәтті болу жолын қарастырып, өзгертіп отыруы керек.

Педагогикалық факторлардың ішінде анағұрлым маңызды болып табылатыны педагогикалық әсердің күйзелісті әдісі. Қазіргі заманның баласы үнемі дерлік келесі себептерге байланысты күйзелісті сезінеді: сабақ үстінде және сабақтан тыс уақыттың шектелуі, жауаптарына, мінез-құлықтарына және т.б. мұғалімдердің қанағаттанбауы, ата-аналарының білім сапасына, баланың сабақ оқу қарқынына және т.б. көңілі толмауы. Қайда барса да естітіні айқай, ескерту, мін тағу, психологиялық қысым. Бұл қалыпты жағдай болды, ал ересек адамдар бұдан да маңызды нәрселерге назар аудармайды. Ал үнемі ұрсып жазғыра ма деген қорқыныш, қобалжу, орынсыздығын айыптау – күйзеліс көзі болып табылады. Мұғалімі салмақты, мейірімді, өзара түсіністік ахуалы орнаған класқа қарағанда, педагогы қатаң, мейірімсіз болған кластарда балалардың ауруы 3 есеге жоғары, невроздық аурулар 1,5-2 есеге көп.

Бастауыш сыныптың оқушылары мектеп тәртібі талап ететіндей ұзақ уақыт партада қозғалмай отыра алмайды. Арқа мен мойын еттері шаршайды. Олардың ағзалары бұл жаста қозғалысты қажет етеді. Бұл қажеттілікті ұзақ уақыт шектеу орталық жүйке жүйесінің шаршауына алып келеді. Мұндай дерттің емі – спорт. Дене тәрбиесі мен тұрақты шұғылданған адамның өмір жасы ұзақ болып, денсаулығы жақсы болатыны насихаттай отырып, мектеп оқушыларының арасында түрлі қимылды жаттығулардың түрлерін күнделікті таңертең сағат 8:15 1-ші сабақтың алдында өткізіледі. Спорттық іс-шараларына мектепте көп назар аударылады. Әр тоқсанның демалыс күндерінде Денсаулық күндерін

өткізудеміз. Мектеп спорттық секциялары спорттың бір түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін арнайы құрылады. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызы оқушылар дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы дұрыс өткізуге, іріктеп алынған жаттығулар түрімен айналысуда балалардың жеке қызығушылығын арттыруға жәрдемдеседі, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытады. Бізде тілек білдірушілердің санына және мектеп жағдайына байланысты волейбол, баскетбол, футбол, тоғыз құмалақ, шахмат, үстел теннисі ойнатылады.

Соңғы жылдары мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлығы туралы көп айтылып келеді. Бұл жерде тек мектеп кінәлі емес. Баланың денсаулығын сақтау мен нығайту, ең алдымен, ата-ананың басты міндеті. Денсаулықты жоғалту оңай, ал оны қалпына келтіруге кей жағдайда бір ғұмыр де жеткіліксіз. Кейде мектеп оқытушыларының бар күш-қимылы жеткіліксіз болады, өйткені баланың мектепке дейінгі өмірі тұтастай текке кеткен, орнын толтыру мүмкін емес болып жатады. Бұл мәселенің шешімін ата-аналарға, дәрігерлерге жаба салуға да болар, әйтсе де бала денсаулығы күн өткен сайын нашарлап, кемістері беки беретінін де ұмытпалық. Баланың негізгі уақыты мектепте өтетіндіктен оның денсаулығына жауапкершілік те негізінен оқытушының мойнында. Өйткені бала денсаулығы сыныптағы оқыту процесінің қалай ұйымдастырылғанына да байланысты.

Мектеп қабырғасындағы оқушыларды салауатты өмір салтына пәнаралық байланыс арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы: Пәнаралық байланысты мынадай үш жүйе арқылы құрастыруға болады.

- *Денсаулықты сақтау;*
- *Денсаулықты қалыптастыру;*
- *Жеке тұлғаны қалыптастыру.*

Денсаулықты сақтау – денсаулық, сымбаттылық және сергектік-адам баласының ежелгі заманнан бергі арманы. Адам әр уақытта ұзақ өмір сүргісі, бақытты болғысы және жастыққа тән күш-қуатын сақтағысы келеді. Бұл жүйе жаратылыстану пәні арқылы жүзеге асады.

Денсаулықты қалыптастыру жүйесіне дене шынықтыру пәні жатады. Дене тәрбиесі сабағының міндеті – оқушылардың денсаулығын нығайту, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап спорт түрлерімен шұғылдану.

Жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесіне гуманитарлық сабақтар жатады. Бұл-баланың рухани ой-өрісін, қасиетін жан-жақты дамытуға бағытталған.

Денсаулығы жақсы бала оқыту процесінің барлық түрлеріне қуана араласады, әрдайым жайдары, өмірсүйгіш қалпынан таңбай, құрбыларымен де еркін араласып, ұстаздарына да жылы қабақ танытады. Бұл тұлғаның барлық қырының танылуының негізгі шарты. Демек, баланың бойында денсаулық мәдениетінің қалыптасуына басты мән беру керек. Бала кезінен денсаулықтың заңдылықтары мен қарапайым қағидаларын бойына сіңіріп өскен бала өскенде де осы бағыттағы ізденісін жалғастыратына сөзсіз. Оларды денсаулыққа деген жауапкершілік көзқарасты, дене мәдениетін қалыптастыру, әр сабақта осы жайларды еске салып отыру, оқытушының бағытталған жұмысы – балада өзге адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыру, өз бетімен, өздігінен өмірлік процестерге жауап таба білу сияқты қасиеттерді қалыптастырады.Бала қоғамның ең жоғарғы құндылығы, одан жоғары тұрған ештеңе болмауы керек. Бала денсаулығын сақтау мектебіміздің негізгі принципі - әр баланың бойындағы өмір резервін, өмірге құштарлық пен бейімділікті бірте-бірте, өте сақтықпен оята білу. Ол құштарлық пен бейімділік, өмір резерві бала бойында дайын күйінде тұрған жоқ. Олар жаңа өсіп келе жатқан көшет тәріздес, тәрбие мен оқыту барысында пайда болады, қалыптасады, дамиды. Бала бойында рухани беріктікті нығайту үшін балаға сенімділікті, өзін бағалауды үйрету қажет.

Бұл мақсаттарды іске асыру үшін оқушылар ең бастысы, адам өз денін сауықтырып, денсаулығын қалпына келтіре алады деген қағидаға сену керек. Осыны жүзеге асыра

отырып, әр оқушының денсаулығын қалпына келтіріп, оны жақсарта түсуге арналған бағдарлама жасауға болады.

1. Сабақтан тыс уақытта сауықтыру шараларын жүргізу

2. Күнделікті таңертеңгілік жаттығулар жасауға үйрету.

3.Сыныпта денсаулық сақтау шараларына арналған көрнекі құралдардың, стендтердің болуы. Оны жасауға ата-аналар мен балаларды қатыстыру қажет.

Әр пән мұғалімі өз сабағында осы мәселелерді балаға терең жеткізіп отырса, онда нағыз жан-жақты дамыған болашақ жас ұрпақ тәрбиелеп шығарарымыз сөзсіз. Жас ұрпақтың спортты серік етіп, денсаулықтарын нығайта түсуі – бүгінгі күннің басты талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. — Алматы: Санат, 2000

2.Амосов Н. М. Раздумье о здоровье. — М.: ФиС, 2014

3.Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-2009 ж.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШТА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Жапбарова Г.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Мирзабек Аружан– ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Использование игровых технологий на уроках казахского языка в начальной школе*

Ключевые слова: *игровые технологии, начальный класс, казахский язык, игровое занятие.*

ABSTRACT:*The use of gaming technologies in Kazakh language lessons in primary school*

Keywords: *game technologies, elementary class, Kazakh language, game lesson.*

Еліміздің болашағы – бүгінгі жастар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ елінің болашағы–қазақ тілінде» деп атап көрсетуі, мұғалімдерге, соның ішінде мемлекеттік тіл жанашырлары – қазақ тілінің мұғалімдеріне үлкен міндет жүктеп отыр. Сондықтан оқушыларды тілге үйретуде ойын технологиясының алар орны ерекше.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауындағы міндеттердің бірі – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретудің тиімділігі мен сапасын көтеру. Бұл тұрғыда оқытушы ретінде біздің міндетіміз – тілді тиімді, сапалы, нәтижелі оқыту.

Балалардың логикалық ақыл-ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын дидактикалық ойындар арқылы арттыру барысында ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп отыруға болады. Ойынның әр түріне уақыт саналы түрде бөлінуі қажет.

Ойын дегенміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптасуына үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытты пайдалану

– үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын-тек жас адамның дене күш қуатын молайтып, оны шапшандыққа, дәлдіке т.б ғана тәрбиелеп қоймайды, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниенің қалыптасуына, есейіп есуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады.

Қазіргі жағдайда болашақ ұрпағымызды білімді, мәдениетті, саналы етіп тәрбиелеуде егеменді елімізде қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие болып отыр. Қазақ тілін үйрету барысында оқушыларды қазақ елінің салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыру олардың жан-жақты дамуына, тілге деген көзқарастарын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді.

Қазақ тілі де басқа ұлт өкілдеріне шет тіл болып саналғандықтан, шет тілін, яғни, қазақ тілін оқыту арқылы оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеуге жол ашады. Олар өз ұлтын сүюге, өзге ұлттарды сыйлауға үйренеді. Пән бойынша өзекті тақырыбым «Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын тиімді пайдалану жолдары». Пән бойынша басты мақсатым және міндетім – қазақша сөйлей білуге үйрету, ауызекі сөйлей білу, игерілген білімдерін қолдана білу, белгіленген талаптарды игеру.

Бұл талаптарды орындау үшін әр сабақ қызықты құрылып, сабақтың әр кезеңі әдістемелік талапқа сай жүргізілуі тиіс. Тіл үйрену баланың ойлау қабілетімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың ойлау дағдысын жан-жақты дамытып, кеңейтіп отыру қажет.

Баланың сөздік қорын молайтып, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші рөл атқаратын жұмыстың бірі – сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын рөлі ерекше. Бала ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді жаттайды. Сабақ баланың ақыл-ойына күш түсірмей, ойын түрінде өткізіледі. Балалардың логикалық ақыл-ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын дидактикалық ойындар арқылы арттыру барысында ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп отыруға болады. Ойынның әр түріне уақыт саналы түрде бөлінуі қажет. Бұл – сабақтың тартымды, қызықты болуының шарты, әрі балалар ондай сабақты зейін қоя тез ұғып алады. Ойындар грамматикалық, фонетикалық, лексикалық, орфографиялық болады. Олардың барлығы тілдік дағдының қалыптасуына әсер етеді.

Қай сабақ болмасын, оқушыларды ізденіске шығармашылыққа баулуы керек. Бүгінгі күн талабы да мұғалімдерден осыны талап етуде. Оны жүзеге асырудың бірден - біржолы – сабақ процесінде ойын технологиясын тиімді пайдалану, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың талабын ұштатастырып, ой - өрісін кеңейтуге, іздену қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді. Ойын технологиясын бір жүйеде оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізген дұрыс. «Ойын» технологиясының мақсаты – оқушыларға жаңа білім – білік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, зерттеу жұмыстарына бағыттау.

Қазақ тілі сабақтарында ойын технологиясын жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Себебі ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, қана қоймай ойлау қабілетін арттырады. Сөздік қорларын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды және өтілген тақырыптарды меңгеруге үлкен әсер етеді.

Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу - жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілге деген қызығушылығын қалыптастыру және тілдік қорын дамыту. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын

әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу.

Баланың сөздік қорын молайтып, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі – сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше. Бала ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді жаттайды. Сабақ баланың ақыл – ойына күш түсірмей, ойын түрінде өткізіледі. Балалардың логикалық ақыл – ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын дидактикалық ойындар арқылы арттыру барысында ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп отыруға болады. Ойынның әр түріне уақыт саналы түрде бөлінуі қажет. Бұл – сабақтың тартымды, қызықты болуының шарты, әрі балалар ондай сабақты зейін қоя тез ұғып алады. Ойындар грамматикалық, фонетикалық, лексикалық, орфографиялық болады. Олардың барлығы тілдік дағдының қалыптасуына әсер етеді.

Сабақта грамматикалық ойын түрлерін, дыбыстарды меңгерту мақсатында жиі қолдануға болады. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Қазақ тілінің фонетика саласын оқытқанда әрбір жаңа тақырыпты өткізу барысында тақырыпқа сай әр түрлі әдіс – тәсілдермен шеберлікпен грамматикалық ойындарды ойнатуға болады. Фонетика саласы бойынша жүргізуге болатын ойын түрлері өте көп. Мысалы:

а) «Адасқан әріптер» ойыны

1. р, ш, а (шар)
2. е, т, е, р, к (терек)
3. м, қ, а, л, а (қалам)
4. ө, з, к (көз)
5. м, і, л, і, б (білім)
6. о, қ, л (қол)
7. қ, с, а, б, а (сабақ)

ә) «Кім шапшаң?» ойыны

1. А әрпінен басталатын қала аттарын ойла. /Мысалы: Ақтау, Астанат. б/
2. Б әрпінен басталатын тағам атаулары. /Мысалы: бауырсақ, бөлке, балмұздақ т. б./

б) «Қай әріпті жоғалттым?» ойыны. Ойынның мақсаты: Оқушылар дауысты, дауыссыз, жуан, жіңішке дыбыс түрлерін ажыратуға дағдыланады.

в) «Ойлан тап» ойыны. Ойынның мақсаты: Оқушы буындар арқылы сөзді қатесіз, анық айтуға дағдыланады.

г) «Сөзді тап» ойыны. Ойынның мақсаты, оқушыларға дауыссыз дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру, олардың сабаққа қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Қ Қ
Қ Қ
Қ Қ
Қ Қ
К К
К К
К К

(Жауабы; қызық, қазақ, қалақ, қырық, кесек, кезек,, кебек).

«Буын» тақырыбына мынадай ойын түрін қолдануға болады:

«Ойлан, тап»

1. Бір буынды, тұйық буынға мысал келтір.(ет, жап, шөп, хат);
2. «ла» буынына аяқталатын екі буынды сөз ойла. (айла, ойла);
3. «А» әрпінен басталып, «А» әрпінен аяқталатын бір буынды сөз ойла. (ала, ана);
4. «Т» әрпінен басталып, «Т» әрпінен аяқталатын бір буынды бітеу буынға мысал келтір.(торт, тат, төрт).

Лексика саласы бойынша:

1. «Кім тапқыр?» ойыны ішінде антоним сөздері бар мақал - мәтелдерді тауып жазу.

1. Үйдің.....-..... қыс түскенде білерсің.(ыстық - суығын).

Кімнің..... -..... іс түскенде білерсің. (дос - қасын).

2. Ашу -....., ақыл -.....(дұшпан, дос).

2. «Жұбыңды тап» ойыны (мақал - мәтел тақырыбында қолданылады).

Әртүрлі қағаздарда мақалдар беріледі. Мақалдың сыңарлары екі қағазда болады. Ойыншы сол мақалдарды белгілі уақыт ішінде жұптастыру керек немесе аралас сөздерден мақал құрастыру керек. Дәл сол сияқты тұрақты тіркес пен оның мағынасын жұптастыруға болады. Дәл, нақты, дұрыс жауап берген ойыншы жеңімпаз атанады.

Сонымен қатар, сабақта түрлі кестелерді пайдалануға да болады. Кестелер арқылы «Кім жүйрік?» ойынын жүргізуге болады. Оқушылар септіктер мен танысқан кезде, сұрақтарын, жалғауларын еске сақтап, мысалдар келтіріп қалай меңгергендігін көрсете алады.

«Сөз жарысы» ойынын кез келген тақырыпты өткен кезде, нәтиже сабақта ойнатуға болады. Мысалы, «Азық түлік» тақырыбын өткен кезде үш оқушы тақтаға шығып сөздер жазады. Бір оқушы сүт тағамдарын жазады, екінші оқушы азық түліктерді жазады, үшінші оқушы ет тағамдарын жазады, кім бірінші болып жазып бітірсе, сол оқушы жеңімпаз болады. Бұл ойын оқушыларға өте ұнайды, оқушылар белсене қатысады.

«Кім тез?» жарыс ойыны. Сыныпты топқа бөліп, жарыстыру. Үй жануарлардың атауларын атап шығу. Әр топтан тез, дұрыс айтқан оқушылардың ұпайын санап, жеңімпаз топты анықтау.

«Телеграф» ойыны. Ойын мақсаты – сөздік қорын молайту, буынға бөлуге үйрету.

Ойынның шарты: Балалар, біз телеграф ойынын ойнаймыз. Менің айтқан сөзімді сендер телеграф арқылы басқа қалаға жеткізесіңдер, ал мен буын санына қарай қол шапалақтаймын.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Жалпы мектепте балалар сабақта аса зор ынтамен ойнайды, олар ешқашан шаршамайды, тіпті уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойын оқушының жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін - бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай - ақ бірқатар психикалық үдерістердің: есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т. б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеу арқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарлайды.

Қорыта келе, ойын оқушының жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін-бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай-ақ бірқатар психикалық үдерістердің есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т.б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеу арқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарылайды.

Әдебиеттер:
1.Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. Алматы, Атамұра, 2001.
2.Г.Л.Досмамбетова. «Қазақ тілі мұғаліміне арналған кітап», «Раритет».А., 2001 ж.
3.Қоянғазина Б. « Сабақта ойын ұйымдастырудың маңызы» / / БМ 2000ж №5.
4.Қазақ тілі оқыту әдістемесі.-Атамұра 2005жыл.

ӘӨЖ 372.8

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯМЕН БІЛІМІН ДАМЫТУ

Ирметов О.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Оразбекова Маржан – ПиК 20к3 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Развитие знаний будущих учителей начальных классов с помощью инновационных технологий*
Ключевые слова: *инновационные технологии, начальный класс, инновация, критическое мышление.*
ABSTRACT:*Development of knowledge of future primary school teachers using innovative technologies*
Keywords: *innovative technologies, elementary class, innovation, critical thinking.*

Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі- білім берудің жүйесінің жасалуы.Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгертулермен тығыз байланысты.Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым- катынас (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу- әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) жаңаша ойлау калыптасуда.

Жастарға білім мен тәрбие берудің негізі болып саналатын жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші кезектегі мәселе болса, бастауыш мектеп - мұның түп қазіргі , бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты және оны мектеп тәжірибесіне енгізуге шешуші орынды мұғалім қызметі алатыны анық.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психалогиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы карым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімінің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Осыған орай, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бөлімдерінде жаңа мазмұн, оны оқыту әдістемесін студенттерге игертудің түрлі жолдарын іздестірілуде.

Ғылыми-педагогикалық әдебиттерді зерттеу мұғалімнің инавациялық іс-әрекетіне байланысты мәселелер жан-жақты қарастырылғанын көруге мүмкіндік тудырып отыр. Жүйелері бағыттылық зертетеулерде инавациялық іс-әрекет креативті парадигманың жеке бас, регулятивтік-коммуникативтік және қорытынды жүйе бөлшегін талдауда анық айқын қарастырылады.

Соңғы он жылдықта «инновация» ұғымы кеңінен таралды. Инновациялық қозғалыстар білім беру жүйесінің жаңартуының маңызды айғағына айналды. Инновациялар бірнеше проблемалар тоғысында пайда болады және ауытқымай, жаңа мәселерді шешеді, білім беру үрдісінің үздіксіз жаңарып тұруына әкеледі.

Педагогикалық инновация- тұтас білім беру жүйесінің оның жеке бөлімдерінің компаненттерінің сипаттамасын жақсартатын және жаңалықтардан тұратын, мақсатты өзгерістер. Бұл- жаңалықты меңгеру үрдісі.

Бүгінгі күндегі инновациялық білім беру-оқу және әлеуметтік- тәрбиелік іс-әрекеттің үрдісі мен нәтижесі, ол жеке адамның және жалпы қоғамның іс-әрекетінің жаңа түрін жоспарлайды және ынталандырады.

«Инновация» термині латынның іппоуагіоп -инновацияларды енгізу дегеннен пайда болған.Инноватика философия, психологоия, әлеуметтану, басқару теориясы, экономика және мәдиниеттану пәндерінің тоғысуында жүргізілген зерттеулердің пәнаралық саласы ретінде қалыптасты. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да педагогикалық инноватиканың дамуы көпшіліктің қоғамдык-педагогикалық козғалыстарымен, мектептерді жылдам дамыту қажеттілікке байланысты қайшылықпен және мұғалімдердің оны іс-жүзіне асыра алмауымен байланысты. Жаңалықтарды қолдаушылардың жалпы сипаттары да өсе бастады. Осыған байланысты жаңа білімге деген, «инновация», «инновациялық үрдіс» деген жаңа ұғымдарды түсініп- білу қажеттілігі ұлғая түсті. «Жаңалықты еңгізу» (инновация) ұғымы жаңалық ретінде де, және осы жаналықты тәжірибеге енгізу үрдісі ретінде анықталады. Бүгінгі кезде инновациялық педагогикалық үрдістер білім берудің дамуын анықтайтын айғағы бола отырып, өзінің нақты теориялық базасы да бар.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекеті құрылымын карастырған кезде, «инновация» және «педагогикалық іс-әрекет» деген негізгі түсініктердің мәнінің мағынасын талдауды колдану керек деген ғалымдардың (В.А.Сластенин мен Л.С.Подымова) ой-пікіріне қосыламыз.Белгілі зерттеушілердің (А.А Бодалев, ф.Н. Гоноболин, В.А. Кан-Калик,С.В. Кондратьева,Н.В Кузин және т.б.) еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы туралы түсінік жан-жақты қарастырылған. Олар мұндай қасиеттерге жатқызатындары: жалпы және кәсіби мәдениет, педагогикалық бағдарлылық, моральдық қасиеттер, дидактикалық қасиеттері. Сөйлеу қабілеттері, ұйымдастырушылық, коммунативтік, педагогикалық елестету. Бұл ғылымдардың еңбектерінде іскерліктің екі үлкен тобы жіктеліп көрсетілген; операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім беру үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі карым-қатнас құруға қажетті әлеуметтің жеке бас және операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі карым-катынас құруға кажетті әлеуметтің және жеке бас іскерліктері жатады.

Инновациалық іс-әрекет сонымен қатар, жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты.

Ал іс-әрекеттің «негізгі құрастырушысы» ретінде Б.Фломов мыналарды бөліп көрсетеді; мотивті, мақсатты, жоспарлауды, күнделікті мағлұматты, өндеуді, оперативті бейнелеуді, шешім қабылдауды, іс- әректтерді, қортындыны тексеру және әрекеттерді түзету.

Біздің ойымызша жалпы іс- әрекеттің осы құралы бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекеттіне тән. Автордың айтуы бойынша, мұғалімнің инновациялық іс-әректінің диагностикасында ескерлетін бірнеше ережелер бар;

1. Өз қызметін және әріптестерінің қызметінің қызметін оның жоғарыда сөз болғандай тиімділігін бірізді талаптар бойынша жан- жақты бағалауға үйрету.

2. Ұжымдық істі ұжымдық талдау жасауға, өз жұмысының өзіндік талдауына үйрету маңызды.

3. Өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшу, өзіне және баскаға талап коя білуге үйрету.

4. Мұғалімдердің инновациялық қызметін бағалау белгілеріне сүйеніп, педагогикалық кызметті сараптау бағалауға тарту.

Осы жұмыстардың барлығында диагностика өзіндік мақсат емес, педагогикалық калыптасудың алғы шарттары мен шығармашылықпен еңбек ететін мұғалімдерді тәрбиелеу тәсілдері. Инновациялық іс-әрекет педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгеретін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен құру үрдісі.

Педагогтың инновациялық іс-әрекеті келесі белгілермен сипатталады:

• өзінің жеке касеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, кабылдау кабілеті;

• жаңа ғылыми идеалар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігінен;

• жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге еңгізумен;

• педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдері өз бетінше жасаумен:

• педагогикалық кертартпалықпен, догмамен, артта қалушылықпен белсенді күрес жүргізумен.

Айтылғандарды есепке алғанда, педагогтың өнімді инновациялық іс-әрекеттінің көрсеткіштері мыналар:

• педагогикалық еңбектің тиімділігі;

• оқу- тәрбие үрдісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағытарының бірлігі;

• жеке тұлғаның шығармашылық тұлғасының калыптасуы;

• мұғалім беделінің өсуі;

• оқушылардың істі талдау әдіс- тәсіліне, диактикалық ойларға үйренуі;

• оқу және үрдісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашулары.

Қазіргі кезде әрбір қоғам мамандарының алдына қойған талаптарына сәйкес «маман моделін» маман профессиограмасын жасау міндеті-жұртшылықтың назарын өзіне аударуда.

Бұл міндетті шешуге байланысты ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар, педагогтар,психологтар, бар (Н. В. Кузьмина, Ф. Н. Гоноболин, В. А. Сластенин, А. И. Щербаков, Н.А. Сорокин). В.А. Сластениннің пікірі бойынша, мұғалім профессиограммасы мыналарды қамтиды:

1) қоғамның саяси сапалары;

2) әлуметтік- психология этикалык- педагогикалық және ұстаздык жеке басының сапалары;

3) психологиялық және педагогикалық даярлық.;

4) мамандық бойынша даярлық;

5) пән бойынша даярлайды.

Бұл сапалар мұғалімдік қызметке қойылатын жалпы талаптардан туады. Инновацияның мазмұндық құрлымына кіретіндер – білім беру – тәрбиелеу үрдісінде, оқу-тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектепттегі оқу- тәрбие үрдісіне енгізу.

Болашақ ұстаздың инновациялық іс-әрекеті төрт түрлі өлшеммен сипатталады:

•инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі:

•оқу үрдісіне жаңалык енгізуде шығармашылық пен қызмет етуге даярлығының болуы;

•енгізілеттін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;

•белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновацилық іс-әрекеттің негізгі міндеттері:

*жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау;

•жаңалықтың жетімсіз жақатарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезеңді толықтыру мақсатын көздеу;

*жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін таңдап алу, мәні мен зерттелуін анықтау;

*жаңалық еңгізілетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау.

Бұл міндетті шешу үшін (зерттеу проблемасы бойынша) мынадай қосымша міндеттер қажет:

*арнайы әдістемелік әдебиеттерді, қосымша газет – журнал материалдарынан, жекелеген әдіскерлер еңбектерінен инновациялық іс-әрекет түрлерімен танысып, оларға талдау жасау, қолдану мүмкіндіктерін айқындау:

*өз іс-әрекетіне үнемі әдістемелік талдау жасап отыру.

1. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары конструктивтік ұйымдастрышылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік.

Бұл функцияларды іске асыруда мұғалім іс- әрекетінің түрлері бөлініп көрсетілген:

•өзін оқушының іс-әрекеті жоспарлауда оны дамыту мен қалыптастыру үрдісінде құрылыдық тұрғыда іске асыру іс- әректінің міндеттерін шешу үшін, мұғалім оқу- тәрбие жұмысының бастауыш білім берудегі білім мазмұны мен кезеңдерінің әдістемесінің бірлігін сақтау;

•оқушы іс–әрекетінің құрлысын жоспарлау және оған педагогикалық жетекшілік жасау;

•негізделген инновациялық іс- әрекетерді таңдау, анықтау;

•ұжымдағы оқушыларды жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды ұйымдастыруы кажет.

Бұл құрылымдылық тұрғыны іске асыруда мұғалім ғылымның, әдістеменің соңғы жаңалықтарын, инновациялық іс–әрекетті пайдаланып құрылған сабақтар жүйесін жасайды. Сабақтын әр кезеңі шығармашылықпен өткізіп, оқушы іс–әрекетін ұйымдастыруда инновациялық іс–әрекетті тиімді қолдану жоспарын жасайды. Ұйымдастырушылық іс-әрекет міндеттерін шешу үшін.

• оқушы мен мұғалім арасындағы қарым- қатынасын ұйымдастыру;

• оқушының оқудағы психологиялық және практикалық даярлығын ұйымдастыруға жағдай жасау

• оқушыларды әртүрі оқу-тәрбие жұмыстарына баулу;

• шығармашылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстары ұйымдастыру;

• сабақты тыңдауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;

•сабақты тыңдауға, білімді қабылдауға оқушыларды дайындай білуі. Қарым- қатынас тұрғысындағы әрекеті іске асыру:

• оқушы мен мұғалім арасында іскер қарым-қатынас орнықтыру;

• оқу үрдісіндегі үжымдағы оқушылар қарым- қаттынасын жақсарту; Дамытушы тұрғыдағы іске асыру қызметі:

•инноватциялық іс-әрекетті оқушының жас өспірім физиологиясына, педагогикалық, психологиялық ерекшелігіне сәйкес қолдану;

• оқу үрдісіне оқушының ақыл- ой еңбегін ұйымдастыру;

•оқу үрдісінде педагогикалық жағдай тудыру арқылы, оқушының өздігінен ойлауымен оқылатын пәнмен шындық болмыс арасындағы байланысты білу;

• оқушының білімге қызығушылығын арттыру;

• алдынғы қатарлы озық тәжірибелердің оқушы білімін дамытушы әдіс-тәсілдерін қолдану.

Ақпараттық функцияны іске асыру қызметі;

•оқу материалдарын еркін меңгеріп, оны жеткізе білу әдістемесімен тәсілдерін қолдана білу;

• пән мазмұнына ғылыми- дидактикалық талдау енгізу;

• оқытуда жаңа технологиялар элементтерін қолдану. Зерттеу функциясы қызметін іске асыруда:

• проблема бойынша зерттеу жұмысын жүргізу;

• педагогикалық қызмет түрлерін қайта құру мен бағалау;

• инновациялық іс- әрекетті тиімді пайдалану мақсатында оқып үйрену.

Біз ғалымдардың мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін нәтижелі атқаруға мұғалімнің жеке бас қасиеттеріне авторлардың көбі білімді, дағды мен іскерлікті және бас сапаларды жатқызады. Жұмысымызда жеке бас қасиеттерінің әр көрсеткіштеріне жеке тоқтап, талқылауды жөн көрдік.

Әдебиеттер:

1.Бабаев С.Б.,Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика.Алматы,2007ж.

2.Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технология. Қазақстан мектебі-2012.

3.Сабауова Э.Ф. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру әдістері// Қазақстан мектебі. – 2004. - № 10.

4.Рысбаева А. Болашақ мұғалімдердің мәдениетін қалыптастыру // Білім.

ӘӨЖ 372.8

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жапбарова Г.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Орынбай Гүлмира
ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Повышение познавательной деятельности учащихся 3-го класса на уроках математики*

Ключевые слова: *математика, развивающие, начальный класс, технология обучения.*

ABSTRACT:*Increase of cognitive activity of pupils 3-rd class on the lessons of mathematics*

Keywords: *mathematics, educational, elementary grade, technology of learning.*

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Оқыту барысында баланың ақыл - ойын, қиялын т. б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды.

Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым:

«Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау».

Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін.

Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады.

Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді.

Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады.

Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т. б. белсенділік түрлері болады.

Соңғысы оқушының логикалық ойлау қабілеті мен дербестігін керек етеді.

Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін - өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т. б. белсенділіктер.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.

2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.

3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай - ақ қайталауда да қолданылады.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Шығармашылық тапсырма жеке дара күйінде мұғалімдер үшін де шығармашылық тапсырма болып қалады. Шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

1) Бір мағыналы және тым қарапайым жауабы немесе шешімі болмайды;

2) Оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;

3) Оқушылардың өмірімен байланыста болады;

4) Оқушылардың қызығушылығын тудырады;

5) Оқытудың мақсатына барынша сай келеді.

Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл - ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т. б.

Танымдық іс - әрекет оқушылардың негізгі іс - әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т. б. сипатталады.

Оқу үрдісіндегі «есеп» оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын маңызды айғақтардың бірі екенін және есепті шешу үшін ондағы берілген шарттары мен талаптарды ескеру тиістілігіне баса назар аудару қажет.

Оқушының математика сабағында шығармашылық қабілетін дамыту.

Шығармашылық: іс - әрекет, зейін, есте сақтауы, интеллекттісі, ойлауы

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында математика сабағын түрлендірудің маңызы зор. Таңертең тұрғанда күн дене жаттығуынан басталатынын сияқты сабақты «ой жаттығуларынан» бастауды әдетке айналдырдым:

- Жылдың бесінші айын ата.
- Бағдаршамның қай түсі жанғанда жолдан өтуге болады?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Көз адамға не үшін керек?
- 685 пен 687 арасында қандай сан бар?
- Есік қандай геометриялық фигура?

Мұндай сұрақтар балалардың назарын бірден сабаққа аударып, белсенділіктерін арттырады, зейінділігін қалыптастырады. Сонымен қатар математика сабағында:

- Балаларға ойдан математикалық ертегі құрастыруға тапсырмалар беру.
- Қиялдау арқылы сурет салғызу.

Қабілеті жоғары оқушыларға тапсырмалар күрделеніп беріледі. Сабақта қызықты жаттығулар, логикалық есептер мен тапсырмаларды тиімді пайдаланудың пайдасы зор. Мысалы:

1. Қосарланып жегілген үш ат бір сағатта 12км жол жүрді. Бір ат неше км жол жүрді? (12км)

2. Аулада қойлар мен тауықтар жүр. Олардың 5 басы, 14 аяғы бар. Тауық пен қой нешеу? (2 қой, 3 тауық).

3. Бір топ үйрек ұшып барады. Олар 5 - еу, біреуі жерге қонса нешеуі қалады? (біреуі қалады, қалғаны ұшып кетеді)

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда оларды білім деңгейлеріне қарай топқа бөліп, әрқайсысымен жекелеп жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Бастауыш сыныпта 6 жастан бастап 12 жас аралығында танымдық іс – әрекетті белсенді дамытуға мүмкіндік бар. Жаңа білім жүйесіне көшудегі өзекті мәселенің бірі – оқыту технологиясын жетілдіру. Оны ізгілендіру және демократияландыру педагогикалық – психологиялық тұрғыдан сауатты оқушы тәрбиелеу баршаның ортақ ісі. А.Х. Аренова, бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру бұл оқу әрекетінің субъектілері ұстаз бен оқушының бір – бірімен қарым – қатынасының бірлігін дәлелдейтін күрделі тұлғалық құрылым, деп анықтама берген.

Осы анықтамаға сүйене отырып бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетінің қалыптастыру моделін шығаруға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында танымдық іс – әрекетінің қалыптастыру моделі.

Жаңа оқу технологиясында танымдық іс – әрекетті қалыптастыру басым. Әсіресе математика пәнінде оқушылар үнемі білімділік жаттығуларға ұқсас типтес есептер шығарумен айналысады. Мұндай жаттығулар орындау бір шешім іздеу оны өз күшін байқау мүмкіндігінен айырады. Танымдық іс – әрекетті қалыптастыратын жаттығулар оқушының шығармашылық шыңына жетуге көмектеседі. Ол үшін төмендегі міндеттерге көңіл бөлу қажет.

Баланың өз ойымен қиындықты жеңе білуіне, жаңалық ашуына жағдай жасаған жөн.

Бүгінгі күнде оқытудың жаңа технологиялары балалардың танымдық іс – әрекетін дамыту негізінде білім беруді көздейді. Бұл оқушылардың ойлауын, қиялын, белсенділік әрекетінің дамуына көп көңіл бөледі. Осы орайда танымдық іс – әрекетін дамыту жұмыс бағыты төмендегі моделге сәйкес жүзеге асырылады. Сурет 2

Бұл оқушыны математика пәніне терең даярлауда оның жеке тұлға болып қалыптасуына ойлау әрекетін дамытып, белсенділігін жетілдіріп, пәнге деген икемділігін, қызығушылығын арттырады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамытуда ұстаздар алдына мынадай шарттар қойылады:

Қызығушылығын дамыту шарттары:

Интеллектуалдық өсуіне жағдай туғызу;

Танымдық іс – әрекеттері бар сабақтар ұйымдастыру;

Өзіндік таным мен зерттеу дағдыларының қалыптасуына ықпал ету;

Оқушылардың бастамалары мен өзіндік жұмыс істеулеріне қолдау көрсету немесе мақтау, мадақтау;

Логикалық ойлауды дамыту шарттары:

Еркін ойлауға жол ашу;

Жұмыс істеу барысында оқушының зейінін тұрақтандырып, логикалық ойға шоғырландыру;

Қиял-әрекетіне еркіндік бере отырып қолдану;

Логикалық ойлау әрекетіне бағыт- бағдар беру;

Белсенділікті дамыту шарттары:

Әр оқушының еркін дамуына жағдай жасау;

Әр оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін ашуға қолдау көрсету;

Білім беру үрдісінің ерекше формалары мен білім берудің мазмұнын өзгертетін жұмыстарды іске асыру (топтық, жеке, жұппен).

Танымдық іс-әрекет белсендігі проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруге, өзіндік жұмыс ұйымдастыруда жүзеге асады.

Оқушылардың өздігінен игерген білімі негізінде пікір алысады, жеке фактілер мен бақылаудан ой тұжырымдауға, талқылауға, өз бетімен шешім қабылдау жолдарын, әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Танымдық іс-әрекеттерін дамытатын жаттығуларды математика пәнінде терең меңгертіп, оны жетілдіру әр ұстаздың шығармашылық ізденісіне байланысты.

Математика сабағында оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамытатын жаттығулар.

Таңертеңгі сағат 9-да балық аулауға барған бала кешкі 8-де қайтіп келеды. Бала балық аулауға қанша уақыт жіберген?

Қыста үйде тұрған екі жылқыға 20 кг жем осындай мөлшермен беріледі. Осындай мөлшермен 7 сиырға қанша килограмм жем беріледі?

Ажардың ағасы әрқайсысы 3 кг болатын 3 шортан балығын алып келді. Ол барлығы неше килограмм балық әкелді?

Диастың апасы әрқайсысы 6 килограммнан 18 кг табан балық әкелді. Ол неше балық әкелді?

Алты – жеті айлық әр ботаға күніне орта есеппен 6 кг пішен беріледі. Күніне 3 ботаға неше килограмм пішен беріледі?

Бір жұмыртқа 4 минутта піседі. Ал төрт жұмыртқа неше минутта піседі?

Атыраудан Қарағандыға дейін поезбен

24 сағатта, ал ұшақпен одан 6 сағат бұрын жетуге болады. Автобус неше сағат жүреді?

Шұғыланың апасы 18 кг бірінші сортты, одан 16 килограмм артық жоғары сортты ұн сатып алды. Шұғыланың апасы барлығы неше килограмм ұн сатып алды?

Қатарды жалғастыр:

2, 4, 6, 8, ...

1, 3, 5, 7, ...

1, 10, 100, 1000, ...

1, 2, 4, 8, ...

Мына теңдіктерде бір таяқша дұрыс қойылмаған. Қатесін түзе.

XII + IX = II IV – V = I

X = VII – III X + X = I

VI – VII = XI VI – I + V = II

Мына сандарды цифрмен жаз.

67 мың .....; 18 млн .....; 98 млрд

..... 45 млн .....

8 мың .....; 2 млрд ..... 756 мың .....

802

Разрядтық қосылғыштар түрінде жіктеп жаз.

674 _

5467

22410

463004

506789

Әр сіріңкенің шиінің ұзындығы 4 см 5 мм. 15 сіріңкенің шиінен метр сөзін қалай шығаруға болады?

Барлығы неше тік төртбұрыш және не үшбұрыш бар?

15.1 «б» сыныбында 27 бада бар. Ұлдардың қыздардан 3-уі артық. Сыныпта неше қыз бала бар?

Жандос 7 дәптер сатып алды. Егер бір дәптер 5 теңге тұрса, ол барлық дәптерге қанша төлеген?

Дүкенге әрқайсысы 4 адамнан 5 машина келді. Дүкенге барлығы неше адам келді?

Қорыта келгенде, Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1.Қаниева Г. Оқушының ойлау қабілетін дамыту / Г.Қаниева // Қазақстан мектебі.- 2001.-№ 5.- 3-10 бет.

2.Алпысова.Г.Т. Оқушыларды шығармашылыққа баулу. Бастауыш сынып 2012ж. №3 4-5 бет.

3.Рысбаев Е. Мектеп оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру // Бастауыш мектеп, №7, 2007 ж.

4.М.Мұсабеков, Д. Жүнісбекова «Есеп шығарудағы таным әдістері» 1, 2005ж, 9 – бет.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДУЛЬДЕУ НЕГІЗІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Нурсеит Ә.Т.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Орынбасар А. ПиК– 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Методика обучения основам математического модулирования младших школьников*

Ключевые слова: *математическая грамотность, начальный класс, обновленное образование, функциональная грамотность.*

ABSTRACT: *Methods of teaching the basics of mathematical modeling to younger schoolchildren*

Keywords: *mathematical literacy, elementary grade, updated education, functional literacy.*

Қоршаған ортамен араласып, қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде адам өз танымына қарай модель құрайды. Танымдық процесс зерттелінетін (танылатын) объектіге және зерттеуші (танушы) субъектіге байланысты. Зерттелетін объектіде болып жатқан оқиғаны бақылап, керек болса оқиғаға кірісіп, қойған сұрақтарына жауап алумен қатар, объектіге қатысты информацияларды жинақтап, қорытып, субъект пен объектіге тән құбылысты түсініп, өзінің көзқарасын белгілі бір формада бекітеді. Осы затқа тән нақтылы ақпараттарға негізделген зерттеушінің субъективтік танымы - объектінің моделі болып есептелінеді.

Сөйтіп, танымдық процесстің негізгі қызметі-ақпаратты жинау, сақтау және қорыту болса, осылар модельдеудің негізі сипаттамасын береді деуге болады.

Есептер және математикалық модель (есепті сызба, сурет, қысқаша жазба, кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу; есеп түрлері; есептерді модельдеу және шығару; есептерді шешудің арифметикалық және алгебралық тәсілдері).

Математикалық тіл (цифра, сан, санның графикалық моделі, жай бөлшектерді құру, салыстыру, қосу және азайту; математикалық таңбаларды, латын алфавитінің бас әріптерін қолдану; бос жиын; сан сәулесі; арифметикалық амалдардың компоненттері; деректерді жинақтау және ақпаратты түсіндіру).

Физика мен химияның, биология мен психологияның, социология мен археологияның қолданылуы толық айқындалып, әрі қарай дамуда. Лазерлік шашырау және ацетиленді синтездеу, клеткалардың құрылысы және жеке меншіктің өмір сүру принциптері, жер қабатының эрозиясы және Рим империясының құлдырауы нақтылы объекгілерге байланысты жүрді. Бұларды ұғу, зерттеу адамзат үшін міндетті болды. Себебі бұның бәрі бізді қоршаған өмірде болған оқиғалар. Ал математика болса тек қана абстрактылы ұғымдардан, яғни сандардан, функциялардан, жиындардан, қисындардан тұрады. Бұның бәрі, негізінде, табиғатта жоқ, адам миының ойлау қабілетінің нәтижесі. Сөйтіп, математика операциялық жұмысты идеалдық дүниемен адам идеясы бойынша атқарады.

Өмірде кездесетін ғылымдардың көбі бір-бірімен байланысты болғанмен, қолдану шекарасы айқындалған. Физикамен айналысатын таза физик жекеменшік формаларының өзара қатынасын түсіндіре алмайды. Тарихшыға химиялық реакцияны зерттеу қиын. Дәрігер ядролық ұсақ бөлшектердің өзара әсерлесу зандылығын медицина ғылымында қолданып, түсіндіре алмайды. Ал, өзінің қадірін білетін математиктің алдында ешқандай кедергі тұрмайды. Әртүрлі ғылыми пәндердің жасанды шекарасы математика моделін қолдануға бөгет болмайды. Таза математик бола тұрып, адамзаттың әртүрлі формадағы қызметіне батыл кірісіп, айтарлықтай жетістіктерге жетеді. Осыдан математика өзіне тән қасиеттер арқылы, барлық саланы қамтуға тырысатындығы және нақты не бере алады деген ой туады.

Физика, социология немесе географияға қолданған 'ғылым'- деген термин Математикада өзін ақтай ала ма? Әлде дүниетанудың логикалық басқа формасы болуы мүмкін бе? Нақты қойылған кәделі есептерді шығарудағы абстрактілі математикалық әдістердің табысын қалай түсіндіреміз деген табиғи сұрақ туады. Қоршаған ортада кездеспейтін сандар, функциялар, теңдеулер, операторлар планеталардың қозғалысын, химиялық элементтердің өзара әсерлесуін, генетикалық информацияның берілуін, еркін нарықта бағаның алмасу механизмін т.б. процесстердің сырын түсіндіріп, анықтайды. Қалайша болды деп тығырыққа тірелген НӘРСЕ математикалық танымның арқасында санамызға жетіп, нақты НӘРСЕГЕ айналады.

Математика мен бізді қоршаған нақты өмірді байланыстырушы арнайы звеноның түрі - модель болады. Сонымен, модель бір жағынан зерттелетін объектіге тиісті бай информацияны қамтыса, екінші жағынан математикалық стандартты формула таңбаларынан тұрады. Сөйтіп, математикалық аппаратты қолдануға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз - зерттелінетін құбылыстың Математикалық моделі. Ол нақты ғылыми заңдылықтардың негізінде математикалық тілге аударып қызмет істейді, танымның дамуына жол ашады. Жалпы математикалық модель принципті түрде әртүрлі екі дүниені қосатын ұлы көпір. Біреуі - қоршаған объективтік шындық. Ол біздің сана-сезімізге әсер етеді. Екіншісі - жеке адамзаттың идеясына сүйенген, құдіретті математика заңына бағынған абстрактік дүние.

Біздің мақсатымыз- әртүрлі процесске қолданылатын математикалық модельдерді бағалау және зерттеу методтарымен таныстыру, яғни дүние танымына қажетті математикалық көпір құруды үйрету.

Әдебиетте және мәдениетте кейбір шығарманы талдау үшін оның мазмұнын әрі формасын бағалаймыз. Шығарманың мазмұны туралы сөз болса, жазушы қандай сюжетті мақсат қылғанын, ойын оқырман қауымға қалай жеткізгенін анықтау керек. Форма - автордың айтайын деген ойын жеткізу құралы. Сөйтіп, мазмұн зерттелінетін құбылыс немесе зат жөнінде объективтік ақпараттан тұрады. Форма - авторға тән жеке басының көзқарасы, сондықтан субъективтік шама.

Мақсат, идея, ой-форманың табиғи құралы десек, зерттеушінің субъективтік көзқарасы қарастырылатын құбылыстың табиғи бейнесін бүркемеуге тиісті. Көркемөнерде және әдебиетте шығарманың формасы мазмұнына адекватты болса, онда қолданған құралымыз қойған мақсатымызға жеткізгені.

Осыған байланысты Опоста Роденнің сөзін келтірейік: «Шындықты дәл бейнелеуге тырысқан суретші болымсыз детальдардың көшірмесін бұлжытпай беріп, үлкен шебер иесі бола алмайды». Мысалы: жазушы уоқиғаны құжаттық дәлдікпен берсе, шығарманың тартымдылығы азаяды; үлкен қалам иесінің жазбасы соттағы эксперттік дәл жазбаға қарағанда көп әсер етеді. Жүздеген, миллиондаған адамдар библиядағы немесе құрандағы логикаға қарсы бола тұра, атеист атағына ілінбейді...

Енді ғылыми зерттеуде мазмұн мен форманың байланысы туралы, оның ішінде математикалық модельдеудің мәні қандай? Кез-келген модельдің мақсаты-қарастырылатын объект туралы ақпаратты жеткізу болғандықтан, мазмұнын модельдеу, формаға қарағанда басым болады. Ал, математикалық модель бейнелейтін нақтылы дүниеге адекватты болады, сондықтан формаға және мазмұнға қойылатын талап бірдей. Математикалық таным процесінің алдындағы кейбір қадамдарды қарастырайық. Зерттелетін құбылысқа қойылған модельмен зерттеуші кандай проблеманы шешпек, қандай математикалық аппаратты, әдісті және техниканы қолданбақ, жетілген құрал жабдықтарға, білімге байланысты нақтылы шындыққа барынша жақындап, нақты ақпарат алуға болады десек артық бола ма? Әрине, бұдан математикалық апараттың негізінде абсолютті дәл немесе ықтималдылығы басым эталондық модель аламыз деген ой тумайды.

Математикалық модельдеуде қолданылатын математикалық модель түсінігінің нақты бір ресми анықтамасы жоқ. Сонда да бұл түсінікті математиканың инженерлік практикадағы қолданысының мазмұнымен түсіндіреді. Сондай- ақ, механика, физика және тағы басқа ғылыми пәндер математикалық модельдің реттелген жиыны болып келеді және олардың

құрылымы қарастырылатын процестер мен құбылыстар қасиеттерінің модельдерінің бірдей бейнелерінің теориялық дәлелдеулерімен сипатталады. Математикалық модель арқылы ғылыми пәндер математикамен бірлесіп әрекет жасайды. Осы жерде Карл Маркстың ескертпесін айта кеткен орынды болады: «Кез келген ғылым өз шыңына математиканы қолданатын болса ғана жетеді».

Шынайылыққа жауап беретін математикалық модельдер өте үлкен ғылыми жетістік болып табылады. Ол қарастырылатын объектіні толық зерттеуге мүмкіндік береді және әртүрлі шарттарда оның өзгерісін тура болжауға көмектеседі. Бірақ, адекватты математикалық модельдер көбінесе күрделі болып келеді, ал ол болса оны қолдану кезінде қиындықтарға әкеліп соғады. Бұл жағдайда математикаға қазіргі кездегі есептеуіш техника көмекке келеді.

Математикалық модельдердің нақтылығы техникалық объектінің шығу параметрлерінің математикалық моделінің көмегімен табылған және нақты мәндердің тиімді үйлесімдерімен қамтамасыз етеді және төмендегі вектордың құраушысы болып табылады:

1 тапсырма. Топпен жұмыс: Сызба арқылы орындайды: «Ойлан, тап**»**

1. Бұтақта 12 торғай отырды. Оларға таңы 5 торғай ұшып келіп қонды. Бұтақта барлығы қанша құс болды?



Оқушылардың жауабы:

1 топ: Барлығы 8 құс

2 топ: Барлығы 18 құс

3 топ: Барлығы 17 құс

- Біз есепті неге сүйеніп орындадық?
- Бізге не белгілі?
- Нені таптық?

Топтар өз жұмысын қортындылайды.

«Топ-топты бағалау» әдісі арқылы бағаланады.«тамаша», «жарайсың», «керемет»

2 тапсырма. Өзіндік жұмыс.

Есептің моделін сызба түрінде көрсет және оны шығар. Тапсырма оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау үшін жүргізіледі.

Мараттың анасы ыдысқа 3 алмұрт,

4 апельсин және 2 лимон салды. Ол ыдысқа барлығы қанша жеміс салды?

Оқушылар сызба бойынша есепті орындайды.



- Сызба ерекшелігін байқадық па?
- Жеміс түрлері нешеу?
- Жолы нешеу болады?

Оқушылардың сызба бойынша шығарған есебінің дұрыс жауабы бағаланады.

Оқушылардың жауабы: Барлығы 9 жеміс.«Бас бармақ» әдісін қолдану арқылы өзін-өзі бағалайды.



3 тапсырма: Дәптермен жұмыс: Оқушының жауабы:

- Сызықтармен сәйкестендіреді
- «Жетістік баспалдағы»МБ
- Өте жақсы! – Тамаша!
- Бүгінгі сабақта нені меңгердік?
- Есеп модельдеу кезінде,тірек сызба арқылы қалай шешіледі?

Сабақты «Бағдаршам» әдісімен бағалау.

4 тапсырма. : Орындап көр.

Есепті сызба сурет түрінде модельдейді,есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдап орындайды.

Ағашта 4 шие және 6 қара өрік бар. Барлығы қанша жеміс бар?



Топтардың орындаған тапсырмасына «жарайсың», «тамаша», «керемет»сөздерімен қолдау көрсетемін.

Әдебиеттер:

1.Математика пәні бойынша оқу бағдарламасы (12 жылдық білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш мектеп 1-5 сыныптар. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп құрастырған. Астана, 2014 ж.

2.Г.Ш.Жақыпова, Н.В.Орехова, Н.В.Лебедева, С.И.УАқбаева, Ә.О.Мәдхалықова, Н.З.Иманбаева. Математика. Жалпы білім беретін 1 сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады. Астана, Назарбаев зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2016.

3.Актуальные проблемы методики обучения математике в начальных классах/ Под ред.М.И. Моро, А.М. Пышкало - М., 2014 г.

4.Т.Қ.Оспанов. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың теориясы мен технологиясы. Алматы, 2013 ж.

ӘӨЖ 372.8

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Архабаева А.К.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр аға оқытушысы, Ж.А.Ташенев университеті
Рсымбетова Ақмарал
ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Патриотическое воспитание учащихся начальных классов*
Ключевые слова: *начальный класс, патриотическое воспитание, новая технология, ценностное воспитание.*

ABSTRACT:*Patriotic education of primary school students*
Keywords: *primary class, patriotic education, new technology, value education.*

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін,озық әдістерді жинақтап, оны бүгінгі оқушы, ертеңгі ұрпақ тұлғасын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үдерісінде қолдану уақыт талабы. Тарихтың қатпар беттерінен қазақ патриотизмі ерте кезден бастап қалыптасқан. Патриотизмнің бастауы, қайнар көзі-отан десек, оның мазмұны –туған жер, ұлттық тіл,салт-дәстүр,тарихи орындар мен ескерткіштер. Жас ұрпақтың жаңаша

ойлауына біздің жаңаша дамудың жаңа кезеңі өтіп жатыр. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 27 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, Қазақстан қазіргі кезде әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміз қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды сәтті жүзеге асырған, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған қуатты мемлекеттердің біріне айналып отыр. Елімізде білім беру саласы да өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жаңа сатыларына көтеріліп келеді

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс.

Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез — құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.Еліміздің құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз;ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз.Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын силауға, Отанын сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз. Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды,

Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай т.б. батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырлар. Мұндай батырларға арналған батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюінің негізі болып табылады. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ертеден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал- мәтелдері де дәлел.

Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдерде: “Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас” т.б. болып кете береді. Мұндай мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюіне негізделіп, өз елін, туған жерін құрметтеуге табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келе жатқанын есімізде ұстағанымыз жөн… Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсызданuы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет.

Ұлы дала ұландарының кемел болашағы, «Мәңгілік Ел» ертеңі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ойлау, бәсекелік қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету мақсатындағы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық қағиданы ұстанатын тұлғаны тәрбиелеу ісінде «жаңа қазақстандық патриоттық тәрбие беру» мәселесінің маңыздылығы ерекшеліниіп тұр. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, мемлекет, атамекен (сакралді география), туған жер, туған ел, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлектік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сезімдерін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Елбасымыз, Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ең басты қағидалардың бірі «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп анықталған: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу». Ұлттық сана-сезім, ұлтқа жанашырлық – патриоттық тәрбие берудің, саналы, парасаты мол азаматты тәрбиелеудің негізгі діңгегі, өзегі. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие беру мәселесінің ерекшелігін де күн тәртібінен тыс қарастыруға болмайды. Себебі көпұлтты мемлекетіміздің халқы этносаралық қарым-қатынас орнатуда патриоттық қағидалардан тыс кемелдене алмайды. Ұлтаралық, этносаралық татулық – қазақстандық патриотизмнің бөлінбес құндылығы деп қарастырамыз. Осы құндылық арқылы бағдарламада негізгі бағыттардың бірі «Сананың ашықтығы» жүзеге асырылады. Бұл бағыт пен «қазақстандық патриотизм» мәні тығыз байланыста екенін елін, жерін көркейту ісінде қазақ жерін Отаным деп таныған ұлттар мен этностардың, әлемнің озық тәжірибесін есепке алу үрдісі айқындап береді. «Татулық», «бірлік» ұғымдары «қазақстандық патриотизмнің» құндылықтары ретінде әр қазақстандықтың бойына туғаннан сіңірелітіні белгілі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде «қазақстандық патриотизм» білімге құштарлық пен әлемнің жаңашылдыққа бағытталған сандық технологияларын (цифровизация) игерусіз түпкі мақсатына жетпейтіні анық. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде өзегі өзгермейтін мәселенің бірегейі – «Білімнің салтанат құруы» бағыты. Бұл орайда өскелең ұрпақтың бойына саналы түрде ес білгеннен бастап «білім» категориясының адам өміріндегі басты құндылық екенін сіңірту, дәріптеу ісі дұрыс жолға қойылуы керек. Білімі таяз адам саналы түрде патриот болуы екіталай. Сондықтан «Саналы азамат» тәрбиелеуде білім алудың, алған білімі арқылы еліне қызмет жасау қағидалары негізгі діңгек болып табылады. Көкірегі ояу, зердесі ашық, білімі кемел, біліктілігі жоғары, санасы биік тұлға ғана еліне еңбегін риясыз сіңіруге дайын болады.

Өз халқыңның тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Қазақстан тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі

мекемелерге берілуде. Алайда тарихтың ақтаңдақтарын жеткіліксіз оқып-үйрену, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елтіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды. Біздің ойымызша, одан шығудың басты жолы — қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу.

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әрине, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт — жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» — деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процестерін төңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Тәуелсіздік – елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі, ал отансүйгіштік – біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Ол аса маңызды стратегиялық, ұлттық, мәдени және т.б. проблемаларды шешуге бағытталған қоғамның маңызды мобилизациялық ресурстарының формасы. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүюің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет. Жақындағы Бағдарламалық мақаласында Мемлекет басшысы сынға алған, «мен қоғам ішіндемін» деген масылдық психологиядан, «қоғам, немесе, көпшілік солай болса мен қайтем» деген әрекетсіздікке, бойкүйездікке бастайтын ойдан «Отан менде жатыр» деген ойға көшу абзал.

Әдебиеттер:

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б. 3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.

2. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.

3. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫ БІРЛЕСКЕН ОҚУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Жапбарова Г.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Ташенев университеті
Сағилаш Тоғжан– ПиК 20к1 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Способы применения методов совместного обучения в начальных классах*
Ключевые слова: *начальный класс, критическое мышление, новая технология, совместное обучение.*

ABSTRACT:*Ways of applying methods of co-education in primary school*
Keywords: *critical thinking, elementary grade, new technology, collaborative learning.*

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан да жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Ол үшін білімнің өзегінде, біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден ортаға тез бейімделу, жаңа ақпаратты түсіну, қабылдау, өзгелермен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамытатын құрауыштардың қатар қамтылуына назар аударылуы тиіс. Жеке тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Біз ұстаздар қауымы педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен қабылдауымыз керек.

Бүгінгі мұғалімдердің басты міндеттердің бірі – білім беру жүйесін жаңарту болып саналады. Бастауыш сынып оқушылары үшін ең беделді адам-ол өзінің ұстазы. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Қоғамның дамуы келешек ұрпаққа білім беруші мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасында білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала санасын тақырыпқа сай ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу арқылы білімдері молаяды. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, ойлау, алдыға жетелеу. Жас балалардың да бұл жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Сабақ барысында алынған білім сын тұрғысынан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келген, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Бастауыш сыныптардың негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, білімге және оқуға деген сенімін нығайту, іскерлік пен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Сабақтарда қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер: «Миға шабуыл», «Әткеншек», «ЖИГСО», «Кубизм», «Бес сұрақ», «Ыстық орындық», «Өрмекші торы», «Ойлан – жұптас – бөліс»,

«Еркін микрофон», «Серпілген доп» әдістері, «Ментальді карта», «Рөлдік ойын», «АВС» стратегиясы, «Венн» диаграммасы, «Текстологиялық карта», «Семантикалық карта», «Галерияға саяхат», «Болжау» стратегияларын қолданған өте тиімді.

Мысалы «Еркін микрофон» әдісі алдыңғы оқылыммен, сабақты бекіту кезеңінде қолданылды. Оқушылар өзін еркін сезінеді. Сұрақты нақты, әсерлі қоя алады. Қалыптастырушы бағалауды оқушылар сұрақ қойған оқушыға, жауап берген оқушыны да бағалай алады.

«Миға шабуыл» әдісі. Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Әткеншек» (карусель) әдісі. Бұл белгілі бір сұраққа қатысты оқушылардың ойлары мен жауаптарының жиынтық тізімін жасауға көмектесетін, құрылымдалған, ақпараттық немесе ойлау қабілетін арттыру әдісі. Өздерінің ойларын айту немесе қаралып отырған сұрақ бойынша ұсыныс енгізу үшін оқушылар шағын топтарда жұмыс істейді. Сондай-ақ олар басқа топтардың идеяларын бірлесіп бағалап, сұрақтарға өздерінің жауаптарын қалыптастыру үшін осы идеяларды әлеуетті негіз ретінде пайдалана алады. Шағын топтардан ақпарат жинақтауға арналған тәжірибелік тапсырма үшін «Идея іздеуші» немесе «Стикерлер жинағын» қараңыз.

«Бес сұрақ» әдісі. Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді.

Барлық пәндерде қолдануға болады. Ол үшін баланың қызығушылығын арттырып, белсенділікке баулып, күнделікті сабақпен байланыстырып отыру керек.

Сауат ашу пәнінде «Рөлдік ойындар», математика пәнінде «Кім жылдам?», «Ойлан, тап», «Көршісін тап» ойыны, жаратылыстану пәнінде «Үш қадамды сұхбат», дүниетану пәнінде «Ыстық орындық» стратегиясы өте тиімді әдістер.

Оқушыларды жұппен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс. Жалпы тәжірибеде топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімді жақтарын байқадық. Алғашында топпен бірлесе жұмыс жасау, уақытты тиімді пайдалану қиындық келтірсе, ал тиімді жағы оқушылар бірлесе жұмыс жасайды, ойлаумен бірге тілдері де дамиды, зерттеушілікпен айналысады, ортақ бір тұжырым жасайды, таным белсенділіктері артады, шығармашылық қабілеттері қалыптасты.

Топтық жұмыс ұтымды, тиімді болу үшін белгіленген тапсырмалар мен топтың қызметі стратегиялық тұрғыдан дұрыс құрылуы тиіс, олар топта тиімді жұмыс істеуге ынталандырып, қамтамасыз етіп, жоғары деңгейдегі оқытуды, ойлауды және түсінуді дамыту үшін қолданылады. Нәтижесінде бірлескен оқу ынтымақтастығы жүзеге асты. «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі арқылы жүргізілді. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті ортақ бөлімде «Ұлттық ойындар» туралы түсінік ұғымдары кеңейді. Жалпы оқушылардың ұлттық ойындардан хабардар екенін байқалды. Соның ішінде «Бәйге» ойыны барлық пәндерде қолдануға болады. Оқушы бәйгеден озудың мақсатын біледі. Олардан мынадай жауап алынды: – Бәйгеге қатысқан ат жүйрік, мықты, озық болу керек. Ал, біз алған білімімізді осылай жарысып көрсетуміз керек. Барлық пәннен және сапалы білім, дұрыс жауап береміз, деп өздері дәлелдемелер мен қорытындылар айтты.

«Болжау» стратегиясы. Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиғаны немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

«Галерияға саяхат» стратегиясы. «Менің досым» тақырыбы бойынша жұмыстарын оқушылар тақтаға іледі. Бір-бірінің жұмысына талдау жасайды. Бұл бір-бірінің жұмыстарына баға беруге ықпал жасайды және пікір жазып іледі. Бұл бір-бірінің жұмыстарын бағалау мен талдау жасай алу үшін қолданылады.

«А Ә Б В» әдісі. Сыныптағы оқушының әрқайсысына А, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. Олардан қалғандарының карточка-жауаптарына қарамауын өтініңіз.

1-қадам. А сұхбаттайды Б тыңдайды, В сұхбаттайды Г тыңдайды;

2-қадам керісінше.

3-қадам әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топта бөліседі.

«А,В,С» әдісі.

А - сұрақ қояды, В - жауап береді, С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады. Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

«Айналмалы бекеттер» әдісі. Әр шағын топты бекетте орналастырып, арандататын сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді.

«Аквариум» әдісі. «Аквариум әдісі» – балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды. Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.

«Ақындар мен жазушылар» әдісі. Топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін ақын-жазушыларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Бір топта бірінші айтылған тұлға өздерінде қайталанса, сызып тастап отырады. Қай топтың тізімінде тұлғалар тектері көп қалса, солар жеңімпаз.

«Алфавит» әдісі. Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с.». Қорытынды сабақтарда, емтиханға дайындықта, есте сақтауын дамытуда көмекке келеді.

«Ара ұясы» техникасы. Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.

«Ассоциативті қатар» әдісі. Мұғалім тақтаға бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Оқушыларға бір бетке тақтаға жазылған сөзден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. Сабақ тақырыбына қатысты ассоциация-сөздерді бір қатарға жазып шығу керек. Оқушылар сөздерді оқып, артық деп санаған сөздерді алып тастап, сабақ тақырыбын тұжырымдайды. Мысалы: ертегі, «Қобыланды батыр», кейіпкерлері, жыр, оқу, Тайбурыл....

Мұғалім парақтарды жинап алып, оқушылармен бірге жазылған ойларды қорытындылайды. Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық-құрылымды сызба немесе ойларына сәйкес тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады (оқушының өз тәжірибесі). Мұндай жұмыстар оқушылар мен мұғалімге ойын жіктеуді ғана емес,

өздеріндегі субъекті тәжірибелерін ескере отырып, жаңа тақырыпты жоспарлауға мүмкіндік береді.

«Атаулар (терминдер) кестесі» әдісі. Сабақ басында тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі атауларды (терминдерді) жазып, оқушыларға оларды мынандай кестеге түрлендіруді ұсынамыз:

№1 атау	№2 атау	№3 атау
Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері	Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері	Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері

Оқушылар бұл тапсырманы алдымен жекелей (2-4 минут) орындап, одан кейін кестелерін топ (немесе жұп) ішінде оқып, талқылап, толықтырады (3-6 минут). Сыныптық талқылау барысында (4-6 минут) мұғалім оқушылардың өз кестелерін жариялауды ұсынады немесе тақтада келтірілген кестені оқушылардың жауаптары бойынша толтырылады. Сабақ соңында бұл кестеге қайта оралып, келтірілген мәліметтердің дұрыс/бұрыстығы анықталады.

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі. Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды. Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

«Ашық және Жабық сұрақтар» әдісі. Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға септігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, Сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз? Жұмыс үлгісі: Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі.

Әр оқушының деңгейіне қарай тапсырмалар дайындау қажет. Ол үшін әр оқушының жеке жұмыс қабілетін ескеру, сынып тапсырмаларын, үй жұмысын баланың ерекшеліктерін ескере отырып беру керек – жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенді болуы керек. Мұғалім сабақ барысында берілетін тапсырмаларды өмірмен байланыстырып алғанда ғана оқушы кез келген қиындықтардан жол тауып шығуды үйренеді, өмір сүруге бейім болады. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше. Міне осындай белсенді әдіс-тәсілдерді оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың арқасында оқушылардың белсенділігі артып, жан-жақты дамиды, пәнге деген қызығушылықтары арта түседі деп өз ойымызды білдіргіміз келеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді де, білікті оқушыларды тәрбиелеуге болады. Ол үшін ең бастысы мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек деп сөзімізді аяқтағымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005.

2. Әлімов А.Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы.-Алматы,2013.

3. Ә.Е. Жұмабаева Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңіндегі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. – Алматы, 2000.

4. Н.М. Сламбекова Шағын комплектілі бастауыш мектепте жазбаша шығармашылыққа негізделген тіл дамыту әдістемесі. – Алматы, 2001.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тамабай Әсел Мейрамбекқызы
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр, Ж.А.Ташенев университеті
Тангжарикова Кумысай – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Формирование у младших школьников навыков выполнения самостоятельной работы*

Ключевые слова: *самостоятельная работа, начальный класс, учебная деятельность, логическое упражнение.*

ABSTRACT:*Formation of skills of performing independent work in younger schoolchildren*

Keywords: *independent work, elementary class, educational activity, logical exercise.*

Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқу мен оның білімді өздігінен игеруімен тығыз байланысты. Мектептегі баланың оқу әрекеті күрделі, жан-жақты үрдіс, Ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін, өздігінен білім алуын қажет етеді. Мектеп жасындағы баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті.

Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Балданың ақыл-ой әрекеті оның қажеттері мен қызығулары, сезімі мен еркі сияқты үрдістермен, іске асады. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой еңбегін белгілі жүйемен жасауға, оның жалпы мәдениетін өздігінен әрекетін қалыптастырып отыру керек. Ең алдымен мектепке келген баланың алдына қойған мақсат міндеттерін түсінуге баули отырып оқыту, тәрбиелеу қажет. Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретінүрдіс болса, қазақ халқы жетілген, өз бетінше жұмыс атқара алатын тулғаның сипатын «Сегіз қырлы бір сырлы» деген бір ауыз сөзбен түйіндеген.

«Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға ерекше мән берілген. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі өз бетімен жұмыс жасау біліктілерін қалыптасыру болып табылады.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тұжырымдамасында: Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі үрдіс: Әрбір оқушыға жеке қарап, оның өзіне тән санасы, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар, оқушыны дамытуды мектеп алдындағы бір міндет болып саналады.

Енді осы мәселені дамыту үшін мектептің алдында оқушылар өз бетінше жұмыс жасап, білімді өздігінен игеру біліктерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Мектептің педагогикалық үрдісіндегі негізгі мәселе – білім беру, өздігінен білімін жетілдіру, өз бетінше жұмысты ұйымдастыру үйрету жолдары болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру, өз бетінше жұмыс жасауға үйретудің жолдарын табу біздің міндетіміз. Жалпы бастауыш

кезеңнен бастап оқушыларды ғылыми танымын, логикалық ойлауын, алдында кездескен кедергілерді шеше білуге бағыттауымыз керек. Осыған орай балалардың ғылыми білімді, дағдыларды, өздігінен білім алуды меңгеруі олардың оқу әрекетінің негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады.

Оқушылардың санасында жеткілікті деңгейде білім қоры болмаса, онда оның өздігінен жұмыс істеуі, өз бетімен жұмыс жасау біліктілігінің қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан, бұл тақырыптың негізгі өзектілігі жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттерін анықтайды.

Бастауыш сыныптарда өз бетімен жұмысты ұйымдастыру оның бағдарлама мазмұнына, талапқа сай болуы, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы шығармашылық бағытта жұмыс істеуге бағыттауы,сондай-ақ бағаланып, марапатталуы сияқты мәселелерге жете мән беріледі. Осыған орай өз бетімен жұмыс бастауыштың өзіне тән әдістемесіне сәйкес түрлі формада және мазмұнда көрініс табуда. Өз бетіндік жұмыс-бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін олардың өзбетіндік жұмысынсыз дамыту мүмкін емес.

Бастауыш мектепте өзбетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай- бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық, жұмысқа талпынысы басым болады.Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген мұғалімге оның берерлік маңызы зор.

Өз бетімен жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және өз тәжірибеміздің қорытындысы негізінде біз шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өз бетімен жұмыстүрлеріне төмендегі негізгі үш жұмыс түрлерін жатқыза аламыз. Олар:

1. Логикалық дамытушы ойындар мен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, ребус, сөз жұмбақ, анаграмма) өз бетімен жұмыс түрлері; Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу, т.б.).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (кері есеп құру, мәтіннің мазмұнын өңдеу, т.б.)

3. Жаңа форматтағы оқытудың әдістері. Яғни, қазіргі таңдағы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламаларының үшінші /базалық / деңгей бағдарламасы оқушының өзбетімен білім алуына бағыттайтынын айта кеткім келеді.

Өзім осы бағдарламаның үшінші /базалық / деңгейін аяқтадым. Сондықтан осы бағытта жұмыстанып, оқушылардың білімді өзбетімен игеруіне баса назар аударып келемін.

Өзбетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқушыларды алдымен топтық, жұптық, жеке, үштік жұмыс түрлерін жүргіздім. Оқушылардың білімді менің көмегімсіз өзбетімен меңгеруіне баса назар аударды м. Бұл ретте мен тек бағыттаушы, оқушыға жәй бағыт беруші ретінде қалуға тырыстым.

Сабақтарымда оқытудың жаңа әдістерінің ішінде стоп кадр, маршруттық карта, сұрақты ұстап ал, /ойлан, жұптас, талқыла/, құпия зат, джокер, айналмалы бекеттер, сократтық семинар, конверт-сұрақ,сұрақтар шеңбері, рөлдік ойын, тыңдап отырған үштік,өкіл, мозаика сияқты әдіс- тәсілдерді сабақтарымда жиі қолданамын. Аталған әдістердің көпшілігі оқушының сыни ойлау жүйесін қалыптастырады, оқушылар өз ойларымен еркін бөліседі. Сөйлеу дағдысы, яғни, топ алдында сөйлеу, пікір алмаса білу сияқты қасиеттері артады. Оқушыларым да оқытудың бұл түріне төселіп, бағытталып келеді. Бұның бәрі диалогтік оқытудың жемісі деп білемін. Сонымен қатар, сабақтарымда жиі қолданатын әдістерімнің бірі сыни тұрғыдан ойлау әдістері. Жаңа форматтағы оқыту әдістері мен сын тұрғысынан ойлау әдістері бір –бірімен тығыз байланысты. Сыни, шығармашылықпен ойлай алу қабілетін бастауыш сыныптан бастап қалыптастырған дұрыс деп білемін. Сыни ойлай білетін, берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз шеше алатан оқушы болашақта өзіне кездескен кедергілерді жеңе алады, өмірлік жолында жолыққан проблемаларды да шеше алатына көз жеткізіп келеміз. Олай дейтін себебім, қазір бүкіл әлем

білімнің қарқанды дамуына көңіл болуде. Халықаралық PISA, TIMES бағдарламалары осының дәлелі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесіне жете мән беріп осы бағытта жұмыстануға бет бұруымыз керек.

Мұнда басты назар аударатын мәселе – бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздер , тіл байлығымол, сауапты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау, әр-түрлі танымдық есептерді шешу талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларды тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады.

Өз бетімен жұмыстың негізгі ерекшелігі – оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындау. Тапсырманы орындауда жақсы нәтижеге жету үшін,мұғалім оқушының іскерлік дағдысын, бақылау, білу қабілетін, ойлауын есепті шешу жолдарын дұрыс таңдай білуін байқап көреді. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздері жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының іс-әрекетін дұрыс жолға бағыттағаны жөн.

Оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық мектептегі оқу мен өздігінен оқуына тығыз байланысты. Баланың оқу әректі-күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әректін, рухани күштерін керек етеді.

Баланың ақыл ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады.

Баланың ақыл-ой әректі, оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік сияқты т.б. Оқушының өздігінен оқуы тиісті болуы үшінақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру керек. Баланың ақыл ой-еңбегін белгілі бір жүйемен жасауға, оның жалпы мәдениетін арттырып отыруға көңіл аударған жөн. Ең алдымен баланың өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға үйрету керек. Ең алдымен баланың өз жұмысын (тапсырмасын) не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже беретінін білсе, онда оқушы әрекетінің саналылығы артады. Оқу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай біліуге, уақытты дұрыс пайдалануға. Өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, қысқаша айтқанда, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың маңызы зор.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өз бетінше жұмыс жасаудың, білімді өз бетімен игерудің маңызды екенінұқтық. Бастауыш сынып оқушылары жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш, зерттегіш, шығармашыл, проблеммаларды өздігінен шеше алатын, қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін , функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасалы. Сонымен қатар, өздігінен ана тілді оқу барысында оқу материалының жүйелі түрде менгерту, граматикалық схеманы шешу, іздену, салыстыру, зерттеу, әртүрлі шығармашылық жұмыстарды өз бетінше жұмыс орындау барысында менгереді. Сонымен өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

– жұмыстың көлемін шамадан айырмай, оның санасын арттыруға көңіл аудару;

– өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлері мен дұрыс ұштастыра білу;

– оқушының дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;

– өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;

– оқушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;

– оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, белсенді әрекет жасауға баулу;

– оқушыда өздігінен жұмыс істеу, еңбек ету дағдысына қалыптастыру.

Біздің алдымызда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде үлкен де, жауапты міндеттің тұрғаны баршамызға белгілі. Оқыту барысында қол жеткен жетістіктерді айтар болсақ , оқушымен

орындалатын әрбір өз бетіндік жұмыс өз нәтижесін беруде. Әрине, бұл мұғалімге де, балаға да өте үлкен жауапкершілікті артады. Мектепте заман талабына сай білім беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бала біздің болашағымыз, білім көзі–бастауышта екенін ескере отырып оқушы білімінің сапалылығын арттыру үшін, өз бетінше жұмысты жолға қоюдың маңызы зор. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашуда өз бетінше іздену, талпыну, өз нәтижесін береді. Баланы бастауыштан бастап шығармашылық ойлауға, шешімдер қабылдауға, ізденіп жұмыс орындауға машықтандыру қажет.

Әдебиеттер:

1.Абдуахитова Озатгүл. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру».,// Қазақстан мектебі. № 11-12. 2005 ж. 29-30 бет.

2.Р.Есеева «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2005, №5, 22-24бет.

3.Т.Қоқымбаева. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. // Бастауыш мектеп. 2001, №3, 14-16 бет.

4.Бейсембаева Зәмзия. «Өзіндік жұмыс- кәсіби біліктіліктің көзі». // Бастауыш мектеп., 2002, №5, 14 -16бет.

ӘӨЖ 372.8

БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҮЙРЕТУ

Анапьяева С.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр , Ж.А.Ташенев университеті
Турлибекова Улбану– ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ:*Обучение студентов организации самостоятельной работы в рамках содержания образования*

Ключевые слова: *самостоятельная работа, начальный класс, тестовые задания, активное обучение.*

ABSTRACT:*Training of students in the organization of independent work within the framework of the content of Education*

Keywords: *independent work, elementary class, test tasks, active learning.*

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасты болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. Дамыта оқытудың басты мақсаты –баланы оқыта отырып, жалпы дамыту.

Әрине бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі болады. Дегенмен әр баланың бір нәрсеге бейімі болады.

Бейімділік — оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуін мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себебті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде

ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс — тәсілдерді қолдануға болады.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән — мағынасын ұйымдастырудың тәсіл — амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды.

Сабақтарда оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, қолдануға, өз бетімен ізденуге жағдай жасауымыз керек. Біздің айтқанымызды, түсіндіргенімізді қайтадан өзімізге ғана айтып қоймай, түрлі қосымша тапсырмаларды алып, интернеттен, ақпарат көздерінен материал жинайды, сабақта реферат етіп жазған сол жаңалықтарын оқып, қысқаша ауызша айтып қорғайды. Ол үшін оның өткен жылдары алған білімдері, дағды, шеберліктері негіз бола алады. Сондықтан өздік жұмыс істеуге, өз бетімен жұмыс істеуге ерте кезден үйреткен жөн.Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Ол үшін мұғалім мынадай мақсатты алға қою керек:

1. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.
2. Оқушыларды өз пікірі бар, дара тұлға етіп тәрбиелеу.
3. Біліміне сай келетін бағдарды, мамандықты өзі таңдап алатындай дәрежеге жеткізу.

Өзіндік жұмыстың ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- Жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;
- Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы олардың жұмысты өз еркімен орындау.

Қазіргі кезде егемен елімізде білімді берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып мектеп практикасына енгізілуде. Әрбір мұғалімнің алдында оқушылардың үлгерімін жоғарлату мақсаты қойылады. Бірақ мұғалімнің сабақта таңдаған жұмыстың орташа ырғағы оқушылардың бірілеріне ыңғайлы, екіншілері үшін жылдам, қалғандарына тіпті баяу болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім сабақта жаңа технологияларды қолданып, оқыту сапасын арттыруы қажет. Әрбір оқыту әдісі оқушылардың өзіндік жұмысын қамтиды. Оқыту әдісінің міндеті - кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істеуге баулу. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың өздігінен істейтін әрекеті оның белсенділігін арттырады. Оқушылардың оқудағы белсенділігі дегеніміз-оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру ғана емес,оларды өмірде практикада пайдалана білу, үйрену. Мысалы, мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін,оқушының зейін қойып тыңдауы,ал оған білімін кеңейтіп, толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылауы, тәжірибе жасауы, жазып, сызу сияқты жұмыстар орындау қажет.

Өзіндік жұмыс - арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек:

- Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау.
- Өзіндік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау.
- Оқушының жұмыстарына бағыт беру.

Өз бетіндік жұмыс-бұл шығармашылық жұмыстың да бастамасы.Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетінше жұмысынсыз дамыту мүмкін емес. Бастауыш мектепте өз бетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай-бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады.Сол себепті де бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра білген мұғалімге оның берер маңызы зор.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тілін дамытудың бір саласы – оқу. 3-ші сыныптарда оқу техникасын жетілдіруге көп көңіл бөлінеді. Әдебиеттік оқу сабақтарында өз бетінше мәтінді мәнерлеп оқуға жаттығады. Кіші мектеп жасындағы өз бетінше оқуға үйретудің сапалы болуы оқушылардың ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту.

Мысалы,қазақ тілі сабақтарында – түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, қима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (әуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады). Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады. Негізінде қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда жаттығу ұғымы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек. Жаттығу − мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Жаттығуда уақытқа шек қойылмайды. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарының түрлеріне тоқтала кетсек: ертегілерге байланысты салынған суреттермен жұмыс, қима қағаздар түрінде жасалған шағын әңгімелерді өзбеттерінше оқып мазмұнын айту, тақырыптардың авторлары (ақын, жазушылар) және олардың өмірбаяны туралы қосымша деректер, сюжетті суреттермен жұмыс, оқыған әңгімелері бойынша сурет салу, мазмұндама немесе шығарма жазу, тақырыптаы өз бетінше аяқтау, бөлімдерге бөлу, ат қою, сұрақтарға жауап әзірлеу, газет, журнал материалдарымен жұмыс, сахналық көріністер әзірлеу сияқты жұмыс түрлерін тапсыруға болады.

Математикадан мынадай тапсырмалар орындатуға болады:

1.Оқытушының көрсеткен үлгісі бойынша орындалатын;

2.Оқытушыдан алған білім, білік, дағдыларын өз бетімен пайдалануды талап ететін, бірақ оқытушының басқаруын пайдаланған жағдайда;

3.Алған білім, біліктерін басқа жағдайда пайдаланғанда;

4.Оқушыдан ойлауды, шығармашылықты талап ететін байқау, талдау арқылы жаңа қорытынды,анықтама шығаруға болатын тапсырмалар;

5.Арифметикалық амалдар кестесін есте сақтауға арналған;

6.Есептеу тәсілдерін игеруге арналған: ұқсастық пен айырмашылықты ажырату, талдауға арналған;

7.Белгілі бір түсініктемелердің арифметикалық амалдармен байланысына арналған;

8.Байқау негізінде қандай да бір заңдылықты айыру;

9.Дидактикалық ойындар, қызықты тапсырмалар.

Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуіне баулу негізінде ғылыми жұмыстармен айналасуы негіз бола алады.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай талаптарды орындау керек:

1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек.

2) Өздік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек.

3) Міндетті түрде тексерілуі керек.

4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады.

5) Өздік жұмыстың мақсаты, орыдау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс.

6) Өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек.

7) Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс;

8) Өзіндік жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.

9) Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Өздігінен орындайтын жұмысты ұйымдастыру − сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен

оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. Мұғалім белгілі бір әдіс-тәсілді,жаттығу түрін қолданған кезде қандай қабілеттерінің дамитынын немесе оқу барысында қандай дағдыға үйрену керектігін,алдына мақсат қоюда неге сүйенуі қажеттігін және олардың психологиялық ерекшеліктеріне негіздеу керек.Әр уақытта мұғалім жұмыс түрін таңдау кезінде осыларды басшылыққа алу керек.Мысалы, мәнерлеп оқу кезінде сөйлеу және есту қабілеттері дамиды.Психологтардың зерттеулеріне сәйкес орта буындағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне бастауыш сыныппен салыстырғанда осы сыныптарға бөлінген материалдарды кеңейте оқыту көзделеді.Бұл оқу бағдарламаларында және осы буын оқушыларына арналған оқулықтарда ескертілген.

Барлық оқыту пәндерінде оқушыларға өз бетімен жұмыс жасау түрлері беріледі. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы-оқушының өз беттерімен орындай алуларына,сабаққа белсенділігінің артуына,шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

Өз бетімен жұмыстарды сабақтарда қолдану барысында оқушы тынымсыз ізденеді.Баланың жан-жақты ойлауына үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады Бастауыш сыныптарда өзіндік жұмысты ұйымдастыруда оның бағдарлама мазмұнына сай болуы, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы, оқушыны шығармашылық бағытта жұмыс істеуге баулиды.

Қорыта айтқанда, өзіндік жұмыс — шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетіндік әрекетінсіз дамыту мүмкін емес. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер:

1.Абдуахитова Озатгүл. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру».,// Қазақстан мектебі. № 11-12. 2005 ж. 29-30 бет.

2.Г.Қопабаева.Қазақ тілі пәндерінде өз бетімен жұмыстарды ұйымдастыру жолдары. «Бастауыш мектеп» №2, 2006, 27-б.

3.Р.Есеева «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2005, №5, 22-24бет.

4.Т.Қоқымбаева. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. // Бастауыш мектеп. 2001, №3, 14-16 бет.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Анапьяева С.А.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр , Ж.А.Ташенев университеті
Тұрапова Гүлмир
– ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Основы обучения предложению и его видам в начальных классах*
Ключевые слова: *начальный класс, типы предложений, казахский язык, грамматическая игра.*
ABSTRACT:*Basics of teaching a sentence and its types in elementary grades*
Keywords: *elementary class, sentence types, Kazakh language, grammar game.*

Қазақ тілі білімінде Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» синтаксис саласының негізін қалаған басты еңбек болып саналады. Ахмет Байтұрсынұлының 1992 жылы жазылған «Тіл тағылымы – қазақ тілі оқу-ағартуға қатысты еңбектері» атты еңбегіндегі сөйлем жүйесі мен түрлері тақырыптарына арналған «Тіл-құрал» бөлімінде жай сөйлемнің түрлері олардың қызметі туралы жазылған. Ахмет Байтұрсынов ең бірінші сөйлем жүйесіне тоқталып, «сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой, сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады» деп ереже берген. Осы бөлімде Ахмет Байтұрсынов жалаң және жайылма сөйлемдерге анықтама берген.Бұл анықтама қазіргі мектепте оқытылып келе жатқан ережеге сәйкес, яғни бастауышы мен баяндауышы бар, екі мүшелі ғана сөйлем жалаң сөйлем деп аталады деген. Одан кейін бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер деп айтып кетіп, одан басқа мүшелер қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем деп түйген. Ахмет Байтұрсынов оларды 2 бөлімінің «сөйлем түрлері» атты тарауында жалпы түрлері деп тақырып қойып тоқталып кеткен. Жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне: болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма деп 6 типке бөлген. Болымды сөйлемді не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем болымды сөйлем деп атаған. Мысалы: Үлкен бастар, кіші қостар, деген мысалда іс-әрекеттің іске асатының айтып отыр, ал қазіргі қазақ тілінде мұндай жай сөйлемнің түрлері жоқ, оны біз етістіктің болымсыз және болымды түріне қарай ажыратамыз. Ал болымсыз сөйлемді не жайынан да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем болымсыз деп аталады деген.

Жай сөйлем синтаксисінің жеке сала болып қалыптасуына Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, т.б. еңбектері жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне байланысты практикалық және теориялық маңыздылығын көрсетіп берді. Бұл зерттеулер жай сөйлемнің құрылымдық типтерінің жасалуын, оқытылуын айқындады.

Жалаң және жайылма сөйлемдерді оқытқанда қайталау, жинақтау, салыстыру әдістерін қарастырдық

Жақты, жақсыз сөйлемдерге арналған тірек-сызбаларға сүйеніп, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін және жақсыз сөйлемнің баяндауышының формаларын таныту болады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңа ғылыми-педагогикалық технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету.

Құдайберген Жұбанов жай сөйлемдер туралы зерттеген. «Қазақ тілі жөнінде зерттеулер» кітабында Құдайберген Жұбанов сағат санына бөліп ереже беріп кеткен. 7-сыныпқа арналған «Синтаксистік программы» деген бөлімге 84 сағат бөліп, соның ішінде 18 сағатын жай сөйлемге арнаған. Бұл зерттеуде ғалым жай сөйлемге берілген тақырыптарды бөліп, қарастырған. II бөлім «Сөйлем жүйесінің бастауыш білім» деп аталып параграфтармен

тақырыптар берілген, соның ішінде сөйлемнің сазына ереже беріліп, сөйлем түрлі сазбен айтылады. Ахмет Байтұрсынұлы сөйлемдерді айтылу түрлеріне қарай 1) сұраулы сөйлем, 2) лепті сөйлем, 3) тілекті сөйлем, 4) жай сөйлем деп төртке бөлсе, Құдайберген Жұбанов қандай сазбен айтылатынына қарай сөйлемді үш түрге бөлген. 1) хабар сазды сөйлем. 2) сұрау сазды сөйлем, 3) леп сазды сөйлем деп. Соның ішінде хабар сазды сөйлем болған, болып жатқан, немесе болашақ оқиғалардың жайын хабарлай сөйленген болса, сөйлем хабар сазды болады.

Жай сөйлем түрлері Құдайберген Жұбановтың пікірінше, Сөйлем мүшелері деген тақырыпта тек қана жалаң мен жайылма және толық сөйлем мен олқы сөйлем деп қарастырған. Жалаң сөйлемге негізгі мүшелер ғана (бастауыш пен баяндауыш) бар, айқындауыш мүшелері жоқ сөйлем деп ереже берген.

Сонымен қатар С.Аманжолов жалаң және жайылма сөйлемдерді жай сөйлемнің құрылымдық типтері емес, осы сөйлемдерді ішінен хабарлы, сұраулы, лепті, атаулы деп қарастырған. Сөйлемдердің түрлерін 2 бөлген: 1. Жай, құрмалас, 2. Жалаң, жайылма. Ал үйретіп жүрген мектеп бағдарламасында жалаң және жайылма, толымды, толымсыз, жақты, жақсыз және атаулы сөйлемдер жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне жатқызамыз. Соңғының өзі толымды, толымсыз болып әуелі екіге бөлінеді де, жақты, жақсыз деп тағы екіге бөлінеді. Бұлай бөлунішілік, жоғарыда біз айттық, таза формалды бөлу. Жалаң сөйлем ойды мейлінше, үнемі толық бере алмайды, біз оған толық қанағаттана қоймаймыз. Бұл қанағаттандырмағаннан кейін, жайылма сөйлемге, оннан кейін құрмаласқа көшіп отырмыз. Немесе, қатар бірнеше жалаң сөйлем қолданамыз. Кейбір пікірге, анықтамаға байланысты айтылған ойды жалаң сөйлем қанағаттандыра алады. Жалаң сөйлем қазіргі ұғымды екі сөзден құралады (бастауыш, баяндауыш). Бастауыш еңбек бөлінісі шыққанға дейін шықпаған, өте кеш шыққан. Олай болса, алғашқы жалаң сөйлем бір-ақ сөзден құралған. Егер бастауыш пен баяндауыштың үстіне басқа сөйлем мүшесі қосылса, жайылма сөйлем болып кетеді. Ал жалаң сөйлемге шылау қосылса, жайылма сөйлемге айналмайды, жалаң күйінде қалады.

Толымсыз сөйлем мен жақсыз сөйлемге тоқталғаннан кейін «Жай сөйлем түрлері» атты бөлімінде атаулы сөйлем туралы жазған. С.Аманжоловтың пікірінше, «атаулы сөйлем шығу (генетика) жағынан бірінші пайда болған» деп қарастырған.

Жалаң және жайылма сөйлемдерге берген ережелері қазірге оқытып жүрген ережемен сәйкес. С.Аманжоловпен салыстырсақ, Н.Сауранбаев жалаң және жайылма сөйлем түрлерін жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне жатқызып, «бастауыш пен баяндауыштан (не оның бірінен) құралған сөйлемді жалаң сөйлем» деп ереже берген. Ал «бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді жайылма сөйлем» делінген.

Н.Сауранбаев толымды және толымсыз сөйлемдерге ереже берген. Зертеушінің пайымдауынша, толымды сөйлем «ойға қатысты мүшелері түгел айтылған сөйлемді толымды сөйлем» деп атайды. Н.Сауранбаевтың ереже, мысалдары тура М.Балақаевтың ережелерімен сәйкес келеді. Ал толымсыз сөйлемге «ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдерді толымсыз сөйлем» деп ереже берген.

Н.Сауранбаев атаулы сөйлемге де ереже беріп, талдаған. Бірқатар сөйлемдер сараланған бастауыш пен баяндауыштан құралмай, тек бастауыш ыңғайындағы сөзден, сөз тіркестерінен құралады.

Сөйлемде ойға қатысты мүшенің қатысып тұрғанын, қатыспай тұрғанын айқындау қиын, бұл көбіне дерексіздікке әкеп соғады. Өйткені контекстен тыс тұрған сөйлем толымды, толымсыз екені белгісіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, біз «толымды» сөйлем деген ұғымның өзін шартты, салыстырмалы деп санаймыз.

Ж.А.Жақыпов өз еңбегінде толымсыз сөйлемге толық талдау жасап, оның жасалу жолдарын көрсеткен. Ж.Жақыповтың пікірінше, «толымсыз сөйлемдердегі тиісті мүшенің я мүшелердің қатыспай тұруының екі себебі бар: контекст және ситуация. Басқаша айтқанда, түсіп қалған мүшені контекст немесе ситуация арқылы тауып қоя аламыз».

Жай сөйлем синтаксисінің жеке сала болып қалыптасуына Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, т.б. еңбектері жай сөйлемнің құрылымдық типтеріне байланысты практикалық және теориялық маңыздылығын көрсетіп берді. Бұл зерттеулер жай сөйлемнің құрылымдық типтерінің жасалуын, оқытылуын айқындады.

Жалаң және жайылма сөйлемдерді оқытқанда қайталау, жинақтау, салыстыру әдістерін қарастырдық.

Жақты, жақсыз сөйлемдерге арналған тірек-сызбаларға сүйеніп, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін және жақсыз сөйлемнің баяндауышының формаларын таныту болады.

Толымсыз және толымды сөйлемдерді оқытқанда келесі әдістерді пайдалану тиімді және қызықты деп қарастырдық.

«Кубизм» стратегиясы. Кубизм стратегиясы да оқыту стратегиясына жатады. Кубизм өтілетін тақырыпты түрлі қырынан қарастыруға көмектеседі. Бұл стратегияда ойлау, оқу, жазу әрекеттері қатар жүреді. Шаршының көлемі 15-20 см . Шаршының әр бетінің аты болады. Оқушылар кубикті айналдырып, берілген тапсырмаларды орындайды.

Бірінші беті:«САЛЫСТЫРЫҢЫЗ». Венн диаграммасы арқылы ұқсастығы мен айырмашылығын тап. Толымды және толымсыз сөйлемдерді салыстыр.

Екінші беті: «АЯҚТАҢЫЗ».

Оқушыларға толымсыз сөйлемдер жазып беріп, оларды толымды сөйлемдерге жасап аяқтау тапсырылады.

1. Айжан кеше келді.

2. Әжем Астанада болды.

3. Мен оқушымын.

Үшінші бетте: «АНЫҚТАҢЫЗ».

Белгілі бірнеше толымсыз сөйлемді алып, олардан бірнеше үлгіде толымды сөйлем жасау.Үлгі:

1.Анам келді – Анам дүкеннен келді.

Анам кеше дүкеннен келді.

Анам кеше дүкеннен құрбысымен келді.

1. Асқар күлді.

2. Мұғалім тапсырды.

3. Оқушылар жүгірді.

Төртінші бетте: «СӘЙКЕСТЕҢДІРІҢІЗ».

Екі қатарға толымды, толымсыз сөйлемдерге сәйкес болатын мысалдар жазу, сызықша арқылы оқушылар қай сөйлем қай сөйлем түріне сәйкес екенін анықтайды.

Толымды Асан келді

Толымсыз Айгүл Астанадан ағасымен келді

Толымды Мұғалім емтихан сұрақтарын берді

Толымсыз Анам кеше дүкеннен кеш келді

Толымды Мен емтихан тапсырдым

Толымсыз Апам ертең қалаға бармақшы

Бесінші бетте: «СУРЕТТЕҢІЗ».

Әр заттың түріне, қасиетіне қарап суреттеукерек. Не болмаса сыныптағы оқушының мінезін, түр-әлпетін суреттеу.

Алтыншы бетте: «ТАЛҚЫЛАҢЫЗ».

Қолданыңыз не қарсы шығыңыз, өз ойыңызда тұрыңыз, дәлелдеңіз.

Атаулы сөйлемді мынадай жаңа әдістер арқылы оқытуға болады. Технологияларды пайдаланып, қазіргі заманауи талаптарға сәйкес интерактивтік тақтаны да қолданамыз.

1-кезең:

Атаулы сөйлемді оқытқанда қызығушылықты ояту үшін мындай қызықты тапсырмаларды беруге болады:

1. Қанша сөз табар екенсің?

2. Мына сөздерден атаулы сөйлем құрап көр. (тақтада әртүрлі әріптер беріледі)

2-кезең:

1.Құрылымы жағынан әр түрлі болып келген атаулы сөйлемдерге мысал жаз. Мысал мынадай міселелерді керек: а)мезгілдік, ә) мекендік, б)табиғат құбылысын білдіретін атаулы сөйлемдер.

3-кезең:

Жай сөйлемнің барлық түрлерін қатыстырып «Ұлттық ойындар» тақырыбында шағын әңгіме жаз. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.

Сабақ аяқталған соң, сабақты бекіту кезеңінде осы страетегияны қолдануға болады. Оқушылар сабақ бойында қандай жұмыс жасады, қандай нәтижеге жеткендерін өздері қорытындылау алады. Тақырыпты өтпей тұрып атаулы сөйлем туралы не білді? Атаулы сөйлемнің тек қана бір сөйлем мүшесінен тұрып затты жалпы түрде тек атауын білдіретін сөйлем. Ал енді оның басқа да жай сөйлемнің құрылымдық типтерінен қандай айырмашылық бар екенін сабақ барысында жаңа нәрсе етіп қабылдайды. Ал егер балалардың сұрақтары болып, күмәнданатын жағдайлары болса, оны мысалдар арқылы дәлелдеп түсіндіру міндетті. Түсініксіз жерлері болса да, қайталау арқылы түсіндіру.

1. Мәтінді оқи отырып, әр сөйлем тұсына белгі қойып отыру керек;

2. Мәтінді оқып болдыңыз, енді не туралы оқығаныңызды бір сәт елестетіңіз, бұған дейінгі білетіңізбен сәйкес келді әлде керісінше.

Осы әдістердің барлығын заманауи технологияларды пайдаланып көрсетіп, қолданамыз. Мысалы, әртүрлі схема, кестелерді, тапсырмалар, суреттерді интерактивті тақтада барлық оқушыларға бірдей бір уақытта көрсетіп уақыт үнемдеуге көмектеседі.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деген Елбасы жолдауына сүйенетін болсақ, мектептегі әрбір мұғалімнің жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан келер ұрпаққа қоғам талабына лайықты тәрбие мен білім беруде жаңа оқыту технологияларын зерттеу, оны білім саласына сәйкестіндіріп енгізу барысында, оның ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру – маңызды мәселелердің бірі. Осыған орай II бөлімінде жай сөйлемдерді оқытудың әдістемесі берілген. Зерттеушілердің пікірлеріне, тәжірибелеріне сүйеніп әдіс-тәсілдер берілді. Жаңа технологияның үлгілеріне талдау жасалып, олардың ерекшеліктері нақтыланды. Жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар жүйесі, әдіс-тәсілдер мен оқытудың негізгі бағыттары көрсетілген. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңа ғылыми-педагогикалық технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1.Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Рахметова С. 2005 ж.

2.Жалаң мен жайылма сөйлем //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы.-2007. №9. 30-31бет.

3.Жай сөйлемді оқыту мәселесінің зерттелу жайы. // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. - 2006. №8. 20-22бет.

ӘӨЖ 372.8

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мырзабекова А.Л.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр , Ж.А.Ташенев университеті
Үмбетиярова Аяжан
ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Педагогические аспекты управления начальной школой (педагогический менеджмент)*

Ключевые слова: *педагогический менеджмент, начальный класс, учебный процесс, педагогическая система.*

ABSTRACT:*Pedagogical aspects of primary school management (pedagogical management)*

Keywords: *pedagogical management, primary class, educational process, pedagogical system.*

Педагогика ғылымында мектепті басқару – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» -деп көрсеткен . Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік т?р?ыдан басқарудың объектілері болып табылады. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады”.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді. Әсіресе, мектептердегі тәрбиелік жұмыстың тәрбиенің қалыптасқан стереотипінің түбегейлі өзгеруімен, ондаған жылдар бойы қалыптасқан балалардың қоғамдық ұйымдарының (пионерлер, комсомол) жойылуымен, идеялардың түпкілікті ауысуымен қазіргі кезеңіндегі қиыншылықты ескерсек, басқарудың маңызы зор. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қиыншылық жағдай, білім берудің, қазіргі тәрбиелік процесті белсендіруді, оның жаңа түрлері мен әдістерін табуды, әсіресе, бұл процесті басқарудың басқа амалдарын табуды өте қатты қажет етеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Г.И. Щукинаның пікірі бойынша, басқару– мектеп ішіндегі “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Алайда басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту тек материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі. Материалдарда, көбінесе, негізгі идеялар мен тәжірибенің талдауы болмайды және оларды қолданудың кеңес-ұсыныстары берілмейді, оны енгізудің шарттары да көрсетілмейді. Ал кейбір жағдайларда, тұтас жұмыс жүйесі емес, керісінше, жекелеген тәсілдер ғана суреттеліп таратылады. Кейде, мектеп басшылары мен білім беру органдары үшін ешқандай тәжірибелік құндылығы жоқ көптеген материалдар жинақталады. М.М. Поташник былай дейді: ”Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті”. Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне. К.Я. Вазинаның пікірінше: ”Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі”.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер, мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

“Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез-келген “адам – адам” жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар басқарудың негізгі түріне бағынады – педагогикалық процесс субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі –жеткіншек жас ұрпақтар болып табылады. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі. Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. К.Д. Ушинский былай деп жазған: “Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ”. М.И. Кондаков: “Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарына бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады”, - дейді.

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. О.С.

Анисимов: “Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару – адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді” - деп, дұрыс айтқан.

Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі екенін бай?ау?а болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйенің арнайы құрылымын құруға, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлік және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп директоры, деңгейінде педагогикалық басқарудағы мұғалімдер практикалық қызмет-әрекеттеріндегі педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыру ретінде толығырақ көрінеді. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз еткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару теориясының объектісі –оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес болып табылады. Практиканың объектісі – мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект).

Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б.Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені к?бейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Осылайша, педагогикалық басқару практикалық іс-әрекет ретінде - ол педагогикалық ұжымының тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруы.

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;

- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру - ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Білімнің бұл саласының міндеттері – педагогикалық басқаруды зерттеу, оның теориялық және практикалық мәселелерін жете зерттеу, оны жетілдірудің ғылыми ұсыныстарын жасау. Сонымен қатар, педагогикалық басқару мектептің барлық жұмысымен қатар басқа жұмыстың түрлерін жоққа шығармайды. Білім беруді басқару теориясы ағарту саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына негізделеді.

Әдебиеттер:

1.Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. -А: Ғылым, 2002. 9-20 бб.

2.Тілеуова С. Жоғары мектеп педагогикасы. Шымкент. 2004.

3.Айтиева А. Жас мамандардың іскерлік, дағдыларын қалыптастыру //Қазақстан мектебі. 2003. №4, 15-17 бб.

ӘӨЖ 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚҰРАМА ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДАҒЫ МОДЕЛЬДЕУ

Мырзабекова А.Л.
Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр , Ж.А.Ташенов университеті
Халниязова Феруза
ПиК 20к2 тобының білім алушысы

АННОТАЦИЯ: *Моделирование при решении комбинированных задач в начальных классах*

Ключевые слова: *составные задачи, начальный класс, математика, методика преподавания математики.*

ABSTRACT: *Modeling in solving combined problems in elementary grades*

Keywords: *composite tasks, elementary grade, mathematics, methods of teaching mathematics.*

Әрбір есеп белгілі бір немесе бірнеше дидактикалық мақсаттарға жету үшін берілетіндігі түсінікті. Есеп дидактикалық мақсаты мен мазмұнына байланысты математикалық ұғымдарды қалыптастыруға, символикаларды меңгеруге, дәлелдеуге

үйретуге, білім және біліктілікті қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін арттыруға т.б. арналуы мүмкін. Оқытушы есеп шығарудың әр түрлі әдістерін (анализ және синтез, байқау арқылы танысу, жинақтау, модель құру, т.б.) жүйелі түрде үйренуі керек. Есеп шығару қандай мақсатқа бағытталса да мұғалімнің басты міндеті оқушылардың есеп шығару тәжірибесін молайту, оларды есеп шығаруға үйрету болуы тиіс. Мұғалім оқушыға шамадан тыс көмектесу керек деген қорытынды шығаруға болмайды. Мұндай жағдайда оқушыға жұмыстың аз үлесі тиеді де, есеп шығару тәдірибесін молайта алмайды. Керсінше, мұғалім көмегі өте аз болса, оқушы есеп шығаруға мүлдем үйрене алмайды.

Мұғалім сұрақ-жауап арқылы ақыл-кеңес бере отырып, оқушыны есеп шығарудың әр қилы сырына үйрете алады. Әр түрлі есептерді оқушыға үйрету үшін сұрақтар мен ақыл кеңестер жалпылама сипатқа ие болу керек.

- Есеп не туралы?
- Есепте не белгілі?
- Есепте тағы не белгілі?
- Есеп не сұрап тұр?
- Есепті неше амалмен шығарамыз?
- Есептегі негізгі сөздер қайсысы?

Қай сызбаны таңдаймыз? Деген сияқты сұрақтармен есепті оқушыға талдату керек. Есеп шығара білу қыры мен сыры мол, үзіліссіз тәжірибе арқылы келетін үлкен өнер екенін есте ұстау қажет. Есеп шығаруға бағыт, бағдар беретін ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасай отырып, озық тәжірибелі мұғалімдердің еңбектеріне сүйене келе, қандай да болмасын есепті шығаруды негізгі төрт кезеңге бөлуге болады:

- есептердің шарты мен талабын терең түсіну;
- есепті шығарудың жоспарын құру;
- жоспарды жүзеге асыру;
- есепті тиянақтау.

Көрсетілген кезеңдерге байланысты негізгі мәселелер төңірегінде кеңес берелік.

Цифровая педагогика также подразумевает разработку инновационных методик обучения, основанных на использовании современных технологий. Это может включать в себя использование виртуальной реальности, онлайн-лекций, интерактивных заданий, образовательных игр и т.д.

В целом, цифровая педагогика в университете направлена на создание инновационной образовательной среды, которая способствует развитию навыков цифровой грамотности, обеспечивает доступ к актуальной информации и повышает мотивацию студентов к обучению.

Одной из ключевых задач развития инфокоммуникационной инфраструктуры университета является интеграция уже существующих информационных систем, таких как управление учебным процессом, электронный архив, библиотечная система и прочие. Использование единой информационной платформы позволяет оптимизировать работу персонала, упростить доступ к информации студентам и повысить эффективность управления учебным заведением.

Развитие информационных систем вузов в Республике Казахстан происходит в нескольких направлениях.

Первое направление - внедрение современных технологий и систем для управления учебным процессом. Это включает в себя использование электронных учебных материалов, электронных журналов успеваемости, онлайн-тестирования и дистанционного обучения.

Второе направление - развитие информационных систем для управления учебными и административными процессами вузов. В рамках этого направления создаются системы для автоматизации преподавательской деятельности, планирования учебных нагрузок, контроля прохождения учебного плана, электронной регистрации и административного учета студентов.

Третье направление - разработка и внедрение информационных систем для научной деятельности вузов. Это включает в себя создание систем для хранения и обработки научных данных, системы управления исследовательскими проектами, а также системы для публикации и распространения научных статей и публикаций.

Однако следует отметить, что развитие информационных систем вузов в Казахстане является непрерывным процессом, который требует постоянного обновления и совершенствования. Вузы активно работают над созданием инновационных решений и сотрудничают с IT-компаниями и специалистами для внедрения современных информационных технологий в учебный и административный процесс.

Развитие инфокоммуникационной инфраструктуры университета также включает работу над созданием и внедрением новых интеллектуальных решений, таких как системы электронного обучения, распознавание и анализ данных, адаптивные платформы для обучения и т.д. Это позволяет учителям и студентам более эффективно использовать доступные ресурсы и инструменты для обучения и исследовательской работы.

Развитие инфокоммуникационной инфраструктуры университета в Казахстане является важной задачей современного образования. Существует несколько шагов, которые могут быть предприняты для создания новых интеллектуальных решений в этой области:

• Развитие беспроводных технологий. Установка точек доступа Wi-Fi на всей территории университета позволит студентам и преподавателям иметь безопасный и высокоскоростной доступ к интернету в любой точке кампуса.

• Создание единой централизованной системы управления. Это позволит унифицировать и автоматизировать процессы университета, такие как учебный процесс, управление библиотекой, административные процедуры и другие. Такая система позволит сократить временные и ресурсные затраты, повысить эффективность и улучшить качество образования.

• Внедрение электронных образовательных платформ. Это позволит студентам обучаться дистанционно в онлайн-формате, иметь доступ к базам знаний и учебным материалам, а также взаимодействовать с преподавателями и другими студентами через специализированные форумы и чаты. Электронные образовательные платформы также могут предоставлять инструменты для организации тестирования и оценки знаний.

• Внедрение системы электронного документооборота. Переход от бумажной формы документооборота к электронной позволит сократить бюрократические издержки и ускорить процессы управления и обработки документов.

• Интеграция облачных технологий. Подключение к облачным сервисам позволит университету хранить данные в безопасном и доступном формате, а также использовать возможности облачных вычислений для выполнения вычислительных задач.

Эти меры помогут создать современную и эффективную инфокоммуникационную инфраструктуру у, что повысит качество образования и способствует развитию новых интеллектуальных решений

Важным аспектом развития инфокоммуникационной инфраструктуры университета является создание и поддержка высокоскоростной и надежной сетевой инфраструктуры. Современное обучение и исследовательская деятельность требуют высокой пропускной способности сети, надежного доступа к интернету, а также современных средств связи и обмена информацией.

Для обеспечения качественной сетевой инфраструктуры университета в Республике Казахстан можно применить следующие подходы и меры:

-Планирование и проектирование: необходимо провести анализ потребностей университета в сетевой инфраструктуре и разработать детальный план и проект. Важно учесть количество и тип устройств, требования к скорости и пропускной способности, резервирование и безопасность сети.

-Расширение и модернизация сети: в зависимости от потребностей университета можно рассмотреть возможность увеличения пропускной способности и скорости сети, установку нового оборудования и модернизацию существующего. Также следует обратить внимание на использование современных технологий, таких как Wi-Fi 6 или 5G для обеспечения высокоскоростного интернета.

-Сетевая безопасность: с учетом увеличения количества устройств и потока информации в сети, необходимо обеспечить надежную защиту сети от внешних угроз. Вуз должен иметь сетевые механизмы фильтрации и блокировки, используя современные антивирусные программы, межсетевые экраны и системы обнаружения вторжений.

-Мониторинг и обслуживание: регулярный мониторинг и обслуживание сетевой инфраструктуры помогут выявлять и решать возникающие проблемы вовремя. Это может включать проверку работоспособности оборудования, обновление программного обеспечения и операционных систем, а также резервное копирование данных.

-Обучение персонала: обеспечение качественной сетевой инфраструктуры требует наличия опытных и квалифицированных специалистов. Поэтому важно организовать обучение и повышение квалификации персонала, чтобы они могли эффективно управлять и поддерживать сеть.

-Сотрудничество с внешними поставщиками: в зависимости от потребностей и бюджета университета, может быть целесообразно заключить партнерские отношения с внешними поставщиками сетевого оборудования и услуг. Это может облегчить процесс обновления и поддержки сетевой инфраструктуры.

Внедрение этих подходов и мер позволит обеспечить качественную сетевую инфраструктуру университета в республике Казахстан и создать комфортные условия для обучения и исследовательской работы студентов и сотрудников.

Современные технологии позволяют создавать и использовать разнообразные цифровые образовательные ресурсы. Развитие таких ресурсов позволяет увеличить доступность образования, предоставить возможность дистанционного обучения, включая онлайн-курсы и вебинары. Разработка и поддержка цифровых образовательных ресурсов должны быть включены в планы развития инфокоммуникационной инфраструктуры университета.

В Республике Казахстан наблюдается активное развитие цифровых образовательных ресурсов для университетов. Вузы стремятся создать и предоставить доступ к различным онлайн-платформам, электронным библиотекам, виртуальным кабинетам и курсам, которые расширяют возможности студентов в обучении и проведении исследований.

Множество вузов имеют собственные электронные платформы, где студенты могут получать доступ к лекциям, заданиям, материалам для самостоятельной работы и другим образовательным ресурсам. Некоторые платформы также предлагают межуниверситетские проекты, сотрудничество с другими учебными заведениями и возможность общения с преподавателями и другими студентами.

Для повышения доступности ресурсов вузы также активно работают над развитием доступа к сети интернет в студенческих общежитиях и на учебных площадках. Кроме того, многие ресурсы доступны через мобильные приложения, что облегчает использование ресурсов студентами на мобильных устройствах.

Однако, несмотря на все меры, студентам ресурсы не всегда доступны. Некоторые вузы сталкиваются с ограниченным финансированием, что может затруднить развитие и обновление цифровых образовательных ресурсов. Кроме того, инфраструктурные проблемы, отсутствие стабильного интернет-соединения и недостаточная осведомленность студентов об доступных ресурсах могут создавать преграды для использования этих ресурсов.

В целом, развитие цифровых образовательных ресурсов для университетов в Республике Казахстан продвигается вперед, и вузы активно работают над улучшением доступности этих ресурсов для всех студентов.

Заключение:

Развитие инфокоммуникационной инфраструктуры университета играет важную роль в повышении эффективности образовательного процесса и доступности образования. Интеграция информационных систем, создание интеллектуальных решений, обеспечение высокоскоростной сетевой инфраструктуры и развитие цифровых образовательных ресурсов - все это является неотъемлемой частью успешного функционирования и развития учебного заведения. Важно постоянно отслеживать новейшие технологии и осуществлять постоянное развитие и модернизацию инфокоммуникационной инфраструктуры университета для обеспечения качественного образования.

Әдебиеттер тізімі

1. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов. Уч.-мет. пособие. − Алматы: КазНПУ, 2006. − 136 с.

2. Восторкнутов И.В. Теория и технология оценки качества программных средств образовательного назначения: дисс. ... докт.пед.наук : 13.00.02. − Москва, 2002. − 387 с.

3. Гриншкун В.В. Развитие интегративных подходов к созданию средств информатизации образования: автореф. ... докт.пед.наук: 13.00.02 − М., МГПУ, 2004. − 48 с.

4. Ахметова Г.Б. Методология и технология формирования сетевой готовности будущих специалистов: автореф. ... докт.пед.наук: 13.00.02. − Алматы, 2009. − 37 с.

5. Курманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования: автореф. ... докт.пед.наук: 13.00.02. − Алматы, 2002. − 46 с.

6. Нургалиева Г.К. и др. Педагогические технологии информатизации образования – Алматы: РЦИО, 2015. −268 с.

7. Джусубалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентовв условиях дистанционного обучения: дисс. … д.п.н., Алматы, 1997.-190с.

8. Роберт И.В. Теоретические основы создания и использования средств информатизации образования: автореф…. докт.пед.наук:13.00.02. − М., 1994. − 54 с.

9. Gul Nurgalieva, Almira Tazhigulova, Elena Artykbayev; Gulnara Akhmetova, Ainur Arystanova. Pedagogical technology of using ebooks in Kazakhstan Tecnología pedagógica del uso de libros-e en Kazajastán //Espacios. - 2019. – Vol.40 (Number 12). – p.27

10. Ахметова Г.Б. и др. Сетевое взаимодействие будущих педагогов в условиях онлайн обучения //Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана –2022. -3 (66). – с. 133-143

11. Тажигулова А.И. и др. /First results of using the digital educational resources of the e-learning system in the Kazakhstan schools /Life Science Journal-Acta Zhengzhou University Overseas Edition. Life Sci J - 2014; - 11(5s): p. 228-230

12. Тажигулова А.И. и др. /Электронное обучение. Руководство по применению и внедрению в вузе /Проект ЕС Темпус «Внедрение менеджмента качества электронного обучения (e-Learning) в вузах Центральной Азии». Костанай: ТОО «Центрум», 2016. – С.121-129.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР МЕН ҚАЗЫБЕК БИ ЗАМАНЫ

Мамыт А.А.
«Тілдер және әдебиет» кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Байназар А:С.
ФИ 20-1к оқу тобының студенті
Tashenev University, Шымкент қ.
amangeldi_65@bk.ru

Аңдатпа:Мақалада Қазыбек би Келдібек ұлының шешендігі мен оның заманы, жалпы қазақ шешендік өнерінің көркемдік табиғаты ғылыми зертеледі. XYIII ғасырдағы шешендік өнердің қоғамдық қызметі талданып, қорытындыланған.

Түйін сөздер: шешендік өнер, заман, қоғам, сөз құдіреті, келісім, бітім

Аннотация:В статье научно исследуются красноречие и эпоха Казыбека би Келдибекулы, художественная природа казахского ораторского искусства в целом. Проанализирована и обобщена общественная деятельность ораторского искусства XVIII века.

Ключевые слова: ораторское искусство, эпоха, общество, сила слова, согласие, перемирие

Annotation:The article scientifically examines the eloquence and the era of Kazybek bi Keldibekuly, the artistic nature of Kazakh oratory in general. The public activity of the oratory of the XVIII century is analyzed and summarized.

Keywords: oratory, epoch, society, power of speech, accord, truce

Шешендік өнер XYII – XYIII ғасырларда қазақ халқының қоғамдық өмірінде ерекше мәнге ие болды. Бейбіт күнде ағайын арасындағы дау-жанжалды шешкен, ел басына күн туған жаугершілік заманда ынтымақ пен бірлікті сақтап, батырларға жігер берген би-шешендер еді. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы әділ билік айта білген шешендер төрелік, қазылық жасауды ғана жолға қойған жоқ, халықтың рухани дертін емдеп жазатын

дәрі болар айшықты да астарлы сөздерді дамытты деген ой түйеді [1,315]. Демек, хандық дәуірдегі тіліміздің көркемдік тұрғыдан өркендеуіне, қазақ халық әдебиеті поэтикасының биік деңгейге жетуіне айрықша еңбек сіңірген өнерпаздардың алғашқы легі – ақын-жыраулар деп танысақ, содан кейінгі сөз маржанын ой тереңдігімен көмкерген дарын иелері – шешендер.

Сондай есімі елге мәлім шешендер қатарында Қазыбек би Келдібекұлын аты аталады. Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы кезеңінде ержүрек елші, парасатты бітімгер, қызыл тілдің көрігін қыздырған ділмар ретінде тарихта қалған. Ел аузындағы аңызға қарағанда, буыны қатпаған Қазыбек би өзінің балаң шағында, яғни он үш жаста Тайкелтір бастап барған қазақтың елшілерімен бірге қалмақтың билеушісі Қонтажымен кездеседі. Осы сапарда ол жас болса да сөзді кесіп айтар шешендігімен айрықша көзге түседі. Қазыбектің өжеттілігі мен ерекше тапқырлығы нәтижесінде қазақ елшілігі дегеніне жетіп, шапқыншылар тұтқынға алған адамдары мен қолды болған малдарын кері қайтарып алады. Осы ақжолтай сапарында Қазыбек Келдібекұлы өзінің шешендік келбетін өмір бойы айшықтайтын «қаз дауысты» атына ие болады. Қазыбек бидің елшілік қызметін Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде өте жоғары бағалап жазады. Қазақ ұлттық шешендік сөздерінің ерекшелігі мен би деген лауазымға ие болудың шарттары туралы сол XIX ғасырда ғалым айқындап берген. Шоқан Уәлихановтың көрсетуіне қарағанда, би атану үшін жалпы халықтық сайлау өткізу не болмаса билеуші үкіметтің бекітуі түк те қажет емес. Қазақтың ежелгі ғұрпы мен салт-дәстүріне жетік әрі өрнекті сөзге жүйрік шешен адам ғана осынау құрметті лауазымға өзінің көпшілік алдындағы беделімен жететін болған. Би деген атаққа ие болу үшін қатаң талаптардың бірі елдің құқықтық заң жоралғыларына жетік болуы тиіс. Ең бастысы қызыл тілге шешен, зерделі ой мен парасатты пайымға қабілетті екендігін көпшілік сыннан өткізуі қажет. Ол үшін сан мәрте ел алдында өз дарындылығын дәлелдеуі керек болады. Мұндай қабілетке ие адамдардың есімі жалпақ жұртқа тез тарап, халықтың лайықты бағасын иеленеді. Елдің осы сенімі би атандырады және төрелік айтуға патент болып табылады [2,56].

Қазыбек би бабамыз да талай рет сыналып, қиын сәтте жол тапқан, туған халқының әспеттеуімен Қаз дауысты атанып, «қара қылды қақ жарған» әділ билік айтқан.

Қазыбектің қалмақ ханына елшілікке барғандығы тарихта да айтылады. Онда Қазыбектің сөзінен үзінді келтіріп былай деп қорытады: «Тәуке ханның елшісі белгілі Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан сөзінің әрі білім аларлық, әрі көркемдік зор мәні бар». Қалмаққа қазақ елінен елші болып Қазыбек бір емес, үш рет барған. Соңғы сапарында ол бұдан былай тату тұруға қалмақпен келісім жасайды және «Даудың артын қыз байлайды, судың артын шым байлайды» деп баласына қалмақтан қыз алып, құда-жегжат болып қайтады. Осымен екі ел арасында шапыншылық тоқтап, уақытша тыныштық орнайды [3,46].

«Шешеннің шешендігі сөзді шиырлап сөйлей беруде емес, аз сөзге көп мағына сыйдыруында, айтар ойын жүйелеп, қиыстыра жеткізе білуінде, айтқыштығында, тапқырлығында» [4,401].

Қазақ шешендік сөздері жанрлық белгілеріне қарай іштей бірнеше түрге жіктеледі. Олар: шешендік дау, шешендік толғау, шешендік арнау.

Шешендік арнау дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді, халықтың көңіл-күйін бейнелейді.

Шешендік толғау дегеніміз – халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді. Көп жасаған қарттардың жас ұрпаққа өсиеті айтылады. Шешеннің үрім-бұтағына жеткіншектерге айтар ақылы насихаты толғау деп аталады. Шешендік толғауларда халықтың мұң-мұқтажы, асыл арманы айтылады. Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулаттың толғаулары сөзіміздің дәлелі бола алады.

Шешендік дау – заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді. Дау барысында адамның ары, намысы қорғалады, ел мен елдің арасында елшілік келісім болады. Ол елдің дербестігін, жердің бүтіндігін қорғайды.

Шешендік сөздер, ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша туып қалыптасқан әрі ауызша таралған. Сондықтан оның құрылымдық, мазмұндық ерекшелігінде де ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне тән жалпы ұқсастықтар мен өзгешеліктер бар. Ол жөнінде

шешендік сөздерді зерттеуші Б.Адамбаев: «Қонақта немесе бір мәселені талқылау үстінде отырып көп жасаған кәрі құлақты, тәжірибелі адамдардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талантты жастар, өнер қуған қыз-бозбала жаттап алып жүрген-тұрған жерлерінде, ас-тойларда, ойын-сауықтарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай өңдеп, өзгертіп, жамап-жаңғыртып отырған» [1,54], - деп жазады.

Шындығында, шешендік сөздердің жанрлық топтарға жіктелуінде де өзіндік ортақ заңдылық бар. Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы, бейнелілік сипаты, көркемдігі, ұтымдылығы және қандай жағдайда, нендей мәселеге байланысты айтылатындығына сәйкес іштей жіктеледі. Жоғарыдағы жіктелісі соның айқын дәлелі. Дегенмен, шешендік сөздердің нақты анықтамасын ескермей, толғау жырдың немесе арнау сөздің барлығын аталған жанрға жатқызу қателікке ұрындырады. Сонымен қатар, шешендік сөздердің алуан түрлерін дау үстінде айтылған кесім сөзімен (билер сөзі) шектеу де дұрыс емес. Осыдан келіп, шешендік сөздерді құрылымдық және мазмұндық, тақырыптық талаптар тұрғысынан топтастырудың қажеттілігі туындайды.

Шешендік сөздер құрылыс-қалпы, ырғақ-әуендері жағынан да екі салаға бөлінеді. Олар: ырғақты қара сөзге құрылған пернелі сөз және белгілі бір өлшемі бар жыр түріне құрылып, ерікті өлең түрінде де кездесетін термелі сөздер. Алайда, мұнда да тармақтарды түйдек түрлеріне тән ерекшелік ретінде қарастыруға болады.

Қазақ шешендік сөздерінің ішінде көп қолданысқа ие болып, үнемі жаңғырып, жаңарып, даму үстінде келе жатқан түрі – шешендік арнаулар. Шешендік арнау сөздер шығу тегі жағынан, көп жағдайда, аңыз әңгімелерге жақын болып келеді. Ел арасында шешендік арнаулар ақындар, жыраулар, билер мен шешендер шығармашылығында мол орын алып, нақты жағдайға байланысты туып, қалыптасып отырған. Б.Адамбаев шешендік арнауға мынадай анықтама береді: «Белгілі бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл және бата (тілек) сөздерді шешендік арнау дейміз.

Жаңалық пен жақсылыққа «құтты болсын» айту, қаза мен қайғыға «Арты қайырлы болсын» деп көңіл айту қазақтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы. Келгенде «қош келдіңіз» деп қарсы алу, кетерде «жолыңыз болсын» деп шығарып салу жаңа салтымызға да жат емес. Жақсы лебіз – жарым ырыс деп тілектестік сөзді жоғары бағалаған халқымыздың бата-тілегін бейнелейтін шешендік сөздердің неше алуан нұсқалары бар. Қазақ халқы «ас адамның арқауы», «Астан ешкім үлкен емес» деп заттық игіліктің адам өміріндегі шешуші мәнін дұрыс түсінген де астың алды-артында жақсы тілек, игі ниеттерін білдіретін болған. Мұндай батаға біреу мақтанса, біреуі үміттенеді. Үміт – талаптың жетекшісі, талап – табыс кілті. Олай болса, осындай бата-тілектің негізінде халықтың оптимистік ой-арманы, болашақтан күткен үміті жатады» - дей келіп, игі тілек, жақсылық тілеу, бата беру мақсатында айтылатын шешендік сөздердің барлығында шешендік арнау табиғаты, белгілері сақталғандығын ерекше атап көрсетеді.

Түйіндей айтқанда, шешендік сөздер өзінің сан ғасырлық әшекейі – бейнелілік, образдылық қуатын ешқашанда жоймайды. Шешендік – бейнелі сөзбен ғана өз мәнінде, адам баласының рухани сұранысын, эстетикалық талғамын қанағаттандыра алады.

Қазыбек би – шешендік сөздерді тақырыптық тұрғыдан байытып, мазмұндық жағынан тереңдетіп қана қоймай, оның көркемдігіне, үйлесімділігне де ерекше мән берген, жанрлық тұрғыдан шешендік толғау, шешендік дау, шешендік арнау түрлерін өз шығармашылығында барынша дамытқан. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. –Алматы: Жалын, 1989. – 319 б.
2. Төле би. // Оратлық Қазақстан. 1991. 19 қараша.
3. Бабалар сөзі – даналық көзі (Құрастырушы О.Исмайлов). –Алматы: Білім, 1996. –186 б.
4. Баласағұни Ж. Құтты білік (Аударған А.Егеубаев). —Алматы: Жазушы, 1986. –616 б.
5. Қаз дауысты Қазыбек // Орталық Қазақстан. 1991. 23 қараша.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЫЛЫҚ(AR) ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЫЛЫҚ(VR) ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ

1Кошанова Д.К., 2Ермекбай Қ.С., 3Сейсенбай А.Қ., 4Амеркулова А.М.
1Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, магистр,
koshanova.d.k@gmail.com,
2,3,4Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, karakatyermekbay@gmail.com,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Инклюзивті білім беру қазіргі білім берудің ең күрделі аспектілерінің бірі болып табылады. Десекте, соңғы жылдары инклюзивті білімге қол жеткізудегі басты мәселе оқу процесін мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне бейімдей алатын заманауи құралдарды іздеу болды.Арнайы білім беру саласындағы зерттеулер ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін цифрлық тенологияны пайдалану олардың оқу процесін жеңілдетуге көмектесетінін көрсетіп отыр. Бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу процесін жақсарту мақсатында виртуалды шынайылық (VR) және толықтырылған шынайылық (AR) технологиясын пайдалану мүмкіндігіне шолу жасалынды. Инклюзивті білімге VR және AR енгізудің артықшылықтары талданды, кемшіліктері көрсетіледі және осы технологияларды оқу ортасында сәтті жүзеге асырудың болашақтағы тенденциялары қарастырылды.

Түйін сөздер:инклюзивті білім беру, толықтырылған шынайылық(AR), виртуальды шынайылық(VR), мобильді қосымшалар,оқытудың заманауи технологиялары.

Аннотация

Инклюзивное образование является одним из наиболее сложных аспектов современного образования. Поэтому в последние годы основной проблемой достижения инклюзивного образования является поиск современных инструментов, позволяющих адаптировать процесс обучения к потребностям детей с ограниченными возможностями. Исследования в области специального образования показывают, что использование цифровых технологий для учащихся с особыми потребностями могут помочь облегчить процесс обучения. В этой статье рассматривается потенциал использования технологий виртуальной реальности (VR) и дополненной реальности (AR) для улучшения обучения детей с ограниченными возможностями. Проанализированы преимущества внедрения VR и AR в инклюзивное образование, указаны недостатки и рассмотрены будущие тенденции успешного внедрения этих технологий в образовательную среду.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дополненная реальность(AR), виртуальная реальность(VR), мобильные приложения, современные технологии обучения.

Abstract

Inclusive education is one of the most challenging aspects of modern education. Therefore, in recent years, the main challenge of achieving inclusive education has been finding modern tools to adapt learning to the needs of children with disabilities.Research in the field of special education shows that the use of digital technologies for students with special needs can help facilitate learning. This article examines the potential of utilizing virtual reality (VR) and augmented reality (AR) technologies to enhance learning for children with disabilities. The benefits of incorporating VR and AR into inclusive education are analyzed, the drawbacks are outlined, and future trends in the successful implementation of these technologies in educational settings are discussed.

Keywords: inclusive education, augmented reality(AR), virtual reality(VR), mobile applications, modern learning technologies.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға ерекше орын бөлінген. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік негізделуі мен бейімделуіне, қоғамда толыққанды өмір сүруіне дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Елімізде инклюзивті білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешу бойынша мынадай мақсаттар қолға

алынуда: инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару; барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету; және ерекше қажеттігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең білім алуға қолжетімділігін ұйымдастыру. Анығырақ айтқанда, инклюзивті білім беру әр баланың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алу құқығына баса назар аударады.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру саласында ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы артып жатыр. Халықаралық зерттеу базаларында (Scopus.com, Google Scholar) жүктелген зерттеу нәтижелерін қарасақ, 2019-2023 жылдар аралығындағы ғалымдардың инклюзивті білім беруде AR және VR технологиясын қолдану тақырыбында жүргізілген зерттеулер саны көрсетілген. Байқап қарасақ, жыл сайын осы тақырыпта жүргізілген зерттеулердің маңыздылығы артып, қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. 2019 жылы зерттеулер саны 32-ні құраса, 2023 жылы бұл статистика екі есе өскен және бұл төмендегі Сурет 1 де көрсетіледі.



1-сурет.Инклюзивті білім беруде AR және VR технологиясын қолдану тақырыбында жүргізілген зерттеулер саны.

Бұл жазылған мақаланың негізгі мақсаты виртуалды және толықтырылған шынайылық арқылы жасалған технологиялардың инклюзивті білім беру саласындағы маңызын анықтау. Әдістемелік зерттеуіміз қойылған мақсатымызға сәйкес төменде көрсетілген сұрақтардың жауабын табуды көздейді:

(a Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін AR және VR технологиялары білім беруде қандай артықшылықтар береді?

(b) Инклюзивті)

білім беруде қандай нақты толықтырылған және виртуалды шынайылық қосымшалары қолданылады?

Зерттеу әдістері

Осы зерттеу аясында жүргізілген әдебиеттерді шолу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен зерттеу мақалаларының көздері (IEEE, Google Scholar, Science Direct және Web of Science) және іздеуге арналған кілт сөздер (“инклюзивті білім беру”, “толықтырылған шынайылық”, “виртуальды шынайылық”, “мобильді қосымшалар”) анықталды. Табылған мақалалар "табылған зерттеулер"деп белгіленді. Екіншіден, зерттеу сұрақтарына сәйкес келетін мақалаларды табу үшін мақалалардың атаулары мен тезистері сканерленді. Ақыр соңында, зерттеу сұрақтарына сәйкес бүкіл мақаланың кіріспесі мен мазмұнын мұқият оқып шыққаннан кейін, мақалалар "таңдалған зерттеулер"ретінде сақталды.

Зерттеу нәтижесі

a. Арнайы білім беру қажеттіліктерінің әртүрлі деңгейлері бар оқушыларға AR және VR технологиялары білім беруде қандай артықшылықтар береді?

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың көпшілігі жаңа және дамып келе жатқан технологияларға ашық және оптимистік көзқараспен қарайды. Екі технология да білім беру саласында біртіндеп енгізіліп жатқанымен, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ойлану маңызды. Мысалы, AR-ға қатысты жақында жүргізілген жүйелі шолу электрондық оқытуда AR пайдаланудың негізгі артықшылықтарына кинестетикалық

(тактильді) оқытуды қолдау, бірлескен оқыту, қашықтықтан оқыту, оқушыға бағытталған оқыту және шығармашылық оқыту кіретінін көрсетті. Зерттеулер сонымен қатар AR білім алушылардың белсенділігін, мотивациясын, назарын, интерактивтілігін, ауызша қатысуын, зейінін шоғырландыруды, білімді сақтауды және кеңістіктік қабілеттерін, сондай-ақ ақпараттың қолжетімділігін арттыратынын хабарлады. Электрондық оқытудағы AR-мен байланысты қиындықтарға мынадай техникалық мәселелер жатады: ақпараттық және когнитивті шамадан тыс жүктеме, технологияны пайдалану тәжірибесінің болмауы, мұғалімдер тарапынан қарсылық, күрделі технология, қымбат технология және қосылу мәселелері[1]. Сонымен қатар, мета-аналитикалық зерттеулер 3D виртуалды орталары мен толықтырылған шынайылық қолданбалары оқу жетістіктеріне орташа әсер ететінін көрсетті[2]. Мысалы, кейбір зерттеулер білім алушылардың AR тәжірибесін жобалауы тәуелсіз ойлаудың, шығармашылықтың және сыни талдаудың жоғары деңгейіне әкелетінін көрсетті. Арнайы білім беру саласында AR күнделікті өмір сүру дағдыларын және тілді ақыл-ойы бұзылған білім алушыларға үйрету үшін өзінің пайдалы екендігін дәлелдеді және соқыр білім алушыларға тактильді қабылдауды қамтамасыз ететінін көрсетті[3]. AR инклюзивті білім беру саласына барған сайын жаңалық ашу және тәжірибе арқылы оқытуды ынталандыру үшін көбірек енгізілуде.

Білім берудегі толықтырылған шынайылық қолданбаларының түрлері

Юэн білім беруге арналған AR қосымшаларын бес түрге бөледі, атап айтқанда:

Discovery-Based Learning (DBL)	Discovery-Based Learning (DBL) білім алушыларға қызықты нүктелерге назар аудара отырып, бір уақытта нақты әлемдегі орындарға қатысты қосымша түсініктер беру үшін құнды тәсіл ретінде қызмет ете алады.
Объектілерді модельдеу (ОМ)	Объектілерді модельдеу (ОМ) қызметтік бағдарламаны объектілерді модельдеу қолданбаларында табады. Қолданбаның бұл түрі білім алушыларға әртүрлі көзқарастардан белгілі бір элементтің пайда болуына қатысты жылдам көрнекі кері байланысты алуға көмектеседі.
AR кітаптары	AR кітаптары сандық және физикалық оқыту арасындағы айырмашылықты жояды, екеуін біркелкі біріктіреді. Бұл толықтырылған шындық кітаптары білім алушылар үшін 3D виртуалды дисплейлер мен интерактивті кездесулерді ұсынады.
Ойынға негізделген оқыту (GBL)	Ойынға негізделген оқыту (GBL) білім беру құралы ретінде пайда болған бейне ойындарымен айтарлықтай өсудің куәсі болды. Демек, мұғалімдер оқушыларға күрделі ұғымдарды жеңілдету үшін ойындарды жиі пайдаланады.
Дағдыларды оқыту	Дағдыларды оқыту – кеңейтілген шынайылық (AR) қолданбалары ұсынатын иммерсивті виртуалды контекстке байланысты айтарлықтай уәде беретін домен.

b.Инклюзивті білім беруде қандай нақты толықтырылған және виртуалды шынайылық қосымшалары қолданылады?

Виртуалды шынайылық (VR) және толықтырылған шынайылық (AR) - адам мен компьютердің өзара әрекеттесуінің жаңа формаларын қамтамасыз ететін және салалары қарқынды дамып келе жатқан технологиялар. Бұл технологиялардың басты айырмашылығы - VR пайдаланушыны толығымен синтетикалық ортаға батырады, яғни пайдаланушы айналасындағы нақты әлемді көре алмайды, ал AR шынайылықты толықтырады және пайдаланушыға құрастырылған виртуалды нысандармен шынайы әлемді сезінуге мүмкіндік береді [4].

Толықтырылған және виртуалды шынайылықты білім беру саласында пайдалану оқу құралы ретінде айтарлықтай артықшылық береді. Толықтырылған шынайылық ақпаратты кішкентай, үлкен, жылдам және баяу нысандарды көрсетуге қабілетті және көзбен анық көруге болатын көрнекі пішінге өзгерте алады, осылайша білім алушылар оқуды түсінуге оңай көрнекі түрде алады. Толықтырылған шынайылық мазмұнымен білім алатын білім

алушылар толқындық материалды оңай түсінуге бейім. Сонымен қатар, көруге қиын объектілерді, мысалы, адам мүшелері мен ұқсас объектілерді визуализациялауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ AR оқыту мен оқу процесін сынып сағаттарымен немесе аудиториялармен байланыстырмайды, өйткені білім алушылар оқу материалын кез келген жерде және кез келген уақытта оқи алады.

Ерекше қажеттілігі бар балалардың түрлеріне қарай жасалған қосымшаларға тоқталып өтсек. Инклюзивті білім қабылдайтын балалар соның ішінде құлағында кемістігі бар балаларға сөздердің айтылуын үйренуге көмектесетін білім деңгейін қалыпты балалар қатарына қосуда барынша көмектесетін AR жүйелерімен қамтылған мобильді “Word & Sign”, “ArSL” қосымшасы.



2-сурет. Word & Sign (A), X-Road (B) қосымшалары

Word & Sign(2-сурет.А), AR мобильді қосымшасы есту қабілеті бұзылған араб балаларына тілдік дамуында көмектесуге арналған.Толықтырылған шынайылық (AR) технологиясы көрнекі қабылдауды жақсарту үшін нақты әлемді виртуалды көріністермен байытады. Бұл қосымшада бала тапсырмаларды орындау арқылы мынадай ерекшеліктерді байқайды.bӘрбір тапсырма үшін балалардан басылған мәтінді бейнелермен, суреттермен, ArSL немесе саусақ емлесімен байланыстыру ұсынылады. Тапсырмаларда қолданылған мәтін бастауыш сынып оқушыларына арналған бастапқы курстық құралдан таңдалды, ал қолданылған сөздер тек сабақтарында қамтылған сөздерді қамтиды. Оқу мен тәжірибенің әсерін азайту үшін 16 қосалқы тапсырманы құрайтын барлығы 16 түрлі сөз таңдалады. Осы тапсырмаларды орындау арқылы білім алушы сабақты толықтай меңгеріп, түсініп шығады [5].

Құлағында кемістігі бар балаларға білім беру жүйесіндегі AR жүйелерімен қамтылған мобильді қосымшасының қаншалықты маңыздылығын жоғарыда атап өттік, ал енді көзі нашар көретін адамдар үшін VR жүйесіндегі технологиялардың біреуіне тоқталып кетсек. О8М нұсқаушыларымен бірлескен дизайн тәсілінде франция ғалымдары Лорен Тевин, Кэрин Брайант, Анке М.Брок О8М сыныптары үшін X-Road **(2-сурет.В)** деп аталатын қолжетімді VR жүйесін әзірледі. Смартфонды және Bespoke басаспасын пайдалана отырып, X-Road визуалды және дыбыстық кері байланысты қамтамасыз етеді және пайдаланушыларға нақты әлемдегідей ғарышта қозғалуға мүмкіндік береді. Көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жүргізілген зерттеуде X-Road классикалық О8М тапсырмаларын оқытуға және үйренуге тиімді балама болып шықты және білім алушылар да, нұсқаушылар да бұл технологияға ынталы болды [6].

Қорытынды

Инклюзивті білім беру технологияларының әсері терең, білім берудің дәстүрлі шекарасынан асып түседі және анағұрлым инклюзивті, қолжетімді және тең оқу ортасына жол ашады. Технология дамып келе жатқанда, оның әртүрлілікті дамытудағы, оқушыларға мүмкіндік берудегі және білім беру тәжірибесін жақсартудағы рөлі одан сайын айқынырақ болады. Инклюзивті білім беру технологияларының әлеуетін қолдану және барынша арттыру – бұл тек технологиялық прогресс мәселесі емес, бұл әрбір оқушы өзінің ерекше қабілеттері мен жағдайларына қарамастан дами алатын болашақты құру міндеттемесі.

Қорытындылай келе, толықтырылған шынайылық пен виртуалды шынайылық барлық білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын, анағұрлым инклюзивті және әділ білім беру тәжірибесін дамытатын динамикалық, бейімделгіш және тартымды оқу орталарын құру арқылы инклюзивті білім беруде төңкеріс жасау мүмкіндігіне ие.

Әдебиеттер тізімі

1.Espinosa-Castaneda, R.; Medellin-Castillo, H.I. Virtual haptic perception as an educational assistive technology: A case study in inclusive education. *IEEE Trans. Haptics* **2021**, *14*, 152–160.

2. Akhutina, T.; Foreman, N.; Krichevets, A.; Matikka, L.; Narhi, V.; Pylaeva, N.; Vahakuopus, J. Improving spatial functioning in children with cerebral palsy using computerized and traditional game tasks. *Disabil. Rehabil.* **2003**, *25*, 1361–1371.

3. Mirliss, D. Preparing future teachers: Taking the perspective of diverse learners through virtual world role-play. *Int. J. GamingComput.-Mediat. Simul.* **2014**, *6*, 15–29.

4. Bower, M.; Howe, C.; McCredie, N.; Robinson, A.; Grover, D. Augmented reality in education-cases, places and potentials. *Educ. MediaInt.* **2014**, *51*, 1–15.

5. Al-Megren, S., &Almutairi, A. (2019). Analysis of user requirements of a mobile augmented reality application to support literacy development of hearing impaired children. Journal of Information and Communication Technologies, 18(1), 97-121.

6. Lauren Thevin; Carine Briant; Anke M. Brock. X-Road: Virtual Reality Glasses for Orientation and Mobility Training of People with Visual Impairments, 2021, 7,1-47.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА! СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бүркіт Ә.Қ.
«Математика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы
Урмашев Б.А.- х.ғ.к., доцент
Абдезов М.- директордың орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік қазақстан университеті
Тәшенев атындағы университеті
Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернаты, Ленгір қ., Шымкент, Қазақстан
Kyran571@mail.ru

Аннотация:Данная статья включает материалы, характеризующие о студенческой жизни в университете, а также о современных специальностях, в том числе, как «Информатика, IT и робототехника, прикладная математика-физика и мехатроника».

Это статья рассчитано на широкий круг абитуриентов, родителей, а также читателей: ученых, преподавателей, магистрантам, докторантам, студентам Вузов.

Кілттік сөздер: педагогика, школа, ВУЗ, информационная технология, метод, методика, обучение, роль.

Annotation:The materials, which characterize his life, work experience, scientific, methodical and other established works were presented there. Among them, a short essay on the

life and work is given in Kazakh, Russian and English languages, and publication-in the original language. For teachers - sceientist, students, readership, doctors (PhD), magistrant (masters).

Keywords: pedagogica, school, Information technologies, method, method's, education, role.

1941 жылдың маусым айының 22 күні Кеңес мемлекетінің шекарасына Герман фашистері тұтқиылдан, соғыс жарияламастан шабуыл жасады. Жау жағының басымдығына қарамастан, шекарашылар, Брест қорғаушылары теңдессіз ерлік жасады. Бұл соғыс КСРО тарихына Кеңес елінің Ұлы Отан соғысы деген атпен енді. Кеңес халқына өз елін сақтап қалу қажет болды. Кеңес елі тарапынан әділетті, өз Отанын қорғау соғысы болды. Олардың ішінде А.Мүсірепов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Қ.Батталов және т.б. болды. Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық полктер мен батальондар жасақталды. Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ барлық майдандарда ерлікпен шайқасты. Тыл еңбеккерлері де Ұлы жеңіске өз үлестерін қосты. Бүкіл елдегі сияқты, Қазақстанда да шаруашылықтың барлық саласы соғыс мақсатына лайықты қайта құрылды. Көптеген өнеркәсіпорындары соғысқа қажетті өнімдер шығарды. Шымкент қорғасын зауытының өнімі тікелей оқ жасайтын зауыттарға жіберілді. Ауыл шаруашылығында да үлкен өзгерістер болды. Маман жұмысшылардың майданға кетуіне байланысты олардың орнына әйелдер, балалар еңбек етті.

Неміс-фашистер Кеңес мемлекетінің астанасы Мәскеуді басып алуға бар күшін жұмсады. 1941 жылдың қараша айында гитлершілдер Мәскеуге 25-30 шақырымдай жақын келгенімен, үлкен соққыға тап болды. Мәскеу бағытындағы Волоколамск тас жолын қорғауда Алматыда құрылған Қазақстаннан барған 316-атқыштар дивизиясының генерал-майоры И.В.Панфиловтың басшылығымен ерліктің үлгісін көрсетті. Олар 28 панфиовшылар жаудың 50 танкісін жойып жіберді. Сөйтіп, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Мәскеу үшін шайқаста И.В.Карпов басқарған панфиловшы атқыштар полкі мен аға лейтенант Б.Момышұлының басқарған батальон жауынгерлері де асқан ерлік көрсетіп, ол соғысты полковник шенінде 9-шы гвардиялық дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Александр Бектің «Волокаламск тас жолы» кітабы Б.Момышұлының ерлігіне арналған. Соғыс кезінде партизан қозғалыстары да кең етек алды. Беларуссияда Әди Шәріповтың, Нұрым Сыдықовтың, Украинада Қасым Қайсеновтың, Жұмағали Саинның партизан жасақтары ерлік күрес жүргізді. Біздің зиялы қауым өкілдері де, тілшілер, әншілер мен өнер иелері қан майданға барып, жауынгерлердің рухын көтерді. Әсіресе, Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өрендерім» Кеңес сарбаздарын ерекше рухқа бөледі.

Бұл мақалада 1941-1945 жылдардағы дүние жүзі мемлекеттерін қамтыған Ұлы Отан соғысында ерен ерліктерімен, еңбектерімен Ұлы Жеңіске үлес қосқан ардагер Сыздықов Керімқұл ата мен Серіқазы Бүркіт Серіқазыұлы ата-баба жайлы баян етеміз.

Ата-бабаларымыздың ерлігі – Мәңгілік еліміздің ұрпақтары үшін мәңгілік өшпес өнеге! Кеңес Одағы батыры атағын алғаш рет 1941 жылдың 22-шілдесінде қазақстандық алған болса, соңғы ретте де 1990 жылдың 11 желтоқсанында панфиловшы офицер Бауыржан Момышұлы алды. 110 қазақстандық жауынгер үшінші дәрежелі Жауынгерлік ерлігі үшін орденімен марапатталған. Сондай-ақ, 1941-1945 жылдардағы Отан соғысында асқан ерлік көрсеткені үшін 518-дей қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағын алды. Бұл жоғары атақты Л.И.Беда, С.Д.Луганский, Т.Бигелдинов, И.Ф.Павлов екі мәрте алды. Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова Кеңестік Шығыс қыздарынан алғаш рет Кеңес Одағының Батыры атағын алғанына да тарих куә. Он мыңдаған Қазақстандықтар Кеңес өкіметінің орден-медальдарымен марапатталды. Олардың 96 мыңнан астамы қазақтар.

1945 жылы мамырдың 9 күні Ұлы Отан соғысы Кеңес елінің Ұлы Жеңісімен аяқталды. Бұл нағыз Ұлы Жеңіс болды. Сондықтан да халықтар осы күнді жыл сайын мерекелеп келеді. Бұл күн Қазақстан Республикасында да қасиетті мереке күні болып есептеледі.

Сыздықов Керімқұл 1923 жылы Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан), Отырар (Шәуілдір) ауданы, Темір стансасында өнегелі әулетте дүниеге келген.

Осында 7-сыныптық білім алған. 1942 жылы наурызда аудандық әскери комиссариатының әскер қатарына шақыртуымен жауынгер ретінде Қарулы Күштер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына аттанды. Владивостокта әскери қызмет атқарды. Елімізді неміс-фашист басқыншыларынан азат етіп, 1945 жылы фашистер тізе бүккен соң, Қиыр Шығыста тұрған жауынгерлермен бірге, Жапонияның Кореядағы Квантун армиясын жоюға қатысқан. КСРО-ның Жоғарғы Президиумының Қаулысы негізінде, 1947 жылы әскер қатарынан босатылып, аман-есен елге оралып, бейбіт өмірге араласып, еңбек жолын жалғастырды. Сыздықова Несіпгүлмен (Батыр ана атанған, ел анасы) шаңырақ құрып, бейбітшілік заманда бақытты отбасын орнатып, «Қалдықыз, Ергешбай, Баян, Сәкен, Пернебай, Болат-Жанат (егіздер), Ботакөз» атты ұлдары мен қыздары дүниеге келді. Қазіргі кезде олардан бірнеше немере-шөбере, шөпшектері бар.

Сыздықов Керімқұл Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін бірнеше орден-медальдармен марапатталған. Атап айтқанда: «Ұлы Отан соғысы» II дәрежелі ордені №6536704, куәлік №748184, 14.03.1985 ж.; «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 40 жылдығы» медалі, (1985); «КСРО-ның қарулы күштерінің 70 жылдығы» медалі, (23.02.1988); Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Басшылары кеңесінің 1995 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медалі (31.12.1996 ж.); КСРО-ның Бас қолбасшысы В.Сталиннің арнайы «Алғыс хаты»; КСРО-ның маршалы Г.Жуковтың «Алғыс хаты»; КСРО-ның Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы А.Гречконың «Алғыс хаты» (1975).

Сыздықов Керімқұл Арыс қаласында теміржолшы, 1960 жылдан Бадамда астық дайындау мекемесінде маман, қыш зауытында маман болып, аянбай еңбек еткен. Сөйтіп, 1983 жылы зейнеткерлікке шыққан. 2006 жылы 16 қараша күні дүние салған. Сыздықов Керімқұл ата-бабамыздың ерен ерлігі, бүгінгі күні елімізге мәңгілік мұра, оның бейнесі де мәңгілік жүрегімізде сақталады. Дегенмен, Ұлы Отан соғысының ардагері Сыздықов Керімқұл атаның атына Бадам елді мекеніндегі бір мектептің кабинетіне есімін беру керек, сондай-ақ жаңа көшелердің бірін атасақ та, өте орынды болады.

Ұлы Жеңіске жету жолында «Сталинград-Кенигсберг-Берлин» және Жапонияға да барған Үш жүздің басын қосқан – киелі тау, «Ордасылық қыпшақ» теміржолшы, атты әскер-зеңбірекші Сері-Қазы Сері-Қазыұлы Бүркіт (1910 – 1980 ж.ж.) 1941-1945 жылдары Отан үшін от кешкен.

1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысында болып, 1945 жылы "За победу над Германией" медалімен марапатталған.

Сері-Қазы Бүркіт Сері-Қазыұлы 19.04.1910 жылы Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Ордабасы елді мекенінде Сері-Қазы бай-болыс әулетінде дүниеге келген.

1917-1927 жылдары Арыс қаласындағы он жылдық мектепте білім алған соң, теміржолшы болу мақсатында арнайы «Түркістан-Сібір» теміржолының училищесіне оқуға түскен. Оны үздік бітіріп, Арыс қаласында теміржолда «Паровозшы-машинист», «Машинист-краншы» қызметтерін абыройлы атқарғандықтан, СССР-дің КПСС - коммунистік партиясына «Коммунист» қатарына қабылданып, партиялық билет алған. Серіқазы Серіқазыұлы Бүркіт өте адал коммунист болып, адал еңбек еткендіктен, екі мәрте «Озат паровоз машинисті» құрметті медалімен екі рет марапатталған.

Серіқазы Бүркіт Серіқазыұлы

25.06.1941 жылы Арыс қалалық әскери комиссариатының әскер қатарына шақыртуымен «№75-ші зеңбірекшілердің атты полкінде» жауынгер ретінде Ұлы Отан соғысына аттанды. Елімізді неміс-фашист басқыншыларынан азат етіп, «Сталинградты қорғап», «Кенигсбергті азат ету шайқасына» қатысып, Берлинге де барған (мұрағаттан алынған түпнұсқалық әскери билетінде жазылған, 02.08.2019 жылы, 24 пункт, 15-бет).

КСРО-ның 25.10.1945 жылғы Жоғарғы Президиумының Қаулысы негізінде әскер қатарынан босатылып, бейбіт өмірге араласып, Қазақстан теміржолында еңбек жолын жалғастырды. Пірәнқызы Тәжігүлмен шаңырақ құрып, бейбітшілік заманда бақытты отбасын орнатып, Хан-Төре-Сарагүл келіншегі, Би-Төре-Бакиза келіншегі, Бек-Төре, Ай-төре-Манзура келіншегі, Күн-Төре есімді ұлдары мен келіндері бар.

Озат машинист Бүркітұлы Хан-Төреден: Мұхтархан-Баян келіншегі, Әсілбек-Жанат келіншегі, Әуесхан-Жадыра келіншегі есімді ұлдары мен келіндері, немере, шөберелері бар. Бүгінде Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы – Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі (ғылыми атағы), Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры, „Нобель“ медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы мен Нұрматова Жадыра Қалыбекқызының ұлдары-қыздары, немере, шөберелері бар, 21 ұрпақты бақытты жанұя!!!

Серіқазы Бүркіт Серіқазыұлы Ұлы жеңіс жолында көрсеткен ерліктері үшін бірнеше орден-медальдармен марапатталған.

Атап айтқанда: «Қызыл Жұлдыз» ордені, №1673419; «Ерлігі үшін» медалі, №1402467; «Сталинградты қорғау ерлігі үшін» орден, №244213 (12.12.1942); «Кенигсбергті азат етудегі ерлігі үшін» медалі, №343136 (09.06.1945); «Германияны жеңгені үшін» медалі, №0387927; «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 30 жылдығы» медалі, (12.01.1976); «КСРО-ның қарулы күштерінің 60 жылдығы» медалі, (02.08.1978); КСРО-ның Бас қолбасшысы В.Сталиннің арнайы «Алғыс хаты»; КСРО-ның маршалы Г.Жуковтың «Алғыс хаты»; КСРО-ның Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы А.Гречконың «Алғыс хаты» (1975).

«СССР-дің Қарулы Күштерінің 40 жылдығына арналған салтанатты кешіне Ордабасы елді мекенінен 10 ардагерді Бадам әкімшілігіне шақыртқан. Соның ішінде, Серіқазы Бүркіт аға да болған», - дейді Ордабасылық Құраш ата.

Зейнеткерлік жасқа шыққан соң да, еңбек жолын жалғастырды. Сөйтіп 1980 жылы 31 шілде күні дүниеден өткен.

Жеңіске жетуге соғыс ардагерлері мен қатар тылда да аянбай күндіз-түні еңбек еткендердің еңбектері ерен. «Жеңіске жетудің бір жолы - тыл берік болуы тиіс» делінген. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, шайқасқа қатысқан майдангерлер, тыл еңбеккерлері барлық құрметке лайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Нұршежіре. Шымкент, 2022.
2. Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Электрондық нұршежіре. Шымкент, 2022.
3. Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Бүркіт әулетінің нұршежіресі. Шымкент, 2023.

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ПӘНДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дулатов С. – «Математика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы-магистр; Ибрагимов Р.І. – п.ғ.д, профессор, академик;
Беркутова А.Қ.-математика пәнінің мұғалімі.
Ж.А.Тәшенев университеті, №58 жалпы орта білім беретін мектебі, М.Тасова атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, Шымкент қ.
Kyran571@mail.ru

Аннотация:Научная статья включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность семьи ученого, его научные публикации, авторские свидетельства, авторские патент - изобретения на полезную модель, также упоминуется международные, республиканские и областные конференции, где он принимал активное участие и литературу, газет, журналах о нем. Издание рассчитано на широкий круг читателей: ученых, преподавателей, магистрантам, докторантам, студентам Вузов и молодым семьям.

Кілттік сөздер: педагогика, школа, ВУЗ, информационная технология, метод, методика, обучение, роль.

Annotation: National Contest "Mereyli Otbasy". The materials, which characterize his life, work experience, scientific, methodical and other established works were presented there. Among them, a short essay on the life and work is given in Kazakh, Russian and English languages, and publication-in the original language. For teachers - sceientist, students, readership, doctors (PhD), magistrant (masters), Mareyli Otbasy.

Keywords: pedagogica, school, Information technologies, method, method’s, education, role.

Жалпы орта мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың және өткізудің маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың бірі – математика және информатика, робот техника пәндеріне арналған шығармашылық кештер болып табылады. Оқушыларға үлгі-өнеге ретінде, «Отандық математика-информатика және робот техника ғылымына еңбегі сіңген әдіскер-математик, академик-ғалым, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы» жайлы кеш өтіздік.

Кештің тақырыбы: **«Академик-математик, өнертапқыш-робот техник Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы».**

Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы 1971 жылы 28 (19) сәуір күні Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан облысы), Ордабасы ауданы (Бөген ауданы), Ордабасы (Ордабасы тауы, Таңбалы бұлақ) елді мекенінде дүниеге келген. 1978-1986 жылдары «Қажымұқан» сегізжылдық мектебінде оқып, «Үздік куәлік» белгісімен, 1986-1988 жылдары «С.Сейфуллин» онжылдық мектепті Алтын медаль белгісімен бітірген. 1988 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Қолданбалы математика және механика» мамандығына емтихан тапсырып, 1993 жылы Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің «Физика-математика» факультетінің «Импульс эксперименттік курсы» (информатика мұғалімдерін жедел даярлау) бағдарламасы бойынша «Математика-информатика және робот техника» пәнінің мұғалімі біліктілігін алған. Осы жылдары студенттік кезеңін мұғалімдікпен шебер ұштастырып, Шымкент қаласының №24 мектебінде математика және информатика пәнінің мұғалімі қызметін қоса атқарған [1].

1993-1994 ж.ж. КСРО жолдамасымен педагогикалық еңбек жолын Ордабасы ауданы, Бадам елді мекені, «Қажымұқан» атындағы орта мектепте мұғалім қызметімен жалғастырған. 1994-2004 ж.ж. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Математика және информатика» кафедрасының оқытушысы, 2004-2005 ж.ж. Ордабасы ауданы, Темірлан елді мекенінде Ордабасы аудандық білім бөлімінде «Математика және информатика» пәнінің әдіскері-инспектор қызметтерін атқарған. 2005-2021 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Жаратылыстану-педагогика» факультетінің декан орынбасары, «Жоғары математика» кафедрасының аға оқытушысы, доцент, Университеттің «Үздік аға оқытушысы», «Үздік профессоры» атағын қатарынан 2011-2016 жылы және 2016-2021 жылы екі мәрте иеленген. Университетте «АРХИМЕД & Perpetuum mobile» жас конструкторлар мен дизайнерлердің Кіші Академиясының жетекшісінің бірі ретінде оның іргетасын қалады [2].

ТОКСОПЛАЗМАЛАРДЫ СЕРОЛОГИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРМЕН ЗЕРТТЕУ

Мамытова Ә.Ы.
«Биология және химия» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
asiamamytova0@gmail.com
Абдураймова Н.Ш
«Биология және химия» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ
nurzhamal abduraimova 1970@mail.ru

Аннотация:Мақалада токсоплазмоз қоздырғышы Toxoplasma gondii болып табылатын ауылшаруашылық, балық аулау, көптеген жабайы жануарлар мен адамдардың протозойлық ауруының таралу жолдары зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша токсоплазма антигендері 4 қой сарысуында (№3301,3302,3304,3305) және 2 мысық сарысуында (№2,4) табылды. Токсоплазма антигендері АДБР нәтижелері мен зертханалық көрсеткіштер бір-біріне сәйкес келді және бір-бірін толықтырды.

Түйінді сөздер: токсоплазмоз, трофозоит, қоздырғыш, паразит, ағза

Аннотация: В статье исследуются пути распространения болезней сельского хозяйства, рыболовства, многих диких животных и людей, возбудителем которых является токсоплазмоз -Toxoplasma gondii.

По результатам исследования антигены токсоплазмы были обнаружены в 4 сыворотках овец (№3301,3302,3304,3305) и 2 сыворотках кошек (№2,4). Антигены токсоплазмы результаты СДВГ и лабораторные показатели совпадали и дополняли друг друга.

Ключевые слова: токсоплазмоз, трофозоит, возбудитель, паразит, организм

Annotation

The article examines the ways of spreading diseases of agriculture, fisheries, many wild animals and humans, the causative agent of which is toxoplasmosis -Toxoplasma gondii.

According to the results of the study, toxoplasma antigens were found in 4 sheep serums (No.3301,3302,3304,3305) and 2 cat serums (No.2,4). Toxoplasma antigens, ADHD results and laboratory parameters coincided and complemented each other.

Keywords: toxoplasmosis, trophozoite, pathogen, parasite, organism

Токсоплазмоз – қоздырғышы Toxoplasma gondii болып табылатын ауылшаруашылық, балық аулау, көптеген жабайы жануарлар мен адамдардың протозойлық ауруы.

Жануарлар мен адам организміндегі қоздырғыш трофозоиттер немесе цисталар түрінде паразиттенеді. Ұзындығы 4-7 мкм және ені 2-4 мкм болатын апельсин тілігіне ұқсас жарты ай пішінді трофозоиттер. Романовский - Гимза бойынша цитоплазма көгілдір түске, ал ядросы қою қызыл түске боялған. Трофозоиттер ақ қан жасушаларында, паренхималық органдарда, мида және басқа органдар мен тіндерде орналасқан.

Трофозоиттардың бойлық бөлінуімен көбейеді, цисталар түзеді. Соңғысы сопақша немесе дөңгелек пішінді, өлшемі 30-100 мкм, ішінде мерозоиттер бар. Цисталар науқастардың әртүрлі мүшелері мен тіндерінде орналасқан, бірақ, көбінесе, олар ми тіндерінде, диафрагма аяқтарының бұлшықеттерінде және жүректе кездеседі. Токсоплазма екі қожайынның организмінде дефинитивті (мысық және басқа етқоректі мысықтар тобы) және аралық организмде паразиттеледі. Дефинитивті қожайын паразит ішектің эпителий жасушаларында көбейеді, мұнда оның даму циклі өтеді, содан кейін морфологиялық жағынан Jsospora тектес кокцидияға ұқсас екі тізбекті қабықшасы бар ооцисталар пайда болады. Мұндай ооцистаның ішінде әр спорада төрт спорозоиттен екі спора қалыптасады. Мысықтан сезімтал жануар мен адамның ағзасына енсе, ооцисталар оларды пролиферативті формалармен, содан кейін цисталармен зарарлайды. Токсоплазмоз барлық жерде кездеседі. Үй жануарларының барлық түрлері және жабайы жануарлардың барлық дерлік түрлері токсоплазмозға сезімтал болып келеді. Адам да токсоплазмозбен ауырады. Токсоплазмалар жануарлардың ағзасынан сілекеймен, мұрыннан, көзден, жыныс мүшелерінен аққан заттармен, сүтпен, несеппен және нәжіспен бірге бөлінеді. Токсоплазмоз қоздырғышының көзі дефинитивті қожайындар - мысықтар және басқа да етқоректілер болуы мүмкін, олардың организмінде токсоплазмалар ішекте, жыныстық жолмен көбейіп, ооцисталар түзеді, аралық қожайындар (үй және жабайы жануарлар) - олардың организмінде токсоплазмалар пролиферативті сатыда болады. Соңғылары трофозоиттер түрінде барлық экскреттермен бөлінеді және басқа жануарларға жұғуы мүмкін. Адам токсоплазмозды алиментарлы түрде жұқтырады - ауру немесе аурудан жазылған жануарлардың шикі етін немесе басқа өнімдерін жегенде, сондай-ақ зақымдалған тері арқылы инвазияланған материалмен жұмыс істегенде.

Токсоплазмоз туа біткен және жүре пайда болған деп бөлінеді. Жіті, жітілеу және созылмалы түрде өтеді, ал әлсіз вирулентті штамдармен зарарларғанда, симтомсыз өтеді. Жіті ағын кезінде инкубациялық кезең 2-4 күнді құрайды. Ауру жоғары температурада (41° және одан жоғары) көрініс табады. Тамыр соғысы мен тыныс алу жиілейді, бұлшықет дірілі, жалпы күйзеліс байқалады. Науқастар азықтан, кейде судан бас тартады. Конъюнктивит және мұрын қуысынан іріңді шырышты бөлініс байқалады. Торайларда- терінің тоқырау гиперемиясы, ірі қара малда - қатты қозу, иттерде ішөту, құсу дамиды, эпилепсияға ұқсас

ұстамалар пайда болуы мүмкін. Көптеген жануарлар түсік тастайды. Аурудың соңында аяқ-қол ұштарының шала салдануы мен салдануы байқалады. Жітілеу ағымда инкубациялық кезең 5-10 күнді құрайды. Дене температурасы 40°-қа дейін көтеріледі. Науқастар арықтап кетеді, тәбеті нашарлайды. Ішөту, әлсіздік, қозғалыс кезінде жүрістің шайқалуы, түсік тастаудан кейінгі салдану (паралич) дамиды. Аурудың созылмалы ағымы дене температурасының қысқа мерзімді көтерілуімен, тәбеттің болмауымен, сылбырлықпен және селқостықпен, арықтаумен бірге жүреді. Өлген жануарлардың мәйіттері жүдеп кеткен. Лимфа түйіндері үлкейген (әсіресе, жіті ағымда), өкпе ісінген, қабыну ошақтары бар. Бауыр мен көкбауыр үлкейген, некроздың жеке ошақтары бар. Жіті және жітілеу ағымда - гастроэнтериттер. Кейбір жануарларда (торайларда) ішектің жіңішке бөлігінің геморрагиялық ойық жаралы қабынуының белгілері анықталды. Туа біткен токсоплазмозда төлдердің миының ақ затында некротикалық ошақтарды табылады. Ұрғашы малдардың ұрық қабықшасында ақ немесе сарғыш некротикалық фокустар бар. Котилидондар тығыз, ақ немесе сары ошақтары бар.

Токсоплазмозды зерттеу үшін зертханаға мыналар жіберіледі:

- күдікті жануарлардан (түсініксіз этиология бедеулігі, түсік тастау, ұсқынсыз, өмір сүруге қабілетсіз төлдердің туылуы), қан сарысуларының сынамалары, өлі немесе түсік тастаған төл немесе оның паренхималық мүшелері, ми, көз және плацента бөліктері: құлаған немесе мәжбүрлі өлтірілген жүрек, өкпе, бауыр, көкбауыр, бүйрек, лимфа түйіндері және ми сынамалары.

Токсоплазмозға зертханалық зерттеулер мыналарды қамтиды:

- эндозоиттерді, патологиялық материалдағы цисталарды және нәжістегі токсоплазма ооцисталарын жарық микроскопиясы әдісімен анықтау;

- ақ тышқандарда эндозоиттерді немесе токсоплазма цисталарын оқшаулау, содан кейін қоздырғыштарды саралау;

- Ветеринария департаменті 04.12.97 ж. бекіткен «Жануарлардың токсоплазмозын диагностикалау үшін жинақты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес КБР-да спецификалық антиденелерді анықтау.

Патологиялық материалдан 2 жағынды жасалады. Түсік тастаған төлді зерттеу кезінде жүректен, өкпеден, бауырдан, бүйректен, көкбауырдан, лимфа түйіндерінен, көз бұлшықеттерінен және кеуде және іш қуысының экссудатынан жағындылар жасалады. Сұйық материал стерильді тамшуырмен заттық әнекке жағылады, айғыздалады және ауада кептіріледі. Кеуде және іш қуысының экссудаты 15 минут ішінде 2000 айн/мин алдын ала центрифугаланады және жағындылар тұнбадан дайындалады. Плацентаны зерттеу кезінде, котиледон тілігі жасалып, жағынды-бедер жасалады.

Жағындылар ауада кептіріледі, 10-15 минут ішінде этил спиртімен бекітіледі, Романовскийге сәйкес боялады (1 текше см дистилденген су үшін азур-эозин бояуының 1-2 тамшысы РН 7,0-7,2) 30-60 минут ішінде (бояу сапасына байланысты), тазартылған сумен жуылады, ауада кептіріледі және микроскоптың иммерсиялық жүйесімен зерттеледі. Препараттарды микроскоптау кезінде, токсоплазмалық эндозоиттер алдыңғы ұшы үшкір апельсин тілігі (жарты ай) пішініне ие болады. Эндозоиттердің цитоплазмасы әртүрлі қарқындылықтағы көгілдір түске, ядросы қызыл немесе қызыл-күлгін түске боялған.

Эндозоиттердің көбеюі арқылы әртүрлі органдардың жасушаларында (бірнеше ондаған) өзіндік қабығы жоқ псевдоцисталар қалыптасады. Эндозоиттердің болуы токсоплазмалық процестің жедел сатысына тән. Мидың, көз торының және бұлшықет мүшелерінің жағындыларында диаметрі шамамен 100 мкм шарт әрізді цисталар табылып, тығыз қабықшамен қоршалған. Оларда жүздеген және мыңдаған цистозоидтар болуы мүмкін. Цисталар жасушалардан тыс болуы мүмкін. Цисталардың болуы токсоплазмоздың созылмалы ағымына тән.

Токсоплазмоз - адамдар мен жануарлардың паразиттік ауруы.Әйелдердегі токсоплазмоздың салдарынан түсік тастау, дамымаған, әлсіз, соқыр және т.б. көптеген кемшіліктері бар балалар пайда болады. Әлсіз балалардың ерте ауруы олардың өлімінің

артуына әкеледі. Мал шаруашылығындағы токсоплазмоз сонымен қатар жануарлардың жаппай түсік тастауына және салмағының төмендеуіне әкеледі, бұл олардың өлімі себептерінің бірі болып табылады. Токсоплазмоз өте кең таралған, бұл ауру барлық географиялық өңірлерде кездеседі. Токсоплазма паразиттері паразитологиялық зерттеу әдістерімен барлық ұсақ қоректілер мен құстардың организмдерінде кездеседі. Кең таралған токсоплазманың себебі оның жануарлар организмдерінің тіндері мен жасушаларында өмір сүруінен көрінеді.

Токсоплазманы зерттеуге арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау көрсеткендей, токсоплазма жануарлар мен адамдардың өте қауіпті ауруына жатады, бұл мәселе кең және терең зерттеуді қажет етеді.

Токсоплазманы анықтау, негізінен, жануарлар организміндегі ішкі өзгерістер есебінен сыртқы белгілері бойынша жүргізіледі. Бірақ бұл әдістер мен тәсілдердің кемшіліктері өте көп, сыртқы белгілері айқын өзгермейді, сондықтан әрқашан қажетті нәтиже бере бермейді.

Соңғы жылдары микробиологияда, вирусологияда және т.б. инфекциялық және инвазиялық ауруларды анықтауда кеңінен пайдаланылатын иммунологиялық реакциялар биологияның басқа салаларына ене бастады.

Ауруларды анықтаудың кең таралған иммунологиялық әдістерінің бірі эритроциттік диагностиканың жоғары сезімтал реакциялары болып келеді: жанама гемаглютинация реакциясы (ЖГАР), антиденелерді бейтараптандыру реакциясы (АДБР) және т.б.

Эритроциттік диагностикумдарды алудың көптеген жолдары мен тәсілдері зерттелді және оларды практика жүзінде қолдану ұсынылды.

Токсоплазмамен ауыратын жануарлардың сарысуларында паразиттердің антигендері болатыны белгілі. Осы антигендерге қарсы иммундық сарысулар мен иммундық глобулинді қызыл қан жасушаларының диагностикасын алу жолдарын зерттеу медицинаның өзекті мәселесі болып табылады.

Бұл жұмыстың мақсаты токсоплазманы анықтаудың иммунологиялық тәсілдерін қолдану болып табылады.

Антиденелерді бейтараптандыру реакциясы арқылы ауру жануарлардың сарысуындағы антигендерді анықтау үшін, сарысу титрін анықтау қажет.

Иммундық сарысу титрі үшін жанама гемоглутинация (ЖГАР) реакциясына эритроциттік-антигендік диагностикалық реакция жүргізіледі. Макротәсіл бойынша реакция жүргізу үшін, сарысудың ЖГАР сынауыққа немесе пластинаға қойылады.

Пластинаның бірінші ұяшығынан 8-ші ұяшығына дейін 0,5 мл еріткіш құйылады. Еріткіш ретінде 0,007% желатиннен (РН-7,2%) тұратын физиологиялық ерітінді пайдаланылады. Осыдан кейін 170 ұяшыққа 1:25 қатынасында зерттелген физиологиялық еріткіші бар 0,5 мл сарысу құйылады. 1-ші ұяшықтан шприцпен 0,5 мл алынады және екінші ұяшыққа ауыстырылады.

Осылайша, сарысулар 7 жылға дейін ұяшықтарды титрлейді. 7-ші ұяшықтан 0,5 мл ерітінді құйылады. Барлық шалшықтарға 0,25 мл-ден 1% эритроциттік диагностикум құйылады. Жеңіл желдетілген соң, пластина бөлме температурада (16-25ºС температурада) сақталады. Раекция нәтижелері 4 балдық жүйе бойынша 2-3 сағаттан кейін ескеріледі:

4 балл - эритроциттер жұқа қабат бет ауданын толық жабады

3 балл - алдыңғы беттермен салыстырғанда беткі қабаттың ауданы аз

2 балл - эритроциттердің, агглютитандардың саны аз, олар тереңдікте ғана көрінеді

1 балл - эритроцит шөгінділерінің шеттерінде агглютининдер көрінеді

Кері реакцияда эритроциттер бір орында түйме түрінде жиналады. Тексерілген сарысу титрінен 3-4 баллдық ерітінді алынады

Микротәсіл бойынша ЖГАР реакциясын жүргізу үшін, реагенттер микротитратор планшеттеріне қойылады. Ұяшық түбі кең болуы керек.

6-шы ұяшықтан 0,25 мл ерітінді алынып, төгіледі. Антигенге қарсы 1 қатардағы 1,6 және 8 ұяшықтарға иммундық сарысудың жұмыс ерітіндісі құйылады.

АДБР тексеру мақсатында, жануарлардың сарысуы токсоплазмасының антигендері анықталды. АДБР реакциясының сапасын бағалау үшін жануарлық емес сарысулар тексерілді. АДБР нәтижелері кестеде келтірілген.

Зерттеу нәтижелері бойынша токсоплазма антигендері 4 қой сарысуында (№3301,3302,3304,3305) және 2 мысық сарысуында (№2,4) табылды. Токсоплазма антигендері АДБР нәтижелері мен зертханалық көрсеткіштер бір-біріне сәйкес келді және бір-бірін толықтырды.

Жануарлар сарысуларында токсоплазма антигендерін анықтау АДБР тәсілінде тиімдірек деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхаметалин Қ. Малдың паразит аурулары, Қайнар, 1973.
2. Халила Ә.Н. және т.б. Малдың паразит ауруларын иммунологиялық әдістермен анықтау, Ғылым. 1996.
3. Зильбер Л.А. Основы иммунологии. М.,1958
4. Бойд У. Основы иммунологии. М.,1969
5. Купер М. и др. Иммунология. М.,1987
6. Вязов О.С. Лаборатория иммунологии. М.,1968

ӘӨЖ 330.336

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ЛИСТИНГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЛИСТИНГДІК ТАЛАПТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Байзақов Жеңіс Ғалымұлы, 2 курс магитсрі
Ғылыми жетекшісі
Оразова Б.Б.., э.ғ.к., аға оқытушы
Ж.А.Ташенев атындағы Университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Summary:The issues of listing are considered to ensure the transparency of listed companies and their financial condition.

Резюме: Рассмотрены вопросы листинга является обеспечение прозрачности листинговых компаний и их финансового состояния.

Листинг – эмиссиялық бағалы қағаздарды биржаның сауда жүйесіне айналымға жіберу процедурасы. Листингтің негізгі мақсаты листингтік компаниялардың қызметі мен олардың қаржылық жағдайының мөлдірлілігін қамтамасыз ету болып табылады. Листингтік компаниялар - бұл бағалы қағаздары ресми тізімге енгізу және олардың онда болу мақсатында бағалы қағаздар мен олардың эмитенттеріне листингтік ережелерде бекітілген талартар[20].

Қазақстан қор биржасының (KASE) листингі 1997 жылдың қыркүйегінде пайда болады және алғашында биржаның сауда алаңы арқылы елдің эканомикалық жағдайын анықтайтын қазақстандағы ірі компаниялардың мемлекеттік акцияларының пакеттерін сату – « көгілдір фишкалар » бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталға болатын.

Биржаның ресми тізімі – биржа тізімінің бір бөлігі , оған кіру және онда болу үшін бағалы қағаздар және олардың эмитеттері листингтік талаптарға сәйкес келу қажет. Ресми тізімге енгізетін бағалы қағаздар :

мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар, оларды ҚР және басқа

мемлекеттер заңнамасына сәйкес ҚР резиденттері – ұйымдар шығарады ;

облигатциялар, яғни ҚР – дан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес арнайы кәсіпорындар өздерінің жалғыз құрылтайшылыры болып табылатын ҚР резиденттері – ұйымдарының кепілдігімен шығарылатын облигатциялар;

мемлекетік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бұларды ҚР –ның және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ҚР резиденттері емес ұйымдар шығарады ;

туынды бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар), бұлардың қатарына ҚР- ның және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар базалық активті болып табылатын қазақстандық депозитарлық қолхаттар кіреді;

биржалық кеңестің шешіміне сәйкес басқа да бағалы қағаздар .

Акцияларды биржада бағалы белгілеуде қабылдау эмитентке айтарлықтай қымбатқа түсетіндігіне қарамастан, акционерлік қоғамдар баға беру тізіміне түсуге талпынады . Себебі листингке енгізілу оларға белгілі бір артықшылықтар береді:

- ақпараттардың үлкен көлемі және инвесторларда фирманың беделінің жоғалуы себебі, инвесторларда акциялар сапасын өздерінің бағалауларымен қатар қор биржасының да осы сапаларды бағалаулар болады;
- фирманың несиелер алуы үшін ең тиімді жағдайлар себебі, несие берушілер компания активтерінің баланстық құнын биржалық бағалаумен салыстыра алады .;

нарық жақсы көрінеді; акционерлер және потенциялды инвестролар келісімдер мен баға белгілеулерді оңай бақылай алады, өйткені қаржылық ақпарат құралдары акциялардың биржалық саудасы жайлы толық есеп береді.

Акцияларды кепілге салу мүмкіндігі жеңілдейді , өйткені, несие берушілер тізімінен тыс акцияларға қарағанда тізімдегі акцияларды кепілге алғанды қалайды , себебі қарыз алушы тұрақсыз болып шыққан жағдайда акцияларды сату оңай болады;

- нарықтандыру мен инвесторлар назарының көптігі, тізімдегі акциялар нарығы меміметтерінің жариялануы инвесторлар мен қаржы экспериметтеріне тізбегі әрбір акция шығарылымыныңнарықтық « іс әрекеті » жайлы толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл, өз, кезеңінде, осы акцияларға жаңа сатып алушыларды тартады .

Листингтің бірқатар кемшіліктері бар:

- компанияның қызметін қосымша бақылау, биржадағы тізімге егізілген жағдайда компания акциялар шығару, дивидендтер , және т.б. жаплы ақпараттандыру бойынша өзіне қосымша міндеттемелер алады; мұндай шектеулер сыртқы акционерлер мүддесі үшін листинг жайлы келісімге қосылады;
- қосымша шығындар, олар: листингті өткені үшін төлем, листингті қолдау үшін жыл сайынғы төлем, аудитролық қызметтерге төлем;
- акциялардың төмен « белсенділігі » жағдайында потенциялды инвесторларда теріс қатнастардың пайда болу мүмкіншілігі, бұл биржадан тыс нарықтағы акцияларды сату жайында айтарлықтай білінбеуі мүмкін .

Делистинг – бағалы қағаздардың биржаның ресми тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарылуы, сәйкесінші биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар және олрадың эмитенттері үшін бекітілген қызметтерінің тоқтатылуы немесе артықшылықтарының жойылуы.

Бүгінгі таңда KASE –те МЕБҚ бойынша 4 сауда тізімі бар.:

- РФЦА арнайы сауда алаңдарының ресми тізімі;
- KASE ресми тізімі, «А» санаты;
- KASE ресми тізімі, «В» санаты;
- « Листингтік емес бағалы қағаздар » сектроының тізімі.

Бүгінге таңда KASE –тің сауда тізімдерінде барлығы 129 компанияның 310 бағалы қағаздары бар, соның ішінде ресми тізімде -151 эмитенттің 306 бағалы қағаздары (94 акциялар және 212облигатциялар), «Листингтік емес бағалы қағаздар» тізімінде 4 компанияның 4 бағалы қағаздары бар. РФЦА арнайы сауда алаңдарының ресми тізімінде 14 эмитенттің 55 бағалы қағаздары (15 акциялар мен 40 блигатциялар) бар.

Ресми тізімнің «А» санаты барлығы қағаздарды биржадағы айналымға жіберудің ең жоғарғы денгейі болып табылады. «А» санатың ресми тізіміне тек қаржылық тұрақты эмитенттердің минималды инвеститциялық тәуекелдері бар бағалы қағаздарға қосылуы қажет.

«А» сананың ресми тізімінде 93 компанияның 238 бағалы қағаздары (48 акциялар мен 190 облигатцялар), «В» санатындағы бағалы қағаздардың ресми тізімінде 59 эмитенттің 68 бағалы қағаздары (46 акциялар және 22 облигатциялар) бар.

Биржадағы айналымға тек Депозитарийдегі сақтауға мемлекеттік бағалы қағаздар ғана жіберіледі. Мемлекеттік бағалы қағаздарды, сонымен қатар, басқа елдердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды биржадағы айналымға жіберу мұндай бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу жайлы ақпаратты биржа алысымен автаматты түрде жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздарды биржаға айналымға енгізу процедурасын өтетін жергілікті атқарушы органдар үшін KASE – ке ұсынуға міндеті құжаттар тізімі анықталған. Мемлекетік бағалы қағаздар деген статусы бар екендігіне қарамастан, муниципалдық облигатциялар Қаржы министірлігі немесе ҚР Ұлттық Банкі эмиссияланған бағалы қағаздарға қарағанда инвеститциялық тәуекелгі бейім болып келеді. Бұл толигатция шығарылымына қызмет көрсету және оны өтеу тек облыс бюджетінің құралдарымен ғана жүзеге асырылады, ал бұл өз кезінде облыс территориясындағы төлеушілердің қаржылық жағдайына байланысты.

Қазақстан қор биржасының «К», «Р», «Н», санаты мүшелерінің жиналыс шешімімен бекітілген және 2002 жылдың 01 науырызынан іске қосылған Қазақстан қор биржасының листингтік талаптары мемлекетік емес эмисиялық бағалы қағаздарды биржа саудаларындағы айналысқа жіберу тәртәбін бекітеді .Ол, өз кезеңінде, эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына қатысты белгілі бір талаптарды қамтиды.(Қосымша А,Ә).

Эмитенттер және олардың бағалы қағаздары листингтік талаптардан басқа ҚҚА тарапынан ұсынылатын талаптарға сәйкес келуі қажет . Мысалы, ең жоғарғы санат бойынша ресми тізімге енгізілетін бағалы қағаздардың эмитеттері жоғарыда көрсетілген талаптарға қосымша қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық есеп құру қажет, ал листингтің ең жоғарғы санатынан кейінгі тізімге енгізілген бағалы қағаздардың эмитенттері үшін олардың өзіндік капиталдың, активтердің (қаржылық ұйымдар үшін) мөлшеріне, соңғы қаржылық жыл бойынша сатулар көлеміне (сәйкесінше айлық есептің 200000, 1000000, және 50000 мөлшерінен кем емес) талаптар бекітілген.

Қаржылық емес ұйымдардың бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу жайлы мәселе тек төменгі келтірілген жағдайларда ғана қарастырылады:

1)бағалы қағаздардың эмиссиялық құжаттары немесе өзінің арнаулы бойынша осындай эмиссиялық құжатқа ұқсас болса құжат қаржылық кеңес беруші қатысуымен дайындалған;

2) бағалы қағаздар бойынша инвеститциялық меморандумды немесе оны алмастыратын басқа құжатты қаржылық немесе беруші дайындаған;

Эмиссиялық құжат- бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекетік тіркеу мақсатында құралған және мемлекетік тіркеу факті Уәкілеті органда бекітілген бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналу және өтеу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжат (құжаттар жиынтығы).

Инвестициялық меморандум – компанияның жағдайы мен қызметінің потенциялды инвесторларға қор биржасында ұсынылатын құжат.

Қаржылық кеңес беруші – биржаның ресми тізіміне қосылуы болжайтын бағалы қағаздардың эмитенттеріне кеңес беруді жүзеге асыратын ұйым. Қаржылық кеңес беруші ретінде бірінше саната бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға (номиналды ұстаушы ретінде клиент шоттарын жүргізу құқығы бар) лицензиясы бар «Р» санатты биржа мүшелері ғана бола алады.

Ресми тізімге кіруге талапкер жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін жоғарыда келтірілген талаптарды қабылдауға болатындығын талдай отырып коптеген салалардың соның ішінде жеңіл өнеркәсіптің кәсіпорындары үшін салық дифференциясыз қатынасының

мүмкіншілігі нормативті құқықық актілерінде жазылған. Осылайша, ҚҚА- нің « Қор нарығында және қор нарығы тізімінің жекелеген санаттарына айналымға жіберілген (жіерілген) бағалы қағаздар мен олардың эмитенттеріне талаптар жайлы » құжаттарында қор нарығы тізімінің жекелеген санаттар және олардан ұқсас санаттарға жіктеле алатындығы және де листингтік талаптарда сол сенеттар және олардан ұқсас санаттар бойынша жіктеле алатындығы және эмитенттердің қызметінің спецификасына байланысты дифференциленуі мүмкін екендігі жайлы ережелер қамтылған.

Биржалық құралдардың тапшылығы жайлы БАҚ-да да, қаржылық отарда да, елдің жэоғарғы басқармасы деңгейінде де көп айтылуында, бірақ бұл мәселе бүгінге дейін өз шешімін таппай отыр. Бұған себептің бірі эмитенттерге қойылған талаптардың қиындығы және күрделігі .

Мекемелерді қаржылық және қаржылық емес деп бөлгенімен де оларға бірдей салық нормалар қолданылады (Қосымша А, Ә).

Десек те, Листингтік ережелердің 10- бабында осы листингтік көрсеткіштерді жұмсартылған талаптарды енгізе отырып диффенциялау мүмкіндігі қолданылған .

Листингте алғашқы ұсынысты жүргізу барысында, сондай-ақ сауданы ұйымдастырушының ресми тізімге қалдыру кезінде бірқатар шығындар орын алады. Бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының «А» санаты бойынша ресми тізімге енгізілген акционерік қоғамдар үшін келесідей транзитциялық шығындар қарастырылған:

- Бір реттік – 376 мың теңгеден 114 млн теңгеге дейін;
- Жыл сайынғы -4,9 млн теңгеден 61,5 млн теңгеге дейін;
- Жиынтығы – 8,2 млн теңгеден 157,7 млн теңгеге дейін.

Міндетті жыл сайынғы шығындардың орташа көрсеткіші 22,4 млн теңгені құрайды, бұл, өз кезегінде, листингтік кәсіпорындардың меншікті капиталдарының отраша мәнінің 0,06 %-ын, бір жыл ішіндегі жалпы шығындардың орташа мәнінің 0,32%-ын құрайды.

Бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының «В» санаты бойынша ресми тізімге енгізілген акционерлік қоғамдар үшін келесідей транзатциялық шығындар қарастырылған:

- бір реттік – 550 мың теңгеден 6,9 млн теңгеге дейін;
- жыл сайынғы – 261,1 мың теңгеден 15,5 млн теңгеге дейін;
- жиынтығы – 305,8 млн теңгеден 22,3 млн теңгеге дейін.

Міндетті жыл сайынғы шығындардың орташа көрсеткіші 3,7 млн теңгені құрайды, бұл, өз кезегенде, листингтік кәсіпорындарының меншікті капиталдарының орташа мәнінің 0,1%-ын, бір жыл ішіндегі жалпы шығындардың орташа мәнінің 0,5%-ын құрайды.

Листингтік емес акционерлік қоғам үшін жыл сайынғы шығындардың орташа мәні 260,3 мың теңгені құрайды, бұл, өз кезінде акционерлік қоғам өзінің акцияларын Қазақстан қор биржасын ресми тізімінің ең жоғарғы санатына енгізілген жағдайда оның шығындары айтарлықтай өскендігін куәландырады.

Бағалы қағаздардың эмитенттері үшін листингтік талаптарды жеңілірек және тартымды ету қажет, олай болған жағдайда кәсіпорындар үшін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы арқылы құралдар тартудың банктік несиелерден артықшылығы айтарлықтай болмайды.

KASE бағалы қағаздарын « А» санатының ресми тізіміне енгізуге талапкер кәсіпорындарға қойылатын листингтік талаптарды салалар бойынша дифференциялауы қажет. Мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші салалар, металлургиялық сектор және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін меншікті капиталдың көлемі бойынша сәйкес келмейді. Ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары үшін тікелей қарама – қайшы жағдай тән- құралдар құнының төменгі және капитал айналымының жоғарғы айналымдылығы.

Ауыр, еңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарына бірдей талаптардың қойылуы компанияладың негізгі қорларының тиімді модернизатциясы мақсатында арзан несиелік ресурстарды тараудың тиімді саясатын жүргізе алуына алып келеді. Жоғарыда көрсетілген мәселелер меншікті капиталдардың көрсеткіші бойынша бірдей талаптардың болуы елдің

сауда қауіпсіздігіне қатер төндіреді және тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелерін шешуге кері әсерін тигізеді.

Салық тәуекел әрбір жеке саланың ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, тамақ өнеркәсібіне деген сұраныс кез-келген экономикалық жағдайда болады. Тамақ өнеркәсібі – бұл азаматтардың тіршілік етуін жалғастыру және оның физикалық қалпын сақтау үшін өмірлік қажетті өнімді шығаратын сала. Сондықтан кез- келген деңгейдегі табыс көзі бар адамдар тамақ өнеркәсібі өнімдерін қолданады.

Бағалы қағаздардың эмитенттерін ұйымдастырылған нарыққа тарту үшін ресми тізімнің ең жоғарғы санатын эмитенттер түрлері бойынша мамандандыру мақсатында ұсағырақ санаттарын бөлу іс шараларын жүргізу қажет.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді ескере отырып, Листингтік ережелердің 9- бабының 1- бөлімінің 10- бөлімшесіне және 12- бабының 1- бөлімінің 9 – бөлімшесіне қаржылық емес ұйымдардың меншікті капиталына қойылатын талаптардың эмитент саласына байланысты дифференциясын енгізу арқылы трансформатциялау дұрыс. Мысалы, ауыр өнеркәсіп саласына жататын эмитенттердің меншікті капиталы 1,5 млрд теңгеден кем емес, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласына жататын эмитенттердің меншікті капиталы 1 млрд теңгеден кем болмауы қажет.

Белгілі рейтингтік агенттердің бірінің рейтингінің болуы эмитенттің бағалы қағаздары биржадағы айналымға жіберу кезінде қойылатын міндетті талап болып табылмайд, ол тек листингтік жеңілдетілген процедурасын өтеуге мүмкіндік береді.шындығына келетін болсақ, коптеген кәсіпорындардың халықаралық рейтингтік агентердің бағасын алуға жағдай келмейді және оны алған болса да, ол айтарлықтай жоғары болмауы мүмкін. Бірақ рейтингтің болмауы инвестордың белгілі бір ақпаратты ала алмауына әсерін тигізеді және инвеститциялық тәуекел деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда ұлттық рейтингтік агенттер беретін ұлттық рейтингтік шкаланың болуына талаптар енгізу дұрыс болар еді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Сейткасимов Г.С.,Ильясов Л.А. Ценные бумаги и фондовый рынок.- А.: «Эканомика ».- 1998. –С.41-66
2. Колесников В.И., Торкановский В.С. Ценные бумаги.- М.: « Финансы и статистика ». -2011.- С. 11-16
3. Дегтярева О.И. Биржевое дело: Учебник для вузов. – М.: « Юнити». -2019.-С. 27-32
4. Галанов В.А., Басов А.И. Ценные бумаги. – М.: « Финансы и статистика ».- 2020. –С. 17-29
5. Лягин В.А., Ворабьев П.В. Ценные бумаги и фондовая биржа. – М.; «Филинь ».- 2010. –С. 22-26
6. Сейітқасымов Ғ.С. Ақша несие, банктер.- А.- « Эканомика ». -2017.-341-351б.
7. Миркин Я.М. Ценные бумаги и фондовый рынок .-М: « Переспектива ».- 2015-С. 45-61
8. Исаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А.Финансовые рынки и посредники.-А.: «Эканомика »--2015. –С. 101-115
9. Мақыш С.Б. Комерциялық банктер операцияларының- А.: « Издат Маркет».-2019-102-106 б.
10. Көшенова Г.С. Бағалы қағаздар нарығы және қор биржасы.- А.: « Эканомика».-2021-108-118 б.

ӘОЖ 332.122

Экономикалық қауіпсіздік аймақты тұрақты дамытудың негізі ретінде

Амангелді Әділет Нұржанқызы.,
2 курс, магистрі
Ғылыми жетекшісі
Оразова Б.Б.., э.ғ.к., аға оқытушы
Қазақстан Республикасы
Ташенев университеті, Шымкент қаласы,

Summary: The search for factors and conditions that ensure the sustainable functioning of the regional economy and the achievement

of high rates of socio-economic development of the region

Резюме: Рассмотрены вопросы поиска факторов и условий, обеспечивающих устойчивое функционирование экономики региона и достижение высоких темпов социально-экономического развития региона.

Аймақ экономикасының тұрақты қызмет етуі мәселелері және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін факторлар мен шарттарды іздестіру соңғы кездері әр түрлі теориялар мен әдістер арқылы анағұрлым белсендірек талқылануда. Олардың көбісіне ортағы – елдер мен аймақтар арасындағы бәсекеге қабілеттіліктің күшеюі шарттарында аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің даму тұрақтылығына әсер ететін факторларды және жаһандық тұрақсыздық салдарларының аймақтың даму тұрақтылығына ықпалынанықтау және талдау болып табылады.

ХХ ғ. соңғы онжылдықтарындағы анағұрлым дамыған елдерде басталған постиндустриалды қоғамға өту экономикалық өсу табиғатының қатты өзгеруі, оның жаңа сапасының пайда болуы сияқты маңызды құбылыстармен бірге жүруде. Мұндай өсудің қайнар көзі табиғи-ресурстық фактор емес, керісінше, адам факторы болып отыр. Бұл негізгі макроэкономикалық көрсеткіш –ЖІӨ-нің құрылымдық өзгерісінен көрінеді, мұнда тек қызмет саласының ілгерілемелі дамуы ғана емес, сондай ақ оның материалдық өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты емес салаларының артықшылықты өсуі

байқалады. Осылайша, дүниежүзілік қауымдастық табиғи кешендерге жүктемені көбейтпейтін экономикалық өсу жолдарын іздестіру және тұрақты дамудың жаңа үлгісіне өту қажет деген тоқтамға келді.

Аймақ, бір жағынан, ішкі ортасын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қосалқы жүйесіқұратын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады, ал екінші жағынан – анағұрлым жоғары иерархиялық деңгейдің қосалқы жүйесі болып табылады. Яғни, аймақтық әлеуметтік- экономикалық жүйенің тұрақтылығы оларға қарайтынқосалқы жүйелердің тұрақтылығына да, сондай ақ анағұрлым жоғары деңгейдің, жеке алғанда, жалпы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақтылығына тәуелді.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тұрақтылығы ретінде оңтайлы серпін қамтамасыз ету көзделетін аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттарына қол жеткізе отырып, құбылмалы ішкі және сыртқы орта шарттарында тұрақты қызмет ету және ұзақ мерзімді даму қабілетін түсінеміз.

Берілген зерттеу аясында экономикалық қауіпсіздіктің тұрақты даму мәселесін айырудың теориялық-әдістемелік маңызы бар. Экономикалық әдебиеттерде бұлыңғыр анықтамалар, сонымен бірге экономикалық қауіпсіздік мәні мен атрибуттарын тұрақты даму санатына көшіру осы күнге дейін

кездеседі. Бұл көбінесе аталған екі мәселенің де зерттеу жаңалығымен, олардың өзара байланысын жалпылау, тұрақты дамудың халықаралық тұжырымдамалары негіздерін

жеткіліксіз зерттеу, тұрақты даму мәнінің экономикалық өсуге немесе экономикалық процестердің тұрақтылығына дейін тарылтумен түсіндіріледі.

Белгілі болғандай, «тұрақты даму» термині жалпы өркениетті мақсат ретінде ғылыми және халықаралық айналымға 1987 жылы БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму бойынша комиссиясының баяндамасына енгізілген болатын. Тұрақты даму түсінігін «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруына залал келтірмей, бүгінгі күннің қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» деп анықтаған [26].

Дамыған және дамушы елдердің өмір сүру деңгейлерінің арасындағы алшақтықтың өсуімен, табиғи ресурстар қорларының шектеулігімен, қоршаған орта сапасының нашарлауымен байланысты шиеленіскен мәселелерді ескере отырып, БҰҰ Халықаралық даму стратегиясын әзірледі және Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнату туралы декларацияны және соған сәйкес іс-шаралар бағдарламасын жариялады. Бұл стратегияның басты мақсаты дамыған және дамушы елдердің өмір сүру деңгейлерінің арасындағы алшақтықты қысқарту, жан басына шаққандағы ЖІӨ өндірісін ұлғайту болып табылады.

Жаңа жаһандық ынтымақтастық негізіне тұрақты даму тұжырымдамасы қойылды, ол қазіргі кездегі дүниежүзілік шаруашылықтың шынайы жай-күйін, яғни соңғы он жылдықтарда әлемде орын алған жаһандық өзгерістерді есепке алды. Және алғашқы кезекте – экономиканың қарқынды жаһандануын, экономикалық, әлеуметтік, саяси және экологиялық факторлардың өзара байланыстылығы мен өзара әрекеттесуі деңгейінің дереу өсуін ескерді.

Қазіргі уақытта тұрақты даму мәселесі отандық және шет елдік экономикалық әдебиеттердегі зерттеудің өзекті заты болып отыр. Мәселен, Нұрланова Н.К. аймақтардың тұрақты дамуын барлық аймақтық экожүйелердің қызмет етуінің негізін құратын табиғи капиталды (қара жер мен атмосфера құрылымын, өсімдік және жануарлар биомассасын) қоса алғандағы капиталды запастарды бұзбай, дамылсыз жұмыс жасайтын өндіріс пен тұтынуды ұйымдастыру деп түсіндіреді [27].

Ушакова О.А. [33] көзқарасымен келіскеніміз дұрыс, оның пікірінше,

«тұрақты даму» түсінігі едәуір икемді, ал аймақтың тұрақты дамуының негізгі формалары төмендегідей болады:

– абсолютті тұрақты даму, оған берілген өлшемдер ауытқымаған жағдайда қол жеткізіледі;

– потенциалдық – аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамытумен тікелей байланысты, ол елдегі өзгермелі экзогендік шараларға дағдылану көлемін анықтайды;

– іс жүзіндегі даму – өткен кезеңде аймақтағы қолданыстағы өндірістік-экономикалық әлеуетті пайдалану деңгейіне шынайы факторлардың ықпалымен қол жеткізілген даму.

Осыған сәйкес,аймақтың тұрақты дамуы туралы жалпы түсінікті бекіту тек тұжырымдамалық деңгейде ғана мүмкін болады. Мұндай даму үлгісіне өту процесінің өзі нақты мағынада перманентті болады, және, үлгінің бір нұсқасынан басқа нұсқасына үзіліссіз өту жүзеге асуы тиіс.

Тұрақты даму тұжырымдамасынынң негізгі құрамдастары келесідегідей: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік (сурет 4).



Сурет 4 – Тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі құрамдастары

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Осы тұрпатта ресей ғалымы Долматова И.В. пікірі анағұрлым әділірек, оның ойынша, аймақ экономикасының тұрақтылығында, оның артынша экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық жүйесінде табиғи, өндірістік және еңбек, қаржы ресурстарын пайдалану бойынша қарым- қатынастар іске асады. Экономиканың тұрақтылығы мен экономикалық қауіпсіздігі арасында жақын байланыстар бар. Тұрақты экономикалық жүйелер экономикалық өсу көрсеткіштерімен, өндірістік әлеует пен қаржы ресурстарының және экономиканың негіізгі салаларының теңгерімділігімен сипатталады.

Құқықтық аумақта әрекет ете отырып, құқық қорғау жүйелері тұлғаның, аймақ тұрғындарының, экономикалық және басқа да қызмет түрлерінің субъектілерінің экономикалық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Осының барлығы әлеуметтік, экологиялық салалардың жай-күйінің жоғарғы деңгейін қалыптастыруға, нарықтық, ғылыми және ақпараттық инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді.

Айта кету керек, қазіргі уақытта дүниежүзілік экономика дамуының бүкіл тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық қауіпсіздік тек әлеуметтік- экономикалық жүйенің «болуы мен дамуының шарты» ғана емес, сондай ақ оның тұрақты қызмет етуі мен біртіндеп дамуының іргелі негізін қалайды.

Экономикалық қауіпсіздіктің әлеуметтік-экономикалық жүйенің тұрақтылығына тигізетін ықпалы 5-суретте көрсетілген.



Сурет 5 – Аймақтың экономикалық қауіпсіздігінің ұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығына ықпалы

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Аймақтың экономикалық қауіпсіздігініңұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығына ықпалын қарастыра отырып, негізгі тұжырымдық сәттерді бөліп көрсеткіміз келеді:

аймақ өзінің өндірістік функциясын жоғалтқан кезде, экономикалық қауіпсіздік қатерлері өсе бастайды, сөйтіп, мемлекеттің экономикалық жүйесі мен оның қосалқы жүйелерінің аумақтары арасындағы байланысы үзіледі. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі қатерлерінің өсуі ұлттық экономикалық жүйе тұрақтылығының факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Спанов М.У. Экономическая безопасность Казахстана: теоретико- методологические основы и механизм ее реализации: автореф д.э.н. –
2. Алматы, 2001. –С. 10.

3. Нигматулина М.Е. Вопросы экономической безопасности Республики Казахстан в контексте новых глобальных вызовов и внутренних угроз: автореф. ... к.э.н. – Алматы, 2004. –С. 27.

4. Оксибаев О.Н. Экономическая безопасность и государственный финансовый контроль: автореф. ... к.э.н. –Алматы, 2006. –С. 7-8.

5. Баяндин Б.К. Механизмы обеспечения экономической безопасности Республики Казахстан (на материалах регионов Казахстана): автореф к.э.н. –Алматы, 2005. – 28 с.

6. Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.: Наука, 1966. –

7. 301 с.

8. Основы экономической безопасности. (Государство, регион,

9. предприятие, личность) / под. ред. Е.А. Олейникова. – М., 1997. – 288 с.

10. Абросимова И. Региональная инвестиционная политика: опыт проблемы, перспективы. –Ярославль: ЯГТУ, 2003. – 136 с.

11. Д. Буркальцева. Система обеспечения экономической безопасности государства: необходимость формирования и структурные составляющие // Наука и инновации. – 2013. – № 5 (123).–С. 29-32.

12. «Наше общее будущее»: Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию (МКОСР): Пер. с англ./Под ред. и с послесл. С. А. Евтеева и Р. А. Перелета. – М.: Прогресс, 1989.. – 372 с.

13. Нурланова Н.К. Концептуальная модель устойчивого территориального развития иприоритеты ее реализации / под ред. О. Сабдена, академика НИА РК, д.э.н., проф. – Алматы: Институт экономики МОН РК, 2007. –22 с.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ IOT: ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІН ТАЛДАУ

[1]Базарбаева А.М., ж.ғ.магистры, aynur555a@gmail.com
[2]Шәріпбек К.А.,студент, 21B27303@qyzpu.edu.kz
[3]Жанақбай А.С., студент, 21b27306@qyzpu.edu.kz
[4]Бердібек А.Б., студент, 21B27186@qyzpu.edu.kz
[1,2,3,4]ҚазҰлтҚызПУ, Алматы

Заманауи жоғары білімнің алдында білім беру процесін жетілдіру және оқытудың тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдерді қажет ететін міндеттер тұр. Бұл мақалада Интернет заттары (IoT) технологиясының жоғары оқу орындарындағы білім беру тәжірибесіне әсері мен рөлі және IoT интеграциясының негізгі парадигмалары (E-Learning, M-Learning және U-Learning) талқыланады. Сонымен қатар, білім беруде IoT технологиясын пайдаланудың қауіпсіздік және этикалық аспектілері қарастырылады. Мақалада осы технологиялық тәсілдің ықтимал қиындықтары мен артықшылықтарын ескере отырып, ЖОО-да IoT-ті тиімді енгізу және пайдалану бойынша ұсыныстар беріледі. Мұнда ұсынылған зерттеу цифрлық трансформация жағдайында жоғары білім беруді дамыту мен жетілдіру перспективаларын қарастыра отырып, білім беру және IoT технологиясы саласындағы заманауи зерттеулерді талдауға негізделген.

Түйін сөздер: оқыту технологиясы, заттар интернеті (IoT), индивидуалды оқыту, U-learning, E-learning, M-learning.

Интернет вещей в образовании: анализ современных систем обучения для улучшения высшего образования

Современное высшее образование сталкивается с задачами, которые требуют инновационных решений по совершенствованию образовательного процесса и повышению эффективности обучения. В этой статье обсуждается влияние и роль технологии Интернета

вещей (IoT) на образовательную практику в сфере высшего образования, а также основные парадигмы интеграции IoT (E-Learning, M-Learning и U-Learning). Кроме того, рассмотрены безопасность и этические аспекты использования технологий Интернета вещей в образовании. В статье даны рекомендации по эффективному внедрению и использованию Интернета вещей в ВУЗ-ах с учетом потенциальных проблем и преимуществ этого технологического подхода. Представленное здесь исследование основано на анализе современных исследований в области образования и технологий IoT с учетом перспектив развития и совершенствования высшего образования в условиях цифровой трансформации.

Ключевые слова: образовательные технологии, Интернет вещей (IoT), индивидуальное обучение, U-learning, E-learning, M-learning.

IoT in Education: Analyzing Modern Learning Systems to Improve Higher Education

Modern higher education faces tasks that require innovative solutions to improve the educational process and increase the effectiveness of teaching. This article discusses the impact and role of Internet of Things (IoT) technology on educational practices in higher education and the main paradigms of IoT integration (E-Learning, M-Learning and U-Learning). In addition, security and ethical aspects of using IoT technology in education are considered. The article provides recommendations for the effective implementation and use of IoT in higher education institutions, taking into account the potential challenges and advantages of this technological approach. The research presented here is based on an analysis of modern research in the field of education and IoT technology, considering the prospects for the development and improvement of higher education in the context of digital transformation.

Keywords: educational technology, Internet of Things (IoT), individual learning, U-learning, E-learning, M-learning.

Кіріспе

Қазіргі әлемде интернет-технологиялардың маңызы зор және білім, ғылым, байланыс, сауда және т.б. сияқты өмірдің әртүрлі салаларына қатысты ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетеді.

Интернет заттары (IoT) – қазіргі заманда пайда болған инновациялық технология. Кевин Эштон, Auto-ID орталығының негізін қалаушы, алғаш рет 1999 жылы Интернет заттары (IoT) терминін енгізді. Ол оны бір-бірімен, компьютерлермен немесе мобильді құрылғылармен байланысатын кірістірілген сенсорлары бар интеллектуалды, қосылған объектілердің кең таралған желісі ретінде анықтады[1].

IoT басқа салалармен қатар білім саласында да кеңінен қолданылуда. Десекте, олардың қаншалықты қолданылып, қаншалықты артықшылығы және кемшілігі туралы жазылған мәліметтер мен әдебиеттік шолулар азырақ.

Әдебиеттерге шолу

IoT технологиясын білім беру жүйесінде салыстырмалы түрде алып қарап, белгілі бір жоғары оқу орындарының бірінің зерттеген жұмыстарына көз салсақ Имам Абдулрахман бин Фейсал университетінде интернет заттар технологиясын пайдалана отырып, барлық жерде таралған оқу ортасын енгізудің теориялық негізін сипаттайды[2]. Оқу ортасы туралы жоғары ұтқырлықты қамтамасыз ете отырып, IoT студенттерге өздері және қоршаған орта туралы ақпаратты бөлісуге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін оқудағы жаңа парадигманың ауысуын ұсынады, нәтижесінде оқу тәжірибесі жақсарады. Дегенмен, IoT енгізу рұқсатсыз кіруді, DoS шабуылдарын және сымсыз сигналдарға кедергілерді қоса алғанда, маңызды қауіпсіздік пен құпиялылық қауіптерін тудырады. Болашақ жұмыс шифрлаудың озық технологияларын, блокчейн, машиналық оқыту, деректерді азайту және шифрлау сияқты инновациялық әдістерді және қауіпсіздікті бұзудан қорғаудың басқа да өміршең шешімдерін, сондай-ақ деректерді иелену және ашықтық сияқты этикалық салдарды қарастыру арқылы осы мәселелерді шешеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – IoT технологиялары білім беруді қалай жақсарта алатынын және студенттерге жекелендірілген және бірлескен оқу ортасын қамтамасыз ете алатынын зерттеу және интернет заттарының әсерін талқылау болып табылады. Төменде көрсетілген терминдік сөздер біздің мақаламызда көбірек кездесетін болады және оның сипаттамасы кестеде берілген.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде жүргізілген әдебиеттерді шолу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, зерттеу мақалаларының көзі (Google Scholar, Scopus) және іздеу кілт сөздері ("Iot" және "education") белгіленді. Табылған мақалалар "табылған зерттеулер" деп белгіленді. Екіншіден, зерттеу сұрақтарына сәйкес келетін мақалаларды табу үшін мақалалардың атаулары мен тезистері сұрыпталды. Соңында, зерттеу сұрақтарына сәйкес бүкіл мақаланың кіріспесі мен мазмұнын мұқият оқып шыққаннан кейін, мақалалар "таңдалған зерттеулер" ретінде сақталды.

Әдістемелік зерттеуіміз қойылған мақсатымызға сәйкес төменде көрсетілген сұрақтардың жауабын табуды көздейді:

(1) Интернет заттары (IoT) технологиясы білім берудің нақты қандай оқу әдістеріне әсер етеді?

(2) Білім беруде IoT қолданудың қандай оқыту технологиялары бар?

Нәтижесі

Интернет заттары (IoT) технологиясы білім берудің әртүрлі салаларына айтарлықтай әсер етіп, олардың тиімділігін арттырып, мүмкіндіктерін кеңейтуде. IoT технологиясы бірнеше білім беру бағыттарына әсер ететін және өз мүмкіндіктерін беретін әдістері бар[3]:

Индивидуалды оқыту: IoT сенсорлары мен құрылғылары студенттер туралы деректерді жинап, олардың оқу әдеттері мен қалауларын талдайды. Бұл деректер әрбір оқушының білім деңгейі мен оқу стилін ескере отырып, дербестендірілген білім беру бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді.

Ақылды сыныптар мен виртуалды зертханалар: Сыныптарға сенсорларды енгізу интерактивті сабақтарды қамтамасыз ету үшін құрылғылар студенттермен өзара әрекеттесетін смарт сыныптарды жасайды. IoT-мен жабдықталған виртуалды зертханалар студенттерге виртуалды ортада эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту: IoT студенттерге онлайн ресурстарға қол жеткізу және әлемнің кез келген нүктесінен білім беру мазмұнымен өзара әрекет жасау арқылы қашықтықтан оқытуды жеңілдетеді. Сенсорлар мен құрылғылар виртуалды жиналыстар мен конференцияларға да қолдау көрсете алады. оТ студенттерге білім беру ресурстарына қол жеткізу және тіпті қашықтан оқу мазмұнымен өзара әрекеттесу мүмкіндігін беру арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін жақсартады.

Осылайша, IoT технологиясы оқу процесінің өзін ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын да қайта пішімдеп, оларды икемді, интеллектуалды және заманауи оқыту қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Білім беру контекстіндегі заттар интернеті (IoT) парадигмалары оқыту мен білім беру процесін жақсарту үшін технологияларды пайдаланудың әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Төменде білім берудегі IoT-мен байланысты нақты үш парадигманың анықтамасы мен олардың қазіргі таңдағы қолданысы берілген:

1.E-learning (Электронды оқыту) – оқыту мен оқу үшін электронды тасымалдаушылар мен ақпараттық технологияларды пайдалану жүйесі. IoT контекстінде электрондық оқыту интерактивті және тиімді онлайн курстарды құру үшін желілік құрылғыларды, сенсорларды және басқа технологияларды пайдалануды қамти алады. Электрондық оқыту жүйесі деп аталатын білім беру жүйесінің бұл моделі бізге ақпаратты тиімдірек береді.

2.M-Learning (Мобильді оқыту) оқу материалдарын жеткізу үшін смартфондар мен планшеттер сияқты мобильді құрылғыларды пайдалануды қамтиды. Интернет заттары контекстінде мобильді оқыту сенсорлар мен технологияны пайдалана отырып, кез келген

уақытта, кез келген жерде оқуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшалар мен платформаларды жасай алады.

3.U-learning (Барлық жерде оқыту) парадигмасы кез келген жерде және барлық жерде оқу тұжырымдамасымен байланысты. Бұл IoT технологияларын пайдалану арқылы күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналатын білім беру ортасын құруды қамтиды. U-learning E-learning және M-learning парадигмаларының интеграциясы ретінде сипатталады, өйткені ол уақыт пен кеңістікке қарамастан білім алушылар ақпаратқа қол жеткізе алатын, өзара әрекеттесетін және оқу іс-әрекетіне қатыса алатын орта жасайды[4].

Қысқаша айтқанда, U-learning-ге әсер еткен компьютерлік революция үш толқыннан өтеді:

Аннотация. *Мақалада оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы көрсетілген. Оқушыға жаңаша білім берудің жолдарын көздеу, ұсыну,жеке дара білім алуға қызығушылығын ояту,бақылау және зерттеу, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру қазіргі уақытта жаңашыл ұстаз үшін маңызды. Осы себепті әрбір ұстаздың, сондай-ақ, физика мұғаліміне де оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру одан әрі дамыта түсу міндеті тұр.*

Түйінді сөздер*: физиканы оқыту, зерттеушілік, зерттеу, оқушы, дағды.*

Аннотация*. В статье подчеркивается важность формирования у учащихся исследовательских навыков. Для педагога-новатора в настоящее время важно предусмотреть, предложить ученику новые пути обучения,пробудить интерес к индивидуальному обучению,контролировать и исследовать, приучать к самостоятельной работе. По этой причине перед каждым учителем, а также учителем физики стоит задача дальнейшего развития исследовательских способностей учащихся.*

Ключевые слова*: преподавание физики, исследования, исследования, ученик, навык.*

Annotation. *The article emphasizes the importance of developing students' research skills. For an innovative teacher, it is currently important to provide, offer the student new ways of learning, arouse interest in individual learning, monitor and explore, and teach them to work independently. For this reason, every teacher, as well as a physics teacher, is faced with the task of further developing students' research abilities.*

Keywords*: teaching physics, research, research, student, skill.*

Қазіргі уақытта білім беру орталарының, педагогтардың басты міндеті – бәсекеге қабілетті, өз бетінше білім алуға дағдыланған, білім алу жолына құштарланған білім алушыларды даярлау. Осы міндетке сәйкес оқушыларды жеке дара білім алуға ынталандыру, жаңа білімдерді репродуктивті түрде ғана емес, сондай-ақ, ізденушілік, зерттеушілік

қабілеттері арқылы дамыту маңызды. Зерттеушілік іс-әрекет жаңа білімді меңгеруді ғана емес, ақыл-ой қызметтерінің қалыптасуына, дамуына септігін тигізеді. Бұл орайда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттері арқылы даму деңгейлері артып, теориялық ой-пікірлері, зерттеу дағдылары қалыптасады.

Еліміздің «Білім туралы» заңы бойынша білім беру жүйелерінің жеке адам болып қалыптасуға, дамып және кәсіби шыңдалуға деген бағыты анық көрсетілді [1]. Яғни, оқушылардың дамуына баса назар аудара отырып, олардың жеке жұмыс жасай алу қабілеттерін жетілдіру маңызды екенін айқындайды.

Педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың оқу-зерттеу қызметіне қатысты әртүрлі тәсілдер бар, осы іс-әрекеттің оқу процесіндегі орнын, оның мақсаттарын әр түрлі анықтайды. Ұғымдар жиі анықталады: оқушылардың оқу-зерттеу қызметін жасау және оқытуда, оқу-зерттеу және жобалау қызметінде зерттеу әдістерін қолдану. Оқушылардың оқу-зерттеу қызметі ұғымын анықтаудағы қолданыстағы тәсілдерге талдау жүргізу қажет деп санаймыз. Алдымен ғылымда қалыптасқан зерттеу ұғымына анықтама береміз:

"Ғылыми зерттеу-жаңа білімді дамыту процесі, танымдық қызмет түрі. Зерттеу объективтілікпен, репродуктивтілікпен, дәлелділікпен және дәлдікпен сипатталады" [2].

Іс-әрекетке деген көзқарас тұрғысынан зерттеуді белгілі бір қызмет түрі ретінде анықтау маңызды. Е. А. Шашенкова құрастырған сөздікте келесі анықтама берілген: "зерттеу қызметі - бұл адамның санасы мен белсенділігімен реттелетін, когнитивті зияткерлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған, оның өнімі жаңа білім, мақсатқа сәйкес және объективті заңдар мен қолма-қол жағдайларға сәйкес алынған, мақсаттың шындығы мен қол жетімділігін анықтайды», десе А. Н. Поддьяков зерттеу іс-әрекеті деп қоршаған ортадан тың мәліметтер іздеу және табуға деген белсенді әрекет деген түсінік берді. Ал «зерттеушілік іс-әрекет» дегеніміз – «жаңадан алынған немесе бастапқы білімді дамытуға арналған әрекет» - деп түсіндірді [3,4].

И. Я. Лернер өз еңбегінде зерттеушілік іс-әрекетінің элементтерін оқу-зерттеу кезеңдері ретінде тұжырымдады [5], Н. Ж. Жанатбекова, Ә. Б. Абдулаева, И. Ж. Есенгабылов мақаласында жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетті зертханалық жұмыс арқылы дамыту, орындау, ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Эксперимент нәтижесі ұсынылған жұмыстың тиімді екенін көрсетті [6].

Ахатаева Ұ. Б. диссертациясында зерттеушілік іс-әрекет бойынша әдебиеттік талдаулар жүргізді. Эксперименттер, сауалнама және оқушылардың танымдық және шығармашылық деңгейін анықтау мақсатында жұмыстардың түрлері ұсынды. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін тапсырмалар жинағын ұсынды [7].

Қорыты келе, зерттеушілік дағды – дегеніміз тұлға ретінде дамытуға жетелейтін іс-әрекет, оқушылардың бойына тән қасиеттерді көре білу, байқау және дамыту шарттарын қарастыру. Зерттеушілік дағдыларға осы көрсеткіштертерді жатқызамыз:

- танымдық қасиет пен дағдысын дамыту;
- ақпаратты оңтайлы пайдалануға жетелеу;
- білімін өз бетінше қолдана алу дағдысы;
- жан-жақтан жинаған білімін жүйелеу дағдылары;
- сыни көзқараспен ойлай алу дағдысы.

Сонымен, физиканы оқыту барысында зерттеу дағдыларын қалыптастыруды үш кезеңге бөліп көрсетуді ұсынамыз:

1. Дайындық кезең (6-7 сынып). Бұл кезеңде қоршаған орта жайлы ғылыми білімдер негізделеді. 6-сыныпта физика пропедевтикалық курс ретінде оқытылады. Бұл кезеңнің міндеті-оқушылардың еңбекті ғылыми ұйымдастырудың практикалық дағдыларын, алғашқы эксперименттік дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

2. Дамытушы кезең (8-9 сынып). Бұл кезеңде шығармашылық қабілеттердің дамуы, зерттеу қызметінің негізгі принциптерін игеру жүреді. Міндеті-оқушыларды алгоритм бойынша қарапайым зерттеу тапсырмаларын орындауға үйрету.

3. Аяқтау кезеңі (10-11 сынып). Мұнда зерттеу қызметінің бұрын қалыптасқан дағдылары оқушының өз бетінше ізденуіне және проблемалық мәселелерді шешуге өзін-өзі анықтауға ықпал етеді. Міндеті - дербес зерттеу қызметінің дағдылары мен дағдыларын

дамыту. Әр кезеңде зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі әдістер мен әдістерді қолданыңыз.

Мысал ретінде кейбіреулерін келтірейік:

- "Әдебиеттерді талдау" әдісін (мазмұны бойынша ақпаратты іздеу, мәтіндердегі ең бастысы, сұрақтар қою және оларға жауап табу және т.б.) бірінші кезеңде қолданған жөн, өйткені оқушыларды ғылыми әдебиеттерді қолдануға үйрету маңызды.

– Оқытудағы бақылау әдісі зерттелетін құбылысты немесе объектіні қабылдауға негізделген, бұл оқушылардың ақыл-ой әрекетін әсіресе зерттеу дағдыларын қалыптастырудың бірінші кезеңінде бағыттауға көмектеседі.

- Өлшеу және салыстыру әдісі өлшеу және қатені есептеу ережелерін игеруге бағытталған қызметті қамтиды. Оқушылар нәтиженің дұрыстығын есептей алады.

- Эксперимент оқыту әдісі ретінде мақсат қою, эксперимент жүргізу әдістемесін ойластыру, алынған деректерді талдау және жүйелеу, қорытынды жасау қабілетін қамтиды. Бастапқы кезеңде эксперименттің мақсаты оқушының алдына мұғалім қойылады, онымен бірге оны жүргізудің реттілігі де анықталады. Екінші кезеңде мұғалім тек мақсат қоя алады, оқушылар зерттеудің қалған кезеңдерін өз бетінше орындайды.

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың соңғы кезеңінде (қорытынды):

- оқушылар эксперименттің мақсатын белгілейді және оны өткізуді жоспарлайды, деректерді жинақтайды және қорытынды жасайды. Мұғалім мұнда кеңесші рөлін атқара алады.

- "Зерттеу мәселелерін шешу" әдісі. Құрамындағы эксперименттік материалдың көлеміне, деректерді өңдеуге арналған математикалық аппараттың қосылу дәрежесіне байланысты есептерді практикум тапсырмаларына, зерттеу және ғылыми есептерге бөлуге болады. Тапсырмалардың алғашқы екі түрі көбінесе зерттеу сабағында шешіледі, онда бұрын зерттелмеген кез-келген құбылыс немесе заңдылық зерттеледі және теориялық деңгейде бұрын зерттелген құбылыстар оның құрамдас бөлігі немесе негізі болып табылатын зертханалық тәжірибе арқылы дәлелденетін практикум сабағы (зертханалық, практикалық жұмыс). Мысалы, "Архимедтің күші тәуелді факторларды зерттеу", "капиллярдағы сұйықтықтың көтерілу биіктігі тәуелді болатын факторларды зерттеу" [8].

Біздің білім беру мекемесінде физиканы оқу процесінде зерттеу дағдыларын дамыту "физикаға кіріспе"пропедевтикалық курсынан басталады. Бұл сабақтарда оқушылар табиғатты танудың ғылыми әдісімен танысады және физикалық құбылыстармен кейінгі барлық танысу танымның осы кезеңдеріне сәйкес жүреді.

Әр сабақ - бұл кішкене зерттеу, эксперимент. Мысалы: су қалай қатады немесе дене неге жүзеді, Жарық қалай әрекет етеді және магнит не істей алады? Әр сұрақ талқыланады, зерттеулер жүргізіледі және қорытындылар жасалады. Сонымен қатар, сабақта оқушылар зерттелетін құбылыстар қолданылатын немесе олардың көмегімен көбейтуге болатын қарапайым құралдарды құрастырады.

Жетінші-сегізінші сыныптарда пропедевтикалық курсты меңгерген оқушыларда тұлғаға бағытталған зерттеулер пайда болады. Мысалы: дененің өзіндік тығыздығын, қозғалыс жылдамдығын анықтау, дененің энергия шығындарын есептеу. Тақырыпты зерттеу атмосфералық қысым "қан қысымының атмосфералық қысымға тәуелділігі" және ауаның ылғалдылығын зерттеу табиғи гигрометрлерді зерттеуге әкелді.

Зерттеу бар сабақтар әрқашан қызықты және үлкен эмоционалды өрлеуде өтеді. Оқушыларда жаңа сұрақтар туындайды, оларға жауаптарды өздері табуға тырысады және оларды бүкіл сыныпқа ұсынады. Мұндай сабақтар, әдетте, бір сабақтың шеңберімен шектелмейді және сабақтан тыс жұмыстарда өз жалғасын табады.

Зерттеу сабақтары зерттеу құрамына кіретін келесі дағдылардың дамуына әкеледі:

- жаңа ақпаратты іздеу кезінде жылдам шарлау, оны жинау мен өңдеудің тиімді әдістерін анықтау;

- мәселені тұжырымдау, объектіні, зерттеу нысанын анықтау, мақсат пен міндеттерді бөліп көрсету;

- гипотеза жасау және ойлау экспериментін жүргізу;

-тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жоспарлау;

- ғылыми танымның теориялық әдістерін қолдану;

- себеп-салдарлық байланыстар орнату және т. б.

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың сәттілігі пәннің жоғары сыныптарда Қалай зерттелетініне байланысты: терең немесе базалық деңгейде. Арнайы сыныптарда пәнді оқу тақырып пен мазмұн бойынша неғұрлым күрделі ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы: 11-сыныптағы электромагниттік сәулелену зерттеумен аяқталуы мүмкін: "компьютер мониторы қандай сәуле шығарады". Бұл процеске оқушылардың одан әрі оқуды таңдауы да әсер етеді. Бүгін біз екінші буын стандарттары бойынша жұмыс істеуге дайындалып жатырмыз, онда зерттеу қызметіне ерекше мән беріледі, өйткені бұл түлектердің жоғары оқу орындарына түсу кезінде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ең бастысы, шығармашылық тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Мұғалімдер мен ата-аналарға балаларда зерттеу тенденцияларын және өз бетінше білім алу қабілетін тәрбиелеуге арналған ұсыныстар:

- Нұсқаулық жасамаңыз, балаларға өз бетінше әрекет етуге көмектесіңіз, не істеу керектігі туралы тікелей нұсқаулар бермеңіз;

- Балалардың бастамаларын тоқтатпаңыз және олар үшін өздері жасай алатын нәрсені жасамаңыз;

- Оқушыларға пәнаралық байланыстарды қадағалауға және басқа пәндерді үйрену кезінде алған білімдерін пайдалануға үйрету;

- Балаларды проблемаларды өз бетінше шешу, жағдайды зерттеу және талдау дағдыларына үйрету;

-Мектепте немесе үйде балаларда туындаған қиын жағдайларды тапсырмаларды шешуде алынған дағдыларды қолдану аймағы ретінде пайдаланыңыз;

-Балаларға білімді меңгеру процесін басқаруды үйренуге көмектесіңіз;

- Барлығына шығармашылықпен қарау.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007ж. (өзгертулер мен толықтырулар, 2013ж)

2. Савенков А.И., Методика исследовательского обучения младших школьников/А.И.Савенков. Самара.2010.

3. Исследовательская деятельность: Словарь/Авт.-сост. Е.А. Шашенкова. – М.: АПКиППРО, 2005. – 64 с

4. А.Н.Поддьяков. Методологические основы изучения и развития исследовательской деятельности //Школ. Технол.М.,-2006-№3-С.85-91.

5. Лернер И. Я., Проблемное обучение .-М.:знание,1974.

6. Н.Ж. Жанатбекова, Ә.Б. Абдулаева, И.Ж. Есенгабылов «Физика сабақтарындағы оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті» https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.26

7. Ахатаева Ұ.Б. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау: филос. док. ғыл. ... дис.– Алматы, 2021.

8. Алексеев Н.Г., Леонтович А.В., Обухов А.В., Фомина Л.Ф. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся // Исследовательская работа школьников, 2001. № 1. С. 24–34.

ЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРЫ УРБОСИСТЕМ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОМЫШЛЕННЫМИ ВЫБРОСАМИ

Докторант Турданова М.С.
к.г.н., доцент Муздыбаева К.К.
КазНПУ имени Абая
turdanovams@gmail.com

Проблемы охраны окружающей среды требует большого внимания. Основными источниками загрязнения окружающей среды или природных компонентов урбосистем Жамбылской области являются крупные промышленные предприятия, автотранспорт и выбросы очистных сооружений и свалок которые выбрасывают в атмосферу большое количество вредных ингредиентов. Наиболее распространенными из них являются сернистый газ, окись углерода, двуокись азота, фенол, сероводород, сероуглерод, сажа и др. По данным наблюдений в ряде городов с развитой промышленностью нередки случаи, когда концентрации вредных примесей значительно превышает предельно допустимые (ПДК) и повторяемость таких значений составляет до 50% дней в году. Как отмечается в работах ученных концентрации особенно возрастают при неблагоприятных метеорологических условиях, при «опасных» скоростях ветра, инверсии температуры, туманах и др.

В данный момент вопросами изучения загрязнения атмосферы промышленными выбросами уделяется большое внимание, так как это дает возможность проводить целенаправленные мероприятия по оздоровлению воздушных бассейнов городов. Особое значение приобретают данные о химическом составе воздуха в городах, полученные в результате длительного периода времени отбора и анализа проб на широкой сети точек, расположенных в различных частях города. Такие данные позволяют произвести оценку загрязнения с учетом динамики изменения в зависимости от метеорологических условий, определяющих рассеяние примесей в атмосфере. Наряду с этим немалое значение приобретают и разовые краткосрочные (в течение 1-1,5 месяца) обследования с организацией большой сети точек по отбору и анализу проб. Они дают возможность установить пространственное распределение вредных веществ в воздухе города, выявить районы максимального и минимального загрязнения и др.

Жамбылская область занимает бассейн нижнего течения рек Чу и Таласа, между хребтами Каратау на юго-западе, Киргизским Алатау на юге и Чу-Илийскими горами на востоке, включая склоны этих хребтов и располагающиеся между ними пески Моинкумы за которыми по правобережью Чу простирается обширная глинистая пустыня Бетпакдала. Территория области протянулась с севера на юг на 400 км с запада на восток- на 500 км. Территория Жамбылской области составляет 144,3 тыс. км² или 5,3% территории Республики и расположена в юго-восточной части Казахстана, граничит с запада и востока с Туркестанской и Алматинской областями, с севера - с Карагандинской, с юга - с Кыргызской Республикой. Протяженность казахстанско-кыргызстанской границы на территории Жамбылской области составляет 716 километров. В структуре области 10 районов, город областного подчинения Тараз и 3 города районного подчинения – Каратау, Жанатас, Шу. 153 сельских округов, 367 сельских населенных пунктов. По своей направленности область является индустриально-аграрной [1].

В регионе зарегистрировано 37 предприятий, относящихся к I категории. Из них:

- химическая промышленность – 11%;
- нефтегазовая промышленность – 16%;
- металлургическая промышленность – 8%;
- горнодобывающая и горноперерабатывающая промышленность – 49%;
- теплоэнергетическая промышленность – 3%;
- агропромышленный сектор – 8%;
- жилищно-коммунальный сектор – 5%.

Наиболее крупных промышленными объектами области является: ТОО «НДФЗ», АО «Жамбылская ГРЭС им. Т.И.Батурова» [2]. Также область является уникальной базой фосфоритового и плавикошпатового сырья, богата благородными металлами-золото, серебро; цветными металлами-медь, цинк, свинец; неметаллами-бариты, уголь, минеральные соли; облицовочными, поделочными и техническими камнями, строительными материалами. На ее территории сосредоточено около 72% балансовых запасов фосфоритов республики, 68% плавикового шпата, 65,1% кварцита, 8,8% золота, 3% меди, 0,7% урана [2].

Например бассейн Каратау входит в пятерку стран мира, которым принадлежит 90 процентов мировых запасов фосфора. Выявлено и изучено более 50 месторождений фосфоритов с разведанными и учтенными запасами свыше пяти миллиардов тонн по руде, или более миллиарда тонн по основному полезному компоненту - P_2O_5. [3].

Фосфоритные руды это минеральное сырье для производства фосфатных удобрений и элементного фосфора, который служит компонентом многих видов химической продукции. Фосфорная отрасль Казахстана представлена предприятиями по добыче фосфоритов бассейна Каратау, производству фосфоритной муки, термической и экстракционной фосфорной кислоты, фосфатных минеральных удобрений, а также фосфорсодержащих солей технической, реактивной и пищевой квалификации [4]. На сегодняшний день фосфорная отрасль обеспечивает 34,1% продукции химической промышленности, и задача увеличения производства минеральных комплексных удобрений считается одной из ключевых для экономики республики.

Наблюдения за состоянием атмосферного воздуха исследуемого региона проводятся на 5 постах наблюдения, в том числе на 4 постах ручного отбора проб и на 1 автоматической станции. Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в городе Тараз проводилось по тринадцати ингридентам: взвешенные частицы (пыль), диоксид серы, оксид углерода, диоксид азота, оксид азота, фтористый водород, формадельгит, сероводород, бенз(а)пирен, марганец, свинец, кобальд, кадмий. В г.Тараз уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется *«высокий»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит сероводород (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 135 случаев). Максимально-разовая концентрация загрязняющих веществ по сероводороду составила 6,7 ПДК, так же колличество разовых превышений максимально-разовых ПДК было отмечено по оксиду углерода (69 случаев), по оксиду азота (22 случая), диоксиду азота (7 случаев) [2]. По-прежнему остается проблема выбросов от автомобильного транспорта. На их долю в общем объеме валовых выбросов приходится более 70 %. Сероводород образуется при бактериальном разложении отходов жизнедеятельности человека и животных, наблюдаются и выбросах очистных сооружений и свалок. Так же может образоваться при разложении белков которые входят в состав газовой смеси, присутствующий в коллекторах и канализации. Случаи экстремально высокого и высокого загрязнения (ЭВЗ и ВЗ) не отмечены.

Мониторинг наблюдения за состоянием атмосферного воздуха на территории города Шу проводится на 1 автоматической станции (расположенный рядом с городской больницей). Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха г.Шу проводилось по семи ингридентам: взвешенные частицы РМ 2,5, взвешенные частицы РМ 10, диоксид серы, озон (приземистый), оксид углерода, диоксид азота, оксид азота. В г.Шу уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«повышеный»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит диоксид азота (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 138 случаев).

Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в г. Жанатас проводиться на одной автоматической станции (расположенный по ул.Токтарова). Отбор проб и аналитические иследования атмосферного воздуха, проводиться по пяти ингридентам: диоксид серы, сероводород, оксид углерода, диоксид азота, оксид азота. В г. Жанатас уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«повышенный»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит сероводород (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 166 случаев). Максимально-разовая

концентрация загрязняющих веществ по сероводороду составила 1,6 ПДК. Случай высокого загрязнения (ВЗ) и экстемально высокого загрязнения (ЭВЗ) атмосферного воздуха не обнаружено.

Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в г. Каратау проводиться на одной автоматической станции (расположенный по ул.ТоктароваТамды аулие). Отбор проб и аналитические иследования атмосферного воздуха, проводиться по двум ингридентам: диоксид серы, сероводород. В г. Каратау уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«низкий»*,** определяется значеним СИ равным 1,1 по сроводоролу и НП = 0%

Случай высокого загрязнения (ВЗ) и экстемально высокого загрязнения (ЭВЗ) атмосферного воздуха не обнаружено.

Проведенная оценка уровня загрязнения атмосферы токсичными веществами отходов промышленных предприятии показала, что экологическое состояние атмосферного воздуха является на настоящее время допустимым (относительно удовлетворительным), т.к. значение интегрального показателя загрязнения атмосферного воздуха в зоне влияния картшламонакопителя и отвала сухого фосфогипса не превышает 1: (0,18412 + 0,22366 = 0,40778). Как показывают проведенные исследования, природный комплекс Жамбылского региона имеет низкий потенциал устойчивости к загрязнению, так как он расположен в зоне засушливого климата, что замедляет протекание естественных биохимических процессов и затрудняет самовосстановление природных экологических систем. Анализ мирового опыта и результаты исследований ученных в области промышленной экологии, показывают перспективность утилизации крупнотоннажных отходов фосфорной промышленности Жамбылского региона с получением на их основе вяжущих и композиционных строительных материалов [5, 6]. В настоящее время в Жамбылской области накоплено более 30 млн. тонн данных отходов, которые занимают обширные площади и оказывают негативное воздействие на компоненты окружающей среды. Поэтому разработка технологии получения строительных материалов на основе комплексной переработки отходов фосфорной промышленности является актуальной проблемой в области рационального природопользовани.

Список литературы

1. Ердавлетов С.Т. Тараз-Аулие-Ата-Джамбул. Монография. Алма-Ата. Казахстан, 1983.

2.https://www.gorodtaraz.kz/company/11-departament-ekologii-po-zhambylskoi-oblasti.html?ysclid=lq0clftm13905113280#tab-icms

3. Берлянда М.Е. Атмосферная диффузия и загрязнение воздуха. Гидрометеиздат. 1977.

4. Мусаев Я.А. Экологическая оценка и технология утилизации фосфогипса. Автореферат. Тараз. 2009.

5. Владимиров В.В., Микулина З.Н. Яргина З.Н. Город и ландшафт. М.: Мысль, 1986.

ӘОЖ 336.144.11

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӨСУ ФАКТОРЛАРЫ

Сапарбаева Э.А.
«Экономика және құқық» кафедрасының аға оқытушысы,
э.ғ. магистрі
Tashenev University, Шымкент қ.
saparbaeva_e@list.ru
Демесинова А.А.
«Экономика және құқық» кафедрасының
аға оқытушысы, э.ғ.к
Tashenev University, Шымкент қ.

Аннотация: Мақаланың басты мақсаты-кәсіпорынның қаржылық ресурстарын, олардың мәнін, құрамын, құрылымын және өсу факторларын зерттеу болып табылады. Қазіргі кезде кәсіпорынның нарықтық экономиканың басым құрылымдық бөлігі ретіндегі рөлі тұрақты түрде артып келеді, себебі экономикалық кешеннің негізгі буыны бола отырып, кәсіпорындар барлық өндірістік ресурстарды шоғырландырады.Кәсіпорындарда жаңа техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдер жасауға негіз болатын ғылым жетістіктері іске асады.

Аннотация: Основной целью статьи является изучение финансовых ресурсов предприятия, их сущности, состава, структуры и факторов роста. В настоящее время роль предприятия как приоритетной структурной части рыночной экономики неуклонно возрастает, поскольку, являясь основным звеном экономического комплекса, предприятия концентрируют все производственные ресурсы. На предприятиях реализуются достижения науки, лежащие в основе разработки новых технических, технологических и организационных решений.

Abstract:The main purpose of the article is to study the financial resources of the Enterprise, their essence, composition, structure and growth factors. Nowadays, the role of the enterprise as the dominant structural part of the market economy is steadily increasing, because, being the main link in the economic complex, enterprises concentrate all production resources. At enterprises, the achievements of science are realized, which are the basis for the creation of new technical, technological and organizational solutions.

Түйінді сөздер: кәсіпорын, қаржылық ресурс, кіріс,түсім, пайда,шығыс. Қазақстан экономикасының нарықтық экономикаға көшуімен кәсіпорындар өндірісті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету проблемасына тап болды. Қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қызметтің қол жеткізілген нәтижелерін (мысалы, пайда) кәсіпорынның тиісті кезеңдегі қарамағында болған қаржы ресурстарының көлемімен салыстыру арқылы бағалауға болады. Алайда, экономикалық қызметтің нәтижесі әрдайым қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға тәуелді бола бермейді. Сондықтан қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану проблемасын толығырақ қарастыру үшін кәсіпорынның жалпы қаржылық ресурстарын құрайтын барлық құрамдас бөліктерін пайдалану тиімділігін бағалау қажет.

Қаржы ресурстары– кәсіпорынның өмір сүруінің негізі және оны ары қарай дамытудың қайнар көзі. Қаржы ресурстары күрделі категория болғандықтан, оның көлемі компанияның көлеміне, түрінежәне несиелік қабілеттілігіне байланысты. Олар компанияның табыс көзінен бөлек, міндеттемелерді орындауға және шығындарды жабуға арналған. Нарыққа жаңадан шыққан компаниялар үшін қаржы ресурстарын тартудың тиімді жолдардың бірі– кәсіпорын шығарған акцияларды, облигацияларды және бағалы қағаздардың басқа түрлерін сату. Ұйымның қаржы ресурстары негізінен үш функцияны орындайды:тарату, репродуктивті және бақылау. Қаражатты дұрыс бөлу компанияның жұмысын жақсартуға ынталандырушы

әсер етеді. Кірістеддің қозғалысы ұйымның тұрақты экономикалық қызметін қамтамасыз ететін материалдық және ақшалай ресурстар ағындарының сәйкестігіне байланысты. Рентабельділік деңгейінің мониторингі ұйымның экономикалық қызметінің тиімділік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Ұйым ішінде ақша жұмыс сапасы мен мөлшерін, ұзақ мерзімді және ағымдағы активтерді пайдалануды және т.б. бақылайды. Жүйелік талдау әдісін қолдану кәсіпорынның қаржы ресурстарының құрылымын түсінуге мүмкіндікбереді.

Мақаланы жазу барысында тұжырымдамалар салыстырмалы талдау әдісіне негізделген. Шетелдік әдебиттерге шолу жасалып,анықтамалар сараланған болатын.Ақпарат көзі ретінде шетелдік оқу құралдары мен интернет желісі пайдаланылған.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары-бұл кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерін орындауға, ағымдағы шығындар мен өндірісті дамытуға байланысты шығындарды қаржыландыруға арналған жеке ақшалай кірістер мен сыртқы кірістердің жиынтығы. Қаржы ресурстары-бұл кәсіпорынның иелігіндегі және ағымдағы шығындар мен кеңейтілген өндіріс шығындарын жүзеге асыруға, қаржылық міндеттемелерді орындауға және жұмысшыларды экономикалық ынталандыруға арналған қаражат.Капитал – бұл артық пайда әкелетін құн; өндіріске салынған және айналымның соңында табыс әкелетін қаржы ресурстарының бір бөлігі. Басқаша айтқанда, капитал трансформацияланған қаржы ресурстарының формасы ретінде әрекет етеді. Қаржыландырудың көптеген түрлері бар және оларды пайдалану әдетте ұйымның көлеміне байланысты болады. Қаржылық ресурстар компанияның несие алу қабілетін білдіретіндіктен, сонымен бірге кәсіпорынға салынған барлық активтерді білдіретіндіктен, біз компанияның барлық қаржылық ресурстарын 3 санатқа бөле аламыз:

- қолма-қол ақшаны, олардың баламаларын, мысалы, чектер мен банктік депозиттерді қамтитынөтімді қаражат;
- ұйымның қаржылық капиталы – барлық корпоративтік инвестициялардың жалпы сомасы;
- басқа қаржылық ресурстар.

Кәсіпорындардың қаржылық ресурстарына негізінен пайда мен амортизациялық аударымдар, құнды қағаздардан түсетін кірістер, жарналық салымдар, демеушілердің қаражаттары жатады. Кәсіпорындардың қаржылық ресурстары кәсіпорындардың қаржылық міндеттемелерін орындауға, өндірісті дамытуға байланысты ағымдағы шығындар мен шығындарды қаржыландыруға арналған. Қаржы ресурстарын қалыптастыру бірқатар көздер есебінен жүзеге асырылады. Мүліктік құқықтар негізінде көздердің екі негізгі тобын бөлуге болады: меншікті және қарыз қаражаты. Немесе қаржылық ресурстарды неғұрлым егжей-тегжейлі жіктеуге болады: меншікті және балама қаражат; қаржы нарығын-да жұмылдырылған ресурстар; қайта бөлу тәртібімен ақша түсімдері. Қаржылық ресурстардың бастапқы қалыптасуы кәсіпорын құрылған кезде, жарғылық капитал (меншікті капитал немесе венчурлық капитал) пайда болған кезде пайда болады. Жарғылық капитал-бұл құрылтайшылардың жарналары есебінен құрылған кәсіпорынның мүлкі.

Қайта бөлу тәртібімен қалыптасатын қаржы ресурстарының осы тобының құрамы шығыстардың қатаң шектелген тізіміне арналған бюджеттік және салалық қаржы көздерімен салыстырғанда сақтандыру төлемдерін төлеуде маңызды рөл атқарады.Өз кезегінде меншікті қаржы ресурстарына мыналар кіреді:

1) негізгі қызметтен түскен кірістер, пайда;
2) басқа қызметтен түсетін пайда;
3) мүлікті өткізу жөніндегі шығыстарды шегергенде, оны өткізуден түскен түсімді қоспағанда, есептен шығарылған мүлікті өткізуден түскен түсімді білдіреді;
4) амортизациялық аударымдар.

Тартылған қаржы ресурстарының көздері бағалы қағаздар шығару есебінен қалыптастырылады. Қайтарымдылық негізінде кәсіпорын қарыз қаржы ресурстарын тартады: банктердің ұзақ мерзімді несиелері, басқа кәсіпорындардың қаражаттары, қайтару көзі кәсіпорындардың пайдасы болып табылады. Пайда – қарқынды дамып келе жатқан компания

үшін негізгі қаражат көзі. Бухгалтерлік баланста ол «есепті жылдың пайдасы» және «өткен жылдардың пайдаланылмаған пайдасы» ретінде, сондай-ақ пайдадан жасалған қорлар мен резервтер ретінде жасырын түрде көрсетілген.

Қайта бөлу тәртібімен түсетін кәсіпорын қаражаты мыналардан тұрады: 1)туындаған тәуекелдер үшін сақтандыру өтемақысы; 2)концерндерден, қауымдастықтардан, бас компаниялардан түсетін қаржы ресурстары; 3)басқа эмитенттердің бағалы қағаздары бойынша дивидендтер мен пайыздардың мөлшері; 4)бюджеттік субсидиялар.



Ескерту – [10,11,12] деректер бойынша құрастырылған
1-сурет – Компанияның қаржылық ресурстарының құрылымы

Қаржылық ресурстарды ұйым өндірістік және инвестициялық қызмет барысында пайдаланады. Олар үнемі қозғалыста болады және қолма-қол ақшамен тек коммерциялық банктегі және ұйымдардың кассасындағы есеп айырысу шотындағы ақша қалдықтары түрінде қалады. Кәсіпорынның табысты қызметі қаржы ресурстарын саналы басқарусыз мүмкін емес. Қаржылық ресурстарды ұтымды басқаруды қажет ететін мақсаттарды тұжырымдау қиын емес:

- бәсекелестік күрес жағдайында кәсіпорынның өмір сүруі;

- банкроттықты және ірі қаржылық сәтсіздіктерді болдырмау шаралары;
- бәсекелестермен күресте көшбасшылық;
- кәсіпорынның нарықтық құнын барынша арттыру;
- кәсіпорынның экономикалық әлеуетінің өсуінің қолайлы қарқыны;
- өндіріс және сату көлемінің өсуі;
- пайданы барынша көбейту;
- шығыстарды азайту;
- тиімді қызметті қамтамасыз ету және т. б.

Белгілі бір мақсаттың басымдылығын кәсіпорын салаға, нарықтың осы сегментіндегі жағдайға және басқаларға байланысты таңдай алады, бірақ таңдалған мақсатқа сәтті жылжу көбінесе кәсіпорынның қаржылық ресурстарын басқаруды жетілдіруге байланысты болады. Кәсіпорындардың қаржы ресурстарының құрылымы кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанына, оның салалық тиесілігіне және басқа да факторларға байланысты ерекшеленеді. Ұйымның қаржысын тереңірек түсіну қаржылық менеджмент жүйесі үйлестіретін мақсаттар үшінашылады.

Қорытындылай келе, қаржылық ресурстар дегеніміз – шаруашылық субъектілерінің қарамағында болатын және қаржылық міндеттемелерді орындауға, өндірісті дамытуға байланысты шығындарды жүзеге асыруға және жұмыс- шыларды экономикалық ынталандыруға арналған ақшалай кірістер мен жинақтар. Кәсіпорындардың қаржылық ресурстарына меншікті, қарызға алынған және тартылған қаражат жатады. Кәсіпорындардың меншікті қаржылық ресурстарына кірістер, амортизациялық аударымдар, жар-ғылық және қосымша капитал, сонымен қатар кәсіпорынның тұрақты міндеттемелері, оның ішінде ком-панияның айналымында үнемі болатын қаржыландыру көздері, мысалы, құрылтай құжаттарына сәйкес қалыптасқан резервтер жатады. компаниялар немесе заңнама. Ұйым өзінің қаржылық тұрақтылығы мен нарықтық экономикадағы орнықты орны туралы қамқор-лық жасай отырып, өзінің қаржылық ресурстарын қызмет түрлері мен уақыт бойынша бөледі. Бұл процестердің тереңдеуі қаржылық жұмыстың күрделенуіне, тәжірибеде арнайы қаржы құралдарының қолданылуына әкеледі. Кәсіпорынның қаржылық даму көздерін, қаржы ресурстарын тиімді инвестициялау бағыттарын, бағалы қағаздармен операцияларды және қаржылық менеджменттің басқа да мәселелерін іздеу нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындардың қаржылық қызметтері үшін негізгі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Rose C. Principles of management and administration, Asoke K. Gosh, Delhi, pp.351-365.2012

2.Нұрымов, А.А.,Бұлақбай Ж.М. Қаржы менеджменті: Оқулық .-Алматы:New book,2022-336 б.

3.Бутрин А. Г. Өнеркәсіп кәсіпорны жеткізілімдерінің тізбегіндегі қаржы ағындарын басқару: монография. - Алматы : Отан баспасы, 2019. - 165 б

4.Розен Ш.Х., Гейер Т. Мемлекеттік қаржы. Нұр-Сұлтан: «Ұлттық аударма бюросы». 2020.

ӘОЖ 796.0.7

ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ҚАТЕРЛІ ФАКТОРЛАР

Байдосова А.А.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ аға оқытушысы
Шымкент қ. aziza_72@bk.ru
Бақтыберлиева И.М.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, оқытушы
Сералиева Ұ.О
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, аға оқытушы

Аңдатпа: *Денсаулық — баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дуние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті барлық икемді аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімінде қиюға болады. Денсаулықсыз өмір қызықсыз әлем.*

Түйінді сөздер: денсаулық, организм, медицина, диагностика, симптом, санитарлық-гигиена, гиподинамия.

Аннотация: *Здоровье – единственное бесценное сокровище. Чтобы быть хорошим, необходимо тратить время, силы и труд, не жалея всякой гибкости. Можно сократить одну часть жизни ради здоровья. Жизнь без здоровья – скучный мир.*

Ключевые слова: здоровье, организм, медицина, диагностика, симптом, санитарная гигиена, гиподинамия

Annotation: Health is the only priceless treasure. To be good, you need to spend time, effort and labor, sparing no flexibility. You can shorten one part of your life for the sake of health. Life without health is a boring world.

Keywords: health, body, medicine, diagnosis, symptom, hygiene, physical inactivity

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша «Денсаулық – организмде аурудың не болмаса физикалық кемістіктің жоқтығы ғана емес, ол табиғи (физикалық), рухани және әлеуметтік толық аман-есендік». Сондықтан денсаулық сақтау ісі – физикалық, психикалық, рухани және әлеуметтік жағдайларға жіктеледі. Физикалық саулық – адам организміне тән функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық процестің келісімді өтуі, сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғары дәрежеде болуы. Психикалық саулық – ауруды болдырмау, қайтсе де одан арылуға ұмтылуды, адам өмірінің мақсатына айналдыру. Әлеуметтік саулық – адам белсенділігінің, яғни жеке адамның айналадағы өмірмен біте қайнасу дәрежесі. Денсаулық, қалып (норма) деген ұғымдар бір-біріне ұқсас. Қалып – дені сау адамның бәріне бірдей тұрақты мақсат, үлгі болатындай денсаулықтың көрсеткіштері. Денсаулық жағдайын бағалау үшін жасқа байланысты жеке адамдардың қалыпты көрсеткіштері пайдаланылады. Оны анықтау үшін әрбір жастағы адам топтарының орташа көрсеткіші есептеліп шығарылады да, осы орташа көрсеткіш қалыпты стандарт ретінде алынады. Бір топқа енетін адамдардың көрсеткіштерінің бір - бірінен айырмашылығы едәуір болуы мүмкін. Өйткені олардың жыныстық, кәсіптік, тұрған жерінің, өмір салтының, т.б. айырмашылықтары болады. Орташа көрсеткіштер анықталғанда, осы айырмашылықтар да ескеріледі. Денсаулыққа залал келтіретін әсерлерге жалпы мәдениеттің төмендігі, денсаулықты сақтау, салауатты өмір сүрудің негізін құрайтын санитарлық-гигиена туралы мәліметтерді көпшіліктің жете білмеуі, гиподинамия (қимыл жеткіліксіздігі), дене салмағының қалыптан көп жоғарылауы, тиімсіз және жөнсіз тамақтану, қоршаған ортаның (ауаның, жердің, судың) химиялық заттармен ластануы, үйде және жұмыста күйзеліс (стресс) тудыратын жағдайлардың болуы, залалды әдеттерге әуесқойлық (арақ-шарап ішу, шылым шегу, есірткі заттарды қолдану, т.б.) жатады.

И.И. Брехманның (1987) анықтамасы бойынша, денсаулық адамның ерекшелігіне сәйкес адамның өзгермелі ортада тұрақтылығы, сонымен бірге **сенсорлық, вербалды және құрылымды ақпараттарды** қабылдау қабілеттілігі (сенсорная, вербальная и структурно чувствительная информация).

Денсаулыққа қатерлі негізгі факторлар

Белгілі бір аурулардың қатер факторлары ретінде, көбінесе мына тысқары факторлар келтіріледі:

а) экологиялық факторлар;

б) тамақтанудың физиологиялық мөлшер өлшемдерінің бұзылуынан туындайтын аурулар тобы;

в) денсаулыққа семірудің кесірі бұл әсіресе организмде тағы бір әмбебапты фактор гипокинезияның әсерінен нақты көрінісін табады;

г) сезім жан күйзелісі;

д) зиянды дағдылар, әсіресе темекі шегу, араққа, есірткі заттарына үйірсектік.

Қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі міндеттерінің біріне халық денсаулығына қоршаған орта (әлеуметтік және табиғи) факторлардың кешенді әсерінің сипатын анықтау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып халық денсаулығының қалыптасуы, тенденциясы мен заңдылықтарын зерттеу жұмыстары жатады.

Денсаулық — баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дуние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті барлық икемді аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімінде қиюға болады. Денсаулықсыз өмір қызықсыз әлем деп есептеймін. Мен өзімді әлемге қандай болуым керек екендігіме алып келдім. Адам болуым үшін қандай болуым керек – ақылды, әдемі және денсаулығым күшті болуы керек. ***Иммануил Кант.***

Біз, әрқашан өзімізде ата-анамыздың қалдырған байлығын қалай болса солай шашумен айналысып келеміз, денсаулықтың қандай қазына екендігіне түсінбестен туған туындылар. Ол ата-анадан келген байлық. Біз денсаулықты есепсіз қалай болса солай кетіруге тырысамыз, денсаулықтың келешекте не болатынын ескермейміз де. Денсаулықтың не екенің, оның қадірін тек ауырғанда ғана білеміз деп жауап берген екен. ***Петтенкофер.***

Медицинадағы мамандықтардың көбісі әртүрлі ауруларды, олардың симптомдарын, клиникалық көріністерін және олардың асқынулары, диагностика және емдеу тәсілдерін оқытады. Медициналық әдебиетте «рекреция» термині, яғни дені сау адамдардың денсаулығын сақтауға бағытталған емдеу - сауықтандыру, профилактикалық шаралар кешені туралы тіпті сирек жазылады. Адам денсаулығы, оның критерийлері, күрделі әлеуметтік - экономикалық жағдайда оны нығайту және сақтау жолдары Қазақстан денсаулық сақтау және қазіргі медицина қызығушылық сферасында жоқ.

Дене бітімін анықтау және бағалау негізінде, антикалық заманнан бері дамып келе жатқан медициналық бағыт – биотипология деп аталады. Гиппократпен анықталған, дене бітімдерінің клиникалық типтерін үлгі ретінде алып, биотипология қазіргі таңда, анатомиялық және физиологиялық, әсіресе нейроэндокриндік констеляциялардың қалпімен санасады (Н.Ленде – ұзартылған астенический, гиперстеникалық, қысқартылған астеникалық немесе гиперстеникалық типтер және т.б.). Дене бітімін анықтаумен бірге, терінің, шырышты қабаттың қалпін (түсі, құрғақтылық, ылғалдылық және т.б.), тері тургорын (тері қатпарын) және тағы басқа белгілерді қарастырады.

Балалардың арасында осындай көзқарас, солардың ішінен нормаға сәйкес және ауытқулары бар балаларды анықтау керек. Соматикалық типтің 5 түрі бар: 1) дамудың және бойдың баяу типі; 2) дамудың баяу типі 3) дамудың және бойдың орта типі; 4) дамудың шапшаң типі; 5) дамудың және бойдың шапшаң типі. Осы типологияның негізінде морфологиялық статустың және жыныстық даму деңгейінің байланыстары жатыр. Баланың физикалық даму деңгейін, стандарттармен салыстыру. Балалардың жастық даму темптері бағаланады.

Ағзаларға қолайсыз әсер ететін және ауруларға әкеліп соқтыратын заттарды төмендегідей топтарға бөліп көрсетуге болады:

1) Концерогендер (латын тілінен аударғанда cancir — рак, генезис — шығу тегі) қатерлі ісіктер туғызады. Қазіргі уақытта шамамен 500 осындай заттар белгілі. Олардың ішіндегі ең күштілеріне бензопирен және басқа да полициклді ароматтық көмірсулар, ультракүлгін

сәулелер, радиоактивті изотоптар, эноксидті смолалар, антриттер, нитрозаминдер, асбест және т.б. жатады;

2)Мутагендер (латын тілінен аударғанда mutasio — өзгеру) – хромосомалар саны мен құрылымының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Оларға: рентген сәулелері, гамма-сәулелер, нейтрондар, бензо(а)пирен, колхицин, кейбір вирустар және т.б. жатады;

3) Тератогендер (грек тілінен аударғанда teras, teralos — құбыжық) — жеке дамуда кемістіктерге әкелетін, кемтарлықтардың пайда болуына әкелетін заттар. Тератогендерге әсер ететін мөлшерінен артып кететін кез келген фактор жатады. Көбінесе тератогендерге мутагендер, сондай-ақ пестицидтер, тыңайтқыштар, шу және т.б. ластаушылар жатады. Сонымен қатар, эмбриогендерді де бөліп көрсетуге болады. Эмбриогендер (грек тілінен аударғанда embryo – ұрық) эмбрионалдық даму кезінде зақымдануларға әкелетін заттар. Эмбриогендерге тератогендер, мутагендер және басқа да заттар (мысалы, алкогольді ішімдіктер, есірткі заттар және т.б.) жатады. Адам қызметінің нәтижесінде жаңа, бұрын болмаған аурулар пайда болады. Мұндай ауруларды ерекше техногенді аурулар тобына жатқызады. Оларға қорғасын («сатуризм»), кадмий («ита-ита»), сынап қосылыстарымен (“минамата”) және т.б. уланудан пайда болған ауруларды жатқызамыз.

Салауатты өмір сүру салтының негізгі құрамдас бөліктері үш мәдениеттен тұрады: тамақтану мәдениеті, қозғалыс мәдениеті және эмоциялар мәдениеті. Психологиядағы нақты жеке тұлғаның салауатты өмір сүруінің мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін негізгі факторлары: рефлекцияға деген қабілеттілік, тіршілік ету ортасының жағдайы, еңбек ету мен дем алудың дұрыс тәртібі болып табылады.

Рефлекция – бұл өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тану, өз әрекеттерін ойластыру қабілеті. Пайдалы әрекеттер мен гигиеналық дағдылар саналы түрде түсінілген жағдайда жақсы бекітіледі. Салауатты өмір сүру салты адамның ерік күшін жұмсауын, өз істерін ұғынуын, оның салдарын жеке өзі үшін де, сондай-ақ басқа адамдар үшін де болжауын талап етеді. Нақты өмір сүріп жатқан буынның денсаулығына болашақ келер ұрпақтың денсаулығы мен бақыты тәуелді.

Денсаулыққа әсер ететін кеңістік – бұл климаттық аймақ пен баспана. Дені сау адамда жаңа климаттық жағдайға тез бейімделуге мүмкіндік беретін орнын толтырушы механизмдері болады. Баспана микроклиматтының да өз көрсеткіштері бар ол: температура, ылғалдылық, оттегі мен көмірқышқыл газының концентрациясы тұрғын үй көлемінің шамасы және т.б.

Еңбек пен демалудың саналы тәртібі, негізінен адам өмірі еңбек пен демалыстың кезектесуімен өтетін болғандықтан, салауатты өмір салтының маңызды факторы. Еңбек, ақыл-ой және дене еңбегі болып бөлінеді. Демалыс белсенді және енжар болып бөлінеді.

Осылайша, егер жеке тұлға өзіне және кеңістікке қатысты қауіпті формадағы агрессивтілік танытпай, психикалық және денсаулыққа қолайлы жағдайда белсенді өмір сүретін болса, онда оны дені сау деп есептеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1.Тубанова М. Введение в медицинскую психологию : учеб. пособие / М-во здравоохранения РК; ЮКГМА; - Шымкент : Б. и., 2004. - 56

2. Қаржаубаева М. Б. Учаскелік дәрігерлердің еңбек ету жағдайының мінездемесі // ОҚММА хабаршысы. - 2010. - № 2. - 27-29 бет.

3. Сайдахметова А.С., Рахыжанова СО. Қалыпты физиологиядан тәжірибелік сабақтарға жетекшілік нұсқаулар./ Семей, 2006 г. — 174бет.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шегенбаев Н.Б.
Философия докторы(PhD), Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Шымкент қ. nurkass_1969@mail.ru
Жұмабаев А.Б.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, оқытушы
Егембердыев Н.А.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, аға оқытушы

Аннотация: *Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.*

Түйінді сөздер: дене тәрбиесі, гигиена, спорт, ұлттық ойындар, инновациялық технологиялар

Аннотация: *Содержание работы можно увидеть только в том случае, если на занятиях постоянно уделять внимание сочетанию теории и практики с внедрением новых методов. По этим направлениям я предлагаю использовать эффективные методы критического мышления и технологии уровневого обучения по предмету физическая культура. Во-первых: "что дает физическая культура?"- к вопросу "движение дает здоровья". Формирование физической формы. Физические упражнения, образование. Изучает упражнения общего развития. Она обеспечивает умение планировать программу государственного стандарта, владеть типовыми тестовыми упражнениями.*

Ключевые слова: физическая культура, гигиена, спорт, национальные игры, инновационные технологии.

Annotation:*The content of the work can only be seen if in the classroom you constantly pay attention to combining theory and practice with the introduction of new methods. In these areas, I suggest using effective methods of critical thinking and technologies of level-based training in the subject of Physical education. First of all: "what does physical education give?"- to the question "movement gives movement." Exercise. The formation of physical form. Physical exercise, education. Studies general development exercises. It provides the ability to plan a program of the state standard, to master typical test exercises.*

Keywords: physical culture, hygiene, sports, national games, innovative technologies.

XXI ғасыр — жеке адамның білімі мен біліктілігі үстемдік құратын дүниежүзілік ақпараттандыру құралы болып, төрткүл дүниеге тегіміз танылар тұста ұрпағымыз білімін қалай ұштаса болады, ғылымға деген самарқау сапалар, марғау көңілдер қайтсе сергиді? Танымның кемерін кеңейту үшін, түпсіз білімнің тұңғиығына бойлау үшін не істеу қажет, неден бастаған жөн?

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үрдісіне әсер етеді.

Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде

қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі — баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жаңа әдістерді пайдалануда өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орныгуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

— белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

— физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

— жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

— қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;

— дұрыс жыныстық тәрбие алу;

— зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар

өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже — дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы оқушылардың зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткізу. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп , әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше.Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

— Салт — дәстүрді құрметтеуі;

— Ұйымшылдығы,ізденімпаздығы;

— Намысқойлығы;

— Жүйке жүйесінің шынығуы;

— Ойлау қабілетінің дамуы;

— Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен оқушылардың «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушылардың «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушылардың «Қайда?» деген сұрағына: оқушы және мұғалім арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын,білімін арттыру.
6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуаныш Т.Ш. Дене тәрбиесінің ілімі. – Алматы: Мектеп, 2016 ж. – 73 б
2. Сейсенбеков Е. Дене тәрбиесіне жаңа формаларды енгізу. // Қазақстан мектебі, 2016 ж., №9 40-41бб.
3. Уаңбаев Е.К Дене дайындығының негіздері. – Алматы: Қайнар, 2015 ж. – 86 б
4. Кемелбеков Т. Ұлттық ойындардың – ұлттық дамуға қосар үлесі. // Мектептегі дене шынықтыру, 2019 ж., №5

ӘОЖ 367.08

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАМЕН ШҰҒЫЛДАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Сералиева Ұ.О
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, аға оқытушы
Шымкент қ seralieva66@bk.ru
Бақтыберлиева И.М.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, оқытушы
Байдосова А.А.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ аға оқытушысы
Шымкент қ. aziza_72@bk.ru

Аңдатпа: Көркем гимнастика – таңдалған спорт түрімен анықталатын жаттығулар мен жарыстар кезінде туындайтын дайындықтың жоғары деңгейі мен талаптары.

Түйінді сөздер: дене дайындығы,денсаулық, ептілік, жылдамдылық

Аннотация:Спортивная гимнастика – это высокий уровень подготовленности и требований возникающих во время тренировок и соревнований,определяемых избранным видом спорта

Ключевые слова: физическая подготовка, здоровье, ловкость, скорость

Annotation:Artistic gymnastics is a high level of preparedness and requirements arising during training and competitions determined by the chosen sport.

Keywords: physical fitness, health, agility, speed

Спорттық бағдар мен іріктеу – дене тәрбиесі мен спорттық жалпы ілімнің бөлімі.Спорттық бағдарлау мен іріктеудің негізіне, дене жетілдірудің жоғарғы көрсеткіші бойынша және дене бітімінің ерекшелігі, үйлесімділік қабілеті, бұлшық ет күші, иілгіштік, жылдамдық және секіргіштік, жүйке жүйелерінің негізгі ерекшеліктері туралы оқыту жатады. Спорттық іріктеу - белгілі бір спорт түрімен айналыса алатын адамдар іздеу, ал сонан соң олардың ішінен мейлінше дарындыларын, таланттарын, ең жоғарғы шеберлікке жетуге қабілеттілерін бөлу. Спорттық іріктеу спорт түрінің қызығушылығына қарайды, ал бағдарлау – тұлғаның қызығушылығынан қарайды. Сонда да спорттық бағдар мен іріктеу бір бүтін ұғым. Екі түсінікті айыра қарау керек: «Спортқа жарамды» және «Спорттық болашақ». Спортқа жарамдылық – бұл адам қабілетінің деңгейі, оның денсаулығы үшін және шұғылдану барысында жалпы жетілу, сонымен қатар жарыстарда таңдаған спорт түрі бойынша санаттық нормативтер тапсыруға мүмкіндік береді. Спорттық болашақ – таңдаған спорт түрінде анықталатын, шұғылдану және жарыс кезінде пайда болатын талаптар және адам қабілетінің жоғары дәрежеге сәйкес келуі. Спорттық іріктеу – бұл негізінен педагогикалық және ұйымдастыру іс-шаралар кешені, мақсат пен міндеттен туындаған мазмұндар мен формалар (40). Н.В.Аверкович, М.И.Цейтин (1) спорттық іріктеудің негізгі үш түрін ұсынады. Бірінші түрі – бастапқы іріктеу, гимнастикамен шұғылдануға спорттық жарамдылықты анықтаумен және БЖСМ қабылдаумен байланысты. Ол екі кезеңге бөлінеді: бастапқы және негізгі. Бастапқы кезеңде гимнастика үшін қажетті қаблет пен сапа анықталады. Негізгіде, шұғылдану барысында спорттық жарамдылығы туралы мәселе нақты шешіледі. Осыған байланысты жеке қабілеттілік пен дарын мәселесі медико-биологиялық зерттеу мен спорттық-техникалық шеберліктің өсуі бойынша педогогикалық терең бақылау жолымен анықталады. Гимнасттың дарындылығы болжанады және мамандырылған дайындыққа өтуге мақсатталады. Бастапқы іріктеу екі жылға дейін созылуы мүмкін. Екінші түрі – білікті гимнасттың спорттық болашағын болжауға және осы мәселенің шешілуіне сәйкес тереңдетілген мамандану дайындығына өтуіне байланысты. Уақыты бойынша шектелмеген. Спорттық болашақты болжау, көбінде ішкі – спорттық бағдармен байланысты. Ішкі-спорттық бағдар бойынша, ерекше жетістікке жету мақсатында көпсайыстың бір-екі «соққылы» түрінің ерекше бағдарламасымен арнайы жұмыс жасау үшін жеке гимнасттарды іріктеу түрі қолданылады. Үшінші түрі – ең кең таралған түрі. Спортшының жарысқа қатысуы туралы мәселені шешумен байланысты. Ол спортшының дене, әдістік және психологиялық дайындығы туралы кең ақпарат алу негізінде, оның алдағы тұрған жарыста өнер көрсету нәтижесін болжамдау барысында іске асырылады. Кәсіби іріктеуге қарағанда спорттық іріктеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бастысы – мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың, яғни ағзасы қарқынды жетіліп отырған жаста гимнастикамен шұғылдануға жарамдылығын анықтаумен қорытындыланады, сондықтан жоғарғы жетістікті спортқа іріктеу үшін табиғи дарыны мен қаблетінің сәйкестігі туралы диогностика ғана маңызды емес, сонымен бірге олардың жетілуіне объективті болжам жасау (1). В.П.Коркиннің пікірі бойынша барлық факторлар қай дәрежеде болсын спортта жетістікке жетуге әсерін тигізеді және үш топты құрайды. Фактордың бірінші тобы жеке спортшыға байланысты, екінші – барлығына, жаттықтырушыға да, үшінші өмір сүріп отырған және еңбек етіп отырған жаттықтырушыға да, спортшыға да. Факторлар тобындағы «Спортшы» оның жеке ерекшеліктері мен белгісін сипаттайтын факторға жатады. Олар алтау:

1. Денсаулығы
2. Дене жетілуі және дене бітімінің ерекшелігі
3. Жалпы және жеке дене дайындығы
4. Психофизиологиялық ерекшелігі
5. Техникалық дайындығы және шеберлігі
6. Психикалық және мінез-құлықтық ерекшелігі

Е.Ю.Розиннің көзқарасы бойынша спорттық гимнастикамен шұғылдануға балалардың жарамдылығын анықтау кезіндегі жаттықтырушылардың назар салатын объектісі бәрінен бұрын сандық бағаға берілетін факторлар болып табылады.

Оған мыналарды жатқызуға болады:

1. Дене жетілуі және дене бітімінің ерекшелігі.
2. Дене дамуының және жағдайының сапасы: а) Жылдамдық (тез және секіргіштік), б) екі түрлі бұлшық ет күші – статикалық және динамикалық тәртіп, в) иілгіштік буын қимылдары (белсенді және селқос).
3. Қимыл үйлесімділігі.
4. Вестибулярдық тұрақтылық.

Бастапқы іріктеудің негізгі әдісі – қабілеттілікті және дене дамуының сапасының деңгейін тестілеу. Оқытылып отырған тұлғаның ерекшелігі немесе белгісіне немесе сандық баға берілмеген жағдайда, педагогикалық, психологиялық әдістер қолданылады және дәрігерлік – педагогикалық бақылау жасалады. Дене дамуын және дене бітімінің ерекшелігін бағалау. Бастапқы кезеңде, залда бой өлшейтін құрал болмаған жағдайда, дене ұзындығын қабырғаға сызылған үлгі бойынша білуге болады. 7 жастағы ұлдар үшін дене ұзындығы 116-128 см, салмағы 17-28 кг, қыздар үшін 115-126 см, салмағы 15-26 кг сәйкес келуі керек. Баланы негізгі бағанаға жанынан қарата қойып қарағанда омыртқалардың табиғи иіңкілігі туралы ақпар алу мүмкіншілігі бар. Салбыраңқы қарын мен қатты шығыңқы жамбас шамадан тыс бөлік иілгіштікті көрсетеді. Тереңдетілген антропометрикалық тексеру кезінде дене дамуының негізгі арақашықтығынан басқа жағдайлар бағаланады (жақсы, қанағаттандырарлық немесе нашар): Бұлшық еттілік, майжинағыштық, ұзындық (аяғы, қолы, кеуде, мойын), формасы (арқа, қол, аяқ), ені (иық, жамбас).Дене жағдайын бағалау. Баланың дене жағдайын сынауда да алғашқы тексеру тек бұлшық ет күшін дамыту, иілгіштік, жылдамдық сапасы, қимыл үйлесімі және вестибулярдық тұрақтылық туралы білу мақсатында өткізіледі. Көпреттік сынама қаблеттілік немесе қаблетсіздік туралы қорытынды жасау үшін және осының негізінде ары қарай шұғылдануды жүргізуді анықтау үшін жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1.Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. 2019. Сейсенбеков Е.К.

2. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. 2019. Әбділлаев Ә.К. Оңалбек Ж.К.

3. Дене дайындығының негіздері [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Е.С. Хамзин.- Қарағанды: Ақ Нұр, 2018.

4. Дене дайындығының негіздері, Хамзин Е.С., 2019

ЖАҺАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚОҒАМНЫҢ, ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАСТАР ЖОБАЛАРЫ ӨЗ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУДЕ

Көлбай М.Н.
«Математика және информатика»
кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
marzhan.7.96@mail.ru

Кез келген елді дамытушы негізгі күш – жастар. Олар – мемлекеттің болашағы. Елдің ертеңгі дамуы және әл-ауқаты соларға байланысты. Сондықтан жастардың лайықты білім алып, мықты маман болып қалыптасуына, жұмыспен қамтылуына мемлекет бүгіннен әрекет жасауы тиіс. Жасалып та жатыр. Бірақ орта арнаулы және жоғары оқу орнын бітірген дипломды көп жас өздеріне жұмыс тауып беретін мемлекеттік бағдарламаларды дұрыс пайдаланбайды. Тіпті ондай бағдарламалардың бар екенін білмейді. ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыратын қандай бағдарламалар бар, біле жүріңіздер.

Түйінді сөздер: жастар, білім, жұмыс, әлеуметтік бағдарлама, мемлекет

Основной силой, развивающей любую страну, является молодежь. Они-будущее государства. От них зависит завтрашнее развитие и благополучие страны. Поэтому государство должно действовать сегодня, чтобы молодежь получила достойное образование, стала сильным специалистом, занятостью. И это делается. Но многие молодые люди, окончившие среднее специальное и высшее учебное заведение, неправильно используют государственные программы, которые дают им работу. Даже не подозревает о существовании таких программ. Какие существуют программы трудоустройства выпускников вузов, узнайте.

Ключевые слова: молодежь, образование, работа, социальная программа, государство

The main force developing any country is the youth. They are the future of the state. The future development and well-being of the country depend on them. Therefore, the state must act today so that young people receive a decent education, become a strong specialist, and become employed. And this is being done. But many young people who have graduated from specialized secondary and higher education institutions are improperly using government programs that give them jobs. They do not even suspect the existence of such programs. Find out what university graduate employment programs exist.

Keywords: youth, education, work, social program, state

«Жастар практикасы»

Гүлдана Бекзат Шымкент университетін «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқып, биыл жазда диплом алған. Мамандығы бойынша өздігінен жұмыс таппай, қазан айында дейін жұмыссыз жүріп қалды. Таныстарынан «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы естіп, қазан айында Сарыағаш аудандық «Мансап орталығына» кеңес алуға келіп, жұмыссыз ретінде тіркелді. Орталық мамандары Гүлданаға жұмысқа орналасуға арналған бағдарламаларды түсіндіріп, жол көрсетті. Кейіпкерімізге «Жастар практикасы» бағдарламасы тура келіп, Сарыағаш ауданының «Т.Оспанов атындағы №68 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-ге мамандығы бойынша бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа жіберілді.

«Жастар практикасы» бағдарламасына «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңына сәйкес, оқу орнын бітіргеніне 5 жыл толмаған, 35 жастан аспаған жұмыссыз түлектер қатыса алады. Бұл бағдарламаға арналған жұмыс орындары меншіктің барлық түріндегі

кәсіпорындар мен ұйымдарда құрылады. Сонымен бірге, жұмыс орындары түлектің білім беру ұйымында алған кәсібіне (мамандығына) сәйкес болуы тиіс. Меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы міндетті.

«Жастар практикасына» қатысу үшін түлек тұрғылықты жері бойынша «Мансап орталығына» жұмыссыз ретінде тіркеліп, бағдарламаға өтініш жазуы тиіс. Өтінішке жеке басын куәландыратын құжат, еңбек кітапшасы (бар болса), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі. Әрі қарай орталық олардың мамандықтарына орай жұмыс қарастырып, тауып береді және олардың жалақысын 12 айға дейінгі мерзімге субсидиялайды.

Салықтарды, міндетті зейнетақы жарналарын және басқа да әлеуметтік аударымдарды ескере отырып, айлық жалақы 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды.

Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз хатшысы Г.Бекбаеваның айтуынша, биыл «Жастар практикасы» жобасына 9000 жұмыс орны жоспарланған, 21 қарашадағы жағдай бойынша 8324 жас жұмысқа орналасқан.

«Алғашқы жұмыс орны»

Мукаддам Зупарова Сайрам ауданы Ақсукент ауылының Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығын бітірген соң жұмыссыз жүрген. 2022 жылдың қыркүйек айында Сайрам аудандық «Мансап орталығына» келіп, жұмыссыз ретінде тіркеліп, ондағы мамандардан кеңес алған. Мукаддамға «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы сәйкес келіп, осы бағдарламамен сол ауданның Ақбай ауылының «Дил-Сояр» балабақшасына тәрбиеші болып жұмысқа орналасып, қазіргі күні сол жерде жұмыс істеп жүр.

Бұл бағдарлама оқу орны түлектерін қолдау мақсатында Қазақстанда 2020 жылдан бастап Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру бірінші рет жұмыс іздеп жүрген 35 жастан аспаған жас түлектерге (оның ішінде ЖОО түлектеріне), оның ішінде NEET санатына, жұмыс тәжірибесі жоқтарға жүзеге асырылады.

Алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектердің осы жоба бойынша жұмысқа орналасуы кәсіптік білімі туралы дипломда көрсетілген немесе білім беру профиліндегі ұқсас мамандыққа (кәсіпке) сәйкес жүзеге асырылады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші «Мансап орталығымен» келісім негізінде жастарды кемінде 24 ай мерзімге тұрақты жұмысқа алады. «Мансап орталығы» 18 айлық жұмыс үшін еңбекақы төлеуді субсидиялайды.

Жергілікті бюджеттен ай сайынғы субсидия мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды. Салықтар, міндетті әлеуметтік аударымдар, пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы және банктік қызметтер осы сомманың ішіне кіреді. Ал, экологиялық төлем субсидияланбайды.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу үшін жұмыс іздеп жүрген жас тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына жұмыссыз ретінде тіркеліп, өтініш толтыруы керек. Өтінішке жеке басын куәландыратын құжат, білімі туралы құжаттың (бар болса) көшірмесін қоса береді.

Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметінің мәліметіне жүгінсек, «Алғашқы жұмыс орны» **бағдарламасымен 2000 жұмыс орны жоспарланған, 21 қарашадағы жағдай бойынша 1666 жас жұмыспен қамтылған.**

«Ұрпақтар келісімі»

Бұл жоба елімізде 2020 жылдан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек мемлекеттік бағдарламасы» аясында жүзеге асырылуда. Ол кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, 3 жыл ішінде оқуын аяқтаған оқу орындарының түлектерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу орындарының жұмыссыз түлектерін өздері алған кәсібі (мамандығы) бойынша немесе ұлттық кәсіптер сыныптауышында қызметтің осы тобына жататын ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша жұмысқа орналастырады. Бұл жобада жұмыс беруші жастарды зейнетке шығатын адам босататын жұмыс орнына қабылдайды. Қатысушының жасы 35-тен аспаған болуы тиіс. Осылайша жобаға қатысушы міндетінің мәніне тереңірек үңіліп, тәжірибе жинақтайды және тәлімгер зейнетке шыққанға дейін оны толығымен ауыстыратын жағдайға жетеді. Келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші оны бұрынғы жұмысшының жалақысымен тұрақты жұмысқа қабылдайды.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша жұмыс беруші «Мансап орталығымен» келісім негізінде Ұлттық жобаға қатысушыны кемінде 18 ай мерзімге тұрақты жұмысқа алады, ал «Мансап орталығы» 6 айлық жұмыс үшін 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жалақысын субсидиялайды.

«Ұрпақтар келісімі» жобасына қатысу үшін тұрғылықты жері бойынша «Мансап орталығына» жұмыссыз ретінде тіркеліп, өтінішпен жүгінуі керек. Өтінішке жеке басын куәландыратын құжат, білім туралы құжат (бар болса), еңбек кітапшасы (бар болса) қоса ұсынылуы тиіс.

Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз хатшысы бұл жобаның биыл Түркістан облысында іске аспағанын мәлімдеді.

Жалпы, облыста жастарды жұмыспен қамтуға арналған бұлардан өзге де бағдарламалар іске асырылады. Атап айтсақ, «Бастау-Бизнес», «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы, «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050 мәңгілік ел жастары - индустрияға», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Студенттік құрылыс жасағы» мен орта арнаулы оқу орындарында білім алуға бөлінген мемлекеттік гранттар. Сонымен бірге «2021-2025 жылдары кәсіпкерлікті қолдауға арналған Ұлттық жоба» шеңберінде жастарға арналған жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие де бар. Бұл бойынша өңірде 594 жасты жұмыспен қамту жоспарланған.

Қоғамдық жұмыстар

«Мансап орталықтары» жұмыссыз жастарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін қоғамдық жұмыстарға да жібереді. Мұнда азаматтардың алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуі талап етілмейді. Бағдарламаға жасы 16 жастан бастап әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі аралықтағы адамдар қатыса алады. Қоғамдық жұмыстарға жұмыссыздар, жұмыс орны тоқтап тұрған адамдар, жазғы демалыс кезеңінде студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қатыса алады. Бюджеттен ай сайынғы субсидия мөлшері 20 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды. Субсидиялау мерзімі 12 айдан аспайды.

Түркістан облысында **2023 жылға қоғамдық жұмыстар үшін 14593 орын жоспарланса, 21 қарашадағы жағдай бойынша 18 580 адам уақытша жұмыстарға жіберілген.**

Әлеуметтік жұмыс орындары

Әлеуметтік жұмыс орындары-жұмыс беруші Мансап орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құратын, олардың жалақысы субсидияланатын жұмыс орындары. Бұл бағдарламаға жасы 16 жастан бастап әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін қатыса алады. Қатысу үшін Мансап орталығына жұмыссыз ретінде тіркелу керек. Субсидиялау

жұмыссыздар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 35 %-ын құрайды, бірақ 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Ал үкіметтік емес ұйымдар құрған әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектігі бар адамдар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 70 %-ын құрайды, бірақ 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайды. **Жалақыны субсидиялау мерзімі** 12 айдан аспайды.

Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметінің мәліметіне жүгінсек, «Әлеуметтік жұмыс орындары» **бағдарламасымен 5217 жұмыс орны жоспарланған, биылғы жылдың 21 қарашасындағы жағдай бойынша 5275 адам жұмыспен қамтылған.**

Жалпы, Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz сайтындағы деректерге жүгінсек, 2023 жылдың 1 қазанында Түркістан облысындағы халық саны 2,1 миллионнан асқан. Соның ішіндегі 14-35 жас аралығындағы жастар саны - 654 363, яғни халық санының 30%-ын жастар құрап отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру
https://egov.kz/cms/kk/articles/job_search/vipusknik
2. 2023 жылы жұмыссыз жастарды қолдау жалғасады
https://ontustiktv.kz/kz/news/42775
3. Қазақстанда жұмысқа орналасу
https://egov.kz/cms/kk/articles/job_search/trudoustroystvo-v-kazahstane
4. Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-zhumys-aleumettik-korgau?lang=kk
5. Ұлттық статистика бюросы
https://stat.gov.kz/
6. Түркістан облысының әкімдігі
https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik?lang=ru&fbclid=PAAaYHG4VSC2bzw60bCxLdA3r1mWS1uerFJ1q82TAwctKy8BYrjOw7mWr6bFQ
7. Түркістан облысындағы жұмыспен қамту орталықтарының байланыстары
https://findhow.org/1505-kontaktyi-upravleniy-zanyatosti-i-sotsialnyih-programm.html?region=turkestan
8. Жұмыс табу жолдары https://findhow.org/392-sposobyi-poiska-rabotyi.html

УДК 502.131.1

ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ: КОМПОНЕНТТЕРДІ ТАЛДАУ

Есиркепова А.М.
ЖМ «Басқару және Бизнес», «Экономика» кафедрасы, э.ғ.д., профессор
Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
essirkepova@mail.ru
Махмуд Д.М.
ЖМ «Басқару және Бизнес», «Экономика» кафедрасы, э.ғ.м., ДЭФ-23-1а тобының докторанты
Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
Dinara.Makhmud@auezov.edu.kz
Жумагулова А.М.
ВШ «Управление и Бизнес», кафедра «Экономика»,
м.э.н, докторантка группы ДЭФ-22-1р
Южно-Казахстанский университет, г.Шымкент
asel_1982@mail.ru

Аңдатпа: Қазіргі уақытта тұрақты даму ел экономикасының тиімділігін арттыруға үлкен әсер етеді және кез келген мемлекет үшін және кез келген жағдайда маңызды болып табылады. Мақалада тұрақты дамудың негізгі компоненттері және Қазақстан Республикасының осы бағыттағы орны қарастырылады. Компоненттерді талдау кестелер, диаграммалар және сызбалар түрінде ұсынылған. Тұтастай алғанда, талдау Қазақстанның Еуропа, екі Америка және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен салыстырғанда айтарлықтай пассивті рөлін көрсетті, дегенмен, ел посткеңестік кеңістік елдері арасында жетекші орындардың бірін алады.

Аннотация: В настоящее время устойчивое развитие оказывает большое влияние на повышение эффективности экономики страны и является важным для любого государства и в любом случае. В статье рассматриваются ключевые составляющие устойчивого развития и место Республики Казахстан в данном направлении. Представлен анализ составляющих в виде таблиц, диаграмм и рисунков. В целом, анализ показал довольно пассивную роль Казахстана в сравнении со странами Европы, обоих Америк и Юго-Восточной Азии, тем не менее, страна занимает одну из ведущих позиций среди стран постсоветского пространства.

Abstract: Currently, sustainable development has a great impact on improving the efficiency of the country's economy and is important for any state and in any case. The article examines the key components of sustainable development and the place of the Republic of Kazakhstan in this direction. The analysis of the components is presented in the form of tables, diagrams and figures. In general, the analysis showed a rather passive role of Kazakhstan in comparison with the countries of Europe, the Americas and Southeast Asia, nevertheless, the country occupies one of the leading positions among the countries of the post-Soviet space.

Түйінді сөздер: тұрақты даму, өмір сапасы, қоршаған орта, білім, өмір сүру ұзақтығы.

Тұрақты даму деп те аталатын экологиялық тұрақты даму – бұл тұрақты өсуді, үйлестіруді қамтитын өзара байланысты және өзара әрекеттесетін процесс даму, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану, инвестициялық стратегиялар, ғылыми-техникалық даму, мәдени әртүрлілік және институционалдық өзгерістер. Осы аспектілердің барлығы өзара байланысты және адамның қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру арқылы қазіргі және болашақтағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді нығайтуға ықпал етеді. «Тұрақты даму» термині көбінесе адамдардың өмір сүру сапасын сақтау және жақсарту идеясымен байланысты [1].

Бұл терминнің әлемдік тілдерде әр түрлі аналогтары бар, мысалы, ағылшын тіліндегі «тұрақты даму», француз тіліндегі «тұрақты даму» және неміс тіліндегі «nachhaltige entwicklung». Ол экологиялық тазалықты және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін

қанағаттандыруды ескере отырып, тұрақты ғана емес, эволюциялық, дамып келе жатқан дамуды да білдіреді [2].

«Тұрақты даму» термині әрдайым «өмір сүру сапасы» деген ұғыммен бірқатар жүреді. Қазіргі әлемде өмір сүру сапасы негізгі құрамдас бөліктермен анықталады:

1. Өмір сүру ұзақтығы;
2. Әл-ауқат деңгейі;
3. Білім;
4. Қоршаған ортаның жағдайы [3].

Дәл осы кезекте әрқайсы параметрді, бірақ, ең алдымен, әлем бойынша өмір сүру сапасының рейтингісін қарастырайық (1-сурет):



Сурет 1. Әлем елдеріндегі өмір сапасының индексі картасы, 2022 ж., балл

Қоғам, табиғат және адам халықаралық университетінің өмір сапасы индексі бойынша (Дубна, Ресей) Қазақстан 1,17 коэффициентімен 78-орында болса, рейтингтің көшбасшысы 3,83 коэффициентімен Норвегия, Ресей – 1,57, Қытай – 0,34.

Қазақстанда халықтың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығы басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай артта қалды [4].

Сурет 2. Қазақстандағы 2020-2023 ж.ж. респонденттердің өз өмірлеріне қанағаттануы туралы пікірлері, %-бен

Йель экологиялық құқық және саясат орталығының (Йель университеті, АҚШ) және Колумбия халықаралық геоғылыми ақпараттық желісі орталығының (Колумбия

университеті, АҚШ) экологиялық тұрақтылық индексіне сәйкес 76 параметрді, оның ішінде 76 параметрді есептеу негізінде экожүйелердің жағдайы, экологиялық күйзеліс, халықтың денсаулығының экологиялық аспектілері, мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері және халықаралық қызметі бойынша Қазақстан Республикасы 63,8 индексімен 70-орында болса, жетекші елдер – Жаңа Зеландия, Швеция және Финляндия – бұл көрсеткіш. 87-88 ұпайға жетеді.

Бұл ретте өз өміріне ішінара қанағаттанған халықтың үлесі 35,8%-дан 38%-ға өсті, ал қанағаттанбағандар үлесі 0,6%-дан 0,5%-ға төмендеді.

Өз кезегінде респонденттердің 54,7%-ы 2023 жылы тұрмыс жағдайына қанағаттанса, бір жыл бұрын олардың үлесі 58,1%-ды құраған.

Жартылай қанағаттандырылған өмір сүру жағдайларының үлесі 40,6%-дан 43,7%-ға өсті, бірақ қанағаттанбағандардың үлесі де 1,2%-дан 1,3%-ға дейін өсті (2-сурет, 3-сурет).



Сурет 3. 2022-2023 ж.ж. Материалдық қамтамасыз ету деңгейі бойынша бағалау, %-бен

Келесі параметр – өмір сүру ұзақтығы (4-сурет). Worldometer мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылы әлем халқының өмір сүру ұзақтығы орташа есеппен 73,2 жасты құрады: әйелдер үшін 75,6 жас және ерлер үшін 70,8 жас. Орта есеппен ең ұзақ өмір сүру жасы Гонконгта тіркелген: 85,29 жыл. Көшбасшы елдердің үштігіне Жапония мен Макао да кірді. Ең аз өмір сүру ұзақтығы Орталық Африка республикасында (барлығы 54,36 жыл) және Чадта (55,17 жыл) тіркелді.

Орын	Мемлекет	Жас ұзақтығы	Әйелдер	Еректер
1	Гонконг	85,29	88,17	82,38
2	Жапония	85,03	88,09	81,91
3	Макао	84,68	87,62	81,73
4	Швейцария	84,25	86,02	82,42
5	Сингапур	84,07	86,15	82,06
6	Италия	84,01	85,97	81,90
7	Испания	83,99	86,68	81,27
8	Австралия	83,94	85,80	82,08
9	Норманд аралдары	83,60	85,31	81,82
10	Исландия	83,52	84,90	82,15
105	Қазақстан	73,90	77,97	69,55
192	Чад	55,17	56,65	53,73
193	Орталық Африка Республикасы	54,36	56,58	52,16

Сурет. Өмір сүру ұзақтығы, 2022 ж., жас

Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша табиғи капиталдың тозуы мен жоғалуын есепке алатын шынайы жинақ индексі (TSI) Қазақстан Республикасы үшін -25,5, Ресей Федерациясы үшін -4,4, Норвегия үшін +14,8, +4,4 құрайды. АҚШ.

Қазақстан адам дамуы индексі (АДИ) бойынша елдер рейтингінде 80-ші орында [5].

Осылайша, Қазақстан Республикасы 2024 жылға қарай өмір сүру сапасы бойынша бәсекеге қабілетті және дамыған елдердің қатарынан тұрақты болуы үшін ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, өмір сүру ұзақтығын арттыру, сондай-ақ халықтың өмір сүру ұзақтығын арттыруды қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Тонкопий М. С. и др. Экология және тұрақты даму. – 2011.
2. Досова А. Ә. ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ҚҰРАЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ. – 2022.
3. Baker S. Sustainable development. – Routledge, 2015.
4. Abbott P., Wallace C. Satisfaction and societal quality in Kazakhstan //Happiness across cultures: Views of happiness and quality of life in non-western cultures. – 2012. – С. 107-120.
5. Taspenova G., Malgaraeva Z., Kudaibergenov N. ANALYSIS OF QUALITY OF LIFE OF THE POPULATION OF KAZAKHSTAN //OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES. – 2019. – С. 252.

УДК 502.131.1

ТРОЙНАЯ КОНЦЕПЦИЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ. «УСТОЙЧИВАЯ» МОДА

Махмуд Д.М.
ВШ «Управление и Бизнес», кафедра «Экономика»,
м.э.н, докторантка группы ДЭФ-23-1а
Южно-Казахстанский университет, г.Шымкент
Dinara.Makhmud@auezov.edu.kz
Есиркепова А.М.
ВШ «Управление и Бизнес», кафедра «Экономика», д.э.н., профессор
Южно-Казахстанский университет, г.Шымкент
essirkepova@mail.ru
Жумагулова А.М.
ВШ «Управление и Бизнес», кафедра «Экономика»,
м.э.н, докторантка группы ДЭФ-22-1р
Южно-Казахстанский университет, г.Шымкент
asel_1982@mail.ru

Аннотация:В данной статье проводится анализ различных подходов к определению «устойчивого развития». В тексте раскрывается сущность этого понятия, представлены наиболее широко используемые формулировки и предложено авторское определение. Основное внимание уделено триединому подходу, который рассматривает устойчивое развитие с точки зрения его экологических, социальных и экономических компонентов. Были разобраны каждые из элементов тройной концепции и приведен анализ на основе данных из Бюро статистики.

Аңдатпа:Бұл мақалада «тұрақты дамуды» анықтаудың әртүрлі тәсілдеріне талдау жасалады. Мәтін осы Тұжырымдаманың мәнін ашады, ең көп қолданылатын тұжырымдар ұсынылған және авторлық анықтама ұсынылған. Тұрақты дамуды оның экологиялық, әлеуметтік және экономикалық компоненттері тұрғысынан қарастыратын үштік тәсілге баса назар аударылады. Үштік Тұжырымдаманың әр элементі талданып, статистика бюросының деректері негізінде талдау жасалды.

Abstract: This article analyzes various approaches to the definition of «sustainable development». The text reveals the essence of this concept, presents the most widely used formulations and suggests the author's definition. The main focus is on the three-pronged approach, which considers sustainable development in terms of its environmental, social and economic components. Each of the elements of the triple concept was analyzed and an analysis was presented based on data from the Bureau of Statistics.

Ключевые слова: устойчивое развитие, триединый подход, тройная концепция, «устойчивая» мода, компонент окружающей среды.

С момента появления концепции устойчивого развития исследователи предложили несколько подходов к его изучению. В настоящее время выделяют четыре основных подхода:

– Эколого-системный подход: ориентирован на анализ взаимосвязей в экосистеме и их влияние на устойчивость.

– Кластерный подход: фокусируется на группировке взаимосвязанных элементов для достижения устойчивых результатов.

– Триединый подход/концепция: рассматривает устойчивое развитие через призму экологических, социальных и экономических аспектов [1].

Концепция устойчивого развития компании: включает в себя учет трех основных критериев – «люди, планета, прибыль», где бизнес должен учитывать не только финансовые показатели, но также экологические и социальные аспекты.

Триединая концепция устойчивого развития, описанная выше, нашла свое отражение в модели «тройного критерия» или «triple bottom line» (TBL), предложенной Дж. Элкингтоном. Эта модель внедряет три составляющие устойчивого развития - людей, планету и прибыль - в деятельность компании, выражаясь через «три Пи: люди-планета-прибыль» или «3P - People, Planet, Profit» [2]. Такой подход требует от предпринимателей и менеджеров учета не только финансовых показателей, но и уделяет внимание экологическим и социальным последствиям корпоративной деятельности, что является основой тройной концепции устойчивого развития (1-рисунок).

Таким образом, изучив существующие на сегодняшний день подходы к интерпретации концепции устойчивого развития, можно сделать вывод, что на современном этапе развития концепции «устойчивого развития» триединый подход считается доминирующим и представляет собой методологическую базу для исследования устойчивого развития как на макроуровне, так и на уровне компании [3].



Рисунок 1. Тройная концепция устойчивого развития

1. Экономическая платформа. Экономический подход к концепции устойчивого развития основан, по крайней мере, на теории Хикса-Линдала о максимальном потоке совокупного дохода, который может быть произведен при сохранении совокупного капитала, из которого производится этот доход. Эта концепция относится к оптимальному использованию ограниченных ресурсов и использованию экологически чистых, энергоэффективных и материалосберегающих технологий, включая производство и переработку сырья, производство, сокращение, переработку и утилизацию экологически чистых продуктов [4].



	Китай	США	Индия	Япония	Германия	Россия	Индонезия	Бразилия	Великобритания	Франция	Казахстан
2021	24273	20937	8907		4470	4133	3302	3154	3019	3115	501
2022	30327	25463	11875	5702	5310	5327	4037	3837	3657	3770	605
Ряд 3	18,44	15,74	6,99	3,84	3,32	3,07	2,44	2,35	2,33	2,3	0,37

Рисунок 2. Список стран по ВВП на 2021-2022 гг., млрд долл.

2. Социальная программа. Социальная составляющая устойчивости развития направлена на сохранение устойчивости социально-культурных систем, ориентированных на человека, в том числе сокращение числа деструктивных конфликтов между людьми. Важным аспектом этого подхода является справедливое распределение прибыли. Также необходимо поддерживать культурный капитал и разнообразие в глобальном масштабе, а также более полно использовать методы устойчивого развития, встречающиеся в не доминирующих культурах. Для достижения устойчивого развития современное общество должно создать более эффективную систему принятия решений, которая учитывает исторический опыт и поощряет плюрализм. Важно добиться не только внутренней, но и межпоколенческой справедливости.

3. Компонент окружающей среды. С экологической точки зрения устойчивое развитие должно обеспечивать целостность биологических и физических природных систем. Особое значение имеет жизнеспособность экосистем, от которой зависит глобальная стабильность всей биосферы. Кроме того, концепция «естественных» систем и среды обитания может быть широко понята, чтобы охватывать созданные человеком среды, такие как города. Вместо того, чтобы поддерживать такие системы в каком-то «идеальном» статическом состоянии, основное внимание уделяется поддержанию их возможностей самовосстановления и динамической адаптации к изменениям. Деградация природных ресурсов, загрязнение и потеря биоразнообразия снижают способность экологических систем к самовосстановлению.

Рисунок 3. Экологическая карта Казахстана (прим.: зеленый – низкий, оранжевый – средний, красный – высокий уровни загрязнения)

Понятие «устойчивая мода». Устойчивая мода – явление, связанное с изменением принципа потребления. Он включает в себя» замедление темпов изменения стиля, переработку материалов, обращение к экологическим стандартам и этике потребления". Устойчивая мода подразумевает нарушение основного принципа системы, связанного с последовательным стремлением к новизне. Устойчивая мода-это ограничение потребления и попытка установить ответственное использование природных ресурсов [4].

Единство понятий:

- Согласование этих различных точек зрения и перевод их в конкретные действия как средства достижения устойчивого развития является очень сложной задачей, поскольку все три элемента устойчивого развития должны рассматриваться сбалансированно.

- Механизмы взаимодействия этих трех понятий также важны. Взаимодействуя друг с другом, экономические и социальные элементы создают новые задачи, такие как достижение справедливости в течение одного поколения (например, в отношении распределения доходов) и оказание адресной помощи бедным.

- Наконец, связь между социальными и экологическими элементами вызвала интерес к таким вопросам, как межпоколенческое и межпоколенческое равенство, включая уважение прав будущих поколений и участие населения в принятии решений.

Важной проблемой при реализации Концепции устойчивого развития, особенно из – за того, что она часто рассматривается как развивающаяся, было определение ее практических и измеримых показателей (показателей устойчивого развития). Сейчас в этом направлении работают как международные организации, так и научные группы. Основываясь на вышеупомянутой триаде, такие показатели могут связать все эти три компонента и показать экологические, экономические и социальные аспекты (включая психологические, такие как принятие устойчивого развития).

Одним из примеров практических показателей являются индексы устойчивого развития: по экономическим, экологическим и социальным компонентам. Их можно измерить и отобразить аналогично многофакторным индексам роста, используемым Всемирным банком. Разработаны основные индексы в экономической, экологической и социальной сферах. Существует также механизм практической интеграции этих показателей в систему планирования и оценки на уровне географического региона. Показатели устойчивого развития также используются в программно-ориентированном подходе к

управлению развитием населенных пунктов как маркеры, определяющие баланс развития городской системы.

На основе таких показателей и индексов присваиваются рейтинги устойчивого развития и публикуются соответствующие рейтинги.

Таким образом, устойчивое развитие – это концепция развития, которая стремится обеспечить удовлетворение текущих потребностей общества, не ущемляя возможности будущих поколений удовлетворять свои собственные потребности. Это подразумевает баланс между социальными, экономическими и экологическими аспектами, чтобы обеспечить долгосрочную жизнеспособность и благосостояние для всех членов общества, сохраняя природные ресурсы и экосистемы. Устойчивое развитие также включает в себя ответственное использование ресурсов, устойчивые экономические практики и социальную справедливость. Эта концепция призвана создать гармоничное сочетание между потребностями человека и сохранением окружающей среды, обеспечивая равные возможности для текущего и будущих поколений.

Список литературы

1. Старикова Е. А. Современные подходы к трактовке концепции устойчивого развития //Вестник российского университета дружбы народов. серия: экономика. – 2017. – Т. 25. – №. 1. – С. 7-17.

2. Дробот Е. В., Макаров И. Н., Почепаев И. А. Концептуальные основы устойчивого развития в XXI веке: принцип триединства и подходы к оценке воздействия бизнеса //Лидерство и менеджмент. – 2020. – Т. 7. – №. 4. – С. 643-658.

3. Шимова О. С. Устойчивое развитие и «зеленая» экономика: учебная программа учреждения высшего образования по учебной дисциплине для специальности 1-25 81 07 «Экономика и управление на предприятии». – 2017.

4. Трухачев В. И., Куренная В. В. Методологические основы устойчивого развития монопродуктового подкомплекса в аграрном секторе экономики //Вестник АПК Ставрополья. – 2015. – №. 4 (20). – С. 351-355.

ОРТА МЕКТЕПТЕ КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕП ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Ж.А.Ташенев университеті, Шымкент қ.
Магистр, аға оқытушы
Катбаева Майра Турганбаевна
Praktika-2013-14@mail.ru

*Түйін:*Мақалада мектепте білім беру жүйесінде оқушылардың техникалық мамандықтарды таңдауында физиканың «Механика» тарауын бейімдеп оқытудың маңызы мен қажеттілігі қарастырылады.

Резюме: В статье рассматривается выбор учениками технические специальности в системе школьного образования а также важность и необходимость адаптивного обучения физики раздела «Механики».

*Summary:*The article is considered the importance and necessity of adaptive physics mechanics in adapting students to technical specialties in school education.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім, ол үшін бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»,-деп білім беру жүйесін

жетілдіру мәселесін 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетті. Осындай мемлекеттік маңызы бар құжаттар білім беру жүйесінің алдына үлкен міндеттер жүктейді, бағыт пен бағдар береді және жаңа іс әрекеттерге көшуге міндеттейді.

Жалпы алғанда, мектептің оқушылары пән бойынша сапалы білім алады, бірақ оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары жоқтың қасы. Біздің дәстүрлі оқыту қазақстандық мектеп оқушыларының академиялық білімдерінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді, бірақ оны өз бетінше білім алуы мен оны іс-әрекеттерінде қолдануды, әрі оқытудың әр түрлі саласында талдауды, оларды тиімді пайдалана білуі үшін дайындай алмайды. Осыған байланысты бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

Қазіргі кезде жалпы орта білім беретін мектептің жоғарғы сатысында оқытылатын пәндердің барлығының мәртебесі бірдей. Демек, бұлардың бәрінен де бағдарлама деңгейінде білім беріліп, білім, білік дағдылары игерілуі тиісті. *Бұл, оқушыға бірнеше салада білім негізі беріледі, ал оқушылар игерілген білім негіздерін бірде-бір саласынан терең білім меңгеруге мүмкіндігі болмайды деген сөз.* Ал қазіргі таңда Қазақстанның мектептегі білім беруі жаңа бастау алу сатысында тұр. Осы уақытта инфрақұрылымдық дамыту мен жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдықтар болып отырғаны белгілі. Осыған байланысты бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында «Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды. Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді»-деп атап көрсеткен[1].

Сонымен, бұл құжаттарда білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде мектептің жоғары сыныптарына кәсіптік бейімдеп оқытудың енгізілуі және ол оқушыларды әлеуметтендіруге, оқытуды даралауға, оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттіліктерін толығырақ ескеруге, оқуларын әрі қарай жалғастыруы үшін жағдайлар туғызуға бағытталған оқыту жүйесін енгізу қажеттілігі айтылған.

Сондықтан мектептің алдында қазіргі нарық заманына бейім, білім алуын жалғастыруға мүмкіндігі бар, өзінің болашақ қызметінде жетістікке жете алатын бәсекеге қабілетті мектеп түлегін дайындау міндеті тұр. Осы тұрғыда біз жоғарыда Қазақстандағы білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты деп өттік. Яғни, орта білім беру жүйесін. оқушыларды кәсіптік бейімдеп оқыту болып отыр. Жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту қажеттігін біздің елде де, алдыңғы қатарлы шетелдер тәжірибелері де, жастарды еңбекке және кәсіптік білім алуларына дайындаудың нақты орын алып отырған тәжірибесі де дәлел. Бүгінгі таңда білім беру мен экономикалық байланыс нығая түсіп, нақты, орнықты сипат алуда, ал бұл әлуметтік-экономикалық проблемалардың педагогикалық проблемаларға айналуына әкелуде.

Сондықтан бұл жағдайларда жастарды өмірлік іс-әрекетке дайындаудың педагогикалық шарттарының біріне бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесіндегі жалпы және кәсіптік білім берудің өзара әрекеттесуін жатқызуға болады. Мектеп бітіргеннен кейін технологиясы жоғары дамыған қоғам мен ақпараттық технологиялар әлемінде өмір сүруге және қызмет етуге тура келеді. Сол себепті жалпы орта білім беру жүйесіне енетін физика пәніне ерекше назар аударуды қажет етеді. Бүгінгі таңда өнеркәсіптің барлық салаларында, оның ішінде техникалалық салада жоғары білікті мамандар керек. Олар қазіргі заманғы күрделі компьютерлерді, робот-автоматтарды, басқарылатын станоктарды түсіне алатындай, жеңіл меңгере алатындай болуы керек. Сондықтан мектептің алдында оқушыларды тиянақты жалпы біліммен қамтамасыз ету және өз бетінше оқып-үйрену дағдысын қалыптастыру, қысқа мерзімде жаңа мамандық алуға немесе өндірістің дамуына қарай басқа мамандықты тез игеруге бейімдеу басты міндет болып тұр.

Физика пәні қоршаған дүниені ғылыми түсінудің іргетасы болып табылады, оқушылардың табиғат пен техника құбылыстарын зерттей және түсіндіре алу біліктерімен қаруланууына, қоғамның экономикалық дамуындағы ғылымның рөлін түсінуге, табиғаттың бөлігі ретіндегі адамға табиғат дүниесін ғана емес, ондағы өзінің орнын да саналы түсінуге ықпал етеді. Өйткені қалыптасып, дамып келе жатқан тұлғаның табиғат дүниесімен қатынасы физика пәнінен алған білімі арқылы ғана игерілуі мүмкін[2].

«Физика» пәнін оқытудың мақсаты оқушылардың ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру, танымдық қызығушылықтарын, физикадан игерген білімдері негізінде олардың практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту.

Физика және техника ғылымдары саласының қарқынды дамуы елімізде жоғары білікті мамандар даярлауды талап етіп отыр. Жалпы орта білім беретін мектептерде физика пәнінен кәсіпке бейімдеп оқыту жүзеге аспай, бұл мәселені шешу мүмкін емес.

Бейіндік оқыту білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық қызметінің басым бағыты оқушылардың тереңдетілген кәсіптік білім беруге даярлығын жүзеге асыру үшін бағдарланған оқытуды енгізу болып табылады. Сондай-ақ, бейіндік оқыту арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі[3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 3-тарау 11-бабы Білім беру жүйесінің міндеттерінде: «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз етуге жағдайлар жасау»-деп атап өтілген[4]. Демек бізге таңдаған бағытқа сәйкес пәндердің тереңдетілген деңгейде оқытылуын қамтамасыз ету керек. Бүгінгі заман - бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы. Сол себептен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған бейімдеп білім беру оқушыларға ғылым негіздерін үйретіп қана қоймай, әр оқушының бейімділігін анықтауға және тұлғалық негізіне қарай білім алуға көмектеседі.

Бейімдеп оқыту білім беру саласында басты мәселелердің бірі болып тұр. Бейімдеп оқытудың мақсаты – жоғары сынып оқушыларының кәсіптік қызығуына және білім алуды жалғастыруға қатысты жоспарларына сәйкес жағдай жасау болса, оның негізгі міндеттері төмендегілерден тұрады:

- жалпы орта білім бағдарламаларына сәйкес жекелеген пәндерден тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ету;
- жеке білімдік бағдарламаларды құруға кең түрде және икемді мүмкіндіктер туғыза отырып жоғарғы сынып оқушыларын оқытуға жағдай жасау;
- білім алушылардың әр түрлі топтарына, олардың жеке бейімділіктері мен сұраныстарына сәйкес толыққанды білім алуына қамтамасыз ету.

Оқушының әлеуметтену мүмкіндігін кеңейтіп, жалпы жеке кәсіптік білім арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, сонымен бірге мектеп бітірушілерді жоғары кәсіптік білімді игеруді тиімді дайындау[5].

Бейінді оқыту дегеніміз-оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте игеруі тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқытудың түрі. Бейінді немесе бағдарлы оқыту тек қана мектептің жоғарғы сатысында жүзеге асады. Негізгі орта білім беру сатысында бейіналды жұмыстары жүргізіледі. Бұл жерде туындайтын бірінші мәселе «мектептің жоғарғы сатысында оқушыны қандай кәсіпке икемдеп, бейімге бағдарлауға болады және «бейінді-бағдарлы оқытудың жетістігі неде?» деген сұрақтар туындайды.

Еліміздегі бейіндік оқыту жүйесінің дамуы:

- жоғары сынып білім алушыларының білімділік деңгейін, олардың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында мүмкіндіктерді кеңейтуге;
- жоғары сыныптағылардың мектептен кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімделудің негіздерін жасау, олардың кәсіптік мақсаттарын іске асыруға;

- еңбек нарығын кәсіби техникалық кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған.

Жоғарыда аталған құжаттар, айтылған тұжырымдар мен ойларды қортындылай келе біз, болашақ көлік саласындағы инженер болуға ниет қойған оқушыларға, яғни транспорт саласы маманын физиканың «Механика» тарауын бейімдеп оқыту қажет деп санаймыз. Оны іске асыру үшін «Механика» тарауында қарастырылатын әрбір түсініктер мен заңдарды, ережелерді болашақ мамандыққа қажетілігін сабақ үстінде, мысалдармен, тәжірибелермен және т.б. әдістермен көрсету керек, сонда болашақ транспорт инженері болатын оқушылардың физика пәнін терең меңгеруге деген қызушылығы артады. Ендігі мақсат, осы ойларды іске асырудың педагогикалық технологиясын жасау.

Қорыта келгенде, мектептің жоғары сыныптарында бейінді оқытуды енгізудің қажеттілігі мемлекет пен қоғам тарапынан мектептегі білім беру жүйесіне қойылып отырған талаптардан, республиканың әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуынан туындаған заңды құбылыс болып табылады және ол оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін таңдауға жағдайлар туғызуға бағытталған оқыту түріне жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.
2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакция баспа орталығы, 2012.-195 б.
3. Кәсіптік бейімдеп оқыту әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2012. – 81 б.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы
5. Хамзина А. Х. Мамандыққа бейімдеп оқыту әдістемесі. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті. Астана: 2017.-4 б.

БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОНИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗАРА ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Бахбердиева Улжалгас Салдатбековна
«Болашақ» жоғары колледжінің оқытушысы,
Медешова Гульбану Турдыхановна
«Болашақ» жоғары колледжінің оқытушысы,
Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы
Қазақстан Педагогикалық профессоры, Қазақстанның құрметті профессоры,
Құрметті академик, «Нобель» медалінің лауреаты, Ресей Жаратылыстану
Академиясының Кеңесшісі (*ғылыми атағы*).
«Болашақ» жоғары колледжі,
Қазақстан Педагогикалық академиясы, Шымкент, Қазақстан,
Ресей Жаратылыстану Академиясы, Ресей, Москва.
Kyran571@mail.ru

Аннотация: Данная статья включает материалы, характеризующие о биологии и бионике. Это статья рассчитано на широкий круг школьников, студентов, родителей, а также читателей: ученых, преподавателей, магистрантам, докторантам, студентам Вузов.

Кілттік сөздер: *биология, школа, ВУЗ, информационная технология, метод, методика, обучение, роль.*

Annotation: The materials, which characterize his life, work experience, scientific, methodical and other established works were presented there. Among them, a short essay on the life and work is given in Kazakh, Russian and English languages, and publication-in the original language. For teachers - sceientist, students, readership, doctors (PhD), magistrant (masters).

Keywords: *biolog, pedagogica, school, Information technologies, method, method's, education.*

Адам баласы табиғатында қабілетті болады. Біреудің қабілеті жоғары, екінші біреудің қабілеті орташа немесе төмен болады. Қабілетіне қарай адам баласы өмірде көздеген арман-мақсатына жетеді. Дарынды адамның өз қабілетімен жасаған жұмысы халық тарапынан өте жоғары, орташа немесе төмен қабылдануы мүмкін. Яғни, адам жасаған жұмысы арқылы өзін көрсетеді.

Дарындылық ұғымының мәні мен мазмұнын ашуда талант, данышпандық, жеке тұлға, танымдық белсенділік, шығармашылық, қабілет ұғымдарын ажырата танып-білу маңызды болып табылады. Олар – өзара тығыз байланысып жатқан, болмыстары тым күрделі де терең болып келетін ұғымдар.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Ол кез-келген жұмысты шығармашылықпен шешуді талап ететін басқашалығымен, ерекшелігімен өзгешеленетін еңбектерінің бар болуымен танылады.

Данышпандық – қоғамға тарихи маңызы бар, шығармашылықпен көрінетін дарындылықтың жоғары деңгейі деуге болады. Данышпан адам өз ісінің нәтижесінде жаңа өмір тудырады.

Болашақ жоғары колледжінде биология сабағында дарынды студенттердің ғылыми шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарда өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және олардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарындылық туралы жазылған әдебиеттерді теориялық жағынан саралағанда күрделі дарынды тұлғаның дамуы да әр алуан. Дегенмен дарындылықтың әр алуан жолдары мен тәсілдері арасындағы ең нәтижелісі–дарынды тұлғаның жеке зерттеу тәжірибесі болып табылады.

Биологияны оқыту барысында студенттердің жаңалықты білуге, шығармашылық іс-әрекетке ұмтылуы болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша, зерттеулік іздену – студенттің дарындылығының ажырамас бөлігі.

Дарынды студенттерді колледжде оқыту мен дамытудағы маңызды тәсіл - шығармашылық әлеует пен танымдық белсенділік дарындылықтың дамуының негізі.

Дарынды студенттің биология пәндерінен алатын білімдерінің мазмұнына, жас ерекшеліктеріне және білім берудің сатылары мен білім беру стандартының талаптарына сай біртіндеп күрделене отырып, шығармашылыққа және оларды зерттеушілікке, соның ішінде бионика ғылымына баулу болып табылады.

Танымдық және шығармашылық белсенділік оқушы іс-әрекетінің сапасы ретінде танылып, үздіксіз ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлға ұғымының мәнін біршама ашып, оның даму мәнін қарастыруға көшейік:

Философиялық сөздікте: «Тұлға – белгілі бір қатынастар тұсында өмір сүретін адамның негізгі 3 қырының: биогенетикалық нышандарының, әлеуметтік қатынастар әсерінің және психоәлеуметтік қасиеттердің біртұтас бірігуінің нәтижесі» деп көрсетсе, Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы: «Биология мен бионика егіз ұғым», деген анықтама берді.

Биология сабағында студенттердің таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, оқытушының теориялық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне байланысты. Оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер, оқытушы мен студент пен оқытушы арасындағы жылы қарым-қатынас олардың шығармашылық пен зерттеушілік белсенділігінің артуына, бионика ғылымына баулуға үлкен септігін тигізеді.

Белгілі ғалым В.А.Энгельгардт «Шығармашылыққа қабілеттілік, табиғаттың шексіз ұзақ эволюциялық даму жолындағы аламға берген ең жоғарғы сыйы. Адам шығармашылық үшін жаратылған» – деп, ой түйіндейді.

Қызығушылық жеке тұлғаның іс-әрекетіне күшті ықпал ете отырып, оның *белсенділігін* арттырады, дамытады.

Белгілі бір нәрсені жетілдіруді – дамыту дейміз. Дамытуды – ілгерілету, өсіру, күшейту, арттыру, ілгері(алға) қарай өзгерту деуімізге де болады.

Ал, Бионика ұғымына арнайы тоқталар болсақ, бұл грек. bin — тіршілік элементі, сөзбе-сөз мағынасы — өмір сүруші, яғни тірі организмдердің құрылымы мен тіршілік әрекеттерінің ерекшелігін зерттеу негізінде техникалық құрал-жабдықтардың жаңа түрлерін жасау және оларды жетілдіру әдістері туралы ғылым. Биониканың негізгі бағыттары: автоматика мен телемеханиканың жаңа элементтерін және электронды есептеуіш техникасын одан әрі жетілдіру мақсатында тірі организмдердің жүйке жүйелерін зерттеу; жүйке клеткаларын модельдеу; жануарлардың ориентациялық (бағдарланғыштық) және локациялық (бір нәрсенің тұрған жерін анықтағыштық) ерекшеліктерін техникада қолдану.

1960 ж. Дайтон қаласында (АҚШ) "Жаңа техниканы жасауда бірден-бір кілт — тірі табиғаттың үлгісі" деген тақырыппен өткен халықаралық симпозиумда бионика өз алдына биологияның бір саласы ретінде басталып, дербес ғылым болып жарияланды. Ал Қазақстанда бионика жөніндегі ғылыми бағыттардың негізі 1969 ж. Алматыда өткен ғылыми-техникалық семинарда тұжырымдалды. Зерттеу жұмыстары Зоология институтында, Алматы медициналық университетінде, т.б. жүргізілуде. ҚазМУ-де адам мен жануарлар терісіндегі биологиялық активті нүктелердің иммитациялық желісінің көп каналды аналогты жүйесі зерттелді. Мұның нәтижесінде бірқатар аурулардың диагностикасын тез анықтайтын прибор жасалып, клиникалық медицинада қолданылуда.

Биониканың басты міндеті — тірі табиғаттың құрылу принципін зерттей отырып, биологиялық жүйелерді техникада пайдалану. Мысалы, теңізде тіршілік ететін медузалардың келе жатқан толқынды дауылды 13 — 15 сағат бұрын сезетіні анықталды. Ал теңіз барометрі оны 2 сағат бұрын ғана біледі. Медузаның осы қасиетінің негізінде теңізде дауыл боларын болжайтын аспапты жасауға мүмкіндік туды. Жыландардың да температураны айыра білетін қасиеттері бар екені анықталып отыр. Мысалы, ысылдап дыбыс шығаратын жылан мен қалқантұмсықты жыландардың басының 2 жағында жылуды сезетін шұңқыры болады. Ғалымдар жыландардың термолокаторлық қасиетіне сүйене отырып, жылылық пен суықтықты дәл өлшейтін термометрлер ойлап шығарды. Су сүңгуір қоңызы, шегіртке, сүлік, балық, т.б. жер сілкінуді алдын-ала сезеді. Масаның нәзік иіс сезу ерекшелігіне байланысты жасалынған аспап, шахтада улы газдардың пайда болғанын хабарлайды.

Соңғы кезде ғалымдар дельфиндерге көп көңіл аударуда, дельфин терісі су толқындарына оңай қысылады және серпімді келеді. Осыған байланысты теңіз кемелерінің суға бататын бөлігіне дельфин терісіне ұқсас қолдан тері жасап, қаптайтын болды. *"Дельфин терісімен"* қапталған кеме су кедергісін шұғыл азайтып, шапшаң жүзеді. Биониканың техникаға енген үлкен жетістігінің бірі — гиротрон. Ол — ұшақтарды тұрақтандыру үшін қолданылатын аспап. Гиротрон кейбір жәндіктердің (көбелек, қоңыз) биоанализаторларының жұмыс істеу қабілетіне сәйкес жасалынған. Мысалы, ұсақ жәндіктердің ұшу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу нәтижесінде оларда ұшу бағытының өзгеруін тез арада сезетін арнайы мүше болатындығы анықталды. Осының негізінде өте жоғары жылдамдықпен ұшатын ұшақтардың бағытын жоғары дәлдікпен қадағалайтын аспап жасалды. Биониканың кеңістікті бақылауға және көруге болмайтын жағдайда, заттарды іздеп табуға арналған өте күрделі техникалық аспаптарды құрастыруда, т.б. техника мен медицина мәселелері үшін маңызы зор.

Ежелгі дәуірде адамның ойы сұраққа жауап іздеді: адам тірі табиғат қол жеткізген нәрсеге қол жеткізе ала ма? Мысалы, ол құс сияқты ұша ала ма, әлде балық сияқты су астында жүзе ала ма? Алдымен адам бұл туралы армандай алады, бірақ көп ұзамай өнертапқыштар тірі организмдерді ұйымдастырудың ерекшеліктерін өз құрылымдарында қолдана бастады. Адам бүгін де білім алу үшін табиғатқа қайта-қайта жүгінеді. Себебі адамдар уақыт өте келе табиғат туындыларының техникалық өнертабыстарына қарағанда көптеген артықшылықтарын байқай бастады. Өйткені, жабайы табиғатта адамзаттың барлық туындыларымен салыстырғанда ең күрделі материалдар, құрылғылар мен процестер бар.

Міне, адамдар қоршаған әлемді көбірек бақылап, адам үшін қажетті пайдалы заттарды таба бастады. Мен табиғаттың құпияларын ашып, адамдарға жаңа өнертабыстар жасауға қандай ғылым көмектесетінін білгім келді? Біз өз өмірімізде» табиғатта бақыланатын » қандай өнертабыстарды қолданамыз.

Бейко В. Б. «жануарлар әлемі» энциклопедиясынан «Биология + Техника» картотекасы құрастырылды, оны бастауыш және орта буын педагогтары пайдалана алады. Осылайша, биология пәнін оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін материалдың мазмұнын бионика ғылымы тұрғысынан қоршаған әлем сабақтарында қарастыруға болады,

Сонымен, «БИОНИКА ұғымы «**БИО**логия және тех**НИКА**» сөздерінің бөліктерінен тұрады, яғни «табиғаттан ертеңгі техниканы үйрену» бұл адамға және табиғатқа үлкен пайда әкеледі». Бионикаңың мәні-табиғаттан құнды идеяларды алу және оларды түпнұсқа дизайн және дизайн шешімдері, сондай-ақ жаңа ақпараттық технологиялар түрінде жүзеге асыру.

Демек, қажеттілік барлық тірі табиғатқа тән, барлық тіршіліктің негізгі қозғаушысы. Дарынды студент қоршаған дүниенің жұмбақтарын сезінген сайын оны тануға құштар болып, бионика жайлы білмегенін білуге әрекет жасайды. Оқу әрекетінің пайдалылығын, білімнің қажеттілігін түсінген балалардың жауапкершілігі артып, қызығушылығы тұрақтанып, шығармашылық іс-әрекетпен белсенділігі дами бастайды. Кезінде ұлы ойшыл Плутарх былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады». Сондықтан, оқу үдерісі, тәрбие, оқытушылар ұжымы студенттердің бойындағы дарындылықты анықтап, оны дамыту мәселесіне көңіл бөлуі, биология мен бионика ғылымына қызығушылығын оятуы тиіс.

Биология сабақта, белгілі бионикаға қызығушылығы пайда болады. Жақсы меңгерілген білім қуаныш сезімін тудырып, бірте-бірте оқу мазмұнына, ғылым өміріне ынта-ықыласы артады. Мұның өзі тұрақты қызығушылықты тудырып, белсенділігін дамытады.

Биология сабағын оңтайлы жүргізудің негізгі шарты – сабақ үдерісінде шығармашылық және зерттеушілік жағдай қалыптастыру керек. Яғни биология пәнінің оқытушысы, сабақта студенттердің белсенді әрі қызығушылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек. Сонда ғана оқу материалы терең әрі саналы түрде меңгеріледі, білім сенімге айналады. Өйткені, бүгінгі дарынды студент, болашақ кәсіби маман.

Зерттеулерге жүгінсек, қажетсіну мен қызығушылықтың арқасында адамның дамуы, алдына айқын мақсат қойып, оған жетуге әрекеттенуімен, оның белсенділік, ізденімпаздық сияқты қасиеттерінің дамуының маңызы жоғары. Осы қасиеттердің студенттер бойында қалыптасуы, олардың ғылыми дүние (бионика) танымының үздіксіз дамуына бағытталған әрекеттері, оны іс-жүзінде қолдана білуі, оқу еңбегінде шығармашылық белсенділігінің дамуына бірден-бір септігін тигізеді.

Сонымен, қажеттілік пен қызығушылық студенттерді биология сабағында ғылымға ынталандыруға, белсендіруге негіз болып, оның студент кезінен бастап, дұрыс тәрбие арқасында дамып жетіледі. Нәтижеде жеке тұлғаның шығармашылығының дамуына, қалыптасуына себеп болады.

Биология сабағында студенттердің шығармашылық-зерттеушілік іс-әрекет құрылымы бойынша, зерттеліп отырған мәселедегі шығармашылық белсенділік ұғымының мәні мен маңызы ашылып, кеңи түседі. Бұдан, көрсетіліп отырған, биология және бионика ұғымдарының үйлесімділік мазмұнына үңіліп, оны саралау арқылы шығармашылық-зерттеушілік белсенділік ұғымының қазіргі кезеңге үйлестірілген нақты анықтамасын табуға болады.

Демек, биология сабағында шығармашылық-зерттеушілік белсенділік – ізденумен жоқ нәрсені ойлап тауып, оны кәдеге асыра алатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті болып табылатындығында.

Әдебиеттер

1.Профессор, академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биология мен Бионика ғылымы. Шымкент, 2021.

2.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Бионика ғылымы мен өнертапқыштық. Шымкент, 2022.

3.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Биология сабағында студенттердің зерттеушілік қабілеттерін арттыру әдістемесі. Шымкент, 2023.

ӘОЖ:531.1(071.2):159.924.24

ОРТА МЕКТЕП ФИЗИКА ПӘНІНЕН «КИНЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ»ТАРАУЫНАН ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Кауденова Таншолпан Нурлыбаевна
kaudenova.97@mail.ru
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
7М01504 – физика мамандығының,
2 курс магистарнты, Алматы қ.
Ғылыми жетекші:
Алимбекова Гульшахан Бершинбековна
п.ғ.д.,профессор.

Түйінді сөз: Бұл мақалада, физиканың механика бөліміндегі «Кинематика» тарауларын оқытудың жаңа әдістеріне тоқталамыз. Бұл тарауды оқытуда ең маңызды физикалық параметрлерді өмірде, тұрмыста пайдаланатын заттармен түсіндіру керектігі айтылады. Кез-келген құбылыстарды, заттарды өлшейтін физикалық шамаларды есептер шығару арқылы түсіндірген жөн.

Аннотация: В этой статье мы сосредоточимся на новых методах

обучения главам «Кинематики» в разделе физики «Механика». В преподавании этой главы говорится, что с помощью междисциплинарных связей обучающимся необходимо разъяснить наиболее важные физические параметры с проблемами, которые они используют в жизни, в быту, чтобы сформировать элементарные представления. Физические величины, измеряющие любые явления, вещи, желательно решать с помощью задач.

Тірек сөздер: кинематика негіздері, механикалық қозғалыс, денелер, жылдамдық, орын ауыстыру, уақыт, импульс, үдеу, векторлар.

«Кинематика» ұғымдары алғаш рет 7-сыныпта «Қозғалыс» тарауында қарастырыла бастайды. «Қозғалыс» тарауын оқытудың негізгі мақсаты – материя қозғалысының қарапайым түрі болатын механикалық қозғалыс туралы жүйелі түсінік беру. Бұл тарау әдістемелік тұрғыдан алғанданеғұрлым күрделі болып есептеледі

Тарауда механикалық қозғалыс берілген дененің басқа денемен салыстырғандағы орнының өзгеруі ретінде анықталады. Механикалық қозғалыстың анықтамасын бергенде қозғалыстың салыстырмалылығына ерекше мән беру қажет. Екінші сөзбен айтқанда, дене қозғала ма? – деген сұраққа жауап берместен бұрын, санақ денесін таңдап алған жөн. Сондай-ақ, «тыныштық» ұғымының да салыстырмалы екенін мысалдар келтіре отырып түсіндірген дұрыс [1].

Материалды бекіту мақсатымен мынадый есептер шығаруға болады: Төменде аталған денелер қайсы денелерге қатысты алғанда тыныштықта және қайсысына қатысты алғанда қозғалыста болады: қозғалыстағы жүк машинасында отырған жолаушы; жүк машинасының

артында, бірдей қашықтықта жүріп келе жатқан жеңіл машина; тіркемедегі жүк (1-суреттекөрсетілген).



1-сурет. Қозғалыстағы жүк машиналары көрсетілген.

Тротуарда тұрған адам қандай денелерге қатысты алғанда тыныштықта және қандай денелерге қатысты қозғалыста болады?

9-сыныпта «Кинематика негіздері» тарауын оқытуға 8 сағат жоспарланған:

1- сабақ. Қозғалыс – материяның ажырамас қасиеті. Векторлар және оларға амалдар қолдану.

2- сабақ. Вектордың координаталар осьтеріндегі проекциялары. Проекцияларға амалдар қолдану.

3- сабақ. Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс. Үдеу.

4- сабақ. Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру.

5- сабақ. 1-зертханалық сабақ. Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау.

6- сабақ. Дененің еркін түсуі. Еркін түсу үдеуі.

7- сабақ. Қисықсызықты қозғалыс. Материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы.

8- сабақ. Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар. Центрге тартқыш үдеу. Есептер шығару.

«Кинематика негіздері» тарауын оқыту оқушылардың математикалық білімдеріне үлкен талап қояды, өйткені 7-8-сыныптардың физикасы ең қарапайым математикалық аппарат қолданылатын тәжірибелік негізінде оқытылады. Сондықтан кинематиканы оқытудың әр түрлі жолдарын талдап, қозғалысты сипаттау үшін ғылыми тұрғыдан және оқушыларға түсінікті болатын негізгі ұғымдарды таңдап алу қажет.

«Кинематика негіздері» тарауын оқыту оқушылардың математикалық білімдеріне үлкен талап қояды, өйткені 7-8-сыныптардың физикасы ең қарапайым математикалық аппарат қолданылатын тәжірибелік негізінде оқытылады. Сондықтан кинематиканы оқытудың әр түрлі жолдарын талдап, қозғалысты сипаттау үшін ғылыми тұрғыдан және оқушыларға түсінікті болатын негізгі ұғымдарды таңдап алу қажет.

Кіріспе сабағында материя мен қозғалыстың философиялық ұғымын түсіндіреді, механикалық қозғалыс пен механиканың негізгі есептерінің мазмұнын ашып көрсетеді. Материяның бізге және біздің санамызға тәуелсіз болуын және материясыз қозғалыс, қозғалыссыз материя болмайтынын айтады.

Физика материяның қозғалыс түрлерін зерттейді. Олардың ішінде ең қарапайым әрі кең тараған түрі – механикалық қозғалыс.

Механикалық қозғалыс дегеніміз – уақыт өтуіне қарай дененің (немесе оның кейбір бөліктерінің) санақ денесі деп аталатын басқа денелерге қатысты кеңістіктегі орын ауыстыруы. 7-сынып физика курсынан белгілі механикалық қозғалыстың анықтамасына қосылатыны – бұл өзгеріс уақыт өтуіне қарай болады.

Бұл анықтаманың мағынасын түсіндіруде:

а) механикалық қозғалыс –материя қозғалысының қарапайым түрі;

ә) механикалық қозғалыс әрқашанда салыстырмалы екенін ерекше атап көрсету керек.

Механикада қозғалысты сипаттау үшін әр түрлі әдістемелік жолдар қарастырылған: траектория бойымен материялық нүктенің жүрген жолы (s = s(t)) арқылы; радиус-вектор (r = r (t) және орын ауыстыру арқылы (координаталық әдіс) көрсетілген.

9 - сыныпта екінші әдістемелік жол таңдалған. Бұл әдісті қолдану физика мен математиканың пәнаралық байланысын күшейту мәселесін шешеді [2].

Қозғалысты радиус-вектор (уақыттың функциясы (r = r (t) немесе координаталар функциясы) арқылы сипаттағанда негізгі кинематикалық шамалар (жылдамдық және үдеу) бірден векторлықшамалар ретінде еңгізіледі.

Орын ауыстыру, жылдамдық және үдеу ұғымдарын қалыптастыруда оқушылар бұл шамалардың векторлық сипаттамасын меңгерген жөн; бұл әрі қарай динамикада қозғалыстың негізгі заңдарын түсуну үшін маңызды. Механика заңдарының векторлық түрдегі өрнектері жалпылама және олар санақ жүйесін таңдап алуға байланыссыз. Сондықтан, 9-сыныпта векторлық шамалармен жұмыс істеуге көп көңіл бөлініп, қозғалысты сипаттау үшінкоординаталық әдіс таңдалған.

Жылдамдық – ұғымы оқушылардан абстрактілі ойлауды талап етеді. Жылдамдық жайында оқушылардың өздерінің күнделікті бақылауларынан және математика курсынан алған түсініктері болғанына қарамастан, оны міндетті түрде тәжірибемен көрсету керек. Сонымен бірге физиканы зерделеу барысында жылдамдық ұғымы физикалық мазмұнмен толықтырылуы тиіс [3].

Физикалық шаманың толық сипаттамасын беру үшін: шаманың физикалық мазмұнын ашу (жылдамдық – берілген уақыт ішіндегі орын ауыстырудың сол уақыт аралығына қатынасы); оның әріппен белгіленуін еңгізу (жылдамдық ν әрпімен белгіленеді);

Берілген шаманың өлшем бірлігін еңгізу (SI жүйесінде жылдамдықтың бірлігіне секундына метр (м/с) алынады. Бұл жылдамдық бірқалыпты түзусызықты қозғалатын нүктенің 1 с ішінде 1 метрге орын ауыстыратынын білдіреді; берілген шаманы өлшеуге мүмкіндік беретін құралдарды (жылдамдық спидометрмен өлшенеді) айқындау қажет болады.

Жылдамдықтың векторлық шама ретінде ұғымы 7-сыныта берілмейді. Жылдамдықтың өлшем бірлігін айтқанда, негізгі бірлік 1 м/с болып табылатыны, есептеулерде 1 км/сағ бірлігі де пайдаланылатыны айтылады. Оқушыларға бұл бірліктерді бірінен-біріне түрлендірудің жолы түсіндіріліп, жылдамдықтың сан мәні өлшеу бірлігін таңдап алуға байланысты болатыны мысалмен көрсетіледі.

Оқушыларға үй тапсырмасы ретінде мектепке келе жатқанда қандай жылдамдықпен жүретінін анықтауды ұсынған жөн.

Бірқалыпты емес қозғалыс туралы ұғым жылдамдықпен байланыстырыла беріледі. Күнделікті байқаулардан оқушылар автобустың, пойыздың тұрған орнынан қозғала бастағанда олардың жылдамдықтары біртіндеп арта түсетінін, ал тежелу кезінде кемитінін біледі. Мұны көлбеу науамен кішкене шарды төмен қарай, сосын жоғары қарай домалатып, көрнекі түрде көрсетуге болады.

7-сыныпта бірқалыпты емес жылдамдық тек орташа жылдамдық арқылы сипатталып беріледі. Лездік жылдамдық туралы мұнда сөз болмайды. Ал, орташа жылдамдықты есептер шығаруда, оқулықта келтірілген мысалдар негізінде түсіндерген жөн.

Материалды бекіту үшін жылдамдықты, жолды және уақытты есептеуге арналған есептерді шығару керек. Бұл есептер – оқушыларды формулалардың қолданылуымен, белгілі бір физикалық шамаларды пайдалануымен, жуық сандар мен есептеулерді орындаумен таныстырады.

Материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы кезінде, траекторияға жанамен бағытталған жылдамдық векторы, шеңбер радиусы бойымен бағытталған центрге тартқыш үдеу векторына перпендикуляр.

Қозғалыс түрлері қозғалыс теңдеулерімен тығыз байланысты. Оқушылар мынаны түсуну керек: кинематикадағы теңдеулер механиканың негізгі есебін шешуге мүмкіндік береді; яғни, бастапқы жағдайлар мен үдеу белгілі болса, материялық нүктенің кез-келген уақыт мезетінде кеңістіктегі орнын анықтауға болады.

Бірқалыпты түзусызықты қозғалыс үшін, орын ауыстыру теңдеуін векторлық түрде ($\bar{s} = \bar{v} \cdot t$) және алгебралық түрде (векторлардың оське проекциялары арқылы: (sx = vxt)) жазамыз.



2-сурет. kahoot.it бағдарламасы арқылы білім алушылардың білімін тексеруге болады. Бұл интернет желісін тиімді пайдалануға негізделген.

Осы бағдарлама бойынша «Кинематика» тарауын меңгеруге болатын, барлық сұрақтарды тест түрінде дайындап, білім алушылардың білімін бір уақытта тексеруге болады және сабақ уақытын үнемдейміз. Әсіресе, кинематика тарауында *жылдамдық, үдеу, орын ауыстыру, жол* - физикалық шамаларының формулаларын білуге үйретеді. Тестке жауап бергеннен кейін, білім алушы өзінің жауаптарын тексеру арқылы, қатемен жұмыс жасай алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Браверман Э.М. Урок физики в современной школе. Э.М. Браверман, В.Г. Разумовский - М.: Просвещение, 1993.-288 с.

2. Александрова З. П. Уроки физики с использованием информационных технологий. 7-11 классы: Методическое пособие с электронным приложением. – М.: Издательство «Глобус», 2010. – 313 с.

3. Акимов В.А., Теоретическая механика. Кинематика. Учебное пособие. - М.: ИНФРА-М, 2012. - 635 с.

4. Алимбекова Г.Б. Эксперименттік есептерді шығару жолдары мен оқыту әдістемесі. *Оқу құралы.*Нур-Принт баспасы, - Алматы, 2019. - 300 б.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сапарбеков Н.С
«Дене шынықтыру»кафедрасының аға оқытушысы
TashenevUniversity, Шымкентқ. Nurmuhan-92kz@mail.ru
Нуржан Н.Н
Tashenev University, Шымкент қ.
Nurzhan17.01.1995@mail.ru

Аннотация: Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды дене тәрбиесінде қолдану студенттердің ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Түйінді сөздер: Дене шынықтыру, ұлттық ойындар, педагогика, дене тәрбиесі.

Аннотация:Молодое поколение знакомится с культурой и драгоценным наследием своего народа через национальную литературу. Люди признали игру образовательным инструментом. Использование игры в физическом воспитании является средством улучшения мышления учащихся, усвоения драгоценного наследия своего народа и передачи его следующему поколению.

***Ключевые слова**. Физическая культура, национальные игры, педагогика, физическое воспитание.*

Annotation:The younger generation gets acquainted with the culture and precious heritage of their people through national literature. People have recognized the game as an educational tool. The use of games in physical education is a means of improving students' thinking, learning the precious heritage of their people and passing it on to the next generation.

***Keywords:** Physical culture, national games, pedagogy, physical education at school*

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчесвтолық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді.

Әр заманның өзіне тән экономикалық, саяси-әлеуметтік идеологиялық ерекшеліктері болады. Бүгінгі күннің ұрпақ тәрбиесіне деген өз талабы, өз ерекшелігі бар. Қазақстан Реуспубликасының білім заңында жеке адамның рухани және күш қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негізін қалыптастыру; жеке адамның шығармашылық қабілетін және эстетикалық қабілетін және эстетикалық тәрбие беруді дамыту; Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр салтын оқып үйрену үшін жағдайлар жасау; дене шынықтыру және спортты жетілдіру міндеті қойылып отыр. Яғни рухани бай, адамзаттың ары таза, ой еңбегіне, бой еңбегіне сай азаматтарды тәрбиелеу талап етілуде. Мұндай жан-жақты үйлесімді жетілген азаматтарды тәрбиелеуде онда дене тәрбиесі ерекше орын алады. Олай болу себебі-әрбір бағыт көздей жүргізілген дене қимылы, жаттығуы тәрбие жұмысының нақты көрінісі. Дене тәрбиесі барысындағы қимыл- қозғалыс пен жаттығулар-жеткіншекті батылдыққа баптап, сымбатты етіп сомдау, ептілікке баулау сонымен қатар, тазалық, демалып рахаттану, бой жазу, ой еңбек барысындағы шаршағынын басу, күш -қайратты қайта толықтыру білу.

Еліміз жас ұрпақты ең жас кезінен дене күштері мен рухани күштері сай жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісін қамтамасыз етуді тәрбие саласының аса маңызды міндеттерінің бір деп санайды[1].

Халықтық тәрбие, ол ұлттық ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи көне процеске жатады. Ондай тәрбие жүйесінің халықтық педагогикамен

тығыз жүргізілуі тиіс. Адамзаттың өз бойында ішкі және сыртқы қасиеттері үйлесімді, жарасымды байланыста бола алады. Себебі, ішкі адам қасиетін, сыртқы күш қасиеті толықтырып, қанағаттандырып отырса, керісінше сыртқы күшті, ішкі қасиеттер қуаттайтындай үйлесімділікте болса, жеке тұлғаның нағыз толық тұтастығы сонда қалыптасатын болады. Ішкі күшке ақыл-ой, жүрек, қайрат, қуат, тазалық т.б. жатады. Ал, сыртқы күшке жататындар: ол бүкіл дененің қимыл-қозғалысы, бұлшық ет күші, қол, аяқ, иық, бас.

Жас ұрпақты дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру арқылы, болашақ өркениетті қоғамның ерікті, өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын, адамгершілік, имандылық, ізгілік мінезі қалыптасқан, іскерлігі жоғары, дені сау, ой еңбегі мен дене еңбегіне бірдей қабілетті, күші ақылына, ақылы күшіне сай ұрпақ тәрбиелеу болып келеді. Озық, өнегелі, рухани дәстүрді жалғастыру арқылы ұрпақтар сабақтастығының тарихи процесі жүріп отыруы тиіс. Мұндай процессіз қоғамымыздың өркениетті елдер деңгейіне жетуі мүмкін емес. Осындай жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі сонау ширек ғасыр алдын ұлы шығыс ойшылы, фәлсапа иесі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, ұлы Абай даналарды да толғандырған. Олар тәрбие жүйесінің жаңаша бағытын көрсетіп, көптеген еңбектер жазды.

Мәселен, Әл-Фараби «Әлеуметтік этикалық трактатында», «адам ең алдымен өз бойындағы бар абзал қасиетті тани білуге, соларға ие болуға және соны дамытуы керек» деді. Дененің жетілдіруді Әл-Фараби мінез-құлықты жетілдірумен байланыстырды. Ол денені жетілдіру – денсаулыққа тіреледі. Егер, денің сау болса, оны сақта және нығайтуға жағдай жаса, денсаулығын жоқ болса, оны табуға көмектесу керектігін көрсетті. Ол дененің дұрыс дау қасиетінен басқада, адамның мінез-құлығының дұрыстығын қамтамасыз етуді талап еткен [2].

Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолын сілтеу» трактатында адамды бақытты қылатын үш жағдайға көңіл аударды: 1.Бұл әрекет, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер: отыру, тұру, жүгіру, көру, есту. т.б.2.Жан аффектілері: құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқу, жабырқау, қызығу т.б. 3.Ақыл-парасат. Әл-Фараби бұл жерде адам тәрбиесінде үш қасиеттерді бір адам бойынан табылуын көздеп отыр. Ол дене күші, рухани және ақыл-ой, осы үшеуі толық адамды үйлесімді жеке тұлға деп атады. Әл-Фарабише, тұлғаның дамуы «Дене саламаттылығы» арқылы жүзеге асырылады, яғни дене тәрбиесі арқылы, адамның жан-жақты жетілуі қамтамасыз етіледі.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында халықтық мінез-құлығын, салт-санасын, әдет-ғұрпын талдай келіп, бала тәрбиесінің жүйесін қарастырған.

Қазақтың ертеректе өткен ұлы ойшылдары тәрбие жолын көрсете келе, оның жалаң бір жақты болмау керектігін, оның бойындағы қасиеттерді дене күші мен ақыл күшінің бірінсіз-бірінің түкке тұрмайтынын көрсетіп, тәрбиес бағытына жүйелі жол сілтеген. Бұл ғасыр өткен сайын ұрпақ тәрбиесі туралы ойлар өз жалғасын тауып, дамып келе жатқанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында өмір сүрген халқымыздың ұлы қайраткерлері Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев , С.Торайғыров т.б. бала тәрбиесінде халықтың салт-санасы, әдет - ғұрпы, дәстүрлері, ана тілінің атқаратын маңызын көрсетіп және оны қалай іске асыру жолдарына байланысты тер төгіп еңбек етті[3].

Дене тәрбиесі еңбек, әртүрлі ұлттық ойындар, қозғалыстар арқылы іске асырылса, жан тәрбиесі үлкендердің ақыл кеңесінен, ертегі мен мақал-мәтелдер арқылы бойға сіңеді. Қазақ ертегісіндегі батырлар: Қобыланды, Махамбет, Исатай, Қамбар т.б. күшті де ақылды жандар әділет үшін, халық үшін күрескен, олардың бойындағы қасиетке еліктемейтін қазақ балалары жоқ шығар. Олар жайлы жырлардан дене тәрбиесі барысында халықтық педагогика мүмкіндігін қолданудың артықшылығын көреміз.

Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайлы» деген бүгінгі күні елімізді дамыту, оны өркениетті елдерге қосу, ол үшін- әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек, кемшіліктердің бәрі оқумен түзеледі деген. Баланы оқытуды бастауыш мектептен бастау керек, ол білімді қиналмай алуы керектігін 1914 жылы «Бастауыш мектеп»

деген еңбегінде, бала алғашқы білімін, ана тілінде алған жөн және сол елдің тілімен қатар сол жер табиғаты, тарихы, дене бітімін, яғни дене шынықтыру барысында әртүрлі ұлттық ойындар, еңбек, би мүмкіндіктерін қолдану керектігін айтқан.Ахмет Байтұрсынов бала тәрбиесін тек білім, тіл, ақыл тәрбиесі деп бір жақты емес, сонымен бірге тән сұлулығына де көп көңіл бөлген.

Ол 1922 жылы «Тәні сұлудың жаны сау» деген еңбегін жазды. Тән мен жан сабақтас, екеуі бірін-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Олар өзара бір-біріне байлаулы, бірінің жайына бірі қарайды, біріне келген кемшілік біріне білінбей қоймайды. А.Байтұрсынов өз еңбектерінде тек тән мен жан байланысын көрсетіп қоймай, дене тәрбиесіне керекті мәселелерді атап көрсетті. Мерзімімен күн тәртібін сақтау, таза ауа, тамақ, сусын. Тән қызметі дұрыс болу үшін дене шынықтыру, гимнастика, ат спорты, ұлттық қимыл ойындары. Дененің әртүрлі мүшелерінің қызметін дұрыс басқару, дұрыс атқару, тамақ қорыту, қан айлану.

Адам тәрбиесі жүйесінен Міржақып Дулатов дене тәрбиесін ерекше бөліп қарады. Балалардың дене шынықтыру, жастық шақтан және күнде көріп, араласып жүрген тұрмыс-өмірден алынуы, ол ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары арқылы іске асырылуы тиісті дей келе, мынадай ойындар ұсынды: Ай-құлақ, дүмпілдек, марламқаш т.б., олар – балалардың әртүрлі қасиеттерін дамытуды көздейтін көргіштік, сезгіштік, жылдамдық, тапқырлыққа баулитын ойындар.

Жоғарыда көңіл аударған Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Шәкерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов т.б. көздеген маңызды мақсатар- адам баласына дұрыс тәрбие берудің мәнді жолдары.

Қазақ ағартушылары тәрбие процесінде ұлт салт-дәстүрінің алатын орнын, дене тәрбиесіндегі халық педагогикасының мүмкіндігін пайдалана отырып, жан-жақты үйлесімді адам тәрбиелеудің дұрыс жолын айқындап берді.

Дене тәрбиесіне үлкен үлес қосқан, Ресейде ден тәрбиесінің ірге тасын қалаушы Л.Ф.Лесгафт өз еңбегінде дене жаттығуларын орындау процесін рухани және дене жетілуімен тұтас бір уақытта жүретін процесс деп қарады.

Дененің әлсіздігіне қарамастан, ақыл-ой қабілетін жақсы жетілгенін жиі көруге болады. Алайда организмнің құрылымы мен қызметінің арасында үйлесімділіктің мұндай бұзылуы, жазасыз қалмайды. Ол өзінің сырт көріністерінің әлсіздігін байқатады.: адам ойлап түсіне білуі мүмкін, бірақ ойлаған идеяларын жүйелі түрде тексеріп, оларды табандылықпен іс жүзіне асыру үшін күші жетпейтінін, қоғамымызда көріп жүрміз.

Э.В.Ильенков мұндай жан-жақты даму мен толық адам мәселесін философиялық тұрғыдан талдап, өзінің «Философия и культура» атты еңбегінде оны «Ойлы дене» деп айрықша көрсетті . Ойлау ол адамзаттың ең жұмбақ қасиеттерінің бірі, оны адам денесінен бөліп қарауға болмайды. Ойлау ол адам денесінің белсенді іс әрекеті. Өзге денелердің ішінде өз денесінің дұрыс қозғалуын, көркемдігін қадағалау, өмірдегі кездесетін физикалық кедергілерді жеңе білу және аз күш жұмсап көп жұмыс атқару, санадағы меңзеген қимыл-әрекетті дене мүшелеріне орындата білу- бұл ақылдылық формасы немес «Ойлы дене». Яғни бұл жерде адам тәрбиесінде бір жақсы емес жан – жақтылыққа, сонда ған саналы, ойлы, ақылы күшіне, күші ақылына сай азамат тәрбиелеуге болады екен[4].

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчесвтолық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді.

Ұлт ойындары атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі көрінісі де болған.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп танған. Ойынды дене тәрбиесінде

қолдану студенттердің ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлт ойындары студенттердің жоғары имандылық, дене қабілеттері мен қасиеттері рухын себуде маңызды құралдардың бірі саналады. Ұлт ойындары тәрбие мен үйрету әдістері мен тәсілдерінің тұтас бір жүйесі қалыптасқан, олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық өмірінің барлық жақтарын бейнелейтін дәстүрлі білім мен дағдылардың, шеберліктің жиынтығы ретінде игеріледі [5].

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Мұны қорыта айтқанда, дене және ақыл-ой тәрбиесі бір-біріне толық тәуелді, бірінсіз – бірінің қасиеті артпайды. Адам тәрбиесі жалпы және күрделі болуға тиіст. Жан-жақты тәрбиелеуді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шегенбаев Н.Б. «Оқушылар дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігін ұлттық ойындар негізінде жетілдіру». Автореферат. пед.ғылым.кан.Алматы,2004 4б.
2. Сапарбаев М.Б., Ештаев С.Ж.Қазақтың ұлттық ойындарының тарихы.-Шымкент. Нұрлы бейне. 1994. 48 бет.11-12-б.
3. Шегенбаев Н.Б. Халық педагогикасындағы қазақтың ұлттық ойындары. Монография. Шымкент. Нұрлы бейне. 2006.174б. 44-43б.
4.ШегенбаевН.Б.«Оқушылар дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігін ұлттық ойындар негізінде жетілдіру».Автореферат.пед.ғылым.кан.Алматы,2004 14-15б.
5. Төтенаев Б. Дене тәрбиесі сабағында ұлт ойындарын оқыту методикасы.-Алматы. 2008 ж. 53-56б.

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сапарбеков Н.С
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. Nurmuhan-92kz@mail.ru
Көзбаев Е.У.

«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. kozbayev89@inbox.ru

Аннотация: Жарыстар кезінде туындайтын қиындықтарды қалай жеңуге болады, олардың ерекшеліктерін зерттеу маңызды.Объективті сипаттағы қиындықтарды жеңу үшін кез келген күтпеген жағдайда тиісті ойын үлгісін қалыптастыру қажет. Бұған әртүрлі жағдайларда, ортада (әртүрлі залдар, жарықтандыру, көрермендер, температура және т.б.) жаттығуларды енгізу арқылы қол жеткізіледі.

Түйінді сөздер: Шабуыл жасау тәсілдерін көрсету. Ептілік пен төзімділікті қалыптастыру.

Аннотация: Представлены преодолеть трудности, возникающие во время соревнований, важно изучить их особенности.Чтобы преодолеть трудности объективного характера, необходимо сформировать соответствующий игровой паттерн в любой непредвиденной ситуации. Это достигается за счет внедрения упражнений в разных условиях, средах (разные залы, освещение, зрители, температура и т. Д.).

Ключевые слова: *Демонстрация приемов атаки. Формирование ловкости, выносливости.*

Annotation: In order to overcome the difficulties that arise during competitions, it is important to study their features. In order to overcome the difficulties of an objective nature, it is necessary to form an appropriate playing pattern in any unforeseen situation. This is achieved by introducing exercises in different conditions, environments (different halls, lighting, spectators, temperature, etc.).

Keywords: *Demonstration of attack techniques. Formation of agility, endurance.*

Волейбол адамды коллективтік қимылға, жеке бас мүддесін команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті, болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Спорт және қимыл ойындары - дене тәрбиесінің сезімталдыққа негізделген тәсілі, олар денсаулықты сақтауға және нығайтуға өте тиімді, сірә, спорт ойындарының ең қолайлы, кең тараған түрі волейбол болса керек. Волейбол еңбекші бұқараны дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға, президенттік сынақ тапсыруға тартудың күшті жолдарының бірі. Енді осы ойынның адам организміне әсері туралы қысқаша тоқталайық.

Ойын тактикасының қарапайымдылығы және доп үшін тікелей тартыстың жоқтығы волейболмен көпшіліктің жаппай айналысуына жол ашады. Ал волейболшылардың организміне түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл-жүгіру мұнда аз қолданылады.

Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті калыптастыруға көмектеседі, тыныс жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда организмге игі әсер етеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру, спорт мамандарының бір ауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор. Сондықтан осынау тамаша ойын әрбір мекеме, жоғары оқу орны, мектеп, демалыс орындарында берік орын алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Волейбол ойыны аумағы 9х18м алаңда өткізіледі. Ортадағы сызық алаңды екіге бөліп тұрады. Ортаңғы сызықтың үстіне екі бағанға керілген волейбол торы орантылады. Тордың биіктігі ойыншылардың жасына немесе ұл не қыздар командасы болып ойнауына қарай әртүрлі болады. Жасөспірім ер балаларға арналған тордың биіктігі-220 см, қыздар үшін 210см болады. Ойынға әрқайсысында 6 ойыншысы бар екі команда қатысады. Әр команданың ойыншылары өз алаңына ораналасады. Ойынға диаметрі 65-68см, салмағы 250г-дық доп пайдаланылады. Бір команданың ойыншылары допқа үштен артық қол тигізуіне болмайды. Осыдан кейін доп тордан асырылуға тиіс. Сондай-ақ бір ойыншы допқа қатарынан екі рет қолын тигізуіне рұқсат етілмейді.

Ойынның барысында доп қай алаңға түссе, сол командада осы жолы ұпайдан ұтылған болып есептеледі. Допты ойынға қосу хұқына ие болған қарсыластары сағат тілі бағытымен қозғалып, орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Қарсыласынан екі ұпай артықшылықпен 15 ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Жасөспірімдердің ойыны 3 кезеңнен тұрады. Екі кезеңде ұтқан команда жеңген болып есептеледі. әр кезеңнен кейін командалар алаңдарын алмастырады. Шешуші кезеңдерде бір команда ұпай жинағаннан кейін екі команда алаңдарын алмастырады.

Волейбол- елімізде кең тараған ойындардың бірі. Оның көпшіліктік сипат алуы волейбол ойынының ережелері мен қажетті құрал-жабдықтарының қарапайым және бұл ойын қызықты да әсерлі болуына байланысты.

Волейбол ойынының ереже-талабы мынадай айла тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір-біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою.

Волейбол алаңының аумағы шағын болғанына қарамастан ойын кезінде ойыншы тек өз орнын ғана сақтап тұрмайды. Ойын кезінде қажетті жағдайға байланысты орын ауыстыра

беруінің үлкен мәні бар. Орын ауысытыру дегеніміз - техникалық тәсілдер мен тактикалық іс-қимылдарды шебер орындап шығу мақсатында командадағы ойыншылардың бір-бірімен орын ауыстыруы. Егер ойыншы бастапқы қалыпта қолайлы жағдайда тұрса, онда ол орын ауыстырулары да оңай орындайды. Ойыншының бастапқы қалпы-оның негізгі тұрысы. Волейболшының ең қолайлы бастапқы қалпы-екі қолын шынтақтан сәл ғана бүгіп, дененің салмағын екі аяққа тең түсіріп, кеудені аздап ілгері бейімдер тұру. Оқу -жаттығулар процесін жоспарлау мен ұйымдастыру әдістемесі

Арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары оқушыларын волейбол спорт ойынының қыр-сырына қанықтыру-өте күрделі процесс. Олар:

1. Волейбол ойыншысына тән дене құрылысы, күш-қуаты және ұжымдық әрекетке бейімдігі бар жаттығулар таңдау;
2. Әрбір жаттығушыларға тән психологиялық ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау;
3. 10-20 жас аралығындағылардың өсуі мен - анатомиялық -физиологиялық құрылымын зерделі тексеру;
4. Болашақ волейбол спорт ойынын жете меңгерушілерге қойылатын арнайы талаптарды үнемі басшылыққа алу қажеттігі;
5. Жаттығушылардың ойын барысындағы атқартын функцияларын алдын-ала белгілеу;
6. Жаттығу жүйесін алдын-ала жоспарлай отырып оның нәтижесін талдау;
7. алдағы болатын спорт жарыстарының мақсаты мен міндетін ойыншылармен бірлесе отырып талқылау;
8. Жаттығушыларды үнемі дәрігерлік байқаудан өткізіп, оларға берілетін жүктемелердің организм мүмкіншілігіне үйлесімділік табуын қадағалау;
9. Жарыс-жаттығу кезеңі мен демалу және ширақ мерзімдері арасындағы органикалық бірлестіктің мерзімін белгілеу;
10. Машықтанушы жастардың болашақ үлкен спортта биік тұлға дәрежесіне дейін көтерілуіне жағдай жасау.

Сөйтіп, көпжылдық жаттығушылар мен жаттықтырушылардың көздеген мақсатына жетуіне бірден-бір себепші жоғарыдағы аталып өткен кезеңдердің жүйелі, ізбе-ізділікпен бірігуінен болатын нәтиже екендігін ескертеміз.

Көп жылдық дайындықтарға арналған оқу-жаттығу процесіне байланысты құбылыс. Себебі, жаттығу-дәріс кезінде әрбір шәкірт-машықтанушы тапсырма алады, оны өз бетімен орындайды. Тапсырманың түрлерін жаттықтырушы алдын-ала жоспарлап, оның мұлтіксіз орындалуын қадағалап отырады. Жаттығушылар орындайтын ойын тәсілдері бұрынғы меңгерген техникалық жаттығудың күрделіленген түрі немесе бұрын меңгерген ойын элементінің жалғасы да болуы мүмкін.

Сол сияқты жылдық оқу-жаттығу кезеңі жылдың екі кезеңіне бөлінуі мүмкін, олар күз-қысқы және көктем-жазғы уақыттар болады. Бұл кезеңдерге сәйкес оу-жаттығу процесі негізгі үш мерзімдік болып бөлінеді: дайындық, жарыс және өтпелі шақ, әрбір кезеңге тән жаттығу, ойын техникасын меңгеру, демалу мен ширау сияқты әдейі ұйымдастырылған оқу-жаттығу формалары бар. Машықтанушылардың спорттық жаттығушыға бапкерлер дербес жаттығуға тапсырмалар да беруге болады. Бұл - спортшының өз бетімен іздену жұмысының өте болымды формасы. Әрбір шәкірт-спортшы өзінің командалық ойында атқартын қызметіне байланысты әрекетін сапалы атқарудың тәсілін күрделендірудің әдістемесін өз бетінше меңгеруіне жағдай жасайды және оның ойын процесінде кездесетін, оқиғаға алдын-ала дайындығын қамтамасыз етеді. Жаттығушы-спортшылардың өз бетімен орындайтын дербес жұмысы командалық ойын өрнегін берік игеруге ғана мүмкіндік туғызбайды, ол жеке спортшының ойыншы ретін де күнды қасиеттерін өзін-өзі билеушілікті, ұйымшылдықты, өзінің түпкі ойына жету мақсаттылығын қалыптастырады.

Сонымен, оқу-жаттғудың әрбір кезеңінің міндеттері мен мақсаттарын және формаларын таңдап алу, біріншіден, жаттығу міндеттеріне, екіншіден, оқу-жаттығу көлемі

мен күрделілігіне, үшіншіден, командадағы спортшылардың жаттығу-спорттық мүмкіншілігіне байланысты.

Волейболшылар - оқу - жаттығу процесіндегі басты тұлға. Егер бапкер әрбір спортшыға жаттығу барысында дербес назар аударып, дер кезінде көмектессе, талапкерге зер салса, онда әрбір волейболшы өзін бапкердің сенімді шәкіртімін деп сезінеді, оның адамгершілік көмегін шын ниетпен кабылдайды. Осындай ынтымақтастық педагогикасы жағдайында барлық жаттығушылар шыныға білуді, ойын өрнегін өзі жасауды, сүйеді, өзі таңдаған спорт түрінен болашақ қуаныш зор табыс, мәртебе күтеді.

Волейболшылар үшін әр жылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нормаларының дұрыс орындалуы негізгі заңға айналуы қажет.

Оқу-жаттығу процесіне бөлінген жаттығу уақыты жаңадан жаттығушылар үшін 2 академиялық сағат, дайындығы жеткілікті оқу-жаттығу уақыты 4 сағат мөлшерінде. Оқу-жаттығу мерзімі мен оның жалғасының уақыты, спорт мектебінің педагогикалық ұжымының басшысының келісімімен белгіленуі міндетті.

Сол сияқты, арнайы спорттық бағыттағы мектептердің волейболға машықтанушы топтарға арналған төмендегілердей құжаттардың болуы міндетті: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқу сағаттарының жылдық тізбесі, жеке топтардың командалық жеке дара және болашақ жоспарлары, жаттығу кестесі, сынақ-бақылау нормативтерін тапсыру кезіндегі нәтижелері көрсетілген құжаттар және жаттықтырушы-бапкердің дәріс мазмұны жазылған колжазбасы, ең кемінде бір айға арналған жұмыс-дәріс жоспары болуы кажеттілік.

Жаттығушылармен спорттық шеберліктерін жетілдірушілердің өз әрекеті мен міндеттерінің нәтижесіне арналған күнделіктері болуы шарт, онда әрбір жаттығушы өзіне тән ерекшеліктер мен дене және бұлшық еттеріндегі өзгерістерді бақылай отыруларын әдетке айналыдарыд.

Волейболшылардың оқу-жаттығу процесіне кіретін-барлық жаттығу жүктемесі, ойыншылардың күш-қуаты мен шапшаң икемділігін арттыруға арналған денешынықтыру дәрістері сол сияқты сауықтыруға арналған емдеу-демалу орындарында болу іс-әрекетін алдын-ала мұқият жоспарлауға бүтіндей тәуелді. Олардың ішіндегі ең негізгілері болып есептелетіндер: спорт түріне байланысты күш-қуатты арттыру міндеті, ойын техникасын меңгерту, тактикалық шеберлік мектебін үйрету, теориялық -интегралдық дайындықтар жиындықтары.

Болашақ волейболшы - шеберлер мектебіне қабылданатын спортышлардың дайындау барысында оларға қойылатын негізі талаптардың бірі, оның ұжымдық ойындағы жеке рөліне ерекше назар аударылу қажеттілігі осы жерде тәжірибелі бапкер «жалғыз шауып бәйге алмас, жалғыз ағаш орман емес», «Жалғыздың үні шықпас- жаяудың шаңы шықпас»- деген халық мақалының педагогикалық мәніне көңіл бөлгендері жөн демекпіз.

Волейболшылар дайындайтын мектептің әрбір жылы, белгілі сынақ, емтихан және болашаққа жолдама беретін оқу-жаттығу мектебіне айналғанда ғана көздеген нысанасына жетеді.

Мысалы, келесі оқу-жаттығу процесінің жаңа белестер мен биік тұғырға көтерілуіне арналған бапкердің жаңа бағдарламасы мен оқу жоспары, спортшының әрбір жарыстан кейінгі ой толғанысы яғни, жетістіктері мен кәтеліктерін таразылай келіп, өзінің алдына жаңа талаптар қоюға қабілеттілігі т.с.с.

Арнайы дайындық мектебінен өткен спортышлардың жылдық қорытынды нормативтер тапсырудағы көрсеткіштері екі жақтылық педагогикалық-спорттық мәселелерді шешеді. Олар, біріншіден, жаттықтырушының білімі мен өзі маманданған спортты меңгергендігін көрсетсе, екіншіден, жаттығушылардың өздері таңдаған спорт түріне деген сүйіспеншілігін және өз борышына деген адал ниетін де білдіреді, үшіншіден, спорт мектебінің педагогикалық ұжымымен басшылардың мемлекеттік мәні бар іс-шараны іске асыра алу қабілетінде көрсететін факторлар жиынтығы екендігі хақ.

Ескерту: оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру кезеңін есепке алу әр жылдың қыркүйек айының 1-ші аптасынан басталады. Сол сияқты оқу-жаттығу мерзімімен оның

бағдарламасына жеке облыстардың, аудандардың, қалалар мен елді мекендердің ауа райына, мектептегі құрал-жабдықтардың даярлығына байланысты мектептің педагогикалық кеңесі өзгертулер енгізуге құқығы бар екендігін тағы да оқушыларымызға ескертеміз. Сол сияқты игерілген әдістерден жаттығушылар қозғалыс әрекетінің нақты тәсілдерін құруға бейімделулері қажет. Мысалы, тордың алдында тұрып және секіріп волейбол өткізе доп беру қимылы сияқты. Сонымен қатар дайындық кезінде ойынға машықтанушылар торға теріс қарап тұрып та, секіріп тордан өткізіп доп беру элементтеріменен де жаттығулары дұрыс. Дайындық кезеңінің ең бір күрделі жаттығуы-алаңның қорғау шебіндегі кеңістігі барлай алу қабілетінің күрделенуі оның қарсыластары алаңынан берілген допты қабылдауға машықтану және волейбол алаңының әрбір зонасын ыждағатты түрде меңгеру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Биданов Ж.Б.,Елшиев Б.Т.,Затыбеков КА Волейбол - дене тәрбиесі факультетіне арналған бағдарлама. Шымкент,2006, 32 бет.

2.Биданов Ж.Б., Мұхамадалиёв А.А. Волейбол. Шымкент, 2006,стр. 62

3.Ю.Боген М. М. Обучения двигательным действиям. М., 1985, стр. 37

4. Железняк Д. К мастерству в волейболе. М., 1978, стр. 224

5.Клещев Ю.Н., Гобик М.А. Содержание и организация комплексного контроля в подготовке волейболистов высншх разрядов. М., 1981,стр. 34

6.Мектепте волейболды оқыту методикасы. Алматы, 1990, -120 бет.

ӘОЖ 373.27

СЫНЫПТАН ТЫС ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Туребеков Б.А.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
Birzhan_2016@mail.ru
Саралаев М.
«Дене шынықтыру» кафедрасының доценті
Tashenev University, Шымкент қ

Аннотация. Мақалада сыныптан тыс дене шынықтыру жұмыстарын дамыту өскелең ұрпаққа қалай әсер ететіні қарастырылады.

Түйінді сөздер: Гимнастика, спорт, қауіпсіздік шаралары, спортты дамыту

Аннотация. В статье обсуждается, как развивать внеклассные занятия физической культуры влияет на подрастающие поколение.

Ключевые слова:Гимнастика, спорт,техника безопасности,развития спорта.

Abstract. The article discusses how to develop extracurricular physical education classes affects the younger generation.

Keywords: Gymnastics, sports, safety engineering, sports development.

Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты түрде пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жалпы адамды айтамыз.

Біздің елімізде кәсіподақтардың бірыңғай ерікті дене шынықтыру- спорт қоғамдары құрылған. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста

қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу кажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық калыптасады.

Гимнастика - дене тәрбиесі жүйесінің негізі. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болсын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары - спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы -гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды. Гимнастика адамның дұрыс қозғалысының, күш-қуатының, сымбаттылығының, т.б. адам бойындағы барлық қабілет қасиетінің дұрыс қалыптасуының негізгі көзі, денсаулығының дұрыс қалыптасуы. Жалпы адамның адами болмысын қалыптастырады. Гимнастикамен шұғылдану деген сөз - адамның өзін-өзі тіршілікке қалыптасуға дайындауы болып табылады.

Гимнастикамен шұғылдану, негізінен екі бағытта жүреді. Біріншісі - гимнастиканың негізін қалайтын жалпы дамыту жаттығулары. Сондықтан, негізгі гимнастика деп аталады. Негізгі гимнастика барлық жаттығулардың негізгі жиынтығы болып табылады. Гигиеналық гимнастика - денсаулықты қалыптастыратын, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы, сондай-ақ өндірістік гимнастика және арнаулы емдеу гимнастикасы.

Ырғақты гимнастика - негізгі мақсаты әр адамның дене жағынан дамуына байланысты және жалпы денсаулығына байланысты шұғылданады. Жалпы дамыту жаттығуларының маңсатты түрде белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз орындалуы.

Атлетикалық гимнастика - жалпы дамыту жаттығуларының арнаулы мақсатты түрде дене құрылысын жетілдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл жаттығулар арнаулы гимнастикалық жабдықтармен орындалады. Айталық батпан, қосшоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажорлық аспап-құралдарда орындалады. Атлетикалық гимнастика негізінен - жалпы дамыту мақсатында спорт ретінде де қарастырылады.

Екіншісі - спорттың гимнастика. Спорттың гимнастика бірнеше жекелеген спорт жаттығуларынан тұрады. Бұл жаттығулар жекеленген спорт түрі болып есептеледі. Ерлердің жабдықтары - керме, шығыршық, қоссырық, кіші және үлкен ағаш ат және еркін жаттығу. Әйелдердің жабдықтары - бөрене, үлкен ағаш ат, әр түрлі биіктегі қоссырық және еркін жаттығу.

Спорттың акробатика - жұптасып және топтасып орындалатын акробатикалық жаттығулар. Гимнастиканың бір түрі ретінде қаралатын аса күрделі жаттығу.

Көркем гимнастикамен әйелдер шұғылданады. Жалпы көркем гимнастикасының орындалуы би қозғалысына негізделген, қолда әр түрлі құрал-жабдықтарды ұстап жүріп немесе лақтыра отырып, сол құралдың қозғалысымен бірге билеп жүріп орындалады.

Ең әуелі гимнастика сабағы басталмас бұрын, сабақтың қауіпсіздік ережесін үйрену керек. Мұғалімнің тұжырымдамасымен орындалады. Гимнастикамен арнаулы шұғылданушы өзі сақтана жүріп, спортпен шұғылданудың жалпы ережесін білуі керек. Содан кейін, әріптесін сақтандыра білуі керек. Мұны орындау әр спортшының міндеті.

Жеңіл атлетика - бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары - тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс.

Жүгіру - қысқа, орташа және ұзақ қашықтық болып үшке бөлінеді. Қысқа қашықтыққа - 100, 200, 400 м және 110 м кедергілі қашықтық жатады. Орташа қашықтыққа800,1000, 1500, 2000, 3000 м жүгіру және 3000 м кедергілі қашықтыққа жүгіру жатады. Ұзақ қашықтыққа - 5000, 10000, 20000, 42 шақырым 192 м марафондық қашықтық және 50 шақырым кросс (дала жарысы) жатады.

Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі

Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы - жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолданады. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек.

Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші - жүрудің спорттық түрі бар.

Жалпы дала жарысына жолға шықпас бұрын, мүмкіндік болғанша, дала жарысының жолымен жай жүріп, танысып алу керек. Содан кейін ғана трассаның қай кезеңінде жүгіріп өтуге, қай жерінде жай жүріп өтуге болатыны анық. Жаттығу кезінде, мүмкіндік болғанша жүгіру мен жүруді алмастырып отыру абзал.

Дала жарысы сабағын өткізгенде 3 шақырымнан 5,8 шақырымға дейін жүгіріп және жүріп өтуге болады. Дала жарысына киімді ауа райының ыңғайына қарай кию керек. Саппен жүргенде бірінен-бірінің ұзап, қалуына болмайды.

Жүзу,жанды, жансыз денелердің тіршілік ететін негізгі факторлары - су, ауа күн сәулесі. Міне, сусыз тіршілік жоқ. Сондықтан суға түсу адам денсаулығын сақтаудың негізгі құралы болғандықтан, міндетті түрде дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді.

Дене тәрбиесі сабағында суға түсуді оқытудың негізгі мақсаты жас ұрпақты суда жүзуге үйрету. Жалпы Республикамызда суға шомылудың толық жағдайы жасалған жөн. Бірақ, суда жүзуді үйрену кімнің болса да міндеті болып табылады. Осыдан барып, суға жүзуді бұқаралық міндетке айналдыру, бүкіл халықтың дене шынықтыру-сауықтыру шараларының бағдарламасына енгізу қарастырылған. Сонда ғана, халықтың денсаулығын сақтаудағы нәтижелі іс болмақ.

Бүгінгі таңда оқу жүйесіне президенттік тесттің бағдарламасы да кіріп отыр. Әрине, президенттік тесттің нормативтер көрсеткіштерінен сынама тапсыру әркімнің міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде суға жүзу жаттығулары өз алдына спорт түрі ретінде де қолданылады. Суға жүзудің оқыту жүйесі жабық су бассейндерінде және ашық су қоймаларында ұйымдастырылады. Әрине, ашық су қоймаларында оқу процесін ұйымдастыру жылдың жылы мезгіліне байланысты.

Суға жүзудің оңу процесін өткізу мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл процесс, ең әуелі бассейнде және ашық су қоймаларында сабаң өткізудің ережесімен танысады. Мұғалімнің нұсқауынсыз және бақылауынсыз ешқандай жаттығуларды орындауға болмайды. Суға түспес бұрын, жүзуді үйренудің бастапқы дайындық жаттығулары құрлықта орындалады. Одан кейін, судың тереңдігі тізеден және белден аспайтын жерде орындалады. Сабақта суға жүзудің барлың ережелері мұқият орындалады.

Жүзу жаттығуларының негізгі түрлерін оқыту процесі, шұғылданушылардың су бетінде денесін қалай ұстау керектігін әбден үйренгеннен кейін ғана жалғасады. Бұл оқыту жүйесі тек қана мұғалімнің басшылығымен, жүргізген нұсқауымен және бақылауымен өтеді.

Суда жүзу негізгі үш жаттығудан тұрады. Құлаштап жүзу, етпеттеп және шалқалап жатып орындалады. Екінші - брасс, тек етпеттен жатып орындалады. Баттерфляй әдісімен де етпеттен жатып жүзеді. Бүкіл әлемде суда жүзу жаттығуларының негізгі тараған түрі - етпеттеп жатып құлаштап жүзу. Кім болсын, жүзудің қандай жаттығуымен шұғылданса да, ең әуелі міндетті түрде құлаштап малтау әдісін үйренуі керек. Содан кейін ғана брасс, болмаса баттерфляй әдісімен малтуға ден қоюға болады.

Жалпы жүзуден жарыс бағдарламасына - етпеттен жатып құлаштап жүзу, шалқадан жатып құлаштап жүзу, брасс және баттерфляй жаттығулары кіреді.

Спорттың ойындардың бір түрі - баскетбол. Бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі. Осы ойын түрінен бүгінде құрлық және әлем біріншілігі өткізіліп тұрады. Халықаралық федерациясы жұмыс істейді.

Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады - жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да баскетбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді.

Осындай ойын барысында, нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның кординациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болсын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, допты торға түсіру, болмаса допты әріптесіңе дәл бере білу, допты алып жүргенде қарсыласын алдап өту, т.б. Демек, адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі.

Баскетбол, спорт ойындарының бір түрі ретінде барлық оқу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оқу орындарының студенттері бұл кезеңде баскетбол ойынын ойнап, белгілі деңгейде дайындықпен келді деп есептеледі. Сондықтан бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла-тәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады.

Волейбол - спорттың кең тараған ойындардың бір түрі. Тіпті, су бойында жағажайда да жарыстар өткізіледі. Бүгінде волейболдан әлем және құрлық біріншілігі өткізіліп тұрады.

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Волейбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлікті арттырады. Бүгінгі волейбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады. Себебі, ойынның бүгінгідей даму жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы, секіруі, лақтыруы, кілт тоқтауы, міне мұның барлығы жалпы ойынның жылдамдығын, ойыншылардың дайындың деңгейін көрсетеді.

Осындай ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның кординациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, болмаса допты қарсыласының алақанына алдап тастау, т.б. Демек, адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі.

Арқан тартыс. Бұл ойынды жаздыгүні көгалда ойнауға болады. Ойыншылардың саны 10 баладан аспағаны жөн. Ойынға ұзындығы 8-10 м екі ұшы түйілген арқан пайдаланылады. Арқанның тең ортасына белгі ретінде қызыл мата байлайды. Ойынға қатысушылар бойларына қарай қатарға тұрады да, ойын жүргізушінің берген бұйрығы бойынша «бір, екі» деп санап шығады. Содан кейін «бір» дегендері бір жаққа, «екі» дегендері екінші жаққа бөлінеді. Арқанның қызыл мата байланған жерін күні бұрын еденге немесе жерге сызылған белгі-сызықтың үстіне дәл келтіреді де, екі жақтың ойыншылары арқанның сол белгісінен бастап бірінің артынан бірі қос қолдап ұстап, тартып тұра қалады. Егер де бәрі бірдей арқаннан ұстауға қолдары сыймаса, онда соңғылары алдыңғылардың белінен ұстайды. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша екі команда арқанды екі жаққа қарай тарта жөнеледі. Ойынның мақсаты қарсыластың бір не бірнеше ойыншысын ортадағы сызықтан өз жағына тартып өткізу. Команданың ортаңғы сызықтан өтіп кеткен ойыншысы ойыннан шығып қалады. Қарсылас команданың ойыншыларын қай команда түгелдей ортаңғы сызықтан өз жағына тартып өткізсе, сол команда ұтқан болып есептеледі. Ойнаушылардың өзара келісулері бойынша ойынды қайталап ойнауға да болады. Жалпы спорттық ойындардың алғы шарттарының бірі салауатты өмір салтын қалыптастыру мен бірге өскелең ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап дене жаттығуларына бейімдеу болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі

1.Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде "Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру" тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2003. №1.

2.Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика, ЖШС «Нұр-пресс»,2005

3.Базарбегі Т. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі – Алматы; Рауан, 1994.

4.Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері". Алматы, "Кітап", 2001.
5.Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. //Ізденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264.

ӘОЖ 796.035.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Туребеков Б.А.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
Birzhan_2016@mail.ru
Керимов Ф.А.
«Дене шынықтыру» кафедрасының доценті
Tashenev University, Шымкент қ

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдағы дене тәрбиесінің ерекшеліктері қарастырылады.
Негізгі сөздер: Педагогика, акселерация, дене шынықтыружылжымалы ойындар.
Аннотация. В статье обсуждается,особенности физической культуры в дошкольной организации.
Ключевые слова:Педагогика, акселерация, физическая культура, подвижные игры.
Abstract. The article discusses the features of physical culture in pre-school organization.
Keywords: Pedagogy, acceleration, physical culture, outdoor games.

Педагогикалық кезеңдерге бөлудің негізін, бір жағынан, дене және психикалық даму сатылары құраса, екінші жағынан, бұл тәрбие жүріп жатқан жағдайларға байланысты келеді.

Жүйке – жүйесін және дене мүшелерін біріктірген ағзаның биологиялық пісіп жетілуі және онымен бірге жүретін танымдық қабілеттердің даму сатылары өз бетінше жасайтын шынайы, табиғи құбылыс болса, ал саналы құрылған тәрбие үдерісі жас кезеңдері ерекшеліктеріне икемдесуі және оларға негізделуі қажет. Педагогикада дамудың жастық сатыларын мойындамау әрекеттері де болған.Тіпті, орайлас әдістеме табылса, қалаған 3 – 4 жастағы баланы жоғары математикаға, басқа да дерексіз түсініктекрге үйретіп, кез -келген әлеуметтік тәжірибені, білімдерді, тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларды игертуге болады деген теориялар да пайда болған. Бірақ бұл мүмкін емес. Бәлкім,бала өте күрделі сөздерді де дұрыс айтуға үйренер, бірақ оның мағынасын ұғуға оған әлі ерте. Жас кезеңдері шектеулерін осы күнгі балалардың шапшаң дамуымен олардың сөздік және түсінік қорының кеңдігімен шатастыруға болмайды. Бұл құбылыс әлеуметтік дамудың жеделдеуімен, әрқилы ақпараттық дерек көздеріне кең жол ашылуымен, балалардың көп нәрседен хабардар болуымен түсіндіріледі. Даму үдерісінің жеделдеу мүмкіндіктері кеңеюде, бірақ шексіз емес.Жас кезеңі дамуды мезгілінен тыс жаздырып жібермей, өз билігін таңады. Бұл саладағы ықпал жасаушы заңдылықтар даму мүмкіндіктерінің шама – шарқын белгілеп береді. Оқу – тәрбие жұмысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді өз заманында Я.А.Коменский талап еткен.Әр нәрсенің табиғатта өз мезетінде болатынындай, тәрбие де өз кезегімен – уақытында және ретімен алып барылуы тиіс. Сол жағдайда ғана адамға ізгілік сапалар табиғи жұғысты келіп, ақыл есінің жетілуіне байланысты ол болмыс шындығын толық, мән - мағынасымен түсінеді. «Игерілуі қажет болғандардың бәрі жас сатыларына сәйкес бөлініп,әр жас кезеңіне түсініктілері ғана оқып – үйрену үшін ұсынылуы шарт» - деп жазған Я.А.Коменский[1,б.225].

Жас ерекшеліктерін ескеру іргелі педагогикалық принциптердің бірі. Оны арқау ете отырып,мұғалімдер оқу жүктемесін ретке келтіреді,әрқилы еңбек түрлерінің көлеміне негіздеме береді, даму үшін қолайлы күн тәртібін, еңбекпен айналысу және демалу уақыттарын белгілейді. Жас ерекшеліктері оқу пәндерінің және әр пәндегі оқу материалдарының іріктелуімен оқу бағдарламасында жайғасуына орай мәселелерді дұрыс шешуге міндеттейді. Оқу - тәрбие қызметінің формалары мен әдістерін таңдауда осы принципке тәуелді.

Қазіргі дәуірде жас топтары арасындағы шектерді қайта қарастыруға себепші болатын және бір құбылыс педагогтарды толғандыруда.Бұл акселерация (лат.сөзі – жеделдеу), - яғни балалық және жасөспірімдік шақта тән – дене, кей жағдайда психикалық дамудың ерекше жедел алуы. Акселерацияны биологтар ағзаның физиологиялық жетілуімен, психологтар – психикалық функциялардың іске қосылуымен байланыстырады, ал педагогтар тұлғаның рухани дамуы мен әлеуметтенуінен деп түсіндіреді. Педагогтардың пікірінше, акселерация физикалық дамудың салдары емес, ол ағзада жүріп жатқан физиологиялық жетілу үдерістері мен тұлғаның әлеуметтенуі арасындағы қайшылықтардан.

20 ғасырдың 60 – 70 жылдарына дейін балалар мен жасөспірімдердің тәндене рухани даму тепе – теңдігі бірқалыпта болды. Ал бұдан кейінгі дәуірде пайда болған акселерация нәтижесінде ағзаның физиологиялық жетілуі ақыл – ес , психикалық, әлеуметтік дамудан әлде қайда қарқынды болды. Даму сәйкессіздігі қылаң берді. Адамның ақыл, әлеуметтік ізгілік сапаларының негізі болған психикалық қызметтерден гөрі тән дене, сүйек құрылымдарының өсуі жылдамдады. Осыдан баланы артық психологиялық жүктемеге түсіретін жағдайлар пайда болды, яғни бала өзінің ақыл – есі жетпейтін істерге асылатынды шығарды.Акселерация үдерісі балалардың өздеріне ғана әртүрлі қиындықтар тудырып қоймастан, мұғалімдер мен ата - аналардың тәрбиеге байланысты материалдық және рухани мәселелерін туындатты[2,б.124].

Акселерацияның негізгі себептері - өмірдің қарқынды дамуы, материалдық жағдайлардың, тамақ және медициналық қызмет сапаларының көтерілуі, ерте жастан балалар күтімінің оң сипат алуы, көптеген бала сырқаттарының жойылуы. Бұл құбылыстың және де бір себептері бар: адамның тіршілік ету ортасының радиоактив ластануы алғашқы да бойды өсіріп, ал уақыт өтуімен, тәжірибелер көрсеткендей, адамзаттың жалпы тіршіліктің тектік қорын әлсіретеді, атмосферадағы оттегі көлемін азайтады, ал бұның ізімен адамның көкірек клеткасы шектен тыс кеңейіп,осыған сәйкес бүкіл ағза ұлғаяды.Дегенмен,шынына жүгінсек акселерация көптеген жағдаяаттардың тоғысынан келіп шығатын табиғи құбылыс.

Акселерациямен бірқатарда көрінетін құбылыс – ретрадация, яғни балалардағы тән-дене және ақыл-ес дамуының кешеуілдеуі.Мұндай кешеуілдеуге себепші – нәсілдіктен болған генетикалық тетіктердің бұзылысы, даму үдерісіне кері ықпал жасаушы экологиялық орта,бір жағынан, радиациялық фон, екінші жағынан ретрадация әсіресе балалардың психикалық дамуында елеулі келеңсіз көрініс береді.Мұндайға ұшыраған балалар оқу-тәрбие үдерісіне икемдесіп, қатарларымен бірге жасай алмайды.

Сонымен, әрбір жас кезеңіне сәйкес физикалық,психикалық және әлеуметтік өз дамуы болады. Педагогтар үшін балалар мүмкіндіктерін,оларды жас кезеңдерімен сәйкестендіруді жеңілдету үшін жастық кезеңдестіру сұлбасы жасалған.Ол сұлба жас ерекшеліктерін ажырата білуге негізделген.Жас ерекшеліктері-бұл нақты өмір жасына тән анатомиялық-физиологиялық және психикалық сапа қасиеттер. Саналы ұйымдастырылған тәрбие балалардың жас ерекшеліктеріне икемдестіріліп,оларға негізделуі тиіс.

Балалар 3 жасынан 6 – 7 жасына дейінгі дәуірде ой-өріс дамуы жылдамдасады, қоршаған дүние жөніндегі танымы қалыптасады, өмір ағысындағы өзін-өзі және өз орнын түсіне бастайды, өзіндік баға беру ептілігі шыңдала түседі. Оның бұл күндегі негізгі іс-әрекеті-ойын,енді бірте-бірте ойынның жаңа сеп-түрткілері басты рөл атқара бастайды,бала өзін қияли жағдайларға салып,сондағы қимыл-әрекеттерді орындауға тырысады. Балалар экранда не көрсе,соның бәрін тікелей тұрмыста қайталауға құштар келеді. Осыдан баланың психикалық және әлеуметтік дамуында өмір шарттары мен тәрбие шешуші рөл атқаратыны

жөніндегі тұжырымның дұрыс екеніне көзіміз жетіп жүр.Табиғи қасиеттер,нышандар тек тәрбие жағдайлары бола келіп,бірақ бала дамуында қозғаушы күш міндетін атқара алмайды. Бала қалауынша қалыптасады, қалай ол өседі – мұның бәрі оны қоршаған адамдарға тәуелді, олардың қалай тәрбиелеуіне байланысты. Мектепке дейінгі балалық шақта даму үдерісі барша бағыттарда өте қарқынды жүріп жатады. Оның миы әлі жетіле қойған жоқ, қызметтік ерекшеліктері дараланбаған, қызметі шектеулі. Сәби бала өте икемді, оқу әрекетіне берілгіш. Оның мүмкіндіктері ата-аналары мен педагогтардың шамалағанынан көп жоғары. Осы кезеңдік ерекшеліктерді тәрбиеде толығымен пайдалана білу қажет. Сонымен бірге тәрбиенің жан – жақты жаңа үйлесімді сипатын қамтамасыз етуге тырысу керек. Тек қана ізгілік дамуын тән – дене тәрбиесімен, еңбек қабілетін көңіл – күймен, сананы эстетикалық сезіммен табиғи байланыстыра отырып, мектеп жасына жетпеген баланың барлық сапа қасиеттерін бірқалыпты және үйлесімді дамытуға болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабілеттері дәл, сезімтал қабылдауға, күрделі жағдайларда жол таңдауға епті, сөз байламы пайымды, бақылағыш және тапқыр келеді. 6 жасқа жақындағанда арнайы, мысалы, музыкалық, көркем өнерлік – қабілеттері дами бастайды.

Баланың ойлау қабілеті оның таным – білімімен байланысты, неғұрлым көп білген балада жаңа ойлар құрастыруға қажет ұғымдар қоры ұлғая түседі. Бірақ, жаңа білімдерді жинақтау барысында бала өзінің алғаш ұғымдарын жетілдіре түсумен бірге, мағынасы күңгірт, белгісіз болған болжаулар мен түсініксіз сұрақтар шеңберіне шырмалады. Бұл қарқынды дамудағы танымдық үдеріске кедергі жағдайларды тудырады. Түсініксіздерге кезіккен бала дамуы енді сәл тоқырауға кез болады. Ойлау үдерісі жас шектеуіне кезігіп, “балалықтан” шыға алмай әуре болады. Әлбетте, әр түрлі айла жолдарымен бұл жағдайдан аттап өтуге болар, бірақ, 6 жасар баланы оқыту тәжірибесі көрсеткендей, мұнымен айналысудың қажеті жоқ [3,б.247].

Кіші жастағы бала өте қызыққыш, көп сұрақтар беріп, қәпелімде жауабын талап етеді. Бұл жаста ол шаршап, шалдығуды білмейтін зерттеушіге айналады. Педагогтардың көпшілігі мұндай жағдайда баланың талғамдарын қанағаттандырып, құмарын басу үшін ол неге қызықса, не жөнінде сұрап жатса, соған жауап беріп, үйрету, оқыту орынды болатынын алға тартады.

Мектеп босағасын аттау кезеңіне баланың мотивациялық аймағында елеулі өзгерістер пайда болады. Егер 3 жасар бала көбіне жағдайға орай сезім мен ниет ықпалында болса, 5 – 6 жаср бала өз қылық әрекетін сана басқарымына келтіреді. Бұл жаста ол сәбилікте болмаған сеп түрткілерді өз басшылығына алады. Бұл сеп-түрткілердің арасында ересектер дүниесіне қызығу,соларға ұқсап – бағу- балалар үшін өте маңызды келеді. Ата-аналары мен тәрбиешілердің мадағын алуға ұмтылу,өз қатарларының сый құрметіне бөлену сияқты ұмтылыстар да бала үшін мәнді. Көп балалардың әрекеттерінің негізінде жеке табыстар,ар-намыс,өзін таныту ниеттері билік етеді. Бұлардың көбі ойындарда басшы рөлге таласу,сайыстарда жеңіске жету ұмтылыстарынан айқын көрінеді.

Жақсылық және жамандық қылық арасындағы бала таңдауына бағыт беру үшін жалғыз-ақ тәсіл орындалуы қажет моральдық талапты бала көңіл-күйіне сәйкестендіру. Басқаша атасақ, қалауы болмаған әрекеттер де қажеттілерімен ысырылып қалдырылмай, түсінік арқасында орынды болатындары мен ауыстырылғаны жөн. Бұл принцип тәрбиенің жалпы негізі ретінде қабылданған. Мектепке дейінгі жас балаларының жеке дара еркшеліктерінің арасында педагогтар темперамент және мінезге көп зейін аударады. ***И.П.Павлов*** жүйке жүйесінің үш негізгі қасиетін (күші,қозғалмалылығы, тепе-теңдігі) және осы қасиеттердің төрт негізгі бірігуін ажыратқан:

- күшті, қозғалмалы, ауыспалы – “ұстамсыз” тип;
- күшті, тұрақты, қозғалмалы – “тіршең,ұстамды” тип;
- күшті, тұрақты, жай қозғалысты – “байсалды” тип,
- “әлсіз” тип;

Әр тип нақты темперамент түріне сәйкес келеді: “ұстамсыз” – холерик, “тіршең” – сангвиник, “байсалды” – флегматик, “әлсіз” – меланхолик. Әлбетте, ата-аналар да, педагогтар да өз балалары мен оқушыларды темпераменті бойынша таңдамайды, бәрін де тәрбиелеу қажет, бірақ, әрқайсысы - өз алдына. Мектепке дейінгі жаста темперамент айқын көріне қоймайды. Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшелігі: қозу және тежелу үдерістерінің әлсіз болуы; олардың тепе-теңдігінің болуы; жоғары сезімталдығы; көңіл кейіптерінің тез қайта орнығуы. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ата-аналар мен тәрбиешілер жүйке үдерістерінің тіршілік қуат күштерін: ұзаққа созылған ауыр жұмысты орындауда жұмыс қабілетін сақтай білу, тұрақты және жеткілікті дәрежеде ұнамды көңіл-күй кейпін сақтау, таныс емес және қолайсыз жағдайларда батылдық көрсете алу тыныш немесе шулы жағдайларда да бірдей тұрақты зейін ұстау, т.б есепке алып отыру қажет. Баланың жүйке жүйесінің күші (не әлсіздігі) жөнінде оның ұйқысынан (ұйқыға тез берілуі,ұйқы тыныштығы, беріктігі), күш қуатын тез (жай) жинақтауынан, аштыққа шыдамдылығынан(жылауы,шарбаяшылығы немесе көңілділік сақтауы, байсалдылығы) байқауға болады. Сабырлылық белгісін баланың келесі қасиеттерінен білу мүмкін: ұстамдылық, шыдамдылық, байсалдылық, қозғалыс пен көңіл кейпіндегі біркелкілік, олардағы оқтын-оқтын көрінетін қауырт бәсеңдеу мен көтеріңкіліктің болмауы,сөйлеудегі енжарлық. Бұл жас кезеңінің басты міндеті – баланы қоршаған дүниемен таныстырып, сөз сөйлеу әлеміне бойлату. 7 жасқа дейін адам қалай сөйлеп үйренсе, өмірбойы сол тіл қолдану қалпымен өтеді. Баланы кемсітпей, үлкенмен қалай әңгіме сұхбат құратын болсаңыз, онымен де солай тілдесуді дағдыға айналдырыңыз. Табиғат аясына шығып, онымен өсімдіктану, жануартану және топырақ, тау-тас негіздерін зерттеңіз. Баланың еркін байламаңыз, есіңізде болсын, оқып үйренудің ең басты тетігі – ойын. Қыз балалар бұл жаста байсалдылау келеді, сондықтан олармен көбірек ойланып, қатынас жасау қажет[4,б.26].

Мектеп жасына дейінгі аралық бала дамуының қарқынды кезеңіне тұспа-тұс келеді. Бұл жастағы бала сезімтал, адамгершілік және әлеуметтік қылық ережелерін, жаңа іс-әрекет түрлерін қабылдауға жоғары қабілетті. Бұл жастағы балалардың көпшілігі жүйелі оқу мақсаттары мен тәсілдерін игеруге дайын. Әрекеттің басты түрі – ойын, ол арқылы бала өзінің танымдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырады [5,б.19].

Әдебиеттер тізімі

1. Адамбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Абилдабеков С.А. Теоретические основы физической культуры и спорта. – Алматы: Полиграфия Сервис К, 2010 г.

2. Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2010 ж.

3. Теория спорта / Под.ред. Платонова В.Н. – Киев: Вища шк., 1987 г.

4. Филин В.П. Теория и методика юношеского спорта. Учебное пособие. – М.:Физкультура и спорт, 1987 г.

5. Теория и методика физической культуры / Под ред. Шияна В.М. – М.: Просвещение, 1988 г.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Юсупов А.Р
«Дене шынықтыру»кафедрасының оқытушысы
TashenevUniversity, Шымкентқ. yusupov_alymzhan@mail.ru@mail.ru
Байтураев Ш.Т.
КГУ "Общеобразовательная средная школа №135" Шымкент.

Аннотация: Сабақ жоспарында жүйе, оның мазмұны және мұғалімнің іс-әрекетінің реттілігі, сонымен қатар оқушылардың сабақта белсенділігін арттыруға ықпал ететін әрекеттер туралы мәліметтер бар.

Түйінді сөздер: Білім беру, денсаулық, ептілік, төзімділік

Аннотация:В плане проведения урока излагается информация о системе, ее содержании и последовательности действий учителя, а также действия, способствующие активизации учащихся на уроке.

Ключевые слова: Образование, здоровье, ловкость, выносливость

Annotation:In this article, the lesson plan sets out information about the system, its content and the sequence of actions of the teacher, as well as actions that contribute to the activation of students in the lesson.

Keywords: Education, health, agility, endurance

Дене шынықтыру сабағы орта білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептердің барлық сыныптарында оқу жоспарына енгізілген оқу пәні болып есептеледі. Пәннің мазмұны мемлекеттік стандартпен бекітілген, ал тәжірибелік орындалуы дене шынықтыру сабақтарында жүзеге асырылады. Сонымен дене шынықтыру сабағына қатысу барлық оқушыларға міндетті болып табылады. Денсаулықтарына байланысты барлық оқушылар екі топқа бөлінеді: негізгі және арнайы медициналық топтарға. Негізгі топқа барлық денсаулықтарында ешқандай ақаулығы жоқ оқушылар жатады, ал денсаулықтарында қандайда бір кінараттары бар оқушылар арнайы медициналық топқа жатқызылады. Арнай медициналық топқа жатқызылған оқушылар арнайыландырылған бағдарлама бойынша дайындалады. Дене шынықтыру сабағында мұғалім сабақтың міндеттерін шешу үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды, оқушылардың дене шынықтырумен өз беттерінше айналысуына бағыт береді. Сабақтар көптеген жағыдайларда дене шынықтырудың басқада ұйымдастыру формаларының мазмұнын ашып көрсетеді. Осы жағдайлардың барлығы дене шынықтыру сабағы оқушылардың дене шынықтыруын ұйымдастырудың негізгі формасы екендігін айғақтайды[1].

Дене шынықтыру сабағының теориясы мен әдістемесін терең білу, әр сабақтың тиімділігіне қол жеткізуге үлкен көмегін тигізеді. Теорияны шығармашылық ұғына білу мұғалімге бүкіл дене жаттығуларының бай қорын пайдалануына, нақты жағыдайларға сәйкес көптеген үйрету және тәрбиелеу әдістемелерін қолдануына, сабақтың міндеттерін тиімді шешуіне және оқушылардың дене мүмкіндіктерін нақты бағалай алуына таптырмас көмек болатыны анық.

Дене шынықтыру сабағының, дене шынықтырудың басқада ұйымдастыру формаларынан негізгі айырмашылығын келесі мінездемелерден анық байқауға болады:

1. Білім беру міндетін шешуді көздеген нақты дидактикалық бағыттылығы.
2. Пәнді оқытуға және оқушыларды тәрбиелеуге бағытталған мұғалімнің басқарушылық ролі.
3. Оқушылардың қызметтерінің қатаң шектелуі және жүктемелердің мөлшерленуі.
4. Айналысушылардың тұрақты құрамы және олардың бір жыныстылығы.

Сабаққа осы аталған мінездемелердің барлығы тән, олар өз кезегінде мектептегі оқытып үйретуге қол жеткізуге қолайлы жағыдайлар туғызады – барлық оқушыларды өз беттерімен бастайтын еңбектік өмірге даярлау, олардың күнделікті дене жаттығуларымен айналысуға деген сұраныстарын қалыптастыру, денсаулықтарын нығайту және бүкіл өмір

бойы жоғарғы дене дайындығы деңгейін ұстап тұру. Бұл оқушылардан мұғалімнің басшылығымен білім жүйесін меңгеруді және қызмет амалдарына үйренуді меңгеру процессін құруды талап етеді[2].

Бұндай оқу процессін ұйымдастыру қазіргі кезеңдегі дене шынықтыру сабақтарына қойылып отырған талаптарға негізделіп құрылған.

1. Мұғалім әр сабақтың жоғарғы идеялық деңгейін оқылатын пәннің қазіргі заман талаптарының сұраныстарына сай байланыстырып, әсіресе оқушылардың болашақ еңбектік қызметтерімен тығыз үйлестіре отырып қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан қазіргі заман сабақтары үшін білімді, тәжірибелік іскерлікті, жеке тұлғаның идеялық-жағымдылық қасиеттерін тәрбиелеуді, интелекті және жігерлілікті дамытуды кешенді жоспарлау мінезі тән.

Міндеттер оқушының жеке психикалық және дене дамуының ерекшеліктері ескеріле отырып нақты қойылуы тиіс.

2. Әр сабақ сабақтар жүйесін құра отырып, алдыңғы және келесі сабақтармен тығыз байланысты болуы шарт. Жаңа материалдарды меңгере отырып, оқушылар өткен сабақтарда алған білімдерін қайталап, жетілдіріп және келесі сабақтардағы өтетін тақырыптарды меңгеруге дайындалулары керек. Осындай жүйе оқулық міндеттерді ретімен шешуді қамтамасыз етеді.

3. Қазіргі заман сабақтары оқушылар оқу қызметтерін өз беттерімен жақсы ұйымдастыра алуымен ерекшеленеді. Мұғалім оларды оқу жұмысының іскерлігімен және дағдысымен қаруландырады, өздігімен білім алу және өзін өзі бақылау амалдарын қалыптастырады, қимыл мәдениетінің қалыптасуын қадағалайды, осылар арқылы дене шынықтыру жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген сұранысты тәрбиелейді.

Осылардың барлығы оқушылардың оқуға және еңбек етуге деген саналылығы мен белсенділігін қалыптастырады.

Қазіргі заман сабақтарында мұғалім айналысушылардың оқу қызметтерін ұйымдастыру кезінде әр түрлі амалдарды, әдістерді және тәсілдерді кеңінен пайдаланады. Сабақтардың барлығын бірдей, бір таңдап алған шаблон бойынша жүргізуге болмайды.

Сондай-ақ сабақты өткізу жағыдайына, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына, эстетикалық және моральдық-психологиялық тәрбиенің жүргізілуіне үлкен талаптар қойылады.

Аталған талаптар дене шынықтырудың жалпы және әдістемелік қағидаларынан туындайды, олар барлық сыныптарда сабақтарды өткізуде міндетті болып табылады.

Сабақтың мазмұнын көп жағыдайларда сол сабақтағы қолданылатын жаттығулардың жинағымен баламалайды. Дегенмен сабақтың қорытынды талдауы көрсеткендей, сол сабақтағы жоспарланған дене жаттығуларымен айналысушылардың сабақ үстінде атқаратын қызметтерінің алуан түрлі әрекеттерінің байланысы алға қойған мақсатқа жетудің ең тиімді жолы болып табылады. Олар мұғалімді мұқият тыңдауда, көрсетілген материалдарды бақылау мен қабылдауда, қабылданған материалдарды сезінуде, өз қимыл-әрекеттерін дұрыс орындауда, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды ұйымдастыруда, туындаған сұрақтарды мұғаліммен және жолдастарымен талқылауда, эмоционалдық көңіл-күйді реттей алуда анықталады. Сабақтың қорытынды нәтижесі оқушылардың осы қызмет элементтерін орындауынан тікелей байланысты болады.

Дегенмен оқушының және жалпы сыныптың нақты қимыл-әрекеті мұғалімнің белгілі бір әрекетінен тікелей тәуелді болатыны анық. Ол нақты осы сабаққа жоспарланған міндеттердің мазмұнына және оларды шешуге жасалған жағыдайларға байланысты. Мұғалім оқушылардың қызметтерін бақылауды жүзеге асырады, олардың қимыл-әрекеттеріне керекті өзгерістер енгізеді және бағалайды, жүктемелерді мөлшерлейді, тәртіптерін басқарады, балалардың арасындағы қарым-қатынастарын жақсартады және т.б. Мұғалімнің осы өз қарамағындағы айналысушылардың іс-әрекеттерін анықтаушы және бағыттаушы көпқырлы қызметі, сабақтың қомақты бөлігін алады[3].

Сонымен, дене шынықтыру сабағының мазмұны көпқырлы. Ол осы жұмысты ашып көрсететін дене жаттығуларының белгілі бір жинағын, оқушылардың қызметтерін, мұғалімнің жұмысы мен жетістіктерін құрайды.

Сабақтың мазмұны дене шынықтыру мұғалімімен құрылады, дегенмен педагог балалармен бірлесе жұмыс істеу барысында кездесетін алда тұрған жұмыстың барлық қиыншылықтарын алдына ала біле алмайды. Сондықтан жұмыс тәжірибесінде сабақ мазмұнының қолданбадағы және сабақты нақты өткізу процессіндегі туындайтын түрлеріне бөледі. Нақты өткізіліп жатқан сабақтың мазмұны жоспарланған мәтінмен толық сәйкес келмейді. Осы жағыдай дене шынықтыру мұғалімімен сабақты өткізу барысында ескерілуі керек.

Сабақты құру (құрылымы). Мұғалім сабақты құру кезінде оның мазмұнының барлық элементтері жобалануы тиіс. Сабақты құруда организмнің жұмыскерлігін анықтайтын биологиялық қызмет ету заңдылықтары және оқыту-тәрбиелеу процессінің даму логикасы негіз болып табылады. Жұмыскерліктің төрт аймағы бар: сөре алды аймағы, жүзеге асыру аймағы, тұрақтылық аймағы және жұмыскерліктің уақытша жоғалу аймағы.

Оқыту-тәрбиелеу процессі логикасының талабы: 1) айналысушылардың танымдық қызметке біртіндеп араласуы; 2) дене жұмыскерлігінің қажетті деңгейіне біртіндеп қол жеткізу; 3) алдыда тұрған сабақтың білім беру, сауықтыру, тәбиелеу міндеттерінің ретімен шешілуі; 4) оқушы организмнің жүктемеден кейінгі жұмыскерлігінің камтамасыз етілуі. Осы жағыдай сабақты үш бөлімге бөлуді қажет етті: кіріспе (дайындық), негізгі және қорытынды. Сабақты үш бөлімге бөлу, оны бір бұтастылығынан айырады деп түсінуге болмайды. Керісінше, сабақтың әр бөлімі оның келесі бөліміне логикалық дайындық ретінде ауысып отыруы тиіс. Бір бөлімнен келесі бөлімге ауысу өте жұмсақ және байқалмайтындай болуы керек. Өзінің жеке міндеттерін шеше отырып, әр бөлім жалпы сабаққа қойылған негізгі міндеттерді тиімді шешуге қызмет етуі тиіс. Сондықтан, сабақтың әр бөліміне және олардың нақты мазмұнына бөлінген уақыт тұрақты емес, себебі ол көптеген факторлардан тәуелді: сабақтағы айналысушылардың нақты күйінен (состояние), олардың ерекшеліктерінен, сабақтың міндеттерінен, таңдап алған жаттығулардың ерекшеліктерінен, ауа райының жағыдайынан, жұмыстың сыртқы жағыдайларынан және т.б.

Сабақтарды бөлімдерге бөлгеннен кейін сабақты құрудың екінші кезеңі басталады – сабақ бөлімдерінің жалпы және жеке міндеттерін тиімді шешуге арналған дене жаттығуларын және олардың қолданылу ретін анықтау. Мұғалім, алдыңғы орындалған жаттығулар кейінгі жасалатын жаттығуларды жақсы йгеруге қолайлы жағыдай туғызуына ұмтылуы керек. Мысалы, күрдері координациялық жаттығуларды үйренуді сабақтың басында қойады. Жетілдіру кезінде оларды шаршаған уақыттада орындауға болады, яғыни сабақтың аяғында. Жылдамдылықты дамытуға арналған жаттығуларды төзімділікке берілген жаттығулардан кейін орындату, өте тиімсіз нәтиже береді. Бір сабақтың үстінде жаттығудан жаттығуға жағымсыз ауысудың кездесуін болдырмаған жөн.

Сабақ құрылымының үшінші «шешуші» кезеңі айналысушылар мен мұғалімнің әр педагогикалық міндеттерді шешудегі, сабақты өткізу кезінде пайдаланылатын әр дене жаттығуларын қолданудағы, қолданылатын әдістер мен амалдарды анықтаудағы іс-әрекеттерінің тығыз байланыстағы болып табылады. Осы жерде топтпрды ұйымдастыру, оларға міндеттер қою, сабақтың өткізілу орынын алмастыру, спорттық қондырғыларды құру, құрал-жабдықтарды таратып беру және жинап алу, яғыни сабақта қолданылатын қосалқы әрекеттерде қамтылуы керек.

Сонымен, әр сабақ мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық элементтердің бірлігін құрайды. Осы элементтердің тұтастылығы бұзылса, аталған элементтердің әр қайссысының маңыздылығын түсінбеу немесе ескермеу сабақтың тиімділігінің күрт төмендеуіне әкеп соғады, сабаққа қойылған міндеттердің шешілу мүмкіндігіне күмән туғызады.

Сабақтың міндеттерін анықтау.Әр сабақта балалар жаңа тапсырмалар мен іскерліктер алулары тиіс, дене жаттығуларымен бағытты айналысу процессінде олардың дене дамуы жақсарып келе жатқандығын сезінулері керек. Сонымен қатар әр оқушының өзінің жеке рекорды болуы шарт және осы рекордтарға оларды мұғалім жетелеуі керек. Ол үшін мұғалім

оқушының мектептегі оқу мерзімінің барлығындағы онымен бірігіп жасайтын жұмысының аяққы нәтижесін нақты анықтап алуы тиіс: бір жылға, бір тоқсанға, бірнеше сабаққа, яғыни әр түрлі уақыт аралығындағы атқарылатын қызметінің нәтижесін көз алдына елестете алуы керек. Сабақтың мақсатын қою оқушылардың атқаратын қызметтерін бағыттап бағдарлайды және оларды саналы түрде орындауға тәрбиелейді. Оқушылардың дене шынықтырудың мақсаты – мектептің оқу курсын тәмәмдау шағына өмірдің әр қилы жағыдайларында қолданылатын қажетті қимыл-әрекеттерді тәрбиелеу және спорттық жаттығулармен жүйелі түрде айналысуға деген қажеттілікті қалыптастыру. Әр оқу жылының мақсаты – мектеп бағдарламасымен қарастырылған, нақты бір сыныпқа арналған оқулық материалды меңгеру. Бірнеше сабаққа немесе тоқсанға қоиылған мақсатқа – нақты бір жаттығуды меңгеру кіреді: мысалы, ұзындыққа секіруді үйрену.

Осы бірінен бірі туындай беретін мақаттарды, әр сабаққа нақты міндеттер қою арқылы шешуге болады.

Дене тәрбмесінің әдістемесінде барлық міндеттерді олардың бағыттарына қарай отырып, үш топқа бөледі: білім беру, сауықтыру және тәрбиелеу.

Білім беру міндеттерін шешу оқушыларды біліммен қаруландырады, спорттық жаттығуларды орындаудың іскерлігімен дағдысын қалыптастырады, сонымен қатар оларды өмірде қолдануға үйретеді.

Сауықтыру міндеттерін шешу белгілі бір жас шағында болатын дене дамуы мен дене дайындығын, тұлғаның дұрыс қалыптасуын және сабақта орындалатын жаттығулардың организмге жағымды әсер етуіне қолайлы жағыдайларды туғызуды қамтамасыз етеді.

Тәрбиелік міндеттерін шешу оқушының жеке тұлғасына дене жаттағуларымен айналысудың моральдық және еріктілік қасиеттерінің дамуына жағымды әсер етуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Таникеев М. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы 1996ж
2. Төтенаев Б.Т. Халық ойындарының тәрбиелік маңызы. – Алматы 2008ж
3.Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. — Алматы: Мектеп, 2004, 96 б.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ЖҮРІСІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСІН ОҢАЙ ҮЙРЕТУ

Юсупов А.Р
«Дене шынықтыру»кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. yusupov_alymzhan@mail.ru@mail.ru
Пашабеков Н.Ж.
КГУ «Общеобразовательная средняя школа «Ынтымак»

Аннотация:Тоғызқұмалақ ойының құрал-жабдықтары осындай қарапайым болуы, халық арасында ойынның кеңінен тарауына толық мүмкіндік туғызды. Бұл ойынның, екінші бір бұқаралық маңызы, айталық бірнеше адамның жиналған жерінде барлығы бірдей жұпталып отыра қалып ойынға кірісіп кету емес, тек ойнап жатқан бір жұптың ойындарын қызықтайтындар өте көп болған.

Түйінді сөздер: *Тоғызқұмалақ, мектеп, дене шынықтыру*

Аннотация:Простота оборудования игры Тогызкумалак создала полную возможность для широкого распространения игры среди народа. Второе массовое значение этой игры состоит в том, что, например, в месте, где собралось несколько человек, не все имеют возможность сесть парами и начать играть, но было много людей, интересующихся играми одной играющей пары.

Ключевые слова: *Тогызкумалак, школа, физическая культура*

Annotation

The simplicity of the equipment of the Togyzkumalak game created full opportunity for the wide dissemination of the game among the people. The second mass significance of this game is that, for example, in a place where several people have gathered, not everyone has the opportunity to sit down in pairs and start playing, but there were many people interested in the games of one playing pair.

Keywords: *Togyzkumalak, school, physical education*

Терең ойды талап ететін,ойнасаң қызығына ешбір тоймайтын, халық даналығы қалдырған ойындардың бірі — тоғызқұмалақ. Халықпен бірге жасасып келе жатқан даналардың ойыны аталған тоғызқұмалақ — бүгінде өзінің даму сатысында екенін айта кеткен жөн.

Көшпенді халықтың, әсіресе малшылардың математикасы — қай халықтың болмасын күнделікті мұқтаждығына керекті бүтін сандардың төрт амалын есептеп шығару осы тоғызқұмалақ ойыны үстінде қалыптасқан. Сондықтан да бұл ойын малшы математикасы деп тегін аталмаған. Себебі, далада кездесе кеткен екі малшы қазан мен отаудың жерін шұқып жіберіп, қалталарында жүрген 81 қойдың кепкен 81 құмалағын әр отауға тоғыз тоғыздан бөліп сала қояды да, дереу ойынға кірісіп кетеді. Міне бүгінгі ұрпаққа жеткен ауыз әдебиетіндегі аңыз осылай дейді.

Тоғызқұмалақ ойыны қай кезде, қалай қалыптасқаны жөнінде нақтылы тарихи деректер әзірше аз. Ал негізінде көшпенді қазақ халқының арасында дамығанын Қазақстан жерінде жартастардың, болмаса төбенің үстіндегі тегіс тас бстіне ойып салынған тоғызқұмалақ ойынының тақталары біздің осы ойымызды дәлелдей түседі. Мысалы, Қаратау қаласына таяу, Ақшұқыр деген тас төбенін, үстінде, тегіс тасқа тоғызқұмалақтың отаулары мен қазандары қашалып салынған. Бұл табиғи тақтаны қай кезде кім жасағаны белгісіз. Ал жасау мақсаты белгілі. Малшы үшін бүл Ақшұқыр тас жотасы малды қарауылдауда та-былмайтын орын. Демек, айналадағы малды бақылап отырып тоғызқұмалақ ойнағанға не жетсін. Сондай-ақ, Тарбағатай тауының Сайқан жоталарының бірінде, Қоржынбай жайлауының етегінде жартасқа салынған тоғызқұмалақ тақтасы тағы бар [1, 176 б.].

Осындай тарихи деректемелерге сүйенсек, тоғызқұмалақ көшпенді қазақ халқының өмірімен бірге жасасқан ұлттық ойындардың бірі деп толық айта аламыз.

Тоғызқұмалақ ойынының аса бір өзіндік ерекшелігі күрделі құрал-жабдықтарды қажет етпейді. Ертеректе ойыншылар кездескен бетте жерді қазып, ойын тақтасын дайындаған. Барлық құмалақ салатын шұңқырды қазан, тоғыз-тоғыздан құмалақ салатын шұңқырды отау деп атаған.

Ертеректе тоғызқұмалақ ойнайтын адамдар қойдың 162 құмалағын дорбаға салып қанжығасына байлап алып жүрген. Біздер тек құмалақ қана емес, 81 ақ тастан, екінші 81 қара тастан дайындалғанын да көрдік. Осындай екі түсті таспен ойнап отырған адамдардан — тоғызқұмалақ ойынын бір түсті құмалақтармен де ойнауға болады ғой, екі түсті таспен ойнаудың қандай өзгешелігі бар деп сұрағанымызда, «мазмұны да ойын өзгешелігі де көп» — деді [2, 56 б.].

Ең әуелі ойын соңына таман кімнің қанша құмалақ алғанын тез ажыратуға болады. Айталық, қарсыласым ойын барысында мендегі 81 ақ түсті құмалақтың 50-ін алып, өз қазанында 30 құмалақ қалды дейік, ал қара құмалақтан 40-ын алдым, міне енді осыдан қортынды шығара білу керек. Менің ойлауымша дейді тәжірибелі ойыншы, әдетте, ойын соңына таман қарсыластың емес, өз құмалағын өз қазанына көбірек түссе, онда жеңістен үмітті болуың керек, деп түсіндіреді. Екінші бір ерекшелігі, ойын барысында кім көп құмалақ жинап жатқанын тезірек аңғаруға болады. Одан кейін, қарсыластың отауында ойын бары-сында қай отауда қанша құмалақ жатқандығын ақ пен қара түсті болғандықтан тез санап алып, жүрісті анықтауға болады. Демек, уақыт ұту үшін екі түсті құмалақпен ойнау деген қағидасын тиянақты түрде дәлелдеп берді.

Тоғызқұмалақ ойының құрал-жабдықтары осындай қарапайым болуы, халық арасында ойынның кеңінен тарауына толық мүмкіндік туғызды. Бұл ойынның, екінші бір бұқаралық

маңызы, айталық бірнеше адамның жиналған жерінде барлығы бірдей жұпталып отыра қалып ойынға кірісіп кету емес, тек ойнап жатқан бір жұптың ойындарын қызықтайтындар өте көп болған. Бүгінгі тілмен айтқанда әр ойыншыны қоршаған өзінің жанкүйер-лері болған. Тіпті мықты ойыншылар, өзімен ойнауға тұрады-ау деген қарсыластарын басқа рулы елдің арасынан іздеп барып ойнағанда жанкүйерлерін, ақыл-кеңес беретін адамдарын өздерімен бірге ертіп те жүрген.

Шығыс халықтарының әдеттегі дәстүрімен айтқанда тоғызқұмалақ ойынының жүрісі оңнан солға қарай бағытталады, демек, батыстың дәстүріне, яғни сағат тілінің бағытына қарсы жүріледі.

Құмалақ салынған тоғыз отаудың әрқайсысының аты болған. Сол жақтағы шеткі, яғни бірінші отау—«таңдық», екінші — «көшпелі», үшінші —«атөтпес»,төртінші— «атсұратар»,бесінші—«бел»,алтыншы—«белбасар», жетінші—«қандықақпан»,сегізінші — «көкмойын», тоғызыншы «маңдай». Әр отауды бұлай деп атаудың өзіндік тарихи маңызы бар. Себебі, ойынның ойналу процесі толығынан осы атау аттарына негізделген. Айталық, ойын басталғанда алғаш жүріс жасаған адам «қандықақпан» дейді. Бұл ойыншы жүрісін жетінші отаудан бастағандығын хабарлайды. Енді қарсыласы жүрісті жалғастырып, «бел» — дейді. Демек, бұл отау аттарын ойыншылардың қайсысы болмасын жатқа білгендіктен қай отаудан жүріс болғандығын есті сала, қарсыласы дереу жүріс жасауға қамданады.

Ойын тақтасы кейін келе ағаштан жонылып, әрбір отаудың маңдайына «а» әрпінен бастап тоғыз отау солдан оңға карай — а, б, в, г, д, е, ж, з, и дыбыстарымен белгіленген. Бұлай белгілеу ойынды жазу процесінде қиындықтуғызғандықтан, шамамен, 1970 жылдардан бері қарай І-сан таңбасы-математикалық есептеу тұрғысынан ойынның есебін шығаруға, жүрісті анықтауда тезірек шешім қабылдауға мүмкіндік тудырады.

Демек, тоғызқұмалақ ойынының жалпы ережесін осылайша бүгінгі күн талабына сай реттеу—көпшілік арасында кеңінен таратты, яғни бұқаралық маңыз алды. Бүгінгі таңда тоғызқұмалақ ойынымен тек қазақтар ғана емес, республикада тұратын ұлт өкілдері де ойнайды... Мысалы, Ақмола ауылшаруашылығы институтының кафедра меңгерушісі Д. С. Поляков тұңғыш республикалық жекелей біріншілікте асқан шеберлік көрсетіп, Қазақстанның чемпионы атанды. Бүгінгі күнде тоғызқұмалақ ойынының республикалық федерациясы құрылды. Онымен қоса республика біріншілігінің және республика аралық жеңімпаздарына «Қазақстан спорт шебері» деген атақ беріледі. Тоғызқұмалақтан республиканың жекелей біріншілігімен қоса командалық жарыста өткізіледі. Республикамызда тоғызқұмалақтың әйелдер арасында дамуы өте баяу, әзірше олардың арасында жарыс өткізілген жоқ.

Ойын ережесі бойынша уақыт белгілеп, құмалақтары салынған тоғызқұмалақ тақтасы ойын ережесіне сай дайындалып болған соң уақыт белгілейтін төреші ойынның басталғандығын хабарлайды. Ойыншылар ойынды бастап кетеді [3, 325 б.].

Бірінші жүрісті жеребе бойынша анықталған ойыншы бастайды. Алғашқы жүрісті «таңдықтан» және «маңдайдан», яғни жүріс жүргенін хабарлайды. Тек, бірінші жүрісті тоғызыншы отаудан ғана бастауға болмайды, басқа отаудың барлығынан жүре беруге болады.

Бірінші жүрісті бастаған ойыншы өзінің дұрыс жүріс осыдан деп тапқан отауынан бір құмалақты орнында қалдырып, қалған құмалақтарды сол жүріс жасаған отаудың қатарындағысынан бастап бір-бірден тастап отырып, ең соңғы құмалақ қарсыласының тоғызқұмалағы бар отауына салынып тақты жұп сан етіп өзінің қазанына алады. Демек, ойын ережесі бойынша қарсыласынан құмалақ алу үшін ен соңғы құмалақпен санды жұп етіп өзінің қазанына алады.

Сондықтан ойын барысында қарсыластар өздерінің отауларындағы құмалақтарды жұп санымен ұстап отыруға тырысады. Мұндай жағдайды ойыншылардың отаулары «жабық» деп атайды. Ойын барысында әр ойыншы өзінің қарсыласының отауын тақ санымен ұстауға тырысады. Демек, тақ санымен жатқан отауларды «ашық» отау деп атайды.

Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын қарсыласының отаудағы жатқан құмалақтарын қолмен санауына болмайды. Тек отаула-рының ашық-жабығын ғана және қайсысында қанша құмалақ бар екенін ғана сұрай алады. Сондықтан ойыншылардың қай-қайсысы болмасын барлық отаудағы құмалақ санын есте ұстауға тырысады. Ал, ойыншының қай-қайсысы болмасын қарсыласының қойған сұрағына дұрыс жауап беруге міндетті. Ойын барысында отауда бір құмалақ қалса, ол ойыншыға жүріске керек болса, онда жалғыз құмалақты қатарындағы отауына тастайды, демек жүріс орындалды.

Ойын барысында «тұздық» алу деген болады. «Тұздық» алу үшін қарсыластардың әрқайсысы өз кезегінде жүріс жасаған ойыншы ең соңғы құмалағын қарсыласының екі құмалақ жатқан отауына түсіріп үш құмалақ етіп алса, бұл ойыншы өзінің қарсыласынан «тұздық» алған болып есептеледі. «Тұздықты» алудағы мақсаты әрбір жүріс сайын сол «тұздыққа» түсетін құмалақты тұздықтың иесі қазанына салып отырады. Демек, «тұздықтың» пайдасы әр жүріс сайын (екі жақтын да) қазанға бір құмалақ түсіп отырады, деген сөз. Ойын ережесі бойынша тек «маңдайдан» — тоғызыншы отаудан «тұздық» алуға болмайды. Ойын барысында «тұздық» бір-ақ рет алынады.

Ойын барысында, әсіресе ойын соңына таман келгенде, ойыншының біреуінде құмалағы таусылып қалады да жүретін жүрісі бітеді. Тоғызқұмалақ ойынында бұл жағдайды «атсырау» деп атайды. «Атсырау» жағдайына тап болған ойын партиясы ұтылғанға есептеледі, себебі одан ары жүретін жүрісі жоқ. Енді, қарсыласын «атсырату» жағдайына алып келген ойыншы, өзінің отауларындағы құмалақтың барлығын жинап өз қазанына салады да, барлық құмалақтың есебін шығаруға кіріседі. Демек, «атсырау» жағдайына дейін әлі екі ойыншының біреуі 82 құмалақ жинап үлгірмегендіктен, амал жоқ, отаудағы қалған құмалақты қосып алғаннан кейін бұл ойыншы ешқандай даусыз жеңіске жетеді. Ойын барысында «атсырау» жағдайы сирек кездеседі, себебі ойынның айла-тәсілін білетін ойыншы өзін «атсырау» жағдайында қалдырмайды.

Ойынды жазу жүйесі. Тоғызқұмалақ ойыны шахматтағы сияқты ойын барысында тақтадағы жағдай жазылып отырады. Біз жоғарыдағы айтқандай, әр отау солдан оңға қарай өзінің рет санымен белгіленеді дедік. Осы рет санын пайдалана отырып, әр партия басынан аяғына дейін жазылып алынады. Айталық, 711 саны жазылса, онда 7-отау-дың реттік саны да, II-сол отаудағы құмалақ саны. Енді осы санға сызықша арқылы қарсыласының жүрісі жазылады. Мұнда да отаудың реттік саны мен сол отаудағы құмалақ саны жазылады. Сонда бірінші жүріс былай болып жазылады: 711-815. Сонда 815-қарсыластың жүрісі 15 құмалағы бар 8-отаудан басталған. Мысалы екінші жүріс 69-55 болды делік. Мұнда 6 отаудың реттік саны да, 9 отаудағы құмалақ саны. 5 келесі жүріс жасайтын ойыншының отауының реттік саны да, 5 сол отаудағы құмалақ саны.

Енді 12 құмалағы бар екінші отаудан жасалған жүріс, қарсыласының 2 құмалағы бар төртінші отауына түссе тұздық алады. «Тұздық» партия жазуында «Х» тахтабасымен белгіленеді. Сонда бұл жүріс 212-42Х болып жазылады. Сондай-ақ, жүрістің соңғы құмалағы «тұздыққа түссе онда, айталық, 84:2Х болады. Демек 4 құмалағы бар 8 отаудан жүргенде қарсыластың 2-отаудағы «тұздыққа» түсті деген сөз.

Әдебиеттер:

1. Б.Ноғайбаев. "Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында" Тараз, 1999.

2. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ даналығы. Тараз, 2000.

3. Тәжиев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Автореферат. Түркістан, 2004.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӨП БАСҚЫШТЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Мильдоходжаева Г.С.
преподаватель кафедры «Физическая культура»
Tashenev University, г.Шымкент gulya_gym@mail.ru
Маханбетова А.К.
преподаватель магистр наук кафедры «Физическая культура»
TashenevUniversity, г.Шымкент makhanbetova198@mail.ru
Қуанышев Т.Ш.
преподаватель кафедры «Физическая культура»
Tashenev University, г.Шымкент

Аннотация:Талапкерлердің, студенттердің, мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің үздіксіз қалыптасуын, ерте кәсіби бағдарын, мұғалім дайындау барысында негізгі және іс жүзіндегі бірлігін қамтамасыз ететін ғылыми-оқу педагогикалық кешенінің құрылуы.Оқуды автоматты түрде бақылау, басқа құралдармен бірлестіктегі, жеке оқытудың техникалық құралдары, өз бетімен оқу, анықтамалық ақпарат көздері сияқты бірнеше бағытта барынша мүмкіндік беретін компьютер техникасын қолдану.

Түйінді сөздер: *Кәсібилік,оқу, техника*

Аннотация:Создание научно-образовательного педагогического комплекса, обеспечивающего непрерывное формирование профессиональных навыков абитуриентов, студентов, преподавателей, раннюю профессиональную ориентацию, базовое и практическое единство в процессе подготовки учителей, использование компьютерных технологий, обеспечивающих максимальные возможности. в нескольких областях, таких как источники информации.

Ключевые слова*: Профессионализм, образование, оборудование*

Annotation

The creation of a scientific-educational pedagogical complex that provides continuous formation of professional skills of applicants, students, teachers, early professional orientation, basic and practical unity in the process of teacher training, the use of computer technologies that provide maximum opportunities. in several areas, such as source information.

Keywords: Professionalism, education, equipment

Соңғы уақыттарға дейінгі педагогикалық білім мазмұны мен ұйымдастырылуындағы, экстенсивті әдістер оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуына, мұғалім тұлғасының бүтіндей қалыптысуына толық әсер етпейді, себебі студенттердің пәндік жүйесіз даярлығына соқтырады, шығармашылықпен жұмыс істеуге, өз бетімен оқуына, педагогикалық зерттеуге ынталандырмайды, мұғалім даярлығының типтік жүйесі мен оның қызметінің жеке-шығармашылық сипаты арасындағы маңызды қайшылықты шеше бермейді.

Мектеп мұғалімі – студент – жоғары оқу орнының оқытушысы жүйесі бойынша, мұғалімнің кәсіби дайындығына көзқарасының өзін өзерту қажеттігі туындауда.

Қажетті өзгерістердің ықтимал жолдары қандай? Бізге бірнеше жолы белгілі:

Талапкерлердің, студенттердің, мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің үздіксіз қалыптасуын, ерте кәсіби бағдарын, мұғалім дайындау барысында негізгі және іс жүзіндегі бірлігін қамтамасыз ететін ғылыми-оқу педагогикалық кешенінің құрылуы.

Оқуды автоматты түрде бақылау, басқа құралдармен бірлестіктегі, жеке оқытудың техникалық құралдары, өз бетімен оқу, анықтамалық ақпарат көздері сияқты бірнеше бағытта барынша мүмкіндік беретін компьютер техникасын қолдану.

Оқу әдістерін жандандыру: шығармашылық жеке жұмыстар жүйесінің нақтылы бағыт бойынша қолданылуы (Мысалы, «Оқушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру

мәселелері». Оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету бағдарламасын жасап, сынып жетекшісі нашақорлықтың алдын алу, маскүнемдікпен күрес т.б. және дене тәрбиесі құралдары бойынша дене тәрбиесі жұмысының жоспарын құрғаны жөн).

Біртұтас педагогикалық кешендегі даярлық: педагогикалық лицей – педагогикалық колледж – педагогикалық университет – іс жүзінде кәсіби өзін-өзі айқындауынан кәсіби даярлыққа дейін басталатын және дене тәрбиесі мұғалімінің кәсіби тұлғалық қалыптасуымен аяқталатын тұтас білім берудің маңызды қыры болуы тиіс.

Біздің педагогикалық зерттеуіміздің осы кезеңдегі басты мақсаты педагогикалық жағдайдың анықталуы мен негізделуі болып табылады, онда мектеп оқушылары дене тәрбиесінің жүзеге асуы, дене тәрбиесі мұғалімінің қызметін таңдауында айқындаушы шартқа айналады.

Мен ұйымдастырылуы» жөніндегі әдістемелік нұсқаулар да осыған бағытталған.

Кейде «жаңаша ойлайтын мұғалім неге және қалай оқытады?» деп сұрап жатады.Олардың еңбектерін талдау көрсеткеніндей, өзінің түлектерімен бірге ол;әрбірінің тұлғасы тиімді дамитындай жағдайлар туғызу мен айналысады. Мұнда ең бастысы - білімге, шеберлікке, дағдыға, өзін жетілдіруге қолжеткізу тәсілдеріне үйрету, өзінің қызметін талдауға үйрету.

Мектептердегі көпжылдық бақылаулар көрсеткендей, мұғалімдер мен студент-практиканттермен бірлескен жұмыстардың, спорттық жарыстардың жоғары ағартушылық және тәрбиелік тиімділігі тек әдістемелік жағынан сауатты даярланып, өткізілген жағдайда ғана болмақшы.

Мектеп оқушылары спорттық жарыстарға: 1-3 сынып оқушыларына арналған «Жеңіл атлетика. Кросс», «Наурыз», «Алтын күз», «Достық» сайысына әрқашан қанағаттанушылықпен қатысады. Мектепте әруақытта «Үміт сөресін», «Көңілді сөрелерді» өткізуге мұқият әзірленеді, ондағы балалардың құштарлығы, бір-бірінің көмегін сезінуі, командадағы ең әлсіз ойыншыны қолдаудаудың өзі, жоғары нәтижелерге жетуден гөрі аса маңыздырақ. Балалар дербес жаттығуларға дағдыланып, разрядтық нормаларын орындайды.

Спорттық жарыстар — педагогикалық процестің ажырағысыз бөлігі және олардың ұйымдастырушы, төреші, тікелей қатысушылар немесе көрермендер, яки, жанкүйерлер болуына карамастан, оқушыларды жан-жақты тәрбиелеудің тамаша мектебі. Жаттығулардың бір түрі есебінде жарыстар бүтіндей міндеттер кешенін шешуге көмектеседі.

Мектепте оқушылардың әскери-дене тәрбиесіне көбірек көңіл бөлінуі керек. Көпшілігі спорттың әскери-қосымша түрлерімен айналысады. Мектепте биатлон, ату секциялары жұмыс істеуі маңызды. «Зарница» және «Орленок» сияқты әскери-спорттық ойындар мектепте үлкен өрлеумен өтуі, бұлардың бағдарламалары жылдан-жылға күрделілендіріліп, қызғылықты бола түсуі қажет.

Мектепішілік спорттық жарыстарды өткізу, тек оқушылар белсенділерінің көмегімен ғана мүмкін болады, олардың оқуын ұйымдастыруға дене тәрбиесінің ұжымы ықпалын тигізіп, сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар комитеттері, қамқорлық жасаушы ұйымдардың спортшылары, студент-практиканттар, мектептің аумағында тұратын спорт ардагерлері айтарлықтай жәрдем бере алады.

Сабақ барысында акробаттық жаттығулар кешенін оқушылардың ағымдағы және қорытынды қозғалыс даярлығын бағалау тәрізді, жаңа қозғалыстарға жаттығып, дене қабілетін арттыру үшін де пайдалануға болады. Түптеп келгенде, акробаттық жаттығуларды сенімді түрде және жеп-жеңіл орындауына қол жеткізген жөн, осылайша оқушылардың ептілігін, тепе-теңдігін, бұлшық еттерінің статикалық жұмыс кестесінен дамушы режимге және кері бағытқа ауысу қабілетін дамытуға болады.

Жаттығулар кешендері күрделілігін өсіре түсіру тәртібімен орналастырылған жөн. Қыздар мен жігіттерге жаттығуларды таңдау құқын берген дұрыс, әрі тек қана кешендерге кіретін элементтердің бәрін меңгергеннен кейін барып, бұлардың сан алуан түрлерін орындауын талап етуге болады. Бастысы, оқушылардың күш қабілеттерін дамытуға арналған кешендердің бірін есінде сақтағаны және оқу жылының өн бойында оны арттыру

мақсатымен жүйелі түрде орындағаны абзал. Соңғы жағдайда кешенді не күрделілендірген дұрыс (қайталаулар санын ұлғайту жолымен), не оны даярлық деңгейін ескере отырып, демалыс үшін үзіліссіз 2-3 рет қатарынан орындаған жөн.

Кешендерге енгізілген жаттығулар, жалпы жиынтығында балалар мен жасөспірімдердің ағзасына құрамды әсерін тигізеді. Дейтұрғанмен, жекелеген кешендердің күш қабілеттерін, ептілігін дамытуға, тыныс т.б. анализаторының жақсартылуына басым бағыттылығы бар.

Кез келген жарысты негізді түрде, ешқандай асығыссыз өткізіп, оның әсерлілігі мен лайықты салтанатын қамтамасыз еткен дұрыс.

Ағартушылық және насихаттық тиімділігі, тек жарыс бағдарламасының оған қатысушылардың техникалық және физикалық даярлығына сәйкестілігінің бірсыпыра шарттарын сақтаған кезде ғана: олардың әдістемелік жағынан сауатты ұйымдастырылуын, төрешіліктің әділдігін қамтамасыз еткенде, қатысушылар мен көрермендердің психологиялық көңіл-күйін шебер басқарғанда барып, мүмкін болмақшы.

Әдебиеттер:

1. Оразов Ш.Б. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауда, педагогикалық пәндер мен педагогикалық практиканы пайдалану мүмкіндіктері. (XXI ғасырда білім мен ғылымды ұштастырудың жолдары және білікті мамандар дайындау сапасын арттырудың өзекті мәселелері. //Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция). -Шымкент, - 2006. –Б. 431-434.

2. Оразов Ш.Б. Практическая подготовка – фундамент воспитание специалистов в области спорта. //Достояние нации. (Ұлт тағылымы). №3. – Алматы, 2006. – С.122-123.

БОЛЕЗНЕННЫЕ СОСТОЯНИЯ СТУДЕНТОВ ПРИ ЗАНЯТИЯХ ФИЗИЧСКОЙ КУЛЬТУРОЙ И СПОРТОМ

Ахметов М.К.
«Дене шынықтыру»кафедрасының оқытушы
TashenevUniversity, Шымкентқ.
Axmetov.1973@mail.ru
Шекербек С.Қ.
Ж.А. Тәшенев атындағы университет,магистр оқытушы
Исеев Ш.Т.
«Дене шынықтыру»кафедрасының оқытушы
TashenevUniversity, Шымкентқ.

Аннотация:*Медициналық қамтамасыз ету-денсаулық үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын ұтымды пайдаланудың, оқу-жаттығу сабақтарының, бұқаралық сауықтыру дене шынықтыру және спорттық іс-шаралардың жоғары тиімділігінің шешуші шарттарының бірі. Бұл дене шынықтыру жүйесінің сауықтыру бағыты қағидатын іске асыруға ықпал етеді және дәрігерлік бақылау түрінде жүзеге асырылады.*

***Түйінді сөздер**: Тәрбие, спорт, денсаулық, студенттер, сауықтыру бағыты*

Аннотация:Медицинское обеспечение — одно из решающих условий рационального использования средств физической культуры и спорта для здоровья, высокой эффективности учебно-тренировочных занятий, массовых оздоровительных физкультурных и спортивных мероприятий. Оно способствует реализации принципа оздоровительной направленности системы физического воспитания и осуществляется в виде врачебного контроля.

Ключевые слова: *Воспитание, спорт, здоровье, студенты, оздоровительной направленности*

ABSTRACT

Medical support is one of the decisive conditions for the rational use of physical culture and sports for health, the high efficiency of educational and training sessions, and mass health-improving physical education and sports events. It contributes to the implementation of the principle of health-improving orientation of the physical education system and is carried out in the form of medical supervision.

Keywords:*Education, sports, health, students, health-related activities*

У студентов, занимающихся физической культурой и спортом, перед занятиями (а у спортсменов иногда и за несколько часов до соревнований) наблюдается изменение функций внутренних органов и систем — так называемое предстартовое и стартовое состояние организма. Эти изменения являются результатом условнорефлекторной деятельности организма и могут иметь качественно различные выражения.

Предстартовое состояние обычно сопровождается повышением возбудимости нервной системы (повышением эмоционального тонуса), усилением деятельности системы кровообращения, дыхания, пищеварения и выделения, обмена веществ. Если эти изменения умеренные, не превышают оптимальных границ, они благоприятны, так как обеспечивают подготовку двигательного аппарата, внутренних органов и систем к предстоящей мышечной деятельности.

Иногда обстановка учебного занятия (особенно если предстоят контрольные испытания, зачеты) или соревнования могут оказаться очень сильным раздражителем, что может вместо оптимального возбуждения нервной системы вызвать у студентов (если они физически и морально недостаточно подготовлены) чрезмерное повышение возбудимости — «стартовую лихорадку». «Стартовая лихорадка» приводит в конечном итоге к развитию тормозных процессов в центральной нервной системе, к угнетению функции органов и систем, к снижению спортивно-технических результатов. Такое предстартовое и стартовое состояние, так же как и состояние пониженной возбудимости нервной системы (стартовая апатия, безразличие), следует рассматривать как неблагоприятное явление.

Стартовое состояние можно регулировать разминкой. Физиологическое воздействие разминки на организм универсально — ее можно в равной степени применять и в целях снижения чрезмерного возбуждения, и в целях повышения возбудимости центральной нервной системы.

При длительном выполнении напряженной мышечной работы постепенно исчерпывается запас энергетических ресурсов, в крови накапливаются продукты обмена веществ, а импульсы, поступающие в кору головного мозга от работающей скелетной мускулатуры, приводят к нарушению нормального взаимоотношения процессов возбуждения и торможения. Эти изменения сопровождаются субъективными ощущениями, которые затрудняют выполнение физической работы, в результате работоспособность организма понижается, наступает состояние утомления. Если дать организму отдохнуть, переключить на другую деятельность, организм освобождается от продуктов распада, восстанавливает свои энергетические ресурсы, признаки утомления исчезают, организм вновь работоспособен. Степень утомления, а следовательно, восстановительный период (т. е. время, необходимое для отдыха) зависит от состояния здоровья и физической подготовленности студентов, объема, интенсивности и продолжительности выполненной работы, условий окружающей среды (санитарно-гигиенических условий, метеорологических факторов). При прочих равных условиях большое влияние на физическую работоспособность оказывает морально-волевая подготовленность, эмоциональный тонус студента. Целеустремленность, воля к победе, чувство долга вызывают положительные эмоции, они прибавляют силы, отдаляют время наступления утомления, и наоборот,

отсутствие воли, боязнь предстоящей работы, борьбы, подавленность, низкое моральное состояние, отрицательные эмоции ускоряют наступление утомления, усиливают субъективное ощущение усталости.

После всякой работы, вызвавшей снижение работоспособности и утомление, необходим отдых, восстановление сил. Отдых может быть активным (переключение на другой вид деятельности с вовлечением в работу других, ранее не работавших мышц) и пассивным (когда организму предоставляется мышечный покой). Сон и правильный режим питания очень важны для полноценного отдыха.

Частая повторная физическая работа при отсутствии отдыха, на фоне недостаточного сна, нерегулярного и несбалансированного питания, а также при отклонениях в состоянии здоровья может привести к хроническому утомлению и переутомлению. Явления утомления могут нарастать постепенно, незаметно: нарушается сон, ухудшается аппетит, затем появляется ощущение усталости, нежелание заниматься, усиливается потоотделение, снижается вес, появляются другие нарушения. В спорте такое хроническое переутомление, обусловленное перераздражением и переутомлением ЦНС, в сочетании с нарушениями принципов и режима тренировочного процесса носит название перетренировки. Систематический врачебно-педагогический контроль и самоконтроль позволяют своевременно обнаружить начальные признаки хронического переутомления (перетренировки) и принять необходимые меры профилактики. Состояние перетренировки требует специального лечения.

Если физкультурник или спортсмен недостаточно тренирован и, несмотря на это, пытается выполнить физическую работу, по мощности не адекватную состоянию тренированности, то через некоторое время после начала работы он ощущает скованность в ногах, стеснение в груди, тяжесть, головокружение, удушье, у него появляется желание прекратить физическую работу. Кульминация указанных ощущений называется «мертвой точкой». Это одна из форм утомления. Она возникает главным образом вследствие того, что на фоне недостаточной тренированности при выполнении неадекватной работы деятельность всех органов и систем мало согласована, не наступила еще координация между движениями (их объемом, интенсивностью), кровообращением, дыханием, обменом веществ. Пульс и дыхание резко учащаются, повышается давление крови, нарушается четкость и последовательность, ритмичность движений. Если усилием воли удается «потерпеть», продолжая работу, превозмочь возникающие тяжелые ощущения, то вскоре наступает облегчение дыхания, стеснение в груди, боли и непреодолимое желание бросить работу уступают место ощущению улучшения общего самочувствия. Это состояние называется «вторым дыханием». Оно наступает к тому моменту, когда в результате сознательного регулирования дыхания (удлинение и усиление выдоха) у спортсмена в коре головного мозга уравновешиваются процессы возбуждения и торможения, когда в связи с увеличившейся артерио-венозной разницей и интенсивным потоотделением из организма активно удаляются продукты обмена веществ.

Предварительная разминка, состояние хорошей тренированности (состояние спортивной формы), постепенное увеличение мощности работы отдаляют во времени наступление «мертвой точки», или во всяком случае значительно ослабляют неблагоприятные ощущения, облегчают наступление «второго дыхания». Иногда физкультурникам и спортсменам со слабой морально-волевой и психологической подготовкой не удается преодолеть «мертвую точку», у них не наступает «второе дыхание», наблюдается учащенное, поверхностное и прерывистое дыхание, частый пульс слабого наполнения, побледнение (иногда посинение) кожных покровов губ, ногтей, шум в ушах. В таком случае лучше прекратить физическую работу, так как может наступить обморок.

При занятиях физической культурой и спортом у некоторых лиц при грубых нарушениях методических и санитарно-гигиенических правил могут возникнуть те или иные болезненные состояния:

- гравитационный шок,

- ортостатический коллапс,
- обморочное состояние,
- гипогликемическое состояние
- гипогликемический шок,
- острое физическое перенапряжение,
- острый миозит,
- бассейновый конъюнктивит,
- солнечный и тепловой удары и др.

Студент, занимающийся физической культурой и спортом, должен знать основные особенности этих болезненных состояний, чтобы уметь предупреждать их возникновение и оказывать необходимую первую помощь при их появлении.

Иногда при внезапной остановке после относительно интенсивного бега (чаще всего после финиша в забеге на средние дистанции) в связи с прекращением действия «мышечного насоса» возникает острая сосудистая недостаточность. Большая масса крови застаивается в раскрытых капиллярах и венах мышц нижних конечностей, на периферии. Поэтому возникает относительная анемия (обескровливание) мозга, недостаточное снабжение его кислородом, так как по венам в правые отделы сердца, а оттуда в легкие и затем в левые отделы сердца поступает меньше крови, чем во время усиленной мышечной работы, предшествовавшей остановке. Острая сосудистая недостаточность проявляется резким побледнением лица, слабостью, головокружением, тошнотой, потерей сознания и исчезновением пульса. Это состояние называется гравитационным шоком. Явление это не опасно для здоровья. Пострадавшего необходимо уложить на спину, поднять ноги выше головы (обеспечить венозный отток крови к сердцу и снабжение головного мозга кровью, богатой кислородом), поднести к носу ватку, смоченную нашатырным спиртом. Основная профилактика гравитационного шока — не внезапная остановка, а постепенное замедление бега после финиша, постепенное прекращение работы.

Физическая подготовка студентов является одной из главных задач высших учебных заведений.

Общее руководство физическим воспитанием и спортивно-массовой работой среди студентов, а также организация наблюдений за состоянием их здоровья возложены на ректора, а конкретное их проведение осуществляется административными подразделениями и общественными организациями вуза. Непосредственная ответственность за постановку и проведение учебно-воспитательного процесса по физическому воспитанию студентов в соответствии с учебным планом и государственной программы возложена на кафедру физического воспитания вуза. Массовая оздоровительная, физкультурная и спортивная работа проводится спортивным клубом совместно с кафедрой и общественными организациями.

Список литературы.

1. Кенеман А.В. Физическая культура в начальных классах (методическое пособие для учителей начальной школы и студентов) 2015.
2. Филин В.П. Возрастные особенности физического воспитания 2016.
3. Рунова М.А. Двигательная активность ребёнка 2015.
4. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта 2014.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДАМУЫ

Касымбеков Б.Б.
«Дене шынықтыру » кафедрасының
аға оқытушысы

Tashenev University, Шымкент қ.

Аннотация: *«Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.*

Түйінді сөздер: дене тәрбиесі, гигиена, спорт, ұлттық ойындар, инновациялық технологиялар

Аннотация: *физическая культура. Во-первых: "что дает физическая культура?"- к вопросу "движение дает здоровья". Формирование физической формы. Физические упражнения, образование. Изучает упражнения общего развития. Она обеспечивает умение планировать программу государственного стандарта, владеть типовыми тестовыми упражнениями.*

Ключевые слова: физическая культура, гигиена, спорт, национальные игры, инновационные технологии.

Annotation:*The content of the work can only be seen if in the classroom you constantly pay attention to combining theory and practice with the introduction of new methods. In these areas, I suggest using effective methods of critical thinking and technologies of level-based training in the subject of Physical education. First of all: "what does physical education give?"- to the question "movement gives movement." Exercise. The formation of physical form. Physical exercise*

Қазақ күресінің тарихы ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Балуандардың күш сынасуы ат жарысы, ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақтар күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атап, оны ерекше қасиет қонған адам ретінде таныған. Күрес – ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылады. Қазақтардың жыл он екі ай далада өмір кешіп, үнемі қозғалыста болу тірлігі, жас баладан бастап еңкейген кәріге дейін дене-күш дайындығына ерекше талап қойды. Қазақ елінде ат үстінде еркін отырудан бастап, садақ ату, күрес, жекпе-жек айла-тәсілдерін меңгеру ұл мен қызға бірдей қойылатын талап деңгейіне көтерілді.

Халқымыздың ұлан-байтақ аумақта орналасуы, көшіп-қонып жүруге негізделген шаруашылығы және көршілес елдер салт-дәстүрлерінің ықпал етуі қазақ жерінде балуандық өнердің бір-бірінен айырмашылығы бар бірнеше түрлерінің дамуына негіз болды. Ертегі, аңыздарда, батырлар жырларында, тарихи және көркем шығармалар мен, археологиялық қазба деректерде күрестің бірнеше түрлері болғандығы туралы көптеген дәлелдер кездеседі.

Қазақ топырағында балуандық өнердің ежелден келе жатқанын мына бір тарихи оқиғадан айқын аңғаруға болады.

Осыдан 18 ғасыр бұрын 371-381 жылдар арасында ғұндар патшасы Баламбер (Атилланың алдындағы патша) өзінің жеңістері мен мемлекеттік шешімдерінен кейін үлкен той-жиын өткізіп, оның негізгі бір бөлігі ретінде ат жарыс, балуан күресі, садақ ату, найза лақтыру, аударыспақ, теңге алу, т.б. ойын түрлерін өткізген. Ал сол кездегі ғұндар тілімен осы ойын түрлері былай айтылған: Ээр-хүреш, Ат-хуреш, Ланса-хуреш, Шабарман-хүреш, Жебе-хүреш, т.б. Ээр – ер күшті мағынасында, Хүреш – балуан күресі мағынасын білдіреді. Біздің дәуірімізден 3 000 жыл бұрын салынған Бени-Гассан жеріндегі перғауынның

табытындағы суреттерден Мысыр жауынгерлерінің ең маңызды жаттығуларының бірі күрес болғандығын көруге болады.

Көне грек жазушысы Эллиан (б.з.б. II-III ғасырлар) сақтардың әдет-ғұрыптары туралы жаза келіп, мынандай деректер келтіреді: «…егер сақ жігіті үйленгісі келсе, алдымен өзінің болашақ қалыңдығымен күресіп жеңуі қажет. Олай болмаған жағдайда, жігіт сол қыздың қол астына күтуші құлы ретінде өтеді».

Қазіргі Орталық Мексика жерінде өмір сүрген (б.з.б. 909 жыл) Мая мәдениеті тарихында доп ойындарымен қатар жекпе-жек түрлерінің де жақсы дамығандығы белгілі. Осындай сайыстар кезінде адамдар күрес әдістерін кеңінен қолданып, арнайы киім киген.

Көне грек жазушысы Клавдий Элиан: «Сақ жігіті өзі ұнатқан қызға үйленгісі келсе, сол қызбен күресуге міндетті болған. Егер бұл белдесуде қыз жеңіске жетсе, онда жігіт соның қол астында қалып, бағынышты болады. Мықты, күшті жігіттердің ғана мерейі өсіп, билік жүргізген», — деп жазады. Ал, кіндік Азия елдерін шарлап, жиһангерлігімен аты шыққан итальян саяхатшысы Марко Поло да күрес өнері сақ елдерінде өркендеп өсіп, әскери-қолданбалы жаттығудың бір түріне айналғанын және жігіттермен бірге қыздардың да күреске түсетінін айтып, тарих шежіресіне тіркеген. Тағы бір саяхатшы, король Кастилий Генрих III-тің жіберген кісісі Рей Гонзалес Клавдихо өте-мөте құнды деректерді келтіреді. Ол даңқты қолбасшысы Темірдің сарайында ең күшті балуандардың белбеуден ұстап күрескенін тамашалайды. Бұл 1403-1406 жылдар аралығы екенін ескерсек, белбеуден ұстап күресудің ережесі әлдеқайда ертеден бастау алғанына көз жеткіуге болады. Темір әміршінің белбеуден ұстап күресуге қатты назар аударып, көз салып қарап отыруы туралы тың тарих жылнамасының мәні зор. Атақты, ауыр айқастарда жеңіске жеткен балуандарға алтыннан, күмістен, басқа да бағалы металлдардан жасалған сыйлықтар, тарту-таралғылар беріліп отырған. Тағы бір құнды жаңалық: атақты тарихшы Әбілқазы Бахадүрхан былай деп жазады: «Чурас деген бектің бірі айтты: «Осында бір күшті бар. Сол онымен күресіп көрсін. Егер ол оны жеңсе, мен мұсылман боламын. Моңғолдың күштісін алып келді. Шейх білекті түрінді. Әлгі балуан өте қарулы екен. Бірақ, Шейх оны кеуде тұсынан қатты ұрып еді, моңғол есінен танып құлап жатты… Әмір Чурас жағдайды көргеннен соң мұсылман дініне енді. Бұл күні 160 мың адам мұсылман дінін қабылдады. Содан бері Шағатай ұлысында ислам мемлекеттік дін болып жария етілді».

Діни-саяси мәнге ие болған күрестің құдіретін осыдан-ақ білуге болады. Ру, тайпа өкілдерінің даңқты балуандарын бүкіл қазақ білген.

Жылдар жылжып өтті, ғасырлар артта қалды. Содан бері қазақтың ұлттық спорты – күрес ешқашан тіршіліктен тыс қалмай, бірге жасасып келеді. Тарихи жазбаларда балуандық өнер туралы деректер өте көп. І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы мен Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы балуандардың айқастары халықтың бауырынан бастау алған өнердің мәңгілік екенін дәлелдейтін бір ғана мысал. Батырлар жырларына зер салсаңыздар халықтың жекпе-жек өнеріне асыл мұра ретінде қарағанына күмән келтірмейсіз. Академик, ғалым Әлкей Марғұлан «балуан» сөзін көне түркінің «блбл» сөзінен шыққандығын айта келіп, Орхон-Енисей жазуындағы «балбал» сөзі «кемпір тас» қазіргі уақыттағы «балуан», яғни күшті, мықты, алып ұғымын беретіндігін көрсетеді.

Қазақ күресін бүгінде әлемнің көптеген елдері танып білді. Қазақ күресінен өткізілетін жарыстар республикалық дәрежеден асып, Азия және Әлем біріншіліктері деңгейінде өткізіле бастады.

XX ғасырдың бас кезіне дейін балуандар салмақ дәрежесіне немесе жас ерекшеліктеріне қарай күрескен. Ол уақытта «итжығыс», «бас аттау» сияқты тәртіптер болған.

«Итжығыс» — екі балуанның күресуі кезінде болатын жағдай. Екі балуан бір-бірін жеңе алмаған жағдайда «итжығыс» болды деп күресті тоқтатқан немесе балуандардың екеуі де бір мезгілде жерге құлаған жағдайда «итжығыс» деп, балуандарды қайта күрестірген.

«Бастан аттау» қазақ халқының көне ырымдарының бірі. Негізгі мағынасы – бір адамның екінші адамның басынан аттауы арқылы «күш» алу. Бұл түсінік бойынша жеңілген

адамның «күші» жеңген адамға өтеді. Күресу кезінде жеңген балуан жығылған балуанның басынан аттаса жеңімпаз атанған.

1928 жылға дейін қазақ күресіне арналған бірыңғай ереже болған жоқ. Сондықтан күреске шыққан балуандардың жас ерекшеліктері, салмақ дәрежелері ескерілмеді. Балуандар күресі алдын ала өзара ауызша келіскен шарт бойынша өткізілді.

Әр аймақта күрестің өзіндік ережелері болған. Күрес киімі әр өңірдің дәстүріне сәйкес ойластырылып, киілетін болған. Қандай ережемен белдесетіндерін балуандардың өзара келісімдері бойынша шешіліп отырған. Сондай-ақ, күресудің әдістерін балуандар өзара ақылдаса отырып, алдын-ала айтып отырған. Халық арасында ауыздан ауызға жеткен күрес ережелерін қатаң түрде сақтауға тырысқан. Сол заманда ең мықтыны атайтын «түйе балуан, өгіз балуан» сөзі бүгінгі күнге дейін айтылып жүр.

Тұңғыш рет қазақ күресі 1938 жылы Алматыда өткізілген колхозшылардың республикалық спартакиадасының бағдарламасына енгізілді. Ұлттық күрестен сайысқа түсушілердің қарасы көп болғандықтан, оларды үш топқа бөліп тастады. Жеңіл салмақтағылар – 65 келіге дейінгі, орта салмақтағылар – 76 келіге дейінгі, аса ауыр салмақтағылар – 76 келіден жоғары салмақ дәрежелерінде белдесті.

Бұл спартакиадада Семей облысының балуандары: С.Адасқанов, К.Алтыбасаров және И.Түменов республика жеңімпаздары атанды.

Бұл спартакиада Ел мықтыларының есімін көпке танытумен бірге, ұлттық күрес өнерінің өрісін кеңейтуге жол ашты.

Кезекті екінші спартакиада 1939 жылы Семей қаласында жалғасты. Бұл жолы жанкүйер қауым боз кілем үстінде тағы бір таланттардың шоғырына куә болды. Жеңіл салмақта — Құрманбаев /Алматы облысы/, орта салмақта — Досқалиев /Батыс Қазақстан облысы/, ауыр салмақта — Мусин /Павлодар облысы/ қарсыластарын түгелдей тізе бүктіріп, жеңіс тұғырына көтерілді. Дәл осы жарыста «түйе палуан» атағы үшін сын өткізіліп, онда Батыс Қазақстан облысының өкілі Досқалиев жеңіске жетті.

Дәстүрлі қазақ күресінің өрісін кеңейтіп, балуандардың тәжірибесін халық мұратына жаратуға 1940 жылы жақсы мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерекесі құрметіне арналған біріншілікке қатысушылар енді бес салмақ дәрежесі бойынша күрес кілеміне шықты. Жеңіл салмақта – Байдәулетов, жартылай жеңіл салмақта — Құрманбаев, орта салмақта — Төлегенов, жартылай орта салмақта — Мақманов, ал ауыр салмақта — Жұмабаев бас жүлдеге ие болды. 1955 жылы салмақ дережесі сегізге дейін көбейтіліп, қазақ күресі бойынша жарыстың жалпы ережесі бекітіліп, жарыққа шықты. Бұл іске қамқорлықпен қарап, ұйтқы болған Мұзафар Рақымқұлов есімі жанкүйерлердің жадында сақталатыны даусыз.

1952 жылы Түрікменстанның астанасы — Ашхабадта Орта Азия мен Қазақстан Республикасы спортшылары арасындағы спартакиада ойындарының бағдарламасына ұлттық күрес те енгізілген еді. Бұл жерде бес елдің білікті мамандары өзара ақылдасып, ұлттық күрестің негізгі ережесі етіп қазақ күресі тәсілдерін алуға келісті. Өйткені, қазақ күресінің ережелері классикалық күрестердің табиғатына жақын әрі оның болашағы зор екендігі анық еді.

Күткендей-ақ, бұл дүрмекті, аса тартысты күрес бәсекесінде қазақстандықтар табысты болды. Жеңіл салмақта семейлік К. Бибатыров, орта және жартылай ауыр салмақтарда қарағандылықтар Күлен Бәкіжанов пен Әлімшайх Селімбаев үздік шықты.

1959 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының екінші жазғы спартакиадасын өткізу кезінде ұлттық спорттық күрес түрлері бойынша бапкерлер мен мамандардың Бүкілодақтық бас қосу семинар-жиыны болды. Негізінен онда жарыс ережесін түпкілікті екшеп, хаттау мәселесі қаралды. Мамандардың талқылау барысында қазақ күресімен бірге грузиннің «чидаоба», молдаванның «трынта» күресінің ережелері аса жоғары бағаға ие болды. Одан соң қарағандылық балуандар Ж.Тәтиев пен С.Аманжолов спартакиадаға жиналған қалың жұртшылықтың алдында қазақ күресінің әдіс-амалдарын асқан шеберлікпен көрсетіп, қошеметке бөленді. Бұған дейін 1949 және 1953 жылдары да Қазақстанның біріншілігі болып

жатқан тұста республикамыздың беделді мамандары қазақ күресінің ережесін жетілдіріп, пысықтау мәслихатын өткізді.

Қазақ күресінің басты ерекшелігі: табан тіреп ұстасқан сәтте тобықтан қағуға, шалуға рұқсат етіледі, ал ұстасқан бетте қолмен аяқтан алуға болмайды. Қазақ күресінің ауқымы, көкжиегі өте кең. Қазақ күресін жетік меңгерген адам өзге халықтардың күресін еркін меңгеріп кетеді. Кейбір әдістер күрестің классикалық түрлеріне сай келетінін айта кеткен дұрыс. Қазақ күресінің ең бір ерекше тұсы мұнда төрттағандату (партер) жоқ.

Әрине, осындай ғажап күресі бар қазақтан әлем мойындаған даңқты балуандардың (Ә. Айханов, Ж. Үшкемпіров, Д. Тұрлыханов т.б.) шығуы заңды құбылыс.

Әдебеттер тізімі

1. Болғамбаев М . Қазақтың ұлттық спорт түрлері – Алматы: Қайнар, 2017ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына үндеуі-Алматы, 2016ж
3. Қуанышов Ж. Дене тәрбиесі және спорт арқылы Қазақстан Республикасының халқын сауықтыру бағдарламасы- Алматы: «Рауан» 2019.ж
4. Пономарчук М. О.А. Аяшев ФК и становление личности. Москва: ФиС, 2020г
5. Муратхан Таникеев Мир народного спорта - Алматы: Санат, 2015ж.

ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ - ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНДЕ ШЫҢДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Әжібеков Т.Ж
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. Take73.73@mail.ru
Сапарбеков Н.С
«Дене шынықтыру»кафедрасының аға оқытушысы
TashenevUniversity, Шымкентқ. Nurmuhan-92kz@mail.ru
Нуримов Р.И.
Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ.

Аннотация:Спорттық жаттығу бұл - басқару әдістеме негізінде құрылған спортшының дайындығы. Оқыту және жаттығу процесінің тәрбиелік бағыттағы сипаты болуы тиіс. Сондықтан да оқу-жаттығу сабағына үлкен талап қойылады. Оқу-жаттығу сабағы шұғылданушыларды жан-жақты дайындауға лайықты құрылуы қажет.футболшыларды оқу-жаттығу процесінде қыздыру.

Түйінді сөздер: Футбол, педагогикалық ұстанымдар, мектеп, дене тәрбиесі

Аннотация:Тренировочное упражнение – это тренировка тренированного спортсмена по базовой методике. Обучение и тренировочный процесс должны носить медицинский характер. Большие требования предъявляются к чтению и обучению ребенка. Необходимо полностью подготовиться к тренировке. разогреть футболистов в ходе тренировочного процесса.

Ключевые слова:*Футбол, педагогические принципы, школа, физическая культура*

Annotation:A training exercise is the training of a trained athlete using a basic technique. The education and training process must be of a medical nature. Great demands are placed on a child's reading and learning. It is necessary to fully prepare for training, to warm up the players during the training process.

Keywords: *Football, pedagogical principles, school, physical culture*

Спорттық дайындықтың барлық процесін оқыту және жаттығу деп бөлуге болады. Оқыту деп - шұғылданушылардың қозғалыс пен дағдылардың арнайы білім беру жүйесінің бастапқы кезеңін меңгеруін атаймыз. Ойынның техникалық элементтерін, жекелей немесе топтық тактикалық іс-әрекеттер, қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды меңгеру - оқытудың негізігі мазмұны - техникалық әдістердің, жеке, топтық және командалық тактикалық іс-әрекет, дене күш дамуы, ерік-жігер сапаларын жетілдіру. Спорттық жаттығу бұл - басқару әдістеме негізінде құрылған спортшының дайындығы. Оқыту және жаттығу процесінің тәрбиелік бағыттағы сипаты болуы тиіс. Сондықтан да оқу-жаттығу сабағына үлкен талап қойылады. Оқу-жаттығу сабағы шұғылданушыларды жан-жақты дайындауға лайықты құрылуы қажет.

Футбол шеберлігін меңгерудің негізгі тірегі болып футболды оқыту - жаттығу процессіндегі денсаулығы болып саналады, олардың жақсы дене-күш дайындығы, жоғары ерік-жігер сапалары.

Футболшыларды оқыту-жаттығу процесінде төмендегі қойылатын талаптарды шешеді:

а) Қозғалыс дағдылары мен ерік-жігер сапаларын жетілдіру

э) Спортшылардың функционалды мүмкіншілігін кеңейту (тыныс алу, жүрек қан тамырлары және басқа да жүйелері)

б) Спорттық жұмыс қабілеттілігін сақтау және көтеру.

в) Спорттағы білімін көтеру, тәртіптілікке, сезімталдыққа, белсенділікке тәрбиелеу [1, 256 б.].

Осы талаптарды жаттығу процесінде ретімен шешу адам ағзасының мол мүмкіншілігін жоғары спорттық көрсеткішке жету үшін барынша көп пайдалануға болады. Қарсылас командалардың шеберлігінің деңгейін үнемі өсіп отыруы футболды оқыту - жаттығу процессіндегі жан-жақты дайыдығына қойылатын талаптарды жыл сайын күшейтіп отырады. Осы қойылатын талаптардың жағымды әсері педагогикалық қағидаларды ретінен іске асыру арқылы шешіледі.

Дағдылардың қалыптасуы мен жетілуі дене жаттығуларын жүйелі түрде орындауда ғана жүзеге асады. Олар көп жақты болып келеді, оларды таңдау оқу-жаттығу процесінің талаптарына сай болады. Дене жаттығулары дене тірегіне, күштің көбеюіне, жылдамдық,төзімділік және ептіліктің жақсаруына әсер етеді. Сондай-ақ жүрек қан тамырларының жұмысына, тыныс алу және басқа да ағза жүйелерінің, спорттық жұмыс қабілетінің өсуіне жүктемеден кейін қайта қалпына келтірудің жылдам жүруі жетілдіреді. Әрбір жаттығу дағдының және сапаның өсуіне әсерін тигізеді. Сондықтан да дене-күш жаттығуларын басымды әсер етуіне қарай іріктелінеді.

Футболшының оқу-жаттығуындағы барлық жаттығулар шартты түрде үш топқа бөлінеді: 1) жарыстық, 2) арнайы дайындық, 3) жалпы дайындық.

Жарыстыру жаттығулары - бұл ережеге толық сәйкес футбол ойынының біртұтас қозғалыс іс-әрекеттері.

Арнайы дайындық - жарыстыру қимыл-әрекеттің элементтерінен тұратын нұсқаулары, сондай-ақ сипаты жағынан ұқсас жаттығулар жиынтығы [2, 25 б.].

Арнайы дайындық жаттығуларының құрамы футбол дайындығы жаттығуларымен анықталады. Олар футболшыларға қажет дағдылар мен сапаларды дамытуға ықпал жасайтындығын есептей отырып іріктеледі.

Өз кезегінде арнайы дайындық жаттығулары жуықтатылған және дамытушы болып екіге бөлінеді. Жуықтатылған жаттығулар негізінен қозғалыс техникасының формаларын игеруге септігін тигізеді. Дамыту жаттығуларының басты міндеті дене-күш сапаларын дамытуға арналған.

Жалпы жетілдіру жаттығулары футболды оқыту - жаттығу процессіндегі жалпы дайындығына бағытталған.

Жалпы дайындық жаттығулары көмегімен футболды оқыту - жаттығу процессіндегі қозғалыс дағдыларын, негізгі дене-күш дайындығының дамуына тиімді түрде әсер етуге болады.

Футболды оқыту - жаттығу процессіндегі оқу-жаттығуындағы қолданылатын жаттығулары негізгі және қосалқы болып екіге бөлінеді.

Негізгі жаттығуларға жататындар:

а) Қозғалыс сапаларының жалпы және арнайы дамуына арналған жаттығулар.

б) Допты игерудегі техниканы оқыту және жетілдіру жаттығулары.

в) Тактикалық әдістерді, комбинацияларды және ойын жүйесін үйрету және жетілдіру жаттығулары.

Қосалқы жаттығуларға жататындар:

а) Шартты рефлекстің жаңа жүйесінің құрылуына, ағзаның негізгі қозғалыс дағдысын іске асыруға арналған жаттығулар.

б) қозғалыс дағдысының бөлшектеріне жақын немесе сәйкес арнайы жаттығулар.

в) Ағзаның функционалды мүмкіншілігінің кеңеюіне және қозғалыс дағдысының қалыптасуына септігін тигізетін спорттың басқа түрлерінен алынған жаттығулар.

Қолданылатын жаттығулардың жалпы көлемін көбейткеннен бір ғана жаттығуды қолдану арқылы бірнеше міндетті шешу маңызды.

Шұғылдану шылардың ағзасына жаттығулардың және басқа да құралдардың тиімді әсер етуіне табиғи күш пен гигиеналық факторлардың тигізер септігі зор. Әрине бұл жерде берілнтін жүктеме мен демалыстың алмасуы, өз уақытында тамақтануы, ұйқы режимі, тұрмыс және еңбек гигиенасы маңызды роль атқарады.

Жоғарғы спорттық жетістікке жетуді міндет қойған футболшы үшін, өз мүмкіншілігін барынша сарқып қолдану заң болып табылады. Бұл футболшы спорттық жүктемені орындау кезінде, шығармашылық ұмтылысын көрсете отырып, прогрессивті формалары мен әдіс құралдарды мейлінше көп пайдаланылады.

Футболда үлкен жетістік, басқа да спорт түрлеріндегідей, жалпы және арнайы дайындық бірлігін сақтаған жағдайда да мүмкіншілік туғызады.

Жалпы дайындық жаттығуы кезінде спорттық мамандықты басты мақсат етіп қоймайды, ал жоғарғы көрсеткішке жету алдағы уақыттың межесін сипаттауға болады.

Арнайы дайындық процеесінде таңдаған спорт түрінің жетілуі үшін уақыт пен күштің бөлінуі сипатталады.

Футболшы жаттығуында жаттықтырушы жалпы және арнайы дайындық бірлігін сақтай отырып, жалпының ішінде арнайы, арнайының ішінде жалпы деп ұғынып жан-жақты дайындықтың қағидасын қатаң сақтауы тиіс.

Жалпы және арнай дайындықтың ара қатынасын іздестіру, жаттықтырушы, дәрігердің, ғылыми қызметкердің және спортшының шығармашылық іс-әрекетінң үздіксіз талабы.

Футболшының жаттығуы - бұл үздіксіз жарыс пен оқудың және демалыстың алмасып отыруының жыл бойғы процесі. Футболшылар арасында сабақ пен жарыс көбінесе қалпына келмеген жағдайларды өтеді.

Арнайы зерттеулер мен іс-тәжірибе көрсеткендей сабақ пен жарыс ағзаны өз қалпына келмеген жағдайда өте беруге жіберіледі және көп жағдайда жарыстың осындай режиміне бейімдеу ақырында футболшы ағзасының жұмыс қабілетінің көбеюін байқатады. Спортшы жарысқа қысқартылған демалыс күндері (2-3 күн) арқылы қатысуы мүмкін, бұл оның жыл бойы өтетін жарысқа қатысуына дайындығын өсіреді.

Жалпыға белгілі адм ағзасы - динамикалық жүйе, ол тез арада стандартты жағдайға тез бейімделіп, жүктеменің біртіндеп өсуіне немесе кемуіне көндігеді. Осындай стандартты жұмыс жағдайында дәрежесі үлкен жүктеменің футболшы ағзасына орташа, орташа-аз болып көрінеді. Жоғары дәрежелі футболшының таңертеңгілік стандартты жаттығуын жасау, ойын алдындағы дене қыздыру жаттығуларының ролі футболшының ағзасын жарыс алдындағы ұрыс дайындығына келтіре алмайтын болды. Жүктемені біртіндеп көбейту мен жүктемені барынша сарқып қолданудың ара-қатынасын қайта өзгертуді талап ете бастады. Одан кейін орта және аз мөлшерде жүктемені қолдану арқылы ағзаның қалпына келуіне және жоғары қалпына келуіне жағдай жасауға болады. Бұлардың барлығы біртіндеп

жүктемені үлғайту және динамикалық толқын тәрізді сипаттағы жаттығулар өзара байланыста болады.

Футболды оқыту - жаттығу процес кезінде жаттығу жүктемелердің біртіндеп және барынша көп ұлғаюына қойылатын талаптарды шешу үшін жүктемені жаттығу кезінде және ойын арасында толқын тәрізді өсуін нақты бөлу қажет.

Төмендегі жағдайларды қарастыру керек:

Спорттық жүктемені көтерген кезде ағзаның бұдан да жоғары жүктемені қабылдау дайындығы;

Жарыста ағзаның барлық ресурстарын жұмылдыру үшін жаттығудың дағдылы емес құралдарын пайдалану;

Қайта қалпына келтіруді процесін жылдамдату үшін қалпына келтіру жаттығуларын және құралдарын кеңінен қолдану;

Жаттығу жүктемесінің біртіндеп және барынша көбейту талаптары жұмыс бірлігі мен қайта қалпына келтірудің органикалық өзара байланысына сүйенеді.

Іс тәжірибе жүзінде бұл талапты пайдалану жаттықтырушыдан жақсы ілімдік және тәрбиелік дайындықты, жаттығу өткізуге жақсы жағдай туғызу және футболды оқыту - жаттығу процессіндегі жалпы және спорттық режимді қатаң сақтауды көздейді.

Спорттық жүктеменің және демалыстың, шалдығу мен қайта қалпына келтіру процесінің өзара әсерін есепке ала отырып, спорттық жүктеменің көлемі мен қарқынын дұрыс бөлу үшін футболшылар жаттығуына толқын тәрізді жүктемені қолдану тиімді.

Футболды оқыту - жаттығу процессіндегі жаттығу процесінің негізгі заңдылығына оның циклдік сипаты жатады. Апталық, бір айлық және жылдық циклдерде жарыс кестесінің тығыздығына байланысты кезеңдік жүктемені азайту, жаттығудың кезеңдері мен сатыларына байланысты көлемді және қарқынды жаттығулардың өзара әсері, жаттығуды жоспарлауды қажет етеді.

Жаттығудың дайындық кезеңінде жаттығулар жарыс кезеңіне қарағанда үлкен көлемде орындалады. Дәл осындай кезде жаттығудың қарқыны жарыстық кезеңде дайындық кезеңіне қарағанда айтарлықтай жоғары болады.

Апталық және ойын аралық кездегі екпінді сипаттағы циклдер, көлемі аз және қарқыны аз жаттығу циклдерімен алмасып отырады. Дәл осындай болып ай аралық және жылдық циклдерде белгілі бір жүйемен алмасып отырады.

Спорттың дамуы, спорттық жаттығуларды өткізу кезінде жаңа қағидалардың пайда болуына әсер етті. Олардың негізділері: мамандану, жан-жақтылық, біртіндеп, қайталануы, жекешелік.

Мамандану қағидасы. Футбол шеберлігін игеруде бастапқы ролді атқарады. Мамандану жаттығуы футболда жаттығудың көп пайзын қарастырады (80%) олай дегеніміз ойын дайындығы бұл жерде - жеңуші фактор және оны ешқандай басқа жаттығулармен қуыстыруға болмайды. Қосымша жаттығулар қолданылған кезде футбол ойыны талабына сай, негізгі қозғалыс дағдысына өзара әсер ететін жаттығу құралдарына көңіл бөлінеді. Мамандандыру жаттығуына жол жан-жақтылық қағидасын іске асыру арқылы өтетінін естен шығармау тиіс. Бұған арнайы дайындық бағытындағы арнайы жаттығуларды іріктеумен, сондай-ақ жалпы және арнайы дайындықтың ар-қатынасы арқылы қол жеткізуге болады.

Мамандандыру қағидасының балалармен сабақ өткізу кезінде маңызы зор. Футболға балаларды ерте жастан (7-8 жас) тартуға болады. Футболмен айналысу балалардың дене дамуына және олардың денсаулығына жақсы әсер етеді. [3, 146 б.].

Футболды оқыту - жаттығу процессіндегі спорттық жүктемені біртіндеп көтеру және азайту, оқу аралық және оқу-жаттығу циклінде, футболды оқыту - жаттығу процессіндегі көпжылдық жаттығу циклі арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе біртіндеу қағидасы іске асыру кезінде спорттық жүктемені орнықтыруға көп көңіл бөлу қажет. Жаттығу жүктемесін біртіндеп көтеруді бір қалыпты процесс деп қарастыруға болмайды. Футболды оқыту - жаттығу процессіндегі спорттық жаттығуларында жүктеменің өсуі көбінесе толқын тәрізді және сатылы болып келеді.

Әдебиеттер

1. Гренадерова, М. А.

Мектептегі футболдың теориялық және әдістемелік негіздері : оқу құралы - Шымкент : Б. и., 2013. - 84 б.

2. Сейсенбеков Е.К. Кіші футболдағы жылдамдық -күш қасиеттерін жетілдіру: оқу-әдістемелік құралы Астана: Б.и.,2013.-100б Әлем баспасы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ- САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әжібеков Т.Ж
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. Take73.73@mail.ru
Сапарбеков Н.С
«Дене шынықтыру»кафедрасының аға оқытушысы
TashenevUniversity, Шымкентқ. Nurmuhan-92kz@mail.ru
Турскельдина М.Т.
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ.

Аннотация:*Қозғалыстағы энергия өлшемдерін ескере отырып, болашақ мамандардың кәсіби дайындығын арттырудың педагогикалық шарттары.*

Маманның кәсіби дайындығын арттыруда спорттық іс-әрекетке байланысты энергияны өлшеу ұғымы жиі қолданылады. Мұнда ол ұтқырлық тұрғысынан қарастырылады.

***Түйінді сөздер**: Дене шынықтыру, спорт, жаттығу*

Аннотация:Педагогические условия совершенствования профессиональной подготовки будущих специалистов с учетом энергетических измерений в движении.

При совершенствовании профессиональной подготовки специалиста понятие измерения энергии часто используется в связи со спортивной деятельностью. Здесь это рассматривается с точки зрения мобильности.

***Ключевые слова:** Физкультура, спорт, физические упражнения*

Annotation: Pedagogical conditions for improving the professional training of future specialists, taking into account energy measurements in motion.

When improving the professional training of a specialist, the concept of energy measurement is often used in connection with sports activities. Here it is looked at from a mobility perspective.

***Keywords:** Physical education, sports, exercise*

.

Салауатты өмір салты проблемасына оның күрделілігін көрсететін және адамның оңтайлы өмір сүрмеуі денсаулық жағдайының нашарлауына және әр түрлі аурулардың туындауына әкеліп соғатынын көрсететін көптеген ғылыми жұмыстар арналған. Жүргізіліп отырған зерттеулерден гиподинамия ерекше рөл атқаратын жүрек-қан тамыр ауруларының қатері, тамақтану режимінің бұзылуы, темекі шегу, алкоголь, стрестер, эндогенді және экзогенді факторлар бір-бірімен өзара байланысқан және артериялы гипертония, май басу, гиперхолестеринемия және басқа да ағзадағы патологиялық өзгерістер сияқты аурулардың дамуына ықпал ететінін көреміз Әр түрлі аурулардың маңызды себептерінің бірі қандағы холестерин мөлшерінің жоғары дәрежеде болуы және жүрек пен бас миының қан тамырларын зақымдауға ықпал ететін май (липидтік) алмасудың өзгеруі болып табылады.

Сондықтан ағзаның барлық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін оңтайлы шарттар жасау адам денсаулығын нығайтуда орталық проблема болып табылады. Бұл ретте адамның оңтайлы қозғалу белсенділігіне жетекші рөл беріледі, себебі оның жетіспеуі қанның иммундық қасиеттерінің төмендеуіне, жүректің жұмыс істеу жай-күйінің бұзылуына, циркуляцияланатын қан көлемінің азаюына, бас миының клеткаларының афферентті стимуляциясының төмендеуін, ойлау және дене бітімінің жұмыс істеу қабілетінің төмендеуіне, ағзаның жүйелерінің және оларды регуляциялау тетіктерінің жаттықпауының дамуына әкеледі. Ағзаның барлық жүйелеріне қатты күш түсіруге, олардың функционалдық жағдайының төмендеуіне, инфекцияларға қарсы тұруының төмендеуіне және басқаларға әкеп соғатын көп күш түсу де зиянды.

Әдебиеттік шолу көрсеткендей,бүгінгі таңда сауықтыру дене шынықтыру жаттығуларының проблемасы сияқты әрбір адам үшін қызығушылық білдіретін және осындай қарама-қайшы пікірлер тудыратын басқа ғылыми проблеманың табылуы екіталай. Дене шынықтыру жаттығуларының пайдасы туралы мәселенің өзінің біркелкі жауабы жоқ. Бір жағынан олардың пайдасы – медициналық та, экономикалық та көзқарас жағынан сөзсіз.

Бірақ,екінші жағынан,егер олар қолайсыз экологиялық және гигиеналық немесе дұрыс ұйымдастырылмаған педагогикалық және медициналық бақылау жағдайында өткізілсе,дене шынықтыру жаттығуларының теріс зардаптары туралы көптеген деректер жарияланды. Олардың қатарында созылмалы аурулардың ушығуы, жүрекке қатты күш түсу, тірек-қимыл аппаратының жарақаттануы және психологиялық артық жүктемелер.

Сауықтыру дене шынықтыруындағы жүктемелер абсолюттік шамада үлкен спортқа қарағанда әрине төмен екендігіне қарамастан, олардың салыстырмалы шамасы шұғылданатындардың дене шынықтыруға дайындығы аз болған кезде елеулі болып көрінеді. Және денсаулық жағдайындағы ықтимал бұзылулардың тізбесі мәнісінде жоғары білікті спортшылар дайындау кезіндегіндей. Осы бұзушылықтарды болдырмау және олардың орнын толтыру сауықтыру дене шынықтыруында едәуір анық емес, не бұл проблемамен шынайы деңгейде салыстырмалы түрде жақын арада ғана айналысты. Алайда бірқатар жағдайларда бұл жолдар белгіленген, олар осы шолуда көрсетілетін болады.

Көптеген зерттеулерде денсаулықты нығайтудағы адамның қозғалу белсенділігінің жетекші рөлі көрсетілген. Гипокинезия нәтижесінде мыналар азаяды: бұлшық ет тонусы, ақуыздардың құрамы, оттегіні пайдалану, негізгі алмасу, циркуляцияланатын қан мөлшері, гликоген мен калцийдің деңгейі және адам ағзасындағы басқа да өзгерістер. Қозғаулы белсенділігінің төмен болуы жүрек пен бас миының қан тамырларын зақымдайтын қандағы холестериннің деңгейінің артуына және липидтік айналымның өзгеруіне әкеп соғады, ал оңтайлы күш түсу, керісінше, холестериннің құрамын азайтады, липидтік айналымды қалыпқа келтіреді және тек қана жүрек-қан тамырларының, эндокринді, жүйке-психикалық аурулардың ғана емес, онкологиялық аурулардың да алдын алу мен емдеу құралы болып табылады. Алайда, бұрын атап көрсетілгендей дене бітімінің жай-күйі деңгейінің және денсаулықтың артуының тиімділігі, ең алдымен, қолданылатын күш түулер мен олар арасындағы демалыс интервалдарының көлемі мен қарқындылығына байланысты.

Шетелдік зерттеулерде дене шынықтыру жаттығуларын пульстің жиілеуінің ең жоғары рұқсат етілген жасынан 50% немесе 65% қарқындылықпен орындау ұсынылады, ал отандық жұмыстарда авторлар сауықтыру жаттығулары үшін қарқынды жүктеме шамасын ЕКК-тің 80 %-на дейін ұсынады. Басқа зерттеулер жүрек жырылуының жиілігінің ең жоғары жас шегінің 90%-ына дейінгі жүктемені ұсынады. Жүктемелердің қарқындылығын айқындау үшін арнайы әзірленген формулалар мен кестелер пайдаланылатын зерттеулер белгілі бір қызығушылық туғызады.

Ал зерттеулерде берілген сауықтыру жүктемесінің қарқындылығын айқындау рәсімі мынадан тұрады: ең алдымен формула бойынша жүрек жиырылуының ең жоғары ықтимал жиілігін айқындау қажет.

Сауықтыру бағытындағы күш түсудің көлемін немесе ұзақтығын айқындау проблемасына дене бітімінің жай-күйі мен денсаулық деңгейін арттырудың негізгі факторы

жүктеменің ЕКК-тің 40-тан 90 %-ға дейінгі, ал жаттығуларды орындау ұзақтығының 3-тен 120 минутқа дейінгі шегіндегі қарқындылығы болып табылатындығын көрсететін зерттеулер арналған.

Жоғарыда айтылғанды қортына келе, жүктемелерді сауықтыру мақсатында дозалау проблемасы өзінің ғылыми негізделген шешімін тапқан жоқ дегенге келуге болады және сондықтан бұдан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы мәселе қойылады.

Дене бітімінің жай-күйін және денсаулықты арттыру міндеттерін шешу кезінде денсаулық «санының» ақпаратты көрсеткіші энергия тұтыну, оны аккумуляциялау және физиологиялық функцияларды қамтамасыз ету үшін жұмылдыру болып табылады. Тиісінше әсер ететін энергия әлеуетінің қуаты мен сыйымдылығы көп болған сайын мүгедектің денсаулық деңгейі жоғарырақ. Сондықтан сауықтыру бағытындағы күш түсулерді нормалау энергетикалық көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

Проблеманың айрықша маңыздылығы мен оның жеткілікті зерттелмеуінің арасында қарама-қайшылық заңды түрде дене шынықтыру жаттығуларының сауықтыру әсері соңғы он жылдықта дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесіндегі зерттеу қызметінің неғұрлым маңызды бағыттарының бірі болды.

Осы проблема бойынша әдебиетті талдау оның теоретикалық және практикалық мәні туралы, бірақ сонымен бірге бірқатар шешілмеген мәселелер туралы куәландырады. Осылайша, педагогикалық бақылау және сауықтыру жаттығуларын бағдарламалау әдістері одан әрі пысықтауға мұқтаж. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын халықпен ұйымдастыру-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудың кейбір мәселелері анық емес.

Бұл жұмыста темперамент психикалық орнықтылықпен, қоздырғыш және тежегіш процестердің теңгерімімен, сондай-ақ жүйке процестерінің қолғалғыштығымен сипатталады. Денсаулықтың психикалық құрауышы ситуациялық психикалық орнықтылықпен, ағымдағы жетістіктерді талдаумен, өзінің іс-қимылын болжамдаумен және іс-әрекетті психикалық іске асырумен бағаланады.

Нейродинамикалық жағдай сыртқы процестердің қоздырғыштылығымен, қозғалғыштығымен және табандылығымен айқындалады. Энергетикалық құрамдас бөлік өкпе желдеткішінің және жалпы қан айналымымен, сондай-ақ аэробты және анаэробты төзімділіктің тиімділігімен берілген. Және соңғы қозғалыс құрамдас бөлігі аэробты және анаэробты жұмыс істеу қабілетімен, аяқ пен саусақтың күштік жұмыс істеу қабілетімен бағаланады.

Денсаулықтың ұсынылған сипаттамасы сандық бағалауды қиындық туғызады және практикалық жұмыста пайдалоаныла алмайды, осылайша, мысалы, өз іс-әрекетін болжамдау және іс-әректетерді психикалық іске асыру сияқты көрсеткіштердің дұрыстығына белгілі бір күмән туғызады.

Ағзаның функционалдық жай-күйінің көрсеткіштерінің салыстырмалы ақпараттандырылуының ұқсас зерттеулері мыналар сияқты параметрлер берілген және айқындалған:

1- гемодинамикалық,

2- гемотологиялық,

3- гемореологиялық көрсеткіштер

4- қан айналымының реологиялық тиімділігінің параметрлері.

Ал гематологиялық бейінді айқындау кезінде функционалдық жай-күйді бағалауды толықтығы үшін эритроциттердегі гемоглобиннің орташа шоғырлануын ақпараттық параметр ретінде есептеу ұсынылады.

Өкінішке орай, дене бітімінің жан-күйін бұлай бағалау әдістемесі статистикалық тұрғыдай жеткілікті негізделмеген және авторлардың өздерінің деректеріне сәйкес тек қана ер адамдар үшін ғана қолданылған.

Денсаулықты оны ұстап тұруға әр түрлі «функционалдық жүйелер» қызметі бағытталған ағзаның функционалдық бейімделу мүмкіндіктерінің белгілі бір деңгейі сияқты қарауға болады.

Сондықтан шекті емес сипаттағы тесттерді қолдануға ұмтылады, олар тестіден өтетін адамның денсаулығына қауіп төндірмейді, бірақ, сонымен бірге оның шекті мүмкіндіктерін және ең алдымен – энергетикалық жүйелер мүмкіндіктерін жанама бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тесттердің ішінде, ең алдымен, анаэробты дімкәні бойынша, яғни бұлшық еттер мен қанда сүт қышқылы жиналатын қарқынды жүктемені айқындау әдістері назар аударуға қонымды. Анаэробты дімкәнің шамасы ұзақ қашықтыққа, сондай-ақ велосипед, шаңғы және спорттың басқа да циклді түрлерінің қашықтығына жоғары төзімділікті талап ететін жүгіру нәтижелерімен тығыз байланысты. Анаэробты дімкәс анықтамасының неғұрлым ақпаратты және сенімді әдістері инвазивті және қандағы лактаттың шоғарлануын тікелей анықтауға негізделген болса да, соңғы жылдары қан алмай – жүректің жиырылу жиілігі бойынша әдістер әзірленгендігін және қолданылып көргендігін атап өту маңызды.

Бірақ та, егер дене бітімінің жұмыс істеу қабілетінің шекті тесттерін қолдану қатеріне барса, онда олардың ақпараттандырылуы туралы мәселе бірінші кезекте тұрады. Бұл жерде энергетикалық жүйелердің қуаты мен сыйымдылығын айқындаудың тікелей әдістері бәсекелестіктен тысқары. Бұл ретте аэробты жұмыс істеу қабілеттілік оттегіні ең көп тұтыну деңгейі бойынша бағаланады. Анаэробты жүйелердің шекті мүмкіндіктері қан мен бұлшық етте жинақталатын лактаттардың ең көп шоғырлануы және оттегі борышының «жылдам фракциясы» шамасы бойынша бағаланады.

Енді сауықтыру бағытындағы дене шынықтыру жаттығуларының бағдарламалар кешеніне тоқталайық.

Халықтың денсаулығын шешу және нығайту үшін қазіргі заманғы зерттеулер үлкен мәнге ие, оларда әр түрлі дене шынықтыру жаттығуларының эндокринді және иммунды жүйеге әсер етуінің тиімділігі көрсетілген, оның нәтижесінде қан мен тіндегі тестостеронның шоғырлануы артады және жұлынның, айырша безінің және лимфатикалық түйіндердің қызметі ынталандырылады. Сондықтан жүрек-қан тамыры жүйесі мен рак ауруларының алдын алу негізінде эндокринді және иммунды жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін арттыратын күш түсулер болуға тиіс.

Болашақ мамандардың кәсіби дайындығын қозғалыстағы энергетикалық өлшемдерді ескере отырып жетілдірудің педагогикалық шарттары.

Маманның кәсіби дайындығын жетілдіруде спорттық іс-әрекет болғандықтан энергетикалық өлшем деген ұғым жиі кездеседі. Мұнда ол қозғалыс мүмкіндігі тұрғысында қарастырылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы: Білім, 1998. – 232 б.

2.Кабдыкаиров К. Дидактические основы совершенствования математического образования в высшей школе: – Алматы: АГУ, 1994. - 68 с.

3.Мажитова Л.Х. Педагогическое основы формирования профессиональных интересов учащейся молодежи: – Алматы: АГУ, 1995.

4.Сыздықов О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері.– Алматы: АлМУ, 2002– 411 б.

5.Молдабекова М.С. Фундаментализация университетского образования в подготовке будущего учителя.– Алматы: АГУ, 2000. – 288 с.

СПОРТТАҒЫ ДАМУШЫ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Іңкәрбеков Д.Б.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ. daniar_texas@mail.ru
Усаев У.Ж..
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, оқытушы

Аннотация:Дене тәрбиесі – тұлғаны жан – жақты үйлесімді қалыптастырып дамыту процесінің негізгі бір саласы. Себебі, дене тәрбиесі тұлға денесінің қалыпты жетілуінің, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке, отанды қорғауға дайындауда аса маңызды қызмет атқарады. «Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы, қимыл — әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік – жігері жетілдіретін негізгі тәрбие бағыттарының бірі.

***Түйінді сөздер**: тәрбие, спорт, тұлға, бала, дене жаттығулары*

Аннотация:Физическая культура-одна из основных сфер процесса всестороннего гармоничного формирования и развития личности. Это связано с тем, что физическая культура выполняет важнейшую функцию в обеспечении нормального созревания, укрепления здоровья личности, подготовке их к труду, защите Родины. "Физическое воспитание-одно из основных направлений воспитания, в котором совершенствуются нравственные качества и воля человека, укрепляющие его здоровье, формирующие оптимальные, двигательные действия.

***Ключевые слова:** Воспитание, спорт, личность, ребенок, физические упражнении*

ABSTRACT:Physical education is one of the main areas of the process of comprehensive harmonious formation and development of personality. This is due to the fact that physical culture performs an important function in ensuring normal maturation, strengthening personal health, preparing them for work, and protecting the Motherland. "Physical education is one of the main directions of education, in which the moral qualities and will of a person are improved, strengthening his health, forming optimal motor actions.

***Keywords:** Upbringing, sport, personality, child, exercise*

Тәрбиелеу процесі түрлі құралдармен атқарылады, олар адамгершілік ағарту адамгершілік тәрбие жинақтауды ұйымдастыру және адамгершілік ынталандыру болып табылады.

Жас спортшы үшін мұғалімнің, жаттықтырушының беделі бірінші орында тұрады. Бастауыш сынып оқушысы үшін жаттықтырушының сөзі әке – шешесі де тіпті әжесі де өзгерте алмайтын заң. Бұл кезеңде оқушыларда үлкен қоғамдық белсенділік пайда болады, олар өзі немесе отбасы үшін емес, ұжым үшін көп нәрсе жасай алады. Қатарларымен қарым – қатынаста кең пейілділік, талқылау барысында тік мінезділік, көмекке әзірлік байқалады, көңіл – күйі әдетте қуанышты болады, оқыту психиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады

Жекелеген психикалық процестерді дамыту жас спортшыны оқытудың бүкіл бастапқы сатысы бойында жүргізіледі. Педагогикалық ықпал үшін оқыту және тәрбиенің бірінші жылында жеткіліксіз үйлесім біршама албырттық және бағыттың айқын болмауы тән.

Жаңадан бастаушы спортшылар өздері үшін маңызы бар, олардың көңіл – күй мазасызданулары на байланысты нысандарды және көзге тез шалынатын түсінікті және ыңғайлы белгілерді тез қабылдайды. Осыған байланысты ұғымдарды нақты анықтап, талаптарды қолайлы қалыптастырып, қойылған міндетті жаттықтырушы үшін де маңызды болатындай ету қажет.

Бұл жаста механикалық есте ұстау қабілеті дамиды деп есептеледі. Балалар әңгімелегенге қарағанда көрсетілген жаттығуларды тез есте ұстайды. Көптеген жаттықтырушылар бұл сатыда көрнекі құралдар мен бейнелеп көрсетуге ден қояды. Алайда жаттығуды үйренуге тапсырма берместен бұрын оны көрсетумен қатар оның қандай принципке құрылғанын аталған бірізділік неліктен таңдалып алынғанын, т.б. есте ұстау қажет. Бұл жастағылардың адамгершілік ережелері мен дене жаттығуларын мағынасыз есте ұстауы тиімді емес. Материалды ойға түйгенде ол жақсы сақталып, тез жаңғырады [1].

Балалардың зейіні таңдау сипатында болады және олар үшін өте маңыздысына қарай бағытталады. Олардың зейінін бір нысанда ұстап тұру өте қиын. Тәжірибелі жаттықтырушы тәрбиеленушілерінің зейіні қашан төмендейтінін біледі, сол кезде ол оқушылардың зейінін басқа нысанға аударады. Осы мақсатта оң көңіл – күй тудыру және оны күшейтуге бағытталған жаттығулардың кең шеңбері пайдаланылады.

Бұл жастағы балалардың зейін көлемі үлкен емес. Бұл табиғи нәрсе, жас спортшы екі мектептің яғни білім беру мен спорттық бағдарламалар бойынша оқиды. Көптеген жаңа және қиын ақпараттарды қабылдап соған зейін аударуға тура келеді. Оқушы біртіндеп зейінін қажетті және сырты тартымды заттарға аударып, соны тұрақты сақтауға үйренеді. Зейінді тудырып, оны қалыптастыру және оны бағыттай білу – алғашқы оқу жылы мен жас спортшы тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Оқытудың алғашқы сатысында ойлауды дамыту процесі нақты бақыланады. Ойлау негізінен нақты болып қалғанмен танымдық нысандар саны мен олардың арасындағы қарым – қатынас біршама ұлғаяды. Сондай – ақ салыстыру процесі дамытылады. Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы талқылау негізінде негізінен көрнекілік бейнелеу мен сипаттау жатыр.

Мұнда ойлауды дамытудың екі сатысы байқалады. Біріншісі – алғашқы оқыту сатысында барлық материалдарды талдау көрнекілік - әрекетті жоспарда жүргізілген жағдайда, яғни жас спортшылар бұл жағдайда ақиқат заттарға немесе олардың тікелей баламасына сүйенеді. Екінші сатысы – абстрактілеу мен жалпылау қабілеттерін игеруде байқалады, дене жаттығуларымен екі – үш жыл жүйелі айналысқан соң басталады. Бұл процесс, әрине, жеке ерекшеліктерге ие, яғни біреуінде мидың аталған қызметі тез дамыса, келесісінде – баяу дамиды.

Жалпы білім беретін және спорттық мектептерде жас спортшының елестету тәрізді маңызды психикалық қабілетін дамытуға көмектеседі. Жас спортшыны алдын ала даярлау сатысында елестету өз дамуының екі кезеңінен өтеді. Спорттық қозғалыстың алғашқы үлгілері ақиқат нысанды жақын сипаттайды, оларда бөлшектері аз, тұрақтылық көп, өзгерісі аз, өзара байланыс әрекет пен өзгерісті көрсетпейді. Бұл нысандардың жуық шамадағы жағдайын олардың сипаттарын толық көрсетпейтін, бірақ сол заңдылықтар бойынша жұмыс атқара бейнелеп, анықтай білуді қалыптастыру бағытында дамитын бейнелеуге (өнімді елестету) тән. Туындаған елестетулер ақиқат бейнелерді жасайды [2].

Бұл жаста спорттық дайындық сатылары мен Олимпиада ойындарында өнер көрсетуге дейін маңызы зор шығармашылық елестетуді дамыту үшін алғышарттар болады. Шығармашылық қабілеттің жоғары деңгейде дамуы спорттық жетілдіруде тәрбиеленуші үшін де, тәрбиеші – жаттықтырушы үшін де құнды қызмет көрсетеді.

Шығармашылық елестету жас спортшылардың жеке, ойлап тапқандарымен байланысты тапсырмаларды орындауда қалыптасады (барлық жаттығулар, ойындар, айла – шарғылар, т.б.). Бұндай шығармашылық ойындарда дамушы тұлғаның сезімі, яғни оның ақиқат нәрселерге деген көңіл күй көзқарасы айқын көрінеді.

Оқу – жаттықтыру сабақтары да басқа психикалық процестер тәрізді балалар көңіл күйінің жалпы ойпатын өзгертеді. Жас спортшы біртіндеп мектептегі, спорт секцияларындағы үйлеріндегі бірқатар мінез – құлық ережелерін меңгереді. Осы ережелерді орындау барысында бала өз ісіне қанағаттану сезімін басынан өткереді, ал оны жаттықтырушысы мақтаса, қуанғанын білдіреді. Ережені бұзу кейде жаттықтырушы

тарапынан көңілінен шықпауы мүмкін деп қорқақтауды туындатады. Жас спортшыларда жауапкершілікті дамыту осылай қалыптасады.

Эстетикалық, этикалық және адамгершілік сезімдерді қалыптастырудың маңызы зор. Төменгі сынып оқушыларында көңіл күй тұрақсыз тез өзгеріп отырады. Жақын адамыңның немесе ересек адамның қате әрекетіне деген түсінбеушілігі, ұнатуы немесе немқұрайлы қарауы, яғни көңіл күй реакцияларының көрінуі үшін мазасызлануға жол ашады.

Бұл жаста болашақ азаматтың адамгершілік сапаларының мықтылығы мен сенімділігінің іргетасы қаланады. Балалардың ерік – жігері әлсіз және тұрақсыз, сондықтан барлық педагогикалық құралдарды соны жетілдіруге бағыттап, оларды зейін салып, мұқият болуға қабылдаған шешімін дер кезінде орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету қажет.

Мұнда жаттықтырушының орны оның дайындығы мен осы жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтарын білуінің маңызы зор.

Дене жаттығулары сабақтарында жас спортшының, ерік-жігері бекиді, яғни жаңа білімді іскерлік пен дағдыны меңгеру үшін ерік – жігер күші талап етіледі, ол спорт дайындығының алғашқы сатыларында түрі мен мазмұны жағынан әр түрлі, жасына сәйкес спорттық жаттықтыру құралдарымен және әдістерімен қалыптастырылады.

Жасөспірімдік кезең – бұл өзіндік қалыптасу кезеңі. Жасөспірім өзінің бойында кейбір қарапайым міндеттерді дербес шешу үшін күш барын байқап, оның бойында өзін ересектер санатына қосу қажеттігі туралы талап туындайды. Алайда ересек және дербес талқылау орта есеппен 12-13 жастан басталатын үлкен жасөспірімдік жасқа ғана тән екенін ескеру қажет.

Жасөспірімнің, әсіресе, жыныстық жетілудің алғашқы кезеңіндегі жасы (оны екінші жыныстық белгілерінің даму деңгейі бойынша дәл анықтауға болады) педагогикалық ықпалдар үшін өте қиын болады. Жасөспірімнің басынан өткеретін барлық толқыныстары мен қиындықтарына отбасының, мектеп пен жаттықтырушы тарапынан өте сезімталдық пен байсалды көзқарас қажет етеді [3].

Жасөспірімдердегі танымдық қызығушылықтары сан түрлі болып келеді. Мысалы, заманауй әуеннен классикалық әуендерге дейін спортпен шұғылданудан өлең жазуға дейін, т.б. Бұл әрине, жоғары дәрежелі спортшыны қалыптастыру үшін де, жеке тұлғаны жан – жақты дамыту үшін де қолайлы жағдайлар тудырады. Жасөспірім қоршаған өмірді түсіну үшін көп біліп, өз білімін дербес толықтыру қажет екенін біледі. Оқыту барысында ол ойға тоқудың пайдасы көп екенін түсінеді, бірақ оқу әрекетінде әлі де механикалық есте сақтау жиі қолданылады.

Бұл жаста есті ұсақ – түйек дәйектермен артық жүктемелеудің қажеті жоқ, себебі олар жасөспірімнің зейіні үшін негізгі ақпараттарды сіңіруге кедергі келтіреді, ал ес жыныстық жетілудің алғашқы кезеңінде біршама төмендейді. Жасөспірім бір әрекет түрінен екінші түрге тез өтеді, бұл көптүрлілік оған өте ұнайды, бірақ алғашқы даярлық сатысындағы жас спортшылардағыдай жиі болғанын қаламайды. Бұдан кейін жасөспірім жұмыстың бір түріне терең ден қойып айналысып қалғанының барлығын ұмыт қалдырады. Спортшы жасөспірімнің зейіні оқу-жаттықтыру сабақтары уақытында дене жаттығуларын оқытқанда бір шама жақсарады.

Оқыту барысында ойлау белсенді дамиды. Жасөспірім ғылыми ұғымдарды меңгеріп, оларды қорытып, көптеген жалпы талқылауларды айтады. Оның ойы абстрактылы сипатта болады. Бұл кезде спорт жөнінен теориялық білімнің күрделі курсына оның шамасы жетеді, ол жалпы білім беретін мектептерде меңгеріп, спорттық жаттықтыру барысында алған білімін қорыта алады.

Жоғары дәрежеде елестету жас спортшыға ойша олимпиада чемпионына, ұшқышқа, т.б. айналуына мүмкіндік береді. Бұндай арманшылдық мәні жағынан болашақ жұмысына дайындық болады, ал жаттықтырушының спорт қаһармандары туралы айтқан әңгімелері жасөспірімді өз арманын шындыққа айналдыруға болатынына көз жеткізеді.

Жасөспірімдердегі қуаныш сезімі қойған мақсатына жеткен кезде жиі көрінеді, ол қатты қуанғанымен, төменгі сынып оқушыларында көрінетін қызу көріністен ерекшеленеді [4].

Жасөспірімдер өз сезімін, әсіресе ашуланғанда қызу көрсетеді. Қоршаған ортаға жасалған әрекеттер мен айтылған сөздерге өте сезімтал келеді, ол тұлғаның оң қасиеттерінің қалыптасуы мен адамгершілік тәрбиені күшейтуге жақсы жағдай тудырады.

Дене жүктемелерін орындауда, қиын және күрделі жаттығуларды орындағанда жасөспірім ерік жігерін барынша көрсетеді. Алайда, бұл жастағы жігерді тәрбиелеу мен оны қалыптастыру оқушылар немен айналысуы, қандай мақсатта айналысуы қажет болған жағдайда өте тиімді болады. Мақсат жоғары болған сайын, жасөспірімге оның қоғамдық мәні анық болып, оның спорттық әрекетін ұйымдастыру жеңіл болады.

Жастық шақ қажеттіліктері мазмұны жағынан әртүрлі, ол жігітті немесе қызды тәрбиелейтін отбасының тұрмысына байланысты болады. Осы жерде көптеген жас спортшылар көпжылдық спорттық даярлықтан өткен соң, адамның мәдениеті қарым-қатынасы және киіміндегі қажеттіліктердің тек еңбекпен ғана анықталып, қамтамасыз етілетінін білгенін айта кету керек. Бұл жаста тұлғаның біршама күш салуын талап ететін дене жүктемелері арқылы ғана қол жеткізетін дене және спорттық жетілдірудің қажеттілігі үлкен.

Әдебиеттер тізімі

1. Марчибаева Ұ.С. Денешынықтыру (Оқу-әдістемелік құрал) Алматы Эверо 2019.-112б
2. Тайжанов С, «Дене тәрбиесі: 2-кітап. Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі: Оқулық» Алматы: «Эверо», 2019-296 б
3. Амидов А.И. Таңдап алған спорт түрлерінің теориясымен әдістемесі оқу құралы Шымкент 2017.-330 б ОҚПУ баспахана
4. Амидов А.И Спорт өнерінің тарихы, түрлері және терминдері, монография, Шымкент Әлем баспаханасы 2018-568 б

ЕКІ ҚОЛМЕН ДОПТЫ ТӨМЕНГІ ЖАҒЫМЕН ҚАБЫЛДАУ

Көзбаев Е.У.

«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. kozbayev89@inbox.ru
Бекитауов Н. А.
«А.Байтұрсынов атындағы №5 жалпы білім беретін
мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Кошбахтиев И.А.
Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.

Аннотация:Волейбол ойынындағы әдістер мен әдістер сондай ақ қарама қарсы жаттығулар қарастырылады

Түйінді сөздер:Жаттығу, спорт,ептілк

*Аннотация:**В данной статье рассматриваются методы и приемы в игре волейбол а также противоположные упражнении***

Ключевые слова: Физические упражнения, спорт, ловкость

Annotation
This article discusses methods and techniques in volleyball as well as opposing exercises
Keywords: Exercise, sport, agility

Қимыл қозғалыс әректін меңгеру тек дағдыны қалыптастыру ғана емес дене жаттығуларын орындауға мүмкіндік туғызатын қажетті күш, жылдамдық, төзімділік, шыдамдылық және буын қоспаларының қозғалмалылығы сияқты сапалық ерекшеліктерінің дамуына да байланысты.

Дене сапалары дегеніміз адамның қозғалыс мүмкіндігін анықтайтын ағзаның қызмет ету жүйесі болып саналады.

Қозғалыс және денесапалары терминінің екеуі де дене тәрбиесі туралы ғылымда тең дәрежеде, өйткені олар осы сапалық ерекшеліктерді анықтайтын әр түрлі қозғаушы күштерге назар аудартады.

Белгілі ғалым А.В.Коробковтың «Дене сапаларының диссоциациялануы» атты еңбегінде қозғалыс сапаларын дамыту кезеңдермен жүреді. Басында бір сапаның дамуы дәл осы сәтте арнайы дамытылмаған басқа сапалардың қатар өсуімен жүреді. Одан әрі бір сапаның дамуы басқаларының дамуын тежеуі мүмкін делінген .

Мұндай құбылыстың белгілі бір механизмі анаэробты және аэробты процестердің арасындағы антогонизм, яғни бірінің дамуы екіншісінің тежелуіне немесе керісінше болады.

Қозғалыс сапалары спортшылардың жас ерекшелігіне қарай дамуы әр түрлі уақыттағысымен сипатталады. Мұның мәні әр түрлі қозғалыс сапаларының барынша табиғи дамуына әр түрлі жаста жетеді (жылдамдық сапасы 13-15 жаста, күштік сапа 25-30 жаста және т.б.).

Осы негізде жас спортшылардың дене сапаларын қимыл-қозғалыс ойындары арқылы арттырудың практикалық маңыздылығы өте жоғары екендігіне көз жеткізу мақсатында, ойынды кеңінен талдағандығымыз жөн деп есептедік.

Әрбір адам туғаннан бастап- ақ, белгілі бір қозғалыс мүмкіндіктеріне ие болады, себебі қозғалыс арқылы күнделікті өмірде түрлі қимылдар іске асады. Мысалы, белгілі бір уақыт ішінде бірнеше метрге жүгіре алу да, салмақты көтере алу да және т.б. сандық сапалық сипаттамасы бар әрқилы қимыл әрекеттерінен тұрады. Сондай-ақ, ұзақ қашықтыққа жүгіру адам ағзасына әртүрлі салалық талаптар қояды және олар әртүрлі дене қаблеттері деп- адамның қозғалыс мүмкіндіктерінің әртүрлі қырларын айтамыз.

Әдебиеттерді талдау барысында балалық және жасөспірім кезеңдерде қозғалыс мүмкіндігін тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар бар екендігіне көз жетті. Қозғалыс мүмкіндіктерінің күшеюі мектеп жасындағы бала ағзасының жас ерекшелігіне сай келуі қозғалыс мөлшерінің іс- әрекетін реттеп отыратын иннервациялық механизмдердің жоғары қозғыштығына және зат алмасу процестерінің өте қозғалмалылығы, қимылдың ең жоғарғы қарқыны, бұлшық еттің босауының және жиырылуының тез ауысып өзгеріп отыруына байланысты. Біз талдаған зерттеулердің бірқатары спортпен енді жүйелі түрде шұғылданатын оқушылардағы жылдамдықтың жасқа байланысты динамикасын көтеруге мүмкіндік берді. Күш адамның дене сапасының құрамдас бөлігі ретінде оны мынадай белгілер бойынша нақты анықтау керек:

1. Күш, қозғалыстың механикалық сипаттамасы ретінде денеге көлем салмағы – күш әсер етеді.

2. Күш адамның қабілеті, қасиеті ретінде және т.б.

Егер бірінші мағынасында күшті қозғалыстың басқа да сипаттамаларымен бірге механизмді зерттеу нысаны ретінде көрсетсе, екінші мағынасында физиология, антропология дене тәрбиесі теориясындағы зерттеу пәні ретінде сипатталады.

Қандайда бір ұғымды анықтаудың ең жақсы тәсілі- адамның күш мүмкіндіктерінің деңгейін және өлшеу жолдарын көрсету. Оны диномометрмен немесе механикалық өлшеу арқылы анықтауға болады.

Бұл фактор күштің қозғалыс қабілеті ретінде, бұлшық еттің жұмысын күштің белгілі бір көлемін көрсете алу мүмкіндігі болып табылады. Мағынасы жағынан дұрыс болса да бұл фаза стилистикалық жағынан «күш» деген сөздің әртүрлі мағынада қолданылуына байланысты бір сөздің мәнін қайталай беру тәрізді көрінеді.

Осылайша адамның күшін сыртқы қимылдарға қарсы тұра алу қабілеті немесе бұлшық ет күші арқылы қарсы тұруы деп анықтауға болады. Қарсы қимыл-әрекет жұмысы процесінде, қарсы шығу күші деп – қимылға қарсы бағытталған күшті кері шегіну кезінде – қозғалыс үстіндегі қимылды айтады.

Бұлшық еттер мынадай күштерді көрсете алатыны белгілі:

-өз ұзындығын өзгертпей (статистикалық, изометрлік тәртіп);

- ұзартылған жағдайда (плимометрикалық, жиырылу тәртібі);

Бұл кезеңдегі күштің ең жоғарғы мөлшерін әртүрлі, жоғарыда келтірілген бөлімдерді күш қабілетінің негізгі түрлерінің жіктелуі деп қабылдауға болады.

Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі жүйесінде бұлшық ет күшін- адамның бұлшық ет қысымы арқылы сыртқы қимылға қарсы тұра алу қабілетін тәрбиелеуге көп орын бөліну керек. Бұлшық ет күшінің көрінуі – бұлшық ет аппараттарының іс әрекетін ретке келтіретін жүйке процесінің дамуы мен жинақталуына байланысты. Жүйке жүйесінің вегетативті бөлігінің қызметін реттеуде, көлденең жолақты бұлшық еттердің физиологиялық жиырлу қабілеттері маңызды қызмет атқарады. Бұлшық еттер өзінің ұзындығын өзгертпей- ақ (статистикалық немесе изометрлік тәртіп), ұзындық қысқарғанда да (жиырлу немесе миометриялық тәртіп), ұзарған кезде де (жазылу немесе плиометрикалық тәртіп) күшті көрсете алады.

В.Зациорскийдің жіктеулері бойынша күш қабілеттері келесі түрлерге бөлінеді: бойға біткен күштілік (жай қозғалыстағы статистикалық тәртіп), жылдамдықтың күштілігі (жылдам қозғалыста көрінетін динамикалық күш). Адамның жылдамдық күш қабілеті, жазылу және жиырлу (амортизациялық күш), сонымен өте аз уақыт ішінде үлкен күш көлемін көрсете алу қабілетінен «жарылу күші» бөлінеді.

Әрбір адамның негізінде жеке даралық сипаты болады: конституциялы ерекшеліктері, мидың нейродинамикалық қасиеті, ми жартышарлардың функциональды ассиметриялық өзгешеліктері және т.б.

«Қабілет» деген сөз психологияда күнделікті өмірге қарағанда біршама тар мағынада қолданылады. Ал ғылымда қабілет – адамның нышандарынан, білім,ептілік, және дағдылары бойынша өлшенеді.

Бір адамның бойында бірнеше әртүрлі қабілет болуы мүмкін, бірақ олардың бірі басқаларға қарағанда мәндірек болады. Екінші жағынан бірнеше әртүрлі адамдарда бір ғана қабілет байқалуы мүмкін, бірақ даму деңгейлері бойынша өзара өзгешеленеді.

Қабілетті анықтаудың біршама сенімді, дұрыс жолы – бұл, іс- әрекет барысындағы оның нәтижелік динамикасын көрсету. Кез-келген іс- әрекеттің орындалу нәтижесі өз алдына қандайда бір жеке қабілетті анықтаумен емес, әрбір адамдағы өзіне тән қабілеттердің үйлесімділігімен анықталады.

Қабілеттің қалыптасуының психологиялық жағдайларына талдау жасау негізіне жататын талаптарды қарастыру – кеңес психологиясының класигі көрнекті ғалым Б.М.Тепловтың айтқан ілімдеріне тоқталуды қажет етеді. Оның айтуы бойынша дарындылықтың жалпы теориясы ″.....нақты фактілер мен жеке заңдылықтарды зерттеу бойынша үлкен жұмыстардың нәтижесінде жасалуы қажет″ [6]. Қабілет – бір немесе бірнеше іс- әрекеттерді нәтижелі орындауға қатысы бар жеке даралық психологиялық ерекшелік және өзінде бар дағды,ептілік және білімдерге сәйкестенбестен-ақ, бұл білім мен дағдыларды жеңіл әрі тез меңгерумен түсіндіруге болады деп, жазады. Қабілет бұл дамудың нәтижесі, ал нышан – қабілет дамуының негізінде туа пайда болған анатомиялық-физиологиялық ерекшелік. Қабілетті зерттеуші оны туа және жүре пайда болған «қоспалық» деген түсінікте жұмыс істейді және ол үшін де, потенциалды мүмкіншіліктері бар адам үшін де, соңғысы (жүре пайда болған) болуы мүмкін.

С.Л.Рубинщтейннің ойы бойынша қабілеттің дамуы спираль бойынша жүзеге асады: қандайда бір деңгейді көрсететін қабілеттің жүзеге асу мүмкіншілігі қабілеттің ары қарай едәуір жоғары деңгейде дамуы үшін жаңа мүмкіншіліктердің диапазонымен анықталады, ол өзіндегі бар мүмкіншіліктің таралуын қамтамасыз етеді .

Н.С.Лейтес дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және еңбекпен қанағаттануды сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады, - деп көрсетеді. Бұл тұжырым маңызды ереже жасауға итермелейді. Еңбекке бейімділік – дарындылықтың көрінуі ретінде болады.

Күш дайындығы мәселелерін зерттеудің өзектілігі спорттық ойындармен сайыстардың практикалық орындалуынан сұраныстар келіп шығады. Күш дайындығының дұрыс жүйесін жасау арқылы спорттың көп түрінен спорттық нәтижелерді дамыту немесе жетілдіру шешуші факторлар болып саналатынын С.Летунов дұрыс атап өтеді.

Күшті дамыту жаттығуларымен шұғылдану нәтижесінде адамның дене құрылысын едәуір өзгертуге болады. Күш қатынастық және абсалюттік болып бөлінеді. Абсалюттік күш – нақтылы қимыл-қозғалысқа қатысатын барлық бұлшық ет топтарының жиынтық күші. Қатынастық күш – адам денесінің 1 кг салмағына тура келетін абсалюттік күштің мөлшері. Күш сапаларын тестілеуді диномометрдің жәрдемімен өткізуге болады. Белгілі бір жасқа дейін абсалюттік және қатынастық күштерде биологиялық жасқа сәйкес физиологиялық өзгерістердің нәтижесінде бұл күштің екеуі де артады.

«Шыдамдылық» деген ұғымды адамның қажуға қарсы азды-көпті тиімділікпен қызмет атқару қабілетімен байланыстырады. Қысқаша айтқанда шыдамдылық адамның қажуға, шаршауға тұру қабілеті. Шыдамдылықты дамытудың негізгі әдістеріне төмендегідей сипаттағы дене жаттығулары және олардың кешені жатады:

- тірек-қимыл аппаратының ірі топтарының барлығы немесе көпшілігінің белсенді қызмет атқару;
- бұлшық ет жұмысын негізінен аэробты энергиямен қамтамасыз ету;
- салыстырмалы жұмыс жасау ұзақтығы;
- жұмыс жасаудың бірқалыпты, жоғары және өзгермелі қарқыны.

Адамның төзімділігін шартты түрде екі топқа бөлуге болатынын көптеген факторлар мен анықтауға болады:

1.Ағзаның әртүрлі жүйелерінің функциональдық мүмкіндіктері (аэробтық және анаэробтық мүмкіндіктер, қозғалыс дағдысының жетілу деңгейі);

2.Тұрақтылық деңгейі, ішкі ортаның қолайсыз өзгерістеріне және жүйкенің жоғарғы импульсациясына байланысты.

Әйтсе де, бұлай болу толық қатаң болмаса да, дұрыс дәлелденген. Себебі, төзімділікті тәрбиелеу барысында осы аталған екі топтың біріне бағытталған тәсіл қолданылады.

Сабақ кезіндегі төзімділік оқушылар белгілі бір деңгейде шаршай бастағанда ғана дамиды. Бұл кезеңде адам ағзасы осындай жағдайларға бейімделе бастайды, сондықтан бұл төзімділіктің жоғарылауына байланысты. Бейімделе бастау өзгерістің көлемі мен бағытты жаттығу жүктемелерінің сипаты мен деңгейіне сай болады. Жүктеменің әр түріне байланысты шаршау да әртүрлі болады. Мұнда шаршаудың табиғилығы маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан төзімділікті тәрбиелеуде шаршаудың деңгейін ғана емес, сипатын да ескеру керек. Осыған орай, төзімділікті тәрбиелейтін жаттығу сабақтарының басты мақсаты, ағзада өзімізге қажетті өзгерістерге қол жеткізу.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасында 2015-2017 жылдар аралығында бұқаралық спортты дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы» //1996ж. 19 желтоқсан №327б.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдаған жолдауы// Алматы, 2017ж. 240б.

3. Қазақстан Республикасының Дене мәдениеті және спорт туралы Заңы. 2015ж. 2 желтоқсан №490-13 ҚР // 2020ж, №1 4-11 қаңтар.
4. Адамбеков Қ.І. «Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі» п.ғ.к. дисс. Алматы, -2016ж. 38б.

БАСКЕТБОЛДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ; АЛАҢДА ТҰРУ, ЖҮРУ, СЕКІРУ, ТОҚТАТУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Көзбаев Е.У.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ. kozbayev89@inbox.ru
Бекитауов Н. А.
«А.Байтұрсынов атындағы №5 жалпы білім беретін
мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Раимбеков С.А.
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ.

Аннотация:Баскетбол ойынындағы техника мен техниканы дамыту нұсқалары қарастырылады.Белгілі бір мөлшерде әр түрлі жаттығуларды күн сайын орындап отыру, оларды алдын ала белгіленген көлемде, өзіңді ешбір босаңсытпай дұрыс істеуге тырысу белгілі әдетті, одан соң мінез-құлық ережелерін болжытпай орындау мұқтаждығын қалыптастырады.
Түйінді сөздер: Техника, тактика, ептілік, шыдамдылық жаттығулар.

Аннотация:Рассмотрены варианты развития техники и техники игры в баскетбол.Выполнение ежедневно определенного количества различных упражнений, старание выполнять их правильно, без какого-либо расслабления, формирует определенную привычку, а затем и потребность следовать правилам поведения без прогнозирования.
Ключевые слова: Техника, тактика, ловкость, упражнения на выносливость.
Annotation:Options for developing the technique and technique of playing basketball are considered. Performing a certain number of different exercises every day, trying to do them correctly, without any relaxation, forms a certain habit, and then the need to follow the rules of behavior without prediction.
Key words: Technique, tactics, agility, endurance exercises.

Спортшылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Баскетболмен шұғылдануды мектеп табалдырығынан бастамай жоғары жетістіктерге жету өте қиын. Сондықтан оқушылардың Жеке адамды жан-жақты дамытуды дене тәрбиесінің маңызы зор. Баскетболшыларға арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында көрсетілген басты міндеттерге, сүйеніп дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарсатырайық. Баскетболшылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығайуы, жұмыс қабілетілігін сабақтарда, сабақтан тыс уақытта,спорт саябақтарында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Әр бір мектепте барлық оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтар мен құралдар және жақсы жарықталған спортзалдары мен алаңдары болуы тиіс. Өмірге қажетті дағды және іскерлік қозғалыстың барысында қалыптасады. Табиғат қозғалыстың түрлері; жүгіру, қарғу, жүзү, лақтыру, өрмелеу т.б.

Жас адамның денесі түрлі жаттығулар көлемімен ширап,дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық , төзімділік сияқты адам қабілеттерін дамыту, оқушылардың қозғалғыш

тәжірибесі бағытталады. Дене қозғалысын үйлестіреді, бұл баскетболшыларға өте қажет.

Дене тәрбиесіне оқыту дегеніміз адамның яғни баскетболшының дене қуатына және психологиялық жетілуіне бағытталған арнаулы білім жүйесі мен қимыл әрекетке үйрету, оны меңгеру процесі. Дене тәрбиесіндегі үйретудің нәтижесі дене қуаты бөлімі болып келеді. Қозғалысқа үйрету теорялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Теориялық мағлұматтың көлемі мен мазмұны жалпы педагогтың принцптерімен анықталады.

Жаттығу мақсатына , жаттығушылар контингентіне сәйкес үш топқа бөлінеді

1. Дене тәрбиесінің баскетболшыға әлеуметтік қажетілігі туралы мағлұмат.
2. Дене тәрбиесі жаттығуларын қолдану ережерелі туралы мағлұмат.
3. Медициналық биологиялық мағлұмат.

Қимыл-әрекетке үйрену алдында баскетболшы оның ережелерін, адам денесінің қозғалу зияндықтарын, арнайы терминология туралы мағлұмат алу керек. Теориялық маглуматтар алу кезеңдері қимыл–тәжірибесі , арнайы оқулық, сөз және көрнекі қабылдау, мұғалімнің әрекеті, кино және бейнефильмдер көрсету т.б. Теориялық мағлұматтарды баяндау, кіріспе сабақтар мен оқу материялдарын үйрену кезінде жүзеге асырады. Қимыл-әрекетке үйрету үш кезеңнен тұрады: таныстыру,үйрену ,жетілдіру кезеңдері.

Қимыл әрекеттік тыныстыру кезеңнің міндеті жаттығушылар үйренетін жаттығулар туралы түсінік беру және соны үйретуге ынтасын ояту, түсіну, ұғыныу процесі қалыптастыру кезеңде бір-біріне байланысты үш кезең пайда болады.

1. Үйрену міндеттерін ұғыну кезеңінде жаттығушылар міндеті бір жаттығудан немесе бірнеше жаттығу орындауды ұғыну. жаттығушылар тәсілдің негізін түсінүі керек, ал бөлшектерін келесі оқыту кезеңдерінде үйренеді.

2. Орындау таңбасын құру кезінде оқытушы қимыл тәжірибесі мен білімін ұсынады , ал жаттығушыларды сол арқылы жаттығуларды қалай орындауға болатыны туралы қисынды бейнелі түсінік қалыптасады .

Қимылды бөліп немесе тұтас орындау кезеңі. Қимылды орындап көру танысу кезеңінің бастапқы элементі. Орындап көру арқылы жаттығушы өз міндетін қаншалықты ұққанын қозғалысқа үйрену міндетін қалай құралғанын тексеруіне болады. Қимыл-әрекетінің күрделілігіне байланысты жаттығуларды бөліп немесе тұтас орындауға болады. Қарапайым жаттығуларды толық орындай білуге болады. Күрделі жаттығуларды бөлшектеп орындаған жөн. Қозғалыс тәсілін тұтас орындауға жаттығушы қате жіберсе, бөлшектеп орындау әдісін қолдану қажет.

Дене тәрбиесі денсаулықты нығайтуға, тіршілік үшін маңызды машықпен икемділікті игеруге, жоғары жұмыс қабілетіне жетуге бағытталған. Оның адамды өнімді еңбекке даярлауда зор маңызы бар. Мұнда баскетболшының жылдамдық, күш, ептілік, төзімділік секілді дене қасиеттерінен басқа табандылық, ерік, мақсаттылық, шешімділік, өзін-өзі ұстай білу секілді бағалы психикалық қасиеттері де дамиды. Алуан түрлі дене жаттығулары, қимылды ойындар, спорт дене тәрбиесінің құралдары болып табылдады. Олармен үйде (таңертеңгі гимнастика - зарядка), мектепте (дене шынықтыру сабақтары), спорт және туристік секцияларда, балалармен жас өспірімдердің спорт мектептерінде айналысады.

Ерлермен әйелдер организмдерінің дене мүмкіндіктері әр түрлі. Ерлер шұғыл дене еңбегін оңай атқарады, олардың күші, қимыл амплетудасы көбірек. Әйелдер төзімдірек бір қалыпты ұзақ жұмысты жақсы атқарады Сондықтан ұлдармен қыздарға дене тәрбиесін беру әдістері де біраз өзгеше болады. Төзімділікті, жылдамдықты , қимыл дәлдігін дамытатын жаттығулар екі жыныстағы баскетболшыларға да бірдей пайдалы, бірақ ұлдарға бұған қосымша күшті дамытуға, ал қыздарға- икемділікті дамытуға арналған жаттығулар қажет.

Көптеген жасөспірім қыздармен бойжеткендер дене шынықтыру жаттығуларының ролін жете бағаламайды. Олар дене шынықтыру жаттығуларын енжар орындайды, сондықтанда кейде 10-12 жастағы дене мүмкіндіктері 16-17 жастағы бойжеткендерден жоғары болатыны кездейсоқ емес. Бұл әйел организмінің қалыптасуына теріс әсерін тигізеді.

Ұлдарға жасөспірімдермен жігіттерге өздерінің дене мүмкіндіктерін асыра бағалаумен белгілі бір абайсыздық тән, мұның өзі, кейде олардың шамасы келмейтін салмақты

көтеруіне, үлкен биіктіктен секіруіне, сөйтіп орынсыз күш, батылдық және т.с.с. көрсетуіне себепші болады. Олар дене күшін асыра бағалап, көзге түсе бермейтін, бірақ, әсіресе төзімділік секілді өмірлік маңызды сапаларды жете бағаламайды. Әсіресе қандай көзге түсерлік болса да дене артықшылықтарын көрсету жолымен емес, пайдалы істерді атқару арқылы айналадағылардың сый-құрметіне бөленуге болатынын жасөспірімдермен жігіттер есте сақтауы керек.

Дене тәрбиесі спортшының амалдарын, тәсілдерін адамның үйлесімділігін дамуын (қабылдауын) оның денсаулығын сақтауын нығайтады. Жұмыс істеу қабілетін және өмірінің белсенді шығармашылығына толы кезеңін ұзарту үшін ақылға салып пайдалануға қолғабыс етеді. Жаттығушының дәрігердің оқу жаттығу үдерісімен жоспарларын түзету бойынша бірлескен жұмысы арқылы жаттықтырушының дәрігерлік бақылаудың мәліметін өзінің күнделікті жұмысында пайдалана білуі қажет. Сабақты, жаттығуды дұрыс ұйымдастыру жаттығушыға тиімділігінің маңызды шарты болып табылады. Міне осылайша спорттық медицина жаттықтырушының кәсіби дайындалуына тікелей енетін спорттық ғылымның, дәрігерлік ғылымның бір түрі. Спорттық медицина алуан түрлі: Оларға мыналар жатады: Дене шынықтыру, спортшының ден саулығы, дене дамуымен мүмкіндігін зерттеу және оның негізінде жаттығулардың әр түрлі түріне көрсеткішіне қарсы көрсеткішін анықтау. Спорттық іріктеумен бағытталу мәселесін шешу. Спортшылардың ағзасының қызметтік жағдайын, олардың жаттыққандығын анықтау және бағалау; Ақыл ойға жүгінбей жүргізілген жаттығу кезінде пайда болатын аурулармен жаттығуды зерттеу, диагностика, сақтандыру шараларымен қайта қалпына келтіру әдісін жасап шығу.

Дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың әр түрлі контингенттеріне арналған сабақтармен жаттығулардың ақылға қонымды тәртібін негіздеу.Оқытушымен жаттықтырушының кәсіби дайындығын есепке ала отырып спорттық медицина курсының мазмұны мынадай бөлімге жіктеледі.

Қызметтік диагностика.

Жаттығумен жарысты медициналық сынамалармен қамтамасыз ету.

Бұқаралық дене тәрбиесі спорттағы медицинаны бақылау.

Жаттығумен жарыстан кейін спортшының жұмыс қабілетін қалпына келтіру.

Әр түрлі бұлшықет топтарын, буындармен сіңірлерді ұдайы жаттықтыру олардың атқаратын қызметі мен үйлесімділігін күшті дамытады. Дене еңбегі организмнің мүшелері мен жүйелерін (жүрек тамыр, тыныс алу), жаттықтырады, қимыл аппаратының қалыпты жұмыс істеуін зат алмасу процестерін қамтамасыз етеді. Белгілі бір мөлшерде әр түрлі жаттығуларды күн сайын орындап отыру, оларды алдын ала белгіленген көлемде, өзіңді ешбір босаңсытпай дұрыс істеуге тырысу белгілі әдетті, одан соң мінез-құлық ережелерін болжытпай орындау мұқтаждығын қалыптастырады. Осының арқысында баскетболшының тәртіптілігі артып, еркі нығаяды.

Әр жастағы дене тәрбиесінің міндеттері түрліше болады. 1-3 кластағы мектеп оқушылары бұлшықет сезімін – қимылдың қарқынымен ауқымын, бұлшық еттің жиырылу және босаңсу дәрежесін айыра білу қабілетін жетілдіреді бұл келешек баскетболшыға берілген жаттығуларды және тапсырмаларды тез қабылдауға көп әсерін тигізеді. Олар дұрыс қимылдау техникасын игереді, яғни жаттығуларды бұлшықеттің тиісті жиырылуына сәйкес келетін бағытта, ырғақта және қарқынды орындауға үйренеді. Егер мектеп оқушылары негізгі қимыл элементтерін (секіру, диск лақтыру, гимнастикалық және акробатикалық жаттығулар және т.б) дұрыс орындауға үйренбесе, қимылды аяғына дейін жеткізуге тырыспаса, біріншіден, олар спортта ешқандай жақсы нәтижеге жетпейді, екіншіден оларда тәртіптілікпен өзін-өзі бақылау қабілеті жетілмейді. Қимыл техникасының жетілуі баскетболшының жеке басының қалыптасуына байланысты.

IV-VII кластың мектеп оқушылары бұрынғы үйренгендерін бекітумен бірге, күрделілігіне қарай әр түрлі жағдайларда орындалатын негізгі қимыл түрлерін және спорттық техниканы (шаңғы, коньки тебу, суда жүзу, жеңіл атлетика,, доппен ойындар) игереді. Бұл жаста үнемі дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану әдеті қалыптасып,

нығая түседі. Тұтас алғанда, бастауыш класс оқушылдарына қарағанда жас өспірім шақтағы мектеп оқушылары дене еңбегін көбірек атқарады бірақ дене күш түсіретін жаттығулар шектелуге тиіс, өйткені бұл жаста денеге көп күш түсіретін жұмыс атқару организмнің қалыпты дамуына кедергі келтіру мүмкін. Мысалы, бастапқы спорттық дайындық топтарында баскетбол, спорттық гимнастика, суда жүзу, мәнерлеп сырғанау, теннис сабақтарына балалар жеті жастан футбол, хоккей қазіргі заманғы бессайыс, коньки, күреске-10 жастан, боксқа -12 жастан бастап кірісетіні кездейсоқ жағдай емес. Ортаңғы класс оқушылары өздерінің дене мүмкіндіктерін асыра бағалауға бейім келеді. Міне, осындай жағдайдағы сәтсіздіктер, кемшіліктер, дене шынықтыру жаттығуларының алуан түрінде төмен нәтижеге жету олардың өздеріне деген сенімсіздігін жойып, осымен қоса, дене шынықтыру жаттығулар сабақтарына теріс көзқарас туғызуы мүмкін.

VIII-X класс оқушылары бұрын игерген негізгі қимыл түрлерін жетілдіреді, күшті, орныққан және тез қалыптасатын төзімділік түрлерін дамытады, спорттық жаттығудың негіздері бойынша білімді, дене шынықтыру жаттығуларымен өздігінен методикасын игереді денешынықтыру жаттығуларын таңдап алу мен орындау ептілдігін қалыптастырып, өз қимылының сапасына бақылау жасап оны талдай білу қабілетін ұштайды. Бұл жаста организмге күш түсіретін жұмысты арттыруға болады бірақ жоғары класс оқушылары организмнің маңызды ерекшеліктерін есте ұстауы қажет: олардың төзімділігі күшіне сай келмейді оған қоса бұл жаста көбінесе тірек қимыл жүйесінің мүмкіндігі жүрек-тамыр жүйесінің мүмкіндігінен артық келеді. Сондықтан дене еңбегі жүрек қызметінің бұзылуына себебші болмауы тиіс.

Әдебеттер тізімі

1. Болғамбаев М . Қазақтың ұлттық спорт түрлері – Алматы: Қайнар, 2017ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына үндеуі-Алматы, 2016ж
3. Қуанышов Ж. Дене тәрбиесі және спорт арқылы Қазақстан Республикасының халқын сауықтыру бағдарламасы- Алматы: «Рауан» 2019.ж
4. Пономарчук М. О.А. Аяшев ФК и становление личности. Москва: ФиС, 2020г
5. Муратхан Таникеев Мир народного спорта - Алматы: Санат, 2015ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алтынбекова Б.С.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ.
Bagila.7300@mail.ru

Аннотация:Спорттық жаттықтыру негіздері. Спорттық жаттықтырудың негізгі ғымдары. Спорттық жаттықтыру дегеніміз - қозғалыс шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруда, арнайы білім беруде, дене қуатын, психологиясын дамыту барысында жоғары спорттық көрсеткіштерге жетуге бағытталған дене тәрбиесінің арнайы педагогикалық үйрету және тәрбиелеу үрдісі. Спорттық жаттықтырудың әсерін, нәтижесін, спортшы дайындығының деңгейін анықтағанда «дайындалғандық», «жаттыққандық» және «спорттық бап» деген ұғымдар қолданылады.

Түйінді сөздер: Спортшының дене қуаты, үгіт насихат, спорт түрлерінен мағұлматтар беру.

Аннотация:Основы спортивной тренировки. Основные понятия спортивной

тренировки. Спортивная тренировка – это специальный педагогический учебно-тренировочный процесс по физическому воспитанию, направленный на достижение высоких спортивных результатов в формировании двигательных навыков и умений, специального воспитания, развития физической силы, психологии. Понятия «подготовка», «тренировка» и «спортивное изделие» используются при определении эффекта спортивной тренировки, результата и уровня подготовки спортсмена.

Ключевые слова: Предоставление информации о физической силе спортсменов, пропаганда, спорт.

Annotation:Basics of sports training. Basic concepts of sports training. Sports training is a special pedagogical educational and training process in physical education, aimed at achieving high sports results in the formation of motor skills and abilities, special education, development of physical strength, and psychology. The concepts of "preparation", "training" and "sports product" are used to determine the effect of sports training, the result and the level of training of an athlete.

Key words: Providing information about the physical strength of athletes, propaganda, sports.

Білім беру мен тәрбиелеудің міндеттерін шешуде маңызды орындардың бірі дене шынықтыруға бөлінеді. Бүгінгі таңдағы дене шынықтыру көп қырлы құбылыс болып табылады, өз құрамында бірсыпыра бағыттарға, сабақ түрлері мен формаларына ие. Дене тәрбиесінің көптеген түрлерінің ішінде халық педагогикасына ерекше орын берілген.

Ұлттық спорт түрлерімен, ойындармен, билермен шұғылдану бос уақытты өткізуге көмектеседі, денсаулықты нығайтады және ең бастысы мінездердің қалыптасуына ықпал етеді.

Халық ойындары, спорт түрлері мен билері педагогиканың дәстүрлі тәсілдері болып табылады. Көп ғасырлардан бері оларда адамдардың өмір салты, олардың тұрмысы, еңбегі, халықтық тұғырнамалары, ар-намысы, ерлігі, ептілікке, төзімділікке, күшке ие болуға деген ұмтылысы, қимылдар жылдамдығы мен әдемілігіне, күле жүріп орындауға, шығармашылықты ақыл-ойға, тапқырлыққа, ерік күші мен жеңіске деген талпынысы көрінісін табатын. Халық ойындары мектеп оқушыларының интернационалдық тәрбиесі мен дене тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың бойында өз халқының мәдениетіне деген тұрақты, қызықты, құрметтеу қарым-қатынасы қалыптасады.

Дене тәрбиесіноқытудың әдістемелік жүйесі бір-бірімен өзара байланысқан бес бөліктен тұратын құрылым: оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлері. Әдістемелік жүйелер жалпы орта мектеп практикасында тәжірибеден өте отырып, көптеген жылдар бойында қалыптасады. Әдістемелік жүйені жетілдіру үрдісі төмендегі заңдылықтарға бағынады:

1. Әдістемелік жүйенің бір немесе бірнеше бөліктерінің өзгеруі оның қалған бөліктерінің немесе бүкіл әдістемелік жүйенің өзгеруіне әкеліп соғады.

2. Кез келген әдістемелік жүйе өзіне шешуші әсер ететін нақтылы өмірмен тығыз байланысты. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алады, анықтап айтқанда жалпы орта мектептерде сол арқылы кез келген пәнді оқытудың міндеттері анықталады.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің жалпы принциптерін қарастырайық. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алатын болғандықтан, оны жетілдірудің негізгі ұстанымы мақсатқа бағыттау ұстанымы болады. Біртұтас әдістемелік жүйені немесе оның бөліктерін жетілдірудің бағыты мен сипаты оқыту мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

Әдістемелік жүйені жетілдірудің келесі маңызды талабы, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі ұстанымы болып табылады. Білім оқыту мен тәрбиелеуден құралатыны белгілі, сондықтан әдістемелік жүйені жетілдіру үдерісінде оқытудың дидактикалық және тәрбиелік

жақтарының бірлігін, педагогика мен психологияның алдыңғы қатарлы жетістіктерін ескеру қажет.

Әдістемелік жүйенің жеке бөлігінің өзгеруі, жүйенің біртұтас құрылым ретінде жойылуына алып келуі мүмкін. Жүйедегі өзара байланыстарды толық түрде ескеру қажет. Осыған байланысты өзара байланыс ұстанымын атауға болады. Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің ұстанымдары Қ.І.Адамбеков, С.Тайжанов, А.Қарақов, С.Қасымбекова, Ж.К.Оңалбек, Б.Қ.Мухамеджанов және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Бұл еңбектерде педагогикалық жоғары орындарының денешынықтыру және спорт мамандықтары студенттеріне денешынықтыру және спорт түрлерін оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру жолдары зерттелген.

Біздің елімізде, әлеуметтік және экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы негізінде болашақ 12 жылдық білім беру мектебімен қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі – нарық жағдайына бағдарланатын, адамгершілігі мол, әлеуметті сауатты адамға қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру. Оны шешу тек қана дене мәдениеті білімінің тұжырымдамалық, әдіснамалық, теориялық және дидактикалық негіздерінің жасалуына тікелей байланысты.

Жалпы орта мектептің басты мақсаты- алдыңғы қатарлы жасөспірімдерді тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, оқушыларға дене тәрбиесін үйрету әдістері мен ер балаларды Отанды қорғауға дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері – жалпы орта мектеп қабырғасында кәсіптік бағдар негізінде болашақ мамандығын таңдауға даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Жалпы орта мектепте білім берудің сапасын қамтамасыз етуде орта білімді дамытудың негізгі жолы мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру болса, қазіргі кезде жалпы орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісінің жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай бәсекеге қабілетті мемлекеттің болашақ қоғам мүшесін дайындау үлгісі жүзеге асырылатын болады.

Жалпы орта мектептегі дене мәдениетінен білім беру және оның қоғамдық құрамдас бөлігі – дене тәрбиесі сабағы негізінде мектеп оқушыларының жеке приоритетті қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру қызметтерін дамытуға, оларды азамат, зерделі оқушы ретінде қалыптастыруға бағытталған біздің мемлекетіміздің заңды құжаттарымен нақтыланып, рәсімделген.

Денсаулығы мықты, дене сапалары, дене бітімі қалыптасқан оқушы ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, мектеп оқушысының жеке тұлғалық жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

Демек, жалпы орта мектептерде дене мәдениеті жєне спорт түрлері бойынша кейбір мәселелерді кешенді түрде зерделеу осы тұрғыда мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, қазіргі кезде зерттеу жұмысының көкейкесті талабы болып отырғанын айта кету керек.

Оқушылардың дене мәдениеті бойынша білімі мен тәрбиесіне, олардың дене мәдениетін қалыптастыруға біршама ғылыми зерттеулер арналған. Алайда, аталған жұмыстарда жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, олардың тұлғалық дамуын ескерумен байланысты ерекшеліктер жеткілікті ашылмаған. Сонымен қатар, мемлекеттің одан әрі дамуы, жақын болашақта дене тәрбиесі мен спорт саласында кәсіби іс-әрекетпен айналыса бастайтын оқушылар тұлғасының дене мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан жалпы білім беру жүйесінде еліміздің жалпы орта мектептерінде оқушылардың дене мәдениетін

қалыптастыру міндеті қойылады және білім беруде дене тәрбиесіне, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыру мен спортты дамытуға орай білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Осыған байланысты, жалпы орта мектептерде оқушыларға дене тәрбиесін оқытудың мақсаты, оларда дене мәдениетін қалпытастыру, заманауи технологиялар негізінде оқыту мен білім беруді басқаруда пайдалану туралы білімді қалыптастыру, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен еңбек етуге дайындау болып табылады.

Мектеп жасындағы балалардың денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында: мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі даярлығы жөнінде ұсынымдар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу; 5-сыныптан бастап қыздар мен ұлдарды бөлек оқыта отырып, барлық жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінен аптасына үш сабаққа көшу мүмкіндігін қарау; денсаулық жағдайына байланысты арнайы медициналық топтарға жатқызылған балаларға дене тәрбиесі жөнінде жағдай жасау мен сабақтар өткізуге баса назар аудару; балалар мен жасөспірімдер спорт клубтарын құру арқылы жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабақтарының мазмұнын толықтыратын дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс нысандарын жетілдіру; жалпы білім беретін мектептерге спорт түрлері бойынша оқыту күні ұзартылған және оқу-жаттығу үдерісі тереңдетілген мамандандырылған сыныптар ашуды ұсыну қажет етуде.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылар дене тәрбиесі алғашқы жаттығулары мен дене бітімімін жетілдіру тетіктерімен бастапқы танысуын және дене мәдениеті бойынша сауаттылығын жүзеге асыра алады. Ал, болашақ қоғам мүшесінде дене мәдениетін қалыптастыру үшін, ең алдымен дене тәрбиесі саласының барлық мұғалімдері мен жаттықтырушылар дене мәдениетін меңгеруі тиіс Қ.І.Адамбеков, С.Тайжанов, А.Қарақов, С.Қасымбекова, Ж.К.Оңалбек, Б.Қ.Мухамеджанов .

Қазіргі кезде дене мәдениеті жалпы мәдениеттің өте бір маңызды бөлігі болып отыр. Дене мәдениетін жалпы орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісі негізінде дене тәрбиесі арқылы ұйымдастырудың жеткілікті деңгейі ретінде, оқушылардың дене тәрбиесі мен спорт түрлері бойынша ақпаратпен алмасуын қанағаттандыру деңгейі ретінде, ақпаратты жинау, беру және пайдалану тиімділігі деңгейі ретінде қарастыруға болады.

Жалпы орта мектептерде оқушыларды салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға баулу халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарына арнап бейімделген ақпараттық бағдарламаларды әзірлеу арқылы жүзеге асырылады. Спорттың негізгі түрлерінен, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына конкурстық негізде берілетін әлеуметтік бағдарламалар бойынша гранттарды беру практикасын пайдалану арқылы, теледидар бағдарламалары жасалуда, насихаттық және ақпараттық технологиялар әзірленуде.

Дене шынықтыру және спортты насихаттау атаулы, нақты әлеуметтік топтар мен жіктерге, әрбір орта мектеп оқушысына бағытталған, дене шынықтыру мен спорттың басымдығын дәлелдей көрсетуге, сондай-ақ жастар арасында нашақорлық, темекі шегушілік, ішімдікті пайдалану және басқа да жат құбылыстардың таралуына қарсы күреске бағытталуда. Жастардың дене тәрбиесі жөнінде жұмыс жүргізу, олардың ортасында қазақстандық спортшылардың спорттағы жетістіктерін, бұқаралық спортты танымал ету, олардың санасында “тәні саудың – жаны сау” деген қағидатты орнықтыру үшін мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының міндеттері: азаматтардың спортқа, табиғи дене бітімін жетілдіруге деген қызығушылығын арттыру, жалпы орта мектеп оқушыларының спортпен өз бетінше шұғылдануын белсенді түрде таныту, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану қажеттігін көпшіліктің санасына сіңіру болып табылады.

Дене шынықтыру мен спортты насихаттау мектеп оқушыларының жан-жақты спорттық және дене тәрбиесі даярлығының беделін, гигиена және дене шынықтыру саласындағы білім деңгейін арттыруға ықпал етуге негізделуде. Дене шынықтыру мен спортты дамытудағы басты бағыттардың бірі– олардың ізгілікті жағын күшейту.

Балалар мен жеткіншектерді ерте жастан бастап халықтық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қоршаған табиғатқа, қоғамда өзара қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал етті.

Ұлттық спорт түрлері мен ойындардың, бұқаралық спорт мерекелері мен жарыстардың негізгі қызметі адамның өмірлік маңызы бар дене және рухани сапаларын жетілдіру басты мұраты болып табылатын спорттық қызметтің ең басты маңызынан келіп шығады. Олардың педагогикалық маңызы кең мағынасындағы тәрбиелеу әдістері мен тәсілдері категориясына жатады. Бұл дегеніміз, қазақтың қазіргі ұлттық спорт түрлері осы спорт түрлерімен және ойындарымен шұғылданатындарға тәрбиелік әсер етуді ұйымдастыру тәсілінің нақты негізі екендігін білдіреді.

Спорт ойындары мен көңіл көтерулер қазақ халқының өмірінде өзінің бұқарашылдығымен үлкен орынға ие болатын. Ойындар мен спорт түрлері экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан артта қалған көшпенді қазақ халқы үшін театрлар мен стадиондардың орнын алмастырды.

Қазақтардың көптеген ұлттық халық ойындары бар: көкпар, бәйге, алты бақан, сақина тастау, соқыр теке, жекпе-жек, ат ойыны, ақ сандық-көк сандық, жорға жарыс, күрес, сайыс және басқалар. Бұл ойындар көбінесе күй сарынымен сүйемелденетін. Тұрмыстық билер де өмірге келген: Қара жорға, Өрмек, Ұршық, Ши орау, Жүн сабау, Саба пісу, Тары түю.

Дене шынықтыру сабақтарында халықтық педагогика тәсілдерін оқушылармен жұмыс барысында қолдану үшін халықтық спорт және ойын түрлері бойынша арнайы секциялар жұмысын ұйымдастырып, жарыстар өткізу қажет.

Халықтық педагогика тәсілдері баланың бойында терең адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Мектептің негізгі міндеттерінің бірі – баланың халықтың бір бөлшегі екендігіне оның өз көзін жеткізуді қалыптастыру болып табылады.

Халықтық педагогика тәсілдері бүгінгі таңда бар өнер атаулының негізі, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы, адам еңбегінің нәтижесі, қиял-ғажап көрінісі мен өмірді, әлемді танып білуге деген ұмтылысы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ұлттық спорт ойындары [Мәтін]: Оқу құралы / Б.А. Шилібаев.- Алматы: Альманахъ, 2019.- 179 б. -2экз

2. Ұлттық спорт түрлері [Мәтін]: Оқу құралы / С. Сапарбеков, Д. Сапахов, Д. Жұматай.- Шымкент, 2019.- 102б. -2экз

3.ишев, К.С. Ұлттық ат ойындары [Мәтін]: Оқу құралы / К.С. Абишев.- Шымкент: Әлем, 2014.- 130 б.-50экз

4.ишев, К.С. Қазақтың ұлттық ойындары [Мәтін]: Оқу құралы / К.С. Абишев; жауапты ред. А.Нұржан.- Алматы: Альманахъ, 2019.- 142 б.-2экз

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖАТТЫҒУЛАР ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Маханбетова А.Қ
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкентқ.makhanbetova198@mail.ru
Мильдоходжаева Г.С
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ

Аннотация:Волейбол- елімізде кең тараған ойындардың бірі. Оның көпшіліктік сипат алуы волейбол ойынының ережелері мен қажетті құрал-жабдықтарының қарапайым және бұл ойын қызықты да әсерлі болуына байланысты.

Волейбол ойынының ереже-талабы мынадай айла тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір-біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою.

***Түйінді сөздер**: Спорт, тұлға, денсаулық,оқу-жаттығу, дене жаттығулары*

Аннотация:Волейбол – одна из самых популярных игр в стране. Его популярность обусловлена тем, что правила игры в волейбол и необходимое оборудование просты, а игра интересна и впечатляюща.

Правила игры в волейбол состоят из следующих приемов: смена позиций учащихся, передача мяча друг другу, ввод мяча в игру, атака и блокировка.

***Ключевые слова:** Спорт, личность, здоровье, образование, физические упражнения*

ABSTRACT:Volleyball is one of the most popular games in the country. Its popularity is due to the fact that the rules of volleyball and the necessary equipment are simple, and the game is interesting and impressive.

The rules of the game of volleyball consist of the following techniques: changing positions of students, passing the ball to each other, putting the ball into play, attacking and blocking.

***Keywords:** Sports, personality, health, education, exercise*

1.1 Волейболшылардың жаттығуларын ұйымдастыру.

Спорт және қимыл ойындары - дене тәрбиесінің сезімталдыққа негізделген тәсілі, олар денсаулықты сақтауға және нығайтуға өте тиімді, сірә, спорт ойындарының ең қолайлы, кең тараған түрі волейбол болса керек. Волейбол еңбекші бұқараны дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға, президенттік сынақ тапсыруға тартудың күшті жолдарының бірі. Енді осы ойынның адам организміне әсері туралы қысқаша тоқталайық.

Ойын тактикасының қарапайымдылығы және доп үшін тікелей тартыстың жоқтығы волейболмен көпшіліктің жаппай айналысуына жол ашады. Ал волейболшылардың организміне түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл-жүгіру мұнда аз қолданылады. Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті калыптастыруға көмектеседі, тыныс жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда организмге игі әсер етеді.

Волейбол адамды коллективтік қимылға, жеке бас мүддесін команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті, болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру, спорт мамандарының бір ауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор. Сондықтан осынау тамаша ойын

әрбір мекеме, жоғары оқу орны, мектеп, демалыс орындарында берік орын алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Волейбол ойыны аумағы 9х18м алаңда өткізіледі. Ортадағы сызық алаңды екіге бөліп тұрады. Ортаңғы сызықтың үстіне екі бағанға керілген волейбол торы орантылады. Тордың биіктігі ойыншылардың жасына немесе ұл не қыздар командасы болып ойнауына қарай әртүрлі болады. Жасөспірім ер балаларға арналған тордың биіктігі-220 см, қыздар үшін 210см болады. Ойынға әрқайсысында 6 ойыншысы бар екі команда қатысады. Әр команданың ойыншылары өз алаңына ораналасады. Ойынға диаметрі 65-68см, салмағы 250г-дық доп пайдаланылады. Бір команданың ойыншылары допқа үштен артық қол тигізуіне болмайды. Осыдан кейін доп тордан асырылуға тиіс. Сондай-ақ бір ойыншы допқа қатарынан екі рет қолын тигізуіне рұқсат етілмейді.

Ойынның барысында доп қай алаңға түссе, сол командада осы жолы ұпайдан ұтылған болып есептеледі. Допты ойынға қосу хұқына ие болған қарсыластары сағат тілі бағытымен қозғалып, орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Қарсыласынан екі ұпай артықшылыкпен 15 ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Жасөспірімдердің ойыны 3 кезеңнен тұрады. Екі кезеңде ұтқан команда жеңген болып есептеледі. әр кезеңнен кейін командалар алаңдарын алмастырады. Шешуші кезеңдерде бір команда ұпай жинағаннан кейін екі команда алаңдарын алмастырады.

Волейбол- елімізде кең тараған ойындардың бірі. Оның көпшіліктік сипат алуы волейбол ойынының ережелері мен қажетті құрал-жабдықтарының қарапайым және бұл ойын қызықты да әсерлі болуына байланысты.

Волейбол ойынының ереже-талабы мынадай айла тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір-біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою. [3].

Волейбол алаңының аумағы шағын болғанына қарамастан ойын кезінде ойыншы тек өз орнын ғана сақтап тұрмайды. Ойын кезінде қажетті жағдайға байланысты орын ауыстыра беруінің үлкен мәні бар. Орын ауысытыру дегеніміз - техникалық тәсілдер мен тактикалық іс-қимылдарды шебер орындап шығу мақсатында командадағы ойыншылардың бір-бірімен орын ауыстыруы. Егер ойыншы бастапқы қалыпта қолайлы жағдайда тұрса, онда ол орын ауыстырулары да оңай орындайды. Ойыншының бастапқы қалпы-оның негізгі тұрысы. Волейболшының ең қолайлы бастапқы қалпы-екі қолын шынтақтан сәл ғана бүгіп, дененің салмағын екі аяққа тең түсіріп, кеудені аздап ілгері бейімдер тұру. Оқу -жаттығулар процесін жоспарлау мен ұйымдастыру әдістемесі.Арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары оқушыларын волейбол спорт ойынының қыр-сырына қанықтыру-өте күрделі процесс. Олар:

10. Волейбол ойыншысына тән дене құрылысы, күш-қуаты және ұжымдық әрекетке бейімдігі бар жаттығулар таңдау;

11. Әрбір жаттығушыларға тән психологиялық ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау;

12. 10-20 жас аралығындағылардың өсуі мен - анатомиялық -физиологиялық құрылымын зерделі тексеру;

13. Болашақ волейбол спорт ойынын жете меңгерушілерге қойылатын арнайы талаптарды үнемі басшылыққа алу қажеттігі;

14. Жаттығушылардың ойын барысындағы атқартын функцияларын алдын-ала белгілеу;

15. Жаттығу жүйесін алдын-ала жоспарлай отырып оның нәтижесін талдау;

16. алдағы болатын спорт жарыстарының мақсаты мен міндетін ойыншылармен бірлесе отырып талқылау;

17. Жаттығушыларды үнемі дәрігерлік байқаудан өткізіп, оларға берілетін жүктемелердің организм мүмкіншілігіне үйлесімділік табуын қадағалау;

18. Жарыс-жаттығу кезеңі мен демалу және ширақ мерзімдері арасындағы органикалық бірлестіктің мерзімін белгілеу;

Мұны даярлық дәрежесі бірдей екі команданың ойыны кезіндегі жазбаларға қарап анықтаған жөн. Волейболшылардың ойын қимылдарының тиімділігін анықтау үшін төмендегідей шарттар орындалуы қажет.

1. допты беру: тиімді-ұпай салынып, қарсы жақтың шабуылының ұйымдастырылуы қиындай түсті; тиімсіз доп беру правосынан айырылып, қарсы жақтың допты қабылдауы оңай болады.

2. допты қабылдау: тимді-допты ойыншылар дәл орындарында (тордан 1,5-2м7) қабылдауды немесе бірден қайтарады; тиімсіз-тордан 2 метрден астам жерде дәл қабылданбады, сондай-ақ екінші адамға беру қиындай түсті.

3. шабуылдай соғу: тиімді-ұпай салынды немесе доп беру правосы алынды, доп қарсы жақта ойында қалды, бірақ қарсы шабуыл болмады, доп өз жағында ойында қалып тағы да шабуыл ұйымдастырылды; тиімсіз- қарсы жақтың ұпай салуы немесе доп беру правосынан айырылу, доптың қарсы жақта қалып, олардың қарсы шабуыл ұйымдастырылуы, доптың өз жағына қалуы, бірақ жаңадан шабуыл ұйымдастырылмауы;

4. Тосқауыл қою: тиімді-ұпай салу немесе доп беру правосын алуы, доптың қарсы жақта ойында қалуы, доптың өз жағында қалып, қарсы шабуыл ұйымдастырылуы; тиімсіз-қарсы жақтың ұпай салуы немесе доп беру правосынан айырылуы, доптың өз жағында ойында қалуы, бірақ оның тік төмен құлдыауы;

5. Ойын үстінде допты беру: тиімді-бірден соғып қайтару, ойыншылардың өз орнында дәл қабылдауы, тиімсіз-қарсы жақтың ұпай салуы немесе доп беру правосын жоғалту, допты дәл қабылдай алмау.

6. Қорғаныс қимылдары және сақтану: тиімді -доптың өз командасының алдының үстіне қалуы; тиімсіз-қарсыластардың ұпай салуы немесе доп беру правосынан айрылу, доптың ойында қалуы, алайда қарсы жаққа жеберілуі немесе алаңнан шығып кетуі.

Магнитафонға жазу. Ойын қимылдарының тиімділігін анықтау үшін ойын процесін бақылау кезінде оған түсініктеме беріліп, әрбір ойыншының қимылы, етістік кемшілігі есепке алынуы қажет. Жекеленген әдістерді орындау сапасы жоғарыда айтылған шарттарға қарай бағаланады. Соның нәтижесінде волейболшылардың ойын шеберлігі ойын әдістерінің жалпы санына тиімді арылған әдістердің қатынасы бойынша анықталады. Спортшылардың дайындығындағы кемшіліктерді байқай отырып, әрбір ойыншы үшін жаттығу процесін жекелей жоспарлауға, сөйтіп олардың кемдеу жатқан қасиеттерін енмем әдістерін жетілдіруге әбден болады. Волейболшылардың шеберлігін арттыру жөнінде жаңа мәліметтерді жүзеге асыру үшін жоғарыда айтылған қасиеттер оның алдындағы классификацияның сипаттамаларына сай келуі қажет.

1.3 Жаттығу күрделілгінің көлеміне бақылау.

Жоспар жасаған кезде (күнделікті және перспективалық) жаттықтырушы спортшылардың жарыс жаттығуларындағы жетістіктерімен оларға түскен күш **мөлшерін** қатаң есепке алғаны жөн. Осындай жағдайда ғана әрбір спортшы үшін барынша тиімді жаттығу құралдарын таңдап алуға болады.

Мамандардың пікірі бойынша жаттығу кезінде түсетін күшке бақылау асау үшін «сыртқы» және ішкі көрсеткіштерді есепке алған жөн. [8].

Атқарылған жұмыстың көлемімен жиілігі организмге түскен күштің сыртқы көрінісі екені белгілі. Егер жеңіл атлетикада, жүзуде, ауыр атлетикада сқа да спорт түрлерінде нақты өлшемдер айқын көрсетілген болса , волейболда спортшыға түсетін күш дәрежесін алдын-ала анықтау мүмкін емес. программалық документтерде, кітаптарда және методикалық құралдарда шадай ұсыныстар бар: «4-5,6-3, 1-2» аймақтарына дәлдеп доп беру 20-нут». Бұл тапсырмада допты қанша рет беру қажеттігі айтылмаған. өрсетілген уақытта допты 150 рет, немесе 20 рет беруге болады. Бірінші және інші жағдайда адамға түсетін күш те әртүрлі болады. Міне, көріп ірсыздар, арнаулы шарттардың болмауы күш түсу динамикасына бір сабақта а емес жаттығудың үлкенді кішілі циклдарында тиімді басшылық жасауға ъікіндік бермейді. Осыған орай жаттығудың интенсивтілігін бағалағанда 4-тенің мәліметтерімен пайдалануды ұсынамын. Ол 1-2 разрядты

ортшылардың қатысуымен жүргізілген зерттеуден алынған. Бұл кестеде 1 нутта орындалған жеке ойын әдістерінің саны соларды қайталаудың ынастары берілген.

Жаттығуларды ойдағыдай ұйымдастыруы үшін студенттерге түсетін тің ішкі факторларына бақылау жасаудың үлкен мәні бар. өзінің тым делілігіне қарай бұл мақсатқа методико-биологиялық әдістерді қолдану ш-ақ сондықтан зерттеулер нәтижесінде волейболшыларға жаттығу кезінде етін күш мөлшері қарапайым байқаулар арқылы да анықтауға болады:

1. Қарапайым қимыл реакциясының (сезімталдығының) уақытын анықтау (үш рет қайталау қосындысымен).

2. Ең жоғары биіктіктің 98 процентіне жеткенше секіру, саны бойынша секіру төзімділікті анықтау.

3. 5-6 метр қашықтықтан баскетбол сакинасына доптан тастаудың дәлдігін анықтау (30 рет қайталау); допты тастаушының колының сақинаға жетуі де есепке алынады.

4. Волейбол алаңының периметрі бойынша бір қалыпты қарқынды 2 минут 30 секундта 10 айналым (510 м 10 айналым) жасаған соң 3 минуттан соң жүрек соғысының өз қалпына келуін есепке алу. Жаттығуда түсетін күш мөлшерін анықтау үшін аталған байқауларды сабаққа дайын және ол аяқталған соң 1-ші және 20 -шы минуттарда жүргізу қажет. Мұнан соң әрбір байқау шарты бойынша алынған нәтижелердің айырмашылығы жаттығу сабағына дейін және одан кейін есептеледі.

Әдебиеттер тізімі

1.Биданов Ж.Б.,Елшиев Б.Т.,Затыбеков КА Волейбол - дене тәрбиесі факультетіне арналған бағдарлама. Шымкент,2017, 32 бет.

2.Биданов Ж.Б., Мұхамадалиёв А.А. Волейбол. Шымкент, 2019,стр. 62

3. Железняк Д. К мастерству в волейболе. М., 2018, стр. 224

4.Мектепте волейболды оқыту методикасы. Алматы, 2017, -120 бет.

5.Жалпы білім беретін мектепке арналған дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасы. Алматы, 2016, 68-бет.

МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Маханбетова А.Қ
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ. makhanbetova198@mail.ru
Мильдоходжаева Г.С.
преподаватель кафедры «Физическая культура»
Tashenev University, г.Шымкент gulya_gym@mail.ru
Байдуллаев С.Р.
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University,

АННОТАЦИЯ:Бұл мақалада мектептегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері туралы айтылады

Түйінді сөздер: *Мектеп, жарыс, ұйымдастыру, бастауыш сынып, дене шынықтыру*

АННОТАЦИЯ:В данной статье говорится о особенностях организации и проведения соревновании в школе

Ключевые слова: *Школа, Соревнование, Организация, Начальный класс, Физическая культура*

ABSTRACT:This article deals with the peculiarities of organization and conduct of the competition in the school

Keywords: *School, Competition, Organization, Elementary Class, Physical Education*

Жүктеменің әсер етуінен, машықтану эффектісі пайда болады. Олар «жедел» - организмнін бір машықтану тапсырмасына беретін реакциясы, «калып-қою» - спортшының толық машықтану сабақтарынан кейінгі күйінің өзгеруі, «кумулятивтік» - спортшының бүкіл машықтану сабақтар жүйесінен кейінгі күйінің өзгеруі. Жекеленген машықтану сабағында жүктеме, өтіп-кеткен және одан кейінгі сабақтардың машықтану эффектілерімен логикалық байланысуы тиіс. Жүктемені қолдану амалдарының (құралдарының) спортшы организміне әсер етуін ескере отырып, машықтану жуктемелерінің келесі мінездемелерін бөліп карастырамыз:

1. Жуктеменің спецификалығы. Жарыстық әрекеттердің қимылдық құрамына, моторлық аппараттың жұмыс режиміне және энергоқамтамасыз ету механизміне жүктеменің сәйкестік деңгейін көрсетеді. Осы мінездемелері бойынша жүктемелер спецификалық және спецификалық емес, ал жаттығулар - жарыстық және қосымша болып бөлінеді.

2. Жүктеменің бағыттылыгы. Жеке дене икемділігінің, технико-тактикалық шеберліктің, психикалық дайындығының т.б. жетілуіне көмектесетін жүктемелерді осы белгілері бойынша бөлеміз. Жүктемелердін әсер етуі таңдаулы немесе кешенді болуы мүмкін.

3. Жүктеменін ұзақтылығы. Бірнеше секундтан ондаған минутка, кей кездерде сағаттарға (марафон), сөзылатын жаттығулардың ұзақтығын анықтайды. Жаттығудың ұзактығы мен жылдамдығының ауысуы, әртүрлі энергоқамтамассыз ету механиздерін жетілдіреді: жаттығуларды қысқа мерзімде, бірак үлкен жылдамдықта орындау - анаэробты өндірісті, ал жылдамдығы төмен, ұзақ жұмыс - аэробты өндірісті көтереді.

4. Жүктеменің интенсивтігі. Бұл жерде жүктеменін әсер ету күші анықталады, себебі ол уақыт бірлігінде орындалған жұмыс санынымен мінезделінеді (қимыл жиілігі, жылдамдық және т.б.).

5. Тынығу. Тиімді ұйымдастырылған тынығу шаралары, жүктемеден кейінгі жұмыс керлікті қалпына келтіруді қамтамассыз етеді. Қайталаулардың арасындағы тынығудың әр түрлі узақтығы мен турлі мінездемелері (белсенді, сылбыр), бірдей жүктемелер беруде, теңдей емес нәтижелер береді.

Машықтану жүктемелері мен жарыстық жүктемелер тығыз байланысты. Жарыстық жүктемелерге жарыстар мен старттар саны кіреді, олардың әр кайсысында төрт жыл, төрт жылдық цикл және т.б. бар. Жоғарғы жетістіктер спортында жарыстық жуктемелердің пайыздық қатынасының ұлғайуы байқалады. Жүгіргіштер бір жылдың көлемінде 60 ретке дейін жарыстарға шығады, жүзушілер - 140, велосипедшілер - 180, спорттық ойындарда - 80 - 90 ойын. Спорттық резервтарды даярлауда, жарыстық жүктемелердің көлемі осы көрсеткіштерге шамаластырылған. Буқаралық және балалар-жасөспірімдер спортында жыл бойғы жарыстардың саны мен оларды бөлу, спортшының спорттық дайындығының міндеттерімен және оқу режимімен анықталады

Спорттық жарыстар оқыту-тәрбиелеу процесінің бір бөлімі болып табылады. Олар мектеп ішіндегі, аудандық, қалалық және республикалық болып бөлінеді.

Жарыстын жалпы міндеті - балалардың спорттық жаттығулармен айналысуға белсенді қызығушылығын тәрбиелеу болып табылады.

Жарыс күнтізбесі мектептін дене тәрбиесі бағдарламасымен келісіліп және оларға дайындық мерзімін ескере отырып, сайыстар бүкіл оқу жылына теңдей белініп өткізілуді есепке ала отырып құрылады. Әдетте жарыстар күзгі айларда женіл атлетикадан, саяхаттан, бағдарлаудан, кросстардан, спорттық ойындардан өткізіледі; қысқы айларда - гимнастикадан, акробатикадан, мылтық атудан, шаңғы жарыстарынан және конькимен жүгіруден; көктемде - жүзуден, жеңіл атлетикадан, саяхаттан, кросстан және спорттық ойындардан.

Мектеп ішіндегі күнтізбе бойынша сынып ішіндегі, параллельді сыныптар командалары арасында, мектеп біріншілігіне арналып жоспар құрылады. Сынып ішіндегі жарыс мектеп бағдарламасындағы спорт турлерінің жаттығуларынан және «Президенттік тесттер» кешенінің нормативтерінен, сыныптағы мықты спортшыларды анықтау мақсатында өткізіледі. Мектеп

біріншілігіне өткізілетін жарыстың негізгі міндеті -мектептің құрама командасың жасақтау мақсатында мықты спорттық сыныптарды және мектептің жақсы спортшыларын анықтау. Мектеп біріншілігіне өткізілетің жарыстар сынып топтары бойынша өткізіледі, мысалы I-ші және II-ші, III-ші және IV-ші сыныптар арасында және т.б. Кіші және ортаңғы мектеп оқу шыларымен болатын сайыстар, жарыс шартында көрсетіліп, карапайым ереже бойынша өткізіледі, ал жоғарғы сынып оқушылары арасындағы жарыстарда - спорт түрлерінің ережелері толық сақталады. Жарыстарға сыныптағы дәрігердің рұқсаты бар оқу шылардың барлығы қатысады. Қорытынды көрсеткіш бағдарламаның барлық түрлеріндегі 20-25 жоғарғы нәтиже бойынша есептеледі. Қалалық және аудандық жарыстар екі категорияға белінеді. Бірінші категорияга мектептердің құрама командаларының арасындағы жарыстар жатады. II - IV сынып оқу шылары «Куш және грация» атты уранмен гимнастикалық жаттығулар жасап жарысады, III - VIII сыныптар - мини-футболдан, IX - XI сыныптар спорттық ойындардан, конькимен жүгіруден, шанғы жарысынан. Шахматтан және шашкадан жарыстар: «1000 мектеп кубогы» - IX - XI сынып оқушылары үшін, «Ак ладья» - IV - VIII сыныптар үшін, «Ғажайып шашкалар» - II - IV сыныптар үшін, «Күміс конькилер» - IV - VII сынып оқушылары үшін және т.б.

Екінші категорияға ең мықты сыныптар толык құрамымен (дәрігерлік босатылғандарынан басқалары) қатысатын жарыстар жатады: қимыл-көзғалыс ойындарынан «Жарыстарға дайынбыз» атты ұранмен - III - IV сынып командалары қатысады; қимыл-көзғалыс ойындарынан «Болашаққа сеніммен старты» - VI -VII сынып командалары қатысады; IX - XI сыныптар - шаңғы жарысынан; X - XI сыныптар - «Президенттік көпсайыстан». Қорытынды бағалау 20-25 жоғарғы нәтиже бойынша есептеледі.

Жасөспірімдер мен бойжеткендер арасындағы қорытынды жарыстар, жазғы спорт турлерінен республикалық жасөспірімдердің спорттық ойындары және қысқы спорт түрлерінен оқушылардың спартакиадасы. Республикалық жарыстардың негізгі міндеті - спорт мектептерінің спорттық резервтарды даярлаудағы жұмысының тиімділігін арттыру, ірі халықаралық жарыстарға қатынасу үшін еліміздің құрама командаларына спортшыларды іріктеп алу және даярлау. Республикалык оқушыпардың жарыстарына облыстардың және Астана, Алматы қалаларының құрама командалары қатысады. Жарыстардың шарттың, өткізілу орынын және мерзімің ҚР спорткомитеті жасап, бекітеді. Жасөспірімдердің жарыс бағдарламасы 35 -37 жазғы және қысқы спорт түрлерінін барлығың (бобслей мен фристайлдан басқа) қамтиды. Жарыстарға бекітілген квалификациялық нормаларды орындаған спортшылар жіберіледі. Мысалы, акробатикада, велоспортта, жүзуде т.б. - СШК; күресте, бокста, ескек есуде - I-ші спорттық разряд: футболда, қол добында, волейболда - I-ші жасөспірімдік разряд және т.б. Оқушылар бұл жарыстарда ұйымдастырушы, тереші, жарысқа қатысушы және жанкүйер екендіктеріне қарамастаң, спорттық жарыстар, оқушыларды жан-жақты педагогикалық тәрбиелеудің негізгі бір құрамы болып табылады. Дене тәрбиесін ұйымдастыру формасының бірі ретінде жарыстар бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі: ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастырады, командалық және жеке сайыс тактикаларын меңгертеді, қозғалыс мүмкіндіктерін кеңінен қолдантады, жігерлігін тәрбиелейді, түрлі сәтсіздіктерді ерлікпен көтеруге дағдыландырады.

Сынып ішіндегі, қосалқы сыныптар арасында, бір жастағы топтар арасында, бір жынысты және аралас командалар арасында, жеке, командалық және жеке-командалық мектеп біріншіліктері барлық денсаулығы дұрыс оқушыларға әртүрлі жарыстарға бірнеше реттен қатысуына мүмкіндік туғызады. Ал денсаулығы жарамсыз немесе түрлі себептермен уақытша дене тәрбиесі сабағына қатыса алмай жүрген оқушыларды осы жарыстарды атқаруға көмекші ретінде косқан жөн.

Мектеп жарыстарын көп және сапалы өткізу үшін оқушылар белсенділері, мектеп спорт клубы және мектеп жастар ұйымдарынын көмегі өте қажет. Сонымен қатар жалпы және ата-аналар комитеттері, камқорлыққа алған мекемелердің спортшылары, студент-практиканттар, жергілікті жерде тұратын спорт ардагерлері жарысты өткізуде едәуір көмектерін тигізе алады.

Жарыстарды өткізудің негізгі міндеттері жүктелген жоғарғы сынып оқушыларына бұл жарыстар дене тәрбиесі сабағында алған көптеген білімдерін толықтыруға, ұйымдастырушылық қасиеттерің қалыптастыруға кептеген көмегін тигізеді. Соңдықтан жарысты ұйымдастырып, өткізуге қатысатын оқушылардың «қызметтерін» деміл-деміл өзгерте отырып, осындай «сынақ мектебі» арқылы олардың «қосалқы мамандық» алып шығуларына көмектесу керек. Бұндай кепшілік мамандарының сабақтарыда қыска мерзімді семинарлар, жиылыстар, консультациялар үнемі еткізіліп тұруы керек. Дене тәрбиесінен бапталған белсенді оқушы - ол қамқорлыққа алынған бала-бакшаларында, тұрғылықты жерде, демалыс лагерьлерінде, т.б. жерлерде өткізілетін спорт мерекелерінде таптырмас көмекші болып саналады. Бала психологиясын, этика ережелерін және жалпы мәдениет, дидактикалық принциптерді, жарыс түрлерінің ерекшелігін ескере отырып, жарыстың көлеміне және түріне қарамастан оларға бірдей әдістемелік талаптар қойылуы керек. Кез келген жарыс негізделген, асықпай, өте жақсы ұйымдастырылған, әсем және кез тартарлықтай болып өткізілуі керек. Сауаттандыру, сауықтыру және насихаттау күшін арттыру үшін бірқатар заңдылықтарды ұстану керек: жарыс бағдарламасы оған қатысушылардың физикалық және Техникалық деңгейіне сай болуы керек; жарыстың ұйымдастырылуы әдістемелік сауатты болуы керек; әділ төрешілік; жарысқа қатысушылар мен көрермендердің көңіл-күйін дұрыс бағыттай білу және т.б. Кептеген әдіскер мұғалімдердің ойларымен мынандай төрт негізгі кеңес құрастырылған:

1. оқушылар мен керермендер бұл жарыстарға катысудан толық қанағат алуы үшін жарыстың көлеміне қарамастан оған өте үлкен зейінділікпен және асқан үйымшылдықпен дайындалу керек;

2. жарыстың етуін, бүкіл сценариін, төрешілерді мұқиат үйретуден бастап, алаңдарға белгілер салып және оны әсемдеп, безендіруге дейін, бірін қалдырмай ойластыру керек:

3. жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жылдам анықтап, оларды сол жерде, керермендердің алдында марапаттау керек;

4. әр жарыстың алдында оның қашан, қай жерде өтетінін, ал жарыс аякталған соң жекеше және командалық біріншілігінің қорытындысы туралы мәліметтерді шығарып, іліп қойу керек.

Мектеп спорт жарыстарын ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі, төменде жобалап алынған жоспар бойынша толық бір кешен шараларды қарастырады:

1. Құрамын жарыстың көлемі ие байланысты етіп, инициативалық топ немесе ұйымдастыру комитетін құру. Ең тиімді саны 3-4 жарыстарды ұйымдастыруда тәжірибесі бар адамдардан тұруы керек.

2. Бекітілген форма бойынша «Жарыстың шартын» құрастыру керек. Ол дене тәрбиесі ұжымының кеңесінде карастырылып, бекітіледі және мектеп әкімшілігімен келісіледі.

3. Жарыстың жоспарын құрып, оны еңдеуден өткізу. «Көнілді сөре», «Ал қанеки, ұлдар», «Жігіттің сұлтаны» т.б. осы сияқты кешенді мінездегі ойындардың жоспарына әсіресе мұқият өндеу жасау керек. Бағдарламада жарыстың теққана ойың, бәсеке мазмұның ғана емес, сонымен қатар жанкүйерлер сайысы, айрықша көрсетілімдер, тағы да басқа алуан түрлі қызықты кезеңдерін қарастыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Тайжанов С. Дене тәрбиесі: 1-кітап. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі: Оқулық.-Алматы: Эверо, 2019-228 б.

2. Тайжанов С. Дене тәрбиесі: 2-кітап. Бастауыш сынып оқушыларына дене тәрбиесі.Оқулық.-Алматы: Эверо, 2019-296 б.

3. Тайжанов С. Дене тәрбиесі: 3-кітап. Орта және жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі.Оқулық .-Алматы: Эверо, 2019.-400 б.

4. Марчибаева Ұ.С. Дене шынықтыру.Оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: Эверо, 2019.-112 б.

МЕТОДИЧЕСКИЕ И ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОТБОРА И НАБОРА ДЕТЕЙ ДЛЯ ЗАНЯТИЙ СПОРТИВНОЙ ГИМНАСТИКОЙ

Мильдоходжаева Г.С.
преподаватель кафедры «Физическая культура»
Tashenev University, г.Шымкент gulya_gym@mail.ru
Маханбетова А.К.
преподаватель магистр наук кафедры «Физическая культура»
TashenevUniversity, г.Шымкент makhanbetova198@mail.ru
Токсонбаев Р.Н
преподаватель кафедры «Физическая культура»
Tashenev University, г.Шымкент

Аннотация:Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін, көп жылдық тұрақты, қарқынды жаттығуларды қажет етеді. Сондықтан дарынды балалардың қажетті мәліметтерін бастапқы кезеңде анықтау өте маңызды. Осы мақсаттаспорттық гимнастикаға балаларды іріктеудің әдістемелік және ұйымдастырушылық ерекшеліктері әзірленді.

Түйінді сөздер: *Жылдамдық, төзімділік, ептілік*

Аннотация:Чтобы добиться высоких спортивных результатов, необходимы долгие годы регулярных, напряженных занятий, а также соответствующие способности.

Поэтому очень важно своевременно на первоначальной стадии выявитьданные талантливых детей. Для этого разработаны методические и организационные особенности отбора детей в спортивную гимнастику.

Ключевые слова: Скорость, выносливость, ловкость

Annotation:To achieve high sports results requires many years of regular, strenuous practice, as well as appropriate abilities.Therefore it is very important to identify talented children in a timely manner at the initial stage. Designed for this purpose methodological and organizational features of selecting children for artistic gymnastics.

Keywords: Speed, endurance, agility

Общий термин **«Гимнастика»** - это система физических упражнений для укрепления здоровья и всестороннего физического развития человека.

Спортивная гимнастика- основополагающий вид спорта, включает учебно-тренировочную работу и соревнования в выполнении на 6-ти снарядах у мужчин:в вольных упражнениях, опорном прыжке, коне, кольцах, параллельных брусьях и перекладине, и у женщин на 4-х снарядах: в опорном прыжке, на разновысоких брусьях, бревне и вольных упражнениях.

Спортивная гимнастикаотносится к олимпийскому виду спорта, ее признали, как вид спорта в 1896 году, когда была включена в программу первых современных Олимпийских игр. И с тех пор спортивная гимнастика остается их подлинным украшением.

Для современного спорта характерны стремительный рострекордов, значительная интенсификация тренировочных и соревновательных нагрузок. Чтобы добиться высоких спортивных результатов необходимо 8-10 лет напряженных тренировок. Поэтому очень важно своевременно выявить спортивные способности у детей. Начинается этот процесс со спортивного отбора или ориентации.В целом ядро спорта состоит из трех элементов: спортивного отбора, тренировки и соревнования. Именно эти три элемента являются той основой, через которую проявляется функционирования и развитие сферы спорта в целом.

По мнению ряда авторов**спортивный отбор** — это система организационно-методических мероприятий, включающих использование различных методов

исследованияпедагогических,медико-биологических,психологических, социологических, на основании которых выявляются способности детей, подростков и юношей для специализации в определенном виде спорта.Педагогические методы позволяют оценивать уровень развития физических качеств, координационных способностей и спортивно-технического мастерства юных спортсменов. На основе медико-биологических методов выявляются морфофункциональные особенности, уровень физического развития, состояние анализаторных систем организма спортсмена и *состояние его* здоровья. С помощью психологических методов определяются особенности психики спортсмена, оказывающие влияние на решение индивидуальных и коллективных задач в ходе спортивной борьбы, а также оценивается психологическая совместимость спортсменов при решении задач, поставленных перед спортивной командой.Социологические методы позволяют получить данные о спортивных интересах детей, раскрыть причинно-следственные связи формирования мотиваций к длительным занятиям спортом и высоким спортивным достижениям.

Спортивный отбор или ориентация — система организационно-методических мероприятий, позволяющих наметить направление специализации юного спортсмена в определенном виде спорта исходит из оценки возможностей конкретного человека, на основе которой производится выбор наиболее подходящей для него спортивной деятельности.Выбрать для каждого занимающегося вид спортивной деятельности это задача спортивной ориентации; отобрать наиболее пригодных, исходя из требований вида спорта это задача спортивного отбора.

Большое разнообразие видов спорта расширяет возможность индивида достичь мастерства в одном из видов спортивной деятельности. Слабое проявление свойств личности и качественных особенностей применительно к одному из видов спорта не может рассматриваться как отсутствие спортивныхспособностей. Малопредпочтительные признаки в одном виде спортивной деятельности могут оказаться благоприятными факторами и обеспечивать высокую результативность в другом виде. В связи с этим прогнозирование спортивных способностей можно осуществлять только применительно к отдельному виду или группе видов, исходя при этом из общих положений, характерных для системы отбора.Важно определить то, в каком конкретно направлении наиболее целесообразно ориентировать спортивную деятельность, чтобы с возможно большей эффективностью содействовать развитию их индивидуальных способностей, формированию и удовлетворению возвышающих личность потребностей и интересов.

В методическом плане спортивную ориентацию и отбор основывают на ряде принципиальных положений. К ним следует отнести понимание способностей как структуры достаточно стойких, но изменяющихся под влиянием воспитания качеств личности, определяющих успешность обучения и совершенствования в определенной деятельности. Психологи рассматривают способности во взаимосвязи с анатомо-физиологическими особенностями организма человека, с задатками и с условиями внешней среды, которые облегчают или затрудняют их развитие.

Специалисты сходятся во мнении, что верно определить индивидуальную предрасположенность к спортивным достижениям путем каких-либо одноразовых процедур (наблюдение, тестирование и т.п.) за короткое время невозможно. Невозможно по двум основным причинам:

1. Спортивная предрасположенность – многосложный комплекс индивидуальных свойств (биофизических и личностно-психических), ряд которых созревает и проявляется не одновременно, а разновременно, в зависимости от возраста и стажа спортивной деятельности;

2. Индивидуальные возможности спортивных достижений и личностные установки на их реализацию динамичны, причем изменяются как в силу естественных особенностей индивидуального развития, так и под воздействием социальных условий жизни. Отсюда

следует, что диагностику (от «диагноз» - распознание, определение) индивидуальной спортивной предрасположенности, а значит и опирающуюся на нее спортивную ориентацию необходимо осуществлять не в качестве некоего разового мероприятия, а в качестве поэтапно возобновляемого процесса. Авторы условно подразделяют многолетнюю спортивную деятельность на три большие стадии, каждая из которых охватывает ряд лет индивидуальной жизни — стадию базовой подготовки, стадию максимальной реализации спортивно–достиженческихвозможностей и стадию «спортивного долголетия». Закономерности оптимального построения системы подготовки спортсмена обязывают обеспечивать первичную спортивную ориентацию и уточнять ее с относительно твердым выбором предмета углубленной спортивной специализации, направления и параметров последующей спортивной деятельности.

В практике использования контрольных упражнений наряду с учетом их валидности, надежности и объективности рекомендуется придерживаться определенных методических правил:

1. Упражнения-тесты должны быть предельно просты и в то же время сходны с основными движениями, составляющими программу обучения на этапе отбора и начальной подготовки.

2. Упражнений должно быть немного, причем важно, чтобы они не дублировали друг друга.

3. Тест должен измерять лишь один признак, качество или определенный его компонент.

4. Контрольное упражнение должно поддаваться строгой регламентации и оценке.

Для оценки физического состояния в начальном отборе используется комплекс тестов, которые составляют программу испытаний по специальной физической подготовке. Основная цель этих испытаний — не только определить лучших, но и оценить результаты тестирования. С этой целью на основе большого статистического материала разрабатываются специальные оценочные таблицы.

Выявление стабильных показателей позволяет с уверенностью прогнозировать индивидуальное развитие юного спортсмена, поскольку преимущество над сверстниками по таким показателям сохранится и в будущем.

Практика подготовки спортсменов свидетельствует о том, что вершин в спорте могут достичь только те спортсмены, которые обладают комплексом врожденных и приобретенных способностей изучением которых занимаются многие ученые и тренеры. В ряде исследований посвященных этой проблеме специалисты считают, что выявление способностей к успешной спортивной деятельности возможно уже в детском и подростковом возрасте.

С этой целью изучаются генетически обусловленные особенности строения тела и определяется предрасположенность спортсмена к тому или иному виду спорта.

Говоря о спортивной гимнастике к числу основных факторов, составляющих структуру индивидуальных качеств спортсмена относятся морфофункциональные особенности, специально физические качества, координационные способности, состояние анализаторных и функциональных систем организма.В гимнастике, где основные движения связаны с преодолением сопротивления собственной массы тела наболее информативными являются относительные показатели мышечной силы. Экспериментальная практика и лонгитюдные наблюдения исследователей доказывают наследственную природу относительной силы она консервативна трудно поддается развитию, что подтверждается корреляционным анализом между ее ювенильными и дефинитивными значениями. Отмечается, что у юных гимнастов присущие мастерам спорта нередко встречаются показатели относительной силы. Именно эти гимнасты как правило наиболее успешно овладевают мастерством. В то же время спортсмены с дефицитом относительной силы, который особенно ощущается в период полового созревания отсеиваются из ДЮСШ в первую очередь. Однако некоторые гимнасты и со средним уровнем относительной силы проявляют высокую степень ее реализации в

контрольных испытаниях по СФП (специальной физической подготовке) и в соревнованиях. Результаты в гимнастике во многом зависит от возраста, роста, весовых данных и пропорций.

Современная спортивная гимнастика характерезуется напряженностью соревновательного процесса и еще более напряженным тренировочным процессом, постоянно повышающейся координационной сложностью выполняемых упражнений, необходимостью формирования стабильных и надежных технических навыков. В связи с этим значительно повышается актуальность контроля и оценки физической и в большей степени координационной подготовленности на начальном этапе отбора детей в группе спортивной подготовки. Специфика двигательной деятельности в спортивной гимнастике ставит высокие требования к детям 6-7 лет при отборе на данный вид спорта. Для более качественного освоения программы спортивной подготовки необходимо уже на этапе отбора предвидеть те ведущие факторы, которые обеспечат высокие и стабильные результаты в спорте высших достижений.

С каждым годом спортивная гимнастика становится все более сложным технически координационным видом спорта. Это связано с большим ростом новых все более сложных элементов. Требования, как к произвольным программам, так и к обязательным растут, сам по себе процесс подготовки гимнастов будет представлять собой сложный и весьма длительный путь, в начале которого лицо представляет собой лишь новичка и по окончании, которого он должен стать мастером. На первом этапе данного пути ребенок начинает посещать секцию или кружок, затем его приобщают к активным занятиям (в возрасте 6 лет), после чего у него будет формироваться спортивный характер. Однако сами занятия можно проводить начиная с 5 лет, что неоднократно подтверждалось практикой. Также стоит отметить, что в самом начале тренировочного процесса необходимо сформировать гимнастический стиль юного спортсмена. Мы можем наблюдать омоложение спортивной гимнастики, потому как все более юные гимнасты выполняют сложнейшие элементы. Поэтому представляются результаты исследовании, которые доказывают эффективность подхода к новой методике начального отбора. Из всех детей, которые желают заниматься спортивной гимнастикой, достичь высоких результатов могут не все, а выявить таких детей позволяет именно спортивный отбор.

Литература

1) Спортивная ориентация и отбор для занятий гимнастикой. Г.И.Семенова,2015г.

2) Оценка координационных способностей детей 6-7 лет для зачисления на начальный этап спортивной подготовки по спортивной гимнастике. (Щербаков И.А./2018 г.)

3) Методика первичного отбора, С.В.Чудинов, 2022г

4) Характеристика физического состояния детей 7 лет на этапе отбора для занятий гимнастикой (Даулетшин И.И./ 2013.г)

ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОРГАНИЗМНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ТӨЗІМДІЛІКТІ ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІМЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Молдабеков Е.О.
Алтынбеков Б.С.
«Дене шынықтыру» кафедрасының аға оқытушы
Tashenev University,Шымкент қ.
Ниязов А.Т.
Коммунальное государственное учреждение "Шымкентская городская специализированная детско-юношеская спортивная школа олимпийского резерва №6 по видам тенниса" Шымкент

АННОТАЦИЯ:Организмнің жалпы алғандағы немесе қандай да бір функционалдық жүйесінің жұмысқа қабілеттілік диапазонын қалай анықтауға болады? Осы анықтаудың белгілі қиындығы адекватты күш түсіруді дұрыс таңдау керектігімен байланысты.

Түйін сөздер: Балалар мен жасөспірімдер спорты, функционалдық жүйелерді қалыптастыру, дене шынықтыру

АННОТАЦИЯ:В статье рассматривается формирование функциональных систем формирующего органа с методами развития толерантности

Ключевыеслова:*Детско-юношеский спорт, формирование функциональных систем, физическая культура*

ABSTRACT:The article discusses the formation of functional systems of a plant organ with methods for developing tolerance

Keywords:*Children and youth sports, the formation of functional systems, physical education*

Қан айналу жүйесінің қалыптасуы және функционалдық күйі балалардың дені сау болуы мен дене қасиеттерінің толыққанды болуының маңызды шарты болып табылады. Қан айналу жүйесінің қызметі заттардың ұлпалық алмасу деңгейін, оның ішінде газ алмасуды да қалыпты ұстап тұруға қызмет етеді. Жүректің салмағы жас өсе келе, дене салмағының артуына сәйкес арта түседі. Төзімділікті жетілдіруге бағытталған жаттығуларды орындаған кезде балалардың жүрек қысқарулары, әдетте, минутына 200 соққыдан арта отырып, айтарлықтай өсе түседі. Зерттеулер қашықтық ұзағырақ болған сайын, жүректің минуттық көлемі соғұрлым көбірек екендігін көрсетіп берді. 800 м жүгіріп өтудің аяғына қарай жүрек уақыт бірлігінде тамырларға өзі лақтыруға қабілетті болатындай қанның мөлшерін лақтырады екен. Баланың дене қасиеттерін тәрбиелеу процесінің тиісті деңгейде өтуі және оны дене қасиеттерін жетілдіру жолымен бағыттау дене қасиеттерін тәрбиелеудегі белгілі бір шарттар кезінде мүмкін болады. Негізгі шарттардың бірі адам организмнің жас ерекшеліктерін ескеру болып табылады. Сондықтан бұдан әрі төменгі мектеп жасындағы балалардың организмінің маңызды морфо-функционалдық сипаттамаларын және олардың тіршілікті қамтамасыз ететін жүйелерінің күйін қарастыру керек болады. Дене қасиеттерін тәрбиелеу практикасы үшін бала организмінің функционалдық мүмкіндіктерінің көрсеткіштері денеге күш түсіруді, қимыл-қозғалыс әрекеттерінің құрылымын, организмге әсер ету әдістерін таңдаған кезде жетекші критерийлер болып табылады.

Біздің заманымызда педагогика ғылымы адам моторикасының дамуының заңдылықтары туралы үлкен фактілік материал жинақтаған.

Төменгі мектеп жасында (7 жастан 10 жасқа дейін) организмнің қарқынды жетілуі, сонымен қатар дене қасиеттерінің дамуы мен ойлау қабілеттерінің жетілуі жалғасын табады.

Бастауыш сыныптарда оқитын балалардың бұлшық еттері мен буындары қарқынды түрде дамиды, нығая түседі, бұлшық ет көлемінің айтарлықтай өсімі байқалады. Ірі бұлшық еттер ұсақ бұлшық еттерден ертерек дамиды, сондықтан балалар үлкен амплитуданы талап

ететін қозғалыстарды жеңілірек, ал үлкен дәлдігімен ерекшеленетін ұсақ қимылдарды қиынырақ орындайды. Демек, төзімділікті көрсету талап етілетін, циклдік сипаттағы жаттығуларды (жүгіру, велосипед тебу, суда жүзу) орындау балаларға қимылдардың жоғарғы үйлесімін талап ететін жаттығуларға қарағанда оңайырақ түседі.

Қимыл-қозғалыс қызметі қасиеттерінің бастапқы деңгейін, сонымен қатар организмнің вегетативтік жүйелерінің бейімделгіштігін және төзімділікті дамыту барысында олардың өзара әрекеттесу динамикасын анықтау адамның морфологиялық және функционалдық бейімделу көрсеткіштеріне бақылау жасалуын талап етеді.

Организмнің жалпы алғандағы немесе қандай да бір функционалдық жүйесінің жұмысқа қабілеттілік диапазонын қалай анықтауға болады? Осы анықтаудың белгілі қиындығы адекватты күш түсіруді дұрыс таңдау керектігімен байланысты. Осылардың организмнің функционалдық резервтерін анықтауға шын мәнінде мүмкіндік беруі маңызды болып келеді.

Ақыр соңында бұлшық еттің тыныштық қалпындағы тыныс алудың минуттыө мөлшерін анықайтын, тыныс алудың жиілігі мен тереңдігі белгілі бір қызығушылық тудырады. Жас өсе келе тыныс алу жиілігінің абсолюттік мөлшері біршама төмендеп, ал тыныс алу тереңдігінікі болса арта түседі.

Тыныс алудың минустық көлемінің өзгерулері қимыл-қозғалыс режимінің көлемі мен сипатына байланысты болып келеді. Зерттеулерге сәйкес, төзімділікті дамытумен жүйелі түрде айналысатын балаларда, басқа топтарға қарағанда, тыныс алудың минуттық көлемі азырақ және, жас өсе келе (демек, шұғылдану стажына да қарай) азаяды. Төзімділікті дамытумен шұғылданып жүрген балалардағы тыныс алудың минуттық мөлшерінің өзгеру динамикасы – жаттығудың тыныс алу жүйесіне үнемдегіш әсер ету көріністерінің бірі .Төзімділікті дамытатын спорт түрлерімен айналысатын 9-10 жасар мектеп оқушыларында, өкпенің максималды вентиляциясының абсолюттік мәні олардың спорттың басқа түрлеріне маманданған құрбыларына қарағанда жоғарырақ келеді.

Төзімділікті дамытуға бағытталған жүйелі шұғылданулардың барысында көптеген спирометриялық көрсеткіштердің: өкпенің өмірлік сыйымдылығының, тыныс алудың минуттық көлемінің және т.с. қандай да бір дәрежеде көрініс тапқан оңды қозғалыстары байқалады.

Зерттеулер дене қасиеттерінің дамуы мен сыртқы тыныс алу көрсеткіштері арасында айтарлықтай тығыз байланыс байқалатындығын көрсетіп отыр. Әрине, сыртқы тыныс алудың жекелеген көрсеткіштері де өзара корреляцияланып отырады. Демек, төзімділікті дамыту тәсілдерін мақсатқа лайықтап қолдану жағдайларында, организмнің морфологиялық қайта құрылуымен бірге, сыртқы тыныс алу органдарының функционалдық күйі жетіле түседі деген сөз.

Жаттығып жүрген балаларда, ересек мектеп оқушыларындағыдай дәрежеде болмаса да, екпінді көлемнің артуы есебінен циркуляцияның минуттық көлемінің артуы айтарықтай көрінеді.

Жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған жүйелі жаттығулардың, сабақтардың маңызы олардың балғын организмде бар потенциалдық мүмкіндіктерді арттыратын әсерлерімен анықталады. Бұған, соның ішінде жекелей алатын болсақ, гемодинамиканың және басқа да функционалдық жүйелердің функционалдық қайта құрылуы ықпал етеді: ол бұлшық ет тыныштығы жағдайында, организм оған шамадан жоғары талаптар қойылған кезде пайдаланатын бай қорларды жасайтын, функциялардың үнемділігін қамтамасыз етеді.

Төзімділіктің физиологиялық негізі болып аэробтық қабілеттер табылады: олар салыстырмалы түрде шағын спецификалы және орындалатын жаттығулардың түріне шағын дәрежеде байланысты болып келеді. Сондықтан, мәселен, егер адам өзінің аэробтық мүмкіндіктерін арттырған болса, бұл оңды жәйт қимылдың алуан түрлі жаттығуларын орындауға септігін тигізеді. Орындалатын жұмыстың қуаттылығы неғұрлым төмен болып, оған қатысатын бұлшық еттердің саны көбірек болған сайын, оның нәтижелілігі соғұрлым азырақ дәрежеде қимыл-қозғалыс дағдысының жетілгендігіне және көбірек дәрежеде – аэробтық мүмкіндіктерге байланысты болады. Организмнің вегетативті жүйесінің

функционалдық көрсеткіштерінің жақсаруы аэробтық бағытталған барлық жаттығуларды орындаған кезде байқалатын болады. Міне, сондықтан да аэробтық энергетикалық қамтамасыз ету жұмысына жататын төзімділікті жалпы төзімділік деп атайды.

Жұмысқа қабілеттілік адамның табысты тіршілік әрекетін жасауы үшін қажетті төзімділіктің негізі болып табылады.

Аэробтық мүмкіндіктер:

- оттегін максималды тұтынудың абсолюттік және салыстырмалы шамасымен анықталатын аэробтық қуаттылықпен (ОМТ);
- аэробтық сыйымдылықпен – бүкіл жұмысқа оттегін тұтынудың қосынды шамасымен;
- анаэробтық алмасу табалдырығымен (ПАНО) сипатталады.

Аэробтық процестердің жоғары қуаттылығының және тұрақтылығының есебінен бұлшық ет ішінің ресурстары тезірек қалпына келеді және жұмыстың өзінің барысында организмнің ішкі ортасындағы қолайсыз өзгерістер жылдамырақ өтеледі, қарқынды күш салуға, жылдамдық-күштік денеге күш түсуге және үйлестірілуі жағынан күрделі қимыл-қозғалыс әрекеттеріне төзімділік қамтамасыз етіледі, сабақтар арасындағы кезеңдердегі қалпына келу процестерінің өтуі жылдамдай түседі деп есептеледі.

Төзімділік проблемасының әр түрлі ғылымдар (педагогика, психология, медицина, физиология және т.б.) тұрғысынан зерттелуі мүмкін. Алайда төзімділік қандай аспектте қарастырылса да, өзінің мәнісі бойынша ол адамның жұмысқа қабілеттілігі секілді түсініктен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда дененің жұмысқа қабілеттілігі спорт практикасында ең кең зерттелуде және медициналық-биологиялық та, спорттық-педагогикалық та бағыттағы мамандар үшін зор қызығушылық тудыруда. Дененің жұмысқа қабілеттілігі – спорттық табыстың аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл қасиет сондай-ақ өндірістік қызметтің көптеген түрлерінде анықтаушы, күнделікті өмірде қажетті, жаттықтырылатын және жанама түрде адамның дене қасиеттерінің дамуы мен денсаулығының хал-жайын, оның дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға жарамдылығын көрсететін қасиет болып табылады. Тұжырымдамалардың айырмашылығына қарамастан, барлық авторлар жұмысқа қабілеттілік адамның орындауға жағдайы бар жұмыстар максимумы, яғни өзі үшін жұмыстың максималды мүмкін болатын көлемін орындауға қабілеттілігі болып табылады дегенде бірауызды болып отыр.

Көптеген мамандардың пікірінше, төзімділік еңбек, спорттық және әскери іс-әрекетте нақтылы көрінісін табатын, адам организмінің жалпы қасиеті болып табылады. Демек, осы сөздің жалпылама мағынасында төзімділікті анықтаған кезде тар көзқарас болмауы керек. Өте күрделі құбылыс болып келетіндіктен, бұл анықтама әр түрлі жақтарды, қырларды қамтуы керек. Аталмыш құбылыстың буындарының бірі, жекелей алар болсақ, қандай да болсын қызметті, іс-әрекетті орындауға орай дененің жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуінен көрініс табатын қажып, болдырумен, қалжумен тығыз байланысты. Қажып, болдыру механизмдерін және оның даму кезеңдерін білу мектеп оқушыларының функционалдық күйін және жұмысқа қабілеттілігін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Адамның қажып, болдыруының негізгі және объективті белгісі оның дене жұмысына қабілеттілігінің төмендеуі болып табылады. Алайда жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі әрқашан да қажып, болдыру белгісі бола бермейді. Дене жұмысына қабілеттілік адамның жоғары температура мен ауаның ылғалдылығы және т.б. секілді қолайсыз жағдайларда болуының салдарынан төмендеуі де мүмкін .

Екінші жағынан алсақ, орташа күш түсірумен ұзақ уақыт жұмыс істеу айқын білінетін қажып болдыру фонында, бірақ өнімділіктің төмендеуінсіз өрбуі мүмкін. Демек, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі оның нақтылы орындалған дене жұмысының салдарынан болғандығы белгілі болғанда ғана қажып, болдыру белгісі болып табылады. Қажып-болдырған кезде жұмысқа қабілеттілік уақытша төмендейді, ол күн сайынғы күнделікті демалыс кезінде жылдам қалпына келеді. Қажып, болдыру күйінің өз динамикасы бар – жұмыс кезінде күшейе түседі және демалыс барысында азаяды. Қажып, болдыруды дене іс-

әрекетінің, жұмысының барысындағы организм күйінің табиғи, қалыпты функционалдық күйі ретінде қарастыруымызға болады. Қажып, болдыруды бағалаудың келесі бір маңызды критерийі организм функциясының жұмыс істеу кезінде өзгеруі болып табылады. Бұл ретте қажып, болдыру дәрежесіне сәйкес функционалдық өзгерістер әр түрлі сипатқа ие болуы мүмкін. Қажып, болдырудың бастапқы кезеңінде клиникалық-физиологиялық көрсеткіштер тұрақсыздығымен және өзгерістердің әр түрлі бағытталған сипатымен ерекшеленеді, алайда олардың ауытқулары, әдетте, физиологиялық нормативтердің шегінен шықпайды.

Созылмалы қажып болдырған кезде, әсіресе шамадан тыс қажып, болдырғанда, бір мезгілде адамның кәсіптік қызметінің деңгейі төмендей отырып, организмнің барлық функционалдық көрсеткіштерінің бір бағытта айтарлықтай нашарлап кетуі орын алады. Қайталанып отыратын қоздырғыш кезінде жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуіне себепші болатын негізгі механизм қозу іздерінің қозғалу анализаторының қыртыс бөлімдерінде ұзақ уақыт жинақталуы болып табылады, ол қозғалу жүйесінің элементтерінің қозушылығының төмендеуіне және тұрақсыздығына алып келеді.

Осылайша, бірқатар авторлардың мәліметтері бойынша, жоғары дене жұмысына қабілеттіліктің негізінде жұмыс істеу қозғалыстарының қарқыны ұлғайған кезде бұзылып, жұмысқа қабілеттілік деңгейін төмендетуі мүмкін, қозу мен тежелу процестерінің оптималды кезектесіп отыруы жатыр. Дамып келе жатқан қажып, болдырудың себебі қарқынды немесе ұзаққа созылған іздік қозудың жинақталуы болып шығады. Бұл ретте, жұмыс істеу қозғалыстарының қарқыны неғұрлым жоғары болған сайын, қозу іздері соғұрлым қарқындырақ жинақталады және қозғалыс аппаратының жүйке орталықтарындағы болатын тежелудің даму жылдамдығы соғұрлым жоғары болады.

Әдебиеттер

1. Агаджанян, М.Г. Структурно-функциональная адаптация спортивного сердца/ М.Г. Агаджанян // Спортивная кардиология и физиология кровообращения, 17 мая 2006 г.: науч. конф. Федер. агентство по физической культуре и спорту. - М., 2006. - С. 8-10

2. Алешина, М.С. Структура тренировочных нагрузок в годичном цикле для развития и поддержания специальной выносливости у юных лыжников-гонщиков / М.С.Алешина: Автореф. дис. ... канд. пед. наук; Тула, 1995.-26с.

3. Антонюк, С.Д. Влияние дифференцированных режимов двигательной активности на физическую подготовленность и физическое развитие подростков, обучающихся вшколах различного типа / С.Д. Антонюк: Автореф. дис. ... канд. пед. наук: ГЦОЛИФК. -М., 1991. -23 с.

4. Анушкевич, Н.В. К проблемам физического воспитания в общеобразовательной школе / Н.В. Анушкевич // XIII Международная научно-практическая конференция по проблемам физического воспитания учащихся «Человек, здоровье, физическая культура и спорт в изменяющемся мире»: Матер. конф. - Коломна, Министерство образования РФ, 2003, том 1.С. 52-54

Ұлттық ойындарды бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесін сабағында қолданудың негіздері

Муталиев Б.Т.
«Дене шынықтыру»кафедрасы ғ.м., аға оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ. Bekaris@inbox.ru

Асабаев Н.А.
"№35 Болашақ жалпы білім беретін
мектеп " КММ директоры
Мақтарал ауданы

АННОТАЦИЯ:Мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы айтылады

АННОТАЦИЯ:В статье речь идет о психолого-педагогические основах применения национальных игр в физическом воспитании учащихся начальных классов

Annotation:The article deals with the psychological and pedagogical foundations of the use of national games is the physical education of primary school students.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектебі қазіргі кезендегі дағдарыстан шығаратын қуатты тапсырыстарға жол ашты. Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Білім туралы» Заңы осының кепілі. Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді.

Бастауыш сатыдағы білім берудің мақсаты оқу - әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекетестіру, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау. Бүгінгі күні дидактика саласындағы өзекті мәселелердің бірі білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойынды оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Ойыншының әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Эльконинның сөзімен айтсақ, «Ойын - ол адамдардың арасындағы элеуметтік арақатынасындағы практикалық білімдері және қызметі»[1]. Ойын оқыту үдерісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейдингтің «Ойыншы психологиясы»[2], Э.Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар»[3] атты еңбектері жазылады.

Балдырған отбасы тәрбиесі арқылы және өзін қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ал адамға ана тілінен ардақты не бар? Ол туралы әйгілі педагог К.Д.Ушинский[4] былай деп өте тамаша жазған: «...Ана тілі - ақыл- ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы: одан барлық түсінік басталып, сол арқылы өтіп және оралып отырады. Ана тілі идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны талдаудың бірден-бір құралы. Егер оқушы бұл құралды нашар меңгерсе, онда оның оқуына да үлкен қиыншылық туатыны сөзсіз». Сондықтан да мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларға ана тілін оқыпудың тиімді әдістеріне ерекше мән берілуі тиіс деп білеміз. Ана тілі сабақтарында ойынды ұтымды пайдалану сондай әдістерге жатады. Сол арқылы оқу үдерісін жандандырып, сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Баланың

сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез, жылдам сөйлеуге жаттықтыруға ойын - бірден-бір таптырмайтын құрал. «Бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің саздылығын ұғынады» - деген М.Горькийдің бейнелі сөзіне өз тәжірибемізде көзіміз жетті.

Біз тек спортта ғана өзіміздің қозғалу мүмкіндіктеріміздің шегінің кеңейе түскенін көреміз. Спорт - болашақ адамның үнемі жетілдіріп отырған моделі, сондықтан да спорттық қызмет адам психикасының барлық қызметін үйрену алаңы болып табылады. Баланың ынтасын тарту үшін оқытылатын кез-келген пәннің әрбір сабағы өзінің тартымдылығымен, қызықтығымен бір жаңалығымен ғана өзіне тартады - деп Ж.Аймауытов айтқанды [5].

А.С.Макаренко «Үлкендерге еңбек қандай қажет болса, ойын балаларға сондай қажет»,-деп жазған болатын [6].

Н.К.Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген»,- дейді [7]. Шынында да спорт ойындары балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Спорттық жарыстар-тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен серігудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп, жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсатары болуы керек.

Спорттық ойындар - халықтың баланы әдептілікке баулитын тәбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін. мазмұнын түсініп, қызыға, әдеппен, дәріппен ойнау қажет. Халық жасаған мұралар сан алуан.

Солардың бірі - **ұлттық ойындар**. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ойын баланың көңілін өсіріп, ой-өрісін сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойын білген бала сол халықтың мінез-құлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады. Мұғалім оқушының мектепке бейімделуін оның ата-анасымен бірлесе отырып жүргізеді, оқушыны мектепке қызықтырып, бейімдеудің басты құралдарының бірі - ойын болып саналады. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы бала білімді, қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиясын жетілдіріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін дамытады, дүниетанымы кеңейіп, мектептегі оқу үдерісіне қызығушылықпен қарай бастайды. Ойындарды дұрыс таңдай білуі ұстаздық біліктілік пен шеберлікті қажет етеді. Ойын үстінде оқушылар өзінің бойындағы жасқану, ұялу сезімдерін жойып, сыныптағы ортақ әрекетке ден қойып, оқу үдерісін өз құрбыларымен жарыса талдап, меңгереді. Ойын сабағының қабылдануы тез, есте сақталуы ұзақ. Мұғалім міндеті - ойын барысында балалар арасында адамгершілік қарым-катынасарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау. Дидактикалық материалдағы ойындар бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан ойындарды құрастырады. Оқытып, тәрбиелеудегі негізгі мақсат, балаларды мектептегі оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек ете білуге даярлау, олардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыпастыру, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, мәні бар ойындар оқушылардың ойлау белсенділігін қажет етеді. Әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету аркылы жас бүлдіршіндердің білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады, Ойын-балалары сабақта зерігіп, шаршаған кездерде сергіту мақсатында ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді берік меңгеру мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы ол өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілеті дамып, өздігінен қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады [8]. Жас сәбидің өмірі қоршаған ортаны танып, еңбекке қатысы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде

қалыптасады. Ойын барысында балалар өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекетІ байқалады (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Спорттық ойындар екі түрлі бағытта әсер етеді: қазіргі және болашақта. Бір жағынан, бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан. ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін сапалық қасиеттері мен дағдылары, икемділігі қалыптасады.

Демек, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларының оқуға, білімге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын калыптастыру үшін ойын түрлерін қолданудың орны бөлек. Ойын - балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала ойынсыз өсіп, өркендей алмайды. Бұл өмірдің заңдылығы. Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өмірге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Демек, ойын шындығында, ол сабақтың, еңбектің жиынтығы. Ойын-айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Баланың алғашқы ойындарының өзі белгілі бір дәрежеде табиғатпен байланысып та жатады. Себебі оларды су, құм, тас, жануарлар, өсімдіктер қызықтырады.

Баланың қиялы, әсіресе, ойын ойнағанда жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанына әсер ететін нәрселерді пайдаланады. Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында балалардың отанмен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыпқа түседі. Бала ойынының түрі де, мазмұны да сан алуан.

Ойын - балалық шақтың басты ерекшелігі. Мысалы, «Базар - қаланың ажары, ойын - баланың базары», «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», «Ойнай білмеген ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде балалардың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы балалардың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы жетілетіні көрсетілген. Ойын - олардың дүниені, шындықты тану жолдарының бірі. Ойын дегеніміз ешқашан да мәжбүр етуге, міндеттілікке негізделмейтін қызмет түрі. Бала өзін ойын үстінде жайшылықтағыдан жоғары сезіне алатындықтан, А.С.Макаренко оған аса үлкен тәрбиелік маңызы бар қызмет түрі ретінде қарады. Ойнамайтын ұжым ешқашан да шын мәніндегі балалар ұжымы бола алмайды дейді. Ойын үстінде балалар алдын ала келісіп алған белгілі бір ережелерді қатаң сақтауға тиіс.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп-дағдыларын жас ұрпақтың бойына сіңіру, ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйе білуге, отаншылдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы – ойын. Оның тәрбие, білім берудегі сиқырлы сырын терең меңгеру үшін ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамып келе жатқан ұлтгық ойынды оқыту үдерісінде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қорыта келгенде, ойын - оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушылары әлі ойын баласы. Сондықтан да бастауыш сынып оқушылары сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни алты жасар балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал сыныбы жоғарылаған сайын, бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда бұл ойынның мазмұны да күшейеді. Сондықтан ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін сабақтардың тақырыбына, мазмұнына сай етіп таңдап алған дұрыс. А.С.Сухомлинский

сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника.- Москва, 1999

2 Хейдинг И. Ойыншы психологиясы. - Алматы, 2000

3 Берн Э. Адамдар ойнайтын ойындар. - Алматы, 2010

4 Ушинский К.Д. Родное слово. – Москва, 2011

5Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 269 б.

6 Макаренко А.С. Ұстаздық дастан. – Алматы: Мектеп, 1983. – 488 б.

7 Крупская Н.К. «Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы» таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Алматы, 1973. – 735 б.

8 Абай. Шығармалары.– Алматы: Жазушы, 2004. – 340 б.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мырзабек Л.Ә.

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының доценті,п.ғ.к.

Tashenev University, Шымкент қ.

Салауатты өмір салты - бұл адамның мінез-құлқының жеке жүйесі, ол оған нақты ортада физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат пен белсенді ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етеді. Салауатты өмір салты физиологиялық және психикалық процестердің қалыпты жүруіне жақсы жағдай жасайды, бұл әртүрлі аурулардың ықтималдығын азайтады және адамның өмір сүру ұзақтығын арттырады. Мақала мақсаты - адамның табысты қызметі мен әл-ауқаты үшін салауатты өмір салтының маңыздылығын қарастыру және салауатты өмір салтының негізгі компоненттерін зерттеу.

Түйін сөздер: денсаулық, еңбек ету, тамақтану, ұйқы ырғағы, салауатты өмір салты.

Здоровый образ жизни - это индивидуальная система поведения человека, обеспечивающая ему физическое, душевное и социальное благополучие в реальной окружающей среде и активное долголетие. Здоровый образ жизни создает наилучшие условия для нормального течения физиологических и психических процессов, что снижает вероятность различных заболеваний и увеличиваеет продолжительность жизни человека. Цель статьи: рассмотреть значение здорового образа жизни для успешной деятельности и самочувствия человека и изучить основные компоненты здорового образа жизни.

Ключевые слова: здоровье, труд, питание, ритм сна, здоровый образ жизни.

A healthy lifestyle is an individual system of human behavior that ensures physical, mental and social well-being in a real environment and active longevity. A healthy lifestyle creates the best conditions for the normal course of physiological and mental processes, which reduces the likelihood of various diseases and increases human life expectancy. The purpose of the article is to consider the importance of a healthy lifestyle for successful human activity and well-being and to study the main components of a healthy lifestyle.

Keywords: health, work, nutrition, sleep rhythm, healthy lifestyle.

Адам денсаулығы - өмірдің маңызды құндылығы. Оны ақшаға сатып алуға болмайды, оны қорғау және қорғау, дамыту және жетілдіру, жақсарту және нығайту қажет. Денсаулық көптеген факторларға байланысты. Қазір халықтың денсаулығы ОЖ — мен 50% — ға, экологиялық факторлармен 20% — ға; биологиялық (тұқым қуалайтын) факторлармен 20% - ға және медицинамен 10% - ға анықталады деген пікір басым. Демек, егер адам СӨС жүргізсе, онда мұның бәрі оның денсаулығының 50% жоғары деңгейін анықтайды.

Керісінше, зиянды өмір салтын ұстанатын адам денсаулығына нұқсан келтіреді, өзін азап пен азапқа, ерте кәрілікке және қуанышсыз өмірге айыптайды.

СӨС-тің пайда болуы ежелгі дәуірмен тікелей байланысты, қарабайыр адам еңбек құралдарын жасай бастаған кезде, оның өмірлік жетістіктері көбінесе оның физикалық қабілеттерімен, олжасын тез басып озу қабілетімен, үлкен және қауіпті аң аулауға дайындық кезінде физикалық жаттығуларды қолдана бастаған кезде әртүрлі табиғи кедергілерді жеңу қабілетімен алдын-ала анықталатынын түсіне бастаған кезде Жануарлар. Өмір адамның тек қоғамдық өмір жағдайында, тек тәрбие мен оқыту процесінде, тек жасампаз еңбек қызметі процесінде ғана адам болатындығын дәлелдейді. Орта ғасырларда, жаңа және қазіргі заман жылдарында дені сау жас ұрпақты қалыптастыру мәселелері одан әрі дамыды. Д.Локк, Ж.Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, К. Маркс, Ф. Энгельс, К. Д. Ушинский, П. Ф. Лесгафт, В. И. Ленин, А.С. Макаренко және басқа да көптеген ойшылдар мен педагогтардың мәлімдемелерінде бұл идеялар одан әрі дамып, негізделді. КСРО-да (1978) ЮНЕСКО мәліметтері бойынша өскелең ұрпақты оқытудың ең жетілдірілген жүйесі және еліміздің халқы арасында аурулардың алдын алудың ең жетілдірілген жүйесі құрылды.

Денсаулық - бұл әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Жақын және қымбат адамдармен кездесулерде, ажырасуларда біз оларға жақсы және мықты денсаулық тілейміз, өйткені бұл — толыққанды және бақытты өмірдің басты шарты және КЕПІЛІ. Денсаулық бізге жоспарларымызды орындауға, өмірдің негізгі міндеттерін сәтті шешуге, қиындықтарды жеңуге көмектеседі, егер қажет болса, онда айтарлықтай жүктемелер болады. Адамның өзі сақтаған және нығайтқан жақсы денсаулық оған ұзақ және белсенді өмір береді. Денсаулық - бақыттың міндетті шарты.

Денсаулықты әл — ауқатпен сипаттауға болмайды, өйткені бұл субъектінің сипаттамасы емес, оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Сондықтан денсаулықты түсінуде бірінші орынға әл-ауқат емес, сыртқы немесе ішкі міндеттерге сәйкес өз мүмкіндіктерін өзгерту және (немесе) қоршаған ортаны осы міндеттер орындалатын етіп бейімдеу мүмкіндігі қойылады. Бұл алғышарттардан адам денсаулығының негізі-рухани денсаулық. Рухани денсаулық ұғымын қолдану қоғамның индустриалды дамуының материалдық нәтижелерінің оның руханият деңгейімен байланысын бағалаудың тиімді мүмкіндіктерін ашады. Демек, рухани денсаулық экономикалық даму мен әлеуметтік прогресс құралы ретінде маңызды мәнге ие болады. Осы себепті, атап айтқанда, индустриалды дамыған мемлекеттердің денсаулық сақтау қажеттіліктеріне шығындары соншалықты тез және айтарлықтай өсуде. Сондықтан денсаулық сақтауды өнімсіз сала ретінде қарастырудың ескі дәстүрінен бас тарту, медицинаның әлеуметтік-экономикалық тиімділігін анықтау, негіздеу және пайдалану мүмкіндігі денсаулық сақтау ғылымын дамытудың маңызды алғышарттары болып табылады. Бұл жағдай жеке тұлға мен қоғамның жетекші құндылықтарының бірінші рет сәйкес келуіне әкеледі.

Өкінішке орай, көптеген адамдар салауатты өмір салтының ең қарапайым, ғылымға негізделген нормаларын сақтамайды. Кейбіреулер ерте қартаюды тудыратын отырықшы әрекеттің (гиподинамияның) құрбаны болады, басқалары бұл жағдайда семіздік, тамырлы склерозға душар болады, ал кейбіреулерінде қант диабеті дамиды, ал басқалары демалуды, өндірістік және тұрмыстық мәселелерден алшақтауды білмейді, мәңгі мазасыз, жүйке, ұйқысыздықтан зардап шегеді, бұл ақыр соңында ішкі ағзалардың көптеген ауруларына әкеледі. "Денсаулық" сөзі бастапқыда "тұтастық" дегенді білдірді. Психикалық сау адамдар өздерінің "Менінің" әртүрлі жақтарын — физикалық, психикалық, эмоционалды және кейде рухани жағынан теңестіруге және дамытуға тырысады. Олар өздерінің өмір сүруінің орындылығын сезінеді, өз өмірін басқарады, басқалардың қолдауын сезінеді және адамдарға өздері көмектеседі[1].

Рухани және психологиялық денсаулық - адамның жеке денсаулығының құрамдас бөліктері. Жалпы денсаулық ұғымында екі ажырамас компонент бар: рухани және психикалық денсаулық. Адамның рухани денсаулығы оның ойлау жүйесіне, адамдарға, оқиғаларға, жағдайларға, қоғамдағы жағдайына байланысты. Оған айналасындағылармен

келісе отырып өмір сүру, әртүрлі жағдайларды талдау және олардың дамуын болжау, сондай-ақ қажеттілікті, мүмкіндікті және тілекті ескере отырып, әртүрлі жағдайларда өзін ұстау мүмкіндігі арқылы қол жеткізіледі. Психикалық және рухани денсаулық үйлесімді бірлікте және бір-біріне үнемі әсер етеді[2].

Салауатты өмір салты - бұл адамның шығармашылық әлеуетін белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өндірістік, тұрмыстық және мәдени аспектілерді ұйымдастырудың қалыптасқан тәсілі. Осыған сүйене отырып, біз салауатты өмір салтының негізі болуы керек негізгі ережелерді тұжырымдаймыз:

- күнделікті биоритмге сәйкес еңбек, демалыс, ұйқы ырғағын сақтау;

- қол жетімді спорт түрлерімен, сауықтыру жүгірісімен, ритмикалық және статикалық гимнастикамен жүйелі сабақтарды, ауада мөлшерленген жүруді қамтитын қозғалыс белсенділігі;

- бұлшықет релаксациясы арқылы жүйке кернеуін жеңілдету мүмкіндігі (автогендік жаттығулар);

- қатаю, гипертермиялық және гидравликалық әсер ету әдістерін ақылға қонымды қолдану;

- рационалды тамақтану.

Салауатты өмір салтының маңызды сәті - жеке бағдарламаға енгізілген осы әдістерді кешенді қолдану. Бұл физикалық, әлеуметтік, эмоционалды, рухани, интеллектуалды денсаулықты қамтамасыз етеді.

Салауатты өмір салты - адамның өмір сүруіне бағытталған уақыт пен тәжірибе арқылы тарихи тексерілген және таңдалған нормалар мен ережелердің жиынтығы:

— жоғары тиімді және үнемді еңбек ете білді, өзінің кәсіби, қоғамдық-пайдалы қызмет процесінде өз күшін, білімі мен энергиясын ұтымды жұмсай білді;

- қажырлы еңбектен кейін денені қалпына келтіру және сауықтыру білімі, дағдылары мен дағдыларын меңгерген;

- өзінің адамгершілік сенімдерін үнемі тереңдетіп, рухани байытып, өзінің физикалық қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, жетілдіріп отырды;

- өз денсаулығын өз бетінше қолдап, нығайтты.

Темекі шегуге, ішімдікке, нашақорлыққа, нашақорлыққа байланысты жаман әдеттерден өз еркімен бас тарту — студенттің табиғи және қалыпты СӨС - адамзат өркениетінің айрықша белгісі. СӨС әрі қарай адамға білім алуға және жұмыс істеуге, әлемді құруға, жетілдіруге және өзгертуге; демалуға және ағзасын қалпына келтіруге, денесін нығайту және сауықтыруға; өзінің физикалық қасиеттері мен қабілеттерін дамытуға және жетілдіруге көмектеседі.

СӨС - әлеуметтік категория. Содан кейін СӨС туралы айтатын болсақ, әрине, біз қоғамның (таптың, әлеуметтік топтың, адамның және т.б.) өмірі туралы айтып отырмыз. Сонымен бірге, біз адамзат (адам) жердегі және биологиялық ғаламның ажырамас бөлігі екенін, Биосфера заңдары оның бүкіл бейорганикалық және органикалық әлеміне таралатынын ешқашан ұмытпауымыз керек.

Адамның барлық биологиялық жүйелері генезис процесінде оларға мұра болады. Олардың барлығы биологиялық заңдар мен заңдылықтар негізінде жұмыс істейді. Бірақ адам - бұл әлеуметтік тіршілік иесі, ал адамның әлеуметтік қызметі оның өмірінде шешуші болғандықтан, адамның барлық биологиялық жүйелері негізінен адамның әлеуметтік өмірде жетістікке жетуіне (құру, түрлендіру, жетілдіру және т.б.) бағытталған, сондықтан ол жоғары тиімді және жоғары экономикалық оқыды және жұмыс істеді, құрды ол жасады, жасады және жетілдірді, қорғады және қорғады. Биологиялық энергетика адам арқылы, орталық жүйке жүйесі арқылы, сана мен техногендік қызмет арқылы әлеуметтік жаратылыстарға айналады. Биологиялық адам әлеуметтік түрлендіреді. Биологиялық энергия - адамның барлық материалдық және рухани мәдениетін құрудың негізгі көзі.

Студенттерге мынадай кеңес береміз:

- оқу сабақтарына толық демалып келу керек. Күнделікті таңертеңгі жаттығу сізге оқуға жақсы физикалық формада келуге көмектеседі;

- оқу сабақтарында белсенді болу керек. Пассивті болу – біздің жетістіктеріміздің жауы;

- сабақтар арасындағы үзілістерді шебер және белсенді пайдалану. Қозғалыстар қалпына келтіру мен демалудың ең жақсы көзі болып табылады. Темекі шегу мен есірткі, арақ пен сыра, бос әурешілік пен жаман сөз – сіздің кәсіби өсуіңіздің құпия және айқын жаулары.

СӨС-тің бос кездегі негізгі бағыты оқудан кейін студентті қалпына келтіруге және сауықтыруға бағытталған. Ұйқы, тамақтану, жеке гигиена, үй және жеке қосалқы шаруашылық жүргізу (немесе оған қатысу), балаларды (кіші інілер мен сіңлілерді) тәрбиелеу, егде жастағы адамдарға күтім жасау, оқу орнына және кері қайтуға кететін уақыт пен энергия, бюджетті толықтыру мақсатында түрлі уақытша жұмыстар және т.б. - міне, негізгі сабақтан тыс уақыттың құрамдас бөліктері. Сабақтан тыс уақытта студенттің өмірі өте алуан түрлі. Қазіргі уақытта қалпына келтіру-сауықтыру, жасампаз-түрлендіруші және дамытушы - СӨС құрылымдық топтарының көрінісі айқын көрінеді. Студенттердің бос уақыты шексіз ұзақ болмауы керек. Керісінше, міндет - барлық өмірлік және шұғыл тапсырмалар мен мәселелерді ақылға қонымды мерзімде орындау, осылайша студент бірнеше сағат бос уақытын өзі үшін қиып алады. Адамның бос уақытын қалай пайдаланатындығына байланысты оның СӨС-ін бағалауға болады. Соңғы уақытта еңбек сипаты күрт өзгеруде. Дене еңбегінің үлесі азаяды, ал ақыл – ой үлесі артады. Ақыл-ой қызметкерлері (бұл студенттерге де қатысты) өздерінің еңбек қызметі кезінде әдетте қажетті қозғалыс, физикалық белсенділік жасай алмайды. Ал тиісті физикалық белсенділіксіз адам міндетті түрде гипокинезия, гиподинамия, адинамия және т.б. проблемаларға тап болады. Мұның бәрі объективті (негізінен өндірістік) жағдайлар қазіргі адамды (және студенттерді, соның ішінде) дене шынықтыру мен спортқа көбірек, жиі және мұқият жүгінуге, СӨС нормалары мен ережелерін игеруге мәжбүр етеді дегенді білдіреді.

Қорытындылай келе, салауатты өмір салты тез өзгеретін әлемде толыққанды өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын атап өткен жөн. Салауатты өмір салты - бұл адамгершілік қағидаттарына негізделген, ұтымды ұйымдастырылған, белсенді, еңбек, қатайтатын және сонымен бірге қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен қорғайтын, қартайғанға дейін адамгершілік, психикалық және физикалық денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін - өмір салты. Қоғам мен мемлекеттің жаһандық міндеті білім беру стандарттарына салауатты өмір салтымен байланысты көптеген аспектілерді енгізу болып табылады. Ең алдымен, темекі шегу мен алкоголизммен күресу үшін отбасылармен тиісті жұмыс қажет. Бала кезінен бастап бала денсаулығын бағалап, СӨС нормаларын сақтауы керек. Салауатты өмір салтының арқасында әр адамның денсаулығын нығайтуға және сақтауға, еңбекке қабілеттілігін, физикалық белсенділігін сақтауға үлкен мүмкіндіктері бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Березин И.П., Дергачев Ю.В. Школа здоровья. – М, 2014. – 125 с.

2. Воробьев В.И. Слагаемые здоровья. – М, 2019. – 302 с.

БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ РЕТІНДЕГІ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Нуржан Н.Н
«Дене шықтыру» кафедрасының ғ.м,. аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
Nurzhan17.01.1995@mail.ru
Назарбаев Н.Ж.
«AISANA» бастауыш мектебі
«Ай жұлдыз бөбекжайы» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
139920, Тұпқараған ауданы, Сайын Шапағатов
аудандық округі 5 орам, №82\2 ғимарат
e-mail:aysana.mektep.22@bk.ru

АННОТАЦИЯ:В статье рассмотрены физические свойства и функциональные возможности баскетболистов как основы спортивного мастерства
Ключевые слова: *Баскетбол, педагогические принципы, школа, физическая культура*

ABSTRACT:The article considers the physical properties and functional capabilities of basketball players as the basis of sportsmanship
Keywords: *Basketball, pedagogical principles, school, physical culture*

Барлық техникалық арсеналды қиналатын матчтарда тиімді қолдану үшін жоғары дәрежедегі дене дайындығы қажет, оның деңгейі тіпті біздің басты баскетболшыларымыздың өзінде жеткілікті деңгейде емес, сондықтан олар шетелдік баскетболшылардан тиімсіз ерекшеленеді. Осыны дұрыс түсіне отырып, авторлардың көпшілігі, ересектердегі сияқты, студент баскетболшылардың жаттығудағы дене дайындығы ерекше мәнге ие болады.

Әртүрлі жастағы жас баскетболшылардың дене сапасының даму деңгейін қарастыра отырып, авторлар 16 негізінен, олардың бір-біріне тәуелді еместігін талдайды. Сонымен В.П.Филин спорттық мамандануды бастапқы кезеңінде секірулік дамудың деңгейі мен секіруге шыдамдылықты зерттей отырып, ойын жағдайындағы шыдамдылықтың қарқынды өсуі балалық және жеткіншектік жаста деп көрсетеді. Секірмелік әсіресе 13 тен 18 жасқа дейін көтеріледі, ал бастапқы кезеңдегі жылдамдық күштілік қабілеттерін соққылық, интервалдық және жарыстық әдістер көмегімен дамытқан жақсы.

Арнайы шыдамдылық деңгейін арттыру үшін машықтану үрдісінде айналмалы жаттығуды кеңінен қолдануға кеңес беріледі. Л.П.Матвеев дене дайындықты, техникалық әдістік әрекеттердің нәтижелілігін, жылдамдықты арттыруды, жылдамдыққа төзімділік пен қорғаныстағы ойындардың тиімділігін жақсарту үшін олардың артықшылығын көрсетеді.

Баскетболшы студенттердің ойын әрекетінің тиімділігін арт-тырудың құралдары мен әдістерін талдай отырып, ерте жастағыларды (18-20 жас) секіріп кету үшін күрес тәсілдеріне баулуда негізгі назарды секірмелікке, допты ұру тәсілдерін меңгеруге, лақтыру параметрлері туралы ақпарат құралдарына аударуға кеңес береді.

Жас баскетболшылардың жылдамдық күштілік сапаларын өз-гертуге арналған И.В.Горбачевтің еңбегінде бұл сапалардың едәуір өсуі 13-18 жаста байқалатыны, содан кейін 17-19 жаста өсу жылдамдығы төмендейтіні көрсетілген. Жылдамдық күштілік сапаларды дамыту үшін авторлар өте ауырлатуды пайдалана отырып, әртүрлі жаттығуларды қолдануға кеңес береді.

Г.Р.Амренова спорттық мамандандырудың бастапқы кезеңінде жас өспірім баскетболшылардың дене дайындығын дамыту бағытының мәселелеріне тоқтала отырып, мынадай тұжырымға келді: егер де ойыншыларды 11-14 жаста дайындау кезінде жылдамдық

күштілік сапасы мен шапшаңдық жылдамдыққа емес, шыдамдылық тәрбиесіне біршама артықша көңіл бөлінсе спорттық шеберліктің көптеген алғы шарттары жақсарады.

Ю.И.Косолапов бақылау тесттерінің нәтижесін талдай келе, 14-15 жастағыларға қарағанда 16-18 жастағы баскетболшылардың шыдамдылық деңгейі жоғары болатындығын анықтады және ол, негізінен, спортшының биологиялық және паспорттық жасына байланысты екендігін атап көрсетті.

Пайдаланған әдебиеттерде көрсетілген баскетболшылардың дене дайындығын бағалау мен дамытуға арналған материалдардың жеткілікті көлеміне қарамастан мамандандырылған баскетболшылардың дене сапасының даму деңгейін зерттеуде кемшіліктер жеткілікті болып қала бермек, әсіресе елдегі іріктелген командалар мүшелері мен клубтық командалар резервтерін зерттеуде. Авторлардың бірқатары әртүрлі жастағы топтардағы жасөспірім баскетболшылардың дене сапасының дамуы туралы қарама-қайшы пікірлерін айтады.

Біздің ойымызша, баскетболшылар дене жұмыс қабілетінің рөлін анықтауға байланысты зерттеушілердің көпшілігінде біркелкі көзқарас бар, ең алдымен олардың аэробтық және анаэробтық өндірісі ойын тәсілдерінің тиімділігі мен қимыл сапасының туындауына байланысты бірдей көзқарастары бар.

Зерттеушілердің бірқатары баскетболшылардың дене жұмыс қабілетімен әртүрлі дәрежедегі баскетболшылардың қызметтік мүмкіндіктерін зерттеді. Қызметтік мүмкіндіктердің даму деңгейінде салыстырмалы артта қалушылық көрінеді, бұған баскетбол ерекшелігі жеткілікті түрді жоғары талаптар қойса да, артта қалушылық байқалды. Баскетбол ойынындағы спортшы қызметін энергетикалық қамтамасыз ету аралас (аэробикалы анаэробикалы) сипатқа ие болады, өйткені жоғарыдан төмен қарқынды қызметке бірнеше рет өту көп дәрежеде оны аэробты етеді. Осыған негізделе отырып, аэробтық өндірісті баскетболшылардың жұмыс қабілетінің аса маңызды факторларының бірі ретінде (жоғарыдағы зерттеулердің бірінде басты фактор болып ағзаның анаэробикалы өндірістің табылғаны көрсетілгенімен) қарастыруға болады.

Аэробтық өндірістің максималды параметрлері көп жағдайда бұлшық ет жұмысын орындауда адамға келетін оттегін тұтынудың мүмкіндеңгейі болып анықталады . Оттегіні максималды тұтыну термині (ОМТ) тәжрибеде кеңінен қолданылады: ол ағзаның тасымалдау жүйелерінің қызмет жағдайы мен аэробтық максималды қуаттылық деңгейі туралы ақпар береді.

XX ғасырдың әртүрлі кезеңінде спортшылардың аэробтық өндірісін зерттеуге бағытталған арнайы зерттеулер жасалды. Б.Салтин мен П.Остранд спорттың 19 түрі өкілдерінің аэробтық өндірісін зерттей отырып, зерттелген жоғары класты баскетболшылардың 10-да ОМТ 4,6 л/мин немесе 50 мг/кг болатынын, спорттың басқа түрлері өкілдеріне едәуір орын бере отырып, анықтады.

А.В.Костикова баскетболшылардағы ОМТ орта есеппен 4,1 литрге тең екенін анықтады және спорт квалификациясының өсуімен оның ұлғаятынын байқады. Баскетбол ойынының барысында ол өлшеген О2-ні тұтыну максималдан 50-70% құрады.

Г.Р.Амренова максималды қарқындылықтың арнайы жат-тығуларын зерттей отырып, О2 тұтыну 5 л/мин немесе салмақтың 65 мл/кг жететінін тапты. Н.В.Семашко қызметкерлерімен бірге жаттығу ойындағы баскетболшылардың О2 тұтынуы орта есеппен 40 мл/кг-ге жететінін көрсетті.

Зерттеулер қатарында ойын кезеңінің ортасымен одан кейінгі әртүрлі кезеңде ОМТ өзгерістерін зерттеуге ұмтылыс жасалды.

Д.Кемпбелл ойын кезеңіне дейін және одан кейін жасөспірім баскетболшылардың аэробтық өндірісін өлшеу барысында, ойын кезеңі аяқталғанда бұл көрсеткіштің сенімді ұлғаятынын тапты.

Л.В.Костикова баскетболшылар шыдамдылығын арттыру үшін кардиолидирлеу әдісін қолданды. Төрт айлық кезеңде (дайындық кезеңінің ортасынан жарыстық кезеңінің ортасына дейін) ОМТ деңгейі орта есеппен 11,41 ұлғайды. Г.Р.Амренова алты апталық кезең аралығында арнайы жаттығуды қолдана отырып, ағзаның аэробтық өндірісінің

Алғашқы қауымдық құрылыста қалыптасқан қатынастар қандай нормаларымен реттелінеді деген сауал заңды түрде туындайды. Тарих ғылымдарының жеткен жетістіктеріне талдау жасап қарасақ алғашқы адамдарының ара қатынастары арнайы нормалармен реттеліп отырды. Ол қандай нормалар? Тарихи-құқықтық әдебиеттерде бұл мәселе туралы екі пікір қалыптасқан. Бірінші пікір бойынша алғашқы қауымда қалыптасқан қатынастар әдет-ғұрып нормаларымен реттелген. Әдет-ғұрып деп әрбір этностық тарихи дамуы барысында олардың шаруашылық ұйымдастыру, географиялық факторларға және этникалық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасып, күнделікті өмірде сан алуан рет қайталануына байланысты дағдыға айналған нормалардың жиынтығын айтады. Әдет-ғұрып жазылмаған нормалар жиынтығы, оның қай кезде, қай мерзімде пайда болғаны ғылымға әлі белгісіз. Тарихи және тарихи-құқықтық әдебиеттерде алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық қатынастарды реттеу мононормаларға жүктеледі деген пікір бар. Оның құрамына моральдық, діни, қоғамдық өмірді ұйымдастыру нормалары енетінін тілге тиек етеді. Кейбір ғалымдар алғашқы қауымдық құрылыс қалыптастырған мононорма туралы қатаң сын-пікір білдіріп, оны жоққа шығарып, мынандай тұжырым білдіреді: «Мононормалар, былайша айтқанда алғашқы қауымдық қоғамда әр түрлі әлеуметтік реттеу нормаларына бөлінбеген және ажырамаған нормалар — ғылыми қиял, ғалымдардың фантазиясы, ақиқатқа

жататындық емес». Осындай қорытындыдан кейін Т.В. Кашанина алғашқы қауымдық құрылыста салт жоралар, ырымдар, мифтер (қиялдар), әдет-ғұрып, діни құлықтылық (моральдық), этикет сияқты әлеуметтік нормалардын барлығы болғаны туралы пікірін білдіреді. Ал, 1987 жылы жарық көрген оқулықта аталмыш мәселеге басқаша пікір білдірілген. «Алғашқы қауымдық құрылыста адамдардың мінез-құлық нормалары әдет-ғұрып болды, сонымен қатар олар қоғам тұрмысы ережелері және діни сипаттағы талаптар еді. Бұл жазылмаған әлеуметтік нормалар өз еріктерімен жүзеге асырылып отырды». Әдет-ғұрып біздің ойымызша тыйым салу, табу сияқты нормаларды енгізуден қалыптасты. Ру ішіндегі қалыптасқан қатынастарға жат мінез-құлықтар мен әрекеттер (тамақты тартып алу, әйелге таласу, бірін-бірі өлтіру және т.б.) таныту қауымының тыныс-тіршілігіне, өмір сүруіне жат қылықтарға тыйым салу арқылы болды. Бірте-бірте тыйым салынған әрекеттер күнделікті өмірде сан алуан рет қайталанғандықтан даму барысында біртіндеп әдет-ғұрыптық нормаға айналды. Алғашқы қауымдық құрылыстың эволюциялық өсуі мен дамуы жүздеген мың жылдар бойы тыйым салатын әдет-ғұрып нормаларымен қатар табиғи күштерге қарсы тұра алмағандықтарына байланысты табыну нормалары да қалыптасады, салт-жоралар пайда болады. Келе-келе бұлардың барлығы бір жүйелік әдет-ғұрып нормаларына айналады және қоғамдық қатынастарды реттеу функциясын атқарады. Зигмунд Фрейдтің пікірі бойынша құқықтың пайда болуының алғашқы формасына тотемизм және шаманизм сияқты діни сезімдермен тығыз байланыста қалыптасқан табу жатады.

Алғашқы қауымдық құрылыста қалыптасқан әдет-ғұрып нормаларына мынандай сипаттар тән [2]:

1. Әдет-ғұрыптың пайда болуы, қалыптасуы негізінде шаруашылық ұйымдастыру, географиялық факторларға байланысты қалыптасады. Тауда мекен еткен адамдар мен далада, шөл, шөлейт аймақтарында тұратын адамдардың әдет-ғұрыптары мүдлем басқа. Мысалы, Африка халықтары мен қазақ халқының әдет-ғұрыптарын салыстыруға болмайды.

2. Әдет-ғұрыптар аумақтың кеңістікте пайда болған алғашқы адамдардың, ру мүшелерінің еріктерін білдіреді, бәріне бірдей қолданылады. Ешкімге ерекше пұрсаттағы әлеуметтік артықшылық берілмейді. Қалыптасқан әдет-ғұрып нормалары әрқайсысын бәрінің қамқорлығына алады.

3. Әдет-ғұрып алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Бұл нормаларды орындау, іс жүзіне асыру — алғашқы адамдардың санасына сіңірген дағды.

4. Әдет-ғұрып нормаларының мәні мен талаптары ру мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталып, күн көруді қамтамасыз етті. Қабылданған нормаларды орындамау қауымның тыныс-тіршілігіне, оның өмір сүруіне орны толмас нұқсан келтіреді.

5. Әдет-ғұрып нормаларды орындау санаға сіңген және мінез-құлық арқылы көрініс беретін жүйелі дағды арқылы іс жүзіне асырылып отырады. Дағды алғашқы адамдардың әрекеттерінің өлшемі нормалардың жиынтығы, оларды орындау барлық ру мүшелерінің міндеттері және құқықтары болып табылады. Міндет пен құқық бір мағынадағы мызғымастықта.

Қоғамның даму заңдылығы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына әкеп соқтырады. Тарихи құқықтық әдебиетте құқықтың пайда болуының жолдары мемлекеттің пайда болу себептерімен тікелей байланыстырылады. Мемлекеттің пайда болуының себептері құқықтың да шығуына әкеп соғады. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамдық қатынастарының күрделенуі, содан туындайтын шиеленістер мен қайшылықтар, қосымша өнімдердің жеке, арнайы отбасыларының қолдарында шоғырлануы, байлар мен кедейлер арасындағы күрестер мен қақтығыстар, рулар мен тайпалар арасындағы тауар айналымдарының күшеюі әдет-ғұрып нормаларының реттеу функцияларының әлсіз, дәрменсіз болғанын, байқатады. Жаңа қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарды реттеуге басқа әлеуметтік нормалар қажет болды. Ол құқық еді. Құқық негізінде үш жолмен пайда болады:

Біріншіден, алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрып нормалар пайда болған мемлекетпен бекітіліп, ендігі уақыты ол күшпен қамтамасыз етіледі.

Екіншіден, шиеленістердің нәтижесіндегі себептермен пайда болған мемлекет өз тарапынан жаңа қатынасып келе жатқан қатынастарды реттеу мақсатында құқық жасаушылық арқылы заң және баска да нормативтік-құқықтық кесімдерді шығара бастайды. Әдет-ғұрып нормаларынан басқа құқық нормалары пайда болады.

Үшіншіден, жаңа қалыптасып, пайда болған сот органдарының дауларды қарау барысында шығарған шешімдері мен үкімдері болашақта қаралатын осындай ұқсас істерге үлгі болып, құқық нормалары ретінде пайдаланылды. Мысалы, хандық дәуірдегі көшпелі қазақ өркениетінде «істі шешкен қағида, нақтылы сөздер норма, сот прецеденті ретінде ел арасына тарап, болашақта осыған ұқсас іс, дау-жанжал болғанда қолданылып отырған». Мемлекет және құқық теориясында сот прецеденті дегеніміз соттың нақтығы іс бойынша шығарған шешімдеріне нормативтік сипат беріп, болашақта болатын ұқсас істерге қолданылатын үлгі.

Құқықтың мынадай нышандары бар [3-5]:

1. Құқық мемлекетпен норма ретінде бекітіледі және өзгертіледі. Парламент — заң, президент — жарлықтар, үкімет — қаулылар мен өкімдер, салалы министрліктер — ережелер мен бұйрықтар, жергілікті органдар — шешімдер шығарады. Олар нормативтік қасиетке ие.
2. Құқық қоғамдық қатынастарға түскен барлық субъектілерге бірдей қолданылады. Құқық атақ, лауазым, шен, дәрежесіне карамайды, бәріне тең және бірдей қолданылады, оны орындау, сақтау бәріне міндетті.
3. Құқық қоғамдық қатынастарды реттейтін және ең кең қолданатын нормалардың жиынтығы. Әдет-ғұрып, діни, дәстүр сияқты нормаларға қарағанда реттеу функциясы өте кең, мемлекеттегі субъектілердің бәріне қатысы бар.
4. Құқық формальды — айқын болып сипатталады, яғни мемлекет тарапынан мойындалып, нормативтік-құқықтық кесім, сот прецеденті және бекітілген әдет-ғұрып формалары арқылы қоғамдық катынастарды реттейді.
5. Құқық бүкіл халықтың ұлттардың, партиялардың, әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың еріктерін білдіреді.
6. Құқық өзінің ішкі құрылымымен, жеке салалар мен институттарға бөліну арқылы бір-бірімен үйлесімді мағынадағы жүйені құрайды.
7. Мемлекеттің күшімен қамтамасыз етіледі. Мемлекет басқару, билік жүргізу барысында құқықтық қатынастарға түскен субъектілер құқық нормалары бекіткен мінез-құлықтарды өз еріктерімен орындамаған жағдайда күш қолдану арқылы іс жүзіне асырды.

2. Құқық туралы қалыптасқан теориялардың жалпы сипаттамасы

Саяси-құқықтық ілімдер тарихында құқықтың пайда болуы туралы көптеген тұжырымдамалар қалыптасқан. Олардың барлығы құқықтың пайда болуының себептерін, жолдарын әр түрлі мағынада түсіндіреді. Осы күнге дейін қалыптасқан теориялардың мәні, мазмұндық сипаттары әр түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы келеді. Оларды салыстырмалы түрде зерттеп, ақиқатын анықтау мемлекет және құқық теориясы ғылымының басты мақсаттарының бірі.

50-60 жылдары заң ғылымында құқықтың анықтамасын кең көлемде түсіну кажеттігі туралы мәселе көтеріледі. Атап айтқанда А.К. Стальгевич, С.Ф.Кечекьян, А.А.Пионтковский сияқты ғалымдар «құқық деген мемлекет бекіткен және құқықтық қатынастар негізінде пайда болған құқықтық нормалардың жүйесі» — деген анықтаманы ұсынып, құқықтық нормалардың құқықтық қатынастармен тығыз байланыста болатындығы дәлелденеді.Я.Ф.Миколаенко деген зерттеуші С.Ф.Кеченьянның және А.А. Пионтковскийдің құқыққа берген анықтамасын одан әрі қарай кеңейте түсіп, «құқық деген құқықтық қатынастар, құқықтық сана, субъективтік құқық, құқық қолдану кесімдері негізінде пайда болған құқықтық нормалардың жүйесі», — деген тұжырымды алға тартты. Жоғарыда айтылған көзқарастар құқық теориясында құқықты кең көлемде түсіну деген ұғымды қалыптастырды.

90 жылдары заң ғалымдарының докторы, профессор Л.С.Явич құқықтың мазмұнын адамгершілік тұрғыдан түсіну кажеттігі мазмұндық мағынаға ие болып, өзіндік сипатымен ерекшеленетінін атап көрсетті. Атап айтқанда ол былай деп жазды: «Құқықты адамгершіліктің бір бөлшегі, яғни теңдік және еркіндіктің өлшемі деп мөлшерлеуіміз тиіс. Мұндай қасиеттерден жұрдай нормативтік жүйе ешкандай да құқық болуы мүмкін емес».

В.С. Нерсесянц құқықты еркіндіктің өлшемі деп тану құқықтың барлық функцияларын, мәнін нақтылы айқындайтынын дәлелдеп, мынандай қорытынды жасады: «Мен құқықты адамдардың қоғамдық қатынастары формалды теңдігін білдіретін нормативтік түр ретінде түсінемін. Бұл қағида құқықтың жеке қасиетін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оны басқа да әлеуметтік реттеушілерден айыруға көмектеседі. Негізінен әр түрлі адамдардың формальды теңдігін мойындау — олардың еркіндігі мен тәуелсіздігін тану деген сөз. Тек қана азат, еркін адамдар ғана құқықтың субъектісі болуы мүмкін, ал ол екеуі жоқ жерде құқық бар деп айту тіпті де мүмкін емес. Сондықтан да құқықтық нормалар бағынатын субъектілер мен олардың ара қатынастарына ортақ еркіндіктің тең өлшемі деп қарастырылады. Құқықтың бұл түсінігі әділеттілік қоғамдарымен тығыз байланысты. Әділеттілік құқықтан туындайды. Әділеттіліктің құқықтық сипаты мен мәнін жоққа шығару — үстемдікке жол беру деген сөз. Бұл кезде әділдік ұғымы құлықтылық, діни, дүниетану, саяси, әлеуметтік, ұлттық және тағы басқа мүдделерімен алмастырылады. Әрине, құқық айтылған нақтылы бұл мүдделерді ешқашанда жоққа шығармайды, керісінше, олар осы құқық арқылы танылып, қорғалуы керек. Дегенмен де құқық осы жеке мүдделердің нормативтік бекітушісі емес. Керісінше, әділеттілік құқықтың жалпыға ортақ негізі ретінде барлық осы мүдделерді салыстыра отырып, оларға әділ құқықтық өлшем болып табылады».

Құқыққа деген көзқарас заманның дамуына байланысты шексіз болып қала бермек. Азаматтың тарихы — оның мәдениетінің жабайылықтан, тағылықтан өркениеттік үлгіге көтерілуінің үнемі қозғалыстағы үрдісі. Осыған байланысты біз ешуақытта құқықтың функцияларын, мәнін, мазмұнын, мәдениеттен бөліп, ажыратып зерттей де, қарай да, тани да алмаймыз. Мәдениет — құқықтың іргетасы, қалыптасуының қайнар көздері. Әр халықтың өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері құқыққа өзінің әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан құқық дегеніміз әрбір этнос мәдениетінің улгісі ретінде қалыптасып, мемлекетпен қоғамдық қатынастарды реттеу, қорғау мақсатында бекітілген, адамгершілік қасиеттерді анықтайтын, әділеттілік қағидаларын жариялайтын және қажет болған жағдайларда күшпен қамтамасыз етілетін нормалардың жиынтығы.

Әдебиеттер

1.Құқықтану: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы окулық /А. Ибраева, Г. Әлібаева, Қ. Айтхожин. — Алматы. 2016.

2.Шүкірұлы Сабырхан. Құқық және қоғам. – Астана, 2009, №2. – 96 б.

3.Кенжеахметұлы С. Құқықтану. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.

4.Профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Құқық. Астана. 2022.

5.Құқық. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқулық /А. Ибраева, Г. Әлібаева, Қ. Айтхожин. — Алматы. 2023.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қаратаев Тұрдалы Жақсылықұлы
заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
ҚР ІІМ Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы (Шымкент қ.)

Каратаев Турдалы Жаксылыкович
кандидат юридических наук, полковник полиции
Учебный центр им. Бауыржана Момышулы МВД РК (г. Шымкент)

Karatayev Turdaly Zhaksylykovich
candidate of legal sciences, Police Colonel
Bauyrzhan Momyshuly Training Center of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan (Shymkent)

Түйіндеме: Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасын кәмелетке толмағандарға қатысты қолданудың кейбір мәселелері қарастырылады. Автор этил спирті мен алкоголь өнімдерін сату мен өткізу нормаларына қатысты сот тәжірибесін зерделей отырып кейбір баптарға толықтырулар мен өзгерістерді ендірудің қажеттілігі жөнінде мәселені көтереді.

Түйін сөздер: нормативтік-құқықтық актілер; әкімшілік құқық бұзушылық; әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауаптылық; кәмелетке толмағандардың жауаптылыққа құқық бұзушылықтың құрамы.

Аннотация: В научной статье рассматриваются некоторые вопросы применения законодательства Республики Казахстан об административных правонарушениях в отношении несовершеннолетних. Автор поднимает вопрос о необходимости внесения дополнений и изменений в некоторые статьи с изучением судебной практики в отношении норм продажи и реализации этилового спирта и алкогольной продукции.

Ключевые слова: нормативно-правовые акты; административные правонарушения; ответственность по административным правонарушениям; состав правонарушений несовершеннолетних к ответственности.

Annotation: The scientific article discusses some issues of the application of the legislation of the Republic of Kazakhstan on administrative offenses against minors. The author raises the question of the need to make additions and changes to some articles with a study of judicial practice in relation to the norms of sale and sale of ethyl alcohol and alcoholic beverages.

Key words: normative legal acts; administrative offenses; liability for administrative offenses; the composition of juvenile offenses to responsibility.

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы негізінде елдің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады [1, б.1]. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру, кәмелетке толмағандардың құққтары мен қауіпсіздігін кепілдендіретін жүйені қалыптастыру керек.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасымжомарт-Кемелұлы Тоқаев өзінің 2023 жылғы 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан Республикасының халқына жасаған жолдауында адам мен азаматтардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мәселесіне тағы да тоқталып өтті [2, б.5]. Одан кейінгі Үкіметке берген тапсырмаларында нақты айтқан болатын.

Әрине, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеті. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сай кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мемлекеттің басты міндеті болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңына сай [3], бала – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам. Баланың заңды өкілдері болып ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар таблады(1 бап 6 тармағы). Баланың ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын жасауға міндетті (24-бап). Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелеу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын ұйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндетті (37-бап). Балаға алкоголь өнімін, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын өндіруде немесе сатуда бала еңбегін пайдалануға тыйым салынады. Балалар тауарларын сататын сауда ұйымдарында және мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ балаларға арналған іс-шараларды жүргізу кезінде шылым шегуге, темекі бұйымдарын сатуға және денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында алкоголь өнімін сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы [4] «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеті кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою болып табылады»(4 бап) – деп көрсетеді.

Аталған нормалардың орындалуына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық бойынша кодекстің кей баптарына сәйкес кәмелетке толмағандарды жауаптылыққа тартуда мәселелер кездесіп отыр.

Мысалы, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ [5] 200-бабына «Қазақстан Республикасы заңнамасының алкоголь өнімін өткізу жөніндегі талаптарын бұзу» сай, жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін өткізу – лицензияның қолданысын тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Бұл бапта құқық бұзушылықтың субъектісі болып сатушы табылады.

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429 Заңының [6] 4 тармағына сәйкес, «бөлшек саудада алкоголь өнімін жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға өткізуге тиым салынады».

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің [7] 15 тармағына сай, бөлшек саудада «жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкогольді өнімді» өткізуге тиым салынады.

Алайда сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай аталған норма толықтай сақталынбайды. Мысалы, алкогольді өнімдерін өткізуді бөлшек саудадан бөлек, ресторан және кафе, барларда да жүзеге асырылады. Ресторан - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет

көрсететін, тапсырыстық және фирмалық тағамдарды қоса алғанда, дайындалуы күрделі ас мәзірінің түр-түрін, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі. Кафе - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет көрсететін, дайындалуы күрделі емес ас мәзірінің түр-түрін, сондай-ақ, алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі болып табылады. Аталған объектілерде кәмелетке толған кез-келген тұлға алкоголь өнімдеріне тапсырыс беруге құқығы бар [8].

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді сараласақ, жауаптылық тікелей этил спирті мен алкоголь өнімін сатушыға жүктеліп отыр, ал құқық бұзушы субъектінің жас ерекшелігіне қатысты шектеу және жауаптылық қарастырылмаған.

Сондықтан «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ жеке бап ретінде өзгерістер мен толықтырулар ендіру қосымша норма қажет. Яғни, «он сегіз жасқа толмаған адамдардың этил спирті мен алкоголь өнімін сатуы» әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қаралуы шарт.

Қолданылған қайнар көздер:

1 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы;

2 Қазақстан Республикасы Президенті Қасымжомарт-Кемелұлы Тоқаев өзінің 2023 жылғы 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан Республикасының халқына жасаған жолдауы;

3 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

4 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы;

5 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ;

6 «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429 Заңы;

7 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

8 «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Абдурахманова З. А.
"Экономика және құқық" кафедрасының магистрі, аға оқытушысы,
Tashenev University, Шымкент қ.
bakbergen_2000@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада кәсіпорындағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бухгалтерлік және статистикалық қызметтерге өздерінің шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді ұсына отырып, есеп беретіндігі. және заңсыз қызмет бойынша деректерді тарту, бухгалтерлік есеп объектісінің сипаттамасына сәйкесстігі және экономикалық өмір фактілерін қарастырылады.

Түйінді сөздер: кәсіпорын, экономикалық және бухгалтерлік есеп, жүйе, шаруашылық қызметі, статистика.

Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның есеп жүйесі ретінде макроэкономикалық жалпылау жүргізу үшін Ұлттық шоттар жүйесін құру үшін ақпарат көзі болып табылады. Қазақстанда бухгалтерлік есептің жіктеу принциптері ХҚЕС-ке сәйкес келеді. Алайда, бухгалтерлік есептің теориялық және практикалық мәселелері, ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі қаржылық есептілік әлі де ҰШЖ құру жағдайында есепке, бухгалтерлік есеп пен ұлттық есеп статистикасының өзара байланысына бағытталмаған. Қазақстандық бухгалтерлер арасында бухгалтерлік есептің көптеген негізгі анықтамалары бойынша әлі де Бірлік жоқ. Осыған байланысты әдіснамалық бірлікті, ЖІӨ есептеу кезінде операцияларды объективті және барабар көрсету үшін есеп ақпаратының өзара байланысын қамтамасыз ету мақсатында ғылыми әдебиеттерді жалпылаудың өзектілігі мен практикалық қажеттілігі артып келеді.

Бухгалтерлік есеп және Ұлттық шоттар жүйесі тәуелсіз бухгалтерлік есеп жүйелері ретінде бухгалтерлік есептің мәні, объектісі және бірліктері үшін әр түрлі анықтамаларға ие. Екі есепке алу жүйесіндегі есепке алу субъектілері бірдей, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қамту бөлігінде [1]. Барлық заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бухгалтерлік және статистикалық қызметтерге өздерінің шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді ұсына отырып, есеп береді. Олардың негізінде ұлттық шоттарда тіркеле отырып көрсеткіштер әзірленеді. ҰШЖ-да есепке алу субъектілері мен объектілерін қамту дәрежесі үй шаруашылықтары мен жеке тұлғалар, сондай-ақ бейресми, заңсыз қызмет бойынша деректерді тарту есебінен бухгалтерлік есепке қарағанда кеңірек. Бухгалтерлер арасында бухгалтерлік есептің нысанасын, объектісін және бірліктерін анықтауда шатасуға жол беріледі. Сонымен, В. Л. Назарова бухгалтерлік есеп пәнін "субъектінің меншігі, өндіріс процесінде шаруашылық құралдарының қозғалысы және олардың көздері", ал есепке алу объектілері тек "процестер: жабдықтау, өндіру, сату"ретінде сипаттайды. Алайда, меншік, процестер сияқты анықтамалар, біздің ойымызша, бухгалтерлік есеп объектісінің сипаттамасына сәйкес келеді. Б. б. Сұлтанова бухгалтерлік есеп пәні бойынша "Ұйымның экономикалық қызметін сипаттайтын экономикалық өмір фактілерін"түсінеді. С.Б. Баймуханова нақты айырмашылық жасайды: шаруашылық операциясы - бұл "құжатпен ресімделген шаруашылық құралдарының қозғалысы мен өзгеруінің жасалған фактісі"[2]. Содан кейін ол экономикалық операцияларды шектейді:

1. Мүліктің құрамындағы, орналастырылуындағы және оның пайда болу көздеріндегі өзгерістерді тудыратын жекелеген шаруашылық әрекеттерді (фактілерді) сипаттайтын оқиға;

2. Қаражаттың көлемінде, құрамында, орналастырылуында және пайдалануында және осы қаражат көздерінің құрамы мен тағайындалуында өзгерістер туғызатын жекелеген шаруашылық әрекеттер".

Кесте 1.

Затты, объектіні, субъектілерді және есепке алу бірліктерін анықтау бойынша бухгалтерлік есеп пен ҰШЖ салыстыру

ҰШЖ	Бухгалтерлік есеп
Есепке алу пәні	
Елдің нарықтық экономикасындағы көбею процесінің барлық кезеңдерінің сандық-сапалық сипаттамасы	кәсіпорынның (ұйымның)барлық шаруашылық қызметінің сандық-сапалық сипаттамасы
Есепке алу объектісі	
Ел экономикасы, оның өңірлері салалар, секторлар, меншік нысандары	Экономикалық процестер бойынша топтастырылған кәсіпорынның ұйымның мүлкі, атап айтқанда: шаруашылық

	құралдар, олардың көздері, шаруашылық процестері
Есепке алу бірліктері	
Экономикалық операциялар	Шаруашылық операциялар
Есеп субъектілері	
Институционалдық бірліктер: заңды және жеке тұлғалар	Шаруашылық жүргізуші субъектілер: дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар

Сондықтан экономикалық өмір фактілері (оқиғалар, әрекеттер) бухгалтерлік есепте, біздің ойымызша, бухгалтерлік есеп пәні емес, Бухгалтерлік есеп бірлігі ретінде дұрыс түсіндірілетін экономикалық операцияларды құрайды. Осыған байланысты С.Т. Міржақыповаға бухгалтерлік есеп пәнін дәлірек анықтау берілді. Бұл "мүліктің құрамына, орналасуына және олардың пайда болу көздеріне өзгерістер әкелетін жеке әрекеттерді сипаттайтын экономикалық операциялар" [3].

Бірақ сандық өлшем экономикалық құбылыстардың, экономикалық оқиғалардың сапалық мазмұнымен тығыз байланысты.

Біздің ойымызша, бухгалтерлік есеп объектілері - бұл заттың құрамдас элементтері, атап айтқанда: экономикалық құралдар, экономикалық қаражат көздері, экономикалық процестер. Кәсіпорынның экономикалық процестерінде қаражат айналымы жүреді: олардың қозғалысы, бір формадан (тауарлық) екіншісіне (ақшалай), бір процестен (өндірістен) екіншісіне (іске асыруға) ауысуы.

Ұлттық шоттар жүйесін зерттеу пәні елдің нарықтық экономикасындағы көбею процесінің барлық кезеңдерінің сандық-сапалық сипаттамасы болып табылады. Есепке алу бірліктері институционалдық бірліктер: шаруашылық бірліктері, үй шаруашылықтары және әлемнің басқа елдерінің резиденттері жүзеге асыратын экономикалық операциялар болып табылады. Бухгалтерлік есептегі экономикалық операциялардан айырмашылығы, Ұлттық шоттар жүйесіндегі экономикалық операциялардың өзіндік ерекшеліктері бар:

- ел кірістерін өндіруде, тұтынуда, жинақтауда, қайта бөлуде экономикалық функцияларды орындау процесінде жасалатын әрбір жеке операцияға емес, "экономикалық операциялардың тиісті топтарының жалпылама сандық сипаттамаларына" жатады. Экономикалық операциялардың объектілері-бұл елдің және оның аймақтарының көбею процесінің барлық кезеңдеріндегі макроэкономикалық процестерді бейнелейтін тауарлар, қызметтер, ақша ағындары, қорлары: өндіріс, кірістерді қалыптастыру, бөлу және қайта бөлу, кірістерді пайдалану және жинақтау;

- шоттардағы белгілі бір жазбалар экономикалық операциялар емес, табиғи апаттар, өрттер, соғыс және т. б. нәтижесінде активтердің өзгеруін көрсетеді;

- шоттардағы жеке жазбалар ресурстар мен баланстық ресурстарды пайдалану арасындағы айырмашылық ретінде баланстық әдіспен есептелген аналитикалық жалпылау көрсеткіштері болып табылады; мысалы, қосылған құн, жинақ және т.б. [4].

Сонымен қатар, бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді, атап айтқанда - басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпарат беру. Ақпаратты жалпылау деңгейлеріндегі айырмашылық. Бухгалтерлік есепте ақпарат кәсіпорын деңгейінде шешім қабылдау үшін, ал Ұлттық шоттар жүйесінде тұтастай экономика бойынша шешім қабылдау үшін қолданылады.

Біз екі есептік жүйені басқа белгілермен салыстырамыз: институционалдық табиғат, ақпаратты пайдаланушылар, құралдар жинағы.

1. Бухгалтерлік есеп және Ұлттық шоттар жүйесі біртұтас институционалдық сипатқа ие. Ақпаратты көрсету техникасы мен технологиясы, олардың танымдық қасиеттерінің сипаттамасы институционалдық сипатты құрайды. Ол ұлттық байлық

элементтерін микро және макро деңгейлерде көрсету технологиясы ретінде көрінеді. Мұндай бірлік бухгалтерлік есеп жүйелерінің шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қатынастарының макроэкономикалық моделіне негізделіп, енгізілгендігінің Тарихи фактісіне байланысты. Ұлттық есеп пен бухгалтерлік есептің туыстығы экономикадағы қатынастарды көрсету тәсілімен көрінеді: бухгалтерлік есеп, ресурстарды есепке алу, оларды пайдалану принциптерін қолдануда.

2. Бухгалтерлік есеп және Ұлттық шоттар жүйесі ақпаратты ішкі және сыртқы пайдаланушыларды қанағаттандыруға бағытталған. Екі есеп жүйесінде де басшылар мен мамандар тарапынан, бірақ олардың құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдарында ақпараттың ішкі пайдаланушылары бар. Екі есептік жүйенің сыртқы пайдаланушылары жалпы болып табылады. Бұл мемлекеттік құрылымдар, меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар, халық, клиенттер, несие берушілер, инвесторлар, жоғары оқу орындары.

3. Бухгалтерлік есеп пен Ұлттық шоттар жүйесінде белгілі, ресімделген және зерттеуге болатын құралдар жиынтығы бар. Мұндай құралдар, нұсқаулықтар: мемлекеттік бағдарлама, есеп пен есептілікті жүргізудің халықаралық стандарттары, әдіснамалық ережелер, нормативтік құжаттар [5].

Екі есепке алу жүйесінің жоғарыда көрсетілген айырмашылығына сүйене отырып: объект, объект, есепке алу бірлігі, мақсат пен міндеттер, Ішкі пайдаланушылар, индикаторлар әр ақпараттық жүйеде қалыптасатын ақпараттың бұрмалануын, дұрыс түсіндірілмеуін, бағаланбауын болдырмау үшін ескерілуі және түсінілуі керек. Екі ресми есеп жүйесін үйлестіру мүмкіндігі оларға тән туыстық сипаттамаларға байланысты, атап айтқанда: ақша өлшегіштерді пайдалану; ұғымдық аппараттағы экономикалық категорияларды пайдалану; ақпаратты сыртқы пайдаланушыларға бағдарлау; бухгалтерлік есеп қағидаттарын қолдану; алынған деректерді жинақтау; рейтингтік бағалаулар үшін негіздер; ақпарат сапасын үнемі арттыру жөніндегі бастамалар.

Ұлттық шоттар жүйесінің тұжырымдамаларына, анықтамаларына жіктемелеріне және көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін әдіснаманы микро деңгейде біртіндеп енгізу қажет. Әрбір кәсіпорында ұлттық есеп жүргізу әдіснамасы бойынша экономикалық көрсеткіштерді есептеу қажет: шығару, аралық тұтыну, қосылған құн, жалпы және таза пайда, қолда бар табыс, қаржылық және қаржылық емес активтер, таза несиелеу және таза қарыз алу[6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Бельгибаева К. К. «Бухгалтерлік есептің тұжырымдамалық негіздері» және «Ұлттық шоттар жүйесінен» // Іргелі зерттеулер. – 2022.
2. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2018. №329. (жаңартылған 13.01.2023).
3. ҚР Қаржы министрінің 02.10.2018 № 877 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізілді) бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы».
4. Сейдахметова Ф. С. Қазіргі заманғы бухгалтерлік есеп»: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2021. – 336 б.
5. Торшаева, Ш.М. «Бухгалтерлік есеп негіздері». – Қарағанды, 2022.
6. Попова Л. А. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп. – Қарағанды, 2020.

ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ҮЙРЕНУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамадәлі Ж.Т.
«Математика және информатика» кафедрасының оқытушысы Tashenev University,
Шымкент қ.
zhanerkemamadali@gmail.com

Аңдатпа. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, зерттеушілер графикалық әдісті қолдана отырып, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің әртүрлі әдістерін бөліп қарастырады, оларға сәйкес әрекеттерді тізімдейді, оларды қалыптастыру үшін жаттығулардың мысалдарын келтіреді деген қорытынды жасауға болады. Бірақ осы әдістің әрбір әрекетін үйрету үшін міндеттер жиынтығын әзірлеу және осы материалды зерттеу үшін ақпараттық технологияларды қолдану қазіргі мектеп біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Мақалада ғылыми және әдістемелік құралдарды талдау нәтижесінде теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде функциялардың қасиеттері қолданылатын жағдайлар анықталды. Мысал ретінде, графикалық әдісті қолдана отырып, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері білімнен дағдыларға ауысуға мүмкіндік береді, іс-әрекет тәсілдерін көрсетеді, бұл өз кезегінде талдау, синтез, жалпылау және т. б. сияқты ойлау әдістерін ашады деп есептейміз.

Түйін сөздер: теңдеулер, теңсіздіктер, шешімдер, есептер, оқушылар, графикалық әдіс, алгоритм.

Аннотация. Анализируя методическую и научную литературу, можно сделать вывод, что исследователи с помощью графического метода выделяют и рассматривают различные способы решения уравнений и неравенств, перечисляют соответствующие им действия, приводят примеры упражнений на их формирование. Но разработка комплекса заданий для обучения каждому виду деятельности метода и использование информационных технологий для изучения материала остаётся одним из наиболее актуальных вопросов в современном школьном образовании. В результате анализа научно-методического инструментария в статье выявлены ситуации, когда свойства функций используются при решении уравнений и неравенств. Считаем, что методы решения уравнений и неравенств графическим методом позволяют перейти от знаний к умениям, показывают способы действий, которые, в свою очередь, открывают такие способы мышления, как анализ, синтез, обобщение и т. д.

Ключевые слова: равенство, неравенства, решения, задачи, учащиеся, графический метод, алгоритм.

Abstract. Analyzing the methodological and scientific literature, we can conclude that researchers, using the graphical method, identify and consider various methods for solving equations and inequalities, list the actions corresponding to them, and give examples of exercises for their formation. But the development of a set of tasks for teaching each type of activity of the method and the use of information technology to study the material remains one of the most pressing issues in modern school education. As a result of the analysis of scientific and methodological tools, the article revealed situations when the properties of functions are used in solving equations and inequalities. We believe that the methods for solving equations and inequalities using a graphical method allow us to move from knowledge to skills, show ways of action, which, in turn, open up such ways of thinking as analysis, synthesis, generalization, etc.

Keywords: equality, inequalities, solutions, tasks, students, graphical method, algorithm.

Теңсіздіктерді үйрену жаңа типтегі түрлендірулерді меңгеру күрделілігіне байланысты көптеген жағдайларда қиындыққа алып келеді.

Өз кезегінде, оларды үйрену теңдіктер және теңсіздіктердің қасиеттеріндегі айырмашылықтардан келіп шығады. Бұл айырмашылықтардың ең маңыздыларын атап өтейік. Теңдік қатынасы келесі негізгі қасиетке ие екенін ескертеміз: егер f- қандайда бір функция және a оның анықталу облысына тиісті болса, онда $a=b \rightarrow f(a)=f(b)$ формуласы дұрыс

болады. Басқаша айтқанда, кезкелген формулада және кезкелген өрнекте теңді теңмен ауыстыру бұл формуланың немесе өрнектің мәнін өзгертпейді. Қандай да бір формулада (немесе өрнекте) қандайда бір аргументті оған тең өрнекпен ауыстыру ауыстыру операциясы деп аталады. Сонымен, ауыстыру операциясы формуланың немесе өрнектің мәнін өзгертпейді. Теңсіздік қатынасы бұл қасиетке ие емес. Бірақ ұқсас қасиет монотондық өспелі және монотондық кемімелі функциялар анықтамасының негізінде жатады: сандық функция монотондық өспелі (кемімелі) делінеді, егер, a>b→f(a)>f(b) (a>B->f(a) <f(b)) болса. Осылайша «жіктелу» ге қатысты ауыстыру операциясына айқын түрде логикалық тізбектік қатынасын бөліп көрсету қажеттілігі келіп шығады. Шынында да, бұл қатынас дәл теңсіздіктердің қасиеттерін қарастыруда енгізіледі және үйреніледі.

Теңсіздіктерді түрлендіруді үйренудің екінші маңызды ерекшелігі теңсіздіктердің қасиеттерін негіздеуде және есептер шешуде көрнекі қарастырулардың едәуір ролі болып табылады. Бұл, монотондық функция ұғымы графиктің орналасу ерекшелігін меңгерумен бірге меңгерілетіндігімен түсіндіріледі. Екінші жағынан, көрнекі қарастыру теңсіздіктердің қасиеттерінің мазмұнын меңгеруді жеңілдетуге көмектеседі, бұл қасиеттерді логикалық тізбектеу қатынасын пайдаланумен дәлелдеу оқушыларда белгілі бір қиыншылықтарды тұғызады. Сонымен, көрнекі қарастыру және формальдық-логикалық құралдар теңсіздіктердің қасиеттерін дәлелдеуде, егер теңсіздіктер қасиеттерін үйрену процесінде оларды салыстыруды ұйымдастырса, бір - бірін өзара толықтыруы мүмкін. Бұндай салыстыру теориялық материалды үйренуде де және есеп шығаруда да ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл салыстырудың мүмкіндіктерін көрсететін ең сипаттамалық мысалы - «үлкен» қатынасының транзитивтігін дәлелдеу. Формалдық дәлелдеу былай жүргізіледі: анықтама бойынша а>в, егер а - в >о болса. Сондықтан, егер а>в және в>с болса, онда а - в >о және в-с>о болады. Екі оң сандардың қосындысы оң болғандықтан, соңғы екі теңсіздіктің сол жақтарын қосып, (а - в) + (в - с)=а - с>о ді аламыз, демек а>с. «Үлкен» қатынасы транзитивтігінің графиктік кескінделуі едәуір қарапайым- ол, математиканың барлық курсы үшін өте маңызды, әсіресе қолданбалыққа қарағандағы фактіге сүйенеді: а>в M_a нүкте координаттық түзуде $M_в$- дан оң жақта орналасқанын көрсетеді (бұнда M_x х өсіндегі х координаталы нүктені белгілейді). M_a $M_в$ дан оң жақта, ал $M_в$ M_c - дан оң жақта екендігі берілген, онда M_a Мс-дан оң жақта орналасатыны «айқын», яғни а>с.

Бұл көрнекі қарастыруды жүргізу қажет, сонымен бірге (егер формалдық дәлелдеу күрс бағдарламасына енсе) оны дәлелдеумен салыстыруды жүргізген жөн.

Есеп шешуде салыстыруға мысал келтірейік.

Мысал. Егер ав>о және вс>о болса, онда ас>о болатынын дәлелдеңіз.

Бірінші шешім. Шарттан белгілі, а және в сандары бірдей таңбалы және в және с сандары да бірдей таңбалы - а - мен бірдей. Ал, бұндан ас>о екені шығады.

Екінші шешім. ав>о, вс>о $\Rightarrow$ $в^2$ (ас) >о.

ав>о$\Rightarrow$в $\neq$ о $\rightarrow$$в^2$ >о. $в^2$>о, $в^2$(ас) >о$\rightarrow$ ас>о.

Бұндай типтегі есептерді шешуді және оларды салыстыруды талдауда екі жағдайда да пайымдаулардың негізі бір екендігін атап өткен пайдалы: тек әр түрлі сөздік өренктерде айтылған теңсіздіктердің негізгі қасиеттері пайдаланылады.

Модуль таңбасы бар теңсіздіктердің қасиеттері өте маңызды мәнге ие. Көптеген бұндай типтегі теңсіздіктерге Iа-вI - ның M_a және $M_в$ нүктелері арасындағы қашықтық ретіндегі интерпретациясына негізделген көрнекі дәлелдемені қолдануға болады. Алгебра және анализ бастамалары курсында функцияның үздіксіздігі және шегі ұғымдарын үйренуді жеңілдету үшін алгебра курсында шартты модулдік теңсіздіктерді, мысалы, мынадай типтегі теңсіздіктерді қарастырған пайдалы: Iх-2I<0,1$\rightarrow$ $Iх^2-2^2I$ <0,5 екендігін дәлелдеңіз.

Теңсіздіктерді дәлелдеуді үйренудің және бір маңызды ерекшелігін атап өтейік: сырттай теңсіздіктерге қатысы жоқтай көрінетін тапсырмаларды шешуде оларға қажеттілік туындауы мүмкін. Әдетте мектеп математикасы курсында, бұл, қарастырылып жатқан

өрнектердің, функциялардың немесе формулалардың анықталу облысын есепке алуда болады.

Бұндай тапсырмаларды орындау кезінде шешімнің теңсіздіктермен байланысты бөлігіне назар аудару өте пайдалы. Себебі, мектеп алгебра курсында, жалпы айтқанда, теңсіздіктердің қасиеттерін арнайы үйренуге, сәйкес теориялық материалды терең меңгеру үшін жеткілікті уақыт бөлінбейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абылқасымова А.Е. Современный урок. – Алматы:НИЦ «Ғылым», 2003-220 с

2. Т.С.Садықов. А.Е.Әбілқасымова. Жоғары мектептегі білім берудің дидактикалық негіздері. Оқу құралы. – Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003 ж -168 б

3. Методика преподавания математики в средней школе: Общая методика учеб.пособие для студентов пединститутов по специальности 2104 «Математика» и 2105 «физика» /А.Я блок и др. М.Просвещение 1985-336 с

Дифференциальный оператор второго порядка с инволюцией. Теорема о равносходимости.

Сәрсенбі Ә.Ә.
Математика және информатика кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ
abdisalam@mail.kz

Аңдатпа. Бұл жұмыста Дирихле типті шекаралық шаттарымен инволюциясы бар екінші ретті екі дифференциалды операторлардың меншікті функциялары бойынша жіктелуінің бірқалыпты жинақтылығы анықталды.. Спекталды параметрі бар инволюциясы бар дифференциалды операторлардың Грин функциясын қолдануға негізделген Коши интегралды әдісі қолданылады.

Түйін сөздер. Инволюциясы бар дифференциалды теңдеу, Грин функциясы, Меншікті функциялары бойынша жіктелуі, базис, Фурье әдісі.

Аннотация. В настоящей работе установлена равносходимость разложений по собственным функциям двух дифференциальных операторов второго порядка с инволюцией с краевыми условиями типа Дирихле. Используется интегральный метод Коши, основанный на применении функции Грина дифференциального оператора с инволюцией со спектральным параметром.

Ключевые слова. дифференциальное уравнение с инволюцией, функция Грина, разложения по собственным функциям, базис, метод Фурье.

Abstract. In this paper, the equiconvergence of expansions in eigenfunctions of two second-order differential operators with involution with boundary conditions of Dirichlet type is established. The integral Cauchy method is used, based on the application of the Green's function of a differential operator with involution with a spectral parameter.

Keywords. differential equation with involution, Green's function, expansions in eigenfunctions, basis, Fourier method.

Қарапайым дифференциалдық операторлардың меншікті функциялары бойынша бірқалыпты жинақтылығы мәселелеріне арналған көптеген жұмыстар бар (мысалы, қараңыз) E. Ch.Titchmarsh[1], M. A. Naimark[2], E. A. Coddington, N. Levinson[3]), онда нақты шекті шарттары бар дифференциалды операторлар қарастырылды.

Өз-өзіне түйіндес емес қарапайым дифференциалдық операторлардың түбірлік векторлары бойынша бірқалыпты жинақтылығы мәселелерін зерттеудің тағы бір әдісін В.А. Ильин ұсынды, оның негізінде шекаралық шарттардың белгілі бір түрінен бас тарту жатыр. Осы тақырыптағы шолуды [4] жұмыстан табуға болады. Кейінгі жұмыстардың ішінде ескі

жұмыстарды атап өтсек [5-12]. Экспоненттік жүйелер бойынша зерттеулер осы тақырыппен тығыз байланысты [13-14].

Дербес туындысы бар теңдеулер теориясының әртүрлі мәселелері бойынша біртекті дифференциалды операторлардың түбірлік векторларының базистігі теориясы бойынша нәтижелері қолданылады. Ең соңғы зерттелген TimurkhanS. Aleroev, MokhtarKirane, SalmanA. Malik[15] жұмыстарын айтуға болады.

Төмендегідей шеттік есепті қарастырамыз

$$-u''(-x)=\lambda u(x)+f(x),\quad -1<x<1, \tag{4}$$

$$u(-1)=0,\ u(1)=0, \tag{1}$$

мұндағы $f(x)$-үзіліссіз функция.

$u_1(x)=e^{\rho x}-e^{-\rho x}$, $u_2(x)=e^{ipx}+e^{-ipx}$,

Функциялары $\rho=\sqrt{\lambda},$ (1) теңдеуінің сызықты тәуелсіз шешімдері болады.

$-u''(-x)=\lambda u(x),-1<x<1,$

$u(-1)=0,u(1)=0,.$

теңдеуінің Грин функциясы деп $G(x,t,\lambda)$ айтамыз.

$$u(x)=\int_{-1}^{1} G(x,t,\lambda)\ f(t)dt$$

функциясын (1) шешімі деп айтамыз.

Теорема. Егер λ біртекті шеттік есептің $-u''(-x)=\lambda u(x),-1<x<1,$ $u(-1)=0,u(1)=0,$ меншікті мәні болмаса, онда (1) шеттік есебі кезкелген $f(x)$ үзіліссіз функциясы үшінші шешіледі және шешімі келесі түрде болады

$$u(\mathrm{x})=\frac{1}{8\rho}\left\{\frac{e^{\rho}+e^{-\rho}}{e^{\rho}-e^{-\rho}}\left(e^{\rho x}-e^{-\rho x}\right)\int_{-1}^{1}\left(e^{\rho t}-e^{-\rho t}\right)f(\mathrm{t})\,\mathrm{dt}-\right.$$

$$-i\frac{e^{i\rho}-e^{-i\rho}}{e^{i\rho}+e^{-i\rho}}\left(e^{i\rho x}+e^{-i\rho x}\right)\int_{-1}^{1}\left(e^{i\rho t}+e^{-i\rho t}\right)f(\mathrm{t})\,\mathrm{dt}+$$

$$+\int_{-1}^{-x}\left[-i\left(e^{i\rho x}+e^{-i\rho x}\right)\left(e^{i\rho t}-e^{-i\rho t}\right)+\left(e^{\rho t}+e^{-\rho t}\right)\left(e^{\rho x}-e^{-\rho x}\right)\right]f(\mathrm{t})\,\mathrm{dt}+$$

$$+\int_{-x}^{x}\left[i\left(e^{i\rho t}+e^{-i\rho t}\right)\left(e^{i\rho x}-e^{-i\rho x}\right)-\left(e^{\rho x}+e^{-\rho x}\right)\left(e^{\rho t}-e^{-\rho t}\right)\right]f(\mathrm{t})\,\mathrm{dt}+$$

$$\left.\int_{x}^{1}\left[i\left(e^{i\rho x}+e^{-i\rho x}\right)\left(e^{i\rho t}-e^{-i\rho t}\right)-\left(e^{\rho t}+e^{-\rho t}\right)\left(e^{\rho x}-e^{-\rho x}\right)\right]f(\mathrm{t})\,\mathrm{dt}\right\} \tag{2.2}$$

Теорема 2. Барлық жеткілікті үлен $|\rho|,\rho\neq\rho_{k1,}\rho\neq\rho_{k2,}$ үшін интегралдық теңдеудің шешімі бар болады.

Теорема 3. Кез келген $f(x)\in L_1(-1,1)$ функциясы үшін $S_m(f)$ тізбегі $\sigma_m(f)$ тізбегімен бір қалыпты жинақталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Titchmarsh, E.Ch: EigenfunctionExpansionsRelatedtoSecond OrderDifferentialEquations, Part 2

2. M. A. Naimark, Linear differential operators,Ungar, New York, (1967).

3. E. A. Coddington, N. Levinson, Theory of ordinary differential equations, New York, Toronto, London, (1955).

4. V. A. Il'in and L. V. Kritskov. Properties of spectral expansions corresponding to nonself-adjoint differential operators. J. Math. Sci. (NY), 116:5 (2003), 3489_3550.

5. Sarsenbi, AM: Necessary and sufficient conditions for the Riesz basis property of the eigen- and associated functions of high-order differential operators on an interval. Doklady Mathematics. vol. 77, No. 2, pp. 290{292(2008)

6. Sadybekov, MA, Sarsenbi, AM: On the theory of antiprior estimates in the sense of V.A. Il'in. DokladyMathematics. vol. 77, No. 3, pp. 398{400 (2008)

7. Sadybekov, MA, Sarsenbi, AM: The use of antiapriori estimates in the theory of bases in the space L2. Differential Equations. vol. 44, No. 5, pp. 685{691 (2008)

8. N. B. Kerimov. On a boundary value problem of N. I. Ionkin type. Differ. Equations, 49:10(2013), 1233_1245.

9. Lomov I.S., Nonsmooth eigenfunctions in problems of mathematicalphysics, Differ. Equations 47 (2011), No.3, 355_362.]

10. Belyantsev O.V., Lomov I.S., On the basis property of eigenfunctions of a singularsecond-order differential operator, Differ. Equations 48 (2012), No.8, 1174_1176.

11. Makin A.S., On a twopointboundary value problem for the Sturm_Liouville operator with a nonclassicalasymptotics of the spectrum, Differ. Equations 49 (2013), No.5, 536_544.]

12. Kurbanov V.M., Safarov R.A., On the in_uence of the potential on the convergencerate of expansions in root functions of the Shrodinger operator, Differ. Equations46 (2010), No.8, 1077_1084.

13. Bilalov, BT, Guseinov, ZG: A criterion for the basis property of perturbed exponential systems in Lebesguespaces with variable exponent. Doklady Mathematics. vol. 83, No. 1, pp. 93{96 (2011)

14. Bilalov, BT, Guliyeva, FA: A completeness criterion for a double power system with degenerate coefficients.Siberian Mathematical Journal. vol. 54,o. 3, pp. 419{424 (2013)

15. Timurkhan S. Aleroev, Mokhtar Kirane, Salman A. Malik, Determination of a source term for a time fractional diffusion equation with an integral type over-determining condition, Electronic Journal of Differential Equations, Vol. 2013 (2013), No. 270, pp. 1–16.

ОӘЖ 330.322

АЙМАҚТАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аширбаева С.Б.
«Экономика және құқық» кафедрасының аға оқытушы,
Ж.А.Ташенев атындағы университеті, Шымкент, Казақстан
Saule_0582@mail.ru
Бекибаева Д.А.
«Экономика және құқық» кафедрасының оқытушысы,
Ж.А.Ташенев атындағы университеті, Шымкент, Казақстан

Аннотация: Рыночная экономика, несмотря на многие ее положительные стороны, не способна автоматически регулировать деловую и инвестиционную деятельность, а также все экономические и социальные процессы на благо всего общества и каждого гражданина. Она не обеспечивает социально справедливого распределения доходов, не гарантирует право на

труд, не нацелена на охрану окружающей среды и не поддерживает защищенные слои общества.

Прерогативой государства также является обеспечение надлежащего правопорядка в стране и ее внутренней безопасности, что, в свою очередь, является основой для развития инвестиционной деятельности.

Ключевые слова: предпринимательская и инвестиционная деятельность, экономические и социальные процессы, инвестиционная деятельность, инвестиционная политика, иностранный капитал

Annotation: A market economy, despite its many positive qualities, cannot automatically regulate business and investment activities, as well as all economic and social processes for the benefit of the whole society and every citizen. It does not ensure a socially fair distribution of income, does not guarantee the right to work, does not focus on Environmental Protection, and supports protected groups of society.

The competence of the state is to ensure the proper legal order in the country and its internal security, which, in turn, is the basis for the development of investment activities.

Key words: business and investment activities, economic and social processes, investment activities, investment policy, foreign capital

Наиболее крупных промышленными объектами области является: ТОО «НДФЗ», АО «Жамбылская ГРЭС им. Т.И.Батурова» [2]. Также область является уникальной базой фосфоритового и плавикошпатового сырья, богата благородными металлами-золото, серебро; цветными металлами-медь, цинк, свинец; неметаллами-бариты, уголь, минеральные соли; облицовочными, поделочными и техническими камнями, строительными материалами. На ее территории сосредоточено около 72% балансовых запасов фосфоритов республики, 68% плавикового шпата, 65,1% кварцита, 8,8% золота, 3% меди, 0,7% урана [2].

Например бассейн Каратау входит в пятерку стран мира, которым принадлежит 90 процентов мировых запасов фосфора. Выявлено и изучено более 50 месторождений фосфоритов с разведанными и учтенными запасами свыше пяти миллиардов тонн по руде, или более миллиарда тонн по основному полезному компоненту - P_2O_5. [3].

Фосфоритные руды это минеральное сырье для производства фосфатных удобрений и элементного фосфора, который служит компонентом многих видов химической продукции. Фосфорная отрасль Казахстана представлена предприятиями по добыче фосфоритов бассейна Каратау, производству фосфоритной муки, термической и экстракционной фосфорной кислоты, фосфатных минеральных удобрений, а также фосфорсодержащих солей технической, реактивной и пищевой квалификации [4]. На сегодняшний день фосфорная отрасль обеспечивает 34,1% продукции химической промышленности, и задача увеличения производства минеральных комплексных удобрений считается одной из ключевых для экономики республики.

Наблюдения за состоянием атмосферного воздуха исследуемого региона проводятся на 5 постах наблюдения, в том числе на 4 постах ручного отбора проб и на 1 автоматической станции. Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в городе Тараз проводилось по тринадцати ингридентам: взвешенные частицы (пыль), диоксид серы, оксид углерода, диоксид азота, оксид азота, фтористый водород, формадельгит, сероводород, бенз(а)пирен, марганец, свинец, кобальд, кадмий. В г.Тараз уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется *«высокий»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит сероводород (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 135 случаев). Максимально-разовая концентрация загрязняющих веществ по сероводороду составила 6,7 ПДК, так же колличество разовых превышений максимально-разовых ПДК было отмечено по оксиду углерода (69 случаев), по оксиду азота (22 случая), диоксиду азота (7 случаев) [2]. По-прежнему остается проблема выбросов от автомобильного

транспорта. На их долю в общем объеме валовых выбросов приходится более 70 %. Сероводород образуется при бактериальном разложении отходов жизнедеятельности человека и животных, наблюдаются и выбросах очистных сооружений и свалок. Так же может образоваться при разложении белков которые входят в состав газовой смеси, присутствующий в коллекторах и канализации. Случаи экстремально высокого и высокого загрязнения (ЭВЗ и ВЗ) не отмечены.

Мониторинг наблюдения за состоянием атмосферного воздуха на территории города Шу проводится на 1 автоматической станции (расположенный рядом с городской больницей). Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха г.Шу проводилось по семи ингридентам: взвешенные частицы PM 2,5, взвешенные частицы PM 10, диоксид серы, озон (приземистый), оксид углерода, диоксид азота, оксид азота. В г.Шу уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«повышеный»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит диоксид азота (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 138 случаев).

Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в г. Жанатас проводиться на одной автоматической станции (расположенный по ул.Токтарова). Отбор проб и аналитические иследования атмосферного воздуха, проводиться по пяти ингридентам: диоксид серы, сероводород, оксид углерода, диоксид азота, оксид азота. В г. Жанатас уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«повышенный»*,** в загрязнение атмосферного воздуха основной вклад вносит сероводород (колличество превышений ПДК за 1 полугодие – 166 случаев). Максимально-разовая концентрация загрязняющих веществ по сероводороду составила 1,6 ПДК. Случай высокого загрязнения (ВЗ) и экстемально высокого загрязнения (ЭВЗ) атмосферного воздуха не обнаружено.

Наблюдение за состоянием атмосферного воздуха в г. Каратау проводиться на одной автоматической станции (расположенный по ул.ТоктароваТамды аулие). Отбор проб и аналитические иследования атмосферного воздуха, проводиться по двум ингридентам: диоксид серы, сероводород. В г. Каратау уровень загрязнение атмосферного воздуха города **по наибольшей повторяемости характерезуется как *«низкий»*,** определяется значеним СИ равным 1,1 по сроводоролу и НП = 0%

Случай высокого загрязнения (ВЗ) и экстемально высокого загрязнения (ЭВЗ) атмосферного воздуха не обнаружено.

Проведенная оценка уровня загрязнения атмосферы токсичными веществами отходов промышленных предприятии показала, что экологическое состояние атмосферного воздуха является на настоящее время допустимым (относительно удовлетворительным), т.к. значение интегрального показателя загрязнения атмосферного воздуха в зоне влияния картшламонакопителя и отвала сухого фосфогипса не превышает 1: (0,18412 + 0,22366 = 0,40778). Как показывают проведенные исследования, природный комплекс Жамбылского региона имеет низкий потенциал устойчивости к загрязнению, так как он расположен в зоне засушливого климата, что замедляет протекание естественных биохимических процессов и затрудняет самовосстановление природных экологических систем. Анализ мирового опыта и результаты исследований ученных в области промышленной экологии, показывают перспективность утилизации крупнотоннажных отходов фосфорной промышленности Жамбылского региона с получением на их основе вяжущих и композиционных строительных материалов [5, 6]. В настоящее время в Жамбылской области накоплено более 30 млн. тонн данных отходов, которые занимают обширные площади и оказывают негативное воздействие на компоненты окружающей среды. Поэтому разработка технологии получения строительных материалов на основе комплексной переработки отходов фосфорной промышленности является актуальной проблемой в области рационального природопользовани.

Список литературы

1. Ердавлетов С.Т. Тараз-Аулие-Ата-Джамбул. Монография. Алма-Ата. Казахстан, 1983.

2.https://www.gorodtaraz.kz/company/11-departament-ekologii-po-zhambylskoi-oblasti.html?ysclid=lq0clftm13905113280#tab-icms

3. Берлянда М.Е. Атмосферная диффузия и загрязнение воздуха. Гидрометеиздат. 1977.

4. Мусаев Я.А. Экологическая оценка и технология утилизации фосфогипса. Автореферат. Тараз. 2009.

5. Владимиров В.В., Микулина З.Н. Яргина З.Н. Город и ландшафт. М.: Мысль, 1986.

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІН ИНФОРМАТИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Дәукенова Н. С.
«Информатика» кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі: PhD,
қауымд. профессор м.а. Мекебаев Н. О.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
nazym012099@gmail.com

Түйіндеме:Мақалада білім берудегі цифрландыру, цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект, информатика пәніндегі машиналық оқытудың қолдану мәселесі қарастырылды. Білім беру тәсіліне шолу жасалынып, шетелдік ғалымдардың тәжірибесі, мектеп бағдарламасына сай оқыту жағдайлары талданып, машиналық оқыту жақсарту бойынша ұсыныстар қарастырылып, машиналық оқыту маңызды деген қорытынды жасалынды.

Аннотация:В статье рассмотрены вопросы о цифровизации в образовании, цифровой грамотности, искусственного интеллекта, применения машинного обучения в информатике. Был проведен обзор образовательного подхода, проанализирован опыт зарубежных ученых, условия обучения в соответствии со школьной программой, рассмотрены предложения по улучшению машинного обучения и сделан вывод о важности машинного обучения.

Abstract: The article discusses the issues of digitalization in education, digital literacy, artificial intelligence, and the use of machine learning in computer science. An overview of the educational approach was conducted, the experience of foreign scientists was analyzed, the learning conditions in accordance with the school curriculum, recommendations on machine learning were considered and a conclusion was made about the importance of machine learning.

Кілттік сөздер: *білім беруді цифрландыру, мектептегі информатика пәні, жасанды интеллект, машиналық оқыту, оқыту әдістері.*

Ключевые слова: *цифровизация образования, информатика в школе, искусственный интеллект, машинное обучение, методы обучения.*

Keywords: *digitalization of education, computer science at school, artificial intelligence, machine learning, teaching methods.*

Бүгінгі таңда цифрлық қоғамның қалыптасу тенденцияларының бірі ұлттық бағдарлама Қазақстан халқына президентінің жолдауында анықталған жасанды интеллект болып табылады. «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз

қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» - деп өз сөзінде атап өтті [1].

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін негізгі білім мектептен басталады. Білім беруді цифрландыру заман талабына сай білім беру процесін техникалық құралдарды өзара трансформациялауды білдіреді. Білім беруді цифрландырудың негізі "Цифрлық сауаттылық" ұғымымен сипатталады. Ол үш компонентті қамтиды: цифрлық құзыреттілік, цифрлық тұтыну және цифрлық қауіпсіздік [2].

Цифрлық құзыреттерге мыналар жатады: интернеттен ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау және оның дұрыстығын тексеру қабілеті, коммуникациялардың мобильді құралдарын, онлайн сервистерді пайдалану.

Цифрлық тұтыну аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етудің әртүрлі цифрлық технологияларының қолжетімділік деңгейін және оларды пайдалану деңгейін көрсетеді. Цифрлық қауіпсіздікті естен шығармаған дұрыс. Цифрлық қауіпсіздікке техникалық және әлеуметтік-психологиялық сипаттағы желіде қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын меңгеру жатады: өзінің дербес деректерін қорғау. Оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру тек кәсіби қызметте информатика немесе ақпараттық технологиялар сияқты ақпараттық цикл пәндерін оқып қана қоймай, пәнаралық сипатқа ие болуы керек.

Ғалымдар цифрлық сауаттылықтың компоненттерін бес түрге ажыратады: [3]. Соңғысы инновацияға бейімделу цифрлық ортаның тиімді қатысушысы болып қала береді. Адам, жаңалықтарды позитивті қабылдайтын, технологиялық жаңалықтардан хабардар болуға тырысатын, оларды зерттеуге қызығушылық танытатын адам – цифрлық дәуірдің адамы. Цифрлық технологияларды қолданбай цифрландыру мүмкін емес. Демек, мұндай техникамен жұмыс істеудің техникалық дағдылары негіз болып табылады.

Қазіргі уақыттағы цифрландыру жағдайында жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану маңызды деңгейде. Негізгі ұғымдарға тоқтала кетсек:

Жасанды интеллект (AI) — бұл технология, дәлірек айтсақ, компьютерді, робототехниканы, аналитикалық жүйені адам ретінде ақылмен ойлауға үйрету жолдарын зерттейтін заманауи ғылымның бағыты [4]. Шын мәнінде, алғашқы компьютерлер ойлап табылғанға дейін ақылды робот көмекшілерінің арманы болды. AI ғылымы машиналарға қоршаған ортаны бағалауға және әртүрлі жағдайларға адамдар сияқты жауап беруге мүмкіндік беретін теориялар мен әдістемелерді әзірлейді. Демек, жасанды интеллект ақылды жүйе. Жасанды интеллект келесідей бөліктермен: машиналық оқыту, нейронды желімен жұмыс жасауды қамтиды.

Нейрондық желі – бұл нейрондар тізбегі мен синапстармен қосылған. Нейрондық желінің құрылымы бағдарламалау әлеміне тікелей биологиядан келді. Осы құрылымның арқасында машина әртүрлі ақпаратты талдау және тіпті есте сақтау қабілетіне ие болады. Нейрондық желілер сонымен қатар кіріс ақпаратты талдап қана қоймай, оны жадынан көбейте алады.

Жасанды интеллект информатиканың ең перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Мұнда мәтін мен сөйлеуді танитын, бір тілден екінші тілге аударатын, плагиатты анықтайтын, фильмдер, кітаптар немесе музыка ұсынатын, интернеттен ақпарат іздейтін, роботтарды басқаратын, акциялар бағасын болжайтын, теоремаларды дәлелдейтін, шахмат ойнайтын, медициналық диагноз қоятын және т.б. бағдарламалар жасалады. Бір сөзбен айтқанда, олар "компьютерлерді қазіргі уақытта адамдар жақсырақ істейтін нәрселерді қалай жасауға болатынын" үйренеді.

Жасанды интеллект машиналарға адамның интеллектуалды мінез-құлқына ұқсас әрекетті жасауға мүмкіндік береді. Машиналар бағдарламалық жасақтамамен басқарылады, сондықтан машиналардың жұмысын бақылайтын интеллектуалды бағдарламалармен ұқсас. Адам миындағы процестерге қарай отырып, біз де солай жұмыс жасай алатын машина жасау мүмкіндігіміз бар. Жасанды интеллект көмегімен ақылды жүйелер құруға және машиналарда шығармашылық функцияларды жасауға болады. Машиналық оқыту беттерді тану, сөйлеу және объектілерді тану, аудару және т. б. сияқты мәселелерді шешеді.

Орта мектепте машиналық оқытуды 11 сынып бағдарламасына сай 1 тоқсанда оқу жоспарына сай «Жасанды интеллект» бөлімінде оқып, танысады. Машиналық оқыту тапсырмаларының көпшілігін мұғаліммен оқыту (teaching with a teacher) және мұғалімсіз оқыту (teaching without a teacher) болып табылады.

Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулерге шолу жасасақ. Джафар Альзуби зерттеуі бойынша Машиналық оқытуды технологиялық жол карта деп көрсеткен[5]. Себебі, ол нарықтық - салалық практика ретінде өз әлеуетін көрсету мүмкіндігі жоғары екенін және алдағы уақытта осы мақсатта қолданылады. Икбал Х. Саркер зерттеуінде машиналық оқытудың алгоритмдеріне жан-жақты көзқарас ұсынып, әртүрлі әдістерінің қағидаттарын және олардың киберқауіпсіздік жүйелері, ақылды қалалар, денсаулық сақтау, электрондық коммерция, ауыл шаруашылығы және т.б. сияқты нақты қолданудың түрлі домендерінде қолданылуын нақтылап көрсетті[6].

Chiara Masci тест балдарын анықтаушыларды талдау үшін машиналық оқыту мен статистикалық әдістерді әзірлеп, қолдану нәтижелері бірнеше мектеп деңгейінің сипаттамалары оқушылардың жетістіктерімен едәуір байланысты болғанымен, елдер бойынша белгілі бір айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді[7]. Ұсынылып отырған тәсіл елдер бойынша білім беру өндірісінің құрылымдық жағынан әртүрлі функцияларын жетілдіруге мүмкіндік беретінін ұсынған. Рина С. Харат ML моделін ақпарат іздеу: мәтін мен бейне мазмұнын картаға түсіруді жүзеге асырылды[8]. Білім алушылардың датчиктерді пайдалана отырып, алынған интернет-ресурстарды білуі жауап беру уақытын, сезімталдықты арттыру мақсатында талданады және аз уақыт жұмсайды.

Робототехниканы қолдану арқылы машиналық оқытуды оқыту: STEM негізіндегі роботтық құралдарды пайдалана отырып, Машиналық оқыту курстарын жобалайды. жасанды интеллект мүмкіндіктері бар конструктивистік білім беру робототехникасы жасалынған[9].

Қазіргі мектепте оқушы үлкен көлемдегі ақпаратты игеріп, тәжірибеде пысықтауы керек, сондықтан қазіргі кездегі дәстүрлі жұмыс түрлері жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Практикалық тұрғыдан меңгеру үшін көп тәжірибе қажет. Осыған байланысты оқушыларды оқыту жүйесіне оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу мәселесі маңызды болып табылады.

Осы тұста машиналық оқытудың негіздерін жақсартуға келетін болсақ, зерттеуге болатын бірнеше негізгі сұрақтар бар:

1. Жоғары сынып оқушылары арасында машиналық оқытуды тиімді енгізу үшін қандай оқыту әдістерін немесе оқыту стратегияларын қолдануға болады?
2. Жоғары сынып оқушыларына машиналық оқытуды үйрету үшін ұсынылатын оқулықтар, онлайн курстар немесе интерактивті құралдар сияқты арнайы білім беру ресурстары бар ма?
3. Түсіну мен қатысуды жақсарту үшін тәжірибелік жаттығуларды, жобаларды немесе практикалық қолданбаларды оқытуға қалай біріктіруге болады?
4. Жоғары сынып оқушыларына машиналық оқытуды үйрету кезінде мұғалімдер қандай қиындықтарға немесе кедергілерге тап болуы мүмкін және оларды қалай шешуге болады?

Жоғарыда қамтылған сұрақтар бойынша алдағы уақытта зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Көрсетілген аспектілер мектептегі білім беру практикасында жүзеге асырылады. Тереңдетілген деңгейде және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеті аясында информатика және математика, мысалы, жобалау қызметі арқылы жұмыс жүргізу қажет. Бағдарламалау тілдерін қолдана отырып машиналық оқытудың әдіс-тәсілдерін, құралдарын, практикалық жұмыстарын, кездесетін кедергілер мен қиындықтарды шешу жолдарын ұсыну мақсатында әдістемелік құрал жасалынады. Сабақ өту барысында көмекші құрал ретінде пайдалануға арналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://kaz.zakon.kz/sayasat/6030873-asymzhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--toly-mtn.html?ysclid=lpwvdx7ef1723463217 жолдауы
2. Берман Н.Д. К вопросу о цифровой грамотности // Электронный научный журнал "Современные исследования социальных проблем". К вопросу о цифровой грамотности (cyberleninka.ru)
3. ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ – Кудряшева Ю.А. KOF-870.pdf (sciencen.org)
4. tezisy-2022.pdf (etu.ru) Использование компьютерного зрения для определения эмоций на видео Смолина Александра
5. Machine Learning from Theory to Algorithms: An Overview. Jafar Alzubi, Anand Nayyar and Akshi Kumar Published under licence by IOP Publishing Ltd Journal of Physics: Conference Series, Volume 1142, Second National Conference on Computational Intelligence (NCCI 2018) 5 December 2018, Bangalore, IndiaCitation Jafar Alzubi et al 2018 J. Phys.: Conf. Ser. 1142 012012DOI 10.1088/1742-6596/1142/1/012012 (Machine Learning from Theory to Algorithms: An Overview - IOPscience)
6. Machine Learning: Algorithms, Real-World Applications and Research Directions \Review Article\Published: 22 March 2021\olume 2, Article number: 160 (2021) (Machine Learning: Algorithms, Real-World Applications and Research Directions | SN Computer Science (springer.com))
7. European Journal of Operational Research Volume 269, Issue 3, 16 September 2018, Pages 1072-1085 (Student and school performance across countries: A machine learning approach - ScienceDirect)
8. Machine Learning Based Recommendation System for Web-Search Learning Telecom 2023, 4(1), 118-134; https://doi.org/10.3390/telecom4010008 (Телекоммуникации | Бесплатный полнотекстовый | Рекомендательная система на основе машинного обучения для обучения веб-поиску (mdpi.com))
9. Teaching Machine Learning in K–12 Using Robotics *Educ. Sci.* 2023, *13*(1), 67; https://doi.org/10.3390/educsci13010067 (Education Sciences | Free Full-Text | Teaching Machine Learning in K–12 Using Robotics (mdpi.com)

ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Мырзағали А.Қ.
«Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
myrzagalievaaaa@gmail.com

Аннотация: Мақалада мұғалім мен оқушының цифрлық мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми дереккөздер сарапталды. Сонымен қатар, «цифрлық мәдениет» ұғымына анықтама бере отырып, отандық және шетелдік авторлардың «цифрлық мәдениет» ұғымына салыстырмалы талдау жасалынды.

Түйінді сөздер: цифрлық мәдениет, цифрлық сауаттылық, білім, цифрлық құзыреттілік, цифрлық өркениет.

Аннотация: В статье анализируются научные источники по вопросам формирования цифровой культуры преподавателей и студентов. Кроме того, определяя понятие «цифровая культура», был проведен сравнительный анализ понятия «цифровая культура» отечественных и зарубежных авторов.

Ключевые слова: цифровая культура, цифровая грамотность, образование, цифровая компетентность, цифровая цивилизация.

Abstract: The article analyzes scientific sources on the formation of digital culture of teachers and students. In addition, defining the concept of "digital culture", a comparative analysis of the concept of "digital culture" by domestic and foreign authors was carried out.

Keywords: digital culture, digital literacy, education, digital competence, digital civilization.

Білім – бұл цифрлық мәдениетті дамытудың негізгі факторларының бірі, сонымен қатар адамның интеллектуалдық даму деңгейінің, оның материалдық және рухани қажеттіліктерінің көрсеткіші. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып заманауи білім беру оқытуда үлкен мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Сондықтан білім беруде цифрлық мәдениетті қалыптастырып, оны дамыту қазіргі білім беру мамандарының міндеттерінің бірі десек болады. Ғалымдар адамзаттың жаңа дәуірге – яғни цифрлық өркениетке қадам басқандығын дәлелдеп отыр. Қазіргі уақытта «Цифрлық өркениет» термині, сонымен қатар: цифрлық мәдениет, цифрлық сауаттылық және цифрлық құзыреттілік сияқты терминдер жиі пайдаланылып жүр, олардың әрқайсысының өзіндік анықтамасы мен мазмұны бар. Цифрлық технологиялар біздің өмірімізге қаншалықты көбірек енген сайын, қоғам соғұрлым осы тенденцияларды ұстануға тырысуда. Оқушылар әлемді танудың заманауи құралдарын неғұрлым белсенді қолданса, ондағы өзгерістерге әрқашан дайын болады. Біздің міндетіміз – қазіргі цифрлық технологиялар білім беру саласында дамып жатқан уақытта оқушыларымызды жаңа өзгерістерге дайындап, цифрлық мәдениетті қалыптастыру және дамыту. Білім беруді цифрлық мәдениетті дамыту тек оқытудың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар бұл мазмұнды меңгерудің әртүрлі технологиясына да жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Цифрландыру бүгінде білім беру жүйесінің әртүрлі салаларына - білім беру функцияларын жүзеге асыруға және басқару мәселелерін шешуге әсер етуде. Қазіргі уақытта оқу тәжірибесінде пән мұғалімдері әртүрлі цифрлық ресурстарды, виртуалды жеке мектеп пәндері бойынша зертханаларды, оқу тақырыптық сайттарды, әлеуметтік желілерді, әртүрлі мақсаттарға арналған қызметтер мен веб-қосымшаларды, оның ішінде қашықтан байланысты ұйымдастыру үшін (Skype, Zoom, Mirapolis, Discord, әлеуметтік желілер, мессенджерлер) пайдаланады. Қазірде оқу үдерісіне ақпараттық білім беру жүйесі негізінде әртүрлі білім беру технологиялары (электрондық, қашықтықтан, мобильді, аралас) енгізілуде. Цифрлық технологиялар арқылы әлеуметтік-тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының мәселелері шешілуде, сонымен қатар оқушылардың ата-аналарымен өзара әрекеттесуге де көмегін тигізуде.

«Цифрлық мәдениет» ұғымына тоқталып өтейік, оны Е.В. Гнатышева кәсіби маманның ақпараттық дүниетанымын көрсететін жан-жақты сапасы ретінде қарастырса, М.В. Маслакова цифрландыру үдерісінен сыни хабардар болу үшін кәсіби қабілеттілік деп анықтаған [1] , ал Н.И.Гендина, Н.И.Колокова, Ю.В.Уленко, Т.А.Нестик [2] , т.б. ғалымдар бұл ұғымды ақпараттық коммуникациялық технологиялар бойынша білім мен дағдыларды меңгеру деп анықтама берген. Сонымен білім беру саласындағы цифрлық мәдениет дегеніміз оқу барысындағы оқушы мен мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық цифрлық технологияларды пайдалануындағы ережелер мен құзыреттер жиынтығын атаймыз. Қазіргі заманғы білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу және тиімді пайдалану цифрландырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.[3] Цифрландыру – өмірдің әртүрлі салаларының сапасы мен мүмкіншіліктерін арттыру мақсатында цифрлық технологияларды (Интернет заттары, VR, жасанды интеллект, роботтандыру, 3D басып шығару, онлайн қызметтер, толықтырылған шындық, цифрлық қарымқатынас) кеңінен енгізу болып табылады. Сонымен қатар цифрлық технологиялар өмірдің барлық салаларының жаңа жаққа өзгерте отырып, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер етіп жатыр және жаңа терминдердің («цифрлық экономика», «цифрлық білім беру», «цифрлық мәдениет», «цифрлық құзыреттілік», «цифрлық сауаттылық», «цифрлық орта» т.б.) пайда болуына ықпал етуде.

Заманауи цифрлық технологиялар түрлеріне тоқталайық. Бұл технологиялар өмірімізде белсенді қолданып қана қоймай, сонымен қатар цифрлық мәдениеттің дамуына үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз.

Цифрлық білім берудегі өзекті технологияларының бірі – жасанды интеллект. Бүгінде ол біздің өміріміздің барлық аспектілерін, соның ішінде білім беруді өзгертіп жатқандығы сөзсіз. Мектеп сыныбында ол келесі түрде кездесуі мүмкін:

- Оқушылардың немесе мұғалімдердің уақытын басқаруға және үй тапсырмасын тексеруге арналған виртуалды көмекшілер;
- Жасына және қабілетіне байланысты балаларға қосымша оқытуды дараландыратын репетиторлық жүйелер;
- Әр оқушыға жеке көзқараспен қарайтын қашықтықтан және онлайн оқыту бағдарламалары;
- Көп тілді сыныптарға немесе мектептерге арналған аударма жүйелері;
- Дағдыларды дамытуға арналған жаттығу құралдары;

Қашықтықтан, онлайн және гибридті оқыту. Мектеп үшін онлайн білім берудің артықшылықтары өте көп, мысалы:

- Оқшаулану деңгейіне қарамастан, оқушылармен әрқашан қарым-қатынас жасауға болады;
- Сыныптар мен материалдарға қол жеткізуге уақытты үнемдеу;
- Тестілеу, бекіту және дағдыларды тексеру мүмкіндігі.

Мұның бәрі он жыл бұрын онлайн білім беру платформаларын танымал етті. Бүгінгі таңда бұл үрдіс жалғасып қана қоймай, сонымен қатар жақсы жаққа қарай белсенді дамып келеді. Онлайн оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін батыстық әріптестер тіпті курстарды жүргізу үшін танымал музыкалық және кино жұлдыздарын пайдаланады, бұл жаһандық оқуға деген қызығушылықты арттырады.

Геймификация, ойын педагогикасы. Балаларды ойын сияқты ешкім қызықтыра алмайды. Бұл туралы өткеннің ұлы ойшылдары білді, өз дәрістерін жұмбақтар мен рөлдік өзара әрекеттесуді қолдана отырып интерактивті форматтарға айналдырды. Бүгінгі таңда ойын өзінің барлық мүмкіндіктерін алу үшін технологияны белсенді қолданады. Компьютерлік ойын, негізінен, бәрін жасай алады. Ол жасанды интеллект арқылы ойлайды және графика арқылы назар аударады және оның қызықты өтуінің көптеген жолдарын ұсынады. Ойындардың негізгі қабілеті толқуды тудырады және жаңа биіктерге жетуге деген ұмтылысты тудыратыны белгілі.Енді сіз жай ғана көңіл көтеру үшін ойнап қана қоймай, әр деңгеймен бірге жаңа, оқу мен өмірде пайдалы нәрселерді біле аласыз. Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар білім беру процесін толықтыратын шынымен пайдалы ойындар жасауға шексіз мүмкіндіктер беріп отыр. Мұндағы туындайтын мәселе - оқушының назарын басқа құралдарына аудармай, процесті жүйелі ету.

Виртуалды және кеңейтілген шындық. Виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындықбұл оқу процесіне әсері күшейе түсетін кеңейтілген шындық (XR) технологиясының формалары. Бұл оқушы оқитын материалға жеке қол жеткізе алатын ойын түрі. Ол тарихи оқиғаларға өз көзімен қарай алуға, үйден шықпай-ақ әлемдегі ең жақсы мұражайларға бара алуымызға, мәтіндердің аудармаларын бірден алуымызға, сонымен қатар өзіңіздің қызықтыратын объектіңізге бірден анықтама алуыңызға мүмкіндік береді. Қазірде бүкіл виртуалды сыныптарды пайдалану қарқынды дамып келеді, олардың көмегімен оқыту қашықтан қызықты жағдайда өтеді. Виртуалды сынып арқылы оқушыларға таңғажайып оқиғаларды көрсете алуға және физикалық әсерлерге жүгінбестен әртүрлі тәжірибелерді жасай алуға болады . Виртуалды шындық (VR) - бұл өте қымбат технология, ал толықтырылған (AR) шындық құралдары бес жылдан астам уақыт бойы қарапайым смартфондарда қол жетімді. Олардың көмегімен білім жаңа технологиялық деңгейге белсенді түрде ауысып жатыр және пайдаланушы құрылғыларды неғұрлым белсенді пайдаланған сайын, бұл сала соғұрлым дамып келеді.

Бұлттық есептеулер – интернет–пайдаланушыға онлайн–қызмет ретінде ұсынылатын сандық деректерді таратылған өңдеу технологиялары. Бағдарламалар жергілікті компьютердегі web–браузер терезесінде іске қосылады және жұмыс нәтижелерін береді. Нейрондық желіні бұлтты есептеулермен байланыстыра отырып, үлкен көлемдегі деректер мен есептеулерді өңдей алатын бұлттың ресурстарын пайдалануға болады. Ең танымал бұлттық есептеу платформалары ретінде Microsoft Azure және Google Cloud Platform (GCP), Amazon Web Services (AWS) атап өтуге болады.[3]

Атап өтілген заманауи цифрлық технологияларды дұрыс пайдалуда бізге жетекшілік ететін цифрлық мәдениеттің негізгі құндылықтары мен принциптерінің құрылымын анықтадым:

1. Цифрлық сауатты болу – заманауи цифрлық технологияларды білу және қолдану.
2. Цифрлық ойлау – есептерді шешуде цифрлық технологияларды қолданудың басымдығы.
3. Коммуникация – өзара әрекеттесу үшін цифрлық арналарды кеңінен қолдану.
4. Деректер – цифрлық деректерді талдау негізінде шешім қабылдау.
5. Этика – цифрлық ортадағы мінез-құлық принциптерін түсіну.
6. Қауіпсіздік – ақпаратты қорғау принциптерін білу.

Оқушылардың цифрлық мәдениетін дамыту міндеттерін қарастырғанда, мұғалімдердің осы құзыреттерді меңгеруінің маңыздылығын атап өткен жөн деп ойлаймын. Мұғалім осы аталған құндылықтарды оқушыларға үйрете отырып жұмыс жасаса, оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастырып, дамуына үлкен үлес қосады деп ойлаймын. Мектептегі білім берудегі цифрлық мәдениетті дамытудың тиімділігі тікелей мұғалімнің оқу барысында цифрлық дағдыларының даму деңгейіне және оны тиімді қолдану қабілетіне байланысты. Заманауи мұғалім цифрлық ақпараттармен жұмыс істеуде дұрыс бағдар жасай отырып, оны өңдеп және жаңа технологияға біріктіре алуға қабілетті болу керек.

Қорытындылайтын болсақ, білім берудегі цифрлық мәдениетті дамытудағы негізгі мақсат –оқутәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың жүктемелерін азайту болып табылады. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Сондықтан біздің алдымызда осы цифрлық білім беру технологияларының түрлерін зерттеп, оны дұрыс қолданысқа енгізу арқылы цифрлық мәдениетті дамыту мақсатын орындау тұр.

Әдебиеттер тізімі

1. Гнатышина Е.В., Саламатов А.А. Цифровизация и формирование цифровой культуры: социальные и образовательные аспекты. Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2017. - № 8. – Б. 19–24.
2. Гендина Н.И., Колкова Н.И., Рябцева Л.Н. Цифровизация в сфере культуры: сущность, нормативно-правовое регулирование, приоритетные направления совершенствования кадрового обеспечения. Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. – 2020. - № 50. - Б.183–197.
3. URL:https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-obrazovatelnaya-sreda-kak-uslovieformirovaniya-tsifrovoy-kultury-studentov/viewer/(дата обращения: 13.11.2023).
4. URL:https://astanahub.com/ru/blog/trendy-tsifrovizatsii-obrazovaniia-na-2023-2024-uchebnyi-god /(дата обращения: 30.10.2023).

ХИМИЯДА ПӘНДІК-ТІЛДІК КІРІКТІРІЛГЕН ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Серікқызы П. 7М01510-химия мамандығының
2 курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ., Алматы қ.
patshaiymserik@mail.ru

Аңдатпа:Мақалада пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың әдістемелік принциптері, кіріктірілген сабақтарды жоспарлау ерекшеліктері, қазіргі таңдағы пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдісін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Пәндік-тілдік кіріктірілген тәсілді жүзеге асыруда күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар сипатталған. Сондай-ақ, тілдік оқыту негізгі шет тілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамыту тұрғысынан қарастырылады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың ең тиімді әдісі кіріктірілген қос тілді сабақтарды өткізу болып табылады.

Түйін сөздер: пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту, ағылшын тілі, CLIL технология, тілдік дағдылар, критикалық ойлау, мотивация.

Аннотация:В статье рассматриваются методические принципы предметно-языкового интегрированного обучения, особенности планирования интегрированных уроков, преимущества и недостатки использования в современной школе предметно-языкового интегрированного метода обучения. Описаны условия, необходимые для достижения ожидаемых результатов в реализации предметно-языкового интегрированного подхода. Также языковое обучение рассматривается с точки зрения развития основных иноязычных коммуникативных компетенций. Наиболее эффективным способом осуществления межпредметных связей является проведение интегрированных двуязычных занятий.

Ключевые слова: предметно-языковое интегрированное обучение, английский язык, CLIL технология, языковые навыки, критическое мышление, мотивация.

Annotation: The article discusses the methodological principles of Content and Language Integrated Learning, the features of planning integrated lessons, the advantages and disadvantages of using a subject-language integrated teaching method in a modern school. The conditions necessary to achieve the expected results in the implementation of the CLIL approach are described. Also, language learning is considered from the point of view of the development of basic foreign language communicative competencies. The most effective way to implement interdisciplinary connections is to conduct integrated bilingual classes..

Keywords: subject-language integrated learning, English, CLIL technology, language skills, critical thinking, motivation.

Қазіргі қоғамда, ғылымда, өндірісте, адамдардың қарым-қатынасында болып жатқан интеграциялық процестер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Пәндік оқыту ғылымдарды зерттеу үшін тым тар шеңбер жасайды, ал соңғы уақыттағы негізгі ғылыми жаңалықтар синергетикалық пәндер саласында жүзеге асырылады. Оқытушы өз пәнін оқытуды жоспарлай отырып, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға болады. Пәнаралық байланыстарды құру нақты әдіснамалық негізге негізделген жан-жақты болуы керек, бірақ әріптестермен қарым-қатынас жасай отырып, кіріктірілген оқыту жүйелі түрде емес, көбінесе эпизодтық түрде жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыстар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі кешенді тәсілдің маңызды шарты мен нәтижесі болып табылады[1].

Кіріктірілген сабақтар оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін заманауи мектептің бағыттарының бірі болып табылады. Аталған оқыту бір тақырыпты зерттеу кезінде әртүрлі пәндер бойынша жан-жақты білімді меңгеруді қамтамасыз етеді. Сабақтарды біріктіру процесі жалпы гуманистік бағытқа ие, өйткені ол оқушыларға әлеуметтік ортадағы өз орнын табуға көмектеседі. Кіріктірілген оқытуда

бастысы білім алушының өзі жеке білім беру траекториясы негізінде пәндік-тілдік оқытуды таңдауы немесе таңдамауы[2].

Бұл технология еуропалық және Солтүстік Американың орта және жоғары білім беру жүйесінде сәтті қолданылып, танымал бола бастады. Ал Қазақстанда пәндік-тілдік кіріктірілегн оқыту (CLIL) әлі де даму сатысында, жоғары оқу орындарының білім беру процесіне осындай бағдарламаларды енгізу әрекеттері жасалуда. Зерттеулерге сәйкес, CLIL-ге негізделген бағдарламалар дәстүрлі форматқа қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие:

- тілдік ортаға ену мүмкіндіктері;
- жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту (Блум таксономиясы): талдау, бағалау, анализ және т. б.;
- шетелдік білім алушыларды тарту;
- шет елдерден профессор-оқытушылар құрамын тарту;
- халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту;
- болашақта CLIL технологиясын жоғары мектепте оқыту процесіне енгізу процесіне тартылатын мамандар мен магистрлерді даярлау;
- халықаралық тәжірибе алмасу, шетелде оқуды жалғастыру және біліктілікті арттыру мүмкіндігі[3].

Пәндік-тілдік кіріктірілген тәсілге негізделген оқытудың әртүрлі модельдері бар, олар жеңіл (soft CLIL) қиын модельге (hard CLIL) дейін. К. Бентли келесі түрлерді ажыратады:

- language-led, бұл түр жеңіл модельге жатады, өйткені пәннің кейбір тақырыптары "шет тілі" курсына біріктірілген және аптасына шамамен 45 минут аудиториялық уақыт бөлінеді;

- subject-led (modular), дисциплинаның пәндік мазмұны басым модульдік түрі, пәннің таңдаулы тақырыптары шет тілінде оқытылатын кезде, осы тақырыптарға бөлінетін уақыт 1 семестрде 15 сағатты құрайды; пәндік-тілдік оқытудың бұл түрі жеңіл және қиын модель арасында аралық орынды алады; subject-led (partial immersion), тілдік ортаға ішінара ену, бұл жағдайда пән тақырыптарының 50%-ы шет тілінде оқытылады, пәндік мазмұнға қатысты ол ана тілінде оқылатын осы пәннің мазмұнын көрсете алады [4].

Берілген ақпаратты қабылдауды жеңілдету үшін CLIL сабақтарына дайындыққа ерекше назар аударған жөн: музыканың әртүрлі жанрларына ілеспе суреттер; карталар; кестелер және т.б. сонымен, білім алушыларға мәтінді және керісінше суреттеу қажет тапсырмалар ұсынылуы мүмкін. Визуализация қабылдаудың және тұрақты есте сақтаудың ең тиімді әдістерінің бірі. CLIL әдістемесі бойынша сабақтарды өткізуге арналған материал шет тілін үйренуге арналған стандартты жиынтықтан өзгеше болады:

- инновациялық әдістемені енгізу кезінде материалдар грамматикалық блоктар бойынша емес, "Accounting principles and concepts", "Public and private accountants", "Auditing" пәндері мен бөлімдері бойынша топтастырылатын болады;

- нақты vocabulary: неғұрлым күрделі процестерді түсіндіруге байланысты, өйткені мәтіндер бейімделмейді;

- CLIL сабақтары тек тілді ғана емес, сонымен қатар кәсіби салаларды да бірден меңгеруге көмектеседі, ал шет тілі сабақтарында грамматика, лексикаға баса назар аударылады [5].

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту мәселелерімен айналысатын зерттеушілер оның келесі негізгі сипаттамаларын ажыратады:

Оқытудың көп қырлы фокусы:

- пәнді оқу сабақтарында тілдік дағдылар мен біліктерді бекіту;
- бірнеше пәндерді біріктіру арқылы пәннің мазмұнын шет тілінде зерттеу;
- оқу процесіне рефлексиясы бар мәдениетаралық жобалар арқылы оқытуды ұйымдастыру;

Ынталандырушы білім беру ортасы:

- сабақтарда қайталанатын әрекеттер мен дискурстарды қолдану;

• шет тілі мен пәнін меңгеру кезінде білім алушыларға өз қабілеттеріне сенімділік алуға жәрдемдесу;

• ресурстардың қол жетімділігі;

• білім алушылардың тілдік құзыреттілік деңгейін арттыру[6].

Пәндік - тілдік кіріктірілген оқыту тәсіліне негізделген табысты оқытуға ықпал ететін инновациялық технологиялардың ішінде мыналарды бөліп көрсету қажет:

- оқытушының жеке сайты, онда барлық қажетті оқу мәтіндік және мультимедиялық материалдар орналастырылады, кері байланыс жүзеге асырылады;

- оқу процесін күшейтуге мүмкіндік беретін блог технологиялары;

- қол жетімділігі мен қолданудың қарапайымдылығымен, әртүрлі жұмыс түрлері мен формаларын қолданумен сипатталатын мобильді оқыту технологиялары;

- жобалар мен презентацияларда ұжымдық жұмыс жасау үшін ақпаратты сақтауға және бөлісуге үлкен мүмкіндіктер беретін компьютерлік қызметтер;

- TED Talks-белгілі ғалымдардың, бизнесмендердің, оқытушылардың, спикерлердің бейне дәрістері.

Аталған технология бойынша өткізілген сабақ жоспары:

Institution	Abai Kazakh National Pedagogical University
Faculty	Natural science and geography
Department	Chemistry
Teacher, master's student	7M01510 – Chemistry, 2nd year master's student, Serikkyzy Patshaiym
Speciality of group, code	6B01511 – Chemistry, 4 course
Type of lesson	Lecture
Date	11.11.2023ж
Time	9:00
Theme of the lesson	Structure, properties and chemical synthesis of lipids. Steroids.
Purpose of the lesson	• to give students the concept of lipids, their structure, properties and chemical synthesis; • understand the steroids; • know what applies to lipids, steroids and their use in chemistry
Lesson visualizations	Computer, tables, slides and handouts for students, platform «Wordwall», didactic materials
Lesson progress	
Organization 7 min	• Greetings to students *Psychological attitude. Metod "Heart".* Students draw a half of heart on a sheet of paper, and write down their wishes for today, their loved ones. *«What…?» questions:* 1. What are the types of carbohydrates? 2. What is the simple carbohydrate chemistry? 3. What is the structure of a carbohydrate? 4. What are the applications of carbohydrates?
In the middle of the lesson 20 min	The teacher explains the topic depending on the purpose of the lesson. However, despite this structural diversity, lipids of biological membranes are built on a single principle.

8 min	The composition of lipid molecules includes, on the one hand, long hydrocarbon residues characterized by low affinity for water, that is, hydrophobic radicals, and on the other hand, more compact hydrophilic groups, called polar heads. Further development of student's knowledge on the lesson using the platform "Wordwall".
End of lesson 10 min	*Final tasks.* • Students will make a conclusion using the method «Secret box». Teacher take papers from box:
Reflection 5 min	Students record their impressions of the lesson with the metod "What's app" and with smiles:
Student assessment	

Ұсынылған технологияны қолданған кезде тілдің толықтығы әр түрлі болуы мүмкін екенін ескеру маңызды:

- CLIL қолдану барысында қолданылатын лексикалық бірліктер шет тілін оқытудың дәстүрлі форматына қарағанда әр түрлі;
- лексика екі бөлікке бөлінеді: күнделікті қарым-қатынас үшін қажетті сөздер; ғылымның әртүрлі салаларында қолданылатын сөздер. CLIL сабақтарында бұл екі түр де қолданылады;
- стандартты тәсілмен сөздік қорының негізі ең көп қолданылатын бірліктер болып табылады, ал пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әр түрлі салаларға қатысты лексиканың кең қабатын қамтуға мүмкіндік береді, жаңа сөздерді бір мәтіннің ішіндегі қатынастарға негізделген ассоциативті схема арқылы сәтті есте сақтауды қамтамасыз етеді[7-9].

Қорытындылай келе, бұл технологияның жақсы перспективалары бар екенін атап өтуге болады, бірақ оны кең оқытушылық тәжірибеге енгізу үшін арнайы пәндер мен шет тілін оқытудың кейбір дәстүрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын қайта қарау қажет.

Бұл әдіс кәсіби мәселелерді шешу үшін ағылшын тілін нақты контексте қолдануға мүмкіндік береді. Қосымша артықшылықтарға оқу уақытын үнемдеу, білім беру пәндерін тұтас қабылдау, білім алушылардың мотивациясын арттыру, мәселенің мәніне терең ену жатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Георгиевна Б.Е. Интегрированное обучение как средство организации современного учебного процесса. Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании». Журнал «Проблемы педагогики», 2015.

2. Coyle D. CLIL Content and Language Integrated Learning / D. Coyle, Ph. Hood, D. Marsh. – CUP. –2010.

3. Григорьева К.С., Яхина Р.Р. Об опыте использования технологии предметно-языкового интегрированного обучения CLIL. Актуальные вопросы гуманитарного знания в современном обществе: Материалы научных докладов и статей международной научно-практической конференции «Современные исследования основных направлений

гуманитарных и естественных наук» 2-3 марта 2017 года/ Под научной редакцией профессора Насретдинова И.Т. Казань: Изд- во «Печать-сервис XXI век, 2017. – 598 с.

4. Bentley K. The TKT Course CLIL Module. Cambridge University Press, 2010.

5. Hovhannisyan, G., Grigorian, S., Tatevian, H. (2012). Psychology in English: The teacher's book. Yerevan. 121 p.

6. К.С. Михайловна. Структура урока на основе CLIL технологии. Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании». Журнал: Вестник науки и образования. 2019.

7. Чекун О.А. Предметно-языковое интегрированное обучение в неязыковых вузах. Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании». Журнал Педагогика и психология образования, 2019.

8. Basse, R.L. Assessment for Learning in the CLIL classroom: A corpus based study of teacher motivational L2 strategies and student motivation and metacognitive abilities. Madrid. 306 p.

9. Redal, E.J., Brandi, A., Guernie, M.C. (2010). Essential Natural Science 1. Madrid: Richmond Publishing Torrelaguna. 168 p.

РОБОТОТЕХНИКА БӨЛІМІН ОҚЫТУ ҮШІН ЖАБДЫҚТАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ТАҢДАУ

Кобдабаева Г. М.
«Информатика» кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Исаев С. А.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
kobdabaevagulnaz@gmail.com

Түйіндеме:Робототехника қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Бұл мақала информатика бойынша робототехника бөлімінде оқыту үшін жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы таңдау мәселесін қарастырады. Әр түрлі жабдықтар, соның ішінде роботтық жиынтықтар және бағдарламалық жасақтаманың бағдарламалау орталары қарастырылады. Білім беру мекемелерінде LEGO Mindstorms, LEGO Education WeDo 2.0 және Makeblock mbot қолданудың артықшылықтары сипатталған.

Кілттік сөздер: *Робототехника, информатика, білім беру, Scratch, бағдарламалау.*

Аннотация:Робототехника в настоящее время является одной из самых быстрорастущих отраслей. В данной статье рассматривается вопрос выбора оборудования и программного обеспечения для обучения в отделе робототехники по информатике. Рассматриваются различные типы оборудования, включая роботизированные комплекты и программные среды. Описаны преимущества использования LEGO Mindstorms, LEGO Education WeDo 2.0 и Makeblock mbot в образовательных учреждениях.

Ключевые слова: *Робототехника, информатика, образование, Scratch, программирование.*

Abstract: Robotics is currently one of the fastest growing industries. This article discusses the issue of choosing equipment and software for training in the Department of robotics in computer science. Various types of equipment are considered, including robotic systems and software environments. The advantages of using LEGO Mindstorms, LEGO Education WeDo 2.0 and Makeblock mbot in educational institutions are described.

Keywords: *Robotics, computer science, education, Scratch, programming.*

Қазіргі әлемде информатика білім берудің маңызды және ажырамас бөлігіне айналуда. Ол оқушыларға компьютерлер мен бағдарламалау туралы білімді ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлауды, алгоритмдік ойлауды және шығармашылық ойлауды дамытады. Информатиканы физика мен механикамен біріктіретін қызықты және практикалық бағыттардың бірі – робототехника.

Информатикадағы робототехника оқушыларға роботтарды құру, бағдарламалау және басқару арқылы ақпараттық білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға информатика саласындағы білімдерін тереңдетіп қана қоймай, бағдарламалау, шығармашылық ойлау және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, робототехника бөлімінде табысты оқытудың негізгі аспектілерінің бірі – жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы дұрыс таңдау. Оқу мақсатында пайдалануға болатын роботтық конструкторлардың, микроконтроллерлердің және бағдарламалық орталардың кең ауқымы бар. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар, ал оңтайлы жабдық пен бағдарламалық жасақтаманы таңдау тиімді оқытудың маңызды факторы болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты информатикадағы робототехника бөлімінде оқыту үшін жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы таңдау мәселесін қарастыру болып табылады. Роботтық жиынтықтары сияқты әртүрлі жабдықтарды және графикалық, мәтіндік бағдарламалау орталары қарастырылады.

Жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы дұрыс таңдау тиімді және қызықты оқу ортасын құруға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға информатика мен робототехника саласында табысты мансапқа жету үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Робототехника бойынша оқыту жабдықтары

Роботтық жабдықтар – бұл әртүрлі модульдерден, сенсорлардан және роботтардың әртүрлі түрлерін жасау үшін құрастыруға және бағдарламалауға болатын басқа компоненттерден тұратын жиынтықтар. Олар оқушыларға роботтарды жобалау мен бағдарламалауда практикалық тәжірибе береді.

Бейерс және т. б. тұжырымдауы бойынша, кейбір роботтардың статикалық морфологиясы бар (мысалы, Ферби), ал басқаларында өзгермелі (мысалы, Lego Mind-Storms, Fischer Technic роботы).

Айгнердің және басқалардың пікірінше, "LEGO Mindstorms – бұл әйгілі блоктардан құрастырылатын және көптеген қолданыстары бар ең танымал модульдік робототехника жиынтығы" [1]. LEGO-ның бұл жиынтығы блоктар мен сенсорларды қолдана отырып, әртүрлі роботтар жасауға мүмкіндік береді. Бұл жиынтық сенсорларды, қозғалтқыштарды, бағдарламаланатын контроллерді және механикалық компоненттердің ассортиментін қоса алғанда, қарапайым тактильді интерфейстерді жасау үшін барлық қажетті компоненттерді қамтиды. Mindstorms стандартты жиынтығында роботты құрылғыларда пайдалы төрт сенсор бар. Бұл сенсорлық, дыбыстық, жарық және инфрақызыл сенсорлар. Роботты құрастыру және жұмыс күйіне келтіру процесі физикалық және жобалау принциптерін, сондай-ақ қарапайым бағдарламалау дағдыларын түсінуді қамтиды [2].

Колтон және т. б. LEGO Mindstorms келесі себептерге байланысты білім беру мекемелерінде қолдануға жарамды екенін атап өтті [3].

LEGO Mindstorms-тың әмбебаптығы: жиынтық студенттерге басқа пайдаланушылар бөлісетін дайын сызбаларды немесе жоспарларды пайдалана отырып, әртүрлі құрылғыларды жобалауға, жасауға және бағдарламалауға мүмкіндік береді. Lego блоктарының қайта пайдалануға болатын сипаты оқушыларға арнайы құрастыру дағдыларын қажет етпей-ақ оңай жобалауға, жасауға және сынауға мүмкіндік береді.

Оқуышылар ушін жиынтықтың тартымдылығы: Lego Mindstorms жиынтығы басқа механикалық құрылғылармен ойнауға дағдыланған балалар арасында танымал. Оқушылар әртүрлі бөлшектерді құрастыру және қозғалатын құрылғыны жасау бойынша практикалық тәжірибе алуға тырысады. Оқушылар роботты сәтті құрастыра алғаннан кейін бірден қанағат алады.

Keywords: *AR, VR, 3D objects, platform, teaching school students.*

Ақпараттық технологиялардың дамуымен және смартфондар мен планшеттердің таралуымен толықтырылған шындық (AR) барған сайын танымал және кең аудитория үшін қолжетімді бола бастады. Бұл технология виртуалды нысандар мен ақпаратты нақты әлемге қосуға мүмкіндік береді, оқыту мен дамытудың бірегей мүмкіндіктерін жасайды. Толықтырылған шындық (AR) - нақты уақыт режимінде сандық ақпаратты пайдаланушының ортасымен біріктіру. Толықтырылған шындық қандай да бір жолмен табиғи ортаны көрнекі түрде өзгерту немесе пайдаланушыларға қосымша ақпарат беру үшін қолданылады. AR-дың басты артықшылығы - ол сандық және үш өлшемді (3D) компоненттерді адамның нақты әлемді қабылдауымен үйлестіре алуында. AR смартфон немесе көзілдірік және т.б. құрылғы арқылы пайдаланушыға көрнекі элементтерді, дыбыстарды басқа да сенсорлық ақпаратты жеткізе алады.[1] Толықтырылған шындықты қолдануға болатын салалардың бірі - информатиканы оқытуда. Информатиканы оқытудың инновациялық тәсілдерінің бірі - виртуалды зертханалар құру. Оқушылар виртуалды компьютерлермен және бағдарламалық жасақтамамен өзара әрекеттесу үшін смартфондар немесе планшеттер сияқты құрылғыларын пайдалана алады. Бұл оларға физикалық компьютерлерге қол жеткізбестен тапсырмаларды орындауға және тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Тағы бір тәсіл - интерактивті сабақтар

мен тапсырмаларды жасау үшін толықтырылған шындықты пайдалану.[2] Оқушылар қосымша ақпарат пен тапсырмалар алу үшін өз құрылғыларын пайдаланып, карталар немесе диаграммалар сияқты физикалық нысандарды сканерлей алады. Мысалы, олар бағдарламалау тұжырымдамалары туралы қосымша түсініктемелер ала алады, содан кейін виртуалды бағдарламаларды құру арқылы оларды іс жүзінде қолдана алады.

Статистикаға сүйенетін болсақ, қазіргі уақытта мектеп оқушыларының 95% - дан астамы смартфон пайдаланады.[3] Оқушының смартфоны немесе планшеті болмаса, білім беру процесінде толықтырылған шындық технологияларын қолданылса, бұл сабағына кедергі келтірмейді, өйткені бұл технология негізгі болмайды, сонымен қатар сыныптасының смартфонын немесе бірге пайдалану мүмкіндігі бар. Осылайша, оқытуда толықтырылған шындық технологиясын қолданудың өзектілігі - оқытудың көрнекілігін арттыру болып табылады және сол арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады.

AR қосымшаларын әзірлеу құралдарының салыстырмалы сипаттамалары 1 - кестеде келтірілген.

1-кесте

Қосымша әрірлеуге арналған құралдар	**Қолдау көрсетілетін платформалар**	**Функциялар**	**Пайдалану шарттары**
Vuforia	Android, iOS, UWP, Unity	көрнекі нысандардың әр түрі, мәтінді және қоршаған ортаны тануда VuMark (сурет пен QR код)	Линцензия алса, тегін. Лицензия болмаса $99.
EasyAR	Android, iOS, UWP, Windows, OS X, Unity	3D нысандарын тану, қоршаған ортаны қабылдау, смарт көзілдірік жұмысы	Тегін
Wikitude	Android, iOS, ақылды көзілдірік	кескінді тану және қадағалау, SLAM негізіндегі үш өлшемді қадағалау технологиясы, GEOData	Ақылы €1990 бастап
ARToolKit	Android, iOS, Linux, Windows, OS X, ақылды көзілдірік	құрылғының орнын бақылау, кескінді қадағалау, камераны калибрлеу, оптикалық көзілдірікті қолдау	Тегін
Kudan	Android, iOS	қарапайым кескіндерді тану және 3D нысандар, Unity редакторында дерекқорды оңай құру.	Тестілеу үшін - тегін, $1230 - бастап ақылы

Толықтырылған шындық элементтер объектілерін әзірлеу алдында бірінші кезекте ұсынылатын тақырыпты таңдау қажет. Тақырыпты, бөлімді немесе объектіні таңдау қандай да бір себептермен (құралдардың немесе мүмкіндіктердің болмауы, қажетті жабдықтардың болмауымен және т. б.) ауыстырудың мүмкіндігімен негізделуі керек. Мысалы, білім беру ұйымында, Информатика сабағында көрсететін 3D принтер, Плоттер, компьютердің жеке бөліктері болмаса, олардың 3D нысандарын жасауға және кеңейтілген шындықтың кез-келген элементтерін жасауға болады. Әзірленген қосымша білім алушыға оқу орнында ғана емес, үйде де, мысалы, үй тапсырмасын орындау кезінде объектілерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беруі керек. Мақсатқа жету үшін-элементтерді әзірлеу белгілі бір ғылыми сала бойынша толықтырылған шындық - тез және сапалы орындалады. Сонымен қатар осы салада бұрыннан бар әзірлемелерді талдап, содан соң жасаған да абзалырақ. [4] Әрі қарай, толықтырылған шындық элементтерін әзірлеуге арналған платформаның бірін анықтау керек. Әзірлеуші ретінде мұғалімге қандай бағдарламалық жасақтама сәйкес келетінін анықтау үшін, оны пайдалану мақсаттарын анықтау қажет. Мысалы, егер мұғалім Информатика курсына қатысуды жоспарласа қандай да бір зертханалық және практикалық жұмыстардың болуы, оның шеңберінде оқушылар өздері орындауы тиіс кейбір толықтырылған шындық элементтері, бағдарламалық жасақтама сенімді болуы керек. Мұндай бағдарламаларға, мысал ретінде, "Ev ToolBox" айта аламыз. Оның негізгі кемшілігін де ескере кеткен жөн. Бұл бағдарламаның ақысыз нұсқасын қолданатын әзірлеушінің алынған жобаны apk файлына немесе компьютерде, смартфонда немесе планшетте қосымша ретінде ашуға болатын басқа файлға экспорттау мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, егер мұғалім тек соңғы өнімді, содан кейін ол бағдарламалық жасақтаманы таңдауы керек, сонда ғана экспорт жасауға мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа жету үшін басқа бағдарламалық жасақтамаларға қарағанда Unity өте жақсы көмектеседі (Vuforia соның ішінде). Толықтырылған шындық мектепте оқыту әдісі ретінде өте жаңа технология болғандықтан, оқытушы тарапынан әзірленген қосымшаны пайдалану бойынша, нұсқаулар беру қажеттілігі туындайды. Сабақ кезінде қолданылатын белгілер басып шығарылуы немесе кабинеттегі барлық дербес компьютерлерде қолжетімді болуы қамтамасыз етілуі керек. Әрине, жапсырмаларды басып шығару оларды барлығына жеткізудің ұтымды тәсілі болады, өйткені монитор экранынан айырмашылығы қағаз немесе картон парағын камераның алдында өзгертуге болады. Мысалы, перспективаны өзгертеді. Сабаққа әзірленген қолданбадағы 3D нысандар барлығына қолжетімді және түсінікті болуы керек. Егер олар қиын болса, оларды қолданудың мағынасы жоқ. [5]

Толықтырылған шындықты (AR) білім беру процесінде қолдану практикалық тәжірибемен расталған бірнеше артықшылықтарға ие:

- Материалды түсінікті игеру: Мериланд университетінде жүргізілген зерттеу білім беру процесінде AR-ды қолдану материалды түсіну мен есте сақтауды жақсартуға күрделі ұғымдарды меңгеріп, ақпаратты ұзақ мерзімді есте сақтауды көрсетті.[6]
- Сабаққа қатысу белсенділігі: AR оқытуды интерактивті және қызықты ете алады. Массачусетс университетінде жүргізілген зерттеуде оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен мотивациясы жоғары екенін көрсетті, бұл белсенді қатысуға және нәтижелердің жақсаруына әкеледі.[7]
- Ойлауды дағдысын дамыту: Оксфорд университетінде жүргізілген зерттеуде AR - ды қолдану кеңістіктік ойлау мен проблемаларды шешу қабілетін дамытуға ықпал ететінін көрсеткен.[8]
- Жеке оқыту: Әр оқушының білім деңгейі мен қызығушылықтарын ескеретін интерактивті сценарийлер мен тапсырмалар жасауға болады. Бұл тиімдірек оқуға және оқу үлгерімін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, информатиканы толықтырылған шындық технологияларын қолдану оқытудың тиімділігін едәуір жақсартатын және оқушыларға жаңа материалға тереңірек енуге мүмкіндік беретін инновациялық тәсілді ұсынады. Виртуалды зертханалар

мен толықтырылған шындықпен жасалған интерактивті сабақтар оқушыларға виртуалды нысандармен практикалық жұмыс істеуге және өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді және соның арқасында оқушылар информатикада өз білім мен білік дағдыларын неғұрлым қызықты және практикалық түрде дамыта алады. Білім беруде толықтырылған шындықты пайдалану сонымен қатар оқуды жекелендіруге және оқушылардың әртүрлі оқу стильдеріне бейімделуге жаңа перспективалар ашады. Тұтастай алғанда, информатиканы оқытуда толықтырылған шындық технологияларын пайдалану оқу процесін айтарлықтай жақсартатын және оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясын арттыратын перспективалық және инновациялық тәсілді білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айтметова, Ш. А. (2022). Толықтырылған шындық технологиясын пайдаланып информатикадан цифрлық білім беру ресурстары. URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=48099668

2. Klopfer, E., Squire, K., & Jenkins, H. (2002). Environmental detectives: The development of an augmented reality platform for environmental simulations. Educational Technology Research and Development, 50(2), 21-39.

3. Шындалиев, Н. Т., & Калкабаева, З. К. (2020). ҚАЗІРГІ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ. *Вестник «Физико-математические науки»*, *72*(4), 289-293. URL: https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/174

4. Кочеткова О.А., Пудовкина Ю.Н., Гусева Е.В., Животкова Ю.В., Рыбалко М.А. Методика проведения курса внеурочной деятельности «ar/vr- технологии» в 8-9 классах // Современные проблемы науки и образования. – 2022. – № 6. ;

5. Лозинская А.М., Лозинский А.Г. Дополненная реальность в процессе обучения // Реализация национальной образовательной инициативы 52 «Наша новая школа» в процессе обучения физике, информатике и математике: материалы межд. науч.-практ. конференции. Ч. 2. Екатеринбург, 2011.

6. Новиков М.Ю. Использование технологий дополненной реальности при обучении информатике в школе // 2018. С. 260-269.

7. Klopfer, E., Squire, K., & Jenkins, H. (2002). Environmental Detectives: PDAs as a Window into a Virtual Simulated World. Proceedings of the ACM conference on Human factors in computing systems (CHI), 17-24.

8. Billinghurst, M., Kato, H., & Poupyrev, I. (2001). The MagicBook: A Transitional AR Interface. Computers and Graphics, 25(5), 745-753.

9. Dunleavy, M., Dede, C., & Mitchell, R. (2009). Affordances and Limitations of Immersive Participatory Augmented Reality Simulations for Teaching and Learning. Journal of Science Education and Technology, 18(1), 7-22.

НЕГІЗГІ МЕКТЕП ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА БІЛІМ БЕРУ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Жұмабекова Ж.Ж
«Информатика» кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор Катаев Н.С,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме:Мақалада негізгі мектепте информатиканы оқытудағы білім беру мобильді қосымшаларының рөлі қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі мобильді құрылғылардың

күнделікті өмірде көбірек қолданылуына және заманауи технологияларды білім беру процесіне біріктіру қажеттіліктері аталады. Информатика пәнін оқытуға қандай мүмкіндіктер беретіні зерттелген. Мобильді қосымшалар арқылы қол жетімді болатын электронды оқулықтарға ерекше назар аударылады. Электрондық оқулықтар оқушыларға интерактивті тапсырмаларды, тестілерді, бейне сабақтарды және басқа да білім беру материалдарын ұсынатыны, олар білімді тереңдетуге және оларды нақты жағдайларда қолдануға көмектесетіні туралы нақтыланған. Зерттеу мобильді білім беру қосымшалары негізгі мектепте информатиканы оқытуда маңызды рөл атқаратынын растайды. Олар тиімдірек және интерактивті оқытуға, сондай-ақ қазіргі ақпараттық қоғамда қажетті негізгі дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Кілттік сөздер: *мобильді қосымша, білім сапасы, пәнді меңгеру, электронды оқулық, программалық жасақтама.*

Аннотация:В статье рассматривается роль образовательных мобильных приложений в обучении информатике в основной школе. Актуальность темы обусловлена необходимостью все большего использования мобильных устройств в повседневной жизни и интеграции современных технологий в образовательный процесс. Изучено, какие возможности дает преподавание информатики. Особое внимание уделяется электронным учебникам, которые доступны через мобильные приложения. Уточняется, что электронные учебники предоставляют учащимся интерактивные задания, тесты, видеоуроки и другие образовательные материалы, которые помогают им углублять знания и применять их в реальных ситуациях. Исследование подтверждает, что мобильные образовательные приложения играют важную роль в обучении информатике в основной школе. Они способствуют более эффективному и интерактивному обучению, а также развитию основных навыков, необходимых в современном информационном обществе.

Ключевые слова: *мобильное приложение, качество знаний, владение предметом, электронный учебник, программное обеспечение.*

Abstract: The article examines the role of educational mobile applications in teaching computer science in primary school. The relevance of the topic is due to the need for increasing use of mobile devices in everyday life and the integration of modern technologies into the educational process. The possibilities of teaching computer science have been studied. Special attention is paid to electronic textbooks, which are available through mobile applications. It is clarified that electronic textbooks provide students with interactive tasks, tests, video tutorials and other educational materials that help them deepen their knowledge and apply it in real situations. The study confirms that mobile educational applications play an important role in teaching computer science in primary school. They contribute to more effective and interactive learning, as well as the development of basic skills needed in today's information society.

Keywords: *mobile application, quality of knowledge, proficiency in the subject, electronic textbook, software.*

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына ене отырып, қоғамның дамуына үлкен әсерін тигізуде. Білім беруді ақпараттандыру қоғамды ақпараттандырудың маңызды бөлігі болып табылады. Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында «Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар» деп білім беру саласына тоқталып, 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатындығын айтты [1]. Демек, болашақта оқу үдерісін цифрландыру үшін мектептер әкімшілік-қаржылық тұрғыдан да толығымен дайын болады деген сөз. Қазіргі уақытта мобильді құрылғылар 10 жастан 60 жасқа дейінгі барлық адамдарда бар. Сондықтан мобильді қосымшалар әрқашан өзекті болып табылады. Пайдаланушылардың көпшілігі өз құрылғыларын толық пайдаланбайды [2, 56 б.], әзірлеушінің оған салған әлеуетін ашпайды. Бұл дегеніміз, білім алушылар смартфонның және басқа да ақылды қосымшалардың мүмкіндіктері туралы аз біледі. Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, көбінесе жасөспірімдер гаджеттер өмірінің ойын

жағымен ғана таныс. Сол себепті пәндерді меңгертуге арналған мобильді қосымшаларды әзірлеу қажет.

Мобильді қосымшалар арқылы пәндерді меңгертетін мобильді қосымшалар аз, жоқтың қасы десек те қателеспейміз. Бірақ, заман ағымына орай білім саласы цифрландырылып келе жатқан соң, мектеп баспасындағы кітаптарды мобильді қосымша форматына ауыстырып, ішкі функцияларына жаңашылдық ендірсек – пәнге қызығушылық құзыреттілігі артуы мүмкін. Бұл дегеніміз, білімді цифрландыра отырып, білім сапасын арттыру. Алдымен "мобильді қосымша" ұғымына нақты анықтама берсек. Мобильді қосымша - бұл смартфондарда, планшеттік компьютерлерде және басқа мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтама [2, 154 б.]. Мобильді қосымшалардың негізгі бөлігі құрылғының өзінде алдын-ала орнатылған немесе AppStore, BlackBerryAppWorld, GooglePlay, 1mobile market, windowsphonestore, Yandex сияқты онлайн-дүкендерден тегін немесе ақылы түрде жүктелетін қосымша [3].

Білім беруде Мобильді қосымшаларды қолданудың қажетті рөлі ретінде келесідей келтіруге болады:

1. Білім беру саласына қосымшаларды енгізу зерттеудің жаңа тәсілдерін енгізуге әкелді. Мобильді қосымшаларды қолдануда оқушыларды сыни ойлау үрдісіне баулып, интерактивтілік тәсілдерін қолдануға жетелейді.

2. Мобильді қосымшаларды қолдайтын білім беру мекемелерінің қабырғаларынан тыс ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Бұл мұғалімдерге ата-аналардың өз пәніне қатысты сұрақтарына жауап беруге көмектесе алады.

3. Қазіргі таңда оқушылар интернетті жалпы оқуға тәуелді болды. Кітапханаға бармай-ақ мобильді қосымшада тиісті оқу материалын барлауды жеңілдетуде.

4. Оқушылармен байланысты жұмыстың барлық басқа түрлері, мысалы, онлайн-мектеп ақысы, сынақ байқаулар, тестілеу және басқа мақсаттарда мобильді қосымшалар арқылы жүзеге асырудың барлық мүмкіндігіне ие.

5. Мобильді қосымшалар оқушыларға әртүрлі форумдар, әртүрлі конференциялар, сабақ кестесіндегі өзгерістер және мектептегі әлеуметтік шаралар туралы ақпарат бере алады [6].

Мобильді қосымшалардың білім саласында атқаратын қызметтері өте көп екені мәлім. Алайды, информатика пәнін меңгертуде қолданылатын отандық мобильді қосымшалар жоқ. Мәселен, программалау тілдерін меңгеру, санау жүйелеріне арналған калькуляторлар, графикалық редакторларды үйренетін курстар секілді қосымшалар жетерлік. Бірақ, оқу бағдарламасына сәйкес, кітап баспаларының мобильді форматы әзірленбеген. Білім және Ғылым саласына информатика пәнінің оқулықтарын цифрландыра отырып, тапсырмаларды түрлі бағытта орындау мүмкіндігі жасалса, пәнге деген қызығушылығы артатынына сенім бар. Электронды кітаптардың PDF форматтары қолданыста. Олардың қолданысы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра алмайды. Ал, кітапты мобильді қосымшаға еңгізіп, ішкі функцияларын түрлендіріп, тапсырмаларды орындайтын нұсқаулықтарды түрлендіру білім сапасын арттыруға да септігі тиетіні анық. Электрондық оқулықтарды құру және енгізу процесі әлем бойынша заманауи түрде жүріп жатқан үрдіс. Көптеген елдер қазірдің өзінде оқу практикасында электронды оқулықтарды қолдана бастады және қажетті ақпаратқа қол жеткізуде мобильді құралдардың мүмкіндігі зор. Мобильді құрылғыларға арналған интерактивті, мультимедиялық электрондық оқулықтарды әзірлеу қазіргі кезде өзекті болып табылады және білім беру ұйымдары мамандарының назарында. Электрондық оқулық дегеніміз шығармашылық пен белгілі бір уақытты қажет ететін толық құрылымдалған гипермәтіндік құрал. Ол интерактивтілігімен; оқушының іс-әрекетіне байланысты материалдың презентациясын өзгерту мүмкіндігімен; теориялық материалдың гипермәтіндік құрылымдығымен; көрнекі материалдарды пайдалану (суреттер, анимация және мультимедия); білімді бекіту үшін әр түрлі практикалық және бақылау тапсырмаларын қолданумен; әр түрлі мәтіндік және графикалық оқу материалдарына гиперсілтемелер жүйесінің қол жетімділігімен қамтамасыз ету мүмкіндігімен ерекшеленеді [9].

Электрондық оқулықты әзірлеу кезінде жобалау және эргономикалық аспектілер бойынша шешімдерді келесі ортаға сүйене отырып жобалау ұсынылады. Android операциялық жүйесіне арналған бағдарлама жазу үшін көбіне Android Studio, Java тілі қолданылады, ал iOS үшін Xcode және Objective-C, сонымен қатар сңңғы кезде көп танымалдылыққа ие болып келе жатқан Swit қолданылады, Windows Phone үщін Visual Studio және C# программалау тілдері қолданылады. Кейде бірнеше платформада жұмыс жасауға мүмкіндігі бар native қосымшалардан бөлек қысқа мерзімде қосымша

құруға тура келетін жағдайлар болады.Мұндай кезде, гибридті немесе вебқосымшалар таңдалады, ал құрастыру үшін кросс-платформалы мобильді фреймворктар қолданылады. Кросс-платформалы болып саналатын стандартты веб-технологиялар HTML5, JavaScript және CSS [8].

Қосымшаларды әзірлеудің келесдей программалық жасақтамалар орталарын ұсынады:

1) iOS Human Interface Guidelines - iOS үшін қолданушы интерфейсін әзірлеу жөніндегі нұсқаулық;

2) Android Design ұсынысына сәйкес Android операциялық жүйесі үшін пайдаланушы интерфейсі;

3) білім беру саласындағы мобильді қосымшаларды талдау, Интернет дүкендерде орналасқан AppStore және GooglePlay қосымшалары;

4) жасалған прототиптерді және олардың техникалық шешімдерін талдау (пән бойынша электрондық оқулықтар) [7]. Әрбір өңдеу ортасына таңдалған кодты жазу, интерфейсті жобалауға, баптауға, профильдеу (бақылауға) және қосымшаларды құрастыруға арналған утилиталардың толық жиынтығын қамтиды. Орта мен утилит жиынтығы әрбір мобильді операциялық жүйеге арнайы жасалған және мобильді қосымшаларды әзірлеу үшін ең ыңғайлы және қуатты құрал болып табылады.

Қортындылай келе, мобильді құрылғылар шағын өлшемдер мен жоғары функционалдылық арқылы ақпаратқа қол жеткізудің ең ыңғайлы құралы болып табылады. Білім беруді цифрландыруға және оның жаңа технологиялар мен оқыту құралдарын пайдалануға программалануына байланысты білім беру мобильді қосымшалары әртүрлі ғылыми бағыттарды зерделеу кезінде өзекті көмекшілерге айналады. Мобильді қосымшалар жүзеге асырылатын технологиялар оқу процесін қызықты әрі ең бастысы интерактивті етуге мүмкіндік береді. Бұл артықшылық, әрине, дұрыс білім алу сапасына әсер етеді. Оқушыларға электронды оқулықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл оларға материалдарды интерактивті және қызықты түрде оқуға мүмкіндік береді. Бұл тақырыптың өзектілігі технологияның қарқынды дамуына және білім беру процесінде цифрлық ресурстарға сұраныстың артуына байланысты. Мобильді қосымшалар оқушыларға кез-келген ыңғайлы жерде және уақытта информатиканы үйренуге мүмкіндік беретін ыңғайлылық пен икемділікті ұсынады. Олар сондай-ақ оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді және олардың информатиканы оқуға деген қызығушылығын оята алады. Жалпы, мобильді қосымшалар негізгі мектепте информатиканы тиімді оқытуға ықпал ететін маңызды құрал болып табылмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Нұр-Сұлтан. 2022 жылғы 1 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

2. Хашими С. Разработка приложений для Android / С. Хашими, С. Коматинени, Д. Маклин. – СПб.: Питер, 2011. – 736 с.

3. Погирейчик О. И. Мобильные приложения в образовании. – 2015. URL: https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/115225/1/%D0%A1.%20184%20-%20185.%20%D0%9C%D0%9E%D0%91%D0%98%D0%9B%D0%AC%D0%9D%D0%AB%D0

%95%20%D0%9F%D0%A0%D0%98%D0%9B%D0%9E%D0%96%D0%95%D0%9D%D0%98%D0%AF%20%D0%92%20%D0%9E%D0%91%D0%A0%D0%90%D0%97%D0%9E%D0%92%D0%90%D0%9D%D0%98%D0%98.pdf

4. Атрощенко, И. Г., Коваленко, А. С., & Лебедева, Т. В. (2019). Мобильные приложения и их использование в учебном процессе. Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология, (2), 160-166. URL: https://core.ac.uk/download/pdf/287724272.pdf

5. Жолымбаев, О. М. Информатика пәні бойынша мобильді қосымша жасау және пайдаланудың әдістемелік ерекшеліктері // Молодой ученый. — 2022. — № 21 (416). — С. 693-694. — URL: https://moluch.ru/archive/416/92141/

6. Samual R., «5 Benefits Of Using Mobile Apps In Education», URL: https://elearningindustry.com/mobile-apps-ineducation-5-benefits

7. Федотенко, М. А. (2016). Разработка мобильного приложения для обучения школьников решению задач повышенной сложности по информатике. In Современные информационные технологии и ИТ-образование (pp. 262-267). URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=28413037

8. Громыко, А. Л., & Маслович, С. Ф. (2012). Реализация приложения для функционирования интерактивных электронных книг на платформе Android. URL: https://elib.gsu.by/bitstream/123456789/36660/1/%D0%93%D1%80%D0%BE%D0%BC%D1%8B%D0%BA%D0%BE_%D0%A0%D0%B5%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F.pdf

9. Соловьева, С. В. «ОБОСНОВАНИЕ МЕТОДОЛОГИИ И ИНСТРУМЕНТАРИЯ РАЗРАБОТКИ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ИНФОРМАТИКЕ В ШКОЛЕ», 2023, URL: https://repo.kspi.kz/handle/123456789/6882

БИОТЕХНОЛОГИЯ БӨЛІМІНІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРЫН STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Шындаулова Д.Қ.,магистрант
Ғылыми жетекші:PhD, оқытушы-дәріскер Мукашева Д.М
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
dilyaara21@gmail.com

Аннотация: Мақалада STEM технологиясы туралы жалпы түсінік ,артықшылықтары,бағдарлама бағыттары және маңызы жайлы айтылған. Зерттеудің мақсаты STEM-білім беру технологиясының мәні мен мазмұнын талдау, негізгі проблемалар мен қайшылықтарды анықтау, оны дамытудың негізгі тәсілдерін анықтау. Қазіргі уақытта дамыған технология заманы болғандықтан,жоғары технологиялық инновациялар қоғамның барлық салаларына өз үлесін тигізуде. Қазіргі уақытта STEM технологиялары білім беруде, соның ішінде биотехнология студенттерін оқытуда кеңінен қолданылады. Олар студенттерге материалды жақсы түсінуге және оны іс жүзінде қолдануға көмектесетін интерактивті және көп салалы зертханалық сабақтарды құруға мүмкіндік береді. Мақалада STEM технологиясын қолдану биотехнология кафедрасының зертханалық сабақтарын оқытудың сапасын қалай жақсарта алатыны қарастырылған.

Кілт сөздер: биотехнология, зертханалық сабақтар, метоболиттер, STEM технологиясы.

Қоғамның қандай да бір саласының дамуы тікелей білім мен ғылымға байланысты. Білім мен ғылым дамымай елдің болашағы да жарқын болмасы анық. XXI ғасыр – жаңа технологияның дамыған ғасыры. Сол себепті де біз білім жолында тынымсыз еңбек етуге тиіспіз.

XXI ғасырда әлемде төртінші технологиялық революция орын алды. Ақпараттың күн сайынғы қарқынды ағыны мен жоғары технологиялық инновациялар өміріміздің барлық саласын өзгертіп келеді десек артық айтқандық емес. Соған орай қоғамның сұранысы мен жеке адамның қызығушылығы мен табандылығы да біршама өзгерді. Ғылым, математика технология, инженерия сынды басты әрі маңызды академиялық салалар бір мезетте дамып, біршама ілгерілеу байқалды. Мұны әлемдік ғалымдар STEM технологиясы арқылы оқытуды жөн деп санаған.

Ғылым – үздіксіз дамудың даңғыл жолы. Біз білімді де білікті мамандар осы саланың дамуына бар күш-жігерімізді салуымыз керек. Әсіресе, қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан биотехнология ғылымының ауқымы аса зор. Биотехнология – өте маңызды әрі жауапты сала. Тікелей адамның қатысуымен тірі ағзалардағы биологиялық процестерді жүргізу барысында экономикалық құнды заттар алуға болады. Ген мен жасуша деңгейін өзгертіп, биологиялық объектілерді құрастыру технологиясын пайдалануға негіздейтін бұл саланың берері мол. Биотехнология өнімін оңтайландырудың өзіне тән неше түрлі жолы бар. Мұндағы басты объект – тірі жасушалар, жануарлар, өсімдік, микроағзалар және олардың биологиялық белсенді метаболиттері. Міне, осы аталған тірі жасушаларға арнайы зерттеу жүргізе отырып, зерделеп, сараптап толыққанды дүние жасауға болады. Ал осындай нәтижелі жұмысты іске асыру үшін білімгерлердің зерттеушілік дағдыларын қалыптстыру қажет.

XXI ғасырда биотехнология адамзаттың барлық қызмет саласында дамыды. Әсіресе, азық түлік, медициналық препараттар, ауыл шаруашылығына, экология және энергетика салаларына қажетті тың дүниелер өндіріледі. Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйғарымы. Демек, біз де осы көштің ізінен кері қалып қалмаудың алдын жан-жақты қарастырғанымыз жөн. Ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде біз де қол қусырып отырмағанымыз жөн.

Биотехнология ғылымын жандандыру тікелей зертханалық жұмыс арқылы іске асады. Қазіргі таңда биотехнология бөлімінің зертханалық сабақтарын STEM технологиясы арқылы оқыту өзекті болып тұр. Себебі бүгінгідей нарық заманында әлемдік бәсекеге қабілетті болғанымыз жақсы. Әлемдік экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының көп елінде аса жоғары технологиялар саласындағы маман даярлаудың негізі дәл осы – STEM технологиясы арқылы іске асады. Себебі заманауи цифрлық технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық салаларын цифрландырудың өзі тікелей осы технологияның арқасында өз нәтижелілігін көрсетуде.

STEM технологиясы тікелей жаратылыстану бағыты бойынша экологияны, химияны және физика ғылымдарын бір-бірімен байланыстырады. Жалпы, STEM технологиясы – ғылым, технологиялар, инженерия және математика ұғымын білдіреді. Міне, бүгінгі таңдағы әлемдік білім берудегі басты тренд – STEM технологиясы. Бұл жаратылыстану пәндеріндегі оның ішінде биотехнология бөлімінде кездесетін сан қилы проблемалық сұрақтарды ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы терең білім алуға, жан-жақты зерделеуге, сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға, сараптау арқылы өз ойын жеткізуге, көтерілген мәселені оңтайлы шешуге, жаңа технологияларды игеруге байланысты көп септігін тигізеді. Жалпы, қандай да бір зерттеу сабағы ұйымдастырылғанда оның нәтижесін көру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды дұрыс пайдалануымыз қажет. Зертханалық сабақтың өзі оқытудың ең маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.

Зертханалық сабақта STEM технологиясы арқылы оқытудың маңызы зор. Ол теориялық білімді практикамен ұштастырады. Зертханалық сабақтағы STEM технологиясының мақсаты – теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, ол білімді жан-жақты толықтыру, зерттеу сабағындағы әдіс-тәсілдермен танысу, жұмыстың түрін зерттеу, қосымша тәжірибелік материалдарды жинау, зерттеу, өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика мен дизайн жасауды үйрену. Міне, зерттеу сабағында қолдыналытан STEM технологиясының қыры мен сырын меңгерген адам биотехнология бөлімінің жұмысын егжей-тегжейлі меңгеріп алады. Біздің мақсат та осы. Егер біз осы

аталған жұмыстың барлығын жүйелі түрде өткізетін болсақ, сол бағыт бойынша жұмыс істесек, біз алар асу да, жетер жетістік те, бағындырар белес те биік болмақ.

STEM технологиясын тиімді қолданудың маңызы тым жоғары. Биотехнология саласында өтіп жатқан құбылыстарды зерттеуде STEM технологиясының құрылымдау, технологиялық модельдеу түрлері жақсы дамыған. Бүгінгі таңда әлемде компьютерлік, ақпараттық-бағдарламалық тұрғыда жасақталған технологияның озық түрі инженерлік графиканың, модельдеудің, дизайн жасаудың және сандық зертханалардың дамуына қатты әсер етуде. Демек, қазіргі таңда зертханалық жұмыс тек бір ғана құрылғының көмегімен жүзеге аспайды. Арнайы технологияның қыры мен сырын меңгерген соң зертханалық сабақта жұмыс жүргізген әлдеқайда тиімді екенін бүгінгі таңда нақты тәжірибемізде көріп келеміз. Жаратылыстану ғылымы бойынша оның ішінде биотехнология білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолдануды талап етеді. Мұнда көптеген жаңа зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Мәселен, бүгінгі таңда STEM технологиясы виртуалды зертхананың ашылуына ықпал етуде. Биотехнология бөлімінің зертханалық сабақтарын STEM технологиясы арқылы оқыту ең бірінші білімгерлерге қолайлы. Білімгер теория бойынша білім алып оны міндетті түрде практикалық тұрғыда сабақты оқуы тиіс. Қазіргі дамыған технологияның өзі білімгердің қызығушылығын арттырып тұр. Сол қызығушылықты STEM технологиясы арқылы оқытып, олардың қабілеттерін арттырып, өзінің жеке тұлға болып қалыптасуына, жан-жақты дамуына, зертханалық сабақта жұмыстың түрін зерттеуді үйренеді.

STEM технологиясы бойынша білім алудың ерекшеліктері:

1. саланы жоғарғы мөлшерде қаржыландыру;
2. білім беру және зерттеу мекемелерінің сан жағынан өсуі, сапасының жоғарылығы;
3. білікті кадрлардың жеткілікті болуы;
4. Нарықтық экономиканы дамыту. Міне, біз аталған технологияны жетік меңгеріп, оны білімгерлерге түбегейлі түсіндіріп, жан-жақты жетік меңгертсек қана осы аталған жетістікке қол жеткізе аламыз.

Қорыта айтқанда, STEM технологиясының мақсаты – білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өнертапқыш шешімдеріне жігер беріп, зерттеушілік қабілеттерін арттырып, тәжірибелері арқылы ынтықтыруда таптырмас технология көзі. Біз бұл технологияны сабақта қолданған кезде білімгерлердің функционалдық сауаттылығын арттырып, өмірлік және кәсіби перспективаларына деген сенімділігін жоғарылатамыз. Биотехнология кафедрасында зертханалық сабақтарды оқытуда STEM технологияларын пайдаланудың маңызды артықшылығы-бұл әсіресе ғылымның жаңа және бейтаныс салаларында зерттеулерді тиімдірек жүргізуге мүмкіндік береді. Осы технологиялардың көмегімен студенттер үлкен көлемдегі деректерді құра және талдай алады, күрделі модельдер мен процестерді зерттей алады және сынақтар мен қателіктерден өтіп, жаңа ашылулар мен идеяларды анықтай алады. Жалпы, Биотехнология кафедрасында зертханалық сабақтарды оқытуда STEM технологияларын қолдану биологияны зерттеуді тиімдірек, қызықты және практикалық ете алатын қызықты тәсілді ұсынады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Интернет ресурс: https://kk.wikipedia.org
2. «Білімді ел-Образованная страна»
3. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \\ «Білімді ел — Образованная страна»
4. Г. Ногайбаева. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане.
5. Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57) от 25 октября 2016г.Национальный СТЕМцентр Великобритании в Йорке - National STEM Center, University of York 2019 г.

ИНФОРМАТИКАНЫ АСИНХРОНДЫ ОҚЫТУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ МЕН МОТИВАЦИЯСЫНА ӘСЕРІ

Жакшиликова Г.Ж.
«Информатика» кафедрасының магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
gulnur201801@gmail.com

Аңдатпа:Қазіргі білім беру саласында асинхронды оқыту модельдері қарқынды дамуы үстінде. Бұл жаңашылдық оқушыларға әлімдік деңгейде асинхронды сабақ беретін платформалардан, әртүрлі ресурстардан, түрлі конференциялардан қажетті деңгейде білім алуға мүмкіндік береді.

Бұл мақала информатиканы асинхронды оқыту модельдерін және олардың оқушылардың үлгерімі мен мотивациясына әсерін зерттейді. Асинхронды оқытудың әртүрлі модельдеріне шолу жасайды, мысалы, онлайн курстар, материалдарды өз бетінше зерттеу және оқу орнынан тыс білім беру ресурстарын пайдалану.

Мақалада оқу процесін жоспарлаудағы икемділік, білім беруді даралау және оқыту ресурстарының қолжетімділігі сияқты асинхронды оқытудың артықшылықтары егжей-тегжейлі талқыланады. Бұл модельдердің оқушылардың жетістігіне және олардың мотивациясына ерекше назар аударылады. Зерттеулер асинхронды оқыту оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуға ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді, өйткені бұл оларға материалдарды өз қарқынымен және өздеріне ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, асинхронды оқытудың икемділігі мен қол жетімділігі оқушыларды мотивация мен өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандырады.

Түйінді сөздер: асинхронды оқыту, қашықтықтан білім беру, коммуникация, онлайн платформалар, синхронды оқыту.

Аннотация:В современной сфере образования стремительно развиваются модели асинхронного обучения. Это нововведение позволяет учащимся получать знания на необходимом уровне с асинхронных обучающих платформ, различных ресурсов, различных конференций.

В этой статье исследуются модели асинхронного обучения информатике и их влияние на успеваемость и мотивацию учащихся. Предоставляет обзор различных моделей асинхронного обучения, таких как онлайн-курсы, самостоятельное изучение материалов и использование образовательных ресурсов за пределами учебного заведения.

В статье подробно обсуждаются преимущества асинхронного обучения, такие как гибкость в планировании учебного процесса, индивидуализация образования и доступность учебных ресурсов. Особое внимание уделяется влиянию этих моделей на успех учащихся и их мотивацию. Исследования показывают, что асинхронное обучение может способствовать повышению успеваемости учащихся, поскольку позволяет им изучать материалы в своем собственном темпе и в удобное для них время. Кроме того, гибкость и доступность асинхронного обучения стимулируют учащихся к мотивации и самообразованию.

Ключевые слова: асинхронное обучение, дистанционное образование, коммуникация, онлайн-платформы, синхронное обучение.

Annotation:

Asynchronous learning models are rapidly developing in the modern field of education. This innovation allows students to gain knowledge at the required level from asynchronous learning platforms, various resources, and various conferences.

This article explores asynchronous computer science learning models and their impact on student academic performance and motivation. Provides an overview of various asynchronous learning models, such as online courses, self-study of materials and the use of educational resources outside the educational institution.

The article discusses in detail the advantages of asynchronous learning, such as flexibility in planning the educational process, individualization of education and availability of educational resources. Special attention is paid to the impact of these models on student success and motivation. Research shows that asynchronous learning can help improve student academic performance, as it allows them to study materials at their own pace and at a time convenient for them. In addition, the flexibility and accessibility of asynchronous learning encourage students to be motivated and self-educated.

Keywords: asynchronous learning, distance education, communication, online platforms, Synchronous learning.

Кіріспе

Заманауи технологиялар дамыған сайын қазіргі білім беру саласы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Білім саласында жүргізіліп жатқан қарқынды өзгерістердің бірі асинхронды оқыту модельдері. Бұл модельдер оқушыларға уақытты, орынды және оқу қарқынын таңдауда үлкен икемділік пен еркіндік береді. Оқушылар материалдарды терең түсінуге, өз бетінше тақырыпты зерттеуге және алған білімдерін практикада қолдануға жаңа мүмкіндіктер ашып, информатика пәнін оқыту барысында сабаққа деген үлгерімдері мен мотивациясы арттады.

Асинхронды оқыту – ақпарат алмасу уақыт бойынша әртүрлі уақытта жүзеге асырылады[1]. Асинхронды оқыту модельдерінің негізгі аспектісі-ыңғайлы уақытта оқу мүмкіндігі. Оқушылар сабақ кестесімен шектелмейді, оның орнына, олар өз уақыттарын өздері жоспарлай алады және ең тиімді уақыт режимдерін таңдай алады. Сонымен қатар, асинхронды оқыту модельдері оқушыларға өз қарқыны бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттері әртүрлі, ал асинхронды оқыту оқушыларға білім беру процесін реттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Оқытудың әртүрлі форматтары, жалпы білім беру сияқты, тәжірибе алмасуға бағытталған адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің бір түрі болып табылады. Ал асинхронды оқыту модельдерінде өзара әрекеттесу вербалды және вербалды емес хабарламалар арқылы жүзеге асырылады [3].

Бүкіл әлемде мұғалімдер қашықтықтан білім беруге бейімделуі керек. Қашықтықтан білім беруге ауысу мұғалімдерге қолданыстағы сабақ жоспарларын бейімдеуге, қашықтықтан білім беру саласындағы озық тәжірибелерді үйренуге немесе заманауи білім беру технологияларын қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [4].

Білім беру коммуникациясының ең көп қолданылатын модельдерінің бірі – У. Шрамм моделі [5]. Білім беру тек мұғалім оқушыға ақпаратты, берумен ғана емес, сонымен қатар оқушыдан мұғалімге ақпараттың дұрыс берілуін қамтамасыз ететін ақпарат алмасу. Бірақ, асинхронды оқыту модельдерінде бұл модель жарамсыз болады. Асинхронды оқыту моделі бойынша коммуникация арнасы үлкен конструктивті рөл атқарады [6]. Сондықтан онлайн-коммуникацияны талдау үшін Шеннон моделін (1-сурет) пайдаланғанымыз жөн [7].



1-сурет. Шеннон коммуникациялық моделі

Шеннон коммуникациялық моделі бойынша информатиканы асинхронды оқыту процесінде ақпарат көзінің рөлін мұғалім атқарады. Ол дәрістер, тапсырмалар түрінде хабарламалар жасайды, оқушыларға кеңес береді, яғни оқушы алатын ақпаратты жасайды [8].

Мұғалімнің информатиканы асинхронды оқыту кезеңіндегі мүмкіндіктері офлайн режим бойынша оқыту жүйесінен өзгеше екені анық. Бұл, біріншіден, мұғалім мен оқушыны бөлетін қашықтыққа байланысты, екіншіден, сабақ кезінде қолданылатын құралдарға байланысты.

Білім беру процесінде ақпарат алушының рөлі оқушыларға тиесілі. Асинхронды оқыту моделінің әртүрлі формаларын салыстыру кезінде оқушылардың байланыс тиімділігіне әсер ететін екі факторды ажыратуға болады: оқушылардың өзін қоғамның бір бөлігі ретінде қабылдауы және материалдың жеңілдігі[9].

Әдістер мен құралдар

Информатикадағы асинхронды оқыту модельдері – бұл оқушылар өздеріне ыңғайлы уақыт пен жұмыс қарқынын таңдай отырып, информатика пәнін оқуды өз бетінше ұйымдастыра алатын тәсіл. Бұл тәсіл синхронды оқытудың дәстүрлі модельдерінен ерекшеленеді, мұнда оқушылар белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде бірге оқиды.

Информатиканы асинхронды оқытудың негізгі формаларының бірі – онлайн курстар. Олар оқушыларға интернет арқылы білім беру материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылар материалдарды зерттей алады, бейне дәрістерді көре алады, тапсырмалар мен тесттерді өздеріне ыңғайлы уақытта орындай алады. Онлайн курстар көбінесе оқушыларға ең қызықты және өзекті тақырыптарды таңдауға мүмкіндік беретін оқытуды жекелендіру мүмкіндігін ұсынады[10].

Информатиканы асинхронды оқытудың тағы бір түрі – оқушылар әртүрлі курстар мен модульдерді өз бетінше оқи алатын оқу платформалары. Бұл платформалар бейне дәрістер, интерактивті жаттығулар және практикалық тапсырмаларды қоса алғанда, білім беру материалдарының кең таңдауын ұсынады. Оқушылар тапсырмаларды өз қарқынымен орындай алады, қажет болған жағдайда материалдарды қайталай алады және автоматтандырылған тексеру жүйелерінен кері байланыс ала алады[11].

Асинхронды оқыту моделі оқушылардың информатика пәнін оқудағы үлгерімі мен мотивациясына әсері айтарлықтай болуы мүмкін. Біріншіден, асинхронды оқыту оқушыларға материалға тереңірек енуге және оны өз қарқынымен үйренуге мүмкіндік береді. Бұл ақпаратты жақсы игеруге және оқу үлгерімін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Екіншіден, асинхронды оқыту моделі оқушыларға тәуелсіздік пен жауапкершілікті дамытуға мүмкіндік береді. Олар өз уақыттарын өз бетінше жоспарлауы, өздерінің басымдықтарын белгілеуі және тапсырмаларды тәртіпті орындауы керек. Бұл дағдылар оқу ортасында да, болашақ кәсіби өмірде де маңызды.

Сондай-ақ, асинхронды оқыту модельдері оқушылардың мотивациясын ынталандыруы мүмкін. Оқушылар қызығушылық тудыратын тақырыптар мен материалдарды таңдап, оларға ерекше назар аудара алады. Бұл олардың оқу процесіне қатысуын арттырып, информатиканы оқуға деген ынтасын арттыруы мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, информатиканы асинхронды оқыту үлгілері оқушылардың үлгерімі мен мотивациясын арттыруға ықпал ететін тиімді және икемді тәсілді білдіреді. Олар білім беру процесін дараландыруға, тәуелсіз және өзін-өзі реттеуді дамытуға, сондай-ақ материалды тереңірек және сапалы игеруге жағдай жасауға мүмкіндік береді. Дұрыс ұйымдастырылған және қолдау көрсетілген асинхронды оқыту модельдері білім беруді дамытудың және оқушылардың жетістікке жетуінің қуатты құралы бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Панзабек б.т. Трудности и возможности дистанционного обучения в условиях пандемии. *вестник казахского национального женского педагогического университета*. 2021;(1):25-32. https://doi.org/10.52512/2306-5079-2021-85-1-25-32
2. Frank Mayadas. Asynchronous Learning Networks: A Sloan Foundation Perspective
3. *McQuail D.* McQuail's mass communication theory. 6th edition, London: Sage Publications, 2010. 621 p.
4. *Chen N.-S., Ko H.-C., Kinshuk,* et al. A model for synchronous learning using the Internet // Innovations in Education and Teaching International. 2005. No. 2 (42). P. 181–194.
5. *Lim F. P.* An Analysis of Synchronous and Asynchronous Communication Tools in e-Learning // Advanced Science and Technology Letters. 2017. No. 143. P. 230–234.
6. *McQuail D.* McQuail's mass communication theory. 6th edition, London: Sage Publications, 2010. 621 p.
7. *Shannon P. E.* A Mathematical Theory of Communication // Bell System Technical Journal. 1948. No. 3 (27). P. 379–423.
8. *Denton K.* Beyond the Lore: A Case for Asynchronous Online Tutoring Research // The Writing Center Journal. 2017. No. 2 (36). P. 175–203.
9. Mairing J.P., Sidabutar R., Lada E.Y., Aritonang H. Synchronous and asynchronous online learning of advanced statistics during Covid-19 pandemic //JRAMathEdu (Journal of Research and Advances in Mathematics Education). – 2021. – Т. 6. – №. 3. – С. 191-205. DOI: 10.23917/jramathedu.v6i3.13477.
10. Rindaningsih I., Findawati Y., Hastuti W.D., Fahyuni, E.F. Synchronous and asynchronous with flipped learning environment in primary school //PrimaryEdu-Journal of Primary Education. – 2021. – Т. 5. – №. 1. – С. 33- 44. https://doi.org/10.22460/pej.v5i1.1883
11. Чувашов Р. Д., Баранова А. А. Организация самостоятельного обучения с использованием открытых онлайн-платформ // Новые информационные технологии в образовании и науке. – 2018. – №. 1. – С. 43-46.

МЕТРИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ БАР ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

С.А.Жолдасов
(тех.ғ.к., доцент, joldasov10@mail.ru)
Ж.А.Тәшенев атындағы университеті

Резюме:В этой работе при решении метрических задач используется сколярное произведение векторов, наряду с аффинными координатными методами. В зависимости от постановки задач методами применения скалярного произведения, эти задачи делятся на

пять видов: 1) расчет расстояний; 2) расчет углов; 3) классификация векторов; 4) нахождение набора точек; 5) геометрические неравенства.

Ключевые слова: Расчет расстояний, расчет углов, классификация векторов, нахождение набора точек, геометрические неравенств, сколярного произведения.

Summary:In this work, the skolar product of vectors is used for solving metric problems, along with affine coordinate methods. Depending on the formulation of problems using scalar product methods, these problems are divided into five types: 1) calculation of distances; 2) calculation of angles; 3) classification of vectors; 4) finding a set of points; 5) geometric inequalities.

Keywords: distance Calculation, angle calculation, vector classification, finding a set of points, geometric inequalities, skolar product

Аффиндік координаталардағы есептерге қарағанда метрикалық есептер ауқымы кеңірек. Метрикалық есептерді шығаруда аффиндік әдістермен қатар векторлардың скаляр көбейтіндісі қолданылады.

Метрикалық есептерді, шартты түрде бірнеше түрге бөлуге болады. Скаляр көбейтіндіні қолдану әдістерімен есептердің қойылымына байланысты бұл есептерді келесідей бес түрге бөлеміз:

1. Ара қашықтықтарды есептеу;
2. Бұрыштарды есептеу;
3. Векторларды жіктеу;
4. Нүктелер жиынын табу;
5. Геометриялық теңсіздіктер.

Кейбір есептерді бірнеше түрге жатқызуға болады. Бұл есептерді шешу-де сызбалардың ролі өте зор. Бұл топтағы есептер стереометриялық немесе планиметриялық болуы да мүмкін. Бірінші топтағы есептерді қарастырар ал-дында көп қолданылатын мектеп математикасының бағдарламасы көлемінде кездесетін келесі метрикалық – векторлық формулаларды келтірейік.

1. Кез келген үш нүкте A, B және C үшін $\vec{AB}\,\vec{AC}=\frac{1}{2}\left(|AB|^2+|AC|^2-|BC|^2\right)$

2. Кез келген екі вектор $\vec{a}$ және $\vec{b}$ үшін $\left(\vec{a}\,\vec{b}\right)\le\vec{a}^2\,\vec{b}^2$

3. Нольдік емес екі вектор үшін $\left(\vec{a}\,\vec{b}\right)=0$ орындалады егер $a\perp b$

4. Нольдік емес екі вектор $\vec{a}$ және $\vec{b}$ үшін $\left(\vec{a},\vec{b}\right)=\left|\vec{a}\right|\left|\vec{b}\right| \Leftrightarrow \vec{a}//\vec{b}$

5. Кез-келген үш вектор $\vec{a}$, $\vec{b}$, $\vec{c}$ үшін $\left(\vec{a}+\vec{b}+\vec{c}\right)^2=\vec{a}^2+\vec{b}^2+\vec{c}^2+2\vec{a}\,\vec{b}+2\vec{b}\,\vec{c}+2\vec{c}\,\vec{a}$

6 Кез келген екі вектор $\vec{a}$ және $\vec{b}$ үшін $\left|\vec{a}+\vec{b}\right|\le\left|\vec{a}\right|+\left|\vec{b}\right|,\quad \left|\vec{a}-\vec{b}\right|\ge\left|\left|\vec{a}\right|-\left|\vec{b}\right|\right|$

7. Кез-келген төрт нүкте A,B,C,D үшін $ABCD=\frac{1}{2}\left(|AD|^2+|BC|^2-|AC|^2-|BD|^2\right)$ [2]

Осы тараудағы есептерді шығарғанда бұл формулалар қолданыс табады.

Ара қашықтықтарды есептеу.

Мысал – 1. $ABCD$ тетраэдрінің қырларының ұзындықтары мен оған сырттай сызылған сфераның радиусы – R берілген. Сфераның центрі O нүктесінен тетраэдрдің медианаларының қиылысу нүктесі M-ге дейінгі ара қашықтықты табыңыздар.[3]

Шешуі: Сфераның центрі О нүктесінен тетраэдрдің төбелеріне дейін (1 – сурет) белгілеулер ендірейік $|OA| = |OB| = |OC| = |OD| = R$

$BC = a,\ CA = b,\ AB = c,\quad DA = a_1,\ DB = b_1,\ DC = c_1$



1 – сурет

M нүктесі үшін $\vec{OM} = \frac{1}{4}\left(\vec{OA} + \vec{OB} + \vec{OC} + \vec{OD}\right)$

$$\vec{OM}^2 = \frac{1}{16}\left(4R^2 + 2R^2 - a^2 + 2R^2 - b^2 + 2R^2 - c^2 + 2R^2 - a_1^2 + 2R^2 - b_1^2 + 2R^2 - c_1^2\right)$$

$OA^2 = R^2,\ 2\vec{OA}\vec{OB} = \vec{OA}^2 + \vec{OB}^2 - \vec{AB}^2 = 2R^2 - c^2;$

$$\vec{OM}^2 = \frac{1}{16}\left(R^2 - a^2 - b^2 - c^2 - a_1^2 - b_1^2 - c_1^2\right)$$

Осы есептің шешуінен келесідей сандар шығады:

1. $a^2 + b^2 + c^2 + a_1^2 + b_1^2 + c_1^2 \le 16R^2$

2. Дұрыс тетраэдр үшін $R^2 = \frac{3}{8}a^2$

3. Дұрыс ұшбұрышты пирамида үшін $OM^2 = R^2 - \frac{9}{32}a^2$

Бұл есепті шешкенде A_1, B_1, C_1, D нүктелер бір жазықтықта жатады деген шарт берілмеген. Сондықтан, қорытып шығарылған формулалар шеңберге іштей сызылған төртбұрыштар үшін де орындалады.

Мысал – 2. Радиусы R тең шеңбер ABC ұшбұрышына сырттай сызылған. Осы шеңбердің центрі O нүктесінен ABC ұшбұрышы бойынша салынған $ABCD$ параллелограммының D төбесіне дейінгі қашықтықты табыңыздар.

Шешуі:$ABCD$ параллелограмм болғандықтан (2 – сурет)

Дегенмен, академиялық жазуда ChatGPT пайдаланудың кейбір кемшіліктері бар. ChatGPT-тің ең маңызды кемшілігі - ол құрастыратын ақпарат әрқашан дәл емес. Бұл кемшілік, әсіресе, академиялық басылымға зиянын тигізеді. Өйткені, прогресс тиісті ақпаратпен бөлісуге байланысты. Ғылыми ортада қате деректерді ұсыну үлкен зиян келтіру қаупін тудырады. Екіншіден, плагиат болуы мүмкін, бұл кез келген жағдайда қабылданбайды. ChatGPT қарапайым тақырыптар бойынша мазмұнды жылдам және дәл жасай алатынымен, ол күрделірек тапсырмаларда тақырыпқа сай емес тұжырымдамалар мен жауаптар көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, пайдаланушылар

ChatGPT мінсіз нәтиже бере алмайтынын есте ұстауы керек. Бұл оның оқу қабілеті тұрғысынан тиімді болуы мүмкін болса да, бұл құрал әрқашан ең дәл немесе сәйкес жауаптарды жасай алмайтынын білдіреді. Мазмұн сенімділігінің болмауы қателерге немесе түсінбеушіліктерге әкелуі мүмкін екені анық, бұл пайдаланушы тәжірибесіне, әсіресе академиялық жазбаларға теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл шығармашылық көріністі шектеу болып табылады. ChatGPT жауаптарды алдын ала бағдарламаланған алгоритмдерге сәйкес беруге арналған. Ол сұрақтарға жауап бере алатынымен, адам жасай алатын шығармашылық деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Нәтижесінде студенттердің білімді тереңірек меңгеруіне кедергі болуы мүмкін. ChatGPT-ге шамадан тыс уақыт жұмсайтын студенттер технологияға тәуелділікті дамыту және сыни тұрғыдан ойлау немесе мәселені өз бетінше шешу қабілетін жоғалту қаупіне ұшырайды.[9]

Қорытынды

Қорытындылай келе, ChatGPT сияқты AI құралдарын пайдалану зерттеу мақалаларын жазудың тиімділігі мен сапасын айтарлықтай арттырады. ChatGPT жазу процесін жылдамдатуға, авторлардың зерттеу жұмысын жазуын жеңілдетуге және жазу стилін жақсартуға көмектесе алады. Дегенмен, кез келген сараптама саласындағы зерттеу мақалаларын жазуға арналған ChatGPT мүмкіндіктерінің шектеулерін есте ұстаған жөн және плагиат қаупін болдырмау үшін жасалған мәтінді зерттеуші авторлар мұқият қарап шығып, өңдегенін қамтамасыз ету маңызды.

Осы шектеулерге қарамастан, ChatGPT жоғары сапалы зерттеу мақалаларын жазуға ұмтылатын ғалымдар үшін қуатты құрал болып қала береді. Тиісті кілт сөздер мен деректерді мұқият енгізу арқылы зерттеушілер өз саласындағы соңғы жетістіктерді қорытындылайтын жан-жақты және терең зерттеу жұмыстарын жасай алады. ChatGPT көмегімен ғалымдар әдебиеттерді қарап шығуға және қолмен қорытынды жасауға сағат жұмсамай, өздерінің әдебиеттерге шолуларының нәтижелерін талдауға және түсіндіруге назар аудара алады.

Әдебиеттер тізімі

[1] E. Adamopoulou and L. Moussiad es, "Information about an overvchatbot technology" Artificial intelligence applications and innovations: 16th IFIP WG 12.5 International Conference, AIAI2020, Neos Marmaras, Greece, June 5 - 7, 2020, Proceedings, Part II, I. Maglogiannis, L. Iliad, and E. Pimenidis, Eds. Cham: Springer International Press, 2020, pp. 3–14. [Online]. Available: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC7256567/.

[2] A. Følstad et al., "Future directions forc hatbo t research: an interdisciplinary research agenda," Computing, vol. 103, no. 12, pp. 2915 – 2942, 2021. December,

doi: 10.1007/s00607- 021 - 01016 - 7.

[3] Discovery of AI. ChatGPT: optimizing language patterns for dialog.

[4] Gao CA, Howard FM, Markov NS, Dyer ES, Ramesh S, Luo Y, Pearson AT. Comparison of scientific abstracts generated by ChatGPT with original abstracts using artificial intelligence output detector, plagiarism detector and blind human reviewers. M. Salvagno et al., "Can artificial intelligence help with writing?" Crit Care, vol. 27, no. 1, p. 75 February 2023, doi: 10.1186/s13054- 023 - 043 80-2.

[5] OpenAI, “Guage Patterns for Optimization and Dialog,” OpenAI Blog, January. 28, 2022 https://openai.com/blog/chatgpt/ (accessed 11 July 2023).

[6] Roberts – What is Academic Research?

[7] Partha Pratim Ray. ChatGPT: Applications, Ethics, Limitations. https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S266734522300024X

[8] Frigerio A.1 Preliminary Analysis of Chatgpt in Academic Research

[9] BINUS University, LC article by Yella Dezas Perdani

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ РОБОТ ТЕХНИКАНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Колбаев Б.Р. – «Математика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы-магистр; Айтбаева Р.М.- аға оқытушы-магистр, Бүркіт Ә.Қ. – аға оқытушы.
Ж.А.Тәшенев университеті, №66 жалпы орта мектебі, Шымкент қ.
Kyran571@mail.ru

Аннотация:Искусственный интеллект - свойство искусственных интеллектуальных систем выполнять творческие функции, которые традиционно считаются прерогативой человека; наука и технология создания интеллектуальных машин, особенно интеллектуальных компьютерных программ.

Искусственный интеллект связан со сходной задачей использования компьютеров для понимания человеческого интеллекта, но не обязательно ограничивается биологически правдоподобными методами.

Ученые предупредили о риске гибели человечества из-за развития ИИ (искусственного интеллекта). Существующие на сегодня интеллектуальные системы имеют довольно узкие области применения. Например, программы, способные роботы обыграть человека в шахматы.

Кілттік сөздер: педагогика, школа, ВУЗ, информационная технология, метод, методика, обучение, роль.

Annotation: National Contest "Mereyli Otbasy". The materials, which characterize his life, work experience, scientific, methodical and other established works were presented there. Among them, a short essay on the life and work is given in Kazakh, Russian and English languages, and publication-in the original language. For teachers - sceientist, students, readership, doctors (PhD), magistrant (masters).

Keywords: pedagogica, school, Information technologies, method, method's, education, role.

"Жасанды интеллект" сөзін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған. Маккартиге сәйкес "жасанды интеллектіні" зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін адамдарда байқалмайтын интеллектіні зерттеуіне болады. Сонымен қатар, интеллект тек қана биологиялық феномен деген де көзқарастар бар.

Шындығында, жасанды интеллект Джон Маккартиге дейін де қолданылған. Тек оған дәл осы атау берілмеген болатын. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Алан Тюринг есімді ағылшын математигі немістің құпия ақпаратын бұзып, оны шифрдан шығаратын машина құрастырады.

Алан Тюринг соғыс кезінде Германияның әскери-теңіз флотының хабарламаларына криптоанализ жасайтын ағылшын үкіметінің Hut 8 атауына ие тобына жетекшілік еткен. Ол немістердің Энигма аппаратының кодын бұзып, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалады. Соғыстан кейін ағылшын ғалымы алгоритмдік анализ жасаумен айналысып, 1950 жылы компьютер интеллектінің деңгейін анықтайтын тест әдісін жасап шығарады. Тюринг тесті бүгінгі күнге дейін қолданылады.

Соңғы ғасырдың жартысынан бері түрлі елдің ғалымдары адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі механизмді жасанды жолмен жасауға тырысып келеді. Әзірге адам санасының аналогы жасалған жоқ. Оны ғылымда "жасанды интеллект" дейді.

1956 жылдың жазында Джон Маккарти есімді американдық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған. Ол компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған. Жасанды интеллектінің дамуына қосқан үлесі үшін Маккарти зейнет жасында Тюринг премиясының лауреаты атанады.

Шындығында, жасанды интеллект Джон Маккартиге дейін де қолданылған. Тек оған дәл осы атау берілмеген болатын. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Алан Тюринг есімді ағылшын математигі немістің құпия ақпаратын бұзып, оны шифрдан шығаратын машина құрастырады.

Алан Тюринг соғыс кезінде Германияның әскери-теңіз флотының хабарламаларына криптоанализ жасайтын ағылшын үкіметінің Hut 8 атауына ие тобына жетекшілік еткен. Ол немістердің Энигма аппаратының кодын бұзып, мыңдаған адамның өмірін сақтап қалады. Соғыстан кейін ағылшын ғалымы алгоритмдік анализ жасаумен айналысып, 1950 жылы компьютер интеллектінің деңгейін анықтайтын тест әдісін жасап шығарады. Тюринг тесті бүгінгі күнге дейін қолданылады. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғалымдар жасанды интеллектіні алгоритмдік ойлау шеңберінен шығаруды ойлады. Нақтырақ айтсақ, жасанды интеллектіге ойлау шексіздігін сыйлау идеясы туындаған болатын. Ал, оған дайын модель ретінде адам миының құрылымы таңдап алынады. Осылай "нейрондық желі" құрылды.

Ал, роботтар - қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді.

Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, робототехника қарқынды дамып келеді.

Робот техника - бұл роботтарды дамытуға және пайдалануға байланысты технологиялардың, сондай-ақ оларды басқарудың, сенсорлық кері байланыс пен ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелерінің бірі. Роботтар мен робототехникалық жүйелер микро-дан макро-өлшемге дейінгі операцияларды, соның ішінде адамды ауыр, қауыпты жұмыстардан ауыстыруға арналған. Роботтық құрылғылардың көптеген түрлері бар: роботтық манипуляторлар, мобильді роботтар, жүретін роботтар, мүгедектерге көмек көрсететін роботтар және т.б.

Робот жұмысшы және ақпараттық машина қасиетін біріктіретін, автоматты жұмыс жасайтын машинаның жаңа түрі. Робот негізінен келесі төрт функцияларды қамтуы керек:

Біріншісі - манипуляциялау және жылжыту функциясы. Объектілерді басқару, робот пайдалы жұмысты орындауы және оның қозғалысын қамтамасыз етуі керек.

Екінші функция - қоршаған ортаның жай-күйін анықтау функциясы. Роботтың «көру», «сенсорлық», «сезіну», «тану» сияқты объектілерді және т.б. көруге мүмкіндік беретін сезімдер болуы керек.

Үшінші функция - рефлексия мен шешім қабылдау функциясы. Бұл адамның алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті операциялардың кезектілігін жоспарлау, сондай-ақ тиісті басқаруды жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Біздің заманымызға дейінгі алғашқы роботтарды жасау кезінде адамның қабілеттері үлгі болып табылды. Адамды ауыстыратын робот жасау идеясын тудырған қатаң әрі қауіпті жұмыстарды орындауды ауыстыру мақсатында болды.

Робот техника адам организмінің кейбір маңызды жүйелеріне функционалды баламаларды, техникалық жүйелердің құрылысына қатысты сұрақтармен айналысуға бағыттайды. Робототехниканың алдында тұрған міндеттері табиғи жолмен даму бағытын анықтау.

Яғни, жасанды сезім жасау және пайдалану арқылы сенсорлық технология ретінде робот техниканың саласы айналысатын, ал роботтар адам әрекетінде ойлайтын информатика және жасанды интеллект пен компьютерлік ғылымның элементтерінде робот дайындау. Келешекте робот техника жеке бөлімі ретінде механика саласын қамтиды. Робототехника бөлімі нақты өндірістік операцияларды орындайтын жасанды қол немесе аяқ жұмысын конструкциялайтын, сондай-ақ, белгілі бір роботтың буындарының мүмкіндігіне өндірістік технологияны бейімдеу өнеркәсіптік робототехника деп аталды. Барлық бөлімдердің ішінде өнеркәсіптік робототехника саласы ең қарқынды дамуда.

Әдебиеттер тізімі

1.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Жалпы орта мектепте робот техниканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2021.

2.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. ЖОО робот техниканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2022.

3.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Жасанды интеллект пәнін оқытуда ақпараттық–телекоммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістемесі. Алматы, 2023.

4.Академик Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Жалпы орта мектепте информатика және робот техниканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2021.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ғылыми жетекші:
Еркебұлан Г.Т.
М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
PhD, қауымдастырылған профессоры
erkgulnur@mail.ru

Сейдахметова Н.Б.
Информатика педагогтарын даярлау мамандығының 2-курс магистранты
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
nursaule_-_93@mail.ru

Аңдатпа:Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бүгінгі күні заман талабына сай феномен. Оқушы сабақтың тек теориялық нұсқасынан бөлек, оның өміршеңдігі мен іс-әрекетке қабілеттілігін зерделеуі тиіс. Информатика сабағында оқушылардың барлық білім біліктілігі, қарым қабілеті ашыла отырып, оқушылардың танымдық әрі интеллектуалдық сипаты дами түседі. Мақаланың алдыға қойған мақсаты – информатика сабағында оқушының барынша білім алу процесінде коммуникативтілік әрі сапалық тұрғыдан сыни ойлау қабілетін дамыту әрі арттыру болып табылатын тұстарын қалыптастыру.

Кілтті сөздер: информатика, коммуникативтілік, дағдылар, логика, пайымдау, функционалдық қабілет, оқу үдерісі, функционалдық сауаттылықты дамыту.

Аннотация:Повышение функциональной грамотности учащихся на уроках информатики сегодня является современным явлением. Помимо только теоретического варианта урока, учащийся должен изучить его жизнеспособность и дееспособность. На уроках информатики развивается познавательный и интеллектуальный характер учащихся, раскрываются все образовательные умения, коммуникативные способности учащихся. Целью статьи является развитие и повышение коммуникативности и способности к качественному критическому мышлению в процессе получения учащимися максимальных знаний на уроках информатики.

Ключевые слова: информатика, коммуникативность, навыки, логика, рассуждение, функциональные способности, учебный процесс, развитие функциональной грамотности

Annotation: Improving the functional literacy of students in computer science lessons is a modern phenomenon today. In addition to only the theoretical version of the lesson, the student must study its viability and capacity. At computer science lessons, the cognitive and intellectual character of students develops, all educational skills and communicative abilities of students are revealed. The purpose of the article is to develop and improve communication skills and the ability

to quality critical thinking in the process of students gaining maximum knowledge in computer science lessons.

Keywords: computer science, communication skills, logic, reasoning, functional abilities, educational process, development of functional literacy

Жаһандану дәуірінде білім беру саласын жан-жақты дамыту әрі автоматтандыру құзыреттілігін дамыта отырып оқыту өзекті мәселе болып табылады. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту заман талабына сәйкес қалыптасқан дағды. Бүгінгі таңда оқушыларға ақпараттық әрі коммуникациялық білім деңгейінің негізінде функционалдық білім дағдыларының атқаратын қызметі орасан зор болып табылады. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру барысында ақпараттық білім көкжиегінің маңызы зор. Білімнің тұрақты әрі таным деңгейінің жоғары болуы функционалдық қызметтің атқарылуына негіз болады [1].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бұл сапалы білім кепілі. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқушыларға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігі білімнің нарықтағы атқаратын әмбебаптық қызметін түрлендіре түседі. Елімізде оқушылардың пәнаралық білімінің функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі әрі басты жоспарларына сәйкес, түрлі ұлттық деңгейде іс шаралар жоспарын дайындау жөнінде тапсырмалар берілген.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси әрі экономикалық қызметтерге белсене араласуы. Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы функционалдық даму мен сауаттылықтың басты көрсеткіші болып саналады. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту бүгінгі күні өзекті болып саналады. Әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымының мәні кең.

Бүгінгі күні білім беру саласында халықаралық талаптар мен нормативтерге сәйкес, оқыту үрдісінің басты тұлғасы мен объектісі оқушы болып саналады. Ал сол оқушының алған білімінің негізгі әрі түпкі нәтижесі алған білімінің қажеттілікке жарату, игеруді, белгілі бір құзыреттілік жиынтығын «функционалдық сауаттылық» қалыптастыру мақсаты басты аспект ретінде қаралады [2].

Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық білімін қалыптастыру әрі сауаттылығын арттыру оқушының қабілетін ашудың әрі дамыту деңгейінің көрсеткішін анықтайды. Оқушының функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Алған білімін тәжірибе жүзінде ұтымды қолдана отырып, оның сапалық сипаты тұрғысынан дамыту тетігі ретінде қолдану болып табылады. Информатика пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы оқушылардың білім деңгейінің көкжиегін көтеру әрі оны тиімді пайдаланудың басты факторларының негізі аспектілеріне қол жеткізуге болады. Оған оқушылардың информатика пәнін тереңірек түсінуі, оның теориялық және әдіснамалық қырларын толық ашуға ден қою, осы пәнге қатысты барлық қабілетін ашу, алған білім жиынтығын сыныптан тыс жерлерде, өмірде, кез келген ситуативті жағдайларда ұтымды әрі тиімді пайдалану. Информатика пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру оқушыға өмір бойы білім алуына ықпал етуші базалық фактор болып табылады.

Информатика сабағында оқушылардың ойлау деңгейлері, қабілет дағдылары, есте сақтау әрі ойлаудың интеллектуалды дағдыларын сонымен бірге функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған пән түрі болып табылады. Сабақ барысында өтілетін сабақ типтері оқушылардың берілген ақпаратты қорытуына, талдау жұмыстарын жасауына, әрі оқу-тану- білу қағидаттарының құзыреттілігі шегінде алған білімнің функционалдық сипатын одан әрі артуына негіз болады. Сондықтан да оқу процесі кезінде берілген барлық мәліметтердің теориялық әрі практикалық дағдыларын таразыға сала отырып, оны іс тәжірбие кезінде білім беру принциптеріне сүйене отырып, оны пәндік құзыреттілік шегінде қарастыруды талап етеді. Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бұл олардың алған білім жиынтығын қолданбалы сипатқа ие болуымен ерекшеленеді. Мұғалім мен оқушының сабақ барысында функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үдерісін түрлі кезеңдерді қамтиды. Атап айтатын болсақ, мақсаттылық, нақты жоспар құрушылық, қабылдау, ұғу, орындау және күтілетін нәтижеге қол жеткізу әрі оған баға беру.

Оқушы информатика пәнінде «мақсат қою принципі» арқылы оқыған мәтіннен теориялық бөлікті анықтау арқылы, тірек сөздерді табу әрі тақырып бойынша сұрақтар қою, оларға дұрыс жауап беру, жаңа терминдермен жұмыс істеу, түсініктерін сұрау әрі оны компьютерде практика жүзінде жүйелілік бойынша алгоритмді анықтау [3].

Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру кезінде «жоспарлау принципі» арқылы алдыға белгілі бір нақты міндеттер қойыла отырып, өзекті мәселелер кезең-кезең бойынша талданады.

Функционалдық сауаттылықтың тағы бар қағидаты ретінде шешім қабылдаушылық пен ақпараттарды пайдалана отырып, зерттеу және талдау жүргізу. Білім беру объектілерімен байланыса отырып, жұмыс істеу және алынған ақпараттық мәліметтерді өңдеу арқылы пәннің функционалдық қызметі артып, сипаттық мәні дами түседі.

Аталған кезеңдер бойынша оқушының іс-әрекеті анықтала отырып, оның пәнді түсіне білуіне, өздігінше талдау жұмыстарын жүргізе отырып, шешім қабылдаушылық қабілеттері шыңдала түседі. Информатика пәнінде тек теориялық білім кеңістігінен бөлек, іс-әрекет пен тәжірибе жүзінде өмірге әрі коммуникативті байланыс орнатуға нақты құралдарды алады. Осындай сабақтар арқылы оқушы өзінің деңгейін анықтауға, қарым қабілетін бағалауға бейімделе отырып, өзін өзі бақылау картасының көмегі арқылы интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтілік дағдыларды меңгеруге икемделе түседі. Осылайша, оқу процесі барлық фунционалдық қырларды анықтап, әрі деңгейлерінің рөлі байқала бастайды. Осы типтес өзіндік диагностика барлық кезеңде де жеткіліксіз оқу біліктілігімен және дағдылардың «қалыс қалған» және әр кезеңде функционалды сауаттылықты қалыптастыру кезінде байқалады.

Оқушының ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын жалпылама дамыту бұл информатика пәнінің практика жүзінде тиімділігін анықтайды. Себебі, ақпараттық әрі технология дәуірінде компьютерлік сауаттылық өмірдің барлық саласында да өзінің орасан зор қызметін атқарады. Бұл дегеніміз заман талабының, сұраныстың күннен күнге дейін артуының көрсеткіші болып табылады. Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың ең басты әрі маңызды деңгейі – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейімділігін қалыптастыру, анализдеу және синтездеу процестерін игеруге қабілетін ашу, ақпараттық технологиялардың негізгі құралдарын дұрыс игере отырып, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Информатика сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы – ол оқушылардың компьютерлік сауаттылығын дамыту екені сөзсіз. Осы тұста туындайтын мәселелердің бірі - оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың

жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету әрі дағдыландыру болып табылады.

Сабақ процесіндегі оқушыларға функционалдық сауаттылықтің негізгі стратегиялары келесідей:

1. Білім беру мен білім алудағы тәсілдер;

2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету [4].

Информатиканы оқытудың негізгі маңызы – оқушылардың шығармашық, зертеушілік қасиеттерін қалыптастыру әрі белсенді, толыққанды өмірге, ақпараттық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау.

Бүгінгі жаһанданудағы заман талабына байланысты оқушының информатика пәнінен алған білімін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы орасан зор. Сондықтан да, оқушыларға білім негізін меңгертуде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда және шығармашылыққа іздену қалыптастыруда тәжірибелік жұмыстың маңызды қызмет атқаратыны еленеді.

Қорытындылай келе, информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты әрі негізгі міндеті - оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар, тәуелсіз еліміздің болашағына зор жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Оқушыға тиянақты құралдарды үйрету арқылы, берілген білім көкжиегі білім сапасын көтеру әрі арттыру жолында информатика пәніне қызығушылығын ояту үшін, АКТ-ны қолдану тиімді рөл атқарады:

- Уақытты тиімді пайдалану; (тайм менеждмент)/көрнекілік әзірлеу т.б.
- Мұғалімдердің білімін жетілдіріп отыру, өзара тәжірибе алмасу.
- Сабақ барысын бақылау мен бағалаудың объектілігін қамтамасыз ете алуы.
- Оқушылардың берілген тақырып шеңберінде, қосымша білім дағдыларын игерге мүмкіндіктің тууы.
- Эстетикалық, этикалық білім мен дағдының қалыптасуы.
- Заман талабына сәйкес қажеттіліктер деңгейін анықтау.
- Оқушылармен кері байланысу процестерін жүзеге асыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2016 - 2020 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

3. Абдраимова Г.К. «Информатика пәнін оқытудың тиімді әдістері» // Білім көкжиегі. – 2014.- № 11.- 34-36 б. 1. Жеке пәндерді оқыту методикасы.

4. Авкурова Ж.С. «Информатика пәнін оқытуда мультимедиа мүмкіндіктерін пайдалану әдістері» // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2013. - № 3. - 58-59 б.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Сыдықжан І. А.
Магистрант кафедры "Информатика"
Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы
inzhusydykzhan@gmail.com

Түйіндеме:Мақалада білім алушыларда сыни ойлауды дамыту мақсатында жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселесі талданады. Жасанды интеллект элементтері білім беру процесіне сәтті интеграциялануы және оқушылардың ақпаратты жүйелі талдау және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін екендігі атап өтіледі. Жасанды интеллект негізіндегі интерактивті платформалар мен жүйелер оқушылардың сыни ойлауын дамытуға оң әсер етуі мүмкін деген дәлелдер келтіріледе.

Кілттік сөздер: Сыни тұрғыдан ойлау, білім беру, Жасанды интеллект, білім беру процесі, дағдыларды дамыту.

Аннотация:В статье анализируется вопрос применения технологий искусственного интеллекта с целью развития критического мышления у обучающихся. Отмечается, что элементы ИИ могут быть успешно интегрированы в образовательный процесс и способствовать формированию у учеников навыков системного анализа информации и принятия обоснованных решений. Приводятся аргументы в пользу того, что интерактивные платформы и системы на базе искусственного интеллекта могут оказывать положительное влияние на развитие критического мышления у обучающихся.

Ключевые слова: Критическое мышление, образование, Искусственный интеллект, образовательный процесс, развитие навыков.

Abstract: The article analyzes the issue of using artificial intelligence technologies in order to develop critical thinking among students. It is noted that AI elements can be successfully integrated into the educational process and contribute to the formation of students' skills in system analysis of information and informed decision-making. Arguments are given in favor of the fact that interactive platforms and systems based on artificial intelligence can have a positive impact on the development of critical thinking in students.

Keywords: Critical thinking, education, Artificial intelligence, educational process, skills development.

Развитие критического мышления является одной из центральных задач образования, целью которой является формирование у обучающихся навыков анализа, оценки и критической рефлексии информации. Под критическим мышлением понимается способность систематически анализировать информацию для выделения ключевых аспектов и оценки их достоверности и обоснованности с целью принятия обоснованных решений[1]. Данная задача приобретает особую актуальность в условиях избытка и разнообразия источников информации, что позволяет вырабатывать у обучающихся умения различать достоверные и недостоверные источники, а также критически подходить к принятию решений. Формирование таких навыков способствует успешной адаптации личности к изменяющемуся обществу.

В свете этих факторов, внедрение современных технологий, таких как искусственный интеллект, предоставляет новые возможности для эффективного развития критического мышления в образовательном процессе.

Искусственный интеллект представляет собой междисциплинарную область исследований, целью которой является создание интеллектуальных систем, способных к рассуждению и принятию решений, подобно человеческому интеллекту[2]. В настоящее время на базе технологий ИИ разрабатываются образовательные платформы, оснащенные

интерактивными обучающими системами, чат-ботами для оказания помощи в изучении материала, а также инструментами мониторинга и анализа успеваемости учеников. Такое применение искусственного интеллекта в сфере образования имеет перспективы для повышения его эффективности и индивидуализации.

В свою очередь, элементы искусственного интеллекта, интегрированные в учебный процесс, могут положительно влиять на формирование критического мышления у обучающихся. Например, преимуществами использования искусственного интеллекта в образовании для развития критического мышления являются персонализация обучения, содействие анализу информации и формирование навыков проблемного решения.

Благодаря возможностям адаптации темпа и уровня обучения под каждого ученика системы на основе ИИ позволяют максимально индивидуализировать образовательный процесс. За счёт анализа предыдущих результатов и скорости усвоения материала обучающимся, такие системы способны подбирать оптимальную методику и темп работы для каждого. Во-вторых, инструменты И облегчают анализ и оценку больших объёмов информации, развивая умение критически сопоставлять и оценивать разные источники данных. Кроме того, с помощью заданий, проверяющих глубину понимания, они научают ставить под сомнение изученную информацию[3].

Одним из примеров использования элементов ИИ могут служить интерактивные чат-боты, задающие этические дилеммы и предлагающие обосновать точку зрения с разных сторон. Другим примером являются онлайн-курсы, в рамках которых ИИ-агенты оценивают работы учеников и предоставляют обратную связь, направленную на развитие их критических умений.

Однако одним из основных вызовов, возникающих при внедрении технологий искусственного интеллекта в образовательный процесс, являются вопросы этики и защиты персональных данных обучающихся. Риски утечки конфиденциальной информации и ее попадания в руки третьих лиц требуют разработки четких нормативно-правовых требований к использованию ИИ. Кроме того, необходимо исключить возможность проявления дискриминации в функционировании обучающих систем. Для полноценной интеграции технологий искусственного интеллекта в учебный процесс необходимо обеспечить достаточный уровень компетенций педагогических работников в данной области. Это подразумевает разработку эффективных программ повышения квалификации, формирующих у учителей навыки работы с инструментами ИИ и умения использовать их возможности с целью развития критического мышления у обучающихся[4].

Существуют перспективные направления дальнейших исследований по интеграции технологий искусственного интеллекта в образовательный процесс.Одно из них связано с разработкой адаптивных обучающих систем на базе методов машинного обучения. Такие системы способны моделировать индивидуальные особенности каждого обучающегося, включая его интересы, сложившиеся навыки и стиль усвоения нового материала. Благодаря алгоритмам нейросетевого моделирования они могут непрерывно корректировать траекторию обучения в соответствии с динамикой освоения знаний и изменениями в профиле обучаемого.

Еще одно перспективное направление заключается в разработке компьютерных симуляционных моделей для изучения естественнонаучных предметов: физики, химии, биологии. В частности, интеграция трехмерного моделирования и виртуальной реальности позволит создавать высокоточные симуляторы физических и химических процессов, недоступные для наблюдения непосредственно в условиях лаборатории. Это открывает новые возможности для проведения компьютерных экспериментов и исследований[5].

Одним из наиболее перспективных направлений является разработка нейроробототехнических комплексов, способных моделировать реальные производственные и научно-исследовательские ситуации путем взаимодействия робототехнических устройств, оснащенных нейронными сетями. Это позволит формировать у обучающихся навыки

критического мышления, системного анализа и принятия нестандартных решений в сложных и неопределенных условиях.

В целом, развитие критического мышления является важным аспектом образования, и использование искусственного интеллекта предоставляет новые возможности для его эффективного развития. Дальнейшие исследования в этой области помогут улучшить образовательный процесс и подготовить учащихся к успешной адаптации в современном информационном обществе.

Список литературы

1. Шевченко Н. И. Критическое мышление студентов как ответ на вызовы современной цивилизации //Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Философские науки. – 2019. – №. 4. – С. 59-66. (Дата обращения: 28.09.23)
2. Чулюков В. А., Дубов В. М. Искусственный интеллект и будущее образования //Современное педагогическое образование. – 2020. – №. 3. – С. 27-31. (Дата обращения: 29.10.23)
3. Copy B., Kalantzis M., Shearsmith D. Artificial intelligence for education: Knowledge and its assessment in AI-enabled learning ecologies //Educational Philosophy and Theory. – 2021. – vol. 53. – no. 12. – pp. 1229-1245. (Дата обращения: 04.11.23)
4. Гаврилова А. С., Буряк Е. В. ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ЦИФРОВОЙ ПОМОЩНИК ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ //ДИСТАНЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ. – 2023. – С. 142-144. (Дата обращения: 07.11.23)
5. Besshaposhnikov N. O. et al. Использование элементов искусственного интеллекта в виртуальных помощниках преподавателя //Успехи кибернетики. – 2020. – Т. 1. – №. 3. – С. 15-22.(Дата обращения: 12.11.23)

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қозыкеева Р.А., Усербаева Б., Төлебай Н.Ш студент
«Химия және биология» кафедрасының доценті
Tashenev University, Шымкент қ.
kozykeeva@bk.ru

Аннотация: Жалпы жоғары оқу орындарында оқылатын химияны оқыту әдістемесі оқытушының оқу материалын оқытуымен оқушылардың химиялық білімді терең меңгеруін, теориялық алған білімдерін, іс жүзінде қолдана алу мүмкіндіктерін, дағдыларын дамыту әдістері мен құралдарын айқындап береді. Химияны оқыту әдістемесі жоғары оқу орындарында оқытылатын ғылыми пән ретінде қарастырылған. Білім саласында химия пәнін оқытатын мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына химияны оқыту әдістемесінің курсы енгізілген.

*Түйінді сөз: Хим*ия, педагогика, технология, тұлға, әдістеме

Аннотация: методика преподавания химии, изучаемая в вузах в целом, при преподавании преподавателем учебного материала определяет методы и средства развития у учащихся глубокого усвоения химических знаний, теоретических знаний, возможностей практического применения, навыков. Методика преподавания химии рассматривается как научная дисциплина, изучаемая в высших учебных заведениях. В учебный план вузов, готовящих специалистов по химии в области образования, включен курс методики преподавания химии.

Ключевые слова: Химия, педагогика, технология, личность, методика

Abstract: the methodology of teaching chemistry, studied in universities in general, when teaching educational material by a teacher determines the methods and means of developing students' deep assimilation of chemical knowledge, theoretical knowledge, practical application possibilities, skills. The methodology of teaching chemistry is considered as a scientific discipline studied in higher educational institutions. The curriculum of universities that train chemistry specialists in the field of education includes a course on chemistry teaching methods.

Keywords: Chemistry, pedagogy, technology, personality, methodology.

Қазіргі білім беру мазмұны өзгеріп, жаңа көзқарас қалыптасты, яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Осы тұрғыдан қойылып отырған міндеттерге жауап бере алатын, бүгінгі күн үдерісін толық ақтай алатын оқыту жүйесі енгізілген. Яғни қазіргі қоғамның өзекті мәселерінің бірі-әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен бірге оны жақсартуға ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап-шығармашылық, жоғары интелектілік, жан-жақты терең білім, кәсіби сауаттылық қажет. Осы бағыттарда жұмыс жасай отырып, білім беру жүйесінің жаңа мазмұнға ие болуына қол жеткізіп, қазіргі білім саласы бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ортасы болуы керек. Білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру қажет.

Химияны оқыту әдістемесі жоғары оқу орындарында оқытылатын ғылыми пән ретінде танылып келеді. Білім саласында химия пәнін оқытатын мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына химияны оқыту әдістемесінің курсы енгізілген.

Яғни химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі оқу пәні болып табылады. Химия-заттардың бір-біріне өзгеруін зерттейтін ғылым. Сондықтан химияны оқыту әдістемесі пәні мектептің химия курсындағы заңдылықтарды, тұжырымдарды, өзгерістерді оқушыларға үйрету жолдарын, түсіндіру тәсілдерін зерттейтін педагогикалық ғылым. Жалпы оқу жүйесін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару, саламандық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру, өзіндік іздену мен шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады.

Бірінші мәселе-“қалай оқиды”-деген сұрақтың жауабына келетін болсақ, ол оқушының іс-әрекеті бойынша анықталады. Химияны оқыту әдістемесі бойынша ғылыми тұрғыдан әлі күнге дейін нақты анықтама берілмеген, толық шешімін таппаған мәселелердің бірі деп саналады.

Кейбір оқу құралдарында мынадай анықтама жасалған: бұл-оқушыға химия ғылымын үйретудің қоғамдық әрекеті және оларды білім алуға үйретіп, дамыту, мектептегі химия курсының мазмұнын оқушыларға игерту заңдылықтары туралы педагогикалық ғылым болып табылады.

Жоғары оқу орындарында оқылатын химияны оқыту әдістемесі оқытушының оқу материалын оқытуымен оқушылардың химиялық білімді терең меңгеруін, теориялық алған білімдерін, іс жүзінде қолдана алу мүмкіндіктерін, дағдыларын дамыту әдістері мен құралдарын айқындап береді. Химияны оқыту әдістемесі ғылым ретінде, әрі оқу пәні түрінде оқытудың мазмұнын, оқыту әдістерімен тәрбие жұмысымен тығыз байланыста зерттейді. Химияны оқытудың заңдылықтарын ашумен бірге, оқытудың мазмұны мен мақсатын, оқыту формалары мен құралдарын, оқытушы мен оқушының іс-әрекетін біртұтас қарастырады. Негізі химияны оқыту әдістемесінің зерттейтін обьектісі-химия пәнін оқыту әрекеті. Оқыту, педагогика, дидактика және әдістеме ғылымы тұрғысынан түсінуге болатын күрделі әрекет болып саналады. Педагогика тұрғысынан қарастырғанда оқыту деген ұғым-оқушының бойына ұжымдық тәжірибені сіңіру. Дидактикалық жағынан қарастырғанда, оқыту білім берудің мазмұнын оқушыға жеткізе білу ісіндегі сабақ беру мен оқытудың бірлестігі болып есептеледі. Ал әдістемелік жағынан алғанда оқытуоқу пәнінің материалдарын оқушыға нақты жеткізе білу ісіндегі сабақ беру мен оқудың бірлігі болып табылады. Оқыту іс-әрекетіне “мұғалім оқушы”, “оқушы-оқу пәні”,“оқушы-оқушы” қатысады. Мұғалім мен

оқушы қарым-қатынасының бірлігі мен үйлесуі, оқытудың мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, құралдары мен әдістері арқылы жүзеге асады. Осыған сәйкес әрбір пәннің алдына ғылым негіздерінен білім беру, тәрбиелеудегі жинақты тәсілді жүзеге асыру, оқушыларды жан-жақты дамыту мақсаты қойылады. Химия пәні де оқушыларға табиғат туралы және технологиялық білім беру, ғылыми көзқарас қалыптастыру, соның негізінде экологиялық, экономикалық, адамгершілік, еңбекке және тағы басқа тәрбие беру, олардың бақылау, қабылдау, түсіну және ойлау қабілетін дамыту мақсаттарын жүзеге асыру. Осы мақсатта химияны оқыту барысы біртіндеп жүзеге асады, олар:

8. Химия ғылымының теориялық негізін оқушыларға меңгерту арқылы үздіксіз білім алуға, саламандық жұмыстарды дайындауға, кәсіптік политехникалық бағыт бағдар беру;

9. Зертханалық жұмыстарда, өндіріс салаларында, табиғатта және күнделікті өмірде байқалатын химиялық өзгерістерді бақылауға және түсіндіре білуге үйрету;

10. Басқа пәндерден алған білімдерін, химия сабақтарынан алған біліммімен ұштастыра отырып табиғат туралы ғылыми материалистік көзқарас қалыптастыру;

11. Химиялық заттармен, құрал-жабдықтармен, көрнекілік құралдармен жұмыс істей білудің біліктерімен дағдыларын меңгерту;

12. Оқыту барысында химиялық білім, білік, дағдыны, тіршілікте, қоғамға пайдалы еңбекте қолдана білуге үйрету;

13. Оқушыларды өзіндік білім мен білік алуға, дербестікке және табандылыққа тәрбиелеу;

14. Оқушыларды химия пәніне деген құштарлығын, қызығушылығын, қабілетін, өзіндік ізденісін дамыта отырып кәсіптік бағдар беру.

Жалпы анықтамаларды дұрыс, бұрыс деп айта алмаймыз, өйткені әдістің мәнін ашу үшін оқыту әрекетінің жеке жақтары пайдаланылған. Солардың бәрінің басын қосып, оқыту әдістері дегеніміз- белгіленген мақсатқа сәйкес анықталған мазмұнды игеру үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу формалары деген анықтамаға тоқталамыз. Химияны оқыту әдістері, ғылыми зерттеу әдістерімен ұштасып жатады, оқушылардың химия объектілерін танып-білу әрекетінің ерекшеліктерімен де сипатталады.

Оқыту әдістерінің жіктелуі, қазіргі оқытудың қалыптасқан дәстүрлі әдістері оқытушы мен оқушылардың қызметінің сыртқы белгілеріне қарап анықталып, білім көздері бойынша жіктеліп келеді.

Яғни әдістерді жіктеу барысында химиялық өзіндік-ерекше әдістері педагогикалық және логикалық әдістері басшылыққа алынады. Орыс педагогі Ю.К. Бабанский оқыту әдістерін мынадай топтарға бөліп қарастырды:

-оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру әдістері;

-оқу-танымдық қызметті ынталандыру және мотивтендіру әдістері;

-оқу-танымдық қызметті бақылау және өздік бақылау әдістері

Химияны оқытудың өзіне тән ерекше әдістерін атақты әдіскерлер Р.Г. Иванова, Л.А. Цветков жүйелеп көрсетті. Химияны оқытудың жалпы әдістерін олар үш топқа бөліп қарастырды.

-Түсіндірме-көрнекі бейнелеу немесе ақпараттық-репродуктивтік;

-Ішінара-ізденіс;

-Зерттеу әдістері деп бөлді.

Оқытудың әрбір жалпы әдістер тобына жататын әдістер өз кезегінде сөздік, сөздік-көрнекі және сөздік-көрнекі саламандық әдістер тобына бөлінеді.

Жалпы қорыта айтқанда химия пәнінің мақсаттары әр топтың химия курсында, өтілетін тақырыптарында, тақырыптар бойынша өткізілетін сабақтарда нақтыланады. Химияны оқыту әдістемесі пәні осы мақсатты шешіп, іс-жүзінде жүзеге асырады.

Әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

2.Нұғыманұлы И.Н., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы:// «Print-s» баспасы.- 2005. Б-54.

3.Өнербаева З.О. Орта мектепте химия пәнін оқытуда оқушылардың қызығушылық әрекетін қалыптастырудың әдістемелік негіздері. Оқу құралы. Алматы.-2019.б-85

БІЛІМ БЕРУДЕ СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қаманова У.Н.
7М01503 –Информатика педагогтерін
даярлау білім беру бағдарламасының магистранты
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ,
ulmeken.kamanova@mail.ru

Аңдатпа:Мақалада смарт технологиялардың түрлері, олардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері қарастырылады. Қазірдің өзінде бүкіл әлем бойынша оқу орындарында смарт білім беру белсенді түрде енгізілуде. Білім берудегі «смарт технология» ұғымы талданады, қолданылатын технологиялардың педагогикалық тиімділігін анықтау қажеттілігі келтіріледі. Оқыту процесінде смарт технологиялардың қолдану мысалдары айтылады.

Түйінді сөздер: смарт технология, смарт білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект, цифрлық технология.

Аннотация:В статье рассматриваются виды смарт технологий, их преимущества и возможности. Уже сейчас в учебных заведениях по всему миру активно внедряется интеллектуальное образование. Анализируется понятие «смарт технологии» в образовании, приводится необходимость определения педагогической эффективности применяемых технологий. Приводятся примеры применения смарт технологий в процессе обучения.

Ключевые слова: смарт-технологии, смарт-образование, информационно-коммуникационные технологии, искусственный интеллект, цифровые технологии.

Abstract: The article discusses the types of smart technologies, their advantages and opportunities. Intellectual education is already being actively introduced in educational institutions around the world. The concept of "smart technologies" in education is analyzed, and the need to determine the pedagogical effectiveness of the technologies used is presented. Examples of the use of smart technologies in the learning process are given.

Keywords: smart technologies, smart education, information and communication technologies, artificial intelligence, digital technologies.

Кіріспе

Smart - білім беру өзін-өзі басқаруға негізделген, дәлелді, икемді, ресурстармен байытылған және оқытудың технологиялық әдістеріне негізделген өзін-өзі басқаратын, ынталандыратын, икемді, технологиялық оқыту [1]. Смарт технологиялар білім беруде төңкеріс жасау мүмкіндігіне ие. Олар білім беруді тиімдірек, қолжетімді және жеке ете алады. Білім берудегі смарт технологиялар – білім сапасын арттыру үшін АКТ пайдалану. Білім берудегі смарт технологияларға мыналар жатады: Moodle, Edmodo, Google сияқты білім беру платформалары Сынып бөлмесі. Бұл платформалар мұғалімдер мен студенттерге цифрлық мазмұнды жасауға және бөлісуге, бір-бірімен байланысуға, оқу материалдарына қол жеткізуге және үлгерімді бақылауға мүмкіндік береді. Оқу үлгерімін бағалау, жекелендірілген оқу бағдарламасын құру, студенттерге мәселелерді шешуге көмектесу сияқты білім беруде әртүрлі мақсаттарда қолдануға болатын жасанды интеллект. Смарт

технологиялар күрделі жұмыстарды қолайлы істеуде, мәліметтерді біріктіруде және талдауда ерекше технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Күнделікті қолданылатын смарт технологиялардың бірнеше түрлеріне тоқталайық:

- Смарт телефондар: олардың байланыс жүйесіндегі қызметі, мәліметтерді біріктіру, сурет, аудио, видео түсіру, ойындар ұйымдастыру және басқаларды орындау мүмкіндігі бар.
- Смарт сағаттар: олар оқыту, телефонға хабарлама жіберу, мәліметтерді жазу және жіберу, GPS қолжетімділігі және басқаларын орындауға көмек көрсету мүмкіндігі бар.
- Смарт телевизорлар: олардың интернетке қосылуы, арнайы ақпараттарды біріктіру, видео мен музыкалық қызметтерді пайдалану, сурет түрлерін түсіру және басқаларды орындауға мүмкіндік береді.
- Смарт көліктер: интернетке қолжетімділігі, GPS навигациясы, қосымша шарттары, автобақылау жасау және басқа да функциялары қолжетімді.

Негізгі бөлім

Білім берудегі смарт технологиялар-бұл оқу үдерісінде оның тиімділігі мен сапасын арттыру үшін қолданылатын заманауи цифрлық технологиялардың жиынтығы. Оларға мыналар жатады:

- Электрондық білім беру ресурстары (EER), мысалы, оқулықтар, тесттер, бейнелекциялар, виртуалды зертханалар, және т.б.
- Оқушыларға кез келген жерде және кез келген уақытта білім беру мазмұнына қол жеткізуге мүмкіндік беретін планшеттер, смартфондар, ноутбуктер сияқты мобильді құрылғылар.
- Оқытуды жекелендіру, бейімделген оқу бағдарламаларын құру және т.б. үшін қолданылатын жасанды интеллект.
- Үлкен деректер, бұл оқу нәтижелерін талдауға және оқу процесін жақсарту үшін пайдалануға болатын үлгілерді анықтауға мүмкіндік береді [6].

Білім берудегі смарт технологиялардың бірқатар артықшылықтары бар, соның ішінде:

-Оқушыларға оқу материалдарына қол жеткізуге және уақыт пен орынға қарамастан мұғалімдермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беру арқылы оқуды қол жетімді етіңіз.

-Интерактивті және ойын пішімдерін пайдаланып оқуды қызықты етіңіз.

-Оқытуды дараландыру. Смарт технологиялар оқушылардың қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері сияқты жеке ерекшеліктерін еске алады.

-Білімнің болуы. Смарт технологиялар мүмкіндігі шектеулі адамдар мен шалғай елді мекендерде тұратындар үшін білім беруді қолжетімді ете алады.

-Оқытудың тиімділігі. Смарт технологиялар оқуды қызықты және есте қаларлық етіп жасай отырып, оны жақсартуға көмектеседі [2].

Бастауыш мектептерде оқу, жазу, математика және басқа да пәндерді оқыту үшін смарт технологиялар қолданылады. Мысалы, студенттер жаңа материалды меңгеру үшін цифрлық оқулықтарды, интерактивті ойындарды және қолданбаларды пайдалана алады. Орта мектепте смарт технологиялар Бірыңғай мемлекеттік емтиханға және оған дайындалуға қолданылады. Мысалы, студенттер емтиханға дайындалу үшін онлайн курстарды, репетиторларды, тренажерларды пайдалана алады. Жоғары оқу орындарында смарт технологиялар қашықтықтан оқытуға, ғылыми зерттеулерге және т.б. Мысалы, студенттер жоғары білім алу үшін онлайн платформаларды пайдалана алады, ал ғалымдар үлкен көлемдегі деректерді талдау үшін ЖИ пайдалана алады.

Білім беруде смарт технологияларды қолданудың бірнеше мысалдары:

- Мектептерде интерактивті сабақтарды құру, зертханалық жұмыстарды жүргізу, оқушылардың үлгерімін бағалау үшін смарт технологиялар қолданылады.
- Университеттер қашықтықтан оқыту, вебинарлар өткізу және студенттер үшін жеке білім беру траекторияларын құру үшін смарт технологияларды пайдаланады.
- Кәсіптік білім беруде жаңа дағдылар мен құзыреттерге үйрету және мамандардың біліктілігін арттыру үшін смарт технологиялар қолданылады.

• Электрондық оқулықтар мен оқу материалдары студенттерге кез келген жерде, кез келген уақытта білім беру мазмұнына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оларды студенттердің жеке қажеттіліктеріне де бейімдеуге болады.

• Жасанды интеллект қолдану. Бұл оқытуды жекелендіру, бейімделген оқу бағдарламаларын жасау және т.б. үшін пайдаланылуы мүмкін[4].

Смарт технологиялардың білім сапасын арттыруда маңызы зор. Дегенмен, оларды тиімді пайдалану үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Мысалы, әлеуметтік мәртебесі мен орналасқан жеріне қарамастан барлық студенттер үшін смарт технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз ету, мұғалімдерді білім беруде смарт технологияларды қолдануға дайындау, білім беруде смарт технологияларды қолданудың тиімді әдістемесін әзірлеу. Осы міндеттерді шешу смарт технологияларды заманауи білім берудің құрамдас бөлігіне айналдырады. Білім берудегі смарт технологиялар-оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін заманауи технологияларды пайдалану. Мұндай технологияларға мыналар жатады:

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), мысалы, компьютерлер, планшеттер, смартфондар, Интернет, бейнеконференциялар, виртуалды зертханалар, т.б.

Дербес оқыту, деректерді талдау және шешім қабылдауды қолдау үшін пайдалануға болатын жасанды интеллект.

Үлкен деректер білім беру нәтижелерін зерттеу және заңдылықтарды анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Смарт технологиялардың дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда бірқатар артықшылықтары бар: студенттер білім беру ресурстарына кез келген уақытта және кез келген жерде қол жеткізе алады, оқушылар өздерінің жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін материалдарды зерттей алады, оқытуды интерактивті және қызықты етеді [5]. Смарт технологиялар қазірдің өзінде бүкіл әлемде білім беруде кеңінен қолданылады. Бастауыш мектептерде оқу, жазу, математика және басқа да пәндерді оқыту үшін смарт технологиялар қолданылады. Оқушылар оқу және жазу дағдыларын дамыту үшін интерактивті кітаптарды, танымдық ойындарды және қолданбаларды пайдалана алады. Орта мектепте емтиханға дайындалу, шет тілдерін үйрену, шығармашылықты дамыту үшін смарт технологияларды қолданылады.

Қорытынды

Смарт білім беру – білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін заманауи технологияларды қолдануды көздейтін ұғым. Смарт білім беру келесі принциптерге негізделген:

1)Смарт білім беруде оқушылардың қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері сияқты жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

2)Смарт білім беру оқушыларға олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу мазмұны мен әрекеттерін қамтамасыз етуі керек.

3)Смарт білім беру студенттерге кез келген жерде және кез келген уақытта білім алуға мүмкіндік беруі керек.

4)Смарт білім беру оқыту процесін қызықты әрі есте қаларлық ететін интерактивті оқыту әдістеріне негізделуі керек. Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларын шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі[3].

Смарт білім беру, оқытуды қолжетімді және жекелендірілген ету арқылы оқу сапасын жақсартуға көмектеседі. Смарт білім беру мүмкіндігі шектеулі адамдар мен шалғай елді мекендерде тұратын адамдардың білімге қолжетімділігін кеңейтуге көмектеседі. Смарт білім беру-тиімдірек және сапалы білім беру процесін құру үшін заманауи цифрлық технологияларды қолдануды көздейтін тұжырымдама [5]. Смарт білім беру студенттердің сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, проблеманы шешу дағдыларын және заманауи әлемде табысқа жету үшін қажетті басқа да маңызды құзыреттерді дамытуға бағытталған. Смарт технологиялар қазіргі әлемде табысқа жету үшін маңызды болып табылатын ынтымақтастық пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Смарт білім беру –

білім беруді дамытудың перспективалық бағыты. Оның білім беруді түбегейлі түрлендіру, оны тиімдірек, қолжетімді және жекелендіру мүмкіндігі бар.

Білім беруде смарт технологияларды тиімді пайдалану үшін бірқатар міндеттерді шешу қажет:

Смарт технологияларды пайдалануға педагогикалық ұжымның дайындығы жеткіліксіз.

Барлық студенттер үшін смарт технологиялардың жеткіліксіз қолжетімділігі.

Білім беруде смарт технологияларды қолданудың ықтимал теріс салдары, мысалы, технологияға тәуелділік, оқуға деген ынтасының төмендеуі және т.б.

Қиындықтарға қарамастан, смарт білімнің болашағы жарқын. Смарт технологиялар қазірдің өзінде білім беруде кеңінен қолданылуда және оларды пайдалану болашақта тек арта түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Волкова Н.В. Білім берудегі смарт технологиялар: мүмкіндіктер мен міндеттер – 2023ж.
2. Смирнова А.В. Білім беруде смарт технологияларды қолдану: артықшылықтары мен болашағы – 2022ж.
3. Шмелева И.А. Смарт білім: оқудың жаңа мүмкіндіктері – 2021ж.
4. Рыбичева О.Ю. Перспективы внедрения смарт-технологий в образовательный процесс // Педагогика. Вопросы теории и практики. Вестник Вятского государственного университета.
- 2019. -№ 4 (134). -С. 76-84.
5. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. – Тараз. –2022. -314 б.
6. smart-pedagog.kz интернет ресурсы.

СОДЕРЖАНИЕ МИНЕРАЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ В ОРГАНАХ И ТКАНЯХ ОВЕЦ

[1]А.С. Тенлибаева, доктор биологических наук;
[2]Р.Р. Шайдуллин, доктор сельскохозяйственных наук;
[1]Абдураимова Н. магистр.

[1] Tashenev University, г.Шымкент, РК, aiken_1963@mail.ru
[2]Казанский государственный аграрный университет , биотехнологии, животноводства и химии , Россия

Аннотация:Полученные данные по динамике содержания натрия в химусе и стенках отделов желудочно-кишечного тракта позволяют полагать, что стенки желудочно-кишечного тракта способны накапливать и высвобождать натрий в зависимости от физиологических потребностей организма.

Ключевые слова: овцы, суягность, содержание натрия, желудочно-кишечный тракт, химус.

Андатпа:Алынған мәліметтер бойынша химустағы және асқазан-ішек жолдарының қабырғалары құрамындағы натрий динамикасы, асқазан-ішек жолдарының қабырғалары натрийді организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне байланысты жинақтауға және босатуға қабілетті екендігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: қой, буаздылық, натрий, асқазан-ішек жолдары, химус.

Annotation: The data on the dynamics of the sodium content in the chime and the walls of thegastrointestinal trac suggest that the walls of the gastrointestinal tract are able to accumulate and

release of sodium, depending on the physiological needs of the organism.

Key words: sheep, pregnancy, sodium, gastrointestinal tract, chyme.

В организм животных натрий поступает преимущественно с поваренной солью, меньше с минеральными добавками, поскольку в растительных кормах натрия содержится очень мало.

Натриевые соли в кормах и минеральных подкормках легко растворимы и при нормальном физиологическом состоянии органов пищеварения натрий почти полностью всасывается в желудочно-кишечном тракте (до 90-95 % натрия в течение одного часа после введения). . Всасываются они главным образом в слизистой передней части тонкого кишечника [1].

Оболочка двенадцатиперстной кишки легко пропускает большое количество натрия и воды в обоих направлениях, поддерживая постоянство осмотического давления в содержимом. В подвздошной кишке движение воды и натрия идет в одном направлении – из кишечника в кровь, обеспечивая значительное всасывание этого катиона. Движение электролитов через стенку кишки является не односторонним потоком, а представляет сумму их из просвета кишки в кровь и в обратном направлении [2,3].

В нормальных условиях в пищеварительном тракте поддерживается концентрация натрия, близкая к концентрации в плазме крови. Зоны секреции и абсорбции натрия зависят от характера пищи и типа животного. Наряду с абсорбцией в пищеварительном тракте наблюдается обратный процесс – эндогенная экскреция натрия. Часть выделенных ионов реабсорбируется, часть экскретируется с калом, интенсивность этих процессов зависит от характера корма, возраста и физиологического состояния животного[4,5].

Всосавшийся из желудочно-кишечного тракта натрий поступает в воротную вену и в большей части задерживается на некоторое время в печени, после чего вновь поступает в кровеносную систему и распределяется между остальными органами и тканями [6].

Содержание минеральных элементов в теле и тканях животного относительно постоянно в обычных условиях и позволяют судить о состоянии их минерального обмена и полноценности минерального питания. В связи с этим изучение содержания натрия в различных органах и тканях животных в период их беременности представляет значительный интерес.

Методика. Опыты проводились на курдючных овцематках в разные периоды суягности в крестьянском хозяйстве «Раушан», Южно-Казахстанской области.

В ходе беременности были проведены 3 физиологических опыта по 3 голов в каждой группе, в начале - 45 дней, в середине - 90, и в конце – 130 дней беременности. По завершении физиологических опытов животных забивали и отбирали пробы органов и тканей, для проведения химического анализа по определению содержания натрия.

Рационы кормления подопытных животных составляли, согласно детализированных норм ВИЖа (2003), [7] с учетом химического состава местных кормов, возраста, живой массы и физиологического состояния. В ходе исследования с кормом и водой овцематки получали по периодам суягности - 45 дней - 5,62 г натрия, 90 дней - 6,10 г, 130 дней - 7,39 г.

Результаты.

В нашем исследовании проведен сравнительный анализ содержания натрия в стенках разных отделов желудочно-кишечного тракта суягных овец. Особенно высока концентрация данного элемента в тонком кишечнике – 1,53 – 1,72 г/кг. По-видимому, в этом отделе происходит наиболее интенсивное всасывание данного элемента (табл.1).

Уровень натрия была также высоким в рубце (1,47-1,52 г/кг) и толстом кишечнике (1,33-1,58 г/кг).

Таблица1

Концентрация натрия в стенках отделов желудочно-кишечного тракта суягных овцематок, г/кг

Отделы желудочно-кишечного тракта	Дни суягности		
	45	90	130
Рубец	1,52±0,37	1,47±0,29	1,50±0,33
Сетка	1,41±0,45	1,30±0,36	1,36±0,40
Книжка	1,20±0,26	1,12±0,18	1,19±0,22
Сычуг	1,30±0,54	1,40±0,61	1,45±0,68
Тонкий кишечник	1,61±0,37	1,69±0,39	1,80±0,45
Толстый кишечник	1,33±0,40	1,49±0,51	1,58±0,62

В стенках разных отделов желудка концентрация натрия к середине беременности незначительно снижается, но к концу периода вновь увеличивается, достигая значений, близких к началу суягности.

Общее количество натрия было наибольшим в рубце и тонком кишечнике (табл.2). В стенках всех отделов в желудочно-кишечного тракта в ходе беременности овцематок происходило возрастание общего количества натрия: в рубце на 9,8 % ($P > 0,05$), в сетке на 68,3 % ($P < 0,001$), в книжке на 63,6 % ($P < 0,05$), в сычуге на 70,0 % ($P < 0,05$), в тонком кишечнике на 44,9 % ($P < 0,05$), в толстом кишечнике на 46,2 % ($P > 0,05$).

Таблица 2

Общее количество натрия в стенках отделов желудочно-кишечного тракта суягных овцематок, г

Отделы желудочно-кишечного тракта	Дни беременности		
	45	90	130
Рубец	1,83±0,36	1,79±0,41	2,01±0,52
Сетка	0,41±0,03	0,51±0,02	0,69±0,01
Книжка	0,30±0,02	0,37±0,03	0,49±0,04
Сычуг	0,40±0,01	0,59±0,05	0,68±0,06
Тонкий кишечник	1,38±0,21	1,80±0,31	2,00±0,08
Толстый кишечник	1,30±0,18	1,72±0,42	1,90±0,50

В ходе суягности овцематок в химусе разных отделов желудочно-кишечного тракта уровень натрия варьировал. В рубце и сетке в ходе суягности поглощение натрия активизировалось, о чем может свидетельствовать снижение концентрации элемента в 130-ому дню беременности соответственно на 19,8 % ($P>0,05$) и 13,6 % ($P>0,05$) (табл.3).

Таблица 3

Концентрация натрия в химусе желудочно-кишечного тракта суягных овцематок, г/кг

Химус отделов желудочно-кишечного тракта	Дни беременности		
	45	90	130
Рубца	2,02±0,61	1,92±0,52	1,62±0,17
Сетки	2,64±0,35	2,25±0,41	2,00±0,16
Книжки	2,10±0,19	1,06±0,09	1,84±0,23
Сычуга	1,52±0,26	1,64±0,33	1,75±0,45
Тонкого кишечника	1,65±0,17	1,70±0,24	1,81±0,34
Толстого кишечника	1,42±0,10	1,52±0,19	1,63±0,26

В книжке в ходе суягности также происходило снижение концентрации натрия, особенно значительное в середине беременности. В химусе других отделов желудочно-кишечного тракта в ходе суягности овцематок концентрация натрия несколько возрастала: в сычуге на 15,1 % ($P>0,05$), в тонком кишечнике на 9,7 % ($P>0,05$), в толстом кишечнике на 14,8 % ($P>0,05$) (табл.3).

Полученные по динамике содержания натрия в химусе и стенках отделов желудочно-кишечного тракта данные позволяют полагать, что стенки желудочно-кишечного тракта

способны накапливать и высвобождать натрий в зависимости от физиологических потребностей организма.

Абсолютное содержание натрия в химусе рубца на всех этапах суягности овцематок было наибольшим и могло превышать некоторые другие отделы на два порядка. А.Ф. Крисанов (1997) также обнаружил, что из общего количества натрия, находящегося в содержимом всех отделов желудочно-кишечного тракта, 70-77 % приходится на химус рубца.

Динамика общего количества натрия в ходе беременности овцематок в химусе отделов желудочно-кишечного тракта подобна динамике концентрации данного элемента: в химусе рубца к концу периода количество натрия уменьшается на 29,2% ($P < 0,05$), в химусе сетки – на 20,8% ($P > 0,05$), в химусе книжки – на 7,7% ($P > 0,05$), а в химусе сычуга, тонкого и толстого кишечников, напротив, увеличивается соответственно на 17,5% ($P < 0,05$), 23,5% ($P > 0,05$) и 26,1 % ($P > 0,05$) (табл.3).

Таблица 3

Общее количество натрия в химусе желудочно-кишечного тракта суягных овцематок, г

Химус отделов желудочно-кишечного тракта	Дни беременности		
	45	90	130
Рубца	14,1±0,73	13,9±0,84	9,98±0,92
Сетки	0,72±0,05	0,61±0,03	0,57±0,06
Книжки	2,48±0,49	2,32±0,51	2,29±0,66
Сычуга	0,40±0,02	0,44±0,01	0,47±0
Тонкого кишечника	2,21±0,59	2,67±0,62	2,73±0,55
Толстого кишечника	1,80±0,21	1,99±0,26	2,27±0,30

В.И. Георгиевский с соавт. (1979), А.Ф. Крисанов (1997) сообщают о значительном преобладании натрия в содержимом желудочно-кишечного тракта по сравнению с потребленным, объясняя это тем, что в преджелудки и кишечник жвачных животных натрий поступает в большом количестве со слюной и другими пищеварительными соками.

Вместе с тем различие в общем количестве натрия в химусе разных отделов желудочно-кишечного тракта обусловлено, по-видимому, тем, что в отделах пищеварительного канала абсорбция и экскреция элемента протекает с неодинаковой интенсивностью.

Потребность суягных овцематок в натрии и его норма в рационах. Недостаточное или избыточное поступление макроэлементов в кормах и минеральных подкормках может быть причиной заболеваний, низкой продуктивности и плохого использования кормов животными. Нерациональное применение минеральных подкормок без знания действительной потребности животных в ней может быть бесполезным, а иногда вредным. Очевидно, необходимо знать биологическую роль макроэлементов, потребности в них и степень обеспечения животных ими при кормлении.

Несмотря на обстоятельные исследования натриевого обмена у сельскохозяйственных животных, остаются еще недостаточно изученными вопросы обмена натрия в организме курдючных овец в зависимости физиологического состояния и зональных особенностей кормления животного. Опубликованные рекомендации относительно оптимальных уровней натрия в рационе грубошерстных овец довольно противоречивы. Вероятно, это связано с тем, что опыты авторами проводились в разных условиях, минеральные подкормки вводили на фоне различных рационов. В связи с этим, на основании полученных данных о количестве натрия в организме овцематок нами рассчитано суточное отложение элемента в разные периоды суягности.

Таблица 4

Потребность суягных овцематок в натрия и его норма в рационах, г

Показатели	Дни беременности		
	45	90	130
Суточное отложение элемента в организме	0,40	0,71	0,56
Эндогенные потери с калом и мочой	4,85	5,63	6,67
Суммарная истинная суточная потребность	5,25	6,07	7,23
Истинная усвояемость из рационов, %	93,1	95,3	94,4
Количество элемента, которое должно содержаться в рационе из расчета:			
на голову в сутки	5,64	6,37	7,66
на 1 кг сухого вещества	2,74	2,92	3,33
на 1 кг живой массы	0,08	0,09	0,10

Расчеты показали, что в зависимости от суточного отложения и эндогенных потерь истинная суточная потребность овцематок в натрии в начале суягности составила 5,25 г; в 90дней - 6,07 г, и в конце - 7,23 г.

Учитывая, что натрий усваивается из рационов на 93,1- 95,3 %, овцематки должны получать в суточном рационе следующее количество изучаемого элемента: в 45 дней суягности – 5,64 г, в 90 дней – 6,37 г, и 130 дней – 7,66 г. В расчете на 1 кг сухого вещества рациона соответственно: 2,74; 2,92 и 3,33 г, а в расчете на 100 кг живой массы – 0,08; 0,09 и 0,10 г.

1. Алиев А.А. Роль желудочно-кишечной системы в обмене аминокислот и электролитов // Повышение эффективности использования питательных веществ рационов. - М.: Колос, 1972. - С. 85-101.

2. Георгиевский В. И., Анненков Б.Н., Самохин В.Т. Минеральное питание животных. - М.: Колос, 1979. - 470 с.

3. Клиценко Г.Т. Минеральное питание сельскохозяйственных животных. - Киев: Урожай, 1980. - 166 с.

4. Кокорев В.А. Биологическое обоснование потребности супоросных свиноматок в макроэлементах./ Кормление и разведение сельскохозяйственных животных. – Саранск, 1984. – С.82-95.

5. Крисанов А.Ф. Нормирование минерального питания молодняка крупного рогатого скота при разных видах откорма. - Саранск, 1997. -65 с.

6. Кальницкий Б.Д. Минеральные вещества в кормлении животных. - Л.: Агропромиздат, 1985. - 207 с.

7. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных. Справочное пособие. 3-е издание переработанное и дополненное. /Под ред. А.П. Калашникова, В.И.Фисинина, В.В. Щеглова, Н.И.Клейменова/-Москва. 2003. с.206-213

8. Тенлибаева Аимкуль Серикбаевна, к.с-х.н., Университет им. Ж.А.Ташенева, г. Шымкент, ул. Гагарина, 22. *e-mail:* aiken_1963@mail.ru. *моб. телефон:* 87016774234

ОСНОВЫ МЕТОДИКИ ЗАНЯТИЙ ФИЗКУЛЬТУРНЫМИ УПРАЖНЕНИЯМИ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Шекербек С.Қ.
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ. Saken_181192@mail.ru
Ахметов М.К.
Ж.А. Тәшенев атындағы университет, оқытушы

Аннотация:Дене шынықтыру-адам өмірінің ажырамас бөлігі.Ол оқуда, адамдардың жұмысында өте маңызды орын алады. Дене шынықтыру сабақтары қоғам мүшелерінің жұмыс қабілеттілігінде маңызды рөл атқарады, сондықтан дене шынықтыру туралы білім мен дағдылар әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде кезең-кезеңімен салынуы керек.
***Түйінді сөздер**: Тәрбие, дене шынықтыру, денсаулық, адамдар, сауықтыру бағыты*

Аннотация:Физическая культура - неотъемлемая часть жизни человека.Она занимает достаточно важное место в учебе, работе людей. Занятием физическими упражнениями играет значительную роль в работоспособности членов общества, именно поэтому знания и умения по физической культуре должны закладываться в образовательных учреждениях различных уровней по-этапно.
***Ключевые слова:** Воспитание, физическая культура, здоровье, люди, оздоровительной направленности*

ABSTRACT:Physical culture is an integral part of human life. It occupies a fairly important place in people's studies and work. Physical exercise plays a significant role in the performance of members of society, which is why knowledge and skills in physical education should be developed in educational institutions at various levels in stages.
***Keywords:** Education, physical education, health, people, health promotion*

Физическое воспитание и обучение студентов состоит из теоретических, практических и контрольных занятий, которые определяются методикой и концепцией преподавания, принятой в данном высшем учебном заведении.

Раскрывая все эти разделы отметим, что каждый имеет свою особенность, выполняет определенные цели и направлен на конкретный результат. И конечно же имеет свою особую методику. Любая учебная программа по физической культуре предполагает наличие обязательного теоретического раздела. Эта часть физического воспитания и обучения излагается студентам в форме лекций в логической последовательности. Тем самым формируется теоретический пласт знаний у студентов по физической культуре. Это будет служить основой для формирования умений у студентов по выполнению физических упражнений и проложит путь для следующего раздела.

Практический раздел состоит из двух подразделов: методико-практического и учебно-тренировочного.

В каждом семестре система практический занятий, имеющая методическую и учебно-тренировочную направленность, строится как законченный модуль, соотвутствующий прохождению различных разделов программы. Эти модули завершаются выполнением студентами на занятиях соответствующих контрольных заданий и тестов, характеризующих степень усвоения учебного материала. Контрольные занятия обеспечивают оперативную, текущую и итоговую информацию о степени усвоения учебного материала. В конце семестра

и учебного года студенты, выполнившие учебную программу сдают зачет по физической культуре, который состоит из трех разделов:

- теоретические и методические знания, овладение методическими умениями и навыками;
- общая физическая и спортивно-техническая подготовка;
- жизненно-необходимые умения и навыки по укреплению здоровья и здоровому образу жизни.

Итак раскрыв все разделы физического воспитания и обучения студентов мы можем заметить, что без четко сформированной и от-работанной системы преподавания и обучения трудно будет соблюсти методику занятий физическими упражнениями. Иными словами правильное, четкое выполнение последовательности прохождения всех трех разделов обуславливает качество воспитания и обучения и служит основой для применения методики занятий физкультурными упражнениями.

Составляя основу методики физического обучения и воспитания все вышеперечисленные разделы тем самым выполняют функцию факторов, влияющих на качество обучения и воспитания студентов, так как только последовательное прохождение всех этапов физического обучения может гарантировать правильность усвоения и контроль за усвоением материала по физической культуре. Однако такой категорический подход к последовательности обучения и воспитания студентов может быть обойден. Можно сократить или, если точнее сказать, по другому организовать процесс обучения и воспитания, например, теоретический курс может быть совмещен с практическим разделом и пройден во время конкретных практических занятий физкультурными упражнениями. Это может осуществляться путем предварительного устного объяснения преподавателем физкультурного упражнения, правильности его исполнения, его значение для укрепления и развития физического состояния организма. Затем преподаватель может продемонстрировать выполнение этого физкультурного упражнения. Следующим этапом будет выполнение этого упражнения студентами и контроль преподавателем правильности, точности и численности выполнения физкультурного упражнения.

Помимо последовательности прохождения этапов обучения и воспитания в методике занятий физкультурными упражнениями важное значение имеют способы обучения и упражнениям. Способы обучения - это пути и методы, при помощи которых преподаватель передает студентам знания, формирует у них соответствующие двигательные навыки и специальные физические качества. Способы обучения упражнениям основаны на использовании слова, чувственного восприятия, взаимоконтакта преподавателя с обучаемым в процессе учебно-воспитательной деятельности. В практике обучения и воспитания имеют место раличные словестные, наглядные и практические методы, которые применяются в взаимосвязи на всех этапах обучения. Хотя их можно использовать дифференцировано на определенных этапах. Выбор того или иного способа будет зависить от содержания учебного материала, от задач обучения, практической подготовленности руководителя и его методического мастерства.

Словестные способы основаны на использовании слова как средства воздействия на занимающихся и включает объяснение, рассказ, беседу, подачу команд, указаний, замечание. Наглядные способы обучения - это показ, демонстрация видеофильмов, кинограмм, фотографий, плакатов, схем, которые создают у студентов образные представления об изучаемых упражнениях. Их показ должен быть четким, образцовым, иначе он отрицательно воздейсвует на психику обучаемого, ведет к неправильному выполнению приемов и действий. Он важен на первоначальном этапе обучения, когда объяснение не дает полного представления об упражнении. В случае необходимости применяется "зеркальный" способ показа. Одна из форм использования этого способа обучения - показные занятия.

Практические способы играют решающую роль в формированиидвигательных навыков, развития и совершенствования физических и специальных качеств у студентов.

Это, как правило, повторение упражнений целеустремленно и многкратно с постепенным усложнением условий и повышением нагрузки.

Важным в обучении и такие методические приемы, как опробование, выполнение упражнений по командам преподавателя, самостоятельное выполнение упражнений, оценка и поощрения, оказание помощи и страховка, игры, эстафеты, соревнования, подготовительные упражнения. Все это применяют в тесной взаимосвязи, чтобы добиться высокой эффективности от каждого учебного занятия.

Список литературы.

1. Кенеман А.В. Физическая культура в начальных классах (методическое пособие для учителей начальной школы и студентов) 2015.
2. Филин В.П. Возрастные особенности физического воспитания 2016.
3. Рунова М.А. Двигательная активность ребёнка 2015.
4. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта 2014.

2021-2022 жылдары Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының математика информатика пәнінің мұғалімі қызметін атқарған.

2022 жылдың 25 тамызынан бастап, Шымкент қаласының «Абадан» ЖШС мектебінің математика-информатика және робот техника пәнінің мұғалімі.

«Математиканы оқыту әдістемесі» және «Информатиканы оқыту әдістемесі», «Робот техниканы оқыту әдістемесі», «IT және робот техника» «Оқушыларды ғылыми жоба байқауына дайындау әдістемесі» жайлы көптеген оқулықтар, монографиялар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік көмекші құралдар мен авторлық бағдарламалардың, мемлекеттік стандарттардың авторы.

Негізгі қызметпен қатар, 1994-1996 жылдары «Аспирантура» бөлімінде информатика оқытушысы, «Компьютерлік тест орталығы» бастығы, инженер-программист қызметін, 1996-2001 жылдары Шымкент қаласының әлеуметтік-педагогикалық университетінің «Жаратылыстану-математика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды және аудандық/қалалық, облыстық, республикалық мектептерге, лицейлер мен гимназияларға ғылыми жетекшілік жасады [3].

Ә.Қ.Бүркіттің 1000-нан астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің, 100 кітап, 100 электрондық кітап пен өнертапқыштық жұмыстың авторы. Қазақстандағы ең үздік шығармагерлік жұмысы ретінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 10 маусым 2002 жылғы №460 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (030140 - «Математика және информатика» мамандығы) авторы. Ә.Қ.Бүркіт республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасап, оның ғылыми мақалалары шетелдік журналдарда, ғылыми басылымдарда, отандық ғылыми-әдістемелік журналдарда магистрлік, докторлық ғылыми еңбектері жарияланды.

Қазақ Елінің жас ұрпақтарын техника мен ғылымға баулу мақсатында «Әл-Фараби» - оқушылар қоғамын, «Роботландия» техникалық үйірмесін ұйымдастырып, өнертапқыш шәкірттері елеулі нәтижеге қол жеткізді. 2015 жылы Ә.Қ.Бүркіттің ғылыми жетекшілігімен «Күн нұрымен қуаттанатын робомобиль» атты ғылыми жоба жұмысы бойынша өнертапқыш шәкірті Қантөре Нұржан Әуесханұлы республикалық байқауда жеңімпаз атанып, «Жас ғалым» медалімен марапатталған. Сонымен бірге, «50 үздік есім - Қазақстанның болашағы» атты теңдессіз жобаның www/uniquekazakhstsn.info/ru/action/50-imen-budushchego-kazakhstan сайтындағы «Үздік» ғылыми жұмысы және озық идеясы үшін арнайы альбомға есімдері мен еңбектері енгізіліп, «Жас ғалым» лауреаты атанып, «Жас өнертапқыш» медальмен марапатталған.

2012 жылы «С.Мұқанов» атындағы жалпы орта мектептің «Информатика» кабинетіне, 2018 жылы Шымкент қаласының №61 жалпы орта мектебінің «Робот техникасы» профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының құрметті есімі берілді [3].

2005-2021 жылдары «Қазақстанның білім және ғылым әлемі» республикалық журналының бас редакторы, «Алғырлар, Тапқырлар, Ойшылдар, Мектебі» республикалық журналының бас редакторы, «Мектеп және ата-ана» республикалық журналының редакторы, «Самғау» республикалық журналының редакция алқасының мүшесі, «Жас ғалым» республикалық журналының редакция алқасының мүшесі, «Жас ғалым» республикалық жинағының редакция алқасының мүшесі.

2013 жылдан Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі (ғылыми атағы). 2018 жылдан Қазақстан Педагогикалық Академиясының ПРОФЕССОРЫ. 2023 жылы құрметті АКАДЕМИК атағы берілді.

2012-2014 жылдары «Д.Қонаев» Қоғамдық Қорының қарамағындағы оқушылар ғылыми Вице-Президенті. 2014-2016 жылдары «Алғырлар, Тапқырлар, Ойшылдар, Мектебі» Қоғамдық Бірлестігінің тең төрағасы. 2016-2021 жылдары «Шөген федерациясы» Қоғамдық Бірлестігінің атқарушы директоры, Вице-Президенті. 01.01.2021 жылы «Өркен» республикалық қоғамдық қорының Президенті қызметінде істеді. Осы жылдар аралығында талантты оқушыларға, студенттерге, магистрлар мен докторларға ғылыми жетекшілік жасады [3].

СССР мен ТМД, шетелдік және Отандық бірнеше орден-медальдарының иегері. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің және оқу-ағарту министрлігінің құрмет грамотасы, диплом, алғыс хаттармен марапатталған. Өнертапқыштық жұмысы бойынша «Нобель» медалінің лауреаты.

Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі (ғылыми атағы), Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры, «Нобель» медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының мемлекеттік наградалары (ордендері мен медальдері, төс белгілері, алған сыйлықтарының жылы):

*Ресей Жаратылыстану Академиясының өнертапқыштық саласын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін **«Нобель»** медалінің иегері (27.08.2013 ж. Куәлік №1059).

*Ресей Жаратылыстану Академиясының «Әлемдік педагогика саласын дамытуда сіңірген еңбегі үшін **Ресей Жаратылыстану Академиясының Кеңесшісі** (ғылыми атағы), (11.07.2013 ж. Диплом №6381).

Ғылыми-педагогикалық саласындағы еңбек өтілі 35 жыл. Мерейлі өнертапқыш-педагогтар отбасында жұбайы: Жадыра Қалыбекқызы-педагог-психолог, платина дәрежелі көшбасшы. Тәрбиелі, салихалы және өнегелі, өнертапқыш ұлдары мен қыздары, немерелері бар.

Әдебиеттер тізімі

1.Академик Рахымбек Досымхан, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Жалпы орта мектепте математиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2018.

2.Академик Рахымбек Досымхан, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі. Алматы, 2019.

3.Академик Рахымбек Досымхан, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Математиканы оқытуда ақпараттық–телекоммуникациялық технолгия құралдарын қолдану әдістемесі. Алматы, 2020.

ӘОЖ

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ СЫНШЫЛДЫҚ, САТИРАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Амирбекова А. Б.
А.Байтұрсынұлы атынд.
ҒЗИ ф.ғ.к., аға оқыт.,
Лексикология бөлімінің меңг.

Рүстем Ләззат Дәулетқызы
6М01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
педагогтарын даярлау (2- курс магистранты)
Tashenev University, Шымкент қ.

Резюме:В этой статье речь пойдет о сюжетной линии и композиционном построении произведений Бейимбета Майлина

Summary: This article will focus on the storyline and compositional construction of the works of Beimbet Mailin

Халық өміріне сіңіп кеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрпты өрескел бұзушылық та әр түрлі тәсілмен суреттеледі. Сондай жағдайды Б.Майлин «Ағаш атқа - жіп құйысқан» сықағында [1] күлкі етіп әжуалайды. Шағын туындыға Бейімбет екі штрих енгізген. Біріне Кәдірбек деген жігіттің үйлену тойында көргенін арқау етті. Ол әдептілік сақтап, ғұрпты сыйлап, енесінің алдында қыздай сызылып тұрады. Бейімбет «бес биенің сабасындай іркілдеген жуан бәйбіше теңселіп отырып, алдына ет табақ келгенше жігіт, дем алу былай тұрсын, міз бақпай түрегеп тұрды» деп жігіт әдептілігін суреттейді. Әуелде өзін сыпайы ұстаған Кәдірбек мүлт кетіп, әдет-ғұрпты бұзады, оғаштық жасайды. Ол «Тал түсте қыздың қасында отырып алады, сонымен «қыз күйеу жанына түнде келетін» қазақ салты бұзылады. Тойға қатысқан діншілдер оған тіс жарып ештеңе демейді. Кәдірбектің осы ерсілігін Бейімбет «басына сәлде салып, үстіне арты тілік пальто кигенмен бір есеп болды» деп келеке етеді. Оқшаудағы екінші штрихтан да байқайтынымыз - осындай жағдай. Мұнда Сылқым деген кісінің қайтыс болған інісіне құран оқылады. «Менің күлкім келді» дейді Бейімбет. Неге? Құранды оқыған Сылқымның өзі. Бейімбет бұдан бір ай бұрын Ыбырай дегеннің үйінде арақ ішіп қызып алған оның құран оқығанын көрген. Сол есіне түсіп кетеді. Сылқымның ісінде қарама-қайшы әрекеті бар. Қазақ ғұрпын ол бұзып отыр. Тұрақсыздық, салтқа мән бермеушілік жазушыға

ұнамайды, сондықтан «Ескі ғұрпын ел өзі істесе, ол жарастықты секілді. Сол ғұрыпты Сылқымбай істесе, ағаш атқа жіп құйысқан таққанмен бір есеп» - деп қағытады. Екі кейіпкерді әрекетіндегі қайшылықты көрсету тәсілімен Бейімбет әшкере еткен. Ерсілігін бетіне басқандарға берген «Біз «безпартийныймыз ғой!» деген жауаптарымен Бейімбет олардың пиғылдарын ашты. Жұрт қастерлейтін әдет-ғұрпымызды бұзу, теріске айналдыру, сөйтіп одан шеттету осындайдан шығады. Жазушы ойы - соған назар аударту.

Бейімбет Майлин − қазақ әдебиетінде қысқа әңгіме − новеллалар, очерк, фельетондар жазумен қатар прозадағы ірі туындылар, повесть, романдар жазуға атсалысқан жазушы. 30-жылдары өлең жазуды сиретіп,қаламының ұшын прозада қайрады. «Әдебиеттегі керекті жанрдың бірі қара сөз болса,-деп жазды Бейімбет. Сол бізде мешеулеп өріс алмай келеді. Ондай өлең жазып әдеттенгендерге қара сөз жазу ауыр көрінді. Бірақ оқушыларымыздың тілегі күннен-күнге өсіп, желілі,сюжетті көркем шығарманы керексінеді. Оқушыларымыздың бұл білгірін елемеу үлкен күнә еді. Мен қара сөзге айналдым. Сонда осы олқылыққа түгел тығын болдым деп мақтанатын кісі мен емес. Менікі шығарманың түрін бір өңкей соған қарай аударып көру еді. Аудардым да, жаман болсын, жақсы болсын, сол отызыншы жылдардан бері қара сөзбен едәуір нәрсе жазып тастаған сияқтымын. Бұдан былай да қолымнан келгенше күшті осы қара сөзге салсам ба деймін. Өлеңнен гөрі істелуі ауыр болғанмен,икемім осыған ауды». Майлин шығармаларына тән стильдің бірі мына сөздердің пайдалануы болып табылады:

«...Бірақ, кейде қызып кетсе, көпірініп сөйлейтін әдеті бар. Кейде өзі мінезінен ұялыс тауып, құлағына шейін қызарады. Ұялыс тапқандығын есіне сақтайды білем, кейде орынды жерінде үндемей қалатыны болады...».

«Күзгі күн еді.

Күн ұзаққа екпіндетіп соққан жел кешке қарай тынып басылып, әлем күзі құлаққа ұрған танадай мүлгуде. Күн батып бара жатыр. Батар күннің сәулесі қызарып, шашырап, дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр. Күн шығыс жақтан құшағын жайып келе жатқан қою қараңғылық жапан даланы ұзатпай бүркейін деп тұрған сияқты...»[30,123,223б]. Әрине, бір сөздің (кейде,күн) бұлайша қайталануы шеберлік үлгісімен үндесе қоймайды. Алайда автор бұған автор саналы түрде барған деп ойлаймыз. Өйткені «Он бес үй» повесіндегі мына жолдарға зер салсақ, бұл ойымыздың растығына көз жеткендей болады: «...Бұл − Жұмабайдың жорғасы ғой. Ағыбай төсектен тұрғанда осы жорға осы жерде байлаулы тұрған сияқты еді, әлі тұр. Бұрын- соңды Жұмабай мезгілсіз уақытта жүре қоймайтын сияқты еді. Аса дәулеті болмағанмен Жұмабай атаққа ие болған адам ғой. Осы күнге шейін осы елде Жұмабайдың бетін қайырған жан адам болған жоқ. Жиылыс болса, әңгіме-дау болса, Жұмабайдың қолынан атқарылып отыратын сияқты еді. Біреуге біреу наразы болса да, арызын Жұмабайға айтатын сияқты еді. Әбдікәрім сияқты ауылнайларың Жұмабаймен ақылдаспай бір жапырақ қағаз жазбайтын сияқты еді...» [2].

Бейімбет публицистикалық шығармаларды шырайландыру үшін мақал-мәтелді де пайдаланып отырады. Олардың бірқатарын атар болсақ, төмендегідей: «Көресіңді көрмей көрге кірмейсің» («Әлім болыс»), «Жел тұрмаса шөп басы қозғалмайды» («Қаудыр тон»), «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» («Ақ шайыға ораулы»), «Күштінің арты диірмен тартады», «Байдың мыңының ішінен жарлының жалғызын алады», («Кім ұры?»), «Сыйға - сый, сыраға – бал» («Сый-тарақ»), «Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын», «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал», «Сотқа түстің - отқа түстің» («Болыстың құдасы»), «Көсеу ұзын болса, қол күймейді» («Күлшара жеңгей»), «Ештен де кеш жақсы» («Ұжмақ белеті»), «Ертеңгіні есек қайғырады» («Оңай олжа»), «Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» («Олай емес «Казахский язык»). Халық өміріндегі тәжірибеден туған, қысқа орамды маржан сөздерден құйылған, үлкен мағына жүгін көтерген құрылымдар жазушы ойын ашуда, кейіпкер образын дәл беруде қызмет атқарғанына сөз жоқ.

Б.Майлин қазақтардың күнделікті сөйлеу тілінде жиі қолданатын, сол кезде санаға сіңіп кеткен, бірақ кімге болса да түсінікті орыс сөздерінен де қашпаған, айтылуынша орнымен енгізген. Мысалы, қулақ-кулак, көменес-коммунист, мелетсе, пәлетсе-милиция,

арыстабат, арыстауын-арестовать, комесие, кемесе-комиссия, гуладайштар-голодающие, пүртекел, пүртекел-протокол, пүркерел-прокурор, кемесерет-комиссариат, атбекет-адвокат, компеске, кәнпеске-компескация, пешет-печать, ғазит, кәзит-газет, піркеншік-сатушы, дүкенші, аптамабел-автомобиль, шопыр-шофер, кәпәрәтіп-кооператив, қалқоз-колхоз, спрәбкі-справка, задетке-алдын ала төлем, іспес-спец, пүрлетариат-пролетариат, көртопырақ-гурпоправ, суд-сот деген сияқты тізе берсек көп ұшырасады. Бұлар өмірде, тұрмыста, ауызекі тілдесуде кірігіп кеткен сөздер. Олардың орысшасын алса, қалың көпшілік түсінбеуі де мүмкін, әрі тілді жұрттың өз түсінігіне жақындатуды ойлаған деп білеміз. Сондай-ақ ондай бұрмаланған сөздерді қаламгер қағыту, мысқылдау, кекету, сын-сықақ ретінде де пайдаланған.

Кейбір орыс сөздері сол қалпында кездесетіні де жоқ емес. Бұрмаланған болса да өз тіліміздегі баламасы жоқтықтан орыс сөздерінің кейбірін алуға мәжбүр болғаны байқалады. Бірақ, оларды Бейімбет өз мақсатына жету үшін қолданған. Орыс сөздерін қазақша айтылу, естілу түрінде жазу да оқырманға үлкен әсер етеді.

Б.Майлин стиліне тән ерекшеліктін бірі - адам күйін, сырт кейпін, ауыл-аймақты, табиғат құбылыстарын суреттеу. Ол әдіс кейіпкер образын беруде үлкен рөл атқарады. Мәселен, «Әлім болыс» оқшауында Әлім болыс кезінде бай адам болған. Қаламгердің оның ауылын суреттеуін алайық: «Қатарлап тігіп тастаған үйлер. Ауыл сыртында лек-лек болып үйірлеп тұрған қалың жылқы, қотан толған қой, өріс толған сиыр, түйе...». «Мыңғырған», «мыңдаған», «жүздеген» немесе «бәлен мың малы бар»- [3] деген сияқты таптаурындыққа жоламаған. Бейімбеттің тіл көркемдігіне, нәрлі сөздерді тауып алатынына осы көрініс дәлел.

«Жасасын Мұсабай!» оқшауындағы «Еркіншілік болысының байлары қынадай шабылады. Боз қасқасын белдеуіне байлап, қолын қусырып қарсы алады. Сараңдық қылғаны «арыстауын» болып та қалады. Жылы шырай көрсеткендері болыстың қасына нөкер болып еріп, бағылан қозы, сары қымызға белшесінен батады» деген суреттеу байлардың болыс, төре, ұлықтарға жағынып, байлығын шашып шабылып, көзге түсу, қатарында жүру үшін көрсеткен жағымпаздық мінезін ашады. Халық тілін Бейімбеттің жақсы білетіндігіне сүйсінесің. «Күн ызғырық боран... Терезеден енген жел үйді ысқаяқтандырып, танапты қуырып барады... Жел ысқырады, долданады, сарнайды» деген табиғат көрінісі күйзеліс, жайсыз жайдың хабаршысындай, үрей туғызады, арқаңды қарып тітіркендіреді. Қыс ызғарымен қатар екі көзінің ыстық жасына булығып, сарнап отырған Дәмешті көресің. Далада боран азынаса, үйде Дәмеш күңіренеді. Олай болса, қыстың әлгі көрінісі бір сұмдықтың, алапаттың боларын алдын ала сездіргендей екен. Дәмештің жылауының, ойға батып, сезімі аласұрып отыруының бір сыры осы болса керек. Оқшауда адам басына түскен күй табиғат құбылысымен шендестірілген. Табиғат суреті - жансыз емес, ол - адамның жан толқыны, сезім иірімі, тағдыр-талайы [4].

Бейімбет Майлин публицистикасының стилін ерекшелейтін маңызды компоненттердің бірі - оның бүркеншік аттары. Т.Нұртазин «Б.Майлиннің псевдонимдері (бүркеншік аттары) көп, жалпы саны отызға жуық. Бірсыпыра зерттеушілер қаламгердің жұртқа әйгілі псевдонимдермен жарияланған шығармаларын ғана алып, бейтаныс псевдониммен шыққандарына назар аудармаған. Б.Майлиннің сан қилы псевдонимдерін бірнеше жыл арнайы зерттеп, мен ажыраттым. Бірақ, бәрі түгелденді деу қиын. Бізге белгісіз псевдонимдермен жарияланған шығармалары да ықтимал» [5] - деп жазған болатын. Бейімбеттің бүркеншік аттары оның өлеңдерінде, әңгімелерінде, очерктерінде кездеседі. Әсіресе, фельетондарында, мақалаларында мол ұшырасады. Баспасөз бетінде оның алғашқы көзге түскен мұндай аты «М.М.». Бұл атын Бейімбет қазақтың әдет-ғұрпындағы келеңсіздіктерді әжуалаған «Фельетонына» қойған. Содан кейінгі кезде «Шаңқан», «Малай», «Жалшы», «Малшы», «Мырқымбай», «Жолаушы», «Тілші», «Быж», «Қарабалық баласы», «Мереке». «Шаңқан» С.Мұқановтың айтуына қарағанда, қара қыпшақ ішінде бір аталарының аты көрінеді. Ал «Малай» деуі өз басынан кедейліктің қасіретін көріп, малайлықта жүргенін білдіреді, әрі жарлы-жақыбайларды жақтап, араша түсіп көп жазғандығына байланысты.

Б.Майлин «Тілші» деген бүркеншік атын 1923 жылдан қоя бастайды. «Тілші» деп Бейімбет көбінесе сын мақалаларына қойған, әрі олары негізінен «Ауыл», «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» [6] газеттеріне жарияланған. 1935-36 жылдары Б.Майлин «Мереке» бүркеншік атын қолданады. Ол - өзінің ортаншы ұлының аты. Т.Нұртазин жазушының бүркеншік аттарының санын 45-ке жеткізеді. Б.Майлиннің бүркеншік аттарының көп болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол көркем шығармаларды да, әсіресе әңгімелерді, өндірте жазды. Оларға өзінің шын атын қойып жүрді. Публицистикасы да кем емес еді. Сондықтан, оқшау-фельетондарына, мақалаларына жасырын аттарды қоюды лайық көрді. Екіншіден, оның қаламынан күн құрғатпай бір емес, бірнеше туындылары жарияланып жатқанда оның бәрін өз атымен беру ыңғайсыздық туғызды. Кейде газетте оның бірнеше материалы жарияланған күндері болған. Сол себептен ең көп жарияланым Бейімбеттікі еді. Мысалы, тек «Ауыл» газетінде 1924 жылы 9 өлеңі, 7 әңгімесі, 7 фельетоны, 74 әр түрлі мақала, хат-хабары және заметкасы басылған. Ал «Еңбекші қазақта» 1925 жылы 7 өлеңі, 7 әңгімесі, 6 фельетоны, 55 мақаласы [7] жарық көрген. Үшіншіден, сын материалдарында, әсіресе фельетондарында бүркеншік аттарының көп болуы сол кездегі өштесу, кек алу ахуалының өршуі. Сыналған бай-болыстар, атқамінер белсенділер авторларға қауіп-қатер туғызып отырған. Фельетондары бүркеншік аттарымен жариялануының бір себебі осы болса керек. «Құлақ», «Өңгелбай», «Орынбасардың орынбасары», «Әлекемнің аяқ алысы», «Бұл сол еді», «Ел зорлап сайлады», «Жол үстінде», «Зәуре қыздың некесі», «Рақиланың көк тұсағы», «Ұл туса, Мәңкеден тусын!» оқшау-фельетондарында «Малай» атын қоюы дәлел. Басқа бүркеншіктері де осындай жағдайдан қойылған. Төртіншіден, тарихи-саяси жағдайдың, хал-ахуалдың өзгеруінің әсері. Соған байланысты әр кезеңде қаламгердің аты әртүрлі болып жаңарып отырды.

Қорыта айтқанда, Б.Майлиннің публицистік стилінің құрылымы саналуан. Сол көп қырлы әдіс-тәсілдері арқылы Бейімбеттің өзі өмір сүрген дәуірдің кеселдері мен дерттерінің бетін ашып әшкерелегенін, кейіпкерлер кейпін, мінезін, іс-қимылын бейнелеумен көптеген кемшіліктер мен кереғарлықтарды, өрескелдіктер мен әділетсіздіктерді сынға алып, заман тынысын шынайы түрде, оперативтілікпен дер кезінде жұртқа жеткізгенін аңғарамыз. Өмірге, айналасындағы оқиға-құбылыстарға, қоғам болмысына қарай оның публицистік стилі қалыптасып, шеберлене түскен. Бейімбет публицистикасы жақсыдан гөрі, көлеңкелі жақтарды жазуға көбірек көңіл аударғандай әсер қалдырады. Тіпті ұсақ-түйек кінараттар да оның назарына ілінбей кетпеген. Сөйтіп, Б.Майлинді өзіндік дара стилі қалыптасып, өрісін жан-жақты кеңейткен, асқан шыншылдығымен ерекшеленген сыншыл публицист деген тұжырымға келдік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.-352б.

2.Наурызбаев Б. Бейімбет Майлиннің прозасы.- Алматы, 2016.-255б.

3.Омаров І. Бейімбет хақында бірер сөз.- Алматы,1988.-397б.

4.Би аға (Бейімбет Майлин туралы естеліктер,құрастырған: Бейісқұлов Т.)-Алматы,1991.-304б.

5.Жұмалиев Қ. Стиль − өнер ерекшелігі (әдеби –зерттеу мақалалары).-Алматы: Жазушы,1966.-210б.

6.Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы.-Алматы, 2020.-311б.

7.Ордалиев С. Бейімбет Майлин творчествосы.Оқу құралы.-Алматы,1990.-84б.

ӘОЖ: 821.512.122:82-31

М.ӘУЕЗОВ ПОВЕСТЕРІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Амирбекова А. Б.
А.Байтұрсынұлы атынд.
ҒЗИ ф.ғ.к., аға оқыт.,
Лексикология бөлімінің меңг.

Серикова Айнур Халмахамбетовна
6М01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
педагогтарын даярлау (2- курс магистранты)
Tashenev University, Шымкент қ.

Резюме:В этой статье речь пойдет о поэтических особенностях повестей М. Ауэзова, о художественности произведений

Summary: Bulakalada M.Auezov novellerinin poetikalyk yerekshelikteri, shygarmalarynin korkemdigi zhonind soz etiledi

Мұхтар Омарханұлы Әуезов− ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі(1946),филология ғылымдарының докторы, профессор(1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957).

Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы жерінде 1897 жылы жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Алғашқыда 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық бес кластық орыс қазына училищесіне оқуға түсіп, соңғы класында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады.

Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік–Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады [1].

Ресейдегі саяси төңкерістер Әуезов өміріне үлкен өзгерістер әкеледі. Ол Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталатын алғашқы мақаласы 1917 жылы 10 наурызда «Алаш» газетінде басылды. 1918 жылы 5-13 мамырда Омбы қаласында өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Әуезов жазушы Аймауытовпен бірлесіп Семейде «Абай» ғылыми көпшілік журналын шығаруға қатысады. 1919 жылы семинарияны бітіріп қоғамдық-саяси жұмысқа араласады. 1919 жылы желтоқсанның төртінде Семейде большивектер билігі орнап, Әуезов Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. 1921 жылы қараша айында Қазақ АКСР-і Орталық атқару комитетінің (ОАК) төралқа мүшелігіне сайланып, онда кадр мәселесімен айналысады. Сол жылы «Қорғансыздың күні» әңгімесі «Қызыл Қазақстан» журналының №3-4 сандарында жарияланды. 1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі», («Сөніп жану») әңгімелері жарияланады. 1923 жылы маусым айында Ленинград (қазіргі Санк -Петербург) - [2].

мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл- әдебиет бөліміне оқуға ауысады. 1924-1925 жылы Семейдегі мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылды. Сонда жүріп «Таң» журналын шығарады. Онда «Кінәмшіл бойжеткен»,

«Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әңгімелері жарияланды. 1925 жылы Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1926 жылы жаз айында Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырып, оның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 жылы кітап болып шығады. 1927 жылы жазда Жетісу өңіріне сапармен келіп, Ілияс Жансүгіровпен бірге болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазады. 1928 жылы Орта Азия Мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды, әрі Қазақ ағарту институтында сабақ берді.

Алаш қозғалысының көсемдерімен бірге 1930 жылы 16 қыркүйекте тұтқындалып, 1932 жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Дегенмен маусым айында түрмеден босатылып, Қазақ педагогика институтының (ҚазПИ-дің) аға оқытушысы болып қызмет істейді. Осы жылдары театр, дратургия, мәдениет пен өнер, әдебиет, фольклор тарихы, орыс әдебиетінің классиктері туралы мақалалары үзбей жарияланып тұрады. Әуезов сценарии бойынша «Райхан» көркем фильмі (1940) түсіріледі. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. Осы жылдары «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941 жылы бітіреді. «Абай» романының жарық көруі (1942) Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды. 1943 жылы «Абай» романын талқылау үлкен науқанға айналады. 1946 жылы романның екінші кітабын жазып бітіріп, ол 1947 жылы жарық көреді. 1950 жылы роман– эпопияның «Ақын аға» аталатын үшінші кітабы жарық көреді. 1943жылдың қыркүйегінен бастап Қазақтың мемлекеттік университетінің (ҚазМУ–дің) қазақ әдебиеті кафедрасына профессор болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында «Сын сағатта» (1941), «Намыс гвардиясы» (жазушы Әлжаппар Әбішевпен бірігіп, 1942), «Қынаптан қылыш» (1945) пьесалары мен «Абай» операсының либреттосын (1944), «Абай әндері» фильмінің сценарийін (1945) жазады. 1946жылы Қазақстан Ғылым академиясы құрылғанда, оның толық мүшесі (академик,№1куәлік) болып сайланады, филология ғылымдарының докторы, профессор атағы берілді.

1951-1954 жылдары Әуезов саяси-идеологиялық тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, 1953 жылы сәуір айында Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болады. Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор болып орналасып, «КСРО халықтары әдебиетінің тарихы» деген арнайы курс бойынша дәріс берді. 1954 жылы Алматыға қайтып оралып, «Абай жолы» роман-эпопиясын түпкілікті аяқтады.

1955 жылы шетелге сапарға шығып, Герман демократиялық республикасы (ГДР) жазушыларының Берлинде өткен сьезіне құрметті қонақ ретінде қатысты. Үндістанға 40 күндік сапармен барып қайтады. 1956 жылы КСРО мәдениет қайраткерлері өкілдерінің қатарында Чехославакияда болды. Жазушының 60 жасқа толу мерейтойы Алматыда, Мәскеуде салтанатпен атап өтіледі. Атом және сутек бомбасын сынауға қарсы халықаралық қозғалыстың Жапонияда өткен 3-конференциясына қатысады.1958 жылы Ташкентте өткен Азия және Африка елдері жазушыларының 1-конференциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1960 жылы АҚШ қа барып қайтып, 1961 жылы Үндістанға екінші рет сапар шегеді. 1955-1957 жылы алты томдық таңдамалы шығармалары басылып шығады.

Әуезовтің мұрасының аса қомақты бөлігі –оның ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттану мен фольклордың теориялық-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңбектер жазды. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Әуезов жиырмадан астам шетелдерде болып, адамзат қоғамының дамуы, рухани ынтымақтастық үшін өз көзқарасын білдірді. Әлем халықтары оның «Абай жолы» роман-эпопеясын айрықша құбылыс ретінде таныды. 1961 жылдың жиырма жетінші маусымында Мәскеу қаласындағы ауруханада қайтыс болды. Алматы қаласында жерленген. Сол жылы Қазақстан Ғылым академиясын Әдебиет және өнер институтына оның есімі берілді, одан кейін жазушы тұрған үйде мұражай –үйі(1963) ашылып, ескерткіштер орнатылды. Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана,

Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, ауыл, көше, мектептер Әуезов есімімен аталады. М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзілік деңгейде (1997) аталып өтті [3].

Туған жері − бұрынғы Семей уезінің Шыңғыс болысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы). Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты кісілер болған. Мұхтар атасының қолында өскен. Атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде болған бала Мұхтардың алғаш сауатын ашушы да атасы. Соның арқасында ол алты жасынан Абайдың өлеңдерін ауылдастарына жатқа оқып беретіндей дәрежеге жетеді. 1908 жылы хазірет медрессесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы 5 кластық орыс училищесіне түседі. Осы жерде оқып жүріп «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. 1915 жылы Семей қалалық мұғалімдер семинариясына қабылданады. Оқып жүргенде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде тіркестіріп тіккен киіз үй сахнасына шығарады.

1918 жылы М.Әуезов Семей қаласының өкілі ретінде Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда «Алашорда» үкіметі мен Алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақстандық жастар ұйымы құрылады. Ұйымның белсенді мүшесі бола жүріп «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығаруға (Жүсіпбек Аймауытовпен бірге) атсалысады.

1919 жылы − Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің қызметкері, 1920 жылдың ақпанынан бөлім меңгерушісі. «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады.

1921 жылы Семей облревкомының төралқа мүшесі, атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. 1921 жылғы қараша айында Қазақ АКСР-і ОАК-нің төралқа мүшелігіне сайланып, онда саяси хатшы міндетін атқарып, кадр мәселесімен айналысады. Мұханның «Еңбекші қазақ» газетіне басшылық жасайтын тұсы да осы кезеңмен дәлме-дәл келеді -[4].

Бір қыс Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде, төрт жыл Ленинград университетінде оқып, филология факультетін бітіреді. Сол жылы Орта Азия университетінің Шығыс факультетінің жанындағы аспирантурада оқиды.

Ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл, алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттету басталған тұста Мұқаң бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысуға көшеді. Ғылыми жұмыстарды да қолға алады.

1930 жыл идеялық көзқарасы үшін тұтқынға алынады. Тергеу ұзаққа созылып, 1932 жылғы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Осы жылғы 10 маусым күнгі «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде М.Әуезотің «Ашық хаты» жарияланады. Онда Мұқаң өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен «Қарагөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» - [5] сияқты шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды. Сонан кейін ғана ол түрмеден босатылып оқытушылық жұмыспен айналысуға рұқсат алды.

Ол 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. 1961 жылы қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтің аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М. Әуезов атымен аталды.

«Абай жолы» − М.Әуезовтің әлемге әйгілі роман эпопеясы. «Абай жолы» − қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтің «Абай жолы»

роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды. Сондай-ақ қазақ халқын, қала берді бүкіл түркі әлемін дүние жүзіне танытқан ұлы шығарма ретінде ұлы қаламгердің повестері аталады. Жазушы Серік Асылбекұлы айтқандай: «М.Әуезов повестерінің ішінде солардың бәрінен мойны оқ бойы озық тұрған үш шығарма бар, олар – «Қараш-Қараш оқиғасы»(1927жылы), «Қилы заман» (1928), «Көксерек» (1929). Егер ол осы үш шығармадан өзге ештеңе жазбаса да, әлемдік әдебиеттің айтулы классигі болып қала береді. Қалай десекте, Ленинград университетінің жас студенті Мұхтар үшін осы үш жыл айрықша жемісті болғаны айқын байқалады. Муза деп аталатын ақ қанатты періштелердің бұл жылдары Мұқаңа ерекше ілтипат білдіріп, шуағын аямай төккені көрініп-ақ тұр» -[6].

Әуезов драматургия саласында көп еңбек еткен. Мұның бірнеше себептері бар. Халық әдебиетінде фольклорда түр жағынан драматургияға жақын нұсқалар көп. Батырлар жырында толғаулар мол. Салт өлеңдері, беташар, сыңсу, жар-жар, жоқтау түрі мазмұны жағынан драмалық шығармалармен ағайындас.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Асаубаева А. «Қилы заман» хикаясындағы қаһармандар хал-ахуалы // Қазақ тілі мен әдебиеті.-1997.-N 5-6.-92 б.

2.Асылбекұлы С. Қазақ повесі (Генезис,Эволюция,Поэтика):моногр. //Серік Асылбекұлы.-Алматы:Үш Қиян,2008.-305 б.

3.Әлмереков О. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің Қарқара сапары: «Қилы заманның» ақтаңдағына байланысты деректер // Жетісу.-1998.-303 б.

4.Әуезов М.О. Қилы заман: Повестер мен әңгімелер.-Алматы:Жазушы,1979.-384б.

5.Нұрғалиев Р.М. Әуезов тағлымы: әдеби сын мақалалар мен зерттеулер // құраст.-Алматы:Жазушы,1987.-406 б.

6.Рахманқұл Б. Халық қозғалысының көркем ескерткіші // Жалын.-1976.-N3.-133б.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аскарова А.Т.
П.ғ.м., колледж әдіскері
М.Сапарбаев институтының «Парасат» колледжі, Шымкент қ.
airka.77@mail.ru

Аннотация:Бұл мақалада оқу үрдісінде білім алушылардың эмоционалды қарым-қатынасын дамыту жолдары туралы баяндалған. Эмоционалды қарым-қатынас адамдардың өзара түсіністігін, эмпатиясын, әртүрлі сезімдерін дамытуға және білім алушылардың өз ойын ашық білдіре алуға септігін тигізеді.

Түйінді сөздер: эмоция, эмоционалды қарым-қатынас, эмпатия, педагогикалық шеберлік, гуманизм.

Аннотация:В данной статье рассказывается о путях развития эмоционального общения обучающихся в учебном процессе. Эмоциональное общение способствует развитию взаимопонимания, эмпатии, различных чувств людей и способности учащихся открыто выражать свои мысли.

Ключевые слова: эмоции, эмоциональное общение, эмпатия, педагогическое мастерство, гуманизм.

Annotation:This article describes the ways of developing emotional communication of students in the educational process. Emotional communication contributes to the development of

mutual understanding, empathy, different feelings of people and the ability of students to express themselves openly.

Keywords: emotions, emotional communication, empathy, pedagogical skills, humanism.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі» деп, білім саласындағы тәрбие мәселесіне тоқталып кетті. Бұл жерде Қ.Тоқаев «Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс» деді. «Біздің ортақ міндетіміз – өмірлік қиыншылықтарды жеңуге берік ерік-жігері бар оптимистердің жаңа буынын тәрбиелеу»,-деп мұғалімдердің, педагогтердің білім берумен қатар жүретін балаларға тәрбие беру міндетін де еске салды [1].

«Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ. Бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан да маңыздырақ. Мұғалімдер, міне, осынысымен бағаланады», - деп Цицерон айтқандай, мұғалімнің ықпалымен студенттер білім ала алады, сонымен қатар өмірлік тәжірибе де алуға мүмкіндік алады. «Бұл дегеніміз қалай?» десек, мұғалім арқылы студенттер бір-бірімен дұрыс сөйлесуге, дұрыс қарым-қатынас жасауға, бір-бірінің эмоциясын түсінуге мүмкіндік алады.

Бір ақпаратты бір топ болып қабылдағандықтан, берілген тапсырманы топ болып орындау қажеттілігі туады немесе бұл командалық жұмысқа пара-пар. Мұндай жағдайда студенттерге немесе жалпы білім алушыларға өз «Менін» көрсету үшін, эмоционалды қарым-қатынас орнату қажет.

Эмоционалды қарым-қатынас – бұл, адамның оған ешкім де, ештеңе де қауіп

төндірмейтініне сенімді және сабырлы бола отырып, оның эмоционалды түрде болған қызығушылықтың объектісі екенін сезінетін жағдай (К. Обуховский) [2].

Алдыңғы деңгейлерсіз сапалы эмоционалды байланыс жасау мүмкін емес. Эмоция (фр. *emotion*, лат. *emoveo* — толғану) - адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй. Ал эмоционалды қарым-қатынас, бұл басқа адамның эмоциясына жауап беру болып табылады. Адамдар бір мәдениет шеңберінде өмір сүріп, бір-бірін түсіне алған кезде басқа адамның сезімін түсіне алады. Эмоционалды қарым-қатынас бұл адамдар бір нәрсені сезінеді дегенді білдірмейді. Қарым-қатынастағы адамдардың эмоциясы комплиментті, яғни бір-біріне сәйкес болу керек. Мысалы, қуанышқа қуаныш сәйкес, ал ренішке реніш емес кінә сезімі сәйкес болады. Себебі, егер екі адам да бір-біріне ренжісе, онда эмоционалды байланыс үзіледі. Адамдардың арасында эмоционалды қарым-қатынастың болуы аса маңызды болмақ, себебі сол арқылы адамдардың қарым-қатынасы жақындаса түседі. Эмоционалды қарым қатынассыз достық, сүйіспеншілік немесе отбасылық қарым-қатынасты құру мүмкін емес. Егер эмоционалды қарым-қатынас болмаса, жақын араласатын адамдардың арасы үрейлі немесе тұрақсыз бола бастауы мүмкін.

Эмоционалды күй адамның өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Адамдар қандай жағдай болмасын, эмоционалды байланыста болу керек, және бұл байланыс жақын адамдардың арасында болғаны дұрыс [3].

Сол сияқты, достар арасында болсын, топ ұжымында болсын эмоционалды қарым-қатынас орнату аса маңызды. Эмоционалды қарым-қатынас бір мәдениеттің төңірегінде өмір сүретін адамдардың арасында болғандықтан, білім алушылар (оқушылар, студенттер) да бір белгі бойынша біріккен топ болып табылады. Ол оқушылар ұжымы болсын, студенттер тобы

болсын – бәріне бірдей. Алайда, бұл эмоционалды қарым-қатынасты ерте жастан тәрбиелеу қажет. Мысалы білімгерлер ұжымында студенттер бірдей жаста, ұлты, мәдениеті ортақ жасөспірімдер оқиды. Олардың негізгі міндеттері де бірдей – яғни, білім алу болып табылады. Білім алу кезінде әр білімгердің таным деңгейі әртүрлі болып шығады. Бір білімгердің логикалық ойлау деңгейі жоғары болса, ал екіншісінің зейін қойып тыңдау қабілеті жақсы, ал тағы үшіншісінің эмоционалдық сферасы жақсы дамыған болып шығады.

Алайда, оларға ортақ нәрсе – олар адам баласы. Адам баласы болғандықтан, адамдық қасиеттерден алшақтамау керек. Осыған байланысты, психологияда адамдар ұжымын қалыптастырып, эмоционалды қарым-қатынас орнатуға арналған бірнеше ойындар бар. Бұл ойындар шағын, қысқа әрі нұсқа болып табылады. Алайда эмоционалды жағынан адамдарды жақындастыруға және қабілеттерін ашуға көмектеседі. Мен әдіскер ретінде және педагогика және психология пәндерінің магистрі ретінде сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта өткізуге болатын бірнеше ойындарды ұсынғым келеді. Бұл ойындар арқылы білімгерлердің арасында бір-біріне деген эмоционалды қарым-қатынас қалыптасады. Ойындар барысында білімгерлердің барлығы бірдей тапсырма орындайды. Олар өздерінің ешкімнен артық не кем емес екенін, бәрі бірдей екенін сезінеді, бір-біріне эмпатиялық сезім қалыптасады, бұрын жеткізе алмаған сезімін айтуға немесе білдіруге мүмкіндік алады. **Эмпатия**(лат. *empatheia*) – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі.

Сабақ басында өткізуге болатын ойындар: «Сәлемдесу формалары», «Менің көңіл күйім неге ұқсайды?», «Амандасу карточкалары», «Тропикалық жаңбыр» және т.б. Ал сабақтан тыс уақытта «Бос орын», «Сыныптасымның берген мінездемесі», «Тілек білдірудің түрлі тәсілдері» сияқты психологиялық ойындарды өткізуге болады. Бұл ойындардан кейін талқылау жүргізу маңызды. Себебі, ойыннан кейін студенттер өз алған әсерлерімен бөліседі, өз ойларын ортаға салады. Сол уақытта, студенттердің кейбір жаңылыс тапқан пікірлерін түзетуге мүмкіндік аламыз. Кейбір ойындарға тоқталып кетейік. «Сәлемдесу формалары» - өте қарапайым және сабақтың басында өткізуде өте тиімді болып табылатын ойын. Бұл ойында студенттер шеңберге тұрып, барлығы мұғалімнің берген тапсырмасы бойынша түрлі формада амандасып шығады. Амандасу кезінде барлығы бір-бірімен бірінші иіліп амандасу керек, сосын қол алысып амандасу керек, кейін иықтарын тигізіп амандасу керек, шынтақтарын тигізіп амандасу керек және соңында төс қағыстырып амандасу беріледі (мұғалім бұл жерде өзінің басқа да ойларын қоса алады). Бұл қарапайым тапсырма болғандықтан, амандасу кезінде барлығы да бір-біріне деген ешқандай дискомфорт сезбейді. Керісінше, барлығы да өзі сияқты студент екенін көреді. «Амандасу карточкалары» - қарапайым ойындардың бірі. Мұғалім сабақ басында әр студент қобдишаға өз амандасу сөзін жазып салуды сұрайды. Бәрі салып болғаннан кейін, әр студент бір қағаздан алып шығып, ішінде жазылған амандасуды оқиды. Бұл ойынның мәні – әр студент өзінше сөздерді жазуы мүмкін, біреуі басқаларға ашып көрсетпейтін іштегі сөздерін жазуы мүмкін немесе еркін тілде өзінің күнде айтатын сөзін жазуы мүмкін. Біреудің сөзін басқа студент оқыған кезде, бұл барлығымыз бірдей екенімізді көрсетеді. Біз тек олардың ішкі жан дүниесін түсіне алуымыз керек. Көп уақытты қажет ететін ойындардың бірі – «Сыныптасымның берген мінездемесі». Бұл ойында студенттер бір-біріне мінездеме жазады. Бұл мінездемені қағазды бір-біріне тарату арқылы жазып шығады. Сонда бір студентке барлық топтасы бір-екі сөзбен мінезін немесе өз көзімен көретін қырларын жазады. Бұл ойын барлық студенттерге ұнайды. Себебі, олар өздері бірге оқитын студенттердің ол туралы не ойлайтынын білгісі келеді. Соңында, өзі туралы оқыған кезде көбінесе қуанышты әсер алады. Бұл да олардың арасында эмпатиялық сезімнің тууына септігін тигізеді. Сонымен қатар, сабақ соңында немесе сынып сағатының соңында «Тілектер» жаттығуы маңызды болып келеді. Тілек білдірудің түрлі тәсілдері бар. Оларды түрлендіріп қолданған кезде студенттерге ерекше әсер береді. Тілекті тек қана ауызша бір-біріне қарап айту айтарлықтай әсер бермейді. Ал егер көзі жұмулы болса, немесе ол өзіне қандай тілек жазылып жатқанын білмей жатса, жаттығу соңында ол жақсы нәтиже береді. Себебі

мұндай кезде білімгердің басқа да сезім мүшелері қосылады, ол - сипап-сезу, есту, қимыл. Мысалы, ерекше тілек айтудың тәсілі білімгерде құралған аркадан біреуінің өтуі. Аркадан өткен білімгерге әрқайсысы құлағына сыбырлап тілек айтып шығады. Ал өткен білімгердің көзі жұмулы болады. Дәл солай әрқайсысы аркадан өтіп шығады. Немесе бір

парақ қағазды бір-бірінің арқасына жабыстырып, сол қағазға өздері бір-біріне тілек немесе жақсы сөздер жазып шығады. Бұл да олардың көңіл-күйіне жақсы әсер етеді.

Бұл ойындарда жас ерекшеліктерді ескеруде шектеу жоқ. Себебі, оларды оқушыларға да, студенттерге де қолданған уақытта бірдей нәтиже береді.

Осындай қимыл-қозғалысты және ойды ашық жазатын ойыннан кейін білімгерлер сергіп, бір-біріне ашылып, кейінгі жұмыстарды атқаруда сенімділік танытады. Сонымен қатар, олардың арасында эмоционалды қарым-қатынас орнағаннан кейін, үздік не озат, үлгерімі төмен білімгерлердің бөлінуі азаяды. Үздік оқитын студент үлгерімі төмен оқитын студентпен оңай тіл табыса алатын болады және үлгерімі төмен оқитын болса үздік оқитын білімгерден оңай көмек сұрай алатын болады. Бұл олардың келешекте де бір-бірінен ер жеткен кезде көмек сұраудан және көмек беруден жалтармауға септігін тигізеді.

В.А. Сухомлинский айтқандай, «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады», баланың бойында және олардың бір-біріне деген эмоционалды қарым-қатынасын орнату мұғалімнің ең басты құралы болып табылады.

Сонымен қатар жағымды психологиялық сезім қалыптастыратын және көңіл көтеретін ойын түріндегі ойсергектер де пайдалы. Мысалы: «Өзіңе тілегенді - басқаларға тіле!» Әр студентке 10-15 секунд уақыт аралығында ішінен өзіне бір немесе бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін қатысушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек. Оқытушының да бұл іске қатынасқаны дұрыс. «Көңіл-күйді анықтау». Сабақ басында студенттер бір параққа өзінің көңіл-күйін келтіретін сурет салады: суретте олар адамның бет-әлпетін келтіруі керек (мәселен, күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап, т.б). Олар суреттерін бір-біріне көрсетеді. Оларға сабақтың аяғына дейін көңіл-күйлерін көтеріңкі деңгейге жеткізу жұмысы тапсырылады. Немесе көңіл-күй табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге болады: жарқырап күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қаржауыптұр,т.с.с. «Адамның суреті». Студенттерге адамның бет-әлпетінің суретін салу тапсырылады. Салынып біткен суреттерді студенттер бір-біріне көрсетуі керек. Осыдан кейін оқытушы бұл суреттердің қандай мағына білдіретіндігін айтып береді:

- Салған адамның көздері үлкен болса, онда бұл суретті салған студент өте сезімтал адам (эмоционалды).
- Ал егер адамның аузы үлкен болса, онда бұл студенттің қарым-қатынасқа өте жеңіл кіре алатын адам болғаны.
- Құлағы үлкен болса, бұл жәйт студенттің басқаларды тыңдай білетіндігін меңзейді.
- Шашының қалың болғандығы студенттің ойшыл екендігін көрсетеді.
- Егерде суретте адамның денесі де келтірілетін болса, онда студенттің шығармашыл болғаны.
- Егер суреттегі адамның қолында гүл бар екендігі салынса, онда бұл студенттің ашылмаған құпия сыры бар деген сөз.

Біз келтірген әдістер студенттердің жағымды қарым-қатынасын орнатуға, арасындағы түсініспеушіліктің ашылуына септігін тигізеді. Қарым-қатынастағы ең басты құрал шынайылық болып табылады. Барлығы ашық болғанда ғана, адамдар бірін-бірі түсіне алады және оны қажетті сөздермен жеткізе алады. Сонда ересек адам болсын, білімгер болсын арасында қақтығыс, түсініспеушілік орын алмайды. Ал қарым-қатынастағы қарама қайшылықтар көбіне түсініспеушіліктен, өз ойын дұрыс жеткізбеуден болып жатады.

Қазіргі заманда жеткіншектердің арасында сөз арқылы қысым көрсету жиілеп бара жатқандықтан, біз оны тоқтату керекпіз. Себебі, көп мәселе осыдан туындап жатады. Сондықтан, өзара психологиялық қысым болмау үшін, білімгерлерді жас кезінен бастап эмоционалды қарым-қатынас жасауға үйретуіміз қажет. Эмоционалды қарым-қатынас білімгерлерде эмпатияға, бір-біріне ашық болуға, бір-біріне жау емес дос болуға, серіктестікке, гуманизмге үйретеді. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп

ұлы Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет.

Әдебиеттер тізімі

1. https://ult.kz/post/tokaev-tarbie-sapaly-bilimnin-negizgi-arkauy
2. Иванова В.П., Палагина Н.Н. Учебный словарь и персоналии по возрастной и педагогической психологии: [Электронный ресурс]. – Бишкек. 2002.
https://vocabulary.ru/termin/emocionalnyi-kontakt.html
3. https://levelvan.ru/pcontent/kontakt-18/emotional

THE ROLE OF CONFLICT IN THE NOVEL "IMAM MOTURIDI" BY LUKMON BORIKHON

Ro'ziyeva Yulduz Qahramon qizi

First-year MA student,

Faculty of Uzbek Language and Literature, TSUUL

yruziyeva80@gmail.com

+99899 056 41 99

This article explores the significance of conflict in portraying the psychology of the characters in "Imam Maturidi" by Lukmon Borikhon, a novel recognised as a philosophical-ideological work by literary experts. The analysis is supported by examples, which highlight the role of conflict, field theory, detail, and psychological conflict.

Key words: *conflict, field theory, detail, psychological conflict.*

Scholars commonly acknowledge that persistent conflicts and tensions mark human existence. In literary studies, scholars refer to the process of transforming this reality into a work of art as the concept of conflict. Conflict is a crucial component that contributes to the readability of artistic works, representing a clash between individuals or between an individual and society. In literary works, conflict serves to unveil the psychological aspects of characters, fostering a deeper understanding of their motivations and personalities. The conflict often arises from the hero's image, juxtaposing them with a person, society, or their own thoughts.

Lukman Borikhan's novel "Imam Moturidi" portrays a religious conflict that underlies the conflicts between the characters. Academician Ibrahim Gafurov explains in the foreword that the author skillfully portrays the environment and currents of discussions prevalent at that time, where religious-scientific and theological points of view were sharply stated.[2] The novel focuses on the importance of life and death for the people of that time, drawing the spiritual world of Abu Mansur Moturidi, Idris Shami, Vasik La'li, and Mastonbibi through the use of conflict. This not only ensures the conformity of the artistic reality with the historical reality but also makes the work extremely rich in drama.

Theoretical sources offer a variety of perspectives and observations on conflict and its various forms. Academician I. Sultan's description of conflict as the struggle of characters, expressed ideas, and moods depicted in an artistic work" is worth considering. A work without a conflict in its plot,

[2] Л.Бўрихон. Имом Мотуридий. Т: Адабиёт, 2022. – Р.4.

according to him, will not be impressive since it does not vividly and consistently depict the truth of life[3].

D. Kuronov, a literary critic, emphasises that because creative work is an artistic reflection of reality and the image of a person is at the centre of it, all the conflicts that exist in a person's real life find an artistic reflection in it. He also differentiates three kinds of artistic conflict:

1. Interaction between characters.
2. The tension between the character and his surroundings.
3. Internal conflict (psychological).

All three sorts of conflict are intermingled in the novel "Imam Moturidi." Wasiq ibn Qasim, for example, was one of those who clashed with Abu Mansur. The circumstances of his life cause him to adopt a hostile attitude towards the Moturidi community and surroundings. Vasik La'li's heart is torn apart by the friendship relationship that unites two individuals.

The conflict happens in the psychic environment, according to K. Levin's Field theory. Levin's viewpoint can be systematically expressed as b (behaviour), h (human), and e (environment). This formula is said to be useful in comprehending human behaviour. Social behaviour, in particular, is the product of the interaction between certain personalities and the environment in which they live. As a result, human behaviour is a byproduct of two factors. The environment is combined with personal characters in this scenario. It is made up of realities from each person's past, present, and future.[4]

In his work, Lukmon Borikhon depicts his characters engaged in internal and external conflicts, while also highlighting the presence of truth, the constancy of virtue, and the retribution of wrongdoing. Through the central positioning of Imam Moturidi in these conflicts, the author reaffirms the character's status as the focal point of the narrative. Wasiq ibn Kasim, a close companion of Abu Mansur during his youth and adolescent years, plays a significant role in the story. At the beginning of the novel, the author juxtaposes him with the portrayal of Maturidi. This disparity is especially apparent in the fact that they originate from distinct social strata. Nevertheless, this disparity initially has no impact on the bond between the two companions. Abdulla Kadiri's novel "Mehrobdan Chayan" (Scorpion in the Pulpit) has characters Anwar and Nasim, who exemplify the friendship between affluent and underprivileged youngsters, a recurring theme in Uzbek literature.

Subsequently, the preferential treatment exhibited by the teachers at Madrasayi Peshwaz, towards Abu Mansur triggers the envy that smoulders within Wasiq ibn Kasim's heart. The subsequent monologue unveils the protagonist's personality by means of struggle. 'Indeed, I harboured feelings of envy towards my beloved friend, Wasiq ibn Kasim reflected, while remaining seated on his bed on that unfortunate day. However, I was unaware of my own emotions.' In reality, my animosity towards him grew progressively, despite outwardly maintaining a cordial demeanour.[5]

The psychological conflict arises from the monologic form of speech, which represents the sort of conflict within the human mind. This conflict stems from variables pertaining to the individual or a specific scenario. Personal elements consist of biological and psychological components, whilst situational factors comprise social and moral factors. Consequently, conflicts give rise to emotions such as despair, depression, insincerity, and rage in an individual.

There exist specific emotions that reside deeply within an individual's heart. These emotions can only be experienced at critical circumstances. Upon learning that the new governor from Qazikalon has travelled to Moturid with the purpose of punishing the imam, Wasiq ibn Kasim

[3] I.Sulton. Adabiyot nazariyasi. T: O‘qituvchi, 2005. – B.110.

[4] Abdul B. & Lu’lu’ A. The Psychological Conflict of Main Actor in The Suffragette Film by Sarah Gavron Based on Kurt Lewin’s Perspective. Ahmad Dahlan International Conference Series on Education & Learning, Social Science & Humanities (ADICS-ELSSH), 2019. – P. 125.

[5] Л.Бўрихон. Имом Мотуридий. Т: Адабиёт, 2022. – P.58.

experiences a surge of mental struggle. He proceeds towards the madrasah with slow and burdensome strides. He was deeply concerned by the information he received. Abu Mansur, who was kneeling before the governor of Darghazab, had a surge of unusual emotions in his heart, possibly a combination of sorrow and sympathy, as he regained consciousness.[6] Furthermore, this phenomenon is the catalyst for the emergence of the sentiment of camaraderie, which perpetually thrives within the hero's heart.

Within any given culture, interpersonal conflicts may emerge as a result of disparities in moral and social attributes among individuals. Irrespective of one's upbringing, individuals are obligated to adhere to the laws and regulations of their society, even if these norms contradict their personal convictions and principles, resulting in psychological turmoil. These conflicts are especially prevalent in familial relationships, which are the most basic social unit comprising two or more individuals with distinct personalities. Families acquire specific fundamental structural attributes and interacting patterns that they employ to address both internal and external pressures. Families must acquire the ability to endure and thrive in challenging circumstances, as well as recognise and communicate the principles they desire to uphold within their family unit, such as affection, reliance, empathy, and collaboration. Conflict resolution solutions can effectively mitigate stress and effectively handle interpersonal problems within families.[7]

The author's work seeks to elucidate the contradictory dynamic between the pair, as demonstrated by Imam Moturidi and his wife Mastonbibi. Upon the first night of their matrimony, Abu Mansur arrived at the realization that his spouse was a different individual from the girl he had encountered in the garden and then he underwent a deep internal conflict between the roles of being a husband and experiencing love. Imam Maturidi makes a conscious effort to satisfy the responsibilities of a good husband in his actions, while also striving within to be a dedicated lover. Mastonbibi's ambivalent stance towards Abu Mansur precedes their union, arising from the discrepancy between her anticipation of an affluent suitor and the actuality of a humble madrasa scholar. Mastonbibi was deeply affected by the thought that "someone lives in his imagination!" The impact was so intense that it felt like blood and serum were flowing from the wound. Despite almost twenty years passing, the pain still persists in her broken heart.[8]

Idris Shami, another major character, is portrayed as living a life full of problems. After seeing his father being killed by Muslims, he adopts the identity of Idris as part of the "Holy Conspiracy," and then works to spread ideas and actions that oppose Muslim beliefs and goals. The campaign reaches its climax with a confrontation between Idris Shami and Imam Maturidi, whom Idris Shami initially respects for his devoutness, compliance, and expertise, but later views as a competitor. In an instant, it seemed as if a rival emerged in his path. He was Abu Mansour Muhammad ibn Muhammad Maturidi, an adherent of the Abu Hanifa sect in religion and belief, and a companion of the Ash'arites in Baghdad. His piety, obedience, and knowledge were conveyed through language.[9]

Lukmon Borikhon's proficiency is in his adept utilisation of intricate details to articulate the underlying factors that give rise to conflicts among characters. Detail refers to a specific element within an image, and it is typically portrayed objectively. When these details are combined, they create a complete image that can be perceived as a whole.[10] For instance, the receipt of an enigmatic letter incites Khalid Khalaj, a character in the story, to engage in a confrontation with Imam Maturidi. The governor of Samarkand, Khalid Khalaj, provided an illustration stating that

---

[6] Л.Бўрихон. Имом Мотуридий. Т: Адабиёт, 2022. – P. 55.

[7] Yogi P. P. Kurt Lewin’s inner conflict faced by Mr. and Mrs. Wells in Colleen Hoover's all your perfects. Universitas Islam Negeri Maulana Malik Ibrahim Malang In Partial Fulfillment of the Requirements for the Degree of Sarjana Sastra (S.S), 2022. – P. 2.

[8] Л.Бўрихон. Имом Мотуридий. Т: Адабиёт, 2022. – P. 67-68.

[9] Л.Бўрихон. Имом Мотуридий. Т: Адабиёт, 2022. – P. 89.

[10] D.Quronov. Adabiyotshunoslikka kirish. T: Meros, 2004. – B. 76-77.

small actions have the potential to bring about significant changes. However, he cautioned that analysing these small actions in detail might be overwhelming and lead to confusion. Evidence demonstrates that a lack of knowledge results in significant calamities.

The disputes between the characters in the narrative can be attributed to the topic of religious conflict, as stated earlier. The Mu'tazilites, who embraced Greek philosophy as their paradigm, aggressively advocate for the discipline of logic. Some Muslims who lack a complete understanding of Islam adhere to its teachings leading to misguided perspectives and uncertainties about the religion. Within this particular framework, the Ahli Sunnah, under the leadership of Imam Maturidi, will engage in a confrontation with the Mu'tazilites. In one of his talks, Maturidi contends that the discipline of logic serves as the origin of errors and blunders, and furthermore, asserts that this discipline forms the basis of all irreconcilable contradictions. He emphasises that those who hold the concept that logic is the exclusive means of attaining truth have succumbed to the belief in polytheism and have spent their lives as polytheists.

The novel "Imam Maturidi" depicts a persistent fight among its protagonists, which serves to expose the fundamental reasons behind personal conflict within the societal milieu. Furthermore, the protagonist's internal struggles are employed to portray their psychological condition. Based on these observations, it may be inferred that the novel utilises conflict to examine the intricate relationship between humans and their environment.

References:

1. I.Sulton. *Adabiyot nazariyasi*. T: O‘qituvchi, 2005.
2. D.Quronov. *Adabiyotshunoslikka kirish*. T: Meros, 2004.
3. Л.Бўрихон. *Имом Мотуридий*. Т: Адабиёт, 2022.
4. Rezki A. A., Sukardi W. & Iskandar. *Psychological conflict of the main character in Paul Greengrass' movie "Captain Phillips"*. Journal of English Linguistics and Literature Studies, 2022.
5. Yogi P. P. *Kurt Lewin's inner conflict faced by Mr. and Mrs. Wells in Colleen Hoover's all your perfects*. Universitas Islam Negeri Maulana Malik Ibrahim Malang In Partial Fulfillment of the Requirements for the Degree of Sarjana Sastra (S.S), 2022.
6. Abdul B. & Lu'lu' A. *The Psychological Conflict of Main Actor in The Suffragette Film by Sarah Gavron Based on Kurt Lewin's Perspective*. Ahmad Dahlan International Conference Series on Education & Learning, Social Science & Humanities (ADICS-ELSSH), 2019.
7. Corr P. J., & Matthews, G. *The Cambridge handbook of personality psychology*. (1. publ. ed.). Cambridge: Cambridge University Press, 2009.

АҚЫН ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ АҚЫН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫ

Абенова Л.У.
«Тілдер және әдебиет» кафедрасының
қауым. профессор м.а., ф.ғ.к., Lazzat-0505@mail.ru
Джумагулова Г.К.
«Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау ББББ
2-курс магистранты
TashenevUnibersity, Шымкент қ.

Аннотация:Мақалада қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевтің өскен ортасы мен ақын ретінде қалыптасу жолына шолу жасалынады. Ақынның қазақ поэзиясына қосқан лирикалық сюжетті-эпикалық мол мұрасы көркемдік тұрғыда талданады.

Түйін сөздер: Ақын, лирик, образ, поэма, көркемдік шеберлік.

Абстрактный:В статье представлен обзор взрослеющей среды известного казахского поэта Туманбая Молдагалиева и путь его становления как лирика. С художественной точки зрения анализируется лирико-сюжетно-эпическое значение поэзии поэта.
Ключевые слова: Поэт, лирик, образ, стихотворение, художественное мастерство.

Abstract: The article provides an overview of the growing environment of the famous Kazakh poet Tumanbai Moldagaliev and the path of his development as a lyricist. From an artistic point of view, the lyrical-plot-epic meaning of the poet's poetry is analyzed.
Key words: Poet, lyricist, image, poem, artistic skill.

Адам өмірінің шындығын суреттеуде өзге өнер салаларына қарағанда көркем әдебиеттің, сөз өнерінің мүмкіншілігі өте жоғары. Музыка, сурет, сәулет, мүсін... өнерлері - бұлардың қайсысының да өмір мен өнерде тек өздеріне ғана тән дара орны бар. Алайда өмірдің шындығын терең де кең, тиянақты да түбегейлі талдап, саралап суреттеуге келгенде, сөз өнерінің құдірет-күші басқа өнер түрлерінің бәрінен де асық. Ал сөз өнерінің өз аясында адам адам болғалы онымен қатар жасап, соның қуанышы мен ренішінің, ілгері үміті мен биік мұратының жарығы мен жылуы, сәулесі мен сәулеті секілді поэзия жайы, әрине, мүлде бөлек болуға тиісті.

Тұманбай Молдағалиев - сөз өнерінің осы мәңгіліктің өзіндей ең бір көне және тағы да сол мәңгіліктің дәл өзі секілді балғындай ару тегі поэзиямен қатар алға асып, өз өмірін поэзияға, поэзияны өз өміріне балаған ақын.

«Поэзия - әлемдік өмірдің қан тамырының құштарлықпен шиыршық ата соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен нұры, ал лирика - поэзияның поэзиясы деген секілді қағида адамзат баласының танымына сөз өнерін тани және таныта алатын қабілет дарығалы бері айтылып келеді. Тұманбай Молдағалиев өзінің ақындық, азаматтық өмірінің мәні мен мағынасын осыдан, поэзиядан, поэзиясының поэзиясынан тапқан» [1,84 б.].

1960 жылы желтоқсанда Қазақ университетіндегі әдебиет үйірмесінің ұйымдастыруымен өткен поэзия кешінде кемеңгер жазушы М.Әуезов жастардың шығармашылығы туралы ұзақ сөз сөйлеп, «әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті, қасиетті әкелуші, нұрлы, жақсы, жарқыраған өрісі бар» бір топ жастарға олардың еңбектерінің жемісті болуын, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оқу-білімдерінің өсіп, өрлей беруін зор ағалық тілекпен тілеген еді. Сол шақта балауса жырларындағы «бір түрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін осыншалық шындығымен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдығымен» [1,108 б.] ұлы Мұхтар Әуезовтің өзін сүйсінткен, жыл келгендей жаңалық сезіндірген жастардың бірі - Тұманбай Молдағалиев еді.

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы 20 наурызда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, «Жарсу» совхозында дүниеге келді. Тұманбай Молдағалиев - сыршыл лиризмді дамытқан ақын, Қазақстанның халық жазушысы.

1956 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Өзінің шығармашылық еңбек жолын «Лениншіл жас» газеті мен «Пионер» журналынан бастайды 1959-1970 жылдар аралығында «Пионер» журналында қызмет атқарады. 1970-1973 жылдар аралығында «Балдырған» журналының жауапты хатшысы болды. 1973 жылдан «Жазушы» баспасы жанындағы Балалар және жастар әдебиетінің бас редакциясы мен «Жалын» журналының бас редакторы болып істеді.

Тұманбай Молдағалиевтің өлең, поэмалары 40-тан астам жинақ болып басылып шықты. 1954 жылы Т.Молдағалиевтің тұңғыш өлеңі «Украина қызына» жарияланды. Алғашқы өлеңдер жинағы «Студент дәптері» 1957 жылы жарық көрді. Т.Молдағалиев нәзік сырлы, ойлы да отты жырлармен танылды. 1960 ж. «Кәмила», 1961 ж. «Көктем таңы» , 1963 ж. «Алатау қызы», 1964 ж. «Ферюза туралы жыр», 1965 ж. «Зулайды күндер», 1966 «Жүрегім менің сапарда» т. б. жинақтары шықты. 1967 жылы жарық көрген «Жаңа дәптер» атты кітабы үшін 1968 жылы «Қазақстан комсомолы» сыйлығының лауреаты атанды. «Ескерткіш» (1969), «Шақырады жаз мені» (1970), «Жүрек ояу қашанда» (1972) атты

кітаптары да оқушылардың ілтипатына бөленді. Оның «Қош, көктем» атты таңдамалы өлеңдер кітабы (1971), «Хаттар, хаттар» атты поэмалар жинағы (1974) жарық көрді. Т.Молдағалиевтің орыс тілінде «Я - сын Семиречья» (1962), «Первая встреча» (1968), «Новая тетрадь» (1969) атты өлеңдер жинақтары шықты. Т.Молдағалиев көптеген ән мәтіндерін жазды. Оның «Құстар қайтып барады» (музыкасы Н.Тілендиевтікі), «Бақыт құшағында», «Әнім сен едің» (музыкасы Ш.Қалдаяқовтікі), «Ертіс вальсі» (музыкасы Жамақаевтікі), «Шақырады көктем» (музыкасы Ә.Бейсеуовтікі) атты әнге жазылған өлеңдері халық арасына кең тараған. Ол Байрон, М.Ю.Лермонтов, Т.Г.Шевченко, Туманян, С.Канутикян, Ғ.Ғұлам, Р.Ғамзатов, Ұйғын, Зулфия, Д.Жалсараев және т.б. ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударды [2, 23 б.].

Ақынның 1990 жылы 13 томдық шығармалар жинағы, 2004 жылы 14 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. 1992 жылы Физули атындағы Халықаралық түркі дүниесі ақындары сыйлығы тапсырылды. Тұманбай Молдағалиев шығармашылығының ең басты ерекшелігі - оның өлеңдері сезімге толы. Ақын «Қош көктем», «Жаңа дәптер», «Жүрек ояу қашанда», «Махаббат оты сөнбейді», «Жүрегім менің сапарда», «Мен де жиырма жаста едім», «Жүректегі жазулар» т.б. жыр-жинақтарын жазды.

Тұманбай деген - сабақтасқан сезім, әрекеті қабаттасқан өмір көріністері. Оның поэзиясы ешкімге ұқсамайтын өзгеше әлем. Сарынынан жаңылмайтын, сағасынан асып-тасып шықпайтын, сабырлы да саялы, жағасына мәңгі көктем орнаған дариядай сұлу дүние.

Ақын Тұманбай балғын жас кезінен ақырғы сағаттарына дейін өмірді кең толғап өтті, халқына тән дәстүрмен тебіреніп өз жолын тапты. Қыз-шабыттың ақынның пәк жүрегіне арнаған жеке сыйындай, Тәңірімнің өз қолымен көрсетіп берген жолындай лирика атты сезімтал поэзияның құлы болып бастап, ұлы көшбасшысы болып өтті. Оны биіктен биікке құштарлық пен сұлулық жетеледі.

Ақынның өзі қандай мейірбан, бауырмал, адамсүйгіш болса, поэзиясы да сол қалыптан таймай мөп-мөлдір, тап-таза қалпында адам жанын жылыта білді.

Сезім, шіркін, ақ жаңбырға ұқсайды,

Алматыда жаңа жауып басылған, - деп өзі айтқандай, ел құлағын елең еткізген лирикасы да ақ жаңбырдан кейінгі тау самалындай тыңдаған жанның жүрегіне әп-сәтте жетіп тынды. Бояуы анық сурет, тартымы терең асыл ой, әуез, аңсап тұрған нәзік лебіз, мөлдір сезімнің сәулесі Тұманбай өлеңдерінің негізін құрады.

Қараймын айға көп төнген,

Дірілін, нұрын қабылдап.

Табысам сұлу көктеммен,

Қаламын сонда дамылдап [3,24 б.],-

деген шумақты «Студент дәптері» атты алғашқы кітабынан (1956) көргенде таңданыс туған. Қарай қалыңызшы, Айға кім сүйсінбейді, оның сәулесіне, нұрына, шуағына, жүзіне кім таңданбады?! Ал, жас Тұманбай «дірілін» байқап қалды.

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп, - деп данышпан Абай жырласа сол сезіммен сол лүпіл жас ақынның жадына қонып, халқына берген жаңа тарту болып жарық көрді. Сезімтал лириктің алғашқы балғын қадамы осындай болса, кейінде «Тынық мұхит дәптері» атты өлеңдер жинағындағы (Алматы. Жазушы. 1985) «Абай аға» атты өлеңінде:

Алыпсың айтарыңды айтып өлген,

Бір көшсің асып кеткен қайқы белден.

Сен жеміс ағашысың, мен де сенің

Бір дәнің жер бетіне қайтып өнген [3,19 б.],-

депті. Екі «дәптердің» арасында қаншама жылдар өтті. Сол жылдардың арасында қазақтың Тұманбай Молдағалиев атты ақыны да заңғар тұлға, лириканың саңлағы болып қалыптасты. Оның «Бір дәніңмін жер бетіне қайтып өнген» деп інілік ілтипатпен, кішіпейіл-ділікпен айтуға дәрежесі әбден жетті. Абайға жақын тұрған лириктердің қатарына енгенін телегей-теңіз лирикалық дария шығармалары дәлелдеп берді. Оның лирикасы махаббаттың

жалауына айналды, ән оранған музыкалық кереметтердің негізін құрады. Тұманбай лирикасының жан-жақтылығы жорғасынан таймас жүйріктің жүрісіндей, сарынынан жаңылмас қалпында ойшылдық, философиялық құзарт биіктерден көрінді.

Өмір деген-күнде алысқа аттаныс,
Қайда ұшсаң да қасиетіңді сақтап ұш.
Бүгін дардай көрінгенмен
Күн ертең,
Мен сендерге бола алам ба мақтаныш?! [3, 41-б.]-

деп толғануында қаншама терең сезім, асыл арман, өмірге деген құштарлық, салиқалы терең ой жатыр. Ақынның барынша сыр етіп ашық айтқан «бола алам ба мақтаныш?!» деген ой алаңы білген жанға нағыз кереметтік.

Айтшы, Алатау, ақсақалды қариям,
Бір балаң ем, әрі батыл, әрі ұяң.
Қашан менің ерте шығып көктемім,
Қашан менің тасиды екен дариям? [3,44-б.]-

деп ішкі сырын монолог етіп тебіренсе, ақын Тұманбай ерен-ғайып еңбегімен сол Алатаумен ақылдасып, өз жүрегінің сырын толғана шертсе, өз дегеніне жетіп өтті. «Я пережил свои желания» деп Пушкин айтқандай, Тұманбайдың бұл тілектері көзінің тірісінде артта қалды. Бірақ ол арманыма жеттім деп төс қаққан жоқ. Ұлылардың салмақтысы, салмақтылардың ұлысы болып, парасатты ойшыл, ақ ниетті сезімтал қалпында өтті.

Тұманбайдың ақындық болмысы жайлы сөз арнау өте қызық жағдай. Өмірдің күнделікті күйбеңінен ештеме қалдырмай өлең ете білу үлкен ерлік. Басымызда бар жағдай ғой, бұтаға қонған торғайдай, жүрекке қонған тылсым сәт қашан өлең болып ақ қағазға түскенше маза бермейді. Сұлулық деген бұл пәнидегі ақын жанын тыншытпас бір сұмдық қой.

Қайда барсам құтыла алмас құштарлық,
Қорғаныш жоқ бойымды сау ұстарлық, - деп Пушкин айтқандай, Тұманбай да құштарлықтың құрығынан шыға алмады. Шәмші Қалдаяқовты “Вальстің королі” деп ел атаса, Тұманбайды «Махаббат лирикасының патшасы» деп атап кетті [4,46 б.].

Адам тағдырына ақыннан артық жанашыр жоқ қой, соның бір айшықты көрінісі осы емес пе? Турасын айтсақ, 1963 жылдан бері оқырманның жадынан шықпай жүрген бұл өлең жәй емес, біздің поэзиямыздың жақұты. Өзге сөзді көп созбай өлеңді толық келтірейін:

Қайтесің маған ғашық боп,
Абайла, кетпе өртеніп.
Ұқсаймын кейде қасқырға,
Қақ жолда жатқан жорта өліп.
Абайла, жаным, алыс жүр,
Жақындай берме көп маған.
Сен-дағы маған таныс жыр,
Көп уақыт өзім жоқтаған.
Ол бақыт қалған, қарағым,
Ол жолдың арғы жағында.
Мініп ап зулап барамын,
Өмірдің арғымағына.
Ұстама оның жалынан,
Ойынға, назға құмар қыз.
Өмірдің арғымағынан
Үшеуміз бірдей құлармыз [3, 73-74-б.].

Бұл бір поэма ғой, ғажайып романс, композиторлар қалай көрмей жүрген дерсің. Басқа жағынан қарасақ, өзіндік шындығы, шырылдап тұрған кереметі: “Өмірдің арғымағынан, Үшеуміз бірдей құлармыз” дегені. Бұл “Күткен кісім бар” деп ешкімді жолатпауға Күлтайын бағыттаса, есейгенде “үшеуміз бірдей” дегенде өзінің жан жары, өмірлік қосағы барын айтып

тұр. Бәрі де дарқан өмірдің айқын бейнесі. Бұл ақындық парасаттың адамгершілік деген биігінде жүрген өкілінен ғана туатын ұлы дүние.

Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылық өнерінің сұлулығы мен ғұмырлылығы да олардың осындай, халық танымының өзіндей мазмұнды, айқын да түсінікті, баянды қасиетімен сабақтасып жатыр.

Адамның жан дүниесін баурап, рухын биіктете білетін ақиқатшыл, адал жырымен Тұманбай Молдағалиев ұлтымыздың ұлы тұлғасына айналды.

Әдебиеттер тізімі

1 Дәдебаев Ж. Ақын әлемі // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1998, №9-10.
2 Тұманбай Молдағалиев // Қазақ әдебиеті. 2011, №41, 14-20 қазан.
3 Молдағалиев Т. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1990. - Т. 1- 432б.
4. Молдағалиев Т. Тыныс мұхит дәптері. - Алматы: Жазушы, 1985.

ӘӨЖ 83.09(487)

КӨМЕКШІ ДЕ ЕТІСТІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ермахан Н., Арынбаева Р.А., Байболова А.Ж.
Ж.А.Ташенев атындағы университет, Шымкент қаласы
a.rana68@mail.ru

Түйіндеме:Бұл мақалада етістік сөз табының түрлері ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Көмекші де етістігінің стильдік ерекшеліктері мен оның лингвистикалық табиғатына тоқтала отырып,автор нәтижелі қорытынды жасап көрсетеді

Аннатоция:В этой статье будут научно изучены типы групп глагольных слов. Остановившись на стилистических особенностях вспомогательного глагола де и его лингвистической природе, автор делает продуктивный вывод.

Ключевые слова; наука, язык, слова, словарь, глагол, лингвистика, аннатоция

Resume:In this article, the types of groups of verb words will be scientifically studied. Focusing on the stylistic features of the auxiliary verb de and its linguistic nature, the author makes a productive conclusion

Keywords science; language, words, dictionaries, literature, verb, linguistics, abstract

Түркі тілдерінің іс-қимылды білдіретін етістіктерінің ерекшелігі туралы зерттеушілер әр түрлі өз пікірлерін білдіреді. Етістік заттың қимылын, іс- әрекетін, жай –күйін білдіретін сөз табы. Мысалы Кенеттен шыққан дауысқа Ботагөз «ә» деуге үлгірмей, жүгірісін кілт доғарып, жалт қарады немесе Ботагөз ұялғандай тұнжырап, төмен қарады деген мысалдарда қайтті? жалт қарады, төмен қарады деген сөздер адамның қимылын, іс-әрекетін білдіріп тұр. Сондықтан бұл сөздер етістік болып табылады [1, 97-б.].

Етістік грамматикалық тұлғаларға бай сөз табы болып табылады. Қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі мәнді болуымен бірге етістік сөйлемде сол қимылды атқарушы субъектімен және объектімен әр қилы қатынасына (шақтық, жақтық, райға қатысты), әрекеттің болу, болмауына байланысты т.б. мәндік ерекшеліктерді білдіріп отырады. Олардың әр қайсысы белгілі бір тұлғалар арқылы жасалады. Етістіктің ондай ерекшеліктері негізгі және көмекші етістік, дара және күрделі етістік, болымды және болымсыз етістік, сабақта және салт етістік болып бөлінуімен, сондай-ақ етіс, шақ, рай

категорияларынан, көсемше, есімше, тұйық етістік сияқты ерекше тұлғаларынан, жіктелінуінен көрінеді.

Көмекші де етістігі сөйлеу және ойлау етістіктері деп аталатын топқа (сөйле, айт, болжа, ойла т.б.) жатады да, олардың ішінен көбінесе айт, сөйле етістіктеріне синоним ретінде жұмсалады. Бірақ семантикасы мен фукциясының жан-жақтылығы жағынан болсын өзге сөйлеу етістіктерінің бірде –біреуі де етістіктеріне барабар бола алмайды. Өйткені, айт, сөйле... етістіктері тек өздерінің негізгі мағыныларының шеңберінде ғана, негізгі қызметтерінің аясында ғана қолданылса, де етістігінің өрісі олардан гөрі әлде қайда кең. Мысалы не айтты? не туралы сөйледі? ештеңе айтты ма? тәрізді сұраулардың орнына не деді? ештеңе деді ма? деп айтуға болатыны сияқты әдеттегі қарым-қатынас процесінде қажетіне қарай жұмсала беретін сөз тіркестерін, жай және құрмалас сөйлемдерді, сондай-ақ әлденеше сөз тізбектері мен бүтіндей тіркестерді бөліп- бөліп саралап та немесе бәрін жинап-теріп, түгелімен көмкере келіп, де, деп, деген, дейтін, дейтұғын... формалар арқылы үйіріп әкеліп бүгуге болады және оларды ой желесінің тілегіне орай әрі қарай тағы да жалғастыра беруге де болады. [2, 107-б.].

Мысалы: – Шайыңды даярлайын, босатшы еркем! – деді Айбала Ботагөздің қолын мойнынан жазып, бетінен сүйді деп, бірінші мағынасындағы деді деген сөзді екінші мағынасындағы деп сөзімен алмастырып айтуға болады.

Осы жағдайдың бәрінде де бұл етістік өзінің негізгі лексикалық мағынасынан бүтіндей айрылмайды, қалай да өзінің (лексикалық мағынасынан) негізгі семантикасынан ең болмаса бір элементін я нышанасын сақтап отырады. (білеміз де – білеміз деп айт; сәлем де – сәлем айт). Мысалы: «Тиістімін» – дегенде Асқардың дыбысы шығып кетті. Бұл сөйлемді дегенде сөзін алмастырып, дей бергенде деп те айтуға болады. «Тиістімін» – дей бергенде Асқардың дыбысы шығып кетті.

Сөйтіп де етістігінің жетекшілік қызметі де, көмекшілік қызметі де әрі оралымды, әрі икемді. Бұл етістік өте жиі қолданылғандықтан, кейде де етістігінсіз тілімізде сөйлеуге болмайтын шығар, оның қызметіне тең түсетін басқа сөз жоқ шығар дегендей ой да, түсінік те оралып отырады. Шынында да де етістігінің сипаттары өзге етістіктерден ғана емес, тіліміздегі барлық сөз атаулының бірде-біреуінен табылмайды. Мысалы: өзге көмекші етістіктер жетекші етістіктер мен көсемшенің -ып (-іп, -п) және -й (-а, -е) формаларының я екеуімен де бірдей, я біреуі арқылы ғана тіркессе, де етістігі бұл формалар арқылы жетекші етістікке тіпті тіркеспейді. Мысалы: айтып көр, айта көр деуге болады, бірақ айтып де, айта де дей алмаймыз.

Енді де етістігі өзінен бұрынғы жіктік жалғаулы, рай формалы, есімше жұрнақтары жалғанған етістіктерге еркін тіркесе береді. Оны мына мысалдардан көруге де болады[3, 95-б.]. Мысалы: келгенмін де, келгенмін дедім, келемін деймін, келесіз де, келеді депті, келеміз депті.

Дегенмен, осы аталған формалардың ішінен өзіне тән негізгі мағыналары мен формаларын сақтау жағынан болсын, басқа сөздермен тіркесіп, неше алуан грамматикалық мағыналар білдіріп, қызмет көрсетуге дәнекер болу жағынан болсын, ең жиі қолданылатын, яғни ең елгезегі **деген** және **деп** формалары деген қорытынды жасадық. Мысалы: «Әдепті жігіт екен» **деген** ой туды Айбалаға. «Бұл жөнінде жан адамға айтпа» деген сияқты мысалдардан **деген** формасының беретін мағыналары мен атқаратын қызметтерінің басты кейбір нұсқаларын көруге болады.

Қорыта келе, де етістігінің функциясы аса күрделі. Оны қысқаша топшылағанда, мынадай нәтижеге ие.

Біріншіден, жеке сөзді я сөз тіркесі болсын, жеке сөйлемді я бірнеше сөйлемді болсын, қысқа я ұзақ лебізді болсын, олардың мағыналарын да, формаларын да бұзбай сақтап, сол қалпында аудармай айтуға дәнекерлік етеді.

Екіншіден, айтылмаған көкейдегі, көңілдегі, ойдағы сөзді я олардың мазмұнын жарыққа шығаруға дәнекер болады.

Үшіншіден, бұл етістіктің әр қилы грамматикалық формалары (деп, дей, дегелі, дейтін, дер, деген, демек, дескен, дегенде т.б.) , әдетте, белегілі бір формада жұмсалатын жеке сөзді я сөз тіркесін жетектеп әкеліп, мағынасын нақтыландырып, байланысын жымдастырып, сөйлемнің бір мүшесі етуге дәнекерлік етеді.

Төртіншіден, өзіне бұрынғы формалармен тіркесіп, етістіктің әр алуан форманттарының қалыптасуына себеп те, негіз де бола алады.

Бесіншіден, көптеген тұрақты тіркестерінің қалыптасуына да, ол тіркестердің сөйлеу тілінде қолданылуына да да дәнекер бола алады.

Әдебиеттер

1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.- Алматы; 2019, 107б.

2. К.М.Молдабеков . Освоение русских и интернациональных слов в современном казахском языке. - Алматы; 2009, 107б.

3. Қазақ тілінің грамматикасы. Қазақ ССР Ғылым академиясы. - Алматы; 2009, 207б.

4. С.Мұқанов. Ботагөз. - Алматы; 2019, 205б.

ӘОЖ 573:371.3

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА В.Ф. ШАТАЛОВТЫҢ ОҚУ МАТЕРИАЛЫН СЫЗБАЛАР МЕН АРНАЙЫ ТАҢБАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

[1]Абдураимова Нұржамал Шегирбаевна
«Химия және биология» кафедрасының магистр аға оқытушы
Тенлибаева Аимкуль Серикбаевна
«Химия және биология» кафедрасының а.ш.ғ.к .
Атымтай Жансая Төлетайқызы

Tashenev University, Шымкент қ.
nurzhamal abduraimova1970@ mail.ru.

Аңдатпа: Шаталов В. Ф. оқу процесінде қолайлы психологиялық жағдайлар жасай білу және оқушылардың еңбекке ішкі дайындығының жоғары деңгейін қалыптастыру. Әр оқушының психофизиологиялық әлеуетін белсенді қабылдау, талдау жеке хабарламаны жүйелеуді, сондай-ақ жеке адамға қолайлы психологиялық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. бұл биология сабақтарында өте маңызды рөл атқаратын көрнекілік түрі

Аннотация:Шаталов В. Ф. умение создавать благоприятные психологические условия в процессе обучения и формирование у учащихся высокого уровня внутренней готовности к трудовому обучению. Активное восприятие, анализ психофизиологического потенциала каждого учащегося обеспечивает систематизацию индивидуального сообщения, а также создание благоприятных для личности психологических условий. это вид наглядности, который играет очень важную роль в прохождении уроков биологии.

Annotation: Shatalov V. F. the ability to create favorable psychological conditions in the learning process and the formation of a high level of internal readiness for labor training among students. Active perception, analysis of the psychophysiological potential of each student ensures the systematization of an individual message, as well as the creation of psychological conditions favorable to the personality. this is a type of visibility that plays a very important role in taking biology lessons.

Түйінді сөздер: психофизиологиялық, пиктограммалар, идеограммалар, сигналдар, абстракт

Ключевые слова: психофизиологические, пиктограммы, идеограммы, сигналы, абстракт

Keywords: psychophysiological, pictograms, ideograms, signals, abstract

Білім беруді жетілдірудің негізгі талаптарының бірі – оқу пәндері бойынша сабақ беру деңгейін арттыру мақсатында жаңаша оқытуды жолға койу.Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін үйлестіруге бағытталған және сонымен қатар психологиялық- педагогикалық ғылымды тұтасымен қарқынды дамуға жете лейтін алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің көптеген жетістіктері белгілі, осы заманғы білім беру ісінің ең өзекті, әрі күрделі мәселелері бойынша донецкілік мұғалім Виктор Федорович Шаталовтың есімі айрықша дараланып тұрады.

В.Ф Шаталов жаңашыл –ұстаз педагог. 1927 жылы дүниеге келген. 1953 жылы Сталин педагогикалық институтын аяқтады..1992 жылдан бастап Білім Институтының доценті.1956 жылдан бастап өзінің кең танымал«Шаталовтың қарқынды оқыту әдістемесін» жасап, оқушылармен тәжірибелік жұмыс жүргізді. Академиялық педагогика сферасында Шаталовтың әдістемесін жаңа оқыту технологиясы жарық көрді.

Тірек сигналдары арқылы оқыту техналогиясының негізгі мақсаты: оқушыларда мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша білім білік дағды қалыптастыру жеке мәліметтеріне қарамастан барлық баланы оқыту.Көрнекі лікке негізделген тірек сигналының жаңа сабақты түсінуді және оны есте сақтауды жеңілдететіні белгілі болды.

В.Ф.Шаталовтың әдістемелік жүйесі әрбір оқушыны оқу іс–әрекетіндегі белсенділікке қатыстыруға,дербес ерікті танымдықты тәрбиелеуге,әрбір жеке оқушыда өзінің адамгершілігін сезімін өзінің күштері мен қабілеттеріне сенімділік нығайта түсуге мүмкіндік береді.В.Ф.Шаталовтың білім беру концепциясының басты идеясы-нәтижелі оқу технологиясы әрбір оқушының психофизиологиялық потенциалын активтендіу арқасында ашуға рұқсат етеді, ал қабылдау, талдау жеке хабарды жүйеге келтіруге, сонымен қатар жеке тұлғаға қолайлы психологиялық шарттар жасауды қамтамасыз етеді.

В.Ф.Шаталов дәстүрлі сабақ тәсілімен оқытудың орасан зор қорын көрсетіп, оқытудың итенцифтендірудің технологиясын жасап практикаға енгізді. В.Шаталовтың оқыту технологиясының негізгі категориясы бұл тірек сигналдар мен тірек конспектілері, оларды ауызша бейне мен мәтіннің теңестіру феноменінен құралады деп сипаттайды.

В.Шаталов жүйесіндегі тірек сигналдары –биология сабақтарын өтуде өте маңызды роль атқаратын көрнекіліктің түрі болып есептеледі.Тірек сигналдары белгілерді, айқындаушы құралдарды, абстракты теориялық материалдардың мазмұнын түсіндіру кезіндегі әдістерді нақтылы суреттер, белгілер, маңызды сөздер мен қысқа ұсыныстар беріледі. Ауызша жауаптарға қысқа және дәл 3-5 минут бөлу, оқушылардың білімдерін қысқа, әрі дәл баяндауға мүмкіндік береді.

В.Ф.Шаталовтың оқу материалын сызбалар мен арнайы таңбалар негізінде оқыту технологиясын пайдалану. В.Ф.Шаталовтың ең маңызды жетістіктері нің бірі тұтасымен оқу процесінде және оның ішінде сабақ кезінде қолайлы психологиялық жағдай тудыра білуі және оқушылардың өздерінің еңбектеніп оқуға деген жоғары деңгейдегі ішкі әзірлігін қалыптастырады.

XIX ғасыр бойы ақпарат беруде,негізінде әріптік-дыбыстық жазу пайдала нылған.Пиктограммалар мен идеограммалар абстрактылы таңбалар болып саналған, кез-келген хабарды білдірген, сонымен бірге олар сигналды таңбалар қызметін, адамдар қатынасының ұйымдастырушылық рөлін де атқарады. Оқыту кезінде бұл ұйымдастырушылық қатысушылардың қаралып отырған материалдарды саралап,сол арқылы алуан түрлі логикалық операция лар салыстыру, талдау, жинақгау,ерекшеленуі мен жіктелуі, түсінік,нақтылау модельдеу туралы анықтамалар мен түсініктемелер жүзеге асырылған.

Суреттік, пиктографикалық, идеографиялық, буындық және әріптік-буындық алфавиттік жазу болып бөлінеді.«Оқытушы-оқушы-оқытушы» жүйесінде оқу ақпаратын беру үшін, көрнекілік белгі-таңба тәсілдерін дайындаған кезде, мұғалімдердің барынша күшті, қабілетті барлығын сабаққа тарта және қызықтыра алатын технология. Мектеп курсына арналған «Жануарлар» бөлімін оқыту кезінде суреттер мен таңбаларды біз пиктограммалар мен идеограммалар пайдаланып, оларды оқытуда заңды үйлесімділігі мен қолдану тәсілдері, яғни суретті-идеографиялық жазу арқылы сабақты қорытындылау т.б кезеңдерңнде пайдалануымыз мүмкін.

Содан, суретті- идеографиялық жазу біз үшін таңбалық, символдық графи калық жүйе деп танылады, оқушыларға оқу жобаларын жеткізу қызметін атқа рады, оқу материалдарын әр түрлі логикалық ойлау қабілетік ұғыну үшін ұйымдастырушы жұмысын да атқарады.

Осылайша, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесі таң-балық-символдық көрнекіліктердің көп қырлы екендігін айғақтайды. Жалпы алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелері мен оқытушылар тәжірибелері жеке пәндердің білім беру мазмұнын меңгерту бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру дың бір құралы ретінде таңбалық-символдық көрнеліктердің көп функционал дығының алға шығатындығын көрсетеді. Бұл көзқарас тұрғысынан таңбалық-символдық көрнекіліктер негізгі түсініктерді, пәндік білік пен дағдыны, ғылыми дүниетанымды қалыптастыру құралы ретінде ерекше маңызға ие болады. Таңбалық- символдық көрнекілік оқушының алуан түрлі озық жұмы сын ұйымдастыру; олардың танымдық қызығушылығын айқындау; оқушылардың танымдық әрекетін басқару құралы ретінде қарастырылады. Таңбалық-символдық көрнекіліктер, сондай-ақ оқыту нәтижелерін айқындау құралы ретінде қолданылды. Құрал ретінде таңбалық символдық көрнекілік формасы, мазмұны және күрделілігі бойынша ерекшеленді.

В.Ф. Шаталов технологиясының ерекшелігіне тоқталсақ Бірінші ерекшелігі – нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу. В.Ф.Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді: «Тірек сигналдары дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы»

Екінші ерекшелігі – уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады.

Суретті-идеографиялық жазуды оқыту үрдісіне қолдану келесі міндетті үш сатыдан тұрады.

1. Кіріспе-түсіндірме кезеңі тақырып бойынша 1-сабақ.
2. Оқыту-дамыту кезеңі (2 және келесі сабақтар),
3. Бақылау-бағалау кезеңі тақырып бойынша соңғы сабақ.

I.Кіріспе түсіндірме кезеңі.

- мұғалім жаңа материалды баяндайды.
- идеограмма енгізеді, яғни жүйелік топтың идеографиялық портреті жасалады.
- идеограммадан құрылымдық-логикалық блок құрастырылады.

II.Оқыта дамыту кезеңі.

- мұғалім қосымша оқу материалдарын хабарлайды.
- тақырып бойынша оқушылар қысқаша қабарлама жасайды.
- идеограмма бойынша өткен оқу материалын оқушылар ауызша әңгімелейді
- оқушылардың жазба тапсырмаларды орындауы және олардың оқулықпен жұмысы.
- тапсырманың орындалуын мұғалімнің және оқушылардың өзара бақылауы бақылауы.

III. Бақылау –бағалау кезеңі.

- мұғалімнің оқушы білімін бақлауы.

- оқушылардың жіберген қателерін түзету.

Мұғалім оқушыларды тақырыптың күнтізбелік жоспарымен, жаттығуға берілген барлық тапсырмалармен, сондай-ақ оларды орындауға байланысты қойылатын талаптармен таныстырады. Содан соң мұғалім жаңа материалды бірінші рет қысқаша түрде түсіндіреді, онда тақырыптың негізі теориялық тұжырымы өтілген жануарлардың жүйелік тобына жалпы сипаттама береді.

Ауызша баяндаумен қатар пиктограмма мен идеограммалардың көмегімен, оқу ақпараты жазылып отыру керек, яғни, бұл сатыда оқу ақпараттарын кодтау алғаш рет жүзеге асырылады. Пиктограммалар мен идеограммалар ауызша түсіндірумен бірге, синхронды түрде енгізіледі. Мұғалім олардың суретін тақтаға салып, солар арқылы иллюстрация жасай отырып түсіндіреді. Жаңа сабақты түсіндіріп болған соң мұғалім оқушылардан пиктограммалар мен идеограммаларды пайдалана отырып өз еріктерімен жануарлардың жүйелік тобы туралы айтып берулерін өтінеді.

Оқыту-дамыту кезеңі- пиктограммалар мен идеограммалар бойынша оқушылар жануарлардың жүйелік топтары туралы толық, жан-жақты жауап бергенде ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін пиктограммалар мен идеограммалар планшеттерге салынып, бір-бірімен тізбектеліп біріктіріледі. Планшеттер тоғыз құрылымдық логикалық блоктарға бөлінуі тиіс. Әрбір блоктар бір-бірінен блок контур арқылы бөлініп, белгілі бір түске боялады. Пиктограммалар мен идеограммалар салынған планшеттер сынып ішіндегі көруге ыңғайлы зертханалық столға қойылады. Кейбір жағдайларда суреттерді ақ қағазға салып, ойып алып, басқа түсті қағазға жапсырса, сурет өте жақсы айқын көрінеді. Осындай тәсілмен сабақтарды қорытындылағанда оқушылар тез түсінеді және естерінде тез сақтайды. Қабылдау мүшелерінің» яғни есту мүшелерімен көру мүшелерінің дамуы артады.

Жануарлардың тіршілік мекені оқушыларға жақсы таныс. Ішкі мүшелер жүйесін және жеке мүшелерді түзу және қисық сызықтармен біріктірілген геометриялық фигуралар көмегімен бейнелеуге болады. Омыртқалы жануарлардың ас қорыту мүшелері: ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, қарын және ішектері келесі суретпен бейнеленеді. Сонымен қатар ас қорытуға қатысатын сілекей бездері, ас қорыту бездері, және бауыр сәйкес фигуралар мен берілді.

Оқыту процесі – бұл мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында қалыптасады. Оқыту пәндері бойынша әрбір сабақты шығармашылықпен өткізу жайлы жаңашыл мұғалімдердің еңбектерін терең зерттеліп, тиімді етіп пайдалана білген жөн.

В.Ф. Шаталовтың «Баршаны да, әркімді де оқыта білейік» еңбектерінде сабақты өткізу принциптерімен әдістері көрсетілген. Жаңашыл эксперимент жүргізуші мұғалімдердің идеяларын сабақ үстінде шығармашылықты пайдалана оқыту процесін жақсартудың шешуші идеяларын жаратты.

Биологиялық ұғымдардың пиктограмма және идеограммалық көрінісі



1-сурет. биология сабақтарында қолданылатын сызба және таңба көрнекіліктер.

В.Ф Шаталов қолданған әртүрлі әдістер түсіндіру тірек канспектлер (сигналдар) символдар, дыбыстандыру, тіректі сигналдарды жазбаша қайта жаңғырт, өзара бақылау қағаздарын толтыру т.б. В.Ф Шаталов былай деп жазады

Бірінші саты – көп салалы,білімімен жүйелі эмоционалды түрде таңдаған параграфты мұғалімнің сабақты түсіндіруі.Екінші саты-тірек плакаттары бойынша,оқу материалдары материалдарын түсіндіру дауыстап оқыту, негізгі ұғымдары әртүрлі символдардың көмегімен кодты шешу арқылы түсіндіру және олардың өзара логикалық байланысын анықтау. Үшінші саты

тірек сигналдарын үйрену сол арқылы әрбір оқушы үйренеді, және альбомдарына жапсырады.Тртінші саты – оқулықпен үй жағдайында тірек сигналдарының өз бетінше жұмыс істейді. Бесінші саты келесі сабақта тірек сигналддарын жазбаша еске түсіру. Алтыншы саты тірек сигналдары бойынша жауап қайтару. Жетінші саты бұрын өткен материалды тереңдету және жай қайталау.

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімінің алдында тұрған келелі, әрі жауапкершілігі мол міндеттердің бірі — оқушыға тиянақты білім беру. Бүгінде В. Ф. Шаталов әдісін мектеп мұғалімдері сабақта кеңінен қолдануда және нәтижесін көрсетуде.

Әдебиеттер:

1. Ф.Б Бөрібекова Н.Ж Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық техналогиялар» оқулық, Алматы, 2014-360 бет
2. С.Б. Бабаев «Тұлғалық педагогика» Алматы, «NVRPRESS» баспасы 2013
3. Ж.Б. Қоянбаев Р.М Қоянбаев Педагогика Алматы, 2002-384 б.
4. В.М.Монахов Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. – Волгоград, 2005. – 146 с.
5. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007

ӘОЖ 57.03.

ИЗЕН ӨСІМДІГІНІҢ ИНТРАДУКЦИЯЛЫҚ ӨНІМДІЛІГІ МЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Абдураимова Нұржамал
Шегирбаевна
Мамытова Асия Ырсымбетқызы
. «Химия және биология» кафедрасының магистр аға оқытушы

Tashenev University , Шымкент қ.
nurzhamal abduraimova1970@
mail.ru.
asiavytova0@ mail.com

Аңдатпа:Изен өсімдігінің әр түрлі табиғаты және оның ғылыми тұрғыдан қарағандағы жоғарғы сапалы мал азықтық өсімдік екендігін зерттеу және биоморфологиялық ерекшелігін анықтау Қазақстанның мал шаруашылығын дамытуға құнарлы мал азығы ретінде маңызды шөп екенін және изен өсімдігінің биологиялық ерекшелігін анықтау.

Аннотация: Изучение разнообразной природы растения Изен и того, является ли оно высококачественным кормовым растением с научной точки зрения, и определение биоморфологической специфики является важной травой в качестве плодородного корма для развития животноводства Казахстана и определение биологической специфики растения изен.

Annotation: The study of the diverse nature of the Isen plant and whether it is a high-quality forage plant from a scientific point of view, and the determination of biomorphological specificity

is an important herb as a fertile feed for the development of livestock in Kazakhstan and the determination of the biological specificity of the isen plant.

Түйінді сөздер: агротехникалық, құмдақ, саздақ, серии, хлорофос
Ключевые слова: агротехнический, супесчаный, суглинистый, серийный, хлорофос
Keywords: : agrotechnical, sandy loam, loamy, serial, chlorophos

Қазақстандағы мал шаруашылығының негізгі азықтық қоры табиғи жайылымдар болып табылады. Олар шөл және жартылай шөлейт далалардың 29,0 млн. га жерін алып жатыр. Бұл жайылымдарда жыл сайын 3,3-3,4 млн. бас мал жайылады. Бірақ, табиғи жайылымдардың түсімі әр жыл сайын әр түрлі болып келеді, мал шаруашылығына қажетті құнарлы шөпті өз дәрежесінде бере алмайды. Кейінгі жылдары шөл және шөлейт далаларға азықтық шөптерді мәдени түрде егу қолға алына бастаған.Шөл өсімдіктері
нің ішіндегі азықтық құнары жоғары әрі табиғаттың қолайсыз жағдайларына төзімдісі изен.

Аридтық аймақтардың топырақ қабаттар сол жердің физикалық-геогра
фиялық жағдайларына байланысты әр алуан болып келеді. Шөл даланың топырақ қабаттарының құрамы пайда болуы жақсы зерттелген, ол Е. В. Лобова еңбегінде жазылған. Зерттеліп отырған аймақ негізінен сұртопырақты зонаға жатады. Топырақтар тау жазықтарына гипс тәріздес және жіпше тәріздес жолақша батпақ іздері болып орналасқан. Оларда тұз қабаттары анық көрінеді. Топырақтың түрлерінің әрқайсысының құрамы әр түрлі болады, тұздылығы, топырақ түзетін породалардың характеріне қарай бөлінеді. Ашық түсті сұр топырақ, топырақ түзетін породасына және су режиміне қарай мынандай түрлерге бөлінеді: қалыпты жағдай (түйіршікті-ірілеу), қатты тұзды, сұр топырақ, тақыр жердегі сор топырақ.

Тәжірибе танабының негізгі бөлігі ақшыл түсті сұр топырағы, кейбір жерлерде құмшауыттау болып келеді. Ылғалдың аз болуы себебінен бұл жерде жауын құрттары кездеспейді.

Екпе изеннен мол және тұрақты өнім алуға бағытталған агротехникалық шаралар жүйесіне оның экологиялық түрлерін таңдаумен қатар топырақты мезгілінде және сапалы әзірлеудің маңызы зор.Сонымен шөл және шөлейт аймақтарда топырақ өңдеудегі негізгі мақсат ылғал жинап, оны сақтау, арам шөптерді құрту, топырақтың жыртылған қабатын ұсақтап, оның бетін тегістеу және айдалған өңірді жел эрозиясына ұшыратпау.

Ылғал жинаудың бірден – бір жолы топырақты терең өңдеу. Бұл үшін құмды және құмдақ жерлер культивациямен 14-16см тереңдікте қопсытылса механикалық құрамы жеңілдеу ашық сұр топырақтарды 18 – 22 см тереңдікте қайырмалы соқамен жырту ұсынылады. Ауыр топырақты учаскелер 20 – 24 см тереңдікте жыртылады. Ғалымдардың көп жылдық зерттеуінен мынаны көруге болады: сәуір айының бас кезінде терең жыртылған топырақтың 0–20 см қабатында өңделмеген жерге қарағанда 7 – 16 см ылғал артық жиналады екен, ал шілде айында 20 – 80 см тереңдіктегі ылғал қоры 6,8 -39,3 мм артық болады. Бұл саз топырақты өңдеу ісіне немқұрайды қарауға болмайтындығын дәлелдеген.

Топырақ өңдеудің қолайлы мерзімі қыркүйек – қазан айлары. Тұқымның біркелкі жатуы үшін буылтық катокпен тегістеледі. Бұл агротәсілдер жеңіл топырақтарда бір мезгілде жүргізіледі. Ауыр топырақтарды жыртылған жер әуелі дискіленеді, содан соң буылтық катокпен тапталады.

Изеннің жер бетіне біркелкі көктеп шығуы себу мерзіміне байланысты. Бұл агротәсілді анықтау кезінде мыналарды еске алған жөн: біріншіден, изен тұқымы жинап алынғаннан кейін 1 – 6 айдың ішінде толық пісіп жетіледі. Тұқымды бұдан әрі сақтау оның шығымдылығының төмендеуіне немесе мүлдем шықпай қалуына әкеліп соғады. Сондықтан бүкіл егіс материалы оны дайындаған жылы себілуге тиіс.Екіншіден, тұқымның өнуі кезінде топырақ
ылғалы мол және ауаның салыстырмалы ылғалы жоғары болуы керек. П. П. Бегучевтің пікірінше мұндай жағдай қыс аяғында немесе көктем басында, қар еріген кезде ғана болуы

мүмкін. Үшіншіден, изен тұқымы табиғи жағдайдағыдай қыс мезгілінде сертификациядан өтуі қажет. Себебі изеннің гүлдеуі және дән байлауы әр өсімдіктің бойында ғана емес, бір сабақтың бойында да бір мезгілде өтпейді. Сондықтан тұқым жинау кезінде дәннің пісуі әр түрлі дәрежеде болады. Біздің тәжірибелеріміз көрсеткендей изеннің жаңа жиналған тұқымының лабораториялық өнгіштігі төмен болады. Егер сол изен тұқымын қыстың күні топырақ бетінде бір айдай немесе тозаңыт
қышта төменгі температурада 30 – 40 күндей сақтаса, оның лабораториялық өнгіштігі 80 процентке дейін жоғарылайды.

Қыс кезінде ауа райы құбылмалы келеді. Сондықтан тұқым себу өте қиынға түседі және сапасы да нашар болады.Изенді қыс алдында себудің қаншалықты тиімді екенін тәжірибе учаскесінде жүргізген зерттеулер анық көрсеткен. Себудің үш мерзімі зерттелді; олар: 1) қарашаның аяғы желтоқсанның басы; 2) қаңтар айының ортасы; 3) ақпанның соңы наурыздың басы. Осы тәжірибе кезінде тұқымның егістегі енгіштігі бірінші мерзімде 21,3 – 24,2 процент, екінші мерзімде бар-жоғы 6,9 – 7,7 процент, ал үшінші мерзімде бірен-саран өскіндер болады. Сөйтіп, бір гектардағы өсімдік саны бірінші мерзімде көп (434,6 – 646,8 мың), екінші мерзімде бұдан 290 – 400,0 мың өсімдік кем шықты.Сонымен, тұқым себуді көктемге қарай қалдыруға болмайды. Олай дейтініміз, біріншіден, сақталу мерзіміне байланысты дән өзінің өнгіштігін төмендетеді, екіншіден, олардың өнуі үшін, жоғарыда атап өткеніміздей мол ылғал керек. Әдетте, тұқым өте майда болғандықтан топыраққа небары 0,0 - 0,5 сантиметр тереңдікке сіңіріледі, яғни тұқымды нақтылы жер бетіне түсіріп, шамалы ғана бетін жасыру деген сөз. Аңызақты шөл және шөлейт аймақта көктем кезінде ылғалдың топырақ бетінде ұзақ сақталуы мүмкін емес. Сондықтан бұл кезде себілген тұқым ылғалдың жетіспеуі салдарынан өнбей қалған.

Изен өсімдігі топырақ бетінде біркелкі орналасқан жағдай да ғана жақсы жетіледі.Тұқым себу мөлшері экологиялық тобына, агротехника дәрежесіне, тұқымның сапасына, себу әдістеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Изен тұқымы өте майда, оның мың тұқымының салмағы 0,8 -1,4 грамм. Сондықтан оны біздің көп жылдық зерттеулеріміз көрсеткеніндей тереңге себуге болмайды. Тұқым түскен топырақ қабаты тез құрғап кетіп, соның салдарынан оның бірсыпырасы ылғалдың жетіспеуіне байланысты өнбей қалады. Сондай-ақ топырақ бетінің ойдағыдай тегіс болмауы салдарынан қажетті мөлшерден тереңге себілген дән де өніп кете алмайды. Мысалы, 0,0 – 0,5 см тереңдікке себілген құмдақ изені тұқымының өнгіштігі 14 – 30,6 процент болса, ал 1 – 2 см тереңдікке түскен тұқымның бар-жоғы 4,0 – 6,9 проценті ғана өнген. Бұдан қосымша, қыс кезінде қар бетіне себілген тұқымның біразы желмен ұшып кетуі мүмкін.Міне, осы айтылған себептер салдарынан себілген тұқымның небары 15 – 70 проценті ғана өскін берген.Оның үстіне шыққан өскіндердің бәрі бірдей нақты өсімдікке айнала бермейді.Ауа райына байланысты сондай-ақ зиянды жәндіктердің зақымдауы
нан және арам шөп әсерінен олардың шамамен 20 -60 процентінен басқалары семіп қалады.

Зерттеулердің көрсеткеніндей, құмдақ изенінің ең мол өнімі гектарына 2,5 – 3,0 миллион дән, саздақ және тастақ изен 2,0 – 2,5 миллион дән сепкенде алынады. Мысалы құмдақ изенінен гектарына 10,1 – 12,9 центнер өнім түсірген. Демек тұқымды келтірілген мөлшермен сепкенде танаптың белгілі бір өлшемінде өсіп тұратын өсімдік тығыздығы қолайлы мөлшерде болады да, топырақта жиналған ылғал мен қоректік заттар қорын өсімдік тиімді түрде пайдаланады.

Шығыс Қазақстанның сұрқай топырағы жағдайында құмдақ, изенінің өсуінің алғашқы жылдарында бір гектардағы саны 30 – 40 мыңнан, саздақ және тастақ изенінікі 20 – 30 мыңнан кем болмауы шарт. Бұл көрсеткіштер екпе жайылымның сапасын және өнімділігін арттырады. Азықтық өсімдіктерден өнімді жақсы алу үшін оларды егудің әдістерін дұрыс білу керек. Көптеген ғалымдар изен шөбінің тұқымы тереңдетіп егуді қаламайтынын айтады. Егер тұқымды жердің бетіне сепсек,құстар,зиянкес құрттар жейді немесе жел ұшырып әкетеді де соның салдарынан өсімдіктің өнуі төмендейді. 2007 жылғы изен егісін тереңдетпей егудің нәтижесінде бақылағандай өсімдік жер бетіне өте жақсы өсіп шыққан,

2007 жылғы 0,5 см. тереңдікке егілген мойынқұмның құмдақты изені 14,5-30% дейін жер бетіне шыққан. Тәжірибенің басқа варианттарында изен өсімдігінің шығымы нашар болған. Бұл тәжірибеден тереңдетіп еккен сайын тұқымның өніп шығуы үшін белгілі бір энергия қажет. Лаборатория жағдайында бұл энергия жеткілікті болғанымен, табиғат жағдайында ол жетімсіз болады дағы тұқымның семіп қалуына әкеліп соғады. Сондықтан тереңге егілген тұқымның сыртқа өсіп шығуы, тұқым құрамындағы қоректік заттардың жеткілікті болуына байланысты.

1 кесте. **Құмдақ изеннің егілу тереңдігіне байланысты өсуі**

Егілу тереңдігі см	Тұқымның 1 метрге егілу саны дана	2016-18 ж.		2019-2021ж.	
		Өсімдіктің шығымы, %		Изеннің шығуы, %	
б	350	107	30,6	51	14,5
0,5	350	26	7,4	59	16,9
1,0	350	21	6,0	24	6,9
2,0	350	14	4,0	20	5,7
3,0	350	10	3,0	16	4,6

Лабораториялық зерттеулер көрсеткендей изеннің экотиптерінің ішіндегі ең шығымы жақсысы саздақ және тастақ изендері екендігін көрсетті. Наурыз және сәуір айларында саздақ изеннің экотипі үшінші-төртінші күндері шыға бастайды.30-39%, тастақ изен-12-14%, ал құмдақ изеннің небәрі 3% тұқымы ғана өніп шығады.Құмдақ изеннің өсіп шығуына тұқымды жерге сіңіру маңызды роль атқарады.Бұл тәжірибелерге қарай отырып, изен шөбінің қалың болып шығуы, топыраққа дұрыс дәрежеде сіңіре егуінде екендігін саралаймыз, тау етектеріндегі шөлейт жайылымдарда изен шөбін мәдени түрде егу бір гектар жайылымға 0,88 – 1,45 бас малды жаюға болады. Бұл – мәдени жайылымның 1 гектарынан 5,93 – 9,77 теңге пайда келтіреді, ал табиғи жайылымнан небәрі 2,98 теңге болады.

Изен екпе егісін күтіп-баптау негізінен мынандай жұмыстардан тұрады: арам шөп отау, егісті дискілеу, зиянкестермен күресу және тиімді пайдалану.

Изен өскіндері жер бетіне шыққан соң ең бірінші қолданылатын агротехникалық шара арам шөп отау болып табылады. Себебі изен өскіндері жетілуінің алғашқы кезеңінде өте баяу өсетіні жоғарыда айтылды. Ал арам шөп керісінше тез өседі. Көп жылдық тәжірибелер арам шөпті сәуірдің ішінде отап тастау изен өскіндерінің жақсы жетілуіне себеп болатынын көрсетті. Арам шөпті дер кезінде отаудың тиімділігінің қандай екенін Шығыс Қазақстан облысыеың шаруашылықтарында жүргізілген өндірістік тәжірибе мәліметтерінен анық көруге болады. 2007 жылы изен өскіндері аталған шаруашылықтарда наурыздың бас кезінде көріне бастады. Бір шаршы метрде 3,7 – 7,6 дана өскін болды. Арам шөп сәуірдің екінші жартысында орылғанда өскіндердің 86 проценті сақталса, мамырда орылған егістікте олардың 30 проценті ғана қалды. Шілде айының басында арам шөпті мезгілінде отаған егістікте изен өсімдігінің бойы 28,9 сантиметр, сабақ саны 4,7 дана болды. Арам шөп кеш оталған егістікте ол көрсеткіштер мынандай болған: 13,8 см, 1,4 дана.Осы ретте кейбір шаруашылықтарда арам шөп отауды өте кешіктіріп алудың немесе мүлдем отамаудың салдарынан жөнді нәтиже шықпай жүргені туралы деректер аз емес.

Дегенмен, біздің көп жылдық байқауларымыз изен өсімдігінің дұрыс жетіліп өсуіне мүмкіндік бермейтін зиянкестердің көп екенін көрсетті. Мысалы, құмдақ және саздақ изендерінің өскіндерін және кәрі өсімдіктерінің тамырын қара қоңыз личинкалары 15-20 сантиметр тереңдікте қиып тастайды. Осының салдарынан олардың егістігі қатты сирейді.Жоғарыда аталған зиянкестермен күресу үшін түрлі шаралар қолданылады. Олар көбейіп кеткен жағдайда сәуір және мамыр айларында изен егістігіне серии немесе хлорофос препараттарының 0,3-0,5 проценттік ерітіндісін шашқан өте тиімді. Егер бұл препараттар

болмаған жағдайда 1 гектарға 25 кг мөлшерінде 12 процеңттік ГХЦТ дустымен өңдеген дұрыс. Кемiргiш қоңыз көбелектер
дің санын азайту да қажет.

Изен егістігінің ұзақ жылдар бойы өнімді болуы оны дұрыстап пайдалануға байланысты. Изен егілген екпе жайылымда мал бағуға қатты тыйым салынады.

1 –сурет.Желтоқсан айында егілген саздақ изеннің өнуі.

2-сурет.Тәжірибе алаңқанындағы құмдақ изеннің үлгісі

Изеннің биологиялық ерекшеліктерін және сыртқы жағдайларға қоятын талаптарын білу жолымен «Жайылым» бөлімінің тұқым шаруашылығы және селекция» лабораториясының белгілі ғалымдары оны жақсы өсіруге және агротехникалық шаралырды ғылыми негізде реттеп, дұрыс шешуге болады екен Изен ұрығы ұрыққап ішінде орналасқан, бес желекпен көмкеріліп жабылған. Ұрықтың өзін өте жұқа жамылғы жауып тұрады. Ол тамыршадан, жасыл түсті тұқым жарнағының қалтасынан, қос жарнақтан және жарнақ арасында орналасқан бүршіктерден тұрады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Ибрагимов Т.С., Абдраимов С. К изучению флоры юго-восточного Кызылкума. -Алматы, 2003. -Б.78-80.
2.Ауданов К., Имангалиев А. “Жайылымды жақсарту єдістері”. Вестник с/х науки Казахстана. Алматы “Бастау”. 4 – 2002.
3.Әуезов Ә.Ә.,Сүлейменова Н.Ш.,Уразымбетова Қ.Н.Егіншілік практикумы, Алматы, 2006
4.Иванников А.В., Мұқажанов К. Солтүстік Қазақстан егіншілігі. – Алматы, 2004
5.Киреев А.К., Сейтказинов Д.Т. Обработка почвы на богаре Казахстана. – Алматы, 2001
6.Сағитов А.О., Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. Ауылшаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 2000, 216 б.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ИНФОРМАТИКАСЫНДА 3D МОДЕЛЬДЕУДІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Сарсақанова А.А.
«Информатика» кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Информатика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, PhD
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме:Мақалада білім алушыларға 3D модельдеуды оқытуды болашақта инновациялық әдістер саласында пайдалы болатын көптеген білім мен дағдыларды беретіні туралы айтылады. Бұл қазіргі мектеп оқушылары үшін өте маңызды. Сонымен қатар, мақалада білім беруде 3D модельдеуді оқытудың инновациялық әдістер қолданудың рөлі мен мүмкіндік бағыттары мен даму перспективалары көрсетілген, өйткені 3D технологиялары білім беру процесінде жаңа үрдіске айналды. Оқытудың жаңа инновациялық

әдістері, нысандары мен құралдары оқушылардың білім деңгейін арттыру үшін білімі тұлғаның толыққанды дамуы үшін қажет бола болады.

Түйінді сөздер: инновациялық технология, 3D модельдеу, білім берудегі 3D модельдеу.

Аннотация:В статье рассказывается, как обучение 3D-моделированию дает учащимся множество знаний и навыков, которые будут полезны в области инновационных методов в будущем. Это очень важно для современных школьников. Кроме того, в статье показана роль и возможные направления и перспективы развития применения инновационных методов обучения 3D моделированию в образовании, поскольку 3D-технологии стали новой тенденцией в образовательном процессе. Новые инновационные методы, формы и средства обучения становятся необходимыми для полноценного развития личности с целью повышения уровня знаний учащихся.

Ключевые слова: инновационная технология, 3D моделирование, 3D моделирование в образовании.

Abstract: The article describes how learning 3D modeling gives students a lot of knowledge and skills that will be useful in the field of innovative methods in the future. This is very important for modern schoolchildren. In addition, the article shows the role and possible directions and prospects for the development of innovative methods of teaching 3D modeling in education, since 3D technologies have become a new trend in the educational process. New innovative methods, forms and means of learning are becoming necessary for the full development of personality in order to increase the level of knowledge of students.

Keywords: innovative technology, 3D modeling, 3D modeling in education.

Бүгінгі таңда білім уақытпен қатар жүреді және компьютерлік технологиялар бұл үшін кең мүмкіндіктер береді. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері, формалары мен құралдары оқушылардың білім деңгейін арттыру үшін заманауи орта жасайды.Оқытудың жаңа түрлерінің бірі-информатика сабақтарында 3D модельдеу мен басып шығаруды қолдану, бұл болашақ ұрпаққа өз идеяларын қазіргіден әлдеқайда тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 3D модельдеу өзінің әмбебаптығы мен әмбебаптығының арқасында бүгінде адам өмірінің көптеген салаларында көрініс тапты: кинематография, жарнама, инженерия-мұның бәрі таныс болды және енді таңқаларлық емес. Математика, геометрия, сызу, технология сияқты пәндерді одан әрі зерттеуге көмектесетін кеңістіктік ойлау мен қиялды ерте жастан дамыту керек, ал 3D модельдеу –бұл үшін ең тиімді және заманауи әдістердің бірі. 3D кескін жазықтығынан айырмашылығы, компьютер экранында 3D моделінің геометриялық проекциясын құру кезінде арнайы бағдарламалар қолданылады. Үш өлшемді модельдеу осы объектілерді сипаттауға және оларды геометриялық түрлендірулер сұраған кескін талаптарын ескере отырып, экранға орналастыруға арналған.Бұл қасиет үш өлшемді модельдеу технологиясын оқытуда да, шығармашылықта да қолдануға мүмкіндік береді, Көрсетілген немесе әзірленген объектілердің нақты құрылымын көрсетеді, сонымен қатар сапалы жаңа кескіндер мен материалдарды жасайды.Үш өлшемді модельдеу студенттерге шығармашылық қабілеттерін толық дамытуға, зерттеу қызметін және кеңістіктік ойлауды көрсетуге мүмкіндік береді – бұл тек әрі қарай оқытуда ғана емес, сонымен қатар кейінгі кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыруда да үлкен көмек.

Оқу процесіне 3D модельдеуді енгізу келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- үш өлшемді модельдер құру қабілетін дамыту;
- білім алушылардың танымдық белсенділігі мен уәждемесін арттыру;
- шығармашылық ойлауды дамыту;
- білім алушылардың мотивация деңгейін арттыру;
- дербес жобалау немесе зерттеу қызметінде білім мен дағдыларды қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- жеке және ұжымдық жобаларды орындау кезінде оқу қызметінде 3D модельдеу жүйелерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Білім беру технологиясы ретінде 3D модельдеуді келесі жағдайларда қолдануға болады

- 3D-модельдеу технологиясын қолдана отырып сабақтар өткізу;
- мұғалімнің күрделі физикалық немесе химиялық эксперименттерді қайталауы;

Студенттердің жобалық немесе зерттеу жұмысы ретінде жеке 3D модельдерін, 3D кескіндерін немесе 3D бейнелерін жасау.Бұл технологиямен жұмыс істеудің бұл түрін тек информатика сабақтарында ғана емес, басқа пәндерде де қолдануға болады, ал 3D модельдеуді мұғалім тікелей қолданатындықтан, бұл технологияны оқушылардың әртүрлі сабақтарында қолдануға болады.

Мектепте 3D модельдеу технологияларын қолдану:

- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім алушылардың инженерлік және техникалық мамандықтарға кәсіби бағдарлануы;
- білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамыту;
- білім алушылардың оқу материалын қабылдауын жақсарту;
- білім алушылардың оқу материалына зейінін шоғырландыру;
- әртүрлі бағыттар бойынша білім алушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру;
- конкурстар мен басқа да іс-шараларды өткізу.

Айта кету керек, 3D технологиялары модельдеумен, визуализациямен, анимациямен және үш өлшемді басып шығарумен шектелмейді. Бүгінгі таңда бұл термин толықтырылған шындық технологияларын, үш өлшемді тренажерлер мен тренажерлерді, үш өлшемді бейнені қамтиды. Мұның бәрін мектепте одан да жақсы жасауға болады. Заманауи технологияларға мұндай көзқарас білім алушылардың олар қолданылатын пәндерге деген қызығушылығын арттырады, ішкі мотивация деңгейін жаңа деңгейге көтереді.Оқушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында 3D модельдеуге үйрету-білім беру процесінде көптеген педагогикалық технологияларды қолдануды көздейтін мұғалімнің шығармашылық міндеті:

- оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамытатын білімді, дағдыларды, дағдыларды игеруге ықпал ететін проблемалық оқыту;
- көп деңгейлі оқыту, оны жүзеге асыру кезінде күшті оқушылар өз қабілеттерінде бекітіледі, әлсіздер оқу жетістіктерін сезінуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады;
- жобалық оқыту әдістері оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде қарауға мүмкіндік береді;

Оқытудың зерттеу әдісі білім алушыларға өз білімдерін дербес толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең үңілуге және оны шешу жолдарын қабылдауға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымды қалыптастыруда маңызды. [1] Бұл әр білім алушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды. Оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу процесінің сипаты мен ұйымдастырылуына айтарлықтай әсер ететін ақпараттық технологиялар қолданылады, өйткені білім алушы мен мұғалімнің өзара әрекеттесу сипаты өзгереді, педагогикалық функциялардың бір бөлігі компьютерге беріледі. 3D модельдеуді тиімді оқыту дайындалған әдістемесіз және дидактикалық материалдарсыз мүмкін емес, өйткені модельдеумен айналысқысы келетіндерді қамту сыныптардың барлық дерлік диапазонын құрайды.Оқушылардың әрқайсысына берілген оқу тапсырмаларын орындау бойынша егжей-тегжейлі қадамдық нұсқаулардың болуы әр баланы оның қабілеттеріне және материалды игеру жылдамдығына сәйкес тиімді түрде "жүктеуге" мүмкіндік береді.Әр оқушы өзінің жеке басын көрсете алады. Бұл тәжірибеде жеке, топтық және фронтальды жұмыс түрлері қолданылады:

- дәріс;
- практикалық жұмыс;
- шығармашылық жоба;

- оқу ойыны;
- конкурс;
- тақырыптық тапсырмалар.

Мектептегі "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәнінде "3D модельдеу" тақырыбын оқығанда оқушылар денені күрделі түрлендіруді жүзеге асырады. Жұмыс формасы топтық формада басым болады, бұл әр оқушыға пікірталастар, бірлескен шешімдер әзірлеу барысында өзін сәтті көрсетуге мүмкіндік береді, тақырып бойынша білім деңгейі түзетіледі, өзіндік жұмыс қабілеті дамиды және көшбасшылар ретінде көріне алады.Практикалық жұмысты орындау барысында топ қатысушылары объектілерді модельдеу әдістері, туындайтын мәселелерді шешу жолдары туралы өз болжамдарын ұсынуға, өз күштерін бағалауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, топтық іс-әрекет диалог жүргізу тәжірибесін, өз көзқарасын дәлелдей білуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды. [2]. 3D модельдеу технологиясының элементтерін өз бетінше оқуға ниет білдірген жоғары сынып оқушылары жеке кеңес алады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін жұмыстың басым нысаны жобалар әдісі болып табылады, оның мақсаты білім алушыларға әртүрлі пәндерден білімді біріктіруді талап ететін міндеттер мен мәселелерді шешу процесінде білімді өз бетінше игеруге мүмкіндік беру болып табылады.Бұл технология білім алушыларға бұрын алған білімдері мен дағдыларын қолдана отырып, қойылған міндеттерді шеше отырып, практикалық тәуелсіз іс-әрекетте өзін көрсету мүмкіндігі арқылы білім алу процесін қызықты етуге мүмкіндік береді. Мәселені шешудің құралдары мен әдістерін таңдау білім алушылар үшін маңызды. Бұл жетістік жағдайына және оқу-кәсіби қызметті белсендіруге әкеледі. Білім алушылар сабақтас пәндерді оқу кезінде алған білімдерін өз бетінше пайдалануы керек. [3]. Сабақтан тыс уақытта топтық және жеке консультациялар ұйымдастырылады.Жоба бойынша жұмыс нәтижелері 3D модельдеудің бастапқы дағдыларын дамытудың базалық деңгейін және оларды сабақтас пәндерде қолдануды анықтауға мүмкіндік береді. Жобалық немесе зерттеу жұмыстарын орындау кезінде білім алушылардың өзіндік қызметі практикалық бағдарланған міндеттерді шешу процесінде оның дербестігін мақсатты түрде қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік беретін оқу еңбегінің түрі ретінде қарастырылады.3D-модельдеу технологиясының элементтерін пайдалану кезінде оқушылардың кәсіби құзыреттілігін сәтті қалыптастырудың маңызды факторы бағдарламалық құралдарды таңдау болып табылады. [4].Компьютерлік графиканы құру үшін көптеген түрлі қосымшалар қолданылады. Шартты түрде оларды келесі топтарға бөлуге болады:

- сандық мүсіндеуге арналған бағдарлама;
- ойын қозғалтқыштары;
- сұйықтық анимациясы, текстураны құру сияқты нақты тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін жоғары мамандандырылған қосымшалар;
- әмбебап 3D редакторлары.

Әрине, 3D модельдеу дағдыларын толыққанды қалыптастыру үшін білім алушыларға жоғарыда аталған барлық бағдарламалар қажет, бірақ таңдау кеңістіктік ойлауды, шығармашылық ойлауды және математикалық логиканы дамытуға ықпал ететін 3D редакторларының пайдасына жасалады.

Әмбебап 3D редакторларында барлық қажетті модельдеу, анимация және визуализация құралдары бар.Қолданбаны таңдау кезінде келесі факторларға назар аударылды:

- бағдарламаның функционалы;
- пайдалану ыңғайлылығы (интуитивті интерфейс және т. б.);
- қол жетімділік, баға.

3D модельдеу-бұл объектінің үш өлшемді моделін құру процесі. 3D модельдеудің міндеті-қажетті объектінің визуалды көлемді бейнесін жасау.

Жоғарғы сынып оқушылары 3D модельдеуге кәсіби түрде қосылады. Оқушылардың осы санаты үшін еркін таратылатын BLENDER 3D-редакторын пайдалану қарастырылған

Blender-бұл мүмкіндіктерге бай 3D редакторларының бірі. Редактор модельдер мен анимацияларды, текстураны, жарықтандыруды жасауға мүмкіндік береді, әртүрлі материалдарды ұсынады. Бағдарламаның интерфейсі өте күрделі, бірақ студенттер редакторды басқару дағдыларының дәйекті тұрақты дамуына ықпал ететін қажетсіз қозғалыстарсыз модульдік түрде 3D модельдеуді үйренеді. Blender - дегі көптеген командалар пернетақта пернелер тіркесімі арқылы орындалады, сондықтан оқушылар әрқашан қолында болатын пернетақта командаларының "сөздігін" жүргізеді.Әр түрлі жұмыс режимдері үшін әр түрлі интерфейстерді таңдауға болады: біреуі анимация үшін, екіншісі модельдеу үшін. Модельдеу үшін Blender көптеген стандартты геометриялық пішіндерді қолдайды, Безье қисықтары, NURBS беттер, мүсіндік модельдеу, subdivision surface, интерактивті шыңдарды бояу, қаңқаны жылдам жасау және т.б.Сонымен қатар, Blender анимация жасауға мүмкіндік береді. Ол үшін бағдарлама мыналарды қолдайды: қаңқа анимациясы, сызықтық емес анимация (және бұл үшін редактор), морфинг, инверсиялық кинематика, әр түрлі кадрлық байланыстар, Python сценарийі және тағы басқалар. Бұл функция әлі қолданылмайды, бірақ келесі оқу жылында мектепке орта мәртебе берілгендіктен, оны жүзеге асыруға мүмкіндік бар. [5].

Осылайша, осы тәжірибе бойынша жұмыс барысында 3D модельдеуді оқытудың инновациялық технологиясының элементтерін пайдаланудың оңтайлы шарттары білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде кейбір мектептерде модельдеу бойынша қосымша сабақтар енгізілуде. Алайда, компьютерлік 3D модельдеу әдістері перспективада бір жағынан информатика мен математика, физика, биология, экономика және басқа да бірқатар ғылымдардың пәнаралық байланыстарын қолданатын тиімді мектеп құралы болып табылады. 3D технологиялары білім беру мекемелерінің оқытуға деген көзқарасын өзгерте алады, бұл оқытудың заманауи тәсілдерін біріктіруге және қолдануға мүмкіндік береді. 3D технологияларының арқасында білім беру жүйесінде серпіліс болуы мүмкін, бұл балалар мен мұғалімдердің оқулықтармен жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. 3D технологиялары оқу сабақтарын әртараптандыруға мүмкіндік береді, ал оқу үдерісін тиімді және көзбен көлемді етуге мүмкіндік береді. [6]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Практикум по информатике: Учеб. пособие для студ. Высш. Учеб. заведений / А.В. Могилев, Н.И. Пак, Е.К. Хеннер; Под ред. Е.К. Хеннера. - 2-е изд., стер. - М.: Издательский центр "Академия", 2005. - 608 с.
2. Иванова, Е. О. Теория обучения в информационном обществе[Текст] / Е. О. Иванова, И. М. Осмоловская.– М.: Просвещение, 2011. – 190 с. \
3. Дж. Ли, Б. Уэр. Трёхмерная графика и анимация. — 2-е изд. — М.: Вильямс, 2002. — 640 с.
4. Алехина Г.В., 3D-моделрование. Интернет курс [текст]// Г.В. Алехина, М.В. Козлов, Н.Я. Спивакова. 2011 г МФПУ «Синергия» - 20 с
5. file:///D:/Downloads/Grigoryeva2.pdf
6. Использование элементов технологии 3D-моделирования на уроках информатики и во внеурочной деятельности как средство формирования профессиональных компетенций учащихся.Кушнерева Галина Юрьевна 2017г.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Абуова Жанат Кожановна
Магистр, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: zhanatabuova73@gmail.com

Амангелді Балауса Әсетқызы, Жылкыбаева Умытай Жалгасовна, Бақытжан Мереке Нұрболатқызы
Цифрлық аналитикалық білім беру жүйелерін жобалау білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалқы Университеті,
e-mail: umitai.jylqybaeva@gmail.com, balausaamangeldi@mail.ru , bakhytzhan.mereke@ bk.ru

Аңдатпа. Қазіргі таңда күнделікті өмірімізде ЖИ терминін жиі естиміз және қолданамыз. Бұл дегеніміз, ЖИ барлық салаларда қарқынды дамып, жетістіктерге жетуде. Мақалада ЖИ рөлі, оны құру идеясынан бастап білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселелері, шығу тарихы, сондай-ақ білім беру саласында жүргізілген жұмыс және цифрлық қоғамның даму перспективалары қарастырылады. ЖИ анимация, сондай-ақ олардың ЖИ дамуын қосу негізінде құрылған және дамып келе жатқан онлайн білім беру курстарын дамытудағы маңыздылығы көрсетілген. Осы мақалада Қазақстанның мектептері мен университеттерінде қолданылатын ЖИ туралы өз бағасы беріледі.

Кілт сөздер: ЖИ, білім беру саласы, онлайн білім беру курстары, анимация, .

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. В настоящее время мы часто слышим и употребляем в повседневной жизни термин искусственный интеллект, искусственный интеллект стремительно развивается и добивается успехов во всех сферах. В статье рассматривается роль искуственного интеллекта, актуальные проблемы в образовательном пространстве, начиная с идеи его создания, небольшой истории, а также проведенной работы в сфере образования и перспективы развития цифрового общества. Показана значимость искуственного интеллекта в развитии мультимедиа, анимации, а также образовательных онлайн-курсов, базирующихся и развивающихся на основе включения их разработку исскуственного интелллекта. В данной статье дается оценка искусственного интеллекта, применяемого в школах и университетах Казахстана.

Ключевые слова: искусственный интеллект, сфера образования, образовательные онлайн-курсы, аннимация, .

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN EDUCATION

Abstract. Currently, we often hear and use the term artificial intelligence in everyday life, artificial intelligence is rapidly developing and achieving success in all areas. The article examines the role of artificial intelligence, current problems in the educational space, starting with the idea of its creation, a short history, as well as the work done in the field of education and prospects for the development of a digital society. The importance of artificial intelligence in the development of multimedia, animation, as well as online educational courses based on and developing on the basis of their inclusion in the development of artificial intelligence is shown. This article gives an assessment of artificial intelligence used in schools and universities in Kazakhstan.

Keywords: artificial intelligence, education, online educational courses, animation, .

Интеллект - бұл мидың (интеллектуалды) міндеттерді тәжірибе арқылы оқу процесінде білімді игеру, есте сақтау және мақсатты түрде өзгерту және әртүрлі жағдайларға бейімделу арқылы шешу қабілеті. [1] Бұл анықтамада "білім" термині сезім мүшелері арқылы миға түсетін ақпаратты ғана білдірмейді. Білімнің бұл түрі өте маңызды, бірақ интеллектуалды қызмет үшін жеткіліксіз. Бізді қоршаған ортаның объектілері сезім мүшелеріне әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір қатынастарда бір-бірімен болу қасиетіне ие.

Білім жүйесінде интеллектуалды қызметті жүзеге асыру үшін осы әлемнің моделі болу керегі анық. Қоршаған ортаның осы ақпараттық моделінде нақты объектілер, олардың қасиеттері мен арасындағы қатынастар тек бейнеленіп, есте қалып қана қоймайды, сонымен қатар интеллекттің осы анықтамасында атап өтілгендей, ақыл-ойды "мақсатты түрде өзгертуге" болады. Сыртқы орта моделінің қалыптасуы "тәжірибе арқылы оқу және әртүрлі жағдайларға бейімделу процесінде" жүреді. "ЖИ" (ЖИ) терминін Джон Маккарти 1956 жылы енгізген. Сол жылы антивирус, компьютерлік ойындар шахмат сияқты бағдарламалар көрсетілді. Негізі адам мүлдем жалғыз ойнай алады, оның қарсыласы компьютер болды. Осылайша ЖИ жолы басталды.[2]

Зерттеу мақсатымызға қарай төмендегі сұрақтар жауабын табуды көздейді:

1. ЖИ білім беруді жекелендіруге және әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделуге қалай көмектеседі?

2. Білім беруде ЖИ табысты қолданудың қандай мысалдары бар?

3.ЖИ мұғалімдерге тиімді оқу материалдары мен нұсқауларды жасауға қалай көмектесе алады?

Зерттеу нәтижесі. ЖИ маңыздылығы, оның технологияларының бүгінгі күнге дейін дамуы, сондай-ақ оны іске асыру болжамдары, әсіресе білім беру саласында ешкімге күмән келтірмейді.

ЖИ білім беруді жекелендіруге және әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделуге қалай көмектеседі? ЖИ негіздерінің білім беру саласындағы бірінші артықшылығы - оқу тиімділігін арттыру болып табылады. ЖИ әр оқушының жеке қажеттіліктерін анықтауға және олардың білім деңгейі мен қабілеттеріне сәйкес келетін оқыту материалын беруге көмектеседі. Бұл оқыту процесін жылдамдатуға және нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Екінші артықшылығы білім сапасын арттыру - жасанды интелект мұғалімдерге тиімдірек оқу бағдарламалары мен курстарын жасауға көмектеседі. ЖИ оқушылардың білімін бағалау және жалпы білім сапасын арттыру үшін де қолданылады [5].

Үшіншіден, оқытуды жекелендіру мүмкіндігі- машиналық оқыту студенттердің өнімділігі деректерін талдап, жекелендірілген оқу тәжірибесін ұсына алады [4].

ЖИ технологиялары аз уақыт ішінде жоғары сапалы білім беру өнімдерін жасауға көмектесу, оларды білім беру кеңістігінде жаңа шығармашылық тұжырымдамалардың пайда болуын ынталандыру арқылы қол жетімді ету арқылы жетілдіріліп, дамып келеді.

Қосымша көрнекі материалдарды жасау процестерін байытуды жеделдету кезінде жаңа заманауи және қызықты жұмыс тәсілдері қол жетімді болады.

Қазақстандағы білім беру процесінің мәселелері келесідей:

1-кесте. Білім беру процессінің мәселелері. [3]

Ескірген әдістемелік база	Алматы, Астана, Шымкент ірі қалалардан басқа қалаларда көбінде мектептерде ескірген әдістемелік база.
Технология ғасыры студенттердің бір сағаттық дәрістерге қызығушылық танытпайтынын айтады	Дәрістерде көбінесе «қызықсыз» ақпарат болғандықтан, дәріс барысында оқушылар басқа іспен айналысып отырады.
Қазіргі мектеп оқушылары мен студенттер мұғалімнен бүкіл сабаққа қарағанда 15 минут ішінде ақпарат таба алады	Барлық мектеп/университеттерде сабақ сағаты 40 минут немесе 1 сағат, алайда ол максималды түрде пайдалы болып өтпейді. Себебі сол айтылған ақпаратты телефон арқылы тез арада табуға болады.

ЖИ пайдаланған кезде де тағы бір мәселе бар – интернеттің сапасының төмендігі.	ЖИ жақсы интернет байланысын талап етеді, алайда бәрімізге мәлім – Қазақстандағы интернет сапасы кейбір кездерде сапасыз болып келеді.

Білім беруде ЖИ табысты қолданудың қандай мысалдары бар?

Білім алушылардың шығармашылық тапсырмаларын – эссе, шығармаларын автоматты түрде тексеретін программалар ойлап шығарылады. ЖИ білім беру саласында қолдану идеялары өте ауқымды. Есепті шешу барысында байқалатын интеллектуалдың өзіндік белгілері – оқуға, тәжірибе жинауға және тапсырмаларды шешу барысында өзгерістерге бейімділу. ЖИінің осы қасиеттерінің арқасында ми түрлі тапсырмаларды орындай алады, бір шешімнен екіншісіне оңай ауысады. ЖИ көптеген алдын-ала стандартты шығарылуы жоқ тапсырмаларды шеше алатын әмбебап құрал болып табылады.

ЖИ мұғалімдерге тиімдирек оқуды материалдары мен нұсқауларды жасауға қалай көмектесе алады? Қазіргі таңда ЖИ мұғалімнің рөлін алмастырып, оқуды механикалық және монотонды ете алады деген қауіп бар. Бірақ ЖИ мұғалімді алмастырмайды, керісінше, мұғалімге оқушылармен бірге сабақ барысында жіберетін қателіктерін көрсетіп, оқытуды жақсарту туралы нұсқау береді. Жасанды интелектті тиімді қолданған жағдайда бұл педагог үшін маңызды құрал болып саналады. Мысалы, сабаққа талдау жасау, оқушылардың жалпы деңгейін көтеру мен оқытудың ең оңтайлы стратегияларын табу үшін қолданылуы мүмкін [4]. ЖИ арқылы анимациялық өнімдерді қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Графикалық бейнелерді жасауға, оларды жандандыруға, оларға қозғалыс беруге, толыққанды сюжеттер жасауға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламаларды игеру, немесе өзге құбылыстарды жеткізе білу үлкен дағдылар мен уақыт шығындарын талап етеді. ЖИ тек құрал ретінде ғана пайдаланылуы керек және мұғалім рөлін алмастырмайтынын атап өткен жөн.

ЖИ оқытуда да, студенттердің білімін бағалауда да профессор-оқытушылар құрамына бәсекелес емес. ЖИ - көмекші, бірақ құнды құрал, ол университетте жүзеге асырылатын көптеген түрлі операцияларды орындай алады және жетілдіре алады, тиімді оқу процесін ұйымдастыруға және қажетті коммуникацияларды құруға көмектеседі. Жылдам өзгеріп жатқан әлемде, жақындап келе жатқан технологиялық жағдайларда жақын арада бірқатар мамандықтар жойылып, жаңа өзекті мамандықтар, соның ішінде ЖИ саласында пайда болатыны анық.

Қорытынды. ЖИ білім беру саласында маңызды орынға ие, сондай-ақ оқу сапасын жақсартуға, оны әр оқушы үшін қол жетімді және жекелендірілген етуге көмектеседі, бірақ оны адам факторымен үйлестіре пайдалану керек. Жалпы ЖИ білім беру саласында студенттердің жұмысын жеңілдетеді, мұғалімдердің жұмысын азайтады. Дегенмен, студенттер көптеген ғылыми/дипломдық жұмыстарды өз күшімен емес, ЖИ арқылы істеуі қауіпті. Ол өз кезегінде білім алушылардың білім деңгейін, ізденісін төмендетеді. Сондықтанда білім мен техниканың салтанат құрып тұрған заманында оқу үдерісінде ЖИ қолдану болашақтың кемел боларын айқындайды. ЖИ жақсы дүние, бірақ оны шегімен қолданған жөн және заңнамада ол жайында жазылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Асылханов «Қазақстанның білім саласындағы болашағы» Ықылас баспасы, 2022 жыл. 55-74 бет.

2. А.Андроненко «Как Казахстан меняется на фоне развития искуственного интеллекта» 2023 жыл. 74-89 бет.

3. Ә.Смайл «ЖИің қауіпі мен салдары» мақалалар жинағы Алматы баспасы. 2021 жыл. II басылым.

4. Оңғарбай.Ә. Оқу үрдісіндегі ЖИ // «Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолдында» атты Республикалық .ғылыми-практ. конф. материалдары.- Алматы,2020. - Б.140-144.

5. https://infojournal.ru/journals/info/info_06-2019/ Левченко И. В.,
Основные подходы к обучению элементам искуственнного интеллекта в школьном курсе информатики // Информатика и образование. –2019. №6.- С. 7-15.

ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

[1]Самидинова А.А., [2]Темірболат А., [3]Қажыбаева А., [4]Разхан А.
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, техника ғылымдарының магистрі, оқытушы, aishapagat1@mail.ru
[2]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, kazhybayeva03@mail.ru
Алматы, Қазақстан

*Аңдатпа:*Мақалада шет тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңыздылығы мен қажеттілігі қарастырылады. Бұл мақалада шет тілінде ақпарат жинақтау құзыреттілігі, ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігі туралы толық ақпарат берілген. Мақала студенттердің шет тіліндегі ақпараттық-жинақтау құзыреттілігін дамытуда мультимедиялық технологияларды қолдануды зерттеуге арналған. Осы мақаланың мақсаты студенттердің шет тілдерін үйрену қабілетін дамытуда мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін көрсету.

Түйін сөздер: мультимедиялық технологиялар, ақпараттық құзыреттілік, шет тіліндегі ақпараттық–жинақтаушы құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпарат.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЯНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

*Аннотация:*В статье рассматривается важность и необходимость использования информационно–коммуникационных технологий в иноязычном образовании. В данной статье представлена подробная информация о накоплении иноязычной информационной компетенции, эффективности использования информационных технологий. Данная статья посвящена исследованию использования мультимедийных технологий в развитии иноязычной информационно – аккумулирующей компетенции студентов. Цель данной статьи – представить эффективность использования мультимедийных ресурсов в развитии способности студентов к изучению иностранных языков.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, информационная компетентность, иноязычная информационно–аккумулирующая компетенция, информационно–коммуникационные технологии, информация.

THE USE OF MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

*Annotation:*This article emphasizes the significance and indispensability of utilizing information communication technologies for foreign language education. It offers comprehensive insights into foreign language information accumulating competence and the advantages of incorporating information technologies in language learning. The article delves into the exploration of multimedia technologies and their role in fostering foreign language information-accumulating competence of students. Its primary objective is to demonstrate the efficacy of multimedia resources in enhancing students' foreign language learning capabilities.

Keywords: multimedia technologies, information competence, foreign language information-accumulating competence, information and communication technologies, information.

1.Кіріспе

Білім беруде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мұғалімдердің оқу және кәсіби даму қажеттіліктерін арттырады.

С. Құнанбаеваның айтуынша, ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаты педагогикалық қызметте тиімді іске асыруға дайын және қабілетті болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Шет тілін (шет тілдік қарым – қатынасты) оқытудың негізгі мақсаты-IT тұрғысынан шетелдік білім берудің жаңа тұжырымдамасы негізінде мәдениетаралық қарым-қатынас саласында жеке тұлғаның мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Мұғалімдер оқушыларға оқу құралдарын пайдалану арқылы көмектеседі. Стратегия сәтті процесті анықтайды. Егер мұғалім ешқандай медиа құралдарды қолданбаса, онда оқыту мен оқытудың қызықты процесі болмайды. Оқушыларға оқу процесінде, әсіресе мектепте оқып жүргенде жаңа нәрсе қажет.

Уақыт өте келе Ақпараттық технологиялар дамып, жетілдірілгендіктен, шет тілдерін оқыту кезінде сыныптарда технологияны қолдану кеңейді. Сыныпта ақпараттық технологияларды қолдану шет тілдерін оқыту және үйрену үшін өте маңызды және қуатты ресурс болып табылады [5]. Менің ойымша, шет тілі мұғалімдері осы технологияның артықшылықтарын пайдалануды және оны оқытушылық дағдыларына біріктіруді үйренуі керек. Компьютерлер, смартфондар, планшеттер және т. б. шет тілін үйренуге кең мүмкіндіктер береді. Ақылды тақталар оқушыларды сабаққа тарту мен ынталандыруда маңызды рөл атқара алады.

2. Шет тілін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың артықшылықтары.

Шет тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаты - оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттыру. Қазіргі уақытта стереотиптік дәстүрлі оқыту әдістері мен қоршаған орта танымал емес, ал аудио және визуалды анимациялық эффектілері бар мультимедиялық технологиялар біздің ақпаратқа қол жетімділікті кеңейтеді. Сонымен қатар, мультимедиялық технологиялар шындық сезімін береді және өте жақсы жұмыс істейді, бұл оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен мотивациясын, сондай–ақ олардың ақпараттың көптігі және уақыт пен кеңістіктің қиылысы сияқты сипаттамалары бар сыныптағы бірлескен жұмысын айтарлықтай арттырады[9].

Оқушылардың белгілі бір тілді түсіну қабілеті, сондай–ақ олардың тілдің құрылымын, мағынасын және мақсатын түсінуі дәстүрлі оқытумен қиындады, бұл оқушыларды білімнің пассивті сіңіргіштеріне айналдырды. Осылайша, қарым-қатынас мақсатына жету қиын. Мультимедиялық технологиялар мұғалімнің нұсқаулары арқылы оқушылардың танымдық процестері мен эмоцияларын бағыттау арқылы оқыту мен өзін–өзі тәрбиелеуді байланыстыруға бағытталған. Нәтижесінде студенттер ынталы болады. Топтық талқылау, тақырыптық талқылау және пікірталас сияқты сыныптағы сабақтар студенттер мен оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым–қатынас үшін көбірек мүмкіндіктер бере алады.

Мультимедиялық оқыту тілді оқыту үшін контекст жасайды. Бұл әдіс сабақты жанды және қызықты етеді, сонымен қатар сабақты ұйымдастыруды оңтайландырады. Мультимедиа көрнекілік пен жандылық сияқты ерекшеліктерге ие. Дыбыстар мен графиканы ағылшын тілін мультимедиялық оқыту процесінде біріктіруге болады, бұл оқытушыларды да, студенттерді де бастамашыл болуға шақырады. Мұғалімдер мультимедиялық бағдарламалық құралды пайдалану кезінде сабақ мазмұнын кеңейту үшін фотосуреттер мен графиканы пайдалана алады және оқу құралдарын жасау кезінде жаңа сценарийлерді қамтамасыз ете алады. Адам қиялын өмірге әкелетін мультимедиялық элементтердің бірі – анимация. "Анимация" термині латынның "animare" сөзінен шыққан, "қосу" немесе "жандандыру" дегенді білдіреді және статикалық элементке шынайы көрініс беру процесін білдіреді. Анимация, танымал пікірге қарамастан, ойын-сауық, саяхат және бизнеспен ғана байланысты емес, сонымен қатар білім беруде маңызды рөл атқарады. Білім

беру әлемінде анимация оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады және мұғалімдерге оқушыларды жағымды оқуға ынталандыруға көмектеседі. Бұл тақырыпты талқылау немесе дағдыларды көрсету уақытын қысқартады, осылайша оқушылар оны түсініп, есте сақтай алады. Сонымен қатар, цифрлық анимация оқушылардың ойлауын ынталандырады. Осылайша бүкіл оқу процесінде когнитивті жүктемені азайтады[8].

Қолданбалар–бұл App Store, Google Play, Windows Phone Store және BlackBerry App World сияқты "қолданбалар дүкендерінен" жүктеуге болатын "қолданбалы бағдарламалық жасақтаманың" аббревиатурасы. Мобильді қосымша-бұл iPhone, iPad және басқа мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтаманың бөлігі. Кейбір бағдарламаларды тегін жүктеп алуға болады, ал басқалары төлемді талап етеді. Ойындар, ойын - сауық және білім–бұл мобильді қосымшалардың кейбір санаттары.Балаларға арналған қосымшалар оларды оқытуға мүмкіндік береді. App Store дүкенінде көптеген білім беру қосымшалары бар және сіздің балаңыз үшін дұрысын таңдау олардың оқу процесін қалай қабылдайтынына әсер етуі мүмкін.

Онлайн ойын-бұл Интернет немесе кез келген басқа қол жетімді компьютерлік желі арқылы ішінара немесе толығымен ойналатын бейне ойын. Онлайн ойындар студенттерге ынталы болуға, тиімді қарым–қатынас жасауға және бірлесіп жұмыс істеуге көмектеседі. Онлайн ойындарды қарапайым мәтіндік орталардан бастап күрделі графика мен виртуалды әлемдерге дейін әртүрлі тәсілдермен жасауға болады [6].

Сандық ойынға негізделген оқыту (DGBL) – оқушыларды тарту үшін бейне ойындарға білім беру мазмұнын немесе оқыту принциптерін қосуды қамтитын оқыту әдісі. Сандық ойындарға негізделген оқыту қарапайым тапсырмаларды орындаудан бастап күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға дейінгі әртүрлі әрекеттерді қамтиды.

Сандық әңгімелеу–бұл өмірдің барлық салаларындағы адамдарға өз әңгімелерінің бөліктерін бөлісуге мүмкіндік беретін цифрлық медианы құрудың бір түрі. Адамдар оқиғаны баяндау немесе идеяны, соның ішінде кинотехниканың сандық эквивалентін ұсыну үшін кез–келген физикалық емес медианы (қағаздағы нақты суреттерден немесе фотосуреттерден, таспаға немесе дискіге жазылған дыбыстардан, фильмге түсірілген фильмдерден айырмашылығы, тек электронды файлдар түрінде болатын материал) пайдалана алады (толық метражды фильм). немесе физикалық емес медианың басқа түрлерінің кез келгені (қағаздағы нақты суреттерден немесе фотосуреттерден, таспаға немесе дискіге жазылған дыбыстардан, Фильмге жазылған фильмдерден айырмашылығы тек электрондық файлдар түрінде болатын материал[10].

Ақпараттық қоғам эволюциясының осы кезеңінде АКТ-ның ақпаратты ұсыну мен қабылдаудың өзгеруіне әсерін талқылау қажет; коммуникацияның жаңа түрлерінің пайда болуы; сауаттылықты, жекелеген негізгі құзыреттерді жаңа түсіну; және ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану. Қазақстанда білім беру жүйесіне ақпараттық–коммуникациялық технологияларды енгізу білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Компьютерлер мен телекоммуникациялар ақпараттық технологиялардың негізі болып табылады. С. Құнанбаеваның айтуынша, технологияларды қолдану мұғалімдерге білім беру процесінің тиімділігін, оқушылардың оқу сапасын арттыруға және мұғалімдерге сыныпта қосымша көрнекілік әсеріне қол жеткізуге көмектесуге мүмкіндік береді, бұл оқушыларға мазмұнды тезірек және көбірек сіңіруге мүмкіндік береді. [1, б.12].

Көптеген аспектілерде ақпараттық білім беру ортасы мұғалімдерге белгілі болған және Мемлекеттік стандарт пен орта мектеп бағдарламасы аясында оқушылар үшін маңыздылығын жоғалтқан дәстүрлі шет тілі жүйесінен асып түседі. Бейіндік мектептерде ақпараттық білім беру ортасын құру үшін шет тілін үйрену контекстінде АКТ қолданудың артықшылықтары келесі бөлімдерде көрсетілген:

- мультимедиялық технологияларды қолданудың арқасында мұғалімдер әрдайым шет тілін оқыту әдістемесі саласындағы ең заманауи материалдар мен ақпаратқа қол жеткізе алады; - білім беру процесінде қазіргі заманғы оқушылардың әлеуметтік-мәдени ортасына

сәйкес келетін және білім беру процесінің барлық қатысушыларының мотивациялық қызығушылық деңгейіне оң әсер ететін Оқыту құралдары мен формаларының кеңейтілген спектрі бар; Нәтижесінде шет тілін оқыту әдістері үнемі жетілдіріліп отырады, мектептердің жергілікті және аймақтық деңгейлерінде педагогикалық тәжірибе жинақталады және енгізіледі, педагогикалық технологиялар алмасады.

- оқушылардың виртуалды пікірталастар мен конференцияларға қатысуы, олардың шет тілі мен әдебиеті бойынша балалар конкурстарының трансляцияларына қатысуы, онлайн оқыту ойындарына қатысуы, сондай-ақ үй тапсырмасын орындау және оларға таныс гаджеттерді (планшеттік компьютерлер, телефондар, Ноутбуктер) пайдалана отырып көрсету сияқты оқу материалымен жұмыс істеудің инновациялық нысандарын ашу [7].

3.Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру жолдары.

Қазіргі қоғам ақпараттандырудың жоғары деңгейімен сипатталады және студенттерге ақпараттың тұрақты ағымына және өмір сүру жағдайлары мен жағдайларының өзгеруіне тиімді бейімделуге, жаңа білімді өз бетінше іздеуге және алынған ақпаратты пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық құзыреттілік пен қалыптасқан ақпараттық дағдылардың жеткілікті деңгейіне ие болу қажет.табысты бейімделу, өнімді өмір сүру және тиісті ақпарат алу үшін алынған.

Ақпараттық құзыреттілік ақпараттық–коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы білімді, сондай-ақ оларды ақпараттық ресурстарды пайдалануға баса назар аудара отырып, шет тілін оқыту процесінде тиімді пайдалануды көздейді. Оқушылардың ақпараттық сауаттылығы, керісінше, ақпарат жинау құзыреттілігін дамытудың негізі, бірінші кезеңі болып табылады және ол студенттерге әртүрлі әрекеттер мен қарым-қатынастарда ақпаратты тиімді табуға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін білім, Дағдылар мен мінез-құлық сипаттамаларының жиынтығынан тұрады. Ақпараттық мәдениет пен ақпараттық құзыреттілік қазіргі ақпараттық жағдайларда адамның жалпы мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [3].

Білім беру процесінде студенттің жеке басының параллель дамуы және оның ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуы жүреді, ол "білім, білік, ақпараттық қызмет және оған құндылық қатынасын қамтитын тұлғаның интегративті сапасы" ретінде анықталады және ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуының барабар деңгейі "ақпараттық сауаттылыққа" ие жеке тұлғаны "түсіну, іздеу және бағалау үшін Интеллектуалды құрылым" ретінде қамтамасыз етеді ақпарат"[8].

"Орта мектеп оқушылары ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланған кезде, олар бірқатар қиындықтарға тап болады, соның ішінде дұрыс іздеу құралын таңдау қажеттілігі, дұрыс кілт сөздерді пайдаланып сауатты сұрау жасау қабілеті және ақпараттың маңыздылығын жылдам анықтауды, оны талдауды қамтитын электрондық мәтіндермен жұмыс істеу мүмкіндігі және қосымша мәтіндер жасау. Нәтижесінде, студенттерге қысқа уақыт ішінде мүмкіндігінше көп білім берудің орнына, шет тіліндегі ақпарат ағынында қалай шарлау керектігін үйрету және ақпаратты іс жүзінде тиімді пайдалану қабілетін дамыту қажет.

Ақпаратты таңдауға үйрету, сәйкесінше Бим и. Л. шет тілін үйренудің кең мақсатының бөлігі болуы керек, кәсіби маман ретінде болашақ маманның білімі мен мәдениетін дамытуға ықпал ететін мәдени-білім беру функциясы [2, 79-бет].

Халықаралық ынтымақтастық жаһандану, ақпараттандыру және бизнесті интернационалдандыру, сондай-ақ қоғамда болып жатқан интеграциялық процестер нәтижесінде әр түрлі кәсіби салаларда жүреді, л.д. Раицкая шет тіліндегі ақпараттық құзыреттіліктердің қалыптасуы мен дамуы кәсіпқойлық пен табысты мансаптың негізгі шарты деп санайды [11, 34-бет].

"Сыртқы әлеммен қарым–қатынас ақпарат алудың шарты" болғандықтан, орта мектептің міндетіне тек шет тілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамыту және ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар шет тілдік-ақпараттық-жинақтаушы құзыреттілікті қалыптастыру кіреді. [4, б. 86].

4.Қорытынды.

Қорыта келгенде, қазіргі білім беру жағдайында шет тілін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолдану басты рөл атқарады. Интерактивті оқыту платформалары, бейне сабақтар, аудиоматериалдар мен қосымшалар сияқты технологиялар оқу үдерісін байытады, оны қолжетімді, қызықты және тиімді етеді. Олар шет тілінде түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Көптеген адамдар үшін ақпараттық технологиялар олардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) оқыту мен оқытуды жетілдіру адамдардың өмірін жақсартатыны анық.

Мультимедиялық ресурстар студенттерге әртүрлі контексте тілмен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, иммерсивті оқу ортасын жасайды. Бұл тілдік дағдыларды жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қатар мәдени түсінуді дамытады және білім беру тәжірибесін байытады.

Дегенмен, мультимедиялық технологияларды табысты пайдалану үшін оларды оқу үдерісіне үйлесімді кіріктіре отырып, көп қырлы көзқарас қажет екенін түсіну маңызды. Студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту стратегиялары мұндай оқытудың пайдасын барынша арттыру үшін өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

[1] Backlund, P. & Hendrix, M. (2013), 48-бет. Оқу ойындары – олар күш салуға тұрарлық па?

[2] Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблемасы школного учебника - М.:Рус.яз.,1977- б.78-86 .

[3] Бастауыш мектептің оқу жоспарындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, NCCA, 86-бет.

[4] Бастауыш мектептің оқу жоспарындағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ), Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, NCCA, 86-бет.

[5] Құнанбаева С.С. Қазіргі шетел тіліндегі білім берудің теориясы мен тәжірибесі.- Алматы, 2010. – 25 б.

[6] Шетелдік білім беруді модернизациялау: лингвомәдени көзқарас, С.С.Құнанбаева .Гертфордшир баспасөзі. 2013,12 б

[7] Роберт IV Теория и методика информации образование (психолого-педагогический и технологиический аспекты) БИНОМ. Знаний зертханасы. 2014. –43 б.

[8] Радовель М.Р. Диалогтық қатынастар теориясы контекстіндегі этносаралық қатынас мәселелері.-Ресей,2004. - 153-159 б

[9] Реиндерс, Хайо. ред. Тілдерді оқыту мен оқытудағы цифрлық ойындар. Хэмпшир және Нью-Йорк: Пальграв Макмиллан, 2012, 25-бет.

[10] Щукин А.Н. Шетел тілдерін оқыту. Теория және практика: оқытушылар мен студенттерге арналған оқу құралы. М: Omega-L [және т.б.], 2010. -475 б

[11] Штулман Е.А.Основый эксперимента в методике обучения иностранным языкам Монография/ Е.А.Штулмана.- Воронеж. -1971.-34 б.

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ САПАСЫН АРТТЫРУДА ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Досбенбетова А.Ш. п.ғ.д., профессор.
Ж.А.Ташенев атындағы университет,
Шымкент қаласы, anarados56@mail.ru.
Анапьяева С.А. магистр-оқытушы.
Ж.А.Ташенев атындағы университет,
Шымкент қаласы, dari-ai@mail.ru
Избасханова А.А., п.ғ.к.
ОАИУ, Шымкент қаласы.

Резюме: в статье рассматриваются актуальные проблемы качества подготовки педагогов.Одним из важнейших направлений в этом процессе является взаимодействие Вуза и школы. Приводятся примеры взаимного сотрудничества педагогов университета с учебными заведениями г.Шымкента. Даются рекомендации по улучшению качества подготовки специалистов.

Ключевые слова: качество подготовки кадров, взаимодействие Вуза и школы, педагогический процесс.

Түйіндеме: мақалада мұғалімдерді даярлау сапасының өзекті мәселелері қарастырылады.Бұл үдерістегі маңызды бағыттардың бірі жоғары оқу орны мен мектептің өзара іс-қимылы болып табылады. Университет педагогтарының Шымкент қаласындағы оқу орындарымен өзара ынтымақтастығының мысалдары келтірілген. Мамандарды даярлау сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: кадрларды даярлау сапасы, ЖОО мен мектептің өзара байланысы, педагогикалық процесс.

Summary: the article deals with the actual problems of the quality of teacher training.One of the most important directions in this process is the interaction of the University and the school. Examples of mutual cooperation of university teachers with educational institutions of Shymkent are given. Recommendations are given to improve the quality of training of specialists.

Keywords: quality of personnel training, university-school interaction, pedagogical process.

Еліміздегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді назарда ұстай отыра, білім саласының жоғары деңгейін дамыту керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Токаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына жолдауында ең өзекті мәселелердің бірі - білім саласын барлық тұстан дамыту болып табылады [1].

Мектеп пен жоғарғы оқу орындары үнемі өзгеріске ұшырайтын білім ордасы. Оған себеп - үнемі ішкі өзгеріс. Бұл өзгерістердің ауыртпашылығын көтеретін – ол педагог.

Бүгінгі таңда бітіруші түлектерге жаңаша талаптар қойылу керектігіне көзіміз жетті. Себебі жас маман сөйлесу мәнерін білуге, жаңашыл болуға, терең ойлануға, дұрыс шешім қабылдауға, ақпаратты көзін өзі ізденуге, барлық өзгерістерге дайын болуы керек. «Ең қиыны оқытылушыны өзі ізденуге және саралауға, ақпаратты дұрыс жүйелеп, оны қоғамның дамуына пайдалана білуді үйрету» [2].

Біздің ойымызша, білікті ұстазға қойылатын міндетті қағидалар болуы тиісті. Олар: жоғарғы білім, ұтымды әдіс-тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлай білу, кері байланыспен кәсіби ізденіс. Білікті ұстаз оқушының ойлау қабілетін дамыту жағынан өз пәнін жетік меңгерген, әдіскер, ізденімпаз, рухани-адамгершілігі жоғары, жүйелеуші, заманауи білімнің философиясын терең меңгерген және үнемі өзгеріп тұратын ақпаратқа дайын педагогикалық білімі бар тұлға [3].

Мұғалімнен талап етілетін әлем сұранысы :

- Академиялық жоғарғы білім (пәндік, тілдік,ақпараттық);
- Жақсы дамыған коммуникативті дағдылар;
- Өзін-өзі дамыту және өз білімін жетілдіруге деген қабілет;
- Сыни тұрғыдан ойлау.

Сондықтан мектеп пен жоғарғы оқу орындары мұғалімнің мектепте инновациялық қабілетін көрсете алу үшін, педагогикалық ортаның назарынан жас маманды шығармауы тиіс.

Қоғам мен мемлекеттің талаптарын ескере отырып, дайындаған жоғары квалификациялы педагог кадрларды дайындау мәселесі бойынша университет қызметкерлері жұмыс беретін білім ордаларымен жаңаша байланыс орнатуға міндеттелген [4].

Кафедра оқытушылары жалпы білім беретін білім ордаларымен бір тұтас, жүйелі процесті, яғни білім, тәрбие, әдіскерлік, ғылыми-ізденімпаздық дағдыларды дамыту үшін тығыз байланыста болу керек.

Кесте-1.

Болашақ ұстаздарды дайындауға арналған мектеп пен жоғарғы оқу орындарының ұсынған моделі.

Оқу процессі	Әдістемелік процесс	Ғылыми-ізденіс процесі	Тәрбие процесі
- Жоғарғы кәсіби баклавр-білім; -Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеріп, қолдана білу; -Оқытылушыларды комплексті емтихандарға дайындау; -Кіріктірілген сабақтарды өткізу; -Педагогикалық тәжірибе; -Мектеп мұғалімдерінің мекмлекеттік аттестациялау комиссиясы болуға қатысуы.	-Қатаң тәртіптегі құжаттардың жүргізілуін білуі; -Мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету; -элективті пәндердің сабақ жоспарын түзу; -әдістемелік нұсқаулықтың үлгісін даярлау; -бақылау жұмысының тапсырмаларын жүйелеу мен саралауға үйрету.	-ғылыми жобаларды өткізу; -оқушылар мен студенттердің ғылыми жобамен айналысуға баулу; -ғылыми конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру; -ғылыми-педагогикалық әдебиетті даярлау; -дипломдық жұмысты жазу; -Мектеп базасында ғылыми жобаны жазу; -Пәндік олимпиадаларды өткізу.	-Мектептің тәрбие процесімен студенттерді таныстыру; -Шығармашылық және дене тәрбиесіне байланысты іс-шаралар өткізу; -Бірлескен шығармашылық жұмыстар; -Педагогтар арасында пән олимпиадасын өткізу; -Отбасы мен қоғамның ара-қатынасын мектеп өмірімен байланыстыру; -Кәсіби-насихаттау жұмыстары; -«Ашық күндер» іс-шарасын мектепте өткізу.

Бір сөзбен айтқанда, білім саласында бәсекелес маманды дайындап шығаруға міндеттіміз.

Этно-мәдени орталықтар, мектеп және басқа білім беретін ордаларымен бірге кафедра оқытушылары ұлтаралық ара-қатынасты жақсартуға көзделген түрлі іс-шаралар өткізіп жатыр (семинарлар, тренингтер, тілге байланысты сайыстар, мәдениет пен қазақ халқының салт-дәстүрін танытуға байланысты сайыстар).

Бұл іс-шаралардың мақсаты– мұғалімнің инновациялық дағдыларын шыңдау.

Сондықтан кафедра оқытушылары білім ордаларына арнайы барып, тәжірибе алмасуда.

Болашақ мұғалімді дайындау жұмысы бойынша мектеп пен жоғары оқу орындарының жүргізетін жұмыс жоспары:

- Ғылыми-практикалық конференция;
- Семинар, тренингтер;
- Педагогикалық практика;
- Мастер-класс;
- Кіріктірілген сабақтар;
- Элективті сабақ жоспарын дайындау;
- Тәрбие прцесіне инновациялық технологияларды ендіру;
- Олимпиадалар ұйымдастыру;
- Жоғарғы оқу орындарына түсу үшін өтілетін курстар;
- Консалтиндік қызмет;
- Кәсіби жұыс;
- Бірлескен әдістемелік-оқу әдебиеті;
- Оқулықтарды презентациялау.

Мектеп пен жоғарғы оқу орындарының инновациялық тұрғыдан болашақ маманды дайындау жұмыстарының мысалы ретінде алуға болатын іс-шаралар:

«Жаңа дәуір педагогтарын дайындау мәселелері: жоғарғы оқу орындарының жұмыс берушілерімен байланысы» тақырыбында «Педагогика және психология» кафедрасымен өткізілген дөңгелек үстел. « Болашақ мамандарға заманауи білім беру жүйесі: әдістеме, тәжірибе» Бастауыш білім және өнер факультетінде ұйымдастырылған семинар және т.б.

Жоғарыда аталған форумның қатысушылары жас маманның жұмысқа орналасуы өзекті мәселе екенін талқылады. Ал мектеп жұмысшылары педагог кадрлардың білімінің сапасын университет қабырғасында жақсарту керектігін ескертті. Айтылған ой-пікірлерді қорытындылай келе, дефектолог, психолог, мектепке дейінге білім беру мен тәрбие мамандығы бойынша маман жетіспеушілігі бар екенін аңғардық. «Инфо-коммуникациялық технологиялар мен электрондық оқыту негізінде оқу процесін модернизациялау» тақырыбында №80 мектеп-лицейде онлайн режимінде республикалық ғылыми-практикалық семинар өтілді.

«Жаңа тұрпатты мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке құзіреттілігін қалыптастыру» тақырыбында кафедра оқытушыларымен №72 жалпы орта мектепте ғылыми-практикалық семинар өтті. Аталмыш білім ордасы «мектеп-лицей» статусын алуға байланысты, экспериментальді алаңда тұрған мектеп. Мектеп мұғалімдерімен 15 инновациялық сабақтар өтілді (ойын сабағы, турнир сабағы, панорамдық сабақтар, көрме сабақтар).

Кафедра оқытушыларымен болашақ педагогтарды даярлау жұмыстары қолға алынған. Педагог-психолог мамандарды даярлау жұмысы өзекті мәселе. Себебі мектеп – ол қоғамның айнасы. Мектеп біздің қоғамдағы бар қиын мәселелерді көрсетеді. Мысалы, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы мен өзекті қоғам сұрақтары мектеп қабырғасында анықталады. Мектеп отбасымен тығыз байланысты. Ал әрбір отбасы қоғам бөлшегі.

Сондықтан Саттар Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейінің ұжымымен бірлескен «Қайырымдылық – жылы жүректен» тақырыбында ата-аналармен заманауи бала тәрбиесіне қатысты түсіндіру жұмыстары бойынша семинар ұйымдастырылды.

Мұндай іс-шараларды өткізу арқылы бірлесіп шығарылған оқулықтарды педагогикалық қауымдастыққа кеңінен таныстырып, мектептің тәрбие ісіне кіріктіруге болады.

«Жас ұстазға 100 бағдар» п.ғ.д., профессор О. Аяшевтің кітабы үлкен сұранысқа ие болды. Бұл кітап оқу процесінің ажырамас бөлігі - тәрбие ісінің жақсаруына септігін тигізеді. Патриотизм, рухани-адамгершілік, ұлтаралық бейбітшілік пен бейтараптылық, рухани және дене тәрбиесін дамыту, заң аясында өмір сүру сияқты құндылықтар, тұлға болып қалыптасу сатысында көрініс табады [5].

№ 24,80 мектептерінде кафедра профессоры А.Ш.Досбенбетованың «Экономика әлемінде» кітабының презентациясы кітаптар көрмесімен бірге қоғамға таныстырылды. Сондай-ақ «Ұлы Жібек Жолы» тақырыбында театрланған жәрмеңке өтті [6].

Мектеп базаларында біздің студенттеріміз ғылыми-іздену жұмыстарын жүргізуде. Үздік мұғалімдердің сабақтарына еніп, ғылыми жобалар қорғап, студенттерді дуальді оқытудың элементтері туралы семинарларға қатысты.

Ж.А.Тәшенев университетінің оқытушылары мен жалпы білім беретін мектеп ұжымымен өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде болашақ педагог кадрларға қойылатын төмендегідей талаптар мен ұсыныстар анықталды:

- Педагог кадрларды дайындау ісін жаңа деңгейге көтеру үшін мектеп пен жоғарғы оқу орындарының даярлық жұмыстарын жақсарту;
- Мектеп пен жоғарғы оқу орындары өзара тығыз байланыс орнатып, инновациялық білім бағдарламаларын күшейтіп, еңбек нарығының талабына сәйкестендіру керек.
- «Мектеп күні» тақырыбында дуальді оқыту бойынша жоғарғы оқу орындарының оқу процесіне енгізу керек;
- Жоғарғы оқу орындарына эксперимент алаңын жасау үшін академиялық еркіндік беру керек;
- Эксперименттік жұмыстардың мониторинг қорытындыларының нәтижесі бойынша жүйелеу жұмыстары;
- Жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына практикалық тәжірибе бойынша сағат жүктемесін көбейту;
- Студенттерді дуальді оқыту жүйесі бойынша бағдарламалар түзу.

Әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Токаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауы – 1 қыркүйек, 2023 ж

2. ҚР Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы https://primeminister.kz/kz/news/gosprogramma-razvitiya-obrazovaniya-do-2025-goda

3.Концепция модернизации педагогического образования Республики Казахстан-Астана, 2020

4.Досбенбетова А.Ш. Болашақ педагогтардың жаңа оқыту технологияларды қолдану құзыреттілігін қалыптастыру//Materials of the XVII International scientific and practical Conference Fundamental and applied science - 2021 , October 30 - November 7, 2021: Sheffield. Science and education LTD -71 p.

5. Жас ұстазға 100 бағдар: зерттеу мақалалар / О.А. Аяшев,т.б. – Астана: Фолинат, 2016.-376 б.

6. Пәнаралық байланыстар негізінде оқушылардың эканомикалық мәдениетін қалыптастыру(Монография) - Шымкент: Әлем,2017.- 192 бет

ӘОЖ: 342(574)

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢНАМАЛЫҚШЕШІМДЕР МЕН НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Битұрсын Ғ.Ш.
Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор
Ұлттық Заң академиясының корреспондент мүшесі
Tashenev University, Шымкент қ.
Galimgan_1980@mai.ru
Исабеков А.Қ.
Заң ғылымдарының кандидаты, профессор
Ұлттық Заң академиясының академигі
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
akil_09@mail.ru

Аңдатпа: Бұл ғылыми мақалада жаңа Қазақстанды құру жолындамемлекет тарапынан қабылданған заңнамалық шешімдер мен нақты қадамдар қарастырылады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті қоғам қалыптастыру» идеясының аясында қазақстандық жастардың құқықтық, қаржылық және ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру, сондай-ақсыбайлас жемқорлықты жою мәселесі көтеріледі.

Түйін сөздер:мемлекет, заң үстемдігі, саяси тұрақтылық, құқықтық сауаттылық, құқықтық сана, әділетті қоғам.

Аннотация: В данной научной статье рассматриваются законодательные решения и конкретные шаги, принятые государством на пути создания нового Казахстана. В рамках идеи Главы государства К. К. Токаева "формирование справедливого общества" поднимаются вопросы формирования правовой, финансовой и информационной грамотности казахстанской молодежи, а также искоренения коррупции.

Ключевые слова:государство, верховенство закона, политическая стабильность, правовая грамотность, правосознание, справедливое общество.

Annotation: This scientific article examines legislative decisions and specific steps taken by the state towards the creation of a new Kazakhstan. Within the framework of the idea of the Head of State K. K. Tokayev "formation of a just society", the issues of formation of legal, financial and information literacy of Kazakhstani youth, as well as the eradication of corruption are raised.

Keywords:the state, the rule of law, political stability, legal literacy, legal awareness, a just society.

Адамзат баласы үшін өзі өмір сүріп жатқан қоғам – қасиетті орта болып саналады. Адамзат баласын қоршаған орта, яғни өзі өмір сүріп отырған қоғам тәрбиелейді. Қоғам адамзат баласынан өмір сүру салтын талап етеді, адамдар сол қоғамның талабына төселіп, «заманына қарай адамы» дегендей тіршілік ететіні белгілі.

Кез-келген қоғамда заң (жалпыға бірдей ортақ тәртіп) үстемдік орнатуы тиіс. Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет, әділетті қоғам құру үшін ең алдымен жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Көп жағдайда қоғамдағы жалпыға бірдей ортақ тәртіптің (заң нормаларының) бұзылуына екі жағдай түрткі болады:

бірінші жағдай – азаматтар өздерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін жете білмегендіктен құқық нормаларының талаптарына қарсы келетін теріс әрекеттерге бару арқылы;

екінші жағдай – лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің өз қызметтерін асыра пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жағдайда, азаматтар өздерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін білмегендіктен өз қалауларымен жасалған іс-әрекеттері арқылы қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықтың бұзылуына ықпал жасайды және өзге азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына себепкер болады. Демек, күнделікті қарым-қатынастарда азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігінен қоғамда заңға қарсы, құқыққа қайшы әрекеттер орын алып, соңы жемқорлық әрекеттерге ұласып жатады.

Екінші жағдайда, мемлекетіміздің қай саласы болмасын лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің өзіне жүктелген қызметті жүзеге асыруға берілген құқықтарын асыра пайдалану, мәселені өз пайдасына шешу арқылы пайдаға кенелу мақсатын көздейтін өзара сөз байласу (өзара сыбайласу арқылы заңға қарсы мәміле жасау) әрекеттері қоғамдық тәртіптің әлсіреуіне, адам мен азаматтардың құқықтарының бұзылуына, жемқорлық әрекеттерінің жайылуына жол ашады.

Заң ғылымында азаматтардың саналы түрде құқық нормаларының талаптарына қайшы өзара сөз байласу арқылы пайда табу мақсатында жасаған қоғамға қауіпті (құқыққа қайшы) іс-әрекеттері сыбайлас жемқорлық қылмысын сипаттайды және саралауға алып келеді.

Конституциямыздың алғашқы бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады ...»деп жазылған[1]. Бұл дегеніміз, Қазақстан Республикасындағы әрбір азамат демократиялық көзқараспен, зайырлы еркіндікпен, құқықтық және әлеуметтік теңдікпен өмір сүруге құқылы деген сөз.Ал осы баптың жалғасы «... оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп «адам құқығы» мәселесін көлденең тартады. Олай болса, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған 98 баптан тұратын Конституциямыздың алғашқы бабының өзі адам құқықтарының заңмен қорғалуын қаматамасыз етуді көздейді. Демек, бас құжат бойынша ел аумағындағы ең бағаланатын нәрсе халықтың мүддесі, адамдардың өмірі, олардың бас амандығы мен конституциялық құқықтарының заңмен қорғалуы болып табылады. Құқықтық мемлекет қоғамдағы әрбір адамның құқықтарының бұзылмауына толыққанды жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Әдетте, заңға бағынбаған және оны құрметтемеген жерде келеңсіз оқыс оқиғалар көбейіп, зардап шегушілер мен жәбірленушілердің (конституциялық құқығы тапталынатындардың) қарасы көбейеді деуге толық негіз бар.

Қазіргі таңда жемқорлық әрекеті әлемдік дәрежеде белең алғандықтан, бұл індетпен күресу мәселесі мемлекет басшысының, сондай-ақ үкімет пен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің күн тәртібінде тұрғаны мәлім. Сондықтан бүгінгі таңда өскелең жастардың сана-сезімін таза қалпында сақтап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы «иммунитет» қалыптастыру үшін мемлекет және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан үлкен кешенді міндеттер мен мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда. Осы орайда, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» тақырыбында 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «... Біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндеттіміз.» – деп, үкіметке, құқыққорғау органдарының басшыларына нақты тапсырмалар берген болатын[2]. Ал 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «**Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары**» атты жолдауында: «... Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.» – деді [2].

Жалпы адамзат баласының бойындағы рухани құндылықтар, сондай-ақ әділеттікке бас иіу, ізгілік жолымен ізет көрсету, теңдікті қалау, бостандық ұғымын биік санау секілді идеялар – «құқық» ұғымының негізгі қағидалары болып табылады.

Қоғамда адамдардың көпшілігі заң ұғымын жақсы түсінеді, сондай-ақ заңнан аяқ тартады. Олай болатыны, заң әрқашан жеке адамның мүддесіне емес қоғамдағы барлық адамзат баласының ортақ мүддесіне қызмет етеді. Сондықтан, адамзат баласының санасында «заңға құрметпен қарау» деген түсінік ертеден қалыптасқан. Бірақ, сол жалпыға ортақ заң талаптарының негізі нормативтік құқықтық актілерден, құқықтық нормалардың жиынтығынан тұратынын,сол заң талаптарын әрбір азаматтың дұрыс талап ете білу керек екендігін біле бермейді. Соның негізінде қоғамда түрлі келеңсіз оқиғалар мен қылмыстық әрекеттерге жол ашылып жатады. Ортақ тәртіпке бой ұсынбағандықтан халықтың қоғамдық санасы (ой-өрісі)немқұрайдылық көзқарастарменөзгереді. Заң талаптары қуаттайтын қатаң қағидалар өз қызметін атқармағандықтанадамдар арасында заңға деген сенімсіздіктер пайда болады да соңы түрлі сыбайлас жемқорлық әрекеттергежол ашуына алып келеді[3, 39б.].

Қоғамда орын алатын сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдары –адамдар арасында, халық пен билік арасында сенімсіздік көзқарасын қалыптастырады. Сенімсіздік орнаған жерде ешқашан берекелі жұмыс болмайды. Сонымен қатар, өсіп келе жатқан жастардың өмірге деген теріс көзқарастарының қалыптасуына алып келеді. Жастардың бойындағы теріс көзқарас олардың ой-санасының бұзылуына, білім беру ұйымдарының қабырғасында сапалы білім мен саналы тәлім алуына да теріс әсерін тигізбей қоймайды. Қоғамды сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын түрлі әрекеттерден сақтандыру және алдын алу мақсатында мемлекет тарапынан «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысы қабылданған болатын[4]. Сондықтан әділетті қоғам қалыптастыру үшін ең алдымен халықтың, әсіресе жастардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруымыз қажет. Осы қажеттілікті 2022 жылдың басында «Қаңтар қырғыны» деген атаумен тарихи мәнге ие болғанқаңтар оқиғасы айқын ұғындырды. Көтерілісшілердің іс-әрекетіне билік тарапынан «халықты арандатушылардың алдын-ала ұйымдасқан бұзақылық, ұрлық, террорлық қылмыстық іс-әрекеттері» деп баға берілді[5]. Тарихи-саяси өзгерістерді талап еткен аталмыш оқиғадан кейін мемлекетіміздің алдында ортақ заңға құрметпен қарайтын, гуманизм мен әділеттілік қағидаттарында әрекет ететін құқықтық сана қалыптастыру, әділетті қоғам құру міндеті тұрды. Мемлекет басшысы заң үстемдік құратын әділетті қоғамды «Жаңа Қазақстан» деп атады. Жаңа Қазақстанды құру жолында келесідей заңнамалық шешімдер қабылданып, нақты қадамдар жасалды. Мемлекет тарапынан жасалған бұл батыл әрекеттер бұқара халықтың сеніміне ие болды.

Енді мемлекеттік билік тарапынан жасалған нақты қадамдарға тоқталайық.

- ең алдымен Президент Үкіметтің кеңейтілген отырыстарына қатысып, халықты қатты толғандырып, толқуға алып келген түйткілді мәселелердің шешімін үкімет мүшелерімен бірге қабылдап отырды. Тарихи толқуға дейінгі жұмыс атқарған үкімет құрамын таратып, лауазымды орындарға жаңа тұлғаларды тағайындады. Оларға нақты талаптар мен міндеттер жүктеп, «Халық үніне құлақ асатын үкімет» жүйесіне көшуді тапсырды.

- ірі бизнес өкілдерін жинап, оларға шетелдегі капиталдарын елге қайтару, бизнесте ашық әрі шынайы бәсеке орнату, халық алдындағы ілеуметтік жауапкершіліктерін сезіну керектігін ескертіп, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құруға атсалысу керектігін баса тапсырды. Нәтижесінде, 2022 жылдан бері аталмыш қор өз жұмысын жүйелеп, қаңтар оқиғасында зардап шеккен және ауылдық жерлердегі әлеуметтік көмекке аса мұқтаж отбасылардан шыққан білім алушыларға (студенттерге) көмек көрсетуде.

- жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылданып, халықтың қолдауымен 2022 жылдың 5 маусымында референдум өткізілді. Халықтың 76,7 пайызы дауыс берудің нәтижесінде Конституциямыздың 33 бабына 56 өзгерістер мен түзетулер енгізілді.

- Конституциялық сот жүйесі енгізіліп, 2023 жылдың 1 қаңтарынан өз жұмысын бастады. Бұл сот жүйесінің басқа сот жүйесінен тиімділігі – ел азаматтарының арыз-шағымдары төменгі истанциялық соттан жоғары қарай сатылап жүрмей, тікелей

қабылдануында. Демек, азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын уақыт оздырмай, тез қанағаттандыруында болып табылады.

- қазақстандықтардың, әсіресе еліміздің ертеңі саналатын жастардың құқықтық, қаржылық және ақпараттық сауаттылығын арттыру мәселесі Президент аппаратының, Үкіметтің және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің күн тәртібінен түспейтін басты мәселе ретінде қаралды. Әділетті қоғам қалыптастыру үшін өскелең жастардың тек құқықтық емес, сонымен қатар қаржылық, ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруды жолға қою мәселесі мемлекеттің басты мәселесіне айналды. Осыған орай, ҚР Үкіметінің "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" 2022 жылғы 29 сәуірдегі №264 қаулысына 2022 жылдың 4 қарашасында өзгерістер енгізілді[6]. ҚР ҒжЖБ министрлігі сауаттылықты арттыру бағытында мемлекеттік *жастар* саясатының *2023-2027 жылдарға арналған* тұжырымдамасын әзірледі. Тұжырымдама аясында еліміздің жоғары және кәсіптік білім беру ұйымдары құқыққорғау органдары қызметкерлерімен, қаржы саласының мамандарымен, білікті IT мамандармен бірлесіп, жастарды тура жолға бағыттауда.

Жоғарыда көрсетілген бес нақты қадам жаңа Қазақстанды құрудағы алғышарттар ретінде халықтың жадында қалатынына сенімдіміз. Олай дейтініміз, бұл қадамдар халықтың талабы ескеріліп, қабылданған шешімдердің түйіні болып табылады. Осы қадамдардың негізінде жаңа Қазақстанда әділетті қоғам қалыптасып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары ең алғашқы құндылық болып саналатын қоғамдық көзқарас қалыптасады. Сол қоғамдық көзқарас еліміздің гүлденуіне септігі тиіп, өркениетке жетелейді. Сонда ғана тәуелсіз еліміз Мәңгілік елге айналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз, 1995жыл.
2. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары, Астана2023ж.
3. Битұрсын Ғ., Исабеков А., Мадалиева А., Тулегенов Г., Исатаева Г., Канаева А. Жаңа Қазақстан: Әділетті қоғам қалыптастырудың конституциялық-құқықтық әдістемесі. – 2022.Оқулық– 12,75 б.т. ОҚМПУ шағын баспаханасы, Шымкент қ, 2022.
4. «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысы
5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы
6. «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі №264 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 қарашадағы №874 қаулысы

АГРАРЛЫҚ ЕҢБЕК РЫНОГЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Темирова Ж.Ж., Арапбаева Ж.Ш., Бадагулова Н.Б.
«Экономика және құқық» кафедрасының аға оқытушы, э.ғ.к.Шымкент университетінің магистр ага окытушысы
МИЭФ-22 тобының магистрантыTashenev University, Шымкент қ.
zhannat_temirova@mail.ru

Аннотация: Проблема развития рынка труда в аграрной сфере в настоящее время имеет стратегическое значение в условиях продолжающейся социально-политической модернизации и экономической трансформации казахстанского общества.

Ключевые слова: рынок труда, аграрный сектор, рабочая сила, модель.

Abstract:The problem of the development of the labor market in the agrarian sphere is currently of strategic importance in the context of the ongoing socio-political modernization and economic transformation of Kazakhstani society.

Key words: labor market, agricultural sector, workforce, model

Халықаралық практикада жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты реттеудің әртүрлі құралдарын пайдаланудың тұрақты үйлесімі байқалады, олар еңбек рыногында мемлекет жүргізіп отырған саясатты кеңінен түсінумен және осы нарықтың қалыптасқан институттарын және осы саладағы күнделікті тәжірибелерді ескере отырып келіседі. Мұндай үйлесімдер, әдетте, эмпирикалық қалыптасқан ретінде айқындалады және еңбек рыонктарының елдік модельдерін білдіреді. Бұл ретте дәстүрлі түрде басқа үлгілерден біршама айқын ерекшеленеді.

Ақпараттың қол жетімділігі дамыған елдердегі аграрлық еңбек рыноктарының қолданыстағы модельдерінің алуантүрлілігін зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, бірқатар елдерде–Жапонияда, Францияда, Германияда–жұмыспен қамту жүйесінің құрылымы қатаң орталықтандырылған. Басқа елдерде-АҚШ пен Италияда мұндай қатаң орталықтандыру жоқ. АҚШ-тың штаттардағы жұмыспен қамту қызметтері жұмыспен қамту және жұмыссыздарға материалдық көмек көрсету туралы өз заңдары бар және өте алуан түрлі, ол тек аграрлық ортада ғана емес жұмыспен қамту саясатында басым рөл атқарады. Италияда бірқатар облыстарда жұмыспен қамту қызметтері автономды және еңбек жөніндегі орталық органдарға тәуелді емес [1].

Жұмыспен қамту қызметтері өз қызметінің басым бағыттары бойынша ерекшеленеді. Швецияда жұмыспен қамтудың белсенді саясаты ауылдық аймақтардағы жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған. Бұл мақсаттарға

жұмыспен қамту қорларынан қаражаттың көп бөлігі жұмсалады. Жапонияда жұмыссыздықтың алдын алуда осы елде қабылданған дәстүрлі еңбек қатынастары маңызды рөл атқарады.

Көптеген елдерде өндірісті инновациялық модернизациялауға байланысты Аграрлық рынок қызметкерлерінің қысқаруы кезеңінде жұмыспен қамту саясатында жұмыссыздарға материалдық көмектен экономикалық белсенділікті ынталандыруға баса назар аударылады: аграрлық кәсіпорындарға жұмыс орындарын құруға субсидиялар, өндірісті кеңейту арқылы кәсіпорындарда кадрларды ұстап қалу, өндірісті инновациялық жаңғырту кезеңінде қызметкерлерді қайта даярлау. Осы кезеңде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы беру шарттары күшейтіледі: жәрдемақы төлеу кезеңдері қысқарады, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға үміткер жұмыссыз мәртебесіне қойылатын біліктілік талаптары артады.

Кәсіпорындар жұмысшыларды жұмыстан шығару қымбат нәрсе деп санайды, оларды басқа жұмыс түрлеріне қайта жүктеу жақсы [2]. Ал жосықсыз фирмалар қызметкерлерге өздері жұмыстан шығаратын жағдайлар жасайды.

Аграрлық еңбек рыногы модельдерінің негізгі элементтері кадрларды қайта даярлау жүйелері, кәсіби-біліктілік деңгейін арттыру әдістері, бос жұмыс орындарын толтыру практикасы, ұжымдық шарт негізінде реттеу ерекшеліктері болып табылады.

Жапондық модель. Бұл елдегі еңбек қатынастарының жүйесі «өмірлік жалдану» деп аталатын жүйеге негізделген, ол жұмысшыларға кәсіпорында 55-60 жыл жұмыс істеуге кепілдік береді, сондықтан қызметкерлер үшін инновацияларды енгізу тек аграрлық салада ғана мүмкін емес. Кәсіпорында кадрларды «өмір бойы жалдау» жүйесімен бекіту компанияға фирмаішілік деңгейде біліктіліктің толық қалыптасуын жүргізуге, кадрлардың кәсіби біліктілік құрамын жұмыс орындарының құрылымымен, техника мен технологияның дамуымен, шығарылатын өнімнің модификациясымен жедел сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Алғашқы 10-12 жыл ішінде қызметкерлер өздерінің кәсіби бейінін және фирмаішілік ұтқырлыққа дайындығын кеңейту мақсатында жоспарлы тәртіппен жаңа жұмыс орындарына

3-4 рет ауысады. Әдетте әйелдер «өмірлік жалдану» жүйесіне кірмейді және олардың жұмыс өтілі ерлерге қарағанда аз [3].

Компания зейнетке шыққанға дейін жұмысқа орналасуға кепілдік беретін отбасы болды. Адам аграрлық еңбек рыногына тән физикалық еңбекті орындай алмаса, оған басқа функцияларды орындау ұсынылады.

АҚШ-тың экономикалық дамуының маңызды факторы қаржы, ал Жапонияда кадрлар болды. Осылайша, Жапонияда сәттіліктің стратегиялық факторы өмір бойы жұмыс істеуге кепілдік беретін қызметкерлер болды.

Өмір бойы жұмысқа орналасу негізінен шағын фирмаларды қосалқы мердігерлік шарттармен пайдаланатын ірі фирмаларға тән. Сондықтан ірі фирмалар, қажет болған жағдайда, өз штаттарын қысқартпайды, бірақ қосалқы мердігерлік жұмыс көлемін азайтады, ал шағын фирмалар өз қызметкерлерінің бір бөлігін қысқартуға мәжбүр болады.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, өмір бойы жалдау жүйесі кейбір кемшіліктерсіз болмайды. Кәсіпкерлер тұрғысынан оның басты кемшілігі - бұл кейбір жағдайларда жұмыс күшін ұтымсыз пайдалануға әкеледі, өйткені штаттың артық мөлшерін азайту мүмкін емес. Бүгінгі таңда өмір бойы жалдау жүйесі консервативті болып саналады, өйткені ол феодалдық сипатта бола отырып, демократия рухымен, техникалық модернизациямен және фирмалардың шығындарын кез-келген жолмен, соның ішінде жұмыстан шығарумен де жақсы араласпайды.

АҚШ моделі. Оған аграрлық еңбек рыногын орталықсыздандыру тән. АҚШ-тың әр штатында аграрлық секторда жұмыспен қамту туралы өз заңнамасы, жұмыссыздықтан сақтандыру қорлары бар. Жарналарды кәсіпорындар мен жұмысшылардың өздері мемлекеттік қорларға және федералды қорға бөлек төленеді.

Жұмыспен қамту саясаты да тән. Егер кадрларды қысқартуға әкелетін инновациялардың көмегімен өндірісті модернизациялау қажет болса, АҚШ фирмалары жұмысшыларды жұмыстан шығаруға жүгінеді. Сонымен қатар, қызметкерлер жұмыстан босатылғанға дейін жұмыстан босату туралы ақпарат алмайды. Сонымен қатар, фирмалар мен кәсіподақтар жасасқан ұжымдық шарттардың ережелері бар екенін атап өткен жөн, оған сәйкес еңбек өтілі үлкен қызметкерлер жұмыстан босатылған кезде еңбек өтілі жоқ қызметкерлерге қарағанда артықшылыққа ие болады. Алайда АҚШ-та ұжымдық шарттармен қызметкерлердің тек 25% қамтылған.

АҚШ-та ірі аграрлық фирмалар, әдетте, жұмысшылардың кәсіби дайындығына көп көңіл бөледі. Жалақы мөлшері және басқа да төлемдер ұзақ уақытқа жасалатын келісімшарттарда белгіленеді.

Осылайша, АҚШ-тың аграрлық еңбек рыногындағы саясатына Жапон кәсіпорындарындағыдай қамқоршылдықтың белгілері тән емес, ал жұмыс күшіне шығындардың азаюы кәсіпорын ішінде немесе бір компанияның кәсіпорындары арасында қозғалу есебінен емес, жұмысшыларды жұмыстан шығару арқылы жүреді. Аграрлық еңбек рыногындағы мұндай саясатқа қарама- қайшылық-бұл кәсіби және географиялық тұрғыдан жұмыс күшінің жоғары ұтқырлығы болып табылады. Мұндай саясаттың нәтижесі – аграрлық сектордағы жұмыссыздықтың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі Швеция мен Жапония сияқты елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Сонымен бірге, жұмыссыздардың едәуір бөлігі (40%) бір ай ішінде жұмыс табады, яғни жұмыссыздық ұзаққа созылмайды. Бірақ бұл кадрлар әрдайым аграрлық салада жұмыс істемейді, көбінесе олар қызмет түрін толығымен өзгертеді [4]. Швецияда жұмыспен қамту мәселесін шешу үлкен қызығушылық тудырады.

Шведтік модель. Швецияның аграрлық сектордағы жұмыспен қамтудың салыстырмалы түрде жоғары деңгейіне жетудегі жетістігі белсенді жұмыспен қамту саясатын жүргізу арқылы қол жеткізілді. Швеция жұмысшыларды кәсіби даярлауға және жұмыс орындарын құруға басқа елдерге қарағанда көп ақша жұмсайды, дегенмен оның жұмыспен қамтуға кететін бюджеті басқа елдермен салыстырғанда жоғары емес.

Швецияның жұмыспен қамту саясаты аграрлық салада толық жұмыспен қамтуды құрудың дәстүрлі стратегиясы – жалақы мен бағаны бақылаумен бірге аграрлық кешендегі

жұмыс күшіне деген жоғары сұранысты қолдау – инфляцияның жоғары деңгейіне және жалақының өзгеруіне әкелуі керек екенін көрсетті. Сондықтан толық жұмыспен қамтуға қол жеткізудің жаңа моделі әзірленді және қабылданды, онда 4 негізгі элемент: шектелген фискалдық саясат, ынтымақты жалақы саясаты, аграрлық еңбек рыногында жұмыспен қамтуды қолдаудың белсенді саясаты, инновацияларды енгізуге байланысты аграрлық салалардағы қысқартулар бойынша шектеулер болды.

Ресейдегі жағдай. Ресейде аграрлық еңбек рыногын реттеудің белгілі бір тәжірибесі бар. Аграрлық саладағы жұмыс күші рыногының жағдайы және оны реттеу нысандары тән, бұл кезде жұмыссыздыққа қарсы күрес мәселелерін ұлттық экономиканың инновацияларды енгізуге және білікті жұмыс күшінің кадрлық құрамын жаңартуға деген қажеттілігімен үйлестіру қажеттілігі туындайды. Еңбек ұсынысы негізінен жұмыссыз қалған адамдардан емес, алғаш рет жұмыс күшін ұсынатын адамдардан келеді.

Аграрлық еңбек рыногындағы жұмыс күшінің артық болуы ауылдық жерлерде жұмыс күшінің артық болуымен байланысты. Бұл аграрлық сектордың ұзаққа созылған дағдарысын, бастапқыда еңбек өнімділігінің төмен деңгейін, жерді пайдаланудың ұтымсыз нысандарын туындатады.

Ресейдегі аграрлық еңбек рыногының қалыптасқан моделі туралы айтуға әлі ерте, өйткені аграрлық сектордың инновациялық процестеріне сәйкес тиімді және ұтымды жұмыспен қамту саясатының бағыттары түпкілікті дамымаған. Аграрлық еңбек рыногының моделін әзірлеу кезінде аграрлық кәсіпорындарды дамытудың барлық прогрессивті бағыттары ескерілуге тиіс:

−кәсіби-біліктілік қайта даярлау жүйесі;

−жаңғыртылуына қарамастан жұмыспен қамту кепілдігін қамтамасыз ету;

−қызметкерлерді кәсіпорынның мүддесіне тарту және т.б.

Шетелдік модельдердің тәжірибесін қарастыра отырып, Қазақстанға келесі сәттерді қабылдауға болады. Бұл белгілі бір топтар бойынша, мысалы: мектепте толық аяқтамаған жастар, ұзақ үзілістен кейін жұмысқа оралған әйелдер, мүгедектер, түрмеде отырып келгендер үшін оқыту арқылы жұмыссыздарды тегін қайта даярлау жүйесін қабылдауға болады. Ал Жапондық модельге келетін болсақ, онда қызметкерлерді ұзақ уақыт бойы пайдалануға бағдарлау тиімді шешім болып табылады.

Сонымен бірге мемлекеттің экономикаға оңтайлы араласуын және пайдаланылатын тетіктерді түсінудегі айырмашылық принципті болып табылады. Ол әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымның ерекшеліктеріне, мәдени дәстүрлерге байланысты өзгеріп отырады, экономикадағы және еңбек рыногындағы ахуалдың және үстемдік ететін әлеуметтік көзқарастың өзгеруіне байланысты өзгертіледі.

Бұл зерттеуден мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Экономикалық ойдың әртүрлі бағыттары өкілдерінің көзқарастары мен теориялық зерттеулерін шолу негізінде халықшаруашылығының басты элементі болып табылатын еңбек рыногын қалыптастыру мен дамуының теориялық тәсілдері жүйеленді. Еңбек рыногына қатысты алғашқы ғылыми зерттеулер мен нарықтық экономика жағдайында оны пайдалану мәселелері айқындалды.

2. Әр түрлі ғалымдар мен мамандардың «еңбек рыногы» ұғымының анықтамаларын талдау барысында осы ұғымға тән ерекшеліктерді анықтадық: біріншіден, еңбекақы мөлшерінің еңбек ұсынысына тәуелділігі, яғни ақылы жұмыспен қамтитын санат ретінде сипаттаса; екіншіден, сату- сатып алу орны немесе келіссөздерге қатысу мақсатында кездесетін орын деп қарастырған; үшіншіден жұмыс күшіне қатысты қатынастар жиынтығының сапалық сипаттамаларын қарастырған.

3. Халықаралық тәжірибеден жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты реттеудің әртүрлі құралдарын пайдаланудың тұрақты үйлесімін байқадық, олар еңбек рыногында мемлекет жүргізіп отырған саясатты кеңінен түсінумен және осы нарықтың қалыптасқан институттарын және осы саладағы күнделікті тәжірибелерді ескере отырып келісілген.

Әдебиеттер тізімі

1. Абуов К.К., Абдильдинова Н.Е. «Жұмыс күші» түсінігінің генезисі және көпаспектілігі // Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Глобализация,современные состояние и перспективы повышения конкурентоспособности». – Жетісай, 2019. – С. 41-45.

2. Баркер Г. и др. Как успешно объединить компании / пер. с англ. – Минск: Гревцов Паблишеп, 2008. – 288 с.

3. Zolnikova S.N., Saparmuradova L.M., Kulchikhina E.G. Management of an enterprise innovative activity // Academy of Strategic Management Journal. – 2017.

– Vol. 16, Issue 2. – P. 1-9.

4. 105 Galiyeva A., Abdildinova N., Kulubekov M. et al. Impact of innovative activity on the formation of the agricultural labor market: the world strategies // Academy of Strategic Management Journal. – 2020. – Vol. 19, Issue 1. – P. 1-13.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНШАШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Темирова Ж.Ж., Оңғарова Г.Т., Аимбетов А.Б.
«Экономика және құқық» кафедрасының аға оқытушы, э.ғ.к.
МИЭФ-22 тобының магистранты
Tashenev University, Шымкент қ.
zhannat_temirova@mail.ru

Аннотация: В статье говорится, что в условиях нестабильной политической ситуации на международной арене проблемы нехватки продовольствия могут вызвать кризис в стране, что, в свою очередь, влияет на развитие экономики и положениенаселения.

Ключевые слова: мировой рынок, продовольственная безопасность, аграрный сектор.

Abstract: The article states that in the unstable political situation on the international stage, food shortage problems can cause a crisis in the country, which in turn affects the development of the economy and the condition of the population.

Key words: world market, food security, agrarian sector

Әлемнің түрлі аймақтарында азық-түліктік қауіпсіздік мәселесін шешу түрлі қиындықтарға шалдығады. Көптеген дамыған елдерде азық-түліктік қауіпсіздігі толыққанды шешіліп қоймаса да, жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Бұндай елдерге АҚШ, Канада, Австралия және Жаңа Зеландияны жатқызуға болады. Бұл елдерде ішкі азық-түліктік нарықтарды импорттан қорғау деңгейі жоғары болып келеді. Нарықтарды импорттан қорғаудың деңгейі жоғары мемлекеттердің басқа тобына табиғи шарттары экспортер-мемлекеттерден едәуір төмен, азық-түліктің көп түрлерін өндіре алмайтын елдер жатады. Бұл тұрғыда Жапонияның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәжірибесін қарастыруға болады

Отандық азық-түліктік нарықты импорттан қорғаудың жапондық тәжірибесі анағұрлым күрделі және қорғаудың жоғары деңгейімен сипатталады. Жағымсыз табиғи шарттардың салдарларынан елдегі ауыл шаруашылықтық өнімдердің өзіндік құны өте жоғары болып келеді, және ашық нарық шарттарында жапондық ауыл шаруашылығы бірнеше жыл ішінде басылып қалатын еді.

Жапонияда кедендік емес шаралар басым. Жер ресурстарының өткір тапшылығы (бір шаруашылыққа ауыл шаруашылықтық жерлердің 1,6 га ғана тиесілі, АҚШ-та бұл көрсеткіш деңгейі 123 есе, ал ЕО елдерінде 12 есе артық), азық-түліктің жетіспейтін түрлерін қамтамасыз етуде әлемдік нарықтан тәуелділік (елде азық-түліктік қамсыздандырылудың

деңгейі 40% - бұл әлемнің дамыған елдері арасындағы ең төмен көрсеткіш) елді конъюнктура мен шетелдік нарықтарда қалыптасып жатқан болжамдалмаған экономикалық және саяси жағдайлар алдында осал етеді. Осыдан, азық-түліктік және ұлттық қауіпсіздік мақсаттарына қолжеткізуге бағытталған саясатқа жапондық үкімет ерекше мән бөледі.

XX ғасырдың 50-60 жылдары аграрлық секторда жүргізілген терең жүйелі және құрылымдық өзгерістердің арқасында, жер ресурсының өткір тапшылығына қарамастан, отандық өндіріс есебінен азық-түліктік қамсыздандырылудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкін болды. Жапонияның экономикасы трансшекаралық экономикалық байланыстарға терең біріктірілген болғанына қарамастан ел үкіметі азық-түліктің ішкі нарығын барынша қорғайды. Сонымен қатар, ДСҰ-ға елдің мүшелілігінің басты шарттарының бірі ішкі нарықты ырықтандыру бола тұрса да, Жапонияда ауыл шаруашылығының ырықтандырылуы үрдісін тежеуге (және сәйкесінше жоғары тарифтік бажды сақтауға) мүмкіндігі болып отыр.

Бұл үрдіс әлемдік нарықтағы қатаң бәсекелестікке төтеп бере алатын өнім түрлеріне ғана бағаларды бірте-бірте, кезеңмен түсіру арқылы жүзеге асырылуда. Яғни, ішкі ауыл шаруашылықтық нарықты сыртқы бәсекелестіктен сақтау − азық-түліктік жабдықталудың отандық базасын дамытуды қамтамасыз ететін басты шарт [1].

Жоғарыда аталған, басты ауыл шаруашылықтық дақыл болып күріш табылады, ол өңделетін жерлердің 55%-на жуық алқапты алып жатыр. Қытайбұршағының барлық дерлік көлемі, бидайдың негізгі бөлігі және техникалық дақылдардың басым бөлігі импортталады. Өзгеріп отырған сұраныс әсерінен ауыл шаруашылықтық өндіріс құрылымының ұлғаюы мал шаруашылығының, соның ішінде шошқа өсіру шаруашылығы мен құс шаруашылықтарының үлесінің артуы жағына қарай өзгеріп келеді. Егін шаруашылығында да күріш өндірісін азайту есебінен көкөніс шаруашылығы мен бақша егудің үлесі артып келеді. Шошқа өсіру шаруашылығы мен құс шаруашылықтарының артуы есебінен мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының қарқынды дамып келе жатқан саласы болып табылады. Өз кезегінде, ірі қара мал санының артуы сүт малының (сауын малының) ұлғаюы есебінен болып отыр.

Дегенмен, бүгінгі таңда Жапонияның сүт өнімдерімен өзін-өзі қамту деңгейі 70%-артық емес, ал ет бойынша бұл көрсеткіш 53%-ды құрайды. Жайылым жерлердің жоқтығы салдарынан Жапонияда мал санын ішкі нарықтың қажеттіліктерін етпен және сүт өнімдерімен толыққанды қамтамасыз ету деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндігі жоқ. Өңделетін жерлердің жетіспеушілігі және осыған байланысты жем-шөпті өндіру мәселесі − елдегі мал шаруашылығының дамуын тежеп тұрған басты мәселе [1, б. 17].

Жалпы алғанда, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Жапонияның тәжірибесі ауыл шаруашылығын дамыту үшін барлық шарттары оңтайлы мемлекет (біздің ел) үшін де, табиғи ресурстары шектеулі мемлекет үшін де маңызды үлгі болып табылады.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде экспорттқа бағытталған тәсілді аграрлық және экономикалық әлеуеті жоғары мемлекеттер ұстанады. Бұл елдер қатарына АҚШ кіреді. Елдегі ауыл шаруашылықтық өндіріс саласында тікелей халықтың 1% ғана еңбек еткеніне қарамастан, мемлекет ішкі өндрістің есебінен азық-түлікке деген жеке қажеттіліктерін жауып қана қоймай, сонымен қатар, азық-түліктің экспортының әлемдік көшбасшысы болып табылады. Бүгінгі таңда, АҚШ халықтың азық-түліктің негізгі түрлеріне деген ішкі қажеттілікті толығымен қанағаттандырады, және бидайдың әлемдік сақтандыру қорын толықтыруда негізгі донор болып келеді. АҚШ шетелдерге шығарылған ауыл шаруашылықтық өнім көлемі бойынша әлем елдерінің арасында бірінші орында тұр (өндірілетін ауыл шаруашылықтық өнімнің әлемдік көлемінде 15%- дық үлес АҚШ-қа тиесілі). Бидай, жүгері, қытайбұршағы және жемістер секілді маңызды азық-түліктік және мал азығы дақылдарының әлемдік саудасында елдің үлесінің көрсеткіші ерекше жоғары болып табылады [2].

Экспортты субсидиялау АҚШ-қа ауыл шаруашылығы саласында әлемдік көшбасшы болуға мүмкіндік берді. АҚШ-та аграрлық бағаларды қолдау деңгейі 50%-ды құрайды, ал фермерлердің пайдасының 21%-ы мемлекеттің тікелей субсидиялардан тұрады [3].

Қолдаудың бұндай түрі фермерлерге өнім өндірісін анағұрлым үлкен көлемдерде жалғастыруға және бір жағынан мемлекеттік субсидиялар есебінен, екінші жағынан өндіріс масштабы әсерінің есебінен қосымша бәсекелестік басымдылықтарды алуға ынталандырды. АҚШ фермаларының жерлерінің орташа көлемі 200 гектарға жуық мөлшерді құрайды.

Ірі шаруашылықтардың механизациялануының жоғары деңгейі бұндай фермаларды 15-20 адамның ғана көмегімен жүргізіп-басқаруға мүмкіндік береді. 2011 жылдың мәліметтері бойынша елдегі 141 мың ірі шаруашылықтарда (бұл бүкіл ауыл шаруашылықтық ұйымдардың 8%-н құрайды) елдегі барлық ауыл шаруашылықтық өнімнің 65%-ы өндіріледі [2].

Сондай-ақ, АҚШ-та агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуына аграрлық экспортты субсидиялау ғана емес, сонымен бірге, өндіріске озық технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығының инновациялық дамуға өту арқылы қолжеткізілген өндіріс тиімділігін жоғарлауы септігін тигізді.

Бүгінгі таңда АҚШ-тағы "Азық-түліктік қауіпсіздік туралы" қолданыстағы заң маңызды саяси құжат болып табылады. Онда агроазық-түліктік кешен ел экономикасы мен қорғанысы үшін ғана емес, сонымен қатар, халықаралық көшбасшы позицияларды жаулап алу үшін де айқындаушы стратегиялық мәнге ие деп бекітілген [4].

Американдық үкімет азық-түліктік өнімдердің қауіпсіздігін кепілдендіре отырып, ауыл шаруашылықтық шикізат пен азық-түліктік нарықтардың ашықтылығы мен айқындылығын қамтамасыз етеді. АҚШ-тың азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі икемді, ғылыми негізделген заңнамаға сүйенеді. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігі саясатының базалық қағидалары келесідей болып келеді [5]:

ауыл шаруашылықтық өндірісті қолдау;

ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту;

пайдалы тамақтану және салауатты өмір салтын дәріптеу;

сыртқы сауданы кеңейту;

ауыл шаруашылықтық өнімдердің әлемдік нарықтарына барынша интеграциялану;

Шетелдік тәжірибеде кедейлерге көмек көрсететін және сонымен бірге ауыл шаруашылығына қолдау көрсететін халыққа азық-түлікке қол жетімділікті арттыру құралы ретінде ұзақ уақыт және сәтті түрде азық-түлік көмегінің ішкі механизмдері қолданылды.

Жаһандану және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жағдайында азық-түлік қауіпсіздігінің тиімді жүйесін құру мәселесі өзекті болып отыр, сонымен қатар азық – түлік саласындағы тұрақтылық - әлемдік қауымдастықтың жаһандық проблемасы. Ол әлемнің барлық мемлекеттерінің ұлттық саясатының басымдықтарын айқындайды. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдері бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты қазақстандықтар үшін азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі төмендеді [6].

Economist журналының деректері бойынша, 2014 жылы Беларусь Республикасы Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі бойынша 109 елдің ішінде 47-ші орынға (60,8 балл) ие болды, бұл ретте "тамақ өнімдерінің қол жетімділік және тұтыну деңгейі" және "тамақ өнімдерінің болуы және жеткіліктілігі" санаттарында – 45-ші орынға, ал "тамақ өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі деңгейі" санатында – 39-шы орынға ие болды.

Салыстыру үшін: Ресей аталған рейтингте 40 – шы орында, Қазақстан-57-ші орында, Украина – 52-ші орында, Әзірбайжан-62-ші орында.

Әлемді аштықтан және құнсыздықтан құтқару үшін оның барлық көріністерінде біз 2030 жылға қарай тамақтануды дұрыс іске асыруды жеделдету және ауқымын кеңейтуге міндеттіміз, біз қабылдайтын климаттық шараларды азық-түлік жүйелері мен халықтың климаттық өзгерістерге және төтенше ауа райы құбылыстарға бейімделудің тұрақтылығын күшейту керек.

Қазақстан Республикасының АӨК дамуының қазіргі кезеңі азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздік азық-түлік қауіпсіздігі келесідей сипатталады:

инновациялық даму және экспорттық бағдар;

ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру;
ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелестік артықшылықтарды арттыру;
жоғары сапалы жұмыс күшін молықтыру;
ауылдық аумақтарды дамыту.

Зерттеу нәтижелері ауылдық жерлерде тұратын үй шаруашылықтарының рационында сүт және сүт өнімдерінің, ет және ет өнімдерінің, сондай-ақ жемістер мен жидектердің жетіспейтіндігін көрсетеді.

Бүкіл әлемде толық емес тамақтануға қарсы күрес мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Осы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы (2025 жылға қарай) қойған және ЦУР (2030 жылға қарай) көзделген тамақтану саласындағы міндеттерді шешу үшін тамақтану проблемалары бойынша нақты іс-шараларды жүзеге асыруға инвестицияларды ұлғайту, стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру аясын кеңейту, саясаттың елдер арасындағы келісім деңгейін арттыру және қосымша Ұлттық міндеттемелер қабылдау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Бадуев Б.В. Продовольственная безопасность Японии // автореф. канд. экон. наук. - М. 2007. - 26 с.
2. Болотова Ю. Поддержка сельскохозяйственных товаропроизводителей вСША /Ю. Болотова// АПК: экономика управление.-2004.-№1.-С 37.
3. РастянниковВ.Г. Модели сельскохозяйственного роста в XX веке. Индия, Япония, США, Россия, Узбекистан/ Растяннтков В.Г., Дерюгина И.В.//М.: Институт востоковедения РАН.-2004.-640с
4. Кудров В.М Инновационная глобализация и конкурентоспособность через призму экономик России и США // США. Канада. Экономика-политика- культура.-2003.-№7.-С.62-78.- ISSN 0321-2068.
5. Даниелов А.Р. Развитие высокотехнологического сектора американской промышленности.//США.Канада:Экономика, Политика, Культура .-2001. №2.- С.108-119.- ISSN 0321-2068.
6. Кенжеболатова М. Ш., Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін камтамасыз етудегі кейбір өзекті мәселелер // Вестник науки Казахского агротехнического университета им С. Сейфуллина 2014. № 1 (80). С. 153-163.

Тұжырымдама картасын қолдану арқылы оқушылардың өз бетінше білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру

Джилкибаева Р.Б., Эргашев К.К.
Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
математика пәні мұғалімі, Шымкент қ.
dzhilkibaeva_r@hbsh.nis.edu.kz, ergashev_k@hbsh.nis.edu.kz

Аннотация: Іс-әрекетті зерттеу аясында жазылған бұл мақаланың мақсаты математика сабақтарында тұжырымдама картасынның әр түрлі әдістерін қолданып, сыртқы жиынтық бағалауға (СЖБ) дайындық барысында оқушылардың өз бетінше білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру. Зерттеу барысында оқушылардың тұжырымдамалық картасының үлгісі және қолданғанға дейінгі және кейінгі оқушылардың өзін-өзі реттеу деңгейі салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеу жұмысының қорытындысы оқушылардың СЖБ дайындық жұмыстарынның деңгейін арттырды. Математика пәні бойынша емтихандарды сәтті тапсыруға және кез келген проблемаларды тез шешімін табуға көмектеседі.

Түйін сөздер: тұжырымдама картасы, МЭСК-ке дайындық, мағыналы оқыту, өз бетінше білімін жетілдіру.

Аннотация:Целью данной статьи, написанной в рамках исследования в действии, является использование различных видов концептуальных карт на уроках математики для формирования у учащихся умения самостоятельно совершенствовать свои знания при подготовке к внешнему суммативному оцениванию (ВСО). В ходе исследования сравнительно показана модель концептуальной карты учащихся, уровень саморегуляции учащихся до и после применения. В заключении статьи показано, что данный метод помог быстро покрыть пробелы учащихся по предмету, улучшил подготовительную работу к ВСО, что приведет к успешной сдаче экзамена по математике.

Ключевые слова: концептуальная карта, подготовка к экзамену МЭСК, осмысленное обучение, самосовершенствование знаний.

Annotation:The purpose of this article, written in the framework of research in action, is to use different types of concept maps in mathematics lessons to develop students' ability to independently improve their knowledge in preparation for external summative assessment (ESA). The study comparatively shows the model of the students' conceptual map, the level of students' self-regulation before and after application. At the end of the article, it is shown that this method helped to quickly cover the gaps of students in the subject, improved the preparatory work for the ESA, which will lead to the successful passing of the exam in mathematics.

Keywords: concept map, math exam preparation, meaningful learning, self-improvement of knowledge.

Оқу мен оқыту үдерісінде мұғалімдер оқушыларға білім беріп қана қоймай, жаңа әдіс-тәсілдердің «қыр-сырын» меңгерту арқылы қалай оқу керектігіне жағдай жасауы керек. Осыны ескере отырып, біз іс-әрекеттегі зерттеуді 10 сынып оқушыларына жүргіздік. Себебі, анықталған проблемалардың бірі МЭСК дайындық барысында, оқушылардың қатесімен жұмыс жасауда кедергілерге тап болдық. Тапсырмаларды талдау барысында әрбір оқушыда 8-9 сыныптағы өтілген материалдардағы кемшіліктер әр түрлі тараулар. Яғни, есептердің шығарылу кезінде көптеген формулаларды ұмытып қалғаны, сонымен бірге есеп қай тақырыпқа сәйкес екенін анықтай алмауында. Анықталған проблемалардың бірі – оқушылардың берілген тапсырмаларды талдауларының төмендігінде. Осы проблемаларды жою мақсатында іс-әрекетті зерттеу (Action Research) төмендегі тақырыппен алдық. Біз зерттеу нысанына екі сыныпты қарастырдық. Себебі бұл сыныптар қазақ және орыс тілінде оқитын оқушылар.

Зерттеу тақырыбы: «Тұжырымдама картасын қолдану арқылы оқушылардың өз бетінше білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру.»

Зерттеудің мақсаты: Оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамыту. *Тұжырымдама картасынның әр түрлі әдістерін қолданып*, қатеммен жұмыс жасауға, *өз бетінше білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру.*

Зерттеудің міндеттері:

Іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі арқылы оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауға (МЭСК) дайындық барысында оқушылардың қатесімен жұмыс жасау;

- **Тұжырымдама картасын** қолдану;

- Оқушылардың жұмыстарын талдау, саралау **арқылы тұжырымдама картасын** қолданудың тиімділігін анықтау;

- Оқушылардың бірінші, екінші, үшінші тоқсанда жазған жұмыстарының нәтижесін салыстыра отырып зеттеу қорытындысына талдау жасау.

Күтілетін нәтиже: Т**ұжырымдама картасын** қолданып, қатесімен жұмыс жүргізеді. СЖБ дайындық жұмыстарынның деңгейі арттады. Математика пәні бойынша емтихандарды жоғарғы деңгейде тапсырады және кез келген проблемаларды тез шешімін таба алады.

Деректерді жинау: оқушылардың өздігінен оқуға дайындық шкаласы бойынша ұпайлары, оқушылардың тұжырымдамалық карталарын талдау, оқушылар жұмысын бақылау және тексеру, оқушылардың бастапқы және аралықтағы жазған жұмыстарының нәтижесін салыстыру.

Өзін-өзі оқыту және тұжырымдама картасына түсіру.

Сыртқы жиынтық бағалауға (МЭСК) дайындық кезеңінде оқушылар тапсырмалардың қатесімен жұмыс жасау үшін тұжырымдамалық карталарды қолдануды ұйғардық. Осы іс-әрекеттік зерттеуді бастау үшін пайдаланылған негізгі зерттеу сұрағымыз төмендегідей болды: Тұжырымдама картасын пайдалану өздігінен бағытталған оқытуға ықпал ете ме? Оны **қолдану арқылы оқушылардың** өз бетінше білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыра алады ма? (Өзін-өзі басқаратын оқуға дайындық шкаласымен өлшенген, Guglielmino және Associates, 2004) Тұжырымдамалық карта білімді бейнелеудің бір түрі болып табылады және оқушының берілген тақырыпта, пәнде, талқыланатын және іздестірілетін саладағы білім құрылымын көрсетеді (Novak, 1977).

Оқушыларды өз бетімен оқытуды (SDL) және есептерде кеткен қателіктерін тұжырымдамалық карталарға жазу арқылы пайдалануды жоспарладық. Тұжырымдама картасын қолдану әрбір оқушының есептерді шығаруда қателіктер жібермеу дағдыларын қалыптастырады, қажеттілік пен қызығушылықтарына сәйкес білімдерін де көтереді деген сенімдеміз. Сонымен бірге есептерді талдау, қатемен жұмыс жүргізу қабілеттерін, практикалық және тәжірибелік білімдерін артады деген ойдамыз. Оқушыларымыздың сыртқы жиынтық бағалауда жетістікке жетіп, жоғары деңгейде тапсырса деген ойдамыз. Бірінші тұжырымдамалық карталарды оқушылардың өздеріне құрастыруды ұсындық, онда 8-9 сыныпта өткен материалдарды сонда жазып, есептер шығаруда формулалар мен есептің шығару қадамдарымен жұмыс жасау керек екенін атап өттік. Фокустық сұрақ негізінде жасалынып, мақсаты мен көлемін белгілеп, белгілі бір мәселені шешуге бағыт беретін жұмыс болды. Оқушылар математика пәні бойынша білімін жүйелеу және көрсету үшін идея картасының мысалдары диаграммалар, графикалық органайзерлер, кестелер, блок-схемалар, Венн диаграммалары, уақыт шкаласы және Т-диаграммаларды қолдануға болатынын ескеріп отырдық. Сонымен қатар, тұжырымдама карталары тиімді зерттеу стратегиясы болып табылатынын аңғардық. Оқушыларға тұжырымдамалық карта 8-9 сыныпта өтілген, ұмытып қалған тақырыптарын жүйелеге көмектесті. Бастапқы тақырыпты алып, бірнеше бөліктерге бөлуге, мақсаттарды толық көруге және де математикалық формулаларды еске түсіруге болатыны анықталды. Есептер шығару барысында қадамдарды түсініп, мәліметтерді тез табуға және есте сақтауға көмектесті. Біздің зертеу жұмысымызды жүзеге асыру үшін оқушылардан тұжырымдамалық карта қалай құрғанын тексеріп отырдық.

Оқушыларымыздың өздерінің концепциялық карталарын пайдалы екенін және олардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін сұрақ жауап арқылы анықтадық. 1-суретте С деңгейіндегі оқушының жұмысы көрсетілген. Мұнда қандай формулалар қолдану керек екенін өзі ізденіп жазғанын, және де келесі СРС –терде көп көмегі тигенін атап өтті.

Өзін-өзі оқытудың ерекше сипаты оқушыларға өз жолымен жүруге мүмкіндік беретіні байқалды. Кез келген әдіспен қолдануға болатынына белгілі болды. Сондай-ақ оларға өздерінің тұжырымдамалық карталарын басқалармен салыстыруға кеңес бердік. Бір оқушы: «Тұжырымдама картасын қолдану менің қателіктерімді жоюға көмектесті және өткен тақырыпты тез еске түсіруіме мүмкіндік берді.» деп жауап берді. Олардың білімі мен есеп шығарудағы қадамдарын жүйелеуге көмектесетінін айтты. Жауаптарынан оқушылардың оқу үдерісінде тұжырымдамалық картаны пайдалану арқылы ішкі мотивациясының арта түскендігі көрінді. Зерттеу жұмысын бірінші тоқсанның ортасында бастадық. Бірақ, көптеген оқушылар екінші тоқсанда назар аудара бастады. Зертеуді жүзеге асырудың маңызды элементтері апта сайынғы алынған срс-тердің нәтижелерінен байқалып отырды.



1-сурет.



2-сурет.

2-суретте оқушылардың нәтижесі көрсетілген. С деңгейідегі 10 L сыныбындағы КА оқушы 20% дан 42%-ға, 10 А сыныбындағы КД оқушы 22% дан 44%, және НН оқушы 12% дан 30% көтерілгені байқалады. Зертеу барысында байқағанымыз тұжырымдама картасы әсіресе С және В деңгейідегі оқушыларға жақсы әсер етті. Ал, А деңгейіндегі оқушыларға онша ұнай қоймады. Зертеу жұмысына дейінгі және кейінгі тұжырымдамалық карталарды қолдану сапалы түрде салыстырылды. Сонымен бірге кейінгі тұжырымдамалық карталарды талдау деректері уақыт өте келе тұжырымдамалық карта сапасының жақсарғанын көрсетті.

Ойымызға бір маңызды сұрақ келді: біздің оқушыларымыз картаға енгізуге болатын ақпарат көлемін қалай шешті? Біз өз сұрағыма жауап табу үшін үш оқушымен сұхбат құрдық. Үш оқушы кездейсоқ таңдалған жоқ, олар әр сыныптан таңдалды. Оқушылардың біздің сұрағымызға жауаптары біз үшін олардың карталарын түсіну үшін қызықты және ашық сәт болды. Үш оқушы да карталарын оқуға ыңғайлы және пайдалы деп ойлады, өйткені олар өздеріне қажет деп есептейтін барлық ақпаратты қамтуға тырысқан.

Олар өздерінің карталарын ақпаратты түсіну, есте сақтау немесе қорытындылау үшін жоғары жеке оқу құралдары ретінде пайдаланады. «А» деңгейдегі оқушы (С.А.) «Тұжырымдама картасы мен үшін 8 және 10 сынып аралығында өткен материалдарды достарыммен бөлісуге арналған пайдалы әдісі болды» деді. В деңгейдегі оқушы (Қ. Ә.) ақпаратты қорытындылау үшін тұжырымдамалық картаны қолданды, ол «Мен үшін математикалық заңдылықтарды, формулаларды жүйелі пайдалану үшін тұжырымдамалық картаны қолдандым» деп мәлімдеді. Бізді қатты алаңдатқан С деңгейдегі оқушы (Қ.Д.) тұжырымдамалық карта оның сыртқы жиынтық бағалауға (МЭСК) дайындық барысында қате кеткен тақырыптарды қайталауға, есептерді дұрыс шығаруға көп көмектескенін айтты. Біз оның картасын үстелге қойып, бұл қалай көмектескенін сұрадық. Ол картаны көрсетіп, «бұл маған математикалық формулаларды тез есте сақтауға мүмкіндік береді. Менің 8-9 сынып материалдарын қаншалықты ұмытып кеткенім таң қалдырды. Менің ойымша, тұжырымдамалық карта қайталау және есте сақтау үшін жақсы құрал. Менің картам тек ақпаратты есте сақтау керек негізгі ұғымдарды қамтиды». Біз оқушылардан өз карталары туралы пікірлерінен тұжырым жасадық, карта тұжырымдамасының күші тек ақпараттың көлемі (түйіндердің саны) ғана емес, сонымен бірге оның карта жасаушының санасында қалай әсер ететінінде. Зерттеу барысында байқағанымыз өздерінің жасаған картасын өзгеге ұсына бере алатынын да байқалды.

Қорытынды.

Жалпы, зертеуден кейінгі бағалау деректері оң өзгерістерді көрсеті. Зерттеудің қорытындысы тұжырымдамалық картаны пайдалану оқушыларға көбірек ұғымдар жасауға және бұрынғы білімді жаңадан жасалған ұғымдармен игеруге көмектесетінін, есептер шығаруда қадамдық байланыстардың бар екенін анықталды. Сыртқы жиынтық бағалауға (МЭСК) дайындық кезеңінде оқушылар тапсырмалардың қатесімен жұмыс жасауды үйренді, сонымен бірге өз карталарын бөлісіп отырды.

3-сурет.

3-суретте сыртқы жиынтық бағалауға (МЭСК) дайындық барысында сыныптың нәтижелері 10 А сыныптың 44 пайыздан 54 пайызға, 10 L сыныптың 51 пайыздан 59 пайызға дейін көтерілгенін байқалды. Екінші тоқсанмен үшінші тоқсанның арасында жақсы

көтерілгені көрінеді. Яғни, тұжырымдама картасын қолданғаннан кейінгі нәтижелер жоғары екені көрініс тапты.

Novak пен Canas дәлелдеген бұл қорытындыны: «Бір қарағанда тұжырымдамалық карталар ақпараттың басқа графикалық көрінісі болып көрінуі мүмкін, бұл құралдың негіздерін түсіну және оны дұрыс пайдалану пайдаланушыны бұл шынымен де терең және маңызды екенін түсінуге әкеледі» (Novak, J., & Cañas, A., 2006).

Бұл әдіс-тәсілдер оқушыларға білімдерін жетілу барысында және мағыналы түрде қайта құруға көмектесті деген пікірдеміз. Тұжырымдама картасына түсірудің ең негізгі мақсаты берілген тапсырмалардың, есептердің шығару жолдарын, логикалық құрылымын ашу, қортынды жасауға, тақырыпты түсінуге көмектесті деген ойдамыз. Зерттеудің нәтижелерінен оқушылардың кемшіліктері бар тақырыптардың әрбір элементі бойынша ой елегінен өткізе отырып, қатемен жұмыс жасауына көп көмегі тигенін анықтадық.

Альберт Эйнштейннің « *Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін - тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын»* деген сөзімен Action Research зерттеу жұмысымызды қортындылаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ. Б. Психология негіздері: Оқулық. Алматы: Эверо, 2010. - 462 б.
2. Қоянбаев Ж.Б. – Педагогика. Алматы: «Рауан», 2000–б 126.
3. Novak, J. (1977). A theory of education. Ithaca, NY: Cornell University Press.
4. Novak, J. (1998). Learning, creating, and using knowledge. NJ: Lawrence Erlbaum Association.
5. Novak, J., & Cañas, A. (2006). The theory underlying concept maps and how to construct them (Tech. Rep. IHMC CmapTools 2006-01).

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту: Қазақстанның педагогикалық саласындағы қазіргі тенденциялар

Дуйсенбаев Ролан Алибекович
математика пәнінің мұғалімі
Шымкент қ. химия-биология
бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
rolan087@gmail.com

